



International Taraz
Innovative Institute
named after Sherkhan Murtaza



**«БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН
ДӘУІРІНДЕГІ ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ
30-31 наурыз, 2023 ж.**

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ДЕТСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ И АКТУАЛЬНЫЕ
ПРОБЛЕМЫ ФИЛОЛОГИИ ПЕРИОДА НОВОГО КАЗАХСТАНА»
30-31 МАРТА, 2023 Г.**

**MATERIALS
HISTORY OF FORMATION OF CHILDREN'S LITERATURE AND
CURRENT PROBLEMS OF PHILOLOGY OF
THE PERIOD OF NEW KAZAKHSTAN
Taraz, Kazakhstan,
March 30-31, 2023.**

I-TOM

2023жыл



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ИНСТИТУТЫ
МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТАРАЗСКИЙ ИННОВАЦИОННЫЙ ИНСТИТУТ ИМЕНИ
ШЕРХАНА МУРТАЗЫ
INTERNATIONAL TARAZ INNOVATIVE INSTITUTE NAMED AFTER
SHERKHAN MURTAZA**



**«БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН
ДӘУІРІНДЕГІ ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ
30-31 наурыз, 2023 ж.**

**МАТЕРИАЛЫ
Международной научно-практической конференции
«ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ДЕТСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ И АКТУАЛЬНЫЕ
ПРОБЛЕМЫ ФИЛОЛОГИИ ПЕРИОДА НОВОГО КАЗАХСТАНА»
30-31 марта, 2023 г.**

**MATERIALS
HISTORY OF FORMATION OF CHILDREN'S LITERATURE AND CURRENT PROBLEMS
OF PHILOLOGY OF THE PERIOD OF NEW KAZAKHSTAN
Taraz, Kazakhstan,
March 30-31, 2023.**

Тараз- 2023

УДК 80/81(069)

ББК 81.2

Б20

«Балалар әдебиеті тарихының қалыптасуы және жаңа Қазақстан дәуіріндегі филология ғылымының өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. – Тараз, 30-31 наурыз, 2023. – 220б.

«История формирования детской литературы и актуальные проблемы филологии периода нового Казахстана» – сборник материалов Международной научно-практической конференции. – Тараз, 27-28 октября, 2022. – с.220.

ISBN 978-601-211-568-0

Жинаққа Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Менеджмент академиясының (Павлодар) профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Әбілов Меңдібай Әбілұлының 65 жылдық мерейтойына орай Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының ұйымдастыруымен 2023 жылдың наурыз айының 30-31-ші наурыз аралығында өткізілген «Балалар әдебиеті тарихының қалыптасуы және Жаңа Қазақстан дәуіріндегі филология ғылымының өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда тыңдалған баяндама материалдары енгізілді.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақсаты – Әбілов Меңдібай Әбілұлының балалар әдебиетіне қатысты ғылыми зерттеулері мен әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері бойынша пайымды тұжырымдарды негізге ала отырып, «М.Әбілұлы және балалар әдебиеті тарихының қалыптасу, даму кезеңдері», «Филология ғылымы: кеше, бүгін, ертең», «Білім беру жүйесіндегі педагогтың инновациялық қызметі» бойынша тың баяндамалар жинақтау.

Конференция жинағына ҚР және шетел ғалымдарының, еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындарының ғалымдары мен жас ғалымдардың, сондай-ақ, университет ғалымдары мен профессор-оқытушылар құрамы, магистранттар мен студенттердің ғылыми жұмыстары енгізілді.

Редакция алқасы:

Редакционная коллегия:

Саурықов Е.Б. – ф.ғ.д., профессор – төраға; Баяндин М.А.– э.ғ.д. Мүшелері: Пертаева Э.Қ. – ф.ғ.к., доцент м.а., Беркенова Р.А. – ф.ғ.к., доцент, Алламбергенова П.К. –доцент, PhD, Белботаев А.Б. – ф.ғ.к., профессор, Кужаева М.Т. – ф.ғ.к., доцент м.а., Кәрібаева А.Ө. – ф.ғ.к., доцент, Әбілов М. – ф.ғ.к., доцент, Архабаева Г.Е. – аға оқытушы, Игілікова Э.С. – аға оқытушы, Сарсенбаева М.Б. – аға оқытушы, Саржаев О.Т.– аға оқытушы, Стамқұлова Б.Ш. – п.ғ.м., Тлепова Б.П.– аға оқытушы, Семембаева Г.Ә. – оқытушы, Байлыбеков Ғ.

ISBN 978-601-211-568-0

ҚҰРМЕТТІ МЕНДІБАЙ ӘБІЛҰЛЫ!

Сізді, Шерхан Мұртаза атындағы Тараз инновациялық институтының ұжымы 65 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды.

Сізді біз әдебиеттану ғылымдарының кандидаты, профессор, бүкіл әдебиет әлеміне танылған ғалым ретінде ғана емес, сөзінен таймайтын, уәдесін бұзбайтын, сертінен айнымаған адал азамат ретінде мақтан тұтып, қадірлейміз. Жүректің үніне ғана құлақ тосып, кемел ақыл мен сабырлылығыңыздың, парасатыңыздың арқасында “отандық әдебиеттану” деген қасиетті де киелі ғылым әлемінің биік көгіне қазақтың туын тігіп, ежелгі дәуір әдебиетіне сіңірген ерен еңбегіңіз бүгіндегі әдебиет сүйер әрбір ұрпақтың арманы мен мақтан тұтатын символына айналды.

Қазақ әдебиеттану саласына сіңірген терең еңбегіңіз бен ерекше қажыр-қайратыңыздың арқасында Сіздің, бұл ғылымда өз биігіңіз, өз отауыңыз бар.

2001 жылы ҚР Ғылым Академиясы М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында «Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жыраулары поэзиясындағы діни-ағартушылық ағым (XIX ғасырдың екінші жартысы, XX ғасырдың басы)» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін иелендіңіз.

Сіз 350-ден астам іргелі, өте өзекті де терең мазмұнды ғылыми еңбектердің авторысыз, алыс-жақын шетелдік баспаларда да көптеген еңбектеріңіз басылып, қолданысқа енгізілген.

«Қазақ әдебиетіндегі діни-исламдық поэзия», «Ежелгі дәуірдегі балаларға арналған көне эпостар», «Ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиеті» атты хрестоматиялық оқу құралдарыңыз, «Ежелгі дәуірдегі отбасылық балалар ауыз әдебиеті» оқу құралыңыз, «Жауырбай бақсы», «Шеріп ишан», «Аңсатбай ахұн» атты ғылыми-танымдық кітаптарыңыз әдебиетіміздің алтын қорына енген тамаша туындылар.

1993 жылдан Өзбекстан, Қарақалпақстан жазушылар одағының, 2003 жылдан бері Қазақстан журналистер одағының мүшесісіз.

«Шәкіртсіз – ұстаз тұл» – демекші, өзіңіздің ұстаздық, журналистік жолыңызда көптеген студенттерге, ізденушілерге, жас ғалымдарға жол бағыттаушы, жөн сілтеуші шамшырақ ретінде де танылдыңыз. «Шекпеніңізден» қаншама білімді, ізденімпаз тұлғалар шықты.

Аса қадірлі Мендібай Әбілұлы! Сіз тек тамаша әдебиетші ғана емес, ұлтжанды азамат, арда туған ел ағасысыз. Білікті маман, білімді ұстаз ретінде отандық әдебиеттің дамуына, оны оқытудың сапасын жақсартуды мақсат тұтып, өмірлік ұстанымыңызға айналдырдыңыз.

Қарапайымдылықтың тамаша үлгісіндей болған нар тұлғаңызға, талант пен еңбекті егіз еткен ерен еңбегіңізге бас ие отырып, отандық ғылым мен болашақ ұрпақтың рухани қуаттануына қосатын сүбелі үлесіңіз әлі алда деп есептейміз.

Бүгінгі тамаша, аса мазмұнды, қуанышты 65 жылдық мерейлі тойыңызбен сізді шын жүректен құттықтай отырып, өмірдегі бар жақсылықты тілейміз. Ғұмырыңыз ұзақ, денсаулығыңыз мықты болсын. Жеке өміріңізге, отбасыңызға тек жақсылық, ұлан-ғайыр қуаныш пен мол табыстар тілейміз. Бақытты күндеріңіз көп болып, қазақ халқының абыройы мен мәртебесін бүкіл әлем алдында еселеп арттыра береді деп сенім артамыз.

БАЯНДИН МАРАТ АСЫЛБЕКҰЛЫ

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының ректоры, экономика ғылымдарының докторы

ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ МЕНДІБАЙ ӘБІЛҰЛЫНА ПОЭТИКАЛЫҚ АРНАУЛАР

ҰЛТЖАНДЫ АҚЫН

Біліммен көтеріліп бақ табарсың,
Еңбегің ескерілсе шаттанарсың.
Байқаудан дипломдарды ала берсең,
Қазақтың тарихында сақталарсың.

Байқаудың халықаралық маңызы бар,
Маңызын түсінетін абыз ұғар.
Абызға айналыпсың Мендібай-ау,
Халқыңның жан дүниесін нағыз ұғар.

Екенсің оқымысты көп оқыған,
Көңілге өмір заңын көп тоқыған.
Тақтадан көп ғалымдар шықса-дағы,
Солардың алдында тұр дара тұлғаң.

Адамға өмір екі рет берілмеген,
Маңызды қып өткізер ерінбеген.
Мінезің де жайдары, елжандысың,
Жігіттер сендей болсын "елім!.." деген!

Ғаламзат адам ұқпас сырға толы,
Үңілсем тарихыма мұңға толы.
Ғалымдар дәл өзіндей көбейгенде,
Елімнің болашағы нұрға толы.

Курстасым бірге оқыған -ғұламам,
Сабақ беріп шәкірттерге ұнаған.
Жүре берші дәл осы қалпыңда,
Өмір сүрсе сендей сүрсін, бар адам!

Ергали Ордалиұлы,
Алматы қ.

"ҚЫЗЫҚТЫ ДӘМДІ ДӘРІСІ..."

Қызықты, дәмді дәрісі,
Көңіліңе шын қонады.
Тыңдырымды бұл әр ісі,
Ырза етіп, пейіл толады.

Қарамай жап-жас қалпына,
Ғылымда ізі салмақты.
Берік жан ата салтына,
Атанды ұстаз ардақты.

Қисса қып жазды Тұмарды,
Тарихтан өлең құралды.
Қисса қып жазды Шырақты,
Көңілден бұлақ-нұр ақты.

Тарихын жазды ғұндардың,
Балалар оқып, үйренді.
Әсері болды жырлардың,
Балалар өзге күйге енді.

Зернебек Шілдебайұлы,
«Қазақ тіл мен әдебиеті» журналының бас редакторы, ақын.
2007ж.

"АТАНДЫ ОЛ БІЛІКТІ ҰСТАЗ БАЙСАЛДЫ..."

Атанды ол білікті ұстаз байсалды,
Жақын тартты жақсы менен жайсаңды.
Діни Ислам поэзиясы көгінде,
Ғылымға тән әдемі бір жол салды.

Баба жолы санасынан кетпеді,
Өтті еңбекпен өмірінің көктемі.
Сақтар, ғұндар - қазағымның тамыры,
Тарихымның тереңіне беттеді.

Анарысты жырға қосты шабытпен,
Бірге болды арманы биік халықпен.
Молақсай мен Тоғанасты тірілтіп,
Әдебиетте тұрды қасқа қасқайып.

Тарғытай мен Мөдені де зерттеді,
Дәнін берді өлең-сөз қып еккені.
Ғұн патшасы Еділімді қисса ғып,
Тарихымның тұлпарын ол ерттеді.

Білікті ұстаз, ғалым болды белгілі,
Осы болды әдебиеттегі ерлігі.
Көне заман алыптарын жыр етті,
Қазағымның даңқы шықты-елдігі!

Зернебек Шілдебайұлы,
"Қазақ тіл мен әдебиеті" журналының бас редакторы, ақын.
2007ж.

«ЖҮЛДЫЗЫ ШӘКІРТТЕРДІҢ ЖАНЫП ТҮРҒАН...»

Ақын деп орын берсе биік төрден,
Жүрегіме жырларым сыйып келген.
Айналдым ақ пейілді ұстаздардан,
Білімнің жауһарларын жиып келген.

Шәкіртіне бар күшін арнағандар,
Білім нұрын жүрекке құйып келген.
Үйретуден ешқашан жалықпаған
Бар уақытын шәкіртке қиып келген.

Төбесіне көтеріп шәкірттерің,
Тілектерін ақтарсын жиып келген.

Ұстаз ол құламайтын алып шынар,
Еңбегіне сүйсініп халық құмар.

Өзіңізге ұқсасын талай жастар,
Білім жолын ұстанып бағыт бұрар.
Тәрбие мен білімді қатар берген,
Өзіңізді бар шәкірт танып тұрар.
Үлгі алған өзіңіздей ұлы ұстаздан,
Жұлдызы шәкірттердің жанып тұрар.

Көшербаева Айым
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4 курс студенті

УДК 811.512.133:654.19(584.6)

ТЕЛЕВИДЕНИЕ ВА БОЛАЛАР АДАБИЁТИ

АЛЛАМБЕРГЕНОВА ПЕРХАН КУДАЙБЕРГЕНОВНА

филология фанлари номзоди, доцент, Ўзбекистон
журналистика ва оммавий коммуникациялар университети докторанти, Тошкент шаҳар.

Резюме. В данной статье говорится о значении детских литературей, проявлении и воспитательной ценности детской литературы. Были проанализированы детские передачи, транслировавшиеся на телевидении Каракалпакстана, являющемся объектом исследования, сделаны выводы и даны соответствующие рекомендации.

Summary. This article talks about the importance of children's literature, the manifestation and educational value of children's literature. The children's programs broadcast on the television of Karakalpakstan, which is the object of the study, were analyzed, conclusions were drawn and appropriate recommendations were given.

1964 йилда ташкил топган Қорақалпоғистон телевидениеси ўз фаолиятини бошлагандастлабки йилларданоқахборот дастурлари билан бирга адабиёт, санъат асарларинамойишига ҳам жиддий эътибор қаратган. Ахборот манбаси сифатида босма матбуотдан фойдаланган. Бу фикрни таниқли қорақалпоқ журналисти Шарап Уснатдинов ҳам тасдиқлайди: “Тележурналистика ўзининг ривожланиш босқичларида кундалик нашрлар ва радио эшиттиришларнинг ижодий тажрибаларига таянди”[1,28-29].

Фикримизнинг исботи сифатида Нукус телевидениесининг 1965 йил март ойида эфирга узатилган айрим дастурларига эътибор қаратамиз:

5 март.

19:02 Болалар учун кўрсатув.

19:22 “Бизинг кандидатларимиз” (“Бизнинг номзодларимиз”) кўрсатуви рус тилида.

19:32 “Қайта табылган қосық” (“Қайта яралган кўшиқ”) телефильм.

19:52 “Телевизион янгиликлар” қорақалпоқ тилида.

20:00 “Помир болалари” бадий фильми.

11 март

19:02 Болалар учун “Бобик ҳам Барбос” (“Бобик ва Барбос”) мультфильми.

19:20 “Теңиз мартлери” (“Денгиз мардлари”) телерепортажи қорақалпоқ тилида

19:50 “Бэхэр атызға шақырады” (“Баҳор далага чақиради”) телеочерки рус тилида.

20:00 “Иванның балалығы” (“Иваннинг болалиги”) бадий фильми”[2].

1965 йилдаги теледастурлар таҳлили шуни кўрсатадики, телевидениеда асосан янгиликлар дастури, киножурнал, концерт ва бадий фильмлар, 15-20 дақиқа атрофида болалар учун кўрсатувлар намойиш этилган. “Шоирлар болаларга” (“Шайырлар балаларга”) кўрсатуви шулар жумласидандир. Бунда болалар шоири ўзи ёзган шеърни эфирда ўқиб берган. Бу ёндошувнинг бир неча аҳамиятли жиҳатлари мавжуд. Биринчидан, шоир ўзи ёзган шеърини юракдан, маромига етказиб ўқиш орқали болаларларга таъсир эта олади. Иккинчидан, болалар шоирни экранда кўриб эслаб қолади, яъни танийди.

Маълумки, болаларнинг қизиқувчанлигини, интеллекти, ижодий фаоллигини ривожлантиришда билимга йўналтирувчи кўнгилочар кўрсатувлар, интеллектуал ўйинлар ва викториналар муҳим аҳамиятга эга. Бу боланинг бошланғич маҳоратини, ақлий ва жисмоний меҳнат қўникмалари ва маданиятини шакллантиради.

Бугун Ўзбекистон Республикасида айнан болалар аудиторияси учун мўлжалланган “Bolajon” (давлат телеканали), “Aqlvoy” (нодавлат телеканали) телеканаллари фаолият юритади. Бундан ташқари, Ўзбекистон миллий телерадиокомпанияси тизимида қарашли марказий телеканаллар жумладан, “Yoshlar” телерадиоканалида 15%, “Mahalla” телерадиоканалида 5%, “Sport” телеканалида 20%, “Madaniyat va ma'rifat” телеканалида 10%, “Oz'bekiston tarixi”

телеканалда 10%, “Foreign language” телеканалда 20%[3] болалар учун мўлжалланган теледастурлар эфирга берилади. Худудий телерадиокомпанияларда ҳам болалар учун 30-60 дақиқагача вақт ажратилган. Тадқиқотимиз объекти бўлган Қорақалпоғистон телевидениесининг эфир ҳажми 24 соат, шунинг 13%и[4] болалар учун ажратилган.

Болаларга бағишланган кўрсатувлар таҳлили шуни кўрсатадики, ўтган вақт мобайнида спорт, интеллектуал, адабиёт ҳамда ҳажвий йўналишдаги кўрсатувлар мунтазам равишда тайёрланиб эфирга узатилган. Масалан, “Илмоқ” (“Илмек”) болалар ва ўсмирларга мўлжалланган ҳажвий дастурҳар чорақда бир марта 15 дақиқа намойиш этилади. Бунда мактаб ўқувчилари ҳаётдан олинган қизиқарли, кулгули воқеалар тасвирланади. Дастур Россия телеканаларида эфирга узатиладиган “Ералаш” киножурналини эслатади, ўша киножурналга тақлид қилинган деса яна ҳам тўғрироқ бўлади. “Болалар студияси” (“Балалар студиясы”) кўрсатуви асосан мактаб ва мактабгача таълим муассасалари болалари ҳаётига бағишланган. Кўрсатув бир неча саҳифадан иборат. Ҳафтада 5 мартаба 20 дақиқадан намойиш этилувчи бу дастурда болажонлар ўзларига мос шеърларни ёддан айтишади, кўшиқлар кўйлашади.

Болаларга мўлжалланган “Ойлан, излен, тап” сингари интеллектуал ток-шоуларда турли йўналишдаги саволлар орасида адабиётга доир саволлар ҳам берилади. Масалан, бошловчи болаларга “Аўзы жаман елди бўлдиреди, аяғи жаман ...?” деган мақолнинг давомини айтиш топширади.

Энг эътиборли жиҳати, Қорақалпоғистон телевидениесига болалар фольклорига кўп мурожаат қилиниши жуда ҳам сезилади. “Сирли олам” (“Сырлыәлем”) кўрсатувида бошланғич синф ўқувчилари 6 нафардан икки жамоа бўлиб беллашади. Икки нафар бошловчи навбати билан жамоа аъзоларига саволлар беришади. Кўрсатувнинг 1-шарти топишмоқлар шартли бўлиб, иштирокчилар топишмоқларнинг жавобини айтиши керак.

Масалан:

“Эпиўайи жай қарасаң,
Жети жастан барасаң,
Ишинде турли жемис бар,
Талап етсең аласаң”.

2- шартли “Тез савол-жавоб” деб номланиб, турли мантиқий саволлар билан бирга мақолнинг давомини айтиш ҳам сўралади. Масалан: “Жақсы перзент сўйиниш..” деган мақолнинг давоми ёки бўлмаса эртақларнинг сюжетига асосланган “Шалғам” ертегинде қыз кимди жардемге шақырды?” каби саволлар берилади.

“Эртақлар оламига сайёҳат” (“Ертеқлер елине саяхат”) кўрсатувида “Бўғирсақ” (“Баўырсақ”) эртаги кадр ортида ўқилди. Тасвирида эса, эртақнинг анимацион тасвирлари берилди.

Демак, айтиш мумкинки, болалар кўрсатувларида фольклор намуналари ҳам учрайди. Шуни алоҳида таъкидлаш керакки, болалаларга мўлжалланган кўрсатувлар асосан қорақалпоқ тилида. Аммо рус ва инглиз тилларида ҳам кўрсатувлар мавжуд. Аниқроғи, рус тилини ўргатишга мўлжалланган мактабгача таълим ташкилотидан тайёрланган кўрсатувлар рус тилида, инглиз тилини ўргатишга бағишланган махсус кўрсатув инглиз тилида эфирга узатилмоқда.

Хулоса сифатида айтиш мумкинки, Қорақалпоғистон телевидениесига намойиш этилаётган кўрсатувларда замонавий болалар адабиётдан ва болалар фольклоридан фойдаланилади. Бироқ, болалар жаҳон адабиётининг ўзига хос гўзал қирраларидан баҳраманд бўлишлари, сабоқ олишлари учун юқорида санаб ўтганларимиз етарли эмас. Бунинг учун айнан болалар адабиётини тарғиб қилувчи махсус кўрсатув ташкил этиш лозим.

Кўрсатувда болаларнинг қизиқишларидан, ёш ҳусусиятларидан келиб чиққан ҳолда замонавий интерактив шакллар ва усуллардан, рақамли ва мултимедиа технологиялари имкониятларидан унумли фойдаланиш ҳамда шу аснода миллий, жаҳон болалар адабиётининг энг машҳур асарларини тарғиб қилиш лозим.

Албатта, маълумотларни тақдим этишда замонавий техник ечимлар, хорижнинг илғор тажрибаларидан фойдаланиш, шунингдек, Ўзбекистонда тасдиқланган талаблар, стандартлар, ўқув-таълим дастурларига мувофиқ болалар дунёқарашини шакллантирувчи, интеллектини оширувчи ўйин элементларини ўзида мужассам этган телекўрсатувлар ва мултимедиа контентини яратиш зарур, деб ҳисоблаймиз.

Фойдаланган адабиётлар:

1. Уснатдинов Ш. Журналистикага кирисиў. Н.: Қарақалпақстан, 2009. Б-156. -28-29. –184.
2. Совет Қарақалпақстаны. 1965 йил, 10 март.

3. Ўзбекистон миллий телерадиокомпанияси маълумоти
4. Қорақалпоғистон миллий телерадиокомпанияси маълумоти

УДК 77.025.177:811.512.133(584.6)

ЖАҲОН БОЛАЛАР АДАБИЁТИ ВА УНИНГ ЎЗБЕК РАДИОСИДАГИ ТАРҒИБОТИ

БОЛТАЕВ НАФФОЛ СОДИК УГЛИ

Ўзбекистон журналистика ва оммавий коммуникациялар
университети мустақил изланувчиси, Тошкент шаҳар.

Резюме. В этой статье пойдет речь об особенностях детской мировой литературы, появлении литературы как отражения жизни народа, освещения детской мировой литературы на узбекском радио, о особенностях воспитания юных ведущих на радио.

Summary. This article will discuss the features of children's world literature, the emergence of literature as a reflection of the life of the people, the coverage of children's world literature on Uzbek radio, the features of the upbringing of young presenters on the radio.

Ўзбек олимлари А.Ахронкулов ҳамда А.Раҳмонкуловлар “Болалар адабиётининг ўзига хос хусусияти — ўзгарувчан ҳодиса бўлиб, у китобхон ёши, тарихий давр ва ижтимоий муҳит билан бевосита боғлиқ. Китобхон ёшини ҳисобга олиш болалар адабиётининг энг асосий хусусиятларидандир” [1;3], -деб ёзишади ва болалар адабиётининг ҳаракатга бой хусусиятини, айти шу хусусият асар воқеаларининг тезкор, қизиқарли, фантазияга, юморга бой равишда ечилишини талаб қилишини алоҳида таъкидлашади.

Маълумки, жаҳон болалар адабиёти дунёда мавжуд жамийки болаларининг сеvimли бадий асарлари жамланмасидан иборатдир. Бутун дунё болалари, шу жумладан, ўзбек болалари ҳам жаҳон адабиётига тааллуқли ранг-баранг жанрдаги асарларини севиб мутолаа қиладилар. Айнан ўзбек адибларининг болаларга атаб ёзган асарлари ҳам нафақат ўзбек халқининг, балки жаҳон интеллектуал мулкининг бир қисмига айланган.

Ўтган асрнинг иккинчи ярмига келиб, Ўзбекистонда жаҳон адабиётини тарғиб қилишда радиодан кенг фойдаланила бошланди. Чунки, радио ўзбек олими Бўри Зиёмухамедов таъкидлаганидек, “журналлар, нашриётлар, радиоэшиттириш тўлқинлари ва телевидение каналлари... аҳоли онгига, уларнинг ижтимоий моҳиятига катта таъсир...” [3;70] ўтказиш хусусиятига эга.

Рус олими Вячеслав Владленович Умановский “Детские радиопередачи как фактор социального воспитания школьников” мавзусидаги диссертациясининг авторефератида шундай ёзади: “Совет иттифоқи даврида радионинг аҳоли фикрини шакллантиришдаги ўрни ҳаддан ташқари баланд эди. Диктор томонидан радио орқали айтилган ҳар бир сўз ҳақиқат деб қабул қилинар, болалар орасида турли эшиттиришлар катта шуҳрат қозонганди”[5;4]. Дарҳақиқат ўша даврлардан бошлаб радио тўлқинларидан болаларни тарбиялашда кенг фойдаланилган. Бу анъана ўзбек радиосида ҳам мавжуд бўлган ва ҳали ҳамон давом этмоқда.

Айниқса, болалар учун мўлжалланган драматик эшиттиришлар жуда машҳур бўлган. Агар Ўзбекистон Миллий телерадиокомпанияси “Олтин фонди” кўздан кечириладиган бўлса, болалар учун жаҳон адабиётидан, миллий адабиётдан бир неча юз асар саҳналаштирилганлигига гувоҳ бўлинади. Бу асарлар ўз вақтида болалар ва ўсмирларнинг дунёқарашини шакллантиришга, улардаги инсоний қадриятларни арбиялашга жуда катта ҳисса қўшган.

Бу масаланинг бир томони. Иккинчидан, радиода илк спектаклларни ёзиш ишлари 50-йилларнинг ўрталарига тўғри келиши ҳисобга олинса, ўша илк спектаклларда рол ўйнаган мактаб ўқувчилари ҳозир мамлакатда машҳур инсонлар саналади.

“Драматургия адабиёт жанрининг энг мураккаб соҳаси саналади. Болалар драматургияси эса инчинун. Бу соҳа ҳамма вақт энг долзарб масала бўлиб келган ва келмоқда. Азал-азалдан болалар драматургиясидаги муаммолар ўз ечимини топган эмас” [4;165]-дейди ўзбек олимаси Матлуба Маҳкамова.

Бу маънода М.Маҳкамова ҳақ гапни айтган. Чунки, бир пайтлар болалар учун спектакллар йўқ эди. Аниқроғи ёзилмасди. Бироқ, ўзбек радиоси болалар муҳарририяти бу ишни моҳирона уддалаган. Ўтган асрнинг эллигинчи йилларига келиб, болалар учун эртақлардан, халқ оғзаки ижодидан, шунингдек, жаҳон болалар адабиётидан кенг фойдаланилган ҳолда бири- бирдан яхши радиоспектакллар яратилган. Бу асарлар, гарчи у пайтлардаги техника билан ҳозирги техникалар киёсида ер ва осмонча фарқ бўлса-да, ҳозирда ҳам ўз қимматини йўқотмаган.

Ўзбекистон миллий телерадиокомпанияси (МТРК) архив фондида болалар учун тайёрланган ва ўтган асрнинг 50-70 йилларига мансуб бўлган радиоспектаклларларга америкалик ёзувчи Эрнест Миллер Хеменгуэйнинг “Чол ва денгиз” (реж. Шариф Қаюмов), рус драматурги Пётр Ершовнинг “Букри тойчок”, жаҳон халқлари эртақлари асосида тайёрланган “Серка бобонинг ҳийлалари” (реж. Неъмат Дўстхўжаев), хитойлик ёзувчи Гао Юй-баонинг “Мен ўқишни истайман” (реж. Аброр Қосимов), рус ёзувчилари Николай Носовнинг “Қувноқ оила”, Антон Павлович Чеховнинг “Ваня тоға” каби кўплаб спектакллари мисол қилиб келтириш мумкин.

Болалар учун спектакллар, радиоинсценировкалар тайёрлашда 80-90 -йилларда ҳам жаҳон адабиётига кўплаб мурожаат қилинган ва жуда ҳам эшитимли, ҳатто ҳозирги кунда ҳам ўз мавқеини йўқотмаган асарлар яратилган. Масалан, япон ёзувчиси Дзюндзи Киношитанинг “Омон ва Тода” (реж. Неъмат Дўстхўжаев), италян ёзувчиси Жанни Родарининг пиёз боланинг саргузаштлари ҳақида ҳикоя қилувчи “Чипполино” (реж. Гулчехра Ғиёсова), ирланд ёзувчиси Оскар Уайльднинг камбағал, бироқ кўнгил мулки жуда бой йигит ва унинг ўта ҳасис дўсти тўғрисида ёзилган “Чин дўст” (реж. Г. Ғиёсова), ҳинд адиби Вассамуртининг табиатга, жониворларга озор бергани туфайли афсун билан миттивойга айлантирилган ва қилган ишларидан пушаймон бўлган болакай тўғрисидаги “Шўх боланинг саргузаштлари” (реж. Акбарали Очилов), болгар ёзувчиси Панчо Панчевнинг болаликдан бир қизга ошиқ тўрт эгизакнинг бошидан кечирганлари акс эттирилган “Тўрт эгизак” (реж. Тоҳира Шамсиева), рус адиби Юрий Сотникнинг болалар ёқтирадиган мавзудаги “Сеҳргар нималар қилиб қўйди?” (реж. Т. Шамсиева), литва ёзувчиси Витауте Жилинскaitенинг капалакнинг ҳиссиз роботга бўлган меҳри борасидаги, аниқроғи инсонийлик тушунчаларини тағиб қилувчи “Робот ва капалак” (реж. А. Очилов), грузин ёзувчиси Нодар Думбадзенинг ватанпарварлик, инсонийлик, эрк каби олий туйғуларни шарафловчи “Хелладос” (реж. Г. Ғиёсова) асарлари ҳали ҳамон тингловчилар томонидан эфирга узатилиши сўраб турилади.

Олима М.Маҳкамова “Ёш томошабинларни тарбиялашда, эстетик дидининг шаклланишида, қалбига ғурур, ифтихор, ватанпарварлик туйғуларини сингдиришда, қолаверса, миллий кадрят ва анъаналар каби тушунчаларнинг пайдо бўлишида саҳнага олиб чиқилаётган асарларнинг аҳамияти ҳамда ўрни бекиёс эканлигини унутмаслик лозим” [4;167], - деб ёзади. Биз М.Маҳкамованинг фикрларини тасдиқлаган ҳолда, уни радиога мослаб, ўз мулоҳазамаизни билдирмоқчимиз. Болалар тарбиясида, уларнинг дидини, дунёқарашини шакллантиришда, ватанга муҳаббат ва садоқат руҳида тарбиялашда, нафақат ўзбекона кадрят ва анъаналарни сингдириш, балки жаҳон халқлари ҳаётига ҳос жиҳатларини тушунтиришда болалар адабиётининг бир бўғини бўлган болалар радиодраматургиясининг ўрни бўлакча. Шу маънода, радио режиссёрлари нафақат болалар роль ўйнайдиган, балки тингловчиларнинг қалбига кириб бориб, одоби-ахлоқига, камолотига жиддий таъсир кўрсатадиган асарларни саҳналаштириш борасида мулоҳаза қилиб кўришлари лозим, деб ҳисоблаймиз.

Фойдаланилган адабиётлар:

1. Ахронкулов А., Раҳмонкулов А. “Жаҳон болалар адабиёти намоёндалари”. Фарғона, ФарДУ нашриёти. 2012 йил. – 92 б.
2. Зиёмуҳамедов Б. “Педагогик маҳорат асослари”. Т., “ТІВ-КІТОВ” нашриёти, 2009 йил – 180 бет.
3. Маҳкамова М. “Мустақиллик даври болалар драматургиясида замонамиз қаҳрамони”. Журнал “Шарқ юлдузи”. 2012 йил, 3-сон.
4. Умановский В.В. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата педагогических наук “Детские передачи как фактор социального воспитания школьников”. КГУ. Кострома, 2001 год – 34 стр.

THE AGE OF GUN AND MENDBAY ABILULU

MISS ALFREDER

England, Manchester

Түйіндеме. Мақалада автор қаламгер жазушы Мендібай Әбілұлының ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиеті жайында қарастырған.

Резюме. В статье автор рассмотрел детскую устную литературу древних времен писателя Мендибая Абилулы.

Dear guests!

Dear scales!

Scientists, teachers, professors and students!

We live in England, we love the science of literature, we have studied the history of literature, we have been reading literary works since we were young. We are coming to Taraz, the ancient city of Kazakhstan, and we are getting to know the deep history of Taraz, which has amazed the world, oral literature, culture, and art of the Kazakh people, which has continued from century to century, and we are absorbing its learning qualities. Kazakh people educate children and teenagers with rich folk literature.

We did not know about the Huns before, but recently we realized that the Huns are the ancestors of the Kazakh people. Kazakh Turks have long been brave, uncompromising towards external enemies, and love peace. We read and learned from the books that the Kazakh people were a historical figure that excited the whole of Europe and brought the Roman ruler to his knees. And the history of the city of Taraz surprised us, the ancient city of Taraz turned out to be a city rich in many historical events.

It turns out that MendibaiAbiluly is engaged in science and literary creativity while teaching students. We know that he has the art of writing poetry. Candidate of philological sciences, professor, member of the Union of Writers and Journalists of Kazakhstan. He wrote literary works about the historical figures of the ancient Saks and Huns.

I was excited by the fact that Mr. Mendibai wrote a poem for children about Mode Khagan, the hero of the Huns, "The Story of Mode Khagan", and about Volodymyr (Attila), "The Golden Dombra or the Tale of Ten-Year-Old Volodymyr (Attila)". These two stories have become beloved works of children and teenagers. Because these works were published in the republican newspaper "Ұлан" for schoolchildren. There are legends, fairy tales, and poems about Attila in Europe based on interesting plots. We used to think that Attila was a hero from European nations. So Attila's Kazakh name is Volga. So, Volodymyr (Attila) was a hero of the Huns, he marched to Europe, brought the city of Rome to its knees, and destroyed slavery in Rome. This is an interesting story. Now I read more works about Volga (Attila) written in English.

Famous Kazakh scientist N. I was surprised to read Kelimbetov's scientific work on the history of the Huns. He wrote: "By the end of the third century BC, the Yun tribes united in one center and formed the Hundred Horde - the Hundred State. A very powerful, well-armed and skilled army was formed.

In the first period, the Huns inhabited the region of Lake Baikal, Mongolia, China, and East Turkestan. BC In the 2nd century, a horde of Huns appeared in the land of Western Kazakhstan. The Horde of the Huns was located between the Volga and Zhayik rivers" (N. Kelimbetov, Literature of the Ancient Era (The Beginnings of Kazakh Literature), Almaty, Atamura Publishing House, 2005, p. 46).

About the Huns, the ancient historians Hammer-Purshal, Herman Vambery, Hares Mytilensky, A. Margulan, N. Ya. Bichurin, V.V. Radlov, V.V. Barthold, R. Stifl, V.F. Miller, JaubertAmadee, Annette Beveridge, W.G. Vasilevsky, Fang Junyu, SimaQian, N. Kelimbetov, FeofilaktSimokatta, A.N. Bernshtam, B. Atalay, N. Banarly, K.A. Akishev, L.N. Gumilev, M.S. Mershchiev, Rubruk, A. Konyratbaev, ibn Battuta, N. Yadrintsev, U. Shalekenov et al. wrote scientific works. I also know the works written by Chinese scientists.

I feel that the oral literature of the Kazakh Turks during the Hun period, especially children's oral literature, is very rich. Children are taught to protect the country and the land, to respect their parents, and to grow up to be brave heroes. There are especially many poems, epics, legends, and tales about livestock.

I am convinced that Mr. Mendibai is a universal writer. He is a person known for his poetry, writing, and journalistic work and literary scholar. He wrote several scientific articles about written monuments and examples of oral literature of the Huns. As a scientist, he wrote the scientific articles "Inscription on Zhubantobe", "Alpamys (AlypBamsy) in the Hun Era", and the textbook "Children's Oral Literature of the Ancient Hun Era". I was interested in this, he compiled samples of oral literature from several centuries ago, wrote educational materials for schoolchildren, compiled textbooks. It is interesting that on the basis of the textbooks, educational materials, textbooks written and compiled by Mr. Mendibai, the elective subject "Children's oral literature of ancient times" is conducted in the 4th grade of different schools.

Mr. Mendibai's scientific articles related to the Hun period are mixed with history and oral literature. And I feel that educational materials with samples of oral literature of the Hun era for children, sagas and stories written about the historical figures of the Hun era have become spiritual food for Kazakh children. I am happy to be among people who are different, unlike any other nation, have a remarkable history, are open minded, put their food and drink on the ground when it comes to literature and poetry, and look to the future with great goals.

This region is called Auliye Ata. The city of Taraz was the capital of the Hun state. In ancient times, when I read that the Khagan of Taraz brought legionaries from Rome to protect the city of Taraz, rich in history, from foreigners, I learned that the history of the Kazakh people is full of valor and heroism, that they established diplomatic relations with foreign countries, I admired their passion for poetry. he says. I believe that the future of young Kazakhs in Taraz is bright, and their talent I believed that his talent will amaze the whole world. Before my eyes was the singer of the century, DimashKudaibergen, a descendant of these Huns, a descendant of the Kazakh Turks, who surprised and excited the world with his wonderful songs...

Most importantly, I was amazed by Mr. Mendibay's hard work. He is a poet, he is a scientist, he is a writer, he is a journalist. That's why his colleagues, students, and readers call him "universal writer".

Ancient Sakartish ethnic clothing consists of kemers, massagets, asis, dakhtars, etc. b. (N. Kelimbetov), the ethnic composition of the Huns consists of Dais, Kerders, and Yuns. from two etc. (A. Margulan) lives.

I was interested in heroic epics of Cossack Turks. "AlypYerTunga", "ShuBatyr", "OghizKagan", "Attila", "Blue Wolf", "Alpamys (AlypBamsy)", "AlankaiBatyr", stone epics "Kultegin", "Tonykok", "Bilge Kagan", "Kobylanybatyr", "ErKokshe", "Edigebatyr", etc. became a spiritual treasure of young Kazakh Turks.

And I was surprised by the love songs of the Kazakh people, the loyalty of young people who are strong in honor in the vast field where the wings of this flying bird spread. I read the research works on the epics "KyzZhibek" and "KozyKorpesh Bayan Sulu", these love poems drew me into the loop of the mystical powers of love.

I am participating in the international scientific conference for the first time at the International Taraz Innovation Institute named after Sherkhan Murtaza, a well-known Kazakh writer, dramatist, journalist, and public figure. I am sure that I will find many friends in Taraz. Here my future friends are sitting in front of me. I wish great happiness to the teachers and professors of this higher educational institution, great success in the field of science, and great success in the education of students. I wish good health and creative success to the universal writer, scientist and teacher MendibaiAbiluly.

УДК 82. 075

CHILDREN'S LITERATURE IN THE UK

MR MOO

England

Түйіндеме. Мақалада Ұлыбританиядағы балалар әдебиетінің өзекті мәселелері қарастырылады.

Резюме. В статье рассматриваются актуальные проблемы детской литературы в Великобритании.

Dear guests!
Dear scales!
Scientists, teachers, professors and students!

Children's literature is a vibrant and dynamic field in the United Kingdom, with many talented authors and illustrators producing works that appeal to a wide range of young readers. The past few years have seen a growing emphasis on inclusive and diverse representation in children's literature, with a focus on publishing books that reflect the rich cultural diversity of contemporary UK society.

There are also many initiatives aimed at promoting children's literacy and a love of reading in the UK, such as the World Book Day and National Literacy Trust campaigns, as well as efforts to ensure that children have access to a wide range of books regardless of their background or socio-economic status.

Many popular children's authors and illustrators are based in the UK, including J.K. Rowling, Philip Pullman and David Walliams, among many others. The UK is also home to many respected publishing houses that specialize in children's literature, such as Walker Books, Ladybird Books, and Puffin Books. Great Britain is a forge of children's bestsellers. Think of Alice in Wonderland, Winnie the Pooh, Peter Pan, The Hobbit, Charlie and the Chocolate Factory, The Chronicles of Narnia. Note that all the main children's books of the British are fairy tales, or, as they say now, fantasy. Children cope with their problems by inventing magical worlds, because with the help of magic you can overcome any difficulties. Fantasizing is not just Entertainment, it is a way of realizing your feelings and fears. Like dreams, fantasies are, in fact, a biological function, a need of the body."

Children's literature in the UK is an exciting and constantly-evolving field, with a focus on engaging and inspiring young readers and promoting literacy and a love of reading among all children. In the 21st century, children's literature in the United Kingdom has continued to evolve, with a particular focus on diversity, inclusivity, and representation. Many authors and illustrators are exploring themes such as race, gender, sexuality, mental health, and socio-economic inequality in their works, and the publishing industry is actively seeking out new voices and perspectives to showcase in children's literature.

There has also been a rise in popularity of young adult literature, particularly in the fantasy and dystopian genres, with writers such as Suzanne Collins, Patrick Ness, and Holly Black capturing the imaginations of younger readers. There is almost no place for magic in American children's books, but they are also included in the golden fund of world literature and are valued precisely for the realistic depiction of everyday life, with all the variety of its problems: "The Adventures of Tom Sawyer", "Little Women", "Charlotte's Web", "Little House in the Big Woods", "Uncle's Hut Volumes".

Additionally, there has been a growing emphasis on digital forms of storytelling, with E-books, interactive apps, and audiobooks becoming more prevalent in the children's book market.

However, despite these changes, traditional forms of children's literature remain hugely popular, particularly in the picture book market, with outstanding authors/illustrators such as Julia Donaldson, Axel Scheffler, and Eric Carle continuing to capture the hearts of young readers.

Overall, the 21st century has brought new voices, new themes and a broader range of characters to children's literature in the United Kingdom, making it a more diverse, inclusive, and exciting field.

ӘОЖ 81.33

МЕНДІБАЙ ӘБІЛҰЛЫ – СЫҚАҚШЫ ЖАЗУШЫ

САДЕН Н.А.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Ұстаз институтының
қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 1 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ПЕРТАЕВА Э.Қ.

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Общеизвестный факт что сатира в казахской литературе является относительно молодым жанром. Автор статье рассмотрел сатиру и юмор в казахской литературе и остановился на актуальности сатиристических произведений М.Абилулы.

Summary. It is known that Kazakh satire is a militant genre in Kazakh literature. The author reflects on humorous stories and dwells on the relevance of M. Abiluly's satirical works.

Сықақшы-жазушы М. Әбілұлының әзіл әңгімелері мен сықақ әңгімелері республикалық «Қазақ әдебиеті», «Ақиқат арнасы», «Жеті жұрт», халықаралық «Азия», Жамбыл облыстық «Ғұмырдария» газеттерінде жарияланып келеді. "Арақтың жүз грамм қалдығы", "Тебеген сөз", «Қотыр ешкінің күші» атты әзіл, сықақ әңгімелері баспадан кітап болып жарық көрді.

М. Әбілұлының әзіл-сықақ әңгімелері туралы белгілі сықақшы-жазушы Еркін Жаппасұлы былай деп жазды: "Ақырын жүріп, анық басып" майлы ішекке айналдырып отырып, "тіке соққымен" сілейте салатын әзілкештер бар. Соның бірі – қоңырқай мінезді, уытты тілді Мендібай Әбілұлы. Оның күлкі шақырарлықтай ештеңесі байқалмайтын шығармасына көз жүгіртіп отырып, қалай қытықталғаныңды байқамай қаласың, еріксіз екі езуіңе ерік бересің..." [1].

Журналист Ақтоты Жаңабай Жамбыл облыстық "Ғұмырдария" газетінде Мендібайдың «Тебеген сөз» атты әзіл-сықақ әңгімелер жинағына енген шығармалары туралы былай деп жазды: "Сықақшының "Тебеген сөз" кітабына енгізілген шығармаларда қоғамдағы келеңсіздіктер өткір тілмен сыналып, әжуаланады. Автор өз шығармаларын күнделікті өмірімізде болып жатқан келеңсіз оқиғаларға құрған. Оқырманын зеріктірмейді, үнемі қытықтап, күлдіріп отырады. Ең бастысы – өткен кеңестік кезеңдегі адамдардың жат қылықтары, өтпелі кезеңдегі әртүрлі оқиғалар, қазіргі кездегі қоғамда орын алып, жатқан келеңсіздіктер сыналады. Мәселен, "Несие", "Теріс тәрбие", "Түшкүріктой" атты әңгімелерінде қазіргі қоғамның ең күрделі дерттерінің бірі – несие жыры, мұғалім мәртебесі, әр нәрсені тойға айналдыратын пенделерді әдемі әжуалап көрсеткен. Айналамызда орын алып жатқан өзге де олқы тұстар, жарамсыз тірліктер шығармаларының өзегіне айналған..." [2].

Шынында М. Әбілұлының әзіл-сықақ әңгімелері бірде жеңіл күлкі, бірде зілді күлкі шақырады. "Несие" атты сықақ әңгімесінде мектеп директоры Жаңылтпашованың жеңіл көлік сатып алмақ болып, әуре-сарсаңға түсіп, мектеп мұғалімдерінен қарыз ақша жинауы, кейін алған қарызын қайтарып бермей қарыз берген мұғалімдердің әуре-сарсаңға түскенін қарапайым тілмен-ақ сипаттап береді. Сіңлісі Жұмбақгүлді мектепке жұмысқа алып, соның айтқанын істеймін деп келеңсіз күйге түскенін шымшыма тілмен, жеріне жеткізе әжуалайды. Мектептің директоры Жаңылтпашова бірнеше мұғалімдерден қарызға ақша алып, сол ақшаға қымбат автомобиль сатып алады. Ақшасы жоқ мұғалімдерді қорқытып, банктен несие ақша алдыртады. Бір қызығы қарызға ақша берген мұғалімдер директорға ақша бергенін бір-біріне айтпайды. Кейін алған қарызын қайтармаған соң қарыз берген мұғалімдер анықтала бастайды. Соңында берген қарыз ақшасын алмаған мұғалімдер директорға "шабуыл" жасайды. Директор қызмет лауазымын пайдаланып, мұғалімдерге қарыз ақшасын қайтарып бергісі келмейді.

"Несие алған мұғалімдердің сабақта берекесі жоқ, ұйықтаса ұйқысы қанбады, күлкіден де айырылды, арадан бір ай емес, екі ай, тіпті үш ай өтті. Несиеден хабар жоқ. Жаңылтпашоваға банктен несие алып берген мұғалімдердің есімдері де күн өткен сайын бір-біріне белгілі бола бастады. Енді олар бір-бірінен "Қарызыңды директордан алдың ба?" деп сұрайтын болды. Несие ақшаларын банкке өздері төлей бастады. Уақыт өткен сайын несие алып берген мұғалімдермен Жаңылтпашованың арасында "холодный войнаның" белгілері пайда бола бастады. "Директордан қарыз ақшанды сұрадың ба?", "Директорға кірдің бе?", "Директор бәрімізге несие алдырыпты ғой", "Оның бәрін қалай төлейді?", "Тоғыз миллионға алыпты автокөлігін", "Кеше кірмек болып едім, келесі аптада кір деп айтты", "Не істейміз?", "Сотқа жүгінеміз бе?" т.б..." [3].

Сықақшы мұғалімдер мен мектеп директорының арасындағы үлкен даудың басталар шағын осындай зілді мысқылмен әжуалайды. Бұл деталь арқылы шәкірт тәрбиелеп, елдің қаймағы болған мұғалім мәртебесінің соншалықты төмендеп кеткеніне назар аударады.

Сықақшының "Алтын алқа" деп аталатын әзіл әңгімесінде он жылда сегіз құрсақ көтеріп, қатынының үкімет тарапынан алған алтын белгісін өңіріне тағып келе жатқан Ұлтанды көрген Сәлім былай дейді: "...Мен қырық жыл қой бақтым, алқа түгіл қатты қағазға жазылатын Мақтау Қағазын да берген жоқ, үкімет..." [4]. Сәлімнің сөздерінде ащы мысқыл бар.

Ғалым Ә. Қабылов "Сатиралық және юморлық ирония" деп аталатын ғылыми мақаласында ирония ұғымы туралы былай деп жазады: "Ирония ұғымын кең мағынада және тар мағынада түсінуге болады. Кең мағынасында ирония — абстрактілі философиялық-эстетикалық категория,

тар мағынасында – ділмарлық тәсіл. Ирония табиғаты жағынан өмір мен өнердегі заттар мен құбылыстардың мәніне баға беретін көмескі күлкі, ойлы күлкі екенін зерттеушілер айтады. Иронияның негізінде бір мағынаны екіншісі теріске шығаратын әрі ашық және астарлы мәндердің қайшылығына құрылатын, сөйтіп автордың көзқарасы бүркемелене көрсетілетін қарама-қарсылық жатады, яғни, иронияның болмысында екіұдай мағына болмақ, ашық, тура мағына және астарлы, керісінше мағына..." [5].

"Теріс тәрбие" атты сықақ әңгімесінде мектеп мұғалімдері мен оқушылардың ата-анасының арасындағы қатынастың дұрыс жүргізілмегені әшкереленеді. Оқушы Талдыбаевтың шешесі Майдагүлдің мұғалімге қарсы жасаған іс-әрекеттері оқырманның ашу-ызасын келтіріп, оқырманын амалсыз күлдіреді. Бізәлі, зілді күлкі. Майдагүлдің білімсіздігі, әпербақан мінезі, мұғалімнің мәртебелі мамандық иесі екенін есінен шығарған дольлығы әжуаланады. "Айттым ғой, айтып тұрған өлеңінің сыйқын қара. "Келіншек, келіншек..." деп зарланып тұр. Кіп-кішкене қыздарға "Келіншек бол, бала ту" деп тұрғаны несі? Бұл — қоғамға қауіпті адам. Сенің арам ойың ешқашан іске аспайды, біліп қой! Кім айтты саған, сегізінші сынып оқушыларына келіншек бол деп?! Жауапқа тартқызамын, сотқа беремін, білдің бе?.." [6] – дейді мұғалімге қарсы "нападению" шығып жүрген Майдагүл.

Тоқшылық не істетпейді? Осы тоқшылықтың әсерінен қаншама адам зардап шегіп, қоғамда нендей теріс әрекеттер болып жатыр десейші! Тойханалардағы ысырапшылық, үйдегі нантепкі, өзінің атағын шығару үшін көрші мемлекеттерден атақты әншілерді шақыру...

Ә.Қабылов күлкі тудыру құралдары туралы: "...Күлкі тудыру құралдарының құрамында ирония сатира мен юмор, пародия гротеск, трагестия, бурлеск секілді комизм түрлерінің қатарынан орын алады..." – деп жазды [7].

М.Әбілұлының "Түшкіріктой" атты сықақ әңгімесі тоқшылықтан не істерін білмей баласының түшкірігін сылтау етіп, той жасағыны сыналады. Сықақ әңгімені оқып отырып күлерінді не жыларыңды білейсің. Баласының түшкірігіне той берген Жидегүлдің әрекеті есінен адасқан адамның іс-әрекетіне ұқсайды. Әйтпесе баласының түшкіргеніне той жасай ма? Ал баласының түшкіргеніне той жасаған Жидегүлдің тойына жиналған халықтың санасы неге соншалықты асқынған?

"Жидегүл Петропавл қаласында тұратын інісіне қоңырау шалды:

– Серікбол ма?

– Иә.

– Ертең кешке Жылдамбегімнің түшкіргенін белгілейін деп жатырмын. Сол кешімізге шақырып жатырмын.

– Не дейсің? Түшкіргені дейсің бе?

– Иә, түшкіргеніне шақырып жатырмын.

– Немене, бұрын түшкірмей қалыппа еді?

– Жо-о-оқ! Түсінбей тұрсың. Түшкіргенін белгілеп жатырмын, түшкірік ендігіден былай дәстүр болып тұрмысымызға енеді. Түшкірікті мен енгізейін деп жатырмын, дәстүр етіп..." [8].

Қазақта "Түшкіріктой" деп аталатын "дәстүрді" Жидегүл енгізейін деп жатыр екен. Бізәлі күлкімен еріксіз жымиясың. Баяғыда бір газетте тілші қазақта жаңадан пайда болған "Сүндеташар" деп аталатын "дәстүрді" сынаған еді. Сүндетке отырғызылатын баланы ортаға шығарып, жырау "Сүндеташар" дәстүрін орындайды. Беташар сияқты жырлайды. "Түшкірік той" деп аталатын әңгімені оқып болып ызалы күлкінді жалғастырып: "Енді қандай дәстүр пайда болады екен, кім ойлап табар екен?.." – деп ойланасың. Ойлап табатын болсаң балаларға арналған, өзі сұранып тұрған жаңа дәстүрлеп көп екен-ау... Мәселен балаңның алғаш рет "шайтанарбаға мінген күні", балаңның алғаш рет "торт жеген күні", балаңның алғаш рет "саябаққа барған күні", балаңның алғаш рет "қалтафон ұстаған күні" т.б. Көп ғой...

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбілұлы М. Тауық санау, сықақ әңгіме, Қазақ әдебиеті. 2019 №20 17-23-мамыр
2. Жаңабай А. Тебеген сөз, Жамбыл облыстық Ғұмырдария газеті. 2020 №16, 27-тамыз
3. Әбілұлы М. Тебеген сөз. – Шымкент, 2020. – 67 б
4. Әбілұлы М. Қотыр ешкінің күші. – Тараз: Тараз принтер баспасы. 2020, – 22 б.
5. Қабылов Ә. Сатиралық және юморлық ирония. Қазақ тілі мен әдебиеті журналы, республикалық ғылыми-әдістемелік басылым, №9, 2011, – 19 б
6. Әбілұлы М. Тебеген сөз. –Шымкент. 2020. – 116

7. Қабылов Ә. Сатиралық және юморлық ирония. Қазақ тілі мен әдебиеті журналы, республикалық ғылыми-әдістемелік басылым, №9, 2011. –19 б

8. Әбілұлы М. Тебеген сөз. – Шымкент, 2020. – 29 б

ӘОЖ 821.512.122.159.923

БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ, ОРАЛХАН БӨКЕЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЖЕТКІНШЕК БЕЙНЕСІ

АЯЗБАЙ К.З.

Ә.Бөкейханов атындағы №1 гимназияның 7 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

МҰСАБЕКОВА М.Д.

Ә.Бөкейханов атындағы №1 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В данной статье были проанализированы произведения Б. Сокпақбаева и О. Бокей, в том числе отрывки из произведений «Тортай мінген ақ боз ат» и «Менің атым Қожа». Образ юных подростков сравнивается с сегодняшними подростками. Исходя из этого, были пересмотрены духовные ценности, литература, образование и наука, труд, нравы, поведение, история.

Казахская проза показывает дух, смелость и высокий уровень современной молодежи. Богатое наследие писателей оказывается бесценным сокровищем для будущих поколений.

Summary. In this article, the works of B. Sokpaqbaev and O. Bokey were analyzed, including excerpts from the works “Tortai mingen ak boz at” and “Menin atym Qozha”. The image of young teenagers is compared to today's teenagers. Proceeding from this, spiritual values, literature, education and science, work, customs, behavior, history were revised.

Kazakh prose reflects the spirit of modern youth, energy, and a higher level than the modern image. The rich heritage of writers proves that they are an invaluable treasure for posterity.

Еліміздің ертеңі – бүгінгі жасөспірімдер мен жеткіншектер. Әр қоғамның өзіне тән әдебиетімен кейіпкер бейнесінің сомдалуын бүгінгі өмірмен, жасөспірім тәрбиесімен байланыстыра талдау жасалды. Әр баланың бойына әдебиеттің бала тәрбиелеудің ең қажетті құрал екендігін дәлелденді.

Бүгінгі таңда да жасөспірімдер тәрбиесі – өзекті мәселенің бірі. Қай заманда болса да тәрбие құралы ретінде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше екендігін көз жеткізіп, балалар әдебиеті де басқа ұлттық әдебиеттер сияқты үнемі үздіксіз даму, өсу жолында болады. Сондықтан да рухани байлығымыз көркем әдебиетті, көркем шығармаларды оқи отырып, жас жеткіншектерді адамгершілік пен шыншылдыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеп, жастарымыздың болашағын сақтай аламыз.

Бердібек Сокпақбаев – ұлттық әдебиетімізге соғыстан кейінгі жылдары келіп қосылған, өзіндік келбеті мен дара болмысы бар талантты жазушыларымызды бірі. Бұл уақыт қазақ прозасының ерекше жемісті, өнімді тұстарының бірі болғандығы көп айтылып жүр. Нақ осы кезеңде қазақ көркемсөзінің биігіне көтерілген Ә.Нұрпейісов, Т.Ахтанов, С.Шаймерденов, Б.Сокпақбаев, З.Қабдолов, Н.Ғабдуллин т.б. бір топ қарымды қаламгерлер ұлттық прозаға жаңа тақырыптар мен идеялар, мінездер ғана алып келген жоқ, сонымен қатар оның поэтикалық өрісін кеңейтті [1, 33 бет].

Б.Сокпақбаев әдебиетке әуел баста ақын ретінде келді. Жазушының тұңғыш өлеңдер жинағы 1950 жылы “Бұлақ” деген атпен жарық көрді. Жинақтағы тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін өлең-тақпақтарда орнымен ойнақы қозғалған тақырып, ой, өнегелік сөз бала ұғымына қона кетеді. Тілінің жеңілдігі мен әуенділігі, оқиғаларының өмірден алынып, аса ықшам болып келуі балаларды қызықтырады. Кезінде балғын оқырмандардың ықыласына бөленген, бірақ ұстаздық тағылымы жете бағаланбаған бұл жинақтың қазақ балалар әдебиетінде өз орны бар екені даусыз [2, 66 бет].

Шығармашылық жолын өлең жазудан бастағанмен қаламгердің суреткерлік қарымы прозада танылды. Б.Сокпақбаев шеберлік мектебі саналатын әңгіме жанрында едәуір еңбектенді.

Жазушының әңгімелері нәрлі идеясымен де, көркемдік құнарлығымен де назар аударады. Қаламгердің көптеген әңгімелері қарапайым оқиғалардан да көңіл аударарлық келелі ой айта алатындығымен және оны айқын жасалған адам образы арқылы ұғымға жеңіл, түсінікті етіп жеткізетіндігімен ерекшеленеді. [3, 78 бет].

Тұтастай айтсақ, Б.Соқпақбаев қаламынан қазақ әдебиетіне аз мұра қалған жоқ. Әсіресе, қаламгердің суреткерлік қолтаңбасын айқындаған, жазушылық талабы мен талғамын танытқан озық туындылары – “Жекпе-жек”, “Менің атым Қожа”, “Балалық шаққа саяхат”, “Қайдасың, Гауһар?” повестері мен “Өлгендер қайтып келмейді” романы. Аталмыш туындылардың көркемдік-эстетикалық деңгейлері туралы орнықты пікір қалыптаса қойған жоқ. Сондықтанда Б.Соқпақбаевтың бұл туындылары қазіргі тұста әдебиеттану ғылымының зерттеу нысанасына, талдау өзегіне айналуы өте қажет.

Зерттеуімізге негіз болған Оралхан Бөкейдің «Тортай мінген ақ боз ат» әңгімесі мен Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесінен үзінділер келтіріп, бүгінгі күн жас жеткіншектерімен салыстырсақ.

Алдымен, Оралхан Бөкейдің «Тортай мінген ақ боз ат» әңгімесіне талдау жүргізсек.

–«...Біздің ішімізде менен екі-үш жас үлкендігі бар Тортай атты бала болушы еді. Әкешеден тым ерте айырылып, алыстан қосылар аталастарының есігінде жүретін. Қой аузынан шөп алмас жуас, құлағының сәл мүкісі бар, бала болып көп ойнамайтын жасқаншақ еді. Бәрімізден гөрі ерекшелігі, таңертеңнен кешке дейін бас алмай, кітап оқи беретін. Қолына не тисе, соны талғамсыз оқитын Тортай ортамыздағы білгішіміз, аузымызды ашып тыңдар абызымыз сықылды...» [4, 94 бет] -, бұл үзіндіден біз қай кезенді байқаймыз?

Әрине, соғыстан кейінгі кезенді, Тортайдың әжесімен қоныс аударып келгендегі балалармен араласуын аңғарамыз. Сонымен қатар, сол кезеңде білім мен қатар әдебиеттің де даму дәуірін көреміз.

–«...Тұрған жерімізден түп-тура шығысқа жаяу тартып кетсек қайда барар едік? Білемісің (мен иығымды көтеремін) ә, білмейсің. Монғолиядан бір-ақ шығар едік. Сен болмасаң, мен жүре беруден әсте шаршамас та, қорықпас едім. Рас айтамын, Монғолияға барар едік. Бізді «О, қазақтар келді» деп құшақ жая қарсы алар еді...» [4, 96 бет]

Осы жерде оның карта танып, көп оқығанғындығын аңғарамыз, әрі Тортай бойында қазақы рух пен патриоттық сезімнің лебі еседі. Әр сөзінде елін қосып, әлемге солай танылуды ойлаған қазақ баласын көреміз.

–«...Бұл дүниеде мен пір тұтар, сырласар жалғыз-ақ нәрсем бар, ол - кітап, дейтін. - Әкем де, шешем де сол кітап. Кейбірін екі-үш қайтара жалықпай оқып шықтым. Жалғыздығың, жетімдігің бәрі-бәрі ұмытылып, басқа бір жұмақты өмірге сапар шеккендей боламын. Әттең, жағдай келсе, оқуымды одан әрі жалғастырып, Алматыға аттанар едім. Шынымды айтайыншы, кітап жазып, жазушы болғым келеді...» [4, 95 бет] осындай білімге құштар баланың оқудан қалып қойғаны тағыда осы тұста анық көрінеді:

–Күз жақындап, фермадағы барлық бала жайлаудан ауылға оқуға аттанғанда, тау басында бузау бағып жападан-жалғыз Тортай ғана қалған. Әрине, мен оны кимадым, қиналдым. Өзіммен бірге ала кететін шаманың жоқтығына жыным келді. Кетерімде ол маған ең сүйікті кітабын сыйлап тұрып айтты: «Мен үшін де оқы. Бәлкім мен міне алмаған ақбоз атқа сен мінерсің» [4, 98 бет].

Үзіндіде баланың адамгершілігі мен досына деген ақ пейілін аңғарамыз. Жастарға адами тұрғыдан ғана емес, рухани жағынан да азық болатын шығармалар тудырған жазушыларымыздың еңбегін аша білуіміз қажет. Сол кезеңде ауыл балаларының ішінде тек бай-болыстың, шамасы жеткендердің оқуға жағдайы болған. Ал кейіпкер, Тортайдың оған шамасы жетпеген жетімнің күйіндегі, тағдыры белгілі адам болған еді. Оның «Мен үшін де оқы»- деп Орашқа кітабын сыйлап, оқуға жіберіп, қоштасқан сәтінен сондай оқымысты, талантты балалардың қалып қоя бергенін байқаймыз. Бұл тек жалғыз Тортайдың емес, сол кездегі тағдыры дәл осылай өтіп жатқан барша білімге құштар балалардың тағдырының көрінісі. Қазіргі кезең балаларымен салыстырсақ, әлдеқайда аянышты. Қазір оқу мәселесі де, басқасы да қиындық тудырмайды. Шыны керек, кейде тіпті, соның өзінде оқуға құштар баланы табу қиындық тудырады. Бұл орайда, бүгінгі жастарымызға осындай қиындықтан өтіп, білімге қалай қол жеткізгендігімізді таныта білуіміз қажет. Сонда түсініп, жаңаша көзқараста ойланатын болады. Тортай секілді алдына асқақ арман қойып, елімізді биіктерге жетелер еді. Жастарымыздың өткенін біліп, болашаққа бағдар жасауына ат салысуымыз қажет.

Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесіндегі жас жеткіншектер бейнесіне келер болсақ, мұнда тек «Қара Қожа» атанған Қожаның емес, өзге де білімге құштар, өмірдің ызғарын да, кейде тіпті, алдамшы тәтті кезеңінде сүре білген жас жеткіншектер туралы айталары. Повесте кішкентай оқушы Қожаның бастан кешкен оқиғалары туралы баяндалады. Ондағы жеткіншек бейнесі еш алаңсыз, ғажайып көңіл-күй сыйлайтын көрініс береді. Тәтті кездермен қатар, өмірдің қиын сәттерін де көркем суреттеген қаламгердің шеберлігінде байқаймыз. Ондағы ақылды, білімді, әдемі, үздік оқушы Жанарды, Қожаның жан досы, оқуды тастап, жаман әдеттері бар Сұлтан, сотқар, тәртіпсіз, қулығы бар Жантасты алып қарайтын болсақ, бұл кейіпкердің барлығы дерлік сол кезеңнің жас жеткіншектерін бейнелейді. Олардың тек мінезін емес, пәк сезімдерін, балалық шақтарын, ауыл өмірінің тыныс-тіршілігін, мектеп пен ұстаз мәртебесін, оқушылар мен ұстаз сыйластығын аша білген Бердібек Соқпақбаев, мұндағы прототип екендігіне қарап, шығарма қай кезеңді қамтитынын білеміз.

«Адамды тәрбиелеу – оның болашақ жолын тәрбиелеу деген сөз»-деп ұлы педагог А.С.Макаренко айтқандай, бұл повестердің жалпы идеясы өткенді еске алу арқылы бүгінгі жасөспірімдерге, жастарға өз адал еңбектері және маңдай тер арқылы қолы жеткен бақытты тұрмысында ардақтай біл, көздің қарашығындай сақтай да, қорғай біл дегенді үйретеді. Сол арқылы жасөспірімдердің болашағына, алдағы өміріне жол ашады. Бұл повестер адам жүрегін тербетерлік үлкен ойға құрылған. Кәрінің де, жастың да белдерін бекітіп, үлкен іске жұмылдыратын қажырлы қайратқа бастайды. Жасөспірімдерге халық күшіне сүйенген ең бір тамаша идеяны байқатады. Жасөспірімдер үшін жазылған шағын әңгімедегі шалқыған ой мен өнегелі тәрбиенің қажырлы күші мен жарқын идеясы осындай еді. Жазушы адамның көркем бейнесін суреттегенде оның кескін-тұлғасын, іс-әрекетін, мінезін, қылықтарын, сол ортаның ерекшеліктерін танытатын, типтік сипаттармен қатар өз басына ғана тән ерекшеліктерін де (әсіресе, жүріс-тұрысындағы, сырт келбетіндегі, сөйлеу әдетіндегі) анық байқалатындай етіп көрсетеді. Кейіпкердің айтқан сөздері арқылы да оның ішкі болмысы да ашыла түседі. Бердібек Соқпақбаев пен Оралхан Бөкейдің повестері балаларға арналған көркем шығарма болғандықтан ондағы кейіпкерлер мейлінше шынайы, табиғи, жанама бояусыз суреттеледі. Адам мінезін, тұлға, бейнесін өзгеріс, даму үстінде ала отырып, жазушы өмірлік күрес-тартыспен ұштастырып көрсетуге ұмтылады. Сөз ұстасы кейіпкерлерінің бітім-болмысын әр түрлі жағдайда, өзінің әрекет-қимылдары, істеген істері арқылы айқындай отырып, оқырманның есінде қаларлықтай сөзбен мүсіндеуге бейім тұрады. Әдебиеттің алдына қоятын мақсаты-оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып эстетикалық, интеллектуалдық, көркемдік, сезімдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру, яғни жеке тұлғаны дамыту, қалыптастыру болып табылады.

Көркем шығарманы оқу – еңбек әрі рухани байлық. Әдебиет-өнер пәні. Сондықтан да оны көркемөнердің басқа да салаларымен байланыстыра, салыстыра өтудің маңызы ерекше зор. Көркем шығармаларды оқу және талдай білу оқушылардың әдеби білімін дамытудың негізгі тәсілі боп есептеледі. Шәкірттердің оқырмандық қабылдау қабілетін анықтау әдістері әр түрлі болу мүмкін. Ол жасөспірімдердің жас ерекшеліктері мен қандай көлемдегі, қандай мазмұндағы әдеби шығарма екендігіне тікелей байланысты болмақ.

Көркем туындының кейіпкерлер жүйесін талдау жалпы оқушылардың жас ерекшеліктеріне де байланысты жүргізіліп, әдебиетке адамтану ғылымы деген көзқарастың бекуін қалыптастырады. Әдеби кейіпкерлер бейнесін талдаудың міндетті түрдегі негізгі шартының болуы шығарманың көркем бейнелер жүйесін қалыптастыруына мол мүмкіндік береді. Жасөспірімдердің әдебиетті қабылдауы өздерінің тұлға ретінде қалыптасуы өзін-өзі тануына жол ашады. Жас ерекшеліктеріне сай психикалық өсу адамгершілік рухани ізгіліктерді тануды қалыптастырады.

Балалар әдебиеті – бүгінгі ұлттық әдебиетімізде көркемдік-шығармашылық және тағылымдық-тәрбиелік мақсаттарды басты назарда ұстап, балалардың жас ерекшелігіне қарай дамып келе жатқан сала. Бұл салада балалардың жастық, білімділік ерекшеліктері еске алынады. Олардың психологиялық өсу процестері ескеріледі, оның сырлас досы, қорғанышы және ақылшысы да болып табылады. Сол себептен балалар әдебиетінің негізгі мақсаттары: жас буынның сана-сезімін оятып, ақыл-ойын дамыту, оларды адамгершілікке, отан сүйгіштікке, ізгі мұраттарға баулу. Осы орайда жазушылардың жастарды адамгершілікке, оқуға деген ықыласты арттыруға, жағымсыз әдеттерден аулақ болуы шақартынын байқаймыз.

Жас ұрпақтың бойында патриоттық сезім өз-өзінен қалыптаспайды, ол оқу-тәрбие үдерісінде мемлекеттік саясат негізінде жүргізілуі керектігін бүгінгі заманның өзі талап етіп отыр. Сондай-ақ білім беру мен тәрбиенің негізгі міндеті – өз елінің азаматын, патриотын тәрбиелеу. Заманымыз күн санап өзгеріп жатқан жаңа технология компьютерленген заманда жас ұрпақты

кітап оқуға итермелеу қиынның қиыны болып тұрған мәселе. Бұл мәселенің қиыншылығын шешу отбасы мен білім беру ошағының шешетін мәселесі екені анық. Сол себепті мектеп қабырғасында өтетін әдебиет, тарих сындас пәндердің рөлі зор. Мектеп оқушыларына ұлтымыздың әдет-ғұрыпын, салт-дәстүрін, халқымыздың тарихы мен мәдениетін, сондай-ақ халықтың батыр ұл-қыздарының ерлік істерін насихаттау жастарды патриоттыққа тәрбиелеудің басты бір жолы болып табылады.

Бұл шығарманың түр мен мазмұн бірлігінде талдағанда тек рухани құндылықтарды ғана талдау деген сөз емес. Мұнда бірте-бірте эстетикалық-әлеуметтік мәселелердің қарастырылуына да мүмкіндіктер ашылады. Қалай болғанда да көркем шығарманың құрылымын талдау термині әдеби шығарманы зерттеудің жүйелілігінен гөрі жеке-дара құрылымдық материалдарға сүйенуді талап етеді.

Әдебиет – жан дүниені, он екі мүшені, алпыс екі тамырды түгелдей жайлап, еш уақытта да көзге көрінбейтін сезім қылдары арқылы ақыл иесі адамды өз ырқына жетелеп алатын қасиетті дүние. Оны оқытудың қызықтығы да, күрделілігі де осында жатса керек.

Балалар әдебиеті шығармаларына шолу жасап, мысалдар келтіру арқылы жасөспірімдерді ұжымық ортада, патриоттық рухта, жоғары қоғамдық – адамгершілік негізінде тәрбиелеу көзделген. Егеменді еліміздің жалынды жастарының болашағы жарқын болып өсулеріне үлкен септігін тигізеді деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

- 1.Әдебиеттану. Терминдер сөздігі З. Ахметов, Шаңбаев. Т. Ана тілі, 2012.
- 2.Қысқаша энциклопедия «Жазушы» баспасы 4 том 2013 ж.
- 3.Ш.Ахметов «Қазақ совет балалар әдебиеті» ж (106-б).
- 4.Әңгімелер. Оралхан Бөкей. – Алматы: «Ел-шежіре», - 2013. (94,95,97-б).

ӘОЖ 82. 569.03

ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫЛАР

АЙБАС Н.М.

Тұрар Рысқұлов атындағы № 20 жалпы орта білім беретін мектебінің 9 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

МУРАТБАЕВА А.С.

Тұрар Рысқұлов атындағы № 20 жалпы орта білім беретін мектебінің директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются основоположники казахской детской литературы.

Summary. The article discusses the founders of Kazakh children's literature.

Мақалада халық ағарту жұмысын бірінші рет қолға алған, сол жолда өмірінің ақырына дейін үздіксіз еңбек еткен жалынды патриот Ы.Алтынсариннің балалар әдебиетін қалыптастыруға қосқан үлесі талданады. Педагогикалық өмір жолы, қазақ мәдениетін дамытуы, ақындық және жазушылық қызметі қазақ әдебиеті тарихында өзіндік бағаға ие Ы.Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер білім бар жұрттар», «Әке мен бала», «Таза бұлақ», «Бай баласы мен жарлы баласы» сияқты еңбектерінің тақырыптық, тәрбиелік ерекшеліктері айтылады.

Ұлттың негізгі рухани қуатының деңгейі қай заманда болмасын, оның көркемдік дәстүрі, сабақтастығы, сондай-ақ мұра болып келген рухани-эстетикалық, адамгершілік құндылықтары мен сөз өнеріндегі жаңа жетістіктері арқылы өлшеніп отыратындығы белгілі екендігі анық.

Ұлттың тұғырын биіктететін рухани негізін нәрлендіріп, абыройын асарытын арна – әдебиет. Кез келген халықтың өзіндік дүниетанымының өлшемі оның материалдық байлығымен, экономикалық жетістігімен емес, ұрпақтан ұрпаққа жетер әдебиеті мен өрелі өнері болып саналады. Бұған тарихтан мысалдар көп екендігі де шындық. Бүкіл адамзат баласының өркениет бесігі саналатын ежелгі Грек, Рим мемлекеттерінің аса қымбат қазынасы сол тұста ғалымдар мен қаламгерлер қаламынан туған еңбектер мен өнер туындылары.

Көркем әдебиеттің негізгі зерттеу объектісі өмір шындығы болса, осы өмір шындығы, адам образы арқылы көрініс табады. Өйткені: «Адам – әдебиеттің жүрегі, адам өмірін бейнелеу – әдебиеттің түбегейлі мақсаты. Дүниежүзі әдебиетінің бұрын-соңды жасалған онды үлгілерінен реалистік көркем туындыға үнемі өзек болған адам өмірін, адам образын көреміз. Сондықтан әдебиеттің дүниетанытқыш және тәрбиелік құны адам өмірін қаншалықты толық, терең, нәзік суреттеуімен өлшенбек» [1]. Бұндай ұдайы ізденіс, жүйелі еңбек балалар әдебиетіне де қатысты.

Балалар әдебиеті – сөз өнерінің өзекті саласы. Балаларға арналған дәуір талабынан туындаған шығармалардың жасөспірімдердің ой-өрісін, сана-сезімін дамыта отырып, оларға заман талабына сай білім-білік дағдыларын қалыптастырып және тәлім-тәрбие беруге бағытталуы – осы пәннің өзіне ғана тән басты ерекшелігі.

Әдебиет пәнін оқыту, соның негізінде балаларға жан-жақты тәрбие беру болашақ мұғалімдердің алдына балаларға арналған фольклор түрлерін, жазба әдебиет үлгілерін терең меңгертіп, іс жүзінде пайдалана білу мақсатын қояды.

Әдебиет – өнеріміздің үлкен бір арнасы, сүбелі бір саласы. Оның өн бойынан халқымыздың кешегі тарихы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпымен бірге шешендік өнері, даналығы, жалпы ұлттық болмысы айқын танылады.

«Шеберліктің ауқымы кең, ол бір ғана көркемдік құралды жете меңгеріп, тиімді пайдаланумен шыңдалмайды. Көркемдік құрал, әдіс-тәсіл атаулының бәрін табиғи түрде тұтастыра білгенде ғана шығармадағы адам характері, жан дүниесі жан-жақты, барынша терең ашыла түспек» [2,112].

Ғылымда қолдан жасалған шектеулерге, өтірік белсенділікке, саяси науқандыққа өзіндік пікірімен қарсы шығып, тек қана ғылыми шындыққа, нақты тарихи айғақтарға сүйенген зерттеушілердің бірегейі, ғалым Ә.Қоңыратбаевтың назарында ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы әдебиеттің тұлғалы өкілдерінің бірі Ы.Алтынсарин өмірі мен шығармаларының өзіндік ерекшеліктері, тақырыптары болғандығын білеміз. Шоқан Уәлихановтың 1861 жылғы реформа тұсында, Ыбырай Алтынсарин реформаның толық жүзеге асқан кезеңінде, ал Абай болса 1868 жылғы реформа тұсында өмір сүргендігін білеміз. Ә.Қоңыратбаев өз еңбектерінде әр ағартушының көзқарасына тән ерекшеліктерін ашып көрсетеді.

«Ыбырай 1861 жылғы реформаның толық жүзеге асқан кезеңінде жазған қаламгер. 70-жылдардағы Шортанбай мен дулат дәуірінде Қостанай мен Торғайда жүрген Ыбырай қазақ халқының экономикасы, тұрмысы мен мәдениетінің неғұрлым жылдам дамып, ілгері басуына бет бұрған. Ыбырай идеясының жаңашылдығы осында... Ыбырай өзінің өлеңдерін 60-жылдары, прозасын 70-80 –жылдары жазған деп шамалаймыз. Ол ақын, жазушы, әрі педагог болғандықтан, өзінің ағартушылық пікірлерін көбіне ғибрат түрінде үндеп, үгіттеп отырады» [3],-деп Ы.Алтынсариннің ескі қоғам мен жаңа қоғам арасындағы қайшылықты көргендігін, оның басты тақырыбы – еңбек болғандығын айтады.

Ы.Алтынсариннің ұдайы көтерген тақырыптарының бірі – еңбек. «Бай баласы мен жарлы баласы», «Өрмекші, құмырысқа, қарлығаш», «Әке мен бала» т.б. көптеген әңгімелері мен аудармалары еңбек ету арқылы бар ойлаған мақсатыңа жететіндігін дәлелдейді.

«Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесінде Асан мен Үсенді салыстыру арқылы көп еңбектенген кедей баласы Үсеннің үлкен ақылпарасат иесі, сабырлы, пайымды бейнесін тіршілікке қыры жоқ болып өскен Асан образына қарама-қарсы қояды. «Оқысаңыз, балалар, Шамнан шырақ жағылар»деп салған ұран бүгінгі күнде де өзінің тәрбиелік мәнін жоғалтқан емес, керісінше айшықтана түскені де мойындайтын шындық. «Бала – баршаның байлығы мен бақыты. Бүгінгі бала ертеңгі ер азамат болғандықтан да балаға қарап біз болашағымызды болжап, бағалаймыз, бағдарлаймыз» [4]. Тіршіліктің табалдырығынан енді аттаған сәбидің алдымен адам, жеке тұлға, саналы, парасатты азамат болып қалыптасуына берген тәрбиенің ықпалы зор. Мектеп қабырғасынан бастап бүлдіршін балаға Ы.Алтынсариннің шығармаларымен танысырып, қаһармандар образын санасына сіңірсек, еңбек ету арқылы оқу-білімге қол жеткізе алатындығын, кез-келген адамнан адамгершілікке толы іс-әрекет ету қолынан келетіндігін ұғындырсақ мақсатымызға жетеріміз анық.

Балаларға арналған шығармаларға қойылар талап жеңіл емес, әрбір баланың жүрегіне мейірімділік, сүйіспеншілік, адалдық, еңбекқорлық сезімдерін қалыптастыра алатын эмоциялық әсер қажет. Онда, ұлттық сипат, колорит, тағылымды тәрбие, танымдық білім т.б. басты назарда болуы шарт.

Ыбырай шығармалары балаларға арналғандықтан алдымен оның тілі жеңіл болуын қарастырған. Қарапайым тілмен, халықтың тілімен жазады. Баланың ұғымына қиын тиетін ауыр сөздер жоқ, сөйлемдері қысқа, әңгімелер көлемі шағын, оқиға желісі жинақы.

Мемлекет балалық шақты адам өмірінің маңызды кезеңі деп таниды және балалардың қоғамдағы толыққанды өмірдегі құқықтарының басымды ұстанымдарын көздейді. Адамзат баласының ұрпақ тәрбиесіне аса мән беріп, оның бойына жақсылық атаулыны жиятыны бесенеден белгілі. Қазіргі уақытта балаларға арналған көркем туындылардың бүгінгі заман талабына жауап бере алмайтындығы жиі сөз болып жүр. Балаларға арнап жазатын ақын-жазушыларымыздың өзі бұл тақырыпқа жиі соға бермейтіндігі оның тым күрделілігінен болса керек. Оның үстіне ақпарат тасқыны жүріп жатқан қоғамда балалардың өздігінен көркем туындыларды оқуының өзі қиынға соғып отыр.

Балалар тәрбиесіндегі кемшілікті біз көркем әдебиет оқымағандығынан немесе тек қоғамдық тәрбие беру орталықтарынан ғана емес, ертегі айтар әже тәрбиесінің азайғанынан да байқауға болады.

Осыған орай, «Біздің балаларымыз – еліміздің және әлем азаматтарының ертеңгі болашағы. Олар тарихты жасайды. Біздің балаларымыз – болашақ аналар мен әкелер. Олар да өздерінің балаларын тәрбиелейтін болады. Балаларымыздың тамаша азамат болып өсулері қажет. Алайда, әңгіме мұнымен бітпейді, балаларымыз – бұл біздің ертеңгі қарттығымыз. Дұрыс тәрбие – бұл біздің бақытты кәрілігіміз, нашар тәрбие – бұл біздің болашақ қайғымыз, көз жасымыз: басқа адамдар алдындағы, ел алдындағы кінамыз болып табылады» [5], – деген пікірмен келісуге де болады.

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басымды бағыты өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесін дамыту болып табылады. Ұрпақ тәрбиесінде әлем халықтары өзінің сан ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан тарихи тәжірибесін қолданады. Келешек иелерін тәрбиелеудің негізі өздері әрқашанда өткен уақыттан қалған бай мұра болмақ. Жылдар өтіп, ел жаңарған сайын жаңғыра түсетін, қайта айналып соға беретін тақырып ұрпақ тәрбиесі. Кеңестер Одағы кезінде ұрпақ тәрбиесіне қатысты мәселелерде одақтағы әр ұлттың өз салт-дәстүрі, әдет-ғұрып, мәдени ерекшеліктері ескерілмеді. Бүгінгі тәрбие үрдісін халқымыздың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін ұлттық ерекшеліктерін ұстана отырып, жаңарту керек. Бала ең алдымен өз ұлтының мәдениетін бойына сіңіріп, сонан соң өзге халықтардың мәдениетінің игі мұрасын меңгергені дұрыс. Жалпы дүниежүзілік өркениет әр ұлттың рухани қазынасы арқылы дамып, байып отыратыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қаратаев М. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1974.
2. Мәмесейітов Т. Зерделілік айнасы. – Алматы: Жазушы, 1988. – 112 б.
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1994. – 128-130 б.
4. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Өнер, 1995. – 102 б.
5. Күмісбайұлы Ш. Балалар әдебиетіне деген ықыласты күтемін// Қазақ әдебиеті. – 1 маусым, 2007.

ӘОЖ 82. 789

ТЕРЕҢНЕН БАСТАУ АЛАТЫН БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

АЛСЕЙТОВ М.Н.

Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Қарасай ауданы

Резюме. В статье широко обсуждается казахская детская литература, имеющая глубокое происхождение.

Summary. The article widely discusses Kazakh children's literature, which has a deep origin.

Теректің тамыры тереңге кеткен сайын дiңгегi жуандап, жапырақтары қоюлана түспек. Сол сияқты әдебиетi ықылым заманнан басталатын ұлттардың да заманның сұрапыл дауылдарына қасқайып қарсы тұра алатын алып бәйтерекке айналары анық.

Осыны бiлген отаршылдар бiздi бодан қылғанын мiсе тұтпай, түп тамырымыздан ажыратып, жапырағымызды жұлып, бұтағымызды балталап, будандасқан ұлтқа айналдыруға тырысып бақты

Осы олқылықтың орнын толтыру үшін әмбебап қаламгер М. Әбілов қазақ балалар әдебиетін сақ, ғұн, түркі дәуірлерінен бастап, әдебиетші-ғалымдырға, мұғалімдерге, студенттерге арналаған он беске жуық оқулық-хрестоматия құрастырып шығарған екен. Бұл-ауыз толтырып айтуға тұрарлық үлкен еңбек.

Халқымыз әдебиетті идеологиялық құрал ретінде пайдаланып, ұрпақ санасына ізгіліктің, адамгершіліктің дәнегін еге білген. М. Әбілов құрастырған оқулық-хрестоматияға енген шығармалардың дені халқымыздың арасына жазбаша да, ауызша да тарап кеткен дүниелер

Ғалымның 2021 жылы шыққан «Исламдық түркі дәуіріндегі балалар әдебиеті» еңбегінде Әбу Насыр –әл-Фараби, Қожа Ахмет Исауи, Сүлеймен Бақырғани, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Иүгнеки шығармалары мен Рабғузидің «Қисса-сүл--әнбия» кітабының Сүлеймен пайғамбар туралы тарауы ықшамдалып топтастырылған.

Министрге де, қойшыға да, ғалымға да, қарапайым халыққа да түсінікті Мұқағали өлеңдері сияқты жоғарыдағы данышпандардың шығармалары да қазақ арасына кең тарап, әрбір шаңырақтың үлкендері балаларына айтып отыратын өсиет-әңгімелеріне айналып кеткен. Атақты Бауыржан Момышұлының « Ұшқан ұя» хикаятындағы батырдың әжесі Қызтумастың немересі бала Бауыржанға айтып беретін әңгімелернің дені « Қисса-сүл-әнбия» ның қазақ ішіне ауызша тарап кеткен нұсқалары екендігі дау тудырмайды. Осыдан-ақ газет-журналдың, кітаптың қат кезінде де бабаларымыз ұрпағын рухани ашаршылыққа ұшыратпай, аста-төк ауыз әдебиетіміздің арқасында ана тіліміздің, ұлттық тәрбиеміздің уызына жарытып отырғаны байқалады.

Абайдың әжесі Зере мен Бауыржанның әжесі Қызтумастың өнегелі өмірі осы пікірімізге толық дәлел бола алады деп ойлаймын. Егер балалар әдебиетінде бір күдірет болмаса, жалғандыққа жаны қас, әділдікті көзінің қарашығындай қорғап өткен айбынды Бауыржандай тұлға ұлтымыздан шығар ма еді? Әрине, шықпас еді, шыққанымен халық жүрегінен мұншалықты орын ала алмас еді.

Әдебиеттің ұрпақ тәрбиесі үшін аса маңызды екенін Баукеңнің өзі былай түйіндепті: «Ертексіз өскен бала – рухани мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларымызға әжелері не шешелері ертек айта бермейді. Содан қорқам. Менің қазіргі келіндерім немерелеріме бесік жырын айта білмейді. Бесікте жатқанда құлағына ананың әлди әні сіңбеген баланың көкірегі кейін керең боп қалмаса деп қорқамын!» Әрине, жалғандақты сүймейтін сезімтал жүрек бекер шошынбаса керек.

Ал М. Әбіловтің қазақ балалар әдебиеті көне дәуірлерден-ғұн, сақ, түркі дәуірлерінен бастау алады деген пікірі мыңдаған жылдар бойы атадан балаға үздіксіз беріліп келе жатқан ұлттық тәрбиемізге сүйеніп айтылған еді. Біржан мен Сараның айтысында Біржанға Сара: «Қисса сүл әнбиядан естімеп бе ең, белгілі мағлұм болды надандығың»-деген бір ауыз өлеңінің өзі «Қисса –сүл – әнбия»ның қазақ ішіне кең тарағанынан хабар беріп тұр.

Соңғы кезде Санжар Керімбай « Қисса сүл –әнбия» ны Виктор Франклдің «Өмірдің мәні» кітабымен салыстыра зерттеп жүр. Бұл орайда Мендібай Әбілов пен Санжар Керімбайдың пікірлері үйлесіп жатады. Алаш арыстарының бойындағы қайтпас қайрат пен мұқалмас құштарлыққа тәнті болған Санжар Керімбай былай жазады: «біздіңше мұндай қуаттың ең түбінде пайғамбарлар қиссасы мен бүкіл ауыз әдебиетіне жасырылған илләһи символдар жатыр».

Ал Мендібай Әбілұлы болса: «исламдық түркі дәуіріндегі балалар әдебиеті- балалар мен жасөспірімдердің әдебиетке ғылымға деген құштарлығын арттырып ұлтжандылықтың сезімдерін оятады деп ойлаймыз» -деп жазады. М. Әбілұлы. «Исламдық түркі дәуіріндегі балалар әдебиеті» кітабына мазмұны бойынша ислам дәуіріне, кезеңі бойынша Қыпшақ дәуіріне жақын « Қисса сүл –әнбия» ның Сүлеймен пайғамбар туралы тарауын енгізіпті. Сүлеймен мен құмырсқа әңгімесінде Мәзере құмырсқа Сүлейменге : «Қарын тамаққа тоймаса да, қабаққа тояды, Берген асыңның қуаты кешке дейін жетпейді, бірақ көрсеткен ықыласың мәңгі- бақи естен кетпейді деген» дейді.

Осы үзіндіні Ф.Ницшенің «Бағасы бар нәрседе құндылық болмайды, бағасы жоқ нәрседе құндылық болады» деген пікірмен салыстырып көрейік. Тереңірек үңілсек, Ф.Ницшенің пікірін Мәзере құмырсқада айтып тұр: Бағасы бар нәрсе –тамақ, ал бағасы жоқ нәрсе – риясыз ықылас, жылы қабақ. Әрі үлкендерге де, балаларға да өте түсінікті. Осындай тереңнен бастау алатын қазақ балалар әдебиеті әлемдік інжу-маржандардың қатарынан орын алуға ылайық ғой. Ал Мендібай Әбіловті күдіретті ауыз әдебиетінің уызына жарып өскен ата-әжелер мен бүгінгі жас ұрпақтың арасындағы сабақтастықтың үзіліп қалғандығы қынжылтады.

Мендібайдың аға-досы, балалар жазушысы мархұм Балтабай Әділ былай жазыпты: «Балалар әдебиетінде тек жанкештілер қалады. Балалар әдебиеті –жетім әдебиет» Бұл пікірмен келіспеске шарамыз жоқ. Қазір балалар әдебиетінің орны ойсырап тұр. Кіші жастағы балалар дөрекі сөзге үйір, олардың «ұстазы» -қолындағы ұялы телефон. Түрлі қиямпұрыс фильмдердің

жарнамалары бетіне қалқып шығып тұрады.Түртіп жібереді де ашып көре береді. Ішінде түрлі былапыт сөздер өріп жүр: «Жүр,анау мәшинені ұрлап кетейік!», «Быт-шытын шығарайық!»т.б.Осындай бұралқы фильмдер балабақша жасындағы бүлдіршіндердің санасын улауда.Тамырын тереңнен алатын балалар әдебиетін көзіміздің қарашығындай қорғап қалу- біздің миссиямыз.Миссиядан ауытқыған жерден адасу басталатынын ұмытпағанымыз жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Момышұлы Б. «Ұшқан ұя». –А., 2001ж.
2. Әділ Б. «Жетім әдебиет балалар жазушысы «қоңыз»теріп жүр» мақаласы. – А, 2015
3. Әбілов М. Исламдық түркі дәуіріндегі балалар әдебиеті. – А., 2013ж.
- 4.Керімбай Санжар, Нәби Әділбек, Төлеген Мұхит. «Қисса-сұл-әнбия».Экзистенциялық талдау. 2022ж

I СЕКЦИЯ

М.ӘБІЛҰЛЫ ЖӘНЕ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ, ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

ӘОЖ 82.25

ЕЖЕЛГІ САҚ ДӘУІРІНДЕГІ БАЛАЛАР АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

(М. Әбілұлының "Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті" атты
оқулық-хрестоматиясы туралы)

КӨБЕЕВ О.Е.

Т.Рысқұлов атындағы № 23 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Қордай ауданы

Резюме. В статье рассматривается изучение детской устной литературы древнесакского периода

Summary. The article deals with the study of children's oral literature of the ancient Saka period

Ежелгі сақтар туралы грек және әлемнің атақты ойшыл-данышпандары көптеген мәліметтер жазып кетті. Олардан Геродотты, Платонды, Страбонды, Полиэнді, Диогенді, Лукианды, К.Мойсееваны, В.В. Струвені, Диодорды, Помпей Трогты, Б.Н.Граковты, Ә.Марғұланды, Ә.Қоңыратбаевты, Н. Келімбетовты, М. Жолдасбекұлын, А.Қыраубаеваны, Т.Омарбековты, М.Әбілұлын т.б. атап айтуға болады.

Осы ретте жазушы-журналист, ақын һәм ғалым М. Әбілұлының сақтардың батыры Тарғытай туралы жазған "Алып Тарғытай туралы қисса", сақтардың қаһарман қызы Тұмар туралы "Тұмар патшайым туралы қисса", сақтардан шыққан философ Анарыс Қоңырұлы туралы "Анарыс Қоңырұлы туралы қисса" атты шығармалар жазды. М. Әбілұлы осы шығармалары туралы сақ дәуірін жақындатты, енді өскелең ұрпақтарымыз арғы бабаларымыз сақтардың тарихи тұлғалары туралы әдеби-көркем, тарихи шығармаларды оқу арқылы тарихымызды тануға мүмкіндік алды.

Белгілі жазушы, драматург, қоғам қайраткері Ш. Мұртаза "Бір кем дүние" атты кітабында сақтардың қазақтардың арғы бабалары екенін, "қассақ" сөзінің "қазақ" сөзі екенін дәлелдейтін мөлтек әңгімесін жариялады: "Бала кезімде естігенім есімде. Біздің Мыңбұлаққа Күркіреу су бойындағы қырғыздарға бара қалсақ:

– Иә, хассақ бала,-деп қарсы алар еді.

Кейін-кейін, жол түсіп, Монғолияға барғанымызда:"Хассақтар келді!" деп құшақтасты.

Ал біздің тарихшылар, оқымыстылар әлі күнге дейін "қазақ" деген сөздің төркінін дөп басып айта алмай, әр саққа жүгіртеді.

Ау, сонда бізді бір заманда "сақтар", "сақ" дегені рас ғой. Ал енді "хас" деген мағынасы "нағыз","анық", "шын" дегенге саяды. "Сақ" сөзімен біріксе-хас+сақ!.." [1].

М.Әбілұлының жоғары оқу орындары мен колледж білімгерлеріне арналған "Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті" деп аталатын хрестоматиялық оқу құралы ежелгі балалар әдебиетінің көне дәуірін қамтитын аса қажетті кітап екені анық. Бұл кітаптың құндылығы сонда-бірінші тарауға сақ дәуірінен ауыз әдебиеті арқылы келіп жеткен жаңылтпаштар; екінші тарауына ертегілер мен аңыз әңгімелер; үшінші тарауына грек тарихшыларының ежелгі сақтар мен сақтардың тарихи тұлғалары туралы жазған еңбектері; төртінші тарауға Рим тарихшысы Помпей Трогтың ежелгі сақтар туралы жазған еңбектері; бесінші тарауға сақтардың философтары Анарыс пен Тоқсарының афоризмдері; алтыншы тарауға Эллада елінің ұлы ақыны Гомер мен Қытай жиһанкесі Мотиязының ежелгі сақтар туралы жазған шығармалары; жетінші тарауға қазақ ақын-жырауларының ежелгі сақ дәуірінің тарихи тұлғалары мен қаһармандары туралы жазған шығармалары енгізілген.

М.Әбілұлының оқулық-хрестоматиясы қазақ әдебиеттану ғылымындағы үлкен жетістіктердің бірінен саналады. Себебі 2014-жылы жарық көрген бұл кітап көтерген мәселелер қазақ әдебиеттану ғылымында осы кезге дейін көтерілмеген еді.

"Алтын", "Бірлік бар жерде береке бар", "Анар мен Мұнар", "Шырақ батырдың түсі", "Заринаның қырық қызы", "Сақ қызы Күнсұлудың хикаясы", "Қобыз үні" атты ертегілер мен аңыз әңгімелер балалардың сүйіп оқитын ертегілеріне, аңыз әңгімелеріне айналды.

М. Әбілұлы Қарқаралы мен Шығыс Қазақстаннан, Тараз қаласы маңындағы Жетітөбеден табылған алтыннан жасалған жәдігерліктер туралы былай деп жазады: "Сақтардың қазіргі қазақ жерінде дәуірлеп тұрғанын дәлелдейтін дәлелдер жеткілікті. Олар қазақ жеріндегі археологиялық қазбалардан табылып жатқан алтын киімді адамдардың мүрдeleri. 1969-жылы Есік қаласынан табылған сауыт-саймандарымен бірге жерленген алтын адамның табылуы бүкіл әлемде болып көрмеген жаңалық болды. Бұл сөз жоқ қазақ археологиялық қазба жұмыстарының табысы еді.

Соңғы кезеңдерде осындай археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде қазақ жерінен, атап айтқанда Қарқаралы маңы мен Шығыс Қазақстаннан алтын адамның сауытының сынықтары табылған-ды. Ал жақында Тараз қаласы маңындағы Жеті төбе деп аталатын қорымнан алтыннан құйылған сауыттың сынықтары табылды..." [2].

Міне, әртүрлі мерзімді басылымдарда жарияланып жатқан көне жәдігерліктер туралы мақалаларды қалт жібермей оқып жүретін М. Әбілұлы өзінің ізденіс жұмыстарын ыждағатпен зерттеп, зерделеді. Ол қазақ, қытай, орыс, ағылшын, араб т.б. тарихшыларының тарихи еңбектерін зер сала оқыды, тарихи мұражайларға барды, тарихи орындарды аралап көрді. Әсіресе балаларға арналған жәдігерліктерді іздеді, ежелгі ғұн дәуірінде ғұндардың балаларға арналған төрт түлік малға арналған ардақ сөздерін Ә. Марғұланның шығармаларынан тапты. Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Қарақалпақстан қазақтарының балаларға арналған ауыз әдебиеті үлгілерін іздеді.

М. Әбілұлы "Ежелгі дәуір мұралары" атты ғылыми мақаласында: "Біз сонау сақ, ғұн, түркі дәуірлерінде пайда болып қалыптасқан балалар әдебиетінің негізгі құндылықтарына жете мән беруге тиістіміз. Ал, балалар ауыз әдебиеті-халық ауыз әдебиетінің негізгі саласы. Ол уақыт өткен сайын дамып, өркендеп отырған. Ежелгі сақ заманы болсын, ғұн заманы болсын, түркі заманы болсын сол заман әдебиеті ауыздан ауызға тарап, бізге әр түрлі жолдармен жетті. Халық бар жерде өнер бар, өнер бар жерде әдебиет бар. Өнер мен әдебиет бар жерде мәдениет бар. Сондықтан ежелгі дәуірдегі балалар әдебиетінің ауызша және жазбаша мұраларына назар аударуға тиістіміз..." - деп жазды [3].

Шынында балалар ауыз әдебиеті-қазақ халқының ауыз әдебиетінің негізгі бір саласы. "Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең" деп Абай айтпақшы, қазақ балалар ауыз әдебиеті өте бай. Сол ауыз әдебиетінен балаларға арналған ауыз әдебиетін жинап, балаларға арналған оқу құралдарын, оқулықтар, хрестоматиялық оқу құралдарын жазды. Жамбыл облысының айырым мектептерінде М. Әбілұлының құрастырған оқу құралдары негізінде "Ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиеті" атты таңдау пәні өтіліп жатқанын атап айтуға болады.

М.Әбілұлының сақ дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті туралы жазған ғылыми-педагогикалық еңбектері туралы академик Қ. Бөлеев, С. Құлбарак, Т. Мұқашев, Р. Беркенова, С. Шормақова, Э. Пертаева, А. Кембаева, магистрлер М. Сәрсенбаева, Г. Арқабаевалар ғылыми мақалалар жазды.

Академик Қ. Бөлеев "Ғылыми ізденістерге толы оқулық" деп аталатын мақаласында былай деп жазатыны бар: "Профессор М. Әбілұлының "Сақ дәуіріндегі қазақ әдебиеті" атты ғылыми ізденістерге толы оқулық - хрестоматиясы қазақ әдебиеті тарихына қосылған айтулы еңбек болып саналатыны сөзсіз. Кітап аты айтып тұрғандай ежелгі сақ дәуірінің әдеби жәдігерліктерін қамтитын, терең ғылыми ізденістерге толы, өскелең ұрпаққа берері мол, тағылымдық бағытымен ерекшеленетін еңбек...

Сақ дәуірінің әдеби жәдігерліктеріне ғылыми тұрғыдан тұжырымдар жасап, қазақ әдебиетінің тарихын осы сақ дәуірінен бастау туралы пікірлерді алға тартқан М. Әбілұлы осы тақырыпта бірнеше кітаптар жазды. 2012-жылы "Ежелгі дәуірдегі балалар әдебиеті", "Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар әдебиеті", "Ежелгі ғұн дәуіріндегі балалар әдебиеті" атты оқулықтары жарық көрді..." [4].

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық Ғылым академиясының академигі Қ. Бөлеевтің бұл тұжырымы М. Әбілұлының осы бұрын көтерілмеген ғылыми мәселенің ғылымнан орнын табуын ардақтай сөйлеген сөзі әдебиеттану ғылымында айтарлықтай жаңалық болғанын дәлелдейді.

Жалпы, М. Әбілұлының "Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті" атты оқулық-хрестоматиясы жоғары оқу орындары мен колледж студенттері мен мектеп оқушыларына арналған аса маңызға ие кітап. Арман-мақсаттары таудай, білім-ілімге құмар жеткіншектеріміздің рухани байлығын арттыратын бұл кітаптың берері көп деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұртаза Ш. Бір кем дүние. – Алматы: Жазушы, 2008-жыл, 163-бет.
2. Әбілұлы М. Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті. Оқулық-хрестоматия. – Тараз, 2014-жыл, 15-16-беттер.
3. Әбілұлы М. Ежелгі дәуір мұралары. "Қазақ тілі мен әдебиеті". Республикалық ғылыми-әдістемелік басылым, №3, 2012-жыл, 3-бет.
4. Бөлеев Қ. Ғылыми ізденістерге толы оқулық. "Әмбебап қаламгер, ғалым һәм ұстаз". – Тараз, 2018-жыл, 3-бет.

ӨОЖ. 82.74

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ЖӘНЕ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

САТБЕК КАУСАР

«Абылай-Сана 2003» ЖШС, «Arai-Elite» мектеп гимназиясының 7 сынып оқушысы
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ЖУНИСОВА Б.У.

«Абылай-Сана 2003» ЖШС, «Arai-Elite» мектеп гимназиясының «Қазақ тілі мен әдебиеті»
пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются Ыбырай Алтынсарин и актуальные вопросы детской литературы.

Summary. The article deals with Ybyray Altynsarın and topical issues of children's literature.

Ы.Алтынсариннің ақындық қуатының ерендігі мен жаңашылдығын танытатын шығармалары деп оның «Жаз», «Өзен» атты өлеңдерін атауға болар еді. Бұларда ақын тамылжыған табиғат пен жан-жануар адам өмірін өзара астастыра суреттейді. Ыбырайға дейінгі поэзиямызда дәл осындай бірыңғай табиғат сипаттамаларының жоқтығын еске алсақ, онда бұл туындының әдебиетімізден алатын орны мен мәні айқындала түспек. Ыбырай озық үлгідегі орыс әдебиетінен үйрене отырып бұл салада тыңнан жол салып қана қоймай, көшпелі қазақ өмірінің тыныс-тіршілігі мен жанды көріністерін сомдай сипаттайды.

Ыбырай өлеңдерінің сыртқы түр-құрылысында айта қаларлықтай соңы сипаттар ұшыраса бермейді. Бұлардың бәрі де, бұрыннан келе жатқан, қалыпты өлең түзілісімен жасалған, алайда ол сол қарапайым жолдарға *жаңа мазмұн, тың орам* бере біледі. Кейде, бала ықыласын еселеп арттыру үшін, өлеңнің ішкі сырын ашпай, *пернелеп, орағыта* айтатын тәсілді ұстанады. Мәселен. «*Бала, бала, бала деп*» атты өлеңнің ішіндегі «Түн ұйқысын төрт бөліп, түнде бесік таянған» деген тармақтар болмаса, оның кім туралы айтылып отырғанын айыру қиын болар еді. Ы.Алтынсарин осыны әдейі алып, бала ынтасының артуына септігі тиеді деп ойлаған. Ыбырай енді бірде, әр ұғымды өз орнында алып, *салыстырмалы ұғым мен қарама-қарсы мәнде* де ұтымдылық танытады.

Ыбырай әр алуан пікір таласын оқиға арқауы еткен, әңгіме халықтық аңыз, ертегілерде де айрықша мән береді. Мәселен, «*Жан-жануар, аңдардың дауласқаны*» атты әңгімеде жан-жануарлардың өзара дауласқанын келтіре отырып, олардың адамға тигізетін, пайда, көмегін ашу көзделген. Ал, оқудағы балалардың үйіне жазған хаттары деген бөлімде балалар мен ата-аналардың қарым-қатынасына, бір-біріне деген, ізет-бауырмалдылығына назар аударады. Сол арқылы олардың адамгершілік қасиеттерін тәрбиелемек болады. Сондай-ақ «*Қара батыр*» ертегісіндегі ұшқан құс, жан-жануарлардың бір-біріне тілдесуінің өлеңмен өрлеуі, жоқтау, коштасу жырларының молдығы да ұстаз ұстанған тәрбиелік мақсатқа бағындырылған. Тіпті «*Бай ұлы*», «*Жәнібек батыр*» әңгімелері де билік, дау-талас, тартыс құсқаларын жастарға үлгі ету үшін алынған.

Ыбырай әңгімелерінің басты *ерекшелігі* олардың көпшілігінің әлеуметтік сипатының айқындығы дер едік. Айталық, «*Бай мен жарлы баласы*», «*Қыпшақ Сейітқұл*», «*Киіз үй мен ағаш үй*» әңгімелерінде автор халқымыздың тұрмыс-тіршілігін, яғни көшпелі өмір мен қоныстану жәйттерін, соңғысының мәдениет пен білім үшін пайдалы екенін ашып, дәлелдемек болған. Бұл үшін әңгіменің де негізгі түйіні *еңбек* пен оның адам тұрмысындағы орнын, мәнін белгілеу. «*Бай*

мен жарлы баласында». Ол еңбек пен тәжірибенің пайдасын Үсен бейнесі арқылы көрсеткен болса, Асан образы мен жатыпішер, жалқаулықтың зиясын әйгілейді. Ел-жұртты отырықшылыққа, диқаншылыққа үндей келіп, бұл кәсіптің көшпелі тіршіліктен артықшылығын өзара салыстыра отырып әңгімелейді.

Ағартушының өнегелі өмірі мен өрісі биік таланты бір кезде қандай – жарқын да жанды қасиеттерімен көрініп, қазақ мәдениетінің тарихында айқын іздерін қалдырса, қазір де сол асыл да абзал ерекшеліктерін өз бойында сақтауда. Өйткені, әрбір ұлы адам адамзатпен бірге жасайтын мәңгі өшпес, ескірмес идеяларды көтереді. Сондықтан, олар арада бірнеше ұрпақтың өткеніне қарамастан әрбір жаңа ұрпақ, жас қауымға алыстан қол созып, «Жол болсын!» айтып тұрғандай болады, уақыт өткен сайын биіктеп, мән мағынасы мен қадір-қасиеті арта түседі. Мәдениетіміздің тарихында Ыбырай Алтынсарин дәл осындай үркердей санаулы санлақтардың бірі.

Ыбырай Алтынсарин қалдырған мәдени мұра бүгінгі өскелең оқушы қауымның қолына жеткенше талай кезеңді басынан кешірді. Бірақ ағартушы есімі қай кезде де халықтың көңілінен тыс болып көрген жоқ. Соның нәтижесінде оның жас ұрпақ, жаңа қауымға қалдырған мұрасы қандай жағдайларға душар болғанына қарамастан ескірмей, өшпей бүкіл асыл қасиеттерін өз бойында сақтап, уақыт, дәуір сынынан толық өтіп біздің бақытты заманымызға жетті.

Ыбырай Алтынсариннің еңбегі, әдеби шығармаларының бірден - бір жинағы, қазақ жазба әдебиетінің төл басы «Қазақ хрестоматиясы» екенін мақтанышпен айтамыз. Бастауыш сыныпта ұлы ағартушы – ұстаздың мұраларының енгізілу себебі, Ыбырай Алтынсариннің қазақ жұртшылығын қараңғы түнектен алып шығып, тұңғыш рет ана тілімізде сауаттылық жолына бастауда сан түрлі ұлттық мектептер мен гимназиялар ұйымдастырып, мектеп және мұғалімдер үшін оқулық пен әдістемелік еңбектер жазудағы ұлан – ғайыр еңбектері жоғалмақ емес. Ыбырайдың өлең, әңгімелері түгел дерлік оқушысына түсінікті, тілі жеңіл, тәрбиелік мәні зор, оқып отырған оқырманына үлкен ой салатындай тақырыбы әсерлі, көркем бейнеленген және ойын жеткізуде тілдік стиль ерекшелігі зор.

Мектеп бағдарламасына Ыбырай Алтынсариннің шығармаларының оқушыға жеңіл, түсінікті оқушының жас ерекшелігін ескере отырып кейбір әңгіме, өлеңдері берілген. Оның қай шығармасы болса да, баланың тіл мәдениетін көркейтуге, дамытуға әсері мол. Оны балалар сүйіп, ынтыға оқиды. Өзі өшсе де сөзі өшпейді дегендей, өзі жоқ болса да біз үшін оның еңбектері мәңгі өшпейтін мұра болып қалмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ жинағы. – Алматы: Жазушы, 1988. –241б.
2. Алтынсарин Ы. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Білім, 2003. –215б.
3. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. – Алматы: Сенім, 2003. –230б.
4. Алтынсарин Ы. Өнер – білім бар жұрттар. – Алматы: Жазушы, 2001. –220б.
5. Сәрсенбаев Ә. Сәулелі жұлдыз іздеген адам. «Қазақстан мұғалімі», 2001ж., №11

ӘОЖ 82.522

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ – ҰЛТ МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУЫ

ЖУНИСОВА Ж.С.

№29 Ю.Гагарин атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается связь детской литературы с национальной культурой.

Summary. The article deals with the connection of children's literature with national culture.

Балалар әдебиеті – әрбір ұлт мәдениетінің мықтап қаланған тас іргесі, халықтың рухани ахуалын балалар әдебиетінің дамуымен өлшеу керек, балалар әдебиеті жолға қойылмай тұрып, әдебиетіміз кемелдену үстінде деп мақтанушылық – үйдің ірге тасын қаламай тұрып, шатырын жабамын деген әурешілікпен бара-бар.

Жете үңіліп карағанда, бүгінгі балалар әдебиеті уақыт талабына сай дамып келе жатыр. Балалар әдебиетінің ең басты себебі балалар әдебиетінің кәсіби талабынан, өзіндік ерекшелігінен туындайды. Соның көбісі қазіргі бала табиғатының күрделілігінен туындап отыр. Әрине, бала табиғатының күрделілігі – ұлы Л.Толстойдан бері сан рет қайталанып, айтылып, жазылып келеді. Әйтсе де, әр кезеңнің уақыты, қоғамға сай өзіндік күрделі сипаттары болғаншығар-ау, ол бірақ, тап бүгінгі уақыт перзенттеріндей жұмбақ күйге айнала қоймаған. Зерттеуші Акимованың пікірімен айтсақ: «бүгінгі бала табиғатының күрделілігі сонша – ол ғылым үшін жаңа пәнге, өнер үшін бұрын-соңды болып көрмеген материалға айналып отыр». Бұл күрделілік уақыт күрделілігінен туындайды.

Жас өспірімді дұрыс бағытқа сілтеп, сол үшін атсалысар – балалар әдебиеті. Балалар әдебиеті – жас буынның сана-сезімін оятып, ақыл дамытатын, оларды адамгершілікке тәрбиелейтін өмір оқулығы. Оның мақсаты – мектеп жасына дейінгі үш жасар баладан бастап, он алты жасқа дейінгі оқушыларға көркем әдеби тілде жазылған жоғарғы идеялық қызықты шығармаларды беру. Осының барлығы жас буынды саналы өмір сүруге талпынтады. Оның келешегіне жол ашады, бағыт сілтейді. Өмірге жанасымды, икемді, төзімді күрескер етеді.

Балалар әдебиеті жайында балалар ақыны Қ.Баянбай былай дейді: «Балалар әдебиеті барша әдебиеттің бастауы болуы керек. Балалар әдебиетіне қатынаспаған жазушылар жақсы дүниелер тудыруы мүмкін. Бірақ балалар әдебиетін парақтамаған жазушының бір кемшілігі сезіліп тұрады. Горькийдің балалар жазушысы өзге жазушылардан да сапалы жазуы керек дейтін сөзі бар. Шынында әдебиеттің қайнар бастауы, әрі балаларды әдебиетке әкелетін шығармалардың сапасыз болуға хақысы жоқ». «Балалар әдебиеті меніңше, барлық әдеби, мәдени ой-санамыздың қалыптасуына тұңғыш ықпал ететін бастау дер едім. Әдебиеттің бастауы фольклор десек, осы фольклордың негізі бесік жырынан басталады. Тақпақ, санамақ, өтірік өлең, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш мұның бәрі үлкен әдебиетке жол салатын балалар әдебиетіне жатады.»

Жас баланың ой-арманы асқақ келеді. Олар да ұшқыш болып аспанда шарықтамас, суда жүзсем, түрлі машиналар ойлап шығаратын ірі конструктор болмас, мұғалім, ғылым болмас, космонавтар қатарына қосылып, солардай жер жүзін таң-тамаша етсем деп қиялданады. Қалай да тез өсіп үлкендер қатарына қосылуды, даңқты адамдардың қатарында болуды аңсайды.

Бастауыш сыныптардағы әдебиеттегі оқу пәндерінде мәтіндер балаларды оқу және жазу сауаттылығын одан әрі шыңдауға арналған. Оқушылар мәтіннің мазмұнын жоспарға сүйеніп әңгімелейді. Түрлі шығармашылық жұмыстар орындайды. Сөйлеу барысында мақал-мәтелді қолданады. Мәтіндегі оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжайды. Кейіпкерді сипаттауды үйренеді. Анықтамалықтардан сұрақтың жауабын іздеп табады.

Сабақ барысында ойынды анық әрі жүйелі жеткізуге талаптанады. Әңгімелер сауатты әрі мәдениетті сөйлеп, қатесіз жазуға көмектеседі.

Ы.Алтынсарин атамыздің «Аурудан аяған күштірек» әңгімесінде балалар жағымды қылықтар мен қасиеттерді кімнен, неден үйренетінің анықтайды, ойларын ортаға салады.

Осы қасиеттердің қайсысы ұнайды?

- сабырлы
- ақылды
- өнегелі
- ержүрек
- адал
- шыдамды
- жанашыр
- батыл

Кейіпкердің мінез-құлқын бағалауды үйренеді.

Шетел жазушыларының әңгімелері де балаларды еңбек етуге, үлкенді сыйлауға үйретеді. Аудармашы Бибісара Омарованың ұйғыр халық ертегісі «Егіздер мен шаруа». Балалар ертегіні өз қиялымен аяқтайды, қорытындылайды. Денсаулық, еңбек сөдерімен мәтіндегі негізгі ойды анықтайды. Бос уақытында қандай пайдалы еңбекпен шұғылдану керек екендігі туралы ой тастайды.

Мақал-мәтел – ауыз әдебиетінің бір түрі, үлгі-өнеге ретінде айтылатын қысқа әрі ұйқасты ақыл сөз. Ата-ананы қадірлеу, достық, еңбек, адамгершілік, өнер-білім, ерлік, Отан сияқты әртүрлі тақырыпта айтылады.

Балаларға арналған әңгімелерде мақал-мәтелдердің болуы өте маңызды. Мақал-мәтелдің мағынасын түсіне білу оны орынды қолдана білуге үйретеді.

Сәйкестендіру.

өнер	Жері байдың елі бай.	Отан
білім	Өнерлі өрге жүзер.	ата-ана
	Ата – балаға сыншы.	
	Кітап – алтын қазына.	

Балаларға арналған экология тақырыбына жазылған әңгімелер, балаларды табиғатты қорғауға, аялауға тәрбиелейді. Мейірімділік, жақсылық, аяушылық т.б сөздерінің мағынасын түсінеді. Әңгімедегі негізгі ойды анықтауға үйретеді.

Күлдіргі өтірік өлеңдер мен әңгімелер көңіл көтеру үшін айтылған. Ел арасында өтірік өлеңдер кең тараған. Тіпті өтірік өлең айтудан айтыс ұйымдастырылған.

Қадыр Мырза Әлі атамыздың «Біздің жерде жүрген керік» өлеңі балаларға жеңіл түрде жеткізіледі. Балардың көңілін көтереді, ой салады.

Керіктің қай жерде мекендейтіні туралы балалар өздері ізденеді.

Өтірік айтқан кейіпкердің атын табады.

Өлеңге байланысты мақал іздестіреді.

Өзіне ұнаған тақырыпқа байланысты өтірік өлең құрастырады.

Балалар әдебиеті – жас буынның сана-сезімін оятып, ақыл дамытатын, оларды адамгершілікке тәрбиелейтін өмір оқулығы. Оның мақсаты – мектеп жасына дейінгі үш жасар баладан бастап, он алты жасқа дейінгі оқушыларға көркем әдеби тілде жазылған жоғарғы идеялық қызықты шығармаларды беру. Осының барлығы жас буынды саналы өмір сүруге талпынтады. Оның келешегіне жол ашады, бағыт сілтейді. Өмірге жанасымды, икемді, төзімді күрескер етеді.

Жете үңіліп қарағанда, бүгінгі балалар әдебиеті уақыт талабына сай дамып келе жатыр. Балалар әдебиетінің ең басты себебі балалар әдебиетінің кәсіби талабынан, өзіндік ерекшелігінен туындайды. Соның көбісі қазіргі бала табиғатының күрделілігінен туындап отыр. Әрине, бала табиғатының күрделілігі – ұлы Л.Толстойдан бері сан рет қайталанып, айтылып, жазылып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті. 1 кітап Алматы, 2003ж.
- 2.Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті. 1 кітап Алматы, 2004ж.
- 3.Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті. 1 кітап Алматы, 2005ж.
- 4.Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті. 1 кітап Алматы, 2004ж.
- 5.Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы, 2009ж.

ӘОЖ 37.013.2:371.2

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЕҢБЕКТІҢ МӘНІ

ЕСЕНҒАЛИ НҰРАСЫЛ

Б.Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназиясының
2 сынып оқушысы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

БАЛТАБАЕВА Н.Т.

Б.Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназиясы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Проект предусматривает, что народный просветитель, писатель, поэт Ыбырай Алтынсарин организовал вопросы, связанные с обучением детей труда и рукоделию в первых школах, открытых в казахской степи. Важность темы труда в воспитании детей, необходимость постановки вопроса и актуальность его для сегодняшнего времени проанализированы в работах Ю. Алтынсарина.

Summary. The project provides that the public educator, writer, poet Ybyray Altynsarin organized issues related to teaching children to work and needlework in the first schools opened in the Kazakh steppe. The importance of the topic of labor in the upbringing of children, the need to raise the issue and its relevance for today are analyzed in the works of Y. Altynsarin. Evidence is given in the letters of Ibrai Altynsarin

«Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата-ана үлгісі», - деп Ыбырай Алтынсариннің өзі жазып қалдырғандай, балаларға тек білім беріп қана қоймай, ең бірінші саналы тәрбие берілу керектігі баса айтылады. Бұл жолдағы ең басты құралды еңбек деп біледі. Ұлт ағартушысының қайбір шығармасын алып қарасаңыз да барлығының түп негізі еңбекке келіп тіреледі. Еңбектенген адам ғана білім де алады, өмірде өз орнын да табады және оның бойынан барлық адамгершілік қасиеттер табылады деп көрсетеді.

Н.Ильминскийге жазған хатында осы ойын: «...Сондықтан орысша екі-үш сөзді ғана біліп алып, мектепке оқудан жөнді білім алмай, дұрыс түсінік алмай, олар адам болғансын, қазақ арасына барады да өздерін көп білетін адам етіп, әсіресе зақұншік етіп көрсетеді. Бұған қазақтар сене қалады. Сөйтіп, олар өздерінің азғантай білімін жауыздыққа жұмсайды, қазақтардың өздерін аяусыз жәбірлейтін болып шығады. [1.143], деп нақтылай түседі. Демек, саналы тәрбиесіз берілген білімнің салдары осындай болатынын айта келіп, еңбекті тәрбие құралының ең бастысы ретінде алады. Баланың қарны тоқ, көйлегі көк болмайынша оны ғылымға, оқу-білімге, өнерге күштеп әкелуге болмайтындығы шындық. Қарны аш бала рухани жан дүниесін байытудың жолын емес, қарнының тоқ болуын ойлайтыны заңдылық. Ал мұндай жағдайда адамгершілік қасиеттерді бойына тоғыстырған, алған білімін ел пайдасына жарататын, адал еңбекпен мал табатын жанды кездестіру қиын-ақ.

Осы мәселе төңірегінде Ыбырай Алтынсариннің: «...әжем, шешем, жеңгем және тағы басқалары маған ренжіп, мазамды алып болды, шаруашылығым күйзеліп барады, не істерімді білмеймін... Мен өзімнің аңқаулығымнан немесе шынын айтқанда, құрғақ қиялдарға, бос армандарға әсеутеніп кеткендігімнен, олардың бәрін де ұмытып кеткен екенмін. Ондай үй-ішімді, жақындарымды өз қарауыма алған соң, ең алдымен оларды қамтамасыз етуге тырысуым керек еді ғой. Орыс тілін, одан кейін басқаларын үйреніп алайын деген ойға беріліп, орыс тілін өте нашар білуіме қарамастан, мұғалім болудың соңына түсіп кетіппін, оқу үшін ешқандай қаражат таба алмай отырғанда»[1.142],- деп жазуынан барлық нәрсенің қаражатқа, малға келіп тірелетінін аңғаруға болады. Материалдық жағдайы жасалып, білім алуға, ғылыммен айналысуға мүмкіндік туындағанда ғана тың идеялар мен жаңа бастамаларды жасауға болады. Бұл ойымызды американ психологы Абрахам Харольд Маслоу ұсынған қажетсіну пирамидасымен нақтыласақ, ең төменгі екі саты – жан бағу және қауіпсіздік адам өмірінің төменгі қажеті, басқасының бәрі осы екеуін алғышарт етеді. Тыныс алу, тамақтану, ұйықтау және т.б. болмаса, ол адамда ары қарай жетілу, даму болмайды. Сонымен бірге қарны тойып, жаны бағылып, өзін қауіпсіз сезінген жағдайда ғана эмоциялық қажеттіліктер ояна бастап, келесі сатыға өту, барынша даму жүзеге асады [2]. Сондықтан ең алдымен жан бағу мен қауіпсіздік дұрыс болмайынша, ешқандай да адамгершілігі жоғары адамды тәрбиелей алмаймыз.

Сонымен бірге жазушы білімге, жақсылыққа, игі істерге жұмсалатын қаражаттың адал еңбекпен табылу керектігін жеткіншектердің санасына шығармалары арқылы сіңіре түседі. Оларға мектепте тек білім берумен шектелмей, ой-өрістерінің кеңеюіне ықпал етіп, жастайынан еңбекке баулу керектігін, қандай да бір кәсіппен айналысуға, көзін табуға бағыттау қажеттігін айтады. Бұл ойын 1879 жылы 25 қарашада Н.И.Ильминскийге жазған хатында нақтылай түседі: «...қазақ арасындағы мектептерге қазір тек орыс тілін ғана оқытып, оқу-жазуды ғана үйрететін мектептер деп қарауға болмайтынын көрсетіп, ол мектептерден оқушыларды отырықшылыққа, тазалыққа дағдыланатын, әр нәрсеге де ақыл-оймен қарай білетін етіп шығаруымыз керек. Қысқасы, бұл оқушылар азды-көпті білім алып, белгілі бір бағыт алып шығып, айналасындағы халыққа өздерінің тың, адал ақыл-ойларымен әсер ете алатын болсын деген мақсатымызды еске ала отырып, оқушыларды тәрбиелеу жағына көбірек зер салуымыз керек» [1.169]. Қазақ балаларының білімді болумен қатар адал еңбекпен мал табуын, ниеттерінің таза болуын және елі үшін қызмет ететіндей азамат болып қалыптасқанын қалайды. Егін егу мен бау-бақшаны баптаудың, түрлі қолөнермен айналысудың жолдарын шәкірттеріне үйретудің шарттарын қарастырады. Мұғалім мен оқушы үшін қажетті оқу құралдарын іздестіре отырып, мақсатына жетпей қоймағанын хаттарынан көруге болады. Сонымен бірге Торғай қаласынан Ы.Алтынсариннің ықпалымен ашылған қолөнер мектебінде ағаш ұсталық жұмыстарын, ал мектепке білім алуға қыздар келген жағдайда кесте тігу сияқты т.б. қолөнер жұмыстарын үйретуді мақсат еткен. Байқап отырған болсақ, қазіргі мектепте оқытылатын көркем еңбек пәнінің бастамасының Ы.Алтынсарин ашқан мектептерден бастау алатынын көруге болады.

Ы.Алтынсарин орыс-қазақ мектептерінде оқытумен бірге осындай қолөнер түрлерін үйрете отырып, балаларды тәрбиеге баулумен тоқтап қалмады. Сонымен бірге техникалық немесе

өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы мектептерін ашуды да қолға алған. Қазақ халқының ұлдары мен қыздарын кәсіпке баулу жолдарын меңгертіп, олардың белгілі бір кәсіп иелері болғанын қалады. Егер көзі ашық, көкірегі ояу болса, қолынан кәсіп келетін болса, ол адамның өзінің ғана емес, халқының да тұрмыс-тіршілігі жақсарған болар еді. Ы.Алтынсариннің шығармалары мен жазған хаттарын оқи отырып, ел экономикасын көтерудің жолдарын сол кезден-ақ қарастырған деген қорытындыға келуге болады. Ағартушы ұстаз жеке адамның ғана емес, тұтас бір ұлттың білім алып, тың идеялардың бастамашысы болғанын, жеке өздерінің кәсіппен, қолөнермен, ауылшарушылығымен айналысқанын, бір сөзбен айтқанда жаңалықтың жаршысы болғанын бар ықыласымен қалады. Осы мәселелер төңірегінде 1888 жылы 3 шілдеде В.В.Катаранскийге жазған хатында айтып өтеді: «Ендігі жерде, министрствоның көрсеткеніндей, жаңа тіпті техникалық немесе ең кемі өнеркәсіптік мектеп ашу, ол мектептерде былғару илеу, сабын қайнату сияқты мамандықты үйрету, ол өнерлерді үйрететін оқытушыларды қазақтан даярлау үшін қажет болса Красноуфимск реальдық училищесінде стипендия мөлшерін көбейту жайын қазірден ойланған пайдалы болар еді», - деп [1.208]жазса, осы жылы Н.И.Ильминскийге: «...Бұл ауыл шаруашылығы мектебінде оқу ісі түгелінен тәжірибеге негізделіп қойылған, онда былғару илеу, сабын қайнату, май шайқау, құмыра жасау, ағаш-токарь, ұста-слесарь өнерлері үйретіледі, ал ауыл шаруашылығынан огород егу, бау-бақша салу, мал шаруашылығы, егіншілік жайлары үйретіледі, осылармен қабат жаңа машиналармен, олардың құрылыстарымен таныстырылады, мал емдеу тәсілдері, астыққа зиянды жәндіктермен күресу тәсілдері үйретіледі» [1.209]- деп, жоспарымен таныстыра келе, осы жұмыстарды жүзеге асыруға қолынан келгенінше тырысатынын айтады.

Еңбекті сүю және қадірлеу – Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінің негізгі тақырыбы. Оны жазушы шағын әңгімелерінде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді. Ақын шығармаларында **адал** еңбектің ғана қоғамды алға бастыратынына баса назар аударады. Ұлт ағартушысының шығармалары «елді ел, адамды адам ететін еңбек» деген тұжырымға негізделеді. Өмірдің барлық мәні де, байлығы да еңбек деген қорытындыға келуге болады. Демек, жақсы өмір сүргің келсе, еңбектену қажет. Ізденіп, білім алу керек. Білім алу, оқу жолында мал аямау керек. Алған білімнің арқасында адал еңбектену қажет. Себебі әрқашан адал еңбекпен тапқан мал да, дәулет те тұрақты болмақ. Сонымен бірге адал еңбектенген адамның бойында мейірімділік, қамқорлық, адалдық, жауапкершілік секілді адамгершілік қасиеттердің қалыптасатыны сөзсіз. Жастайынан еңбекке баулыған бала өмірде ақ пен қараны, жақсылық пен жамандықты еш қиындықсыз ажыратып, ерінбей еңбек етсе, қарынның тіленбей тоятынын түсінетін болады. Себебі қарны тоқ, жағдайы жасалған бала ғана одан ары оқу оқып, білім іздейді, ғылым жолына түседі. Соның арқасында өзіне де, еліне де пайдасын тигізеді. Елінің жарқын болашағы үшін адал қызмет ететін болады. Қазіргі ой еңбегінің дамыған заманында тың идеялар мен бастамалардың құраушысы болып табылады. Сондықтан да мектеп қабырғасынан әрбір балаға біліммен бірге еңбекке үйреніп, тура жолмен жүру керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ы. Әңгімелер. – Алматы: Мектеп, 1980.– 104б.
2. Алтынсарин Ы. Өнер – білім бар жұрттар : өлеңдер, әңгімелер, очерктер, хаттар және естеліктер. – Алматы: Жалын, 1991. – 240б.
3. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы: оқу құралы. – Алматы: Білім, 2003. – 112б.

ӘОЖ. 82. 445

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДӘУІРІНДЕГІ БАЛАЛАР АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ (XV-XVIII ҒАСЫРЛАР)

ЖҰМАҚАДЫР Ә.Ұ.

№ 23 Т. Рысқұлов атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Қордай ауданы

Резюме. В статье рассматриваются актуальные вопросы детской устной литературы в эпоху Казахского ханства.

Summary. The article deals with topical issues of children's oral literature in the era of the Kazakh Khanate.

"Қазақ балалар әдебиетінің тарихы қазақ әдебиеті тарихының құрамдас бір бөлімі. Балалар әдебиеті, соның ішінде балалар ауыз әдебиеті әдебиетіміздің көшін бастап тұрғаны да рас. Барлық әдебиет балалар әдебиетінен бастау алады. Ат жалында елін де, жерін де қорғап өткен ата-бабаларымыз бала тәрбиесіне ауыз әдебиеті арқылы көңіл бөліп келген. Себебі олар аталар аманатын жас ұрпақтарға сеніп тапсырды. Ал балаларға арналған тәлім-тәрбиесі мол ауыз әдебиеті ғасырдан-ғасырға ұласып, ауыздан-ауызға ауыз әдебиеті арқылы жетіп отырған. Мұның дәлелі көп: Тұңға батыр қайтыс болғанда айтылған жоқтау жыр осы заманымызға жетті. Бұл жоқтау жырды исламдық түркі дәуірінде өмір сүрген Қашқарлық Махмұт (*Махмұт Қашқари*) өзінің "Түркі сөздерінің жинағына" енгізгені мәлім..." [1].

Шынында ата-бабаларымыз ауыз әдебиеті арқылы балалар мен жеткіншектерді ұлтжандылыққа, отаншылдыққа, шешендікке, төзімділік пен тапқырлыққа, адалдыққа, еңбексүйгіштікке баулығаны рас.

Ал бала Төленің төрелігі жас жеткіншектерді тапқырлыққа тәрбиелейтіні мәлім. "Төле бала ауыл сыртында қозы бағып жүргенде, жанынан өтіп бара жатқан қос аттының бірі: "Әлібек қартайыпты, әділдігінен айныпты" деп ренжіп бара жатқанын естіп қалады. Төле олардың алдарынан шығып, сәлем беріп:

- Оу, ағалар, әкем Әлібектің билігіне ризамысыздар жоқ наразымысыздар?-дейді.

- Наразымыз, балам. Әкең әділ билік айтпады.

- Ендеше қайтыңыздар.

Екі жақ Әлібектің алдына қайта келгенде бала Төле:

- Ата, билікке екі жақ бірдей риза болу керек. Әйтпесе, ол әділ билікке жатпайды.

Жеңілген де, жеңген де шындықты мойындауы керек,-дейді.

- Олай болса, балам, осы даудың билігін өзің айтып берші?".

Осылай Әлібек баласы Төлеге дауды шешуді тапсырады. Бала Төле дауды әділ шешіп, жиналған жұртты риза қылады.

М.Әбілұлы қазақ хандығы дәуіріндегі балалар әдебиеті туралы бірнеше ғылыми мақалалар, "Қазақ хандығы дәуіріндегі балалар әдебиеті (XV-XVIII ғасырлар)" атты оқулық-хрестоматия жазды, сонымен бірге "Қазақ хандығы дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті (XV-XVIII ғасырлар)" атты хрестоматиялық оқу құралын құрастырды.

М.Әбілұлы оқулық-хрестоматиясын үш тарауға бөлді: бірінші тарау. Қазақ хандығы дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті деп аталды. Оған ертегілер, Жиренше шешен туралы аңыз әңгімелер, Отарқұл жайлы аңыз әңгімелер, шешендік сөздер енгізілді.

Ертегілер деп аталынатын тараушада "Сыншы бала", "Әже мен немере", "Зеректік, "Еңбекпен ел көгерер" атты ертегілері, "Бала Жиренше", "Шешендік сөздер деп аталатын тараушада "Бала Төленің төрелігі", "Қаз дауысты Қазыбек", "Қазыбектің ат дауын шешуі", "Қазақ хандығы дәуіріндегі авторлық балалар әдебиеті" деп аталатын тарауда Асан жыраудың, Қазтуған жыраудың, Доспамбет пен Шалкиіз жыраудың, Жиёмбет пен Марғасқа жыраудың, Ақтамберді мен Үмбетейдің, Бұқар жырау мен Шал ақынның балаларға арналған шығармалары енгізілген.

Ал үшінші таруда қазақ ақын-жазушыларының қазақ хандығы дәуірінде өмір сүрген тарихи тұлғалар туралы жазған шығармалары, атап айтқанда Б. Кәрібаевтың "Бала Қасым", "Қолбасшы Қасым", Шарапбай Нағымашовтың "Жауғаштың жас шағы", М. Әбілұлының "Бала Жауғаштың ерлігі туралы қисса" атты шығармалары енгізілген.

"Отарқұлдың әулиелігі" атты аңыз әңгімеде ханның аңғалдығы, Отарқұлдың тапқырлығы сипатталады. "... Ауыл сыртында, таза ауада серуендеп жүрген ханның алдына бір шегіртке ұшып келіп, қонады. Хан шегірткені ұстаймын деп бір ұмтылады. Екінші рет ұмтылады, шегіртке ұстатпайды. Үшінші рет ұмтылғанда шегіртке ханның қолына түседі. Хан шегірткені Отарқұлға көрсетпей, алақанына жұмып: "Ау, әулием, ақ нарым жоғалды, оны таптың, алтыным жоғалды, мұны таптың, енді мына қолымдағының не екенін тапсаң, астыңа ат мінгізем, үстіңе үй тігіп, алдыңа мал салып, әулие деген ат берем!..."-дейді. Отарқұл қорқып кетіп: "Біріншіден - ақ ұстады ғой деп едім - құтылдым. Екіншіден ұстады ма деп едім - құтылдым. Үшіншіден аяқ серпуге келтірмей қолыңа түстім, тақсыр!..."-дей бергенде хан алақандағы шегірткені ұшырып жіберіп: "Бір секіріп құтылып, екі секіріп құтылып, үшіншіден аяғың серіптірмей ұстап алғаным рас еді..." - деп Отарқұлды "әулие" деп жариялайды...". [2].

Авторлық әдебиетті дамытқан XV ғасыр жырауы Асан жырау мен Қазтуған толғаулары өскелең ұрпақтың санасына орнығып, олардың туған жерге деген ыстық сүйіспеншілігін оята түсті. Асан жыраудың ойлы сөздері, Қазтуған жыраудың туған жерге деген ынтызарлығы балалардың жүрегінен орын алатыны рас. Асан жыраудың:

Қырында киік жайлаған,
Суында балық ойнаған,
Оймауыттай тоғай егіннің,
Ойына келген асын жейтұғын,
Жемде кеңес қылмадың...
Ойыл көздің жасы еді,
Ойылда кеңес қылмадың...

Ерлер жортып күн көрген... - деп айтылатын толғауы өскелең ұрпақтарды туған жеріне, халқына деген ынтызарлықты, басқыншы жауларға деген өшпенділікті сездіріп тұр. Асан жыраудың Жәнібек ханға айтқан бұл толғауының тәрбиелік мәні: киелі атамекеннің өзен-көлі мен орманын, даласы мен тауын көздің қарашығындай сақтау. Жыраудың:

Есті көрсен кем деме,
Бәрі тұйғын табылмас...
Бақыты оянған ерлердің,
Әрбір ісі оң болар...
Арғымаққа міндім деп,

Артқы топтан адаспа... [3] - деген дидактикалық сарында айтылған жыр жолдары жеткіншектердің бойында отаншылдықты тудырады деп ойлаймыз.

Қазтуған жыраудың "Белгілі биік көк сенгір", "Алаң да алаң, алаң жұрт"; Доспамбет жыраудың "Айналайын Ақ Жайық"; Шалкиіз жыраудың "Қоғалы көлдер, қом сулар", "Жел, жел есер, жел есер", "Шағырмақ бұлт жай тастар"; Жиёмбет жырау мен Марғасқа жыраудың толғаулары; Ақтамберді жыраудың "Жағалбай деген ел болар", "Түйе мойнын тұз кесер", "Балаларыма өсиет"; Тәтіқара ақынның, Үмбетей жыраудың, Бұқар жырау мен Шал ақынның толғаулары мен өлеңдері жеткіншектердің қызыға оқитын шығармаларына айналды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбілұлы М, "Қазақ хандығы дәуіріндегі балалар әдебиеті (XV-XVIII ғасырлар)", оқулық-хрестоматия) Тараз, 2016-жыл, 3-бет.
2. Әбілұлы М, "Қазақ хандығы дәуіріндегі балалар әдебиеті (XV-XVIII ғасырлар)", оқулық-хрестоматия) Тараз, 2016-жыл, 7-бет.
3. "Ай, заман-ай, заман-ай...", (Бес ғасыр жырлайды), екі томдық, құрастырғандар: Мағауин М, Байділдаев М), Алматы, 1991-жыл, 23-25-беттер.

УДК: 821.0

СТАНОВЛЕНИЕ ИСТОРИИ ДЕТСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ И АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ФИЛОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКИ В ЭПОХУ НОВОГО КАЗАХСТАНА

МАМЫРОВА Н.М., БОТАХАН АРНУР

Средняя школа №35 А.Гайдара, Республика Казахстан, г.Тараз

Түйіндеме. Бұл мақалада балалар әдебиетінің сан алуан қызмет атқаратыны, балалардың көңілін көтеретіні, жақсылыққа үйрететіні, дүниені тануға көмектесетіні қарастырылған.

Summary. This article says that children's literature performs a variety of functions, entertains kids, teaches them goodness, helps to know the world.

Перед современными учителями возникает множество вопросов: «Что принес с собой XXI в.: коммуникативные навыки или компьютерные зависимости?». «Какой сегодня ребенок?». «Как научить детей успешной социализации и коммуникации?», «Как правильно выбрать Интернет-

ресурсы?» и наконец, «Как поддержать в ребенке духовный потенциал и воспитать из него человека, а не робота без сердца и способности к состраданию?»).

Обзор литературы на данную тему позволил дать не только критико-обобщающее заключение, но и способствует актуализации интереса к национальной детской литературе, к детской отечественной и зарубежной классической литературе, популяризации казахской сказки как основы национально-культурного, духовно-нравственного, патриотического воспитания личности.

Научиться читать надо в детстве, полюбить книгу - тоже, потому что тогда и школьник, и студент, и каждый человек будет успешным в учебе и в жизни, осознанно относиться к пониманию окружающего мира и самого себя.

Книга - даёт филологические, педагогические, эстетические и социально-нравственные «ключи» к открытию узкого мира детской литературы. Много будешь читать больше будешь знать.

Он призван научить школьника, будущего учителя, воспитателя, руководителя детского чтения читать с увлечением, понимать художественное содержание произведения, уметь делиться впечатлениями о прочитанном, судить о его достоинствах и недостатках.

Детская литература существует в культуре разных народов, от устной литературы до наших дней с точки зрения языка, стиля, содержания и структуры. В целом детская литература основана на образцах устной литературы.

Дело в том, что детская литература выполняет самые разные функции, развлекает малышей, учит их добру, помогает познать мир.

Детская литература -это область, отражающая тончайшие аспекты психологии, мировоззрения и восприятия человека. Писатель использует различные лингвистические приемы для описания сложностей человеческой природы, ее внешнего вида и внутреннего мира.

Детская литература в Казахстане набирает обороты ввиду меняющегося мира, наряду с западными творцами развивается детская фантастика, зачастую связанная с казахскими традициями, обычаями, мифологией, географией и менталитетом, что намного легче воспринимается казахстанскими маленькими читателями.

Мировая детская литература представляет собой сказки, рассказы, стихотворения, энциклопедии, эпосы. Жанры многообразны и красочны, издания изобилуют живописными картинками для привлечения и удержания детского внимания.

Детей повсеместно захватил мир фантастики, чародейства и волшебства. Практически все дети, а в некоторых случаях и взрослые буквально зачитываются серией знаменитых романов о мальчике Гарри Поттере, написанной английской писательницей Дж. К. Роулинг.

Хорошая книга может стать частью личности. На прилавках книжных магазинов сегодня можно встретить огромное количество предложений, но не всё, что в красивой и яркой обложке, будет полезно читать детям. Лучшими будут те произведения, которые отличаются не только увлекательным сюжетом, но и несут в себе определенные воспитательные идеи: учат добру, справедливости, честности.

На пример хотим рассказать о прочитанном книге который оставил много впечатлений.

Это книга называется «Маленький принц». Автором данной книги является: Антуан де Сент-Экзюпери - французский писатель, лётчик.

Главный герой в детстве мечтает стать художником. Он рисует забавные картинки, но взрослые не замечают в нём талант. Они советуют мальчику хорошо учиться в школе и налегать на точные науки. Повзрослев, герой выбирает профессию лётчика. Во время выполнения задания его самолёт глохнет посреди бескрайней пустыни Сахара. Мужчину ожидает мучительная смерть от голода и жажды.

На следующий день после крушения пилот с удивлением обнаруживает в пустыне маленького мальчика с золотыми волосами. Он быстро находит общий язык с Маленьким Принцем, который прилетел на Землю с крошечной планеты В-612. Мальчик рассказывает новому другу о том, как он старательно ухаживает за своей планетой: выкапывает сорняки, чистит вулканы. Его одинокая жизнь меняется после появления прекрасной Розы. Когда надменная красавица отвергает любовь Маленького Принца, он отправляется в путешествие.

Золотоволосый мальчик посещает соседние планеты. Он знакомится с пьяницей, честолобцем, фонарщиком, королём, деловым человеком. Каждый из них делится с мальчиком своим пониманием жизни. На Земле Маленький Принц находит настоящих друзей: лётчика, лиса и

змею. Он возвращается к себе домой и на прощание просит лётчика смотреть почаще на звёзды и вспоминать его.

Считаем, что каждый родитель должен прочитать своему ребенку эту книгу. Она модная, распиаренная, многие прочли книгу, посмотрели мультфильм. Но мало, кто понимает всю глубину, скрытую за безобидным бредом. Такое маленькое произведение, а в нем вмещается и модель нашего общения, и проблемы отцов и детей, и понятия дружбы, любви, самой жизни. Максимально простыми словами объясняются очень сложные вещи.

«Маленький принц» - аллегорическая повесть, наиболее известное произведение Антуана де Сент-Экзюпери. Рисунки в книге выполнены самим автором, в которой просто и проникновенно говорится о самом важном: о дружбе и любви, о долге и верности, о красоте и нетерпимости к злу и не менее знамениты, чем сама книга. Важно, что это не иллюстрации, а органическая часть произведения в целом: сам автор и герои сказки всё время ссылаются на рисунки и даже спорят о них. Уникальные иллюстрации в «Маленьком принце» разрушают языковые барьеры, становятся частью универсального визуального лексикона, понятного каждому. «Ведь все взрослые сначала были детьми, только мало кто из них об этом помнит», «Все мы родом из детства», - напоминает великий француз и знакомит нас с самым загадочным и трогательным героем мировой литературы - Антуан де Сент-Экзюпери

Таким образом, отличительными особенностями детской литературы Казахстана в эпоху глобализации становятся сочетание традиций различных национальных культур, тяготение к новым жанровым формам, экспериментам на уровне содержания, стиля произведений. Важнейшим средством формирования ценностной системы подрастающего поколения всегда являлась литература для чтения. Детская литература тесно связана с развитием науки, истории, культуры. Тематика познавательных книг для детей зависит от того, какая отрасль науки занимает в данную эпоху господствующее положение, специалистов каких областей знаний ждет общество. Так, в каждую историческую эпоху по-своему проявляются связи детской литературы с фольклором, литературой, наукой, просвещением и другими областями культуры.

Список использованной литературы:

1. Анищенко О.А. Духовно-нравственное воспитание школьников в процессе формирования читательской культуры // Білім-Образование. - Астана, 2013. - № 2 (65). - С. 166-167.
2. Савельева В. Поколение, воспитавшее себя само // Простор. - Алматы, 2016г. - № 12.
3. «Маленький принц». Антуан де Сент-Экзюпери, 2021г.

ӘОЖ. 82-455.01

МЕНДІБАЙ ӘБІЛҰЛЫНЫҢ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ («Күпия әуен» әңгімесі бойынша)

СЕЙДАХОВА Д.С.

М.Мәметова атындағы №27 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, магистр, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Профессор, кандидат филологических наук Мендибай Абилович — «Тайная мелодия» – одно из самых разнообразных по своему замыслу произведений, посвященное развитию детской литературы. Через произведение писатель демонстрирует специфику места искусства кюя в духовном мире казахского народа, высокое благородство духовного бытия, культуры, мировоззрения казахского народа в понимании кюя. Мелодический характер, художественный образ, глубина философской мысли, вкусы и познания народа отражают специфику, формируемую с детства.

Summary. Professor, Candidate of Philological Sciences Mendibai Abilovich - "the secret melody" is one of the most diverse works for the development of children's literature. Through the work, the writer reflects the specifics of the place of kui art in the spiritual world of the Kazakh people, the high nobility of the spiritual essence, culture, the worldview of the Kazakh people in the understanding of kui. The melodic character, artistic image, depth of philosophical thought, tastes and knowledge of the people reflect the specifics that have developed since childhood

Қай елді алсақ та, бала тәрбиесіне бейжайлық танытпайды. Сондықтан да болар балалар әдебиетіне, балалар ақын-жазушыларына деген көзқарас пен құрмет ерекше. Неге десеңіз, балаларға арнап қызықты шығармалар жазу әркімнің ермегі мен қолынан келетін іс емес. Дүниеге келе салысымен ауыз әдебиетінің “Бесік жырынан” сусынданатын өскелең ұрпақтың талғамы мен тануы бөлекше боларында әйтеуір бір құдірет бар. Соған қарағанда, ән-өлең бала бойына ана сүтімен бірге таралатын болу керек. Әйтпесе, бөбекті өлеңмен қалай ұйықтатып, өлеңмен қалай оята алады? Дүниеден хабары жоқ, бесікте жатқан сәбиді өз ырқына көндіріп, өз дегенін істететін — өлеңнен артық керемет бола ма? Бөбектерге арнап өлең жазудың қиындығы да осында болса керек. Өйткені, ол барлық жырдың нәрі, барлық жырдың басы ғой...

Профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Меңдібай Әбілұлының балалар әдебиетінің қалыптасып дамуына өзінің әр жастағы баланың ой — өрісіне сай лайықталған тілі шұрайлы, қызық оқиғалы, күлдіргі әрі тапқырлығы жағынан әр алуан ойлы туындыларының бірі — «Құпия әуен». Шығарма арқылы жазушы қазақ халқының рухани дүниесінде күй өнерінің алатын орнының ерекшелігін, күйді түсінудегі қазақ халқының рухани болмысының, мәдениетінің, дүниетанымының тұғыры биік асылдығын таныту. Халық күйлерінің әуендік сипаты, көркемдік образы, философиялық ой тереңдігі, халықтың талғамы мен танымының бала кезінен қалыптасатын ерекшелігін көрсетеді.

Қазақ халқының біздің дәуірімізге дейін сақталып қалған асыл мұрасы — күй өнері. Өткен ғасырларда нота сауаты жоқ кезде дүниеге келген ән-күйлер өмірмен бірге қайнап, ауыздан-ауызға, қолдан-қолға көшіп біздің заманымызға жетті. Қазақ халқы өзінің көңіл-күйі мен арманын, қоғамға деген көзқарасын домбыраның қос ішегі арқылы жеткізе білді. Шығарма барысында осы өнерді тарихпен, аңызбен егіздестіре отырып, аңыз күйлер — халықтың өткен тұрмыс — тіршілігі жайлы баяндайды. Осы арқылы бала психологиясының нәзік сырына жетік білгірлігін танытады. Оның шығармалары мектеп оқулықтарынан біртіндеп орын алып келеді.

Ертегілердің ең басты ерекшелігі тарихилығында жатыр. Оған дәлел: «Ертеде Балапан деген күйші өмір сүріпті. Сонау жаугершілік заманда жоңғар басқыншылары жер қайысқан қалың қолмен Жаба тауы маңына келіпті. Түн ортасында тынығып жатқан жоңғардың бірнеше батыры шошып ояныпты. Таудың арғы жағынан жылқы тұяқтарының дыбысын естіпті. Дүркірей шапқан қалың сайгүліктің ғажайып дүбірі қараңғы түнде жоңғарларға ап — анық естіліпті дейді. Жоңғарлар мұндай құпия әуенді бұрын — соңды естімеген екен.

- Бұл — домбыраның үні,- деп сыбырлапты бірінші нөкері қолбасшыға.

- Бұл — күй,- депті екіншісі қысық көзін жыпылықтатып.

- Бұл — қазақ әскерін жігерлендіретін, шабуылға көтеретін күй,- депті үшінші нөкер де.

Жоңғардың барлық қолы ұйқыларынан оянып, күмбірлеген күйді қалшыя тыңдап тұрып қалыпты. Мынау — күй емес, оқ! Жанымды жегідей жеп барады, — депті бір жоңғар отыра қалып.

- Менің екі тізем қалтырап бара жатыр,- депті бір жоңғар тізерлей келіп.

Күй бірте — бірте күшейе түсті.» Алайда, бұл шығарманы қарапайым ертегіге ұластыра оның тілдік сипатын ашып көрсетудегі автор шебершілігін айтпай кетуге болмайды. Себебі тіл мен тарих біте қайнасып, заман ағымында қатар жүретін сонадай-ақ, бірін зерттесек бірінің шеті шығатын мұралық қор. Адам тарихы өз қолымен соғып артта қалдырып бара жатып, тілдік белгілерін де өзі сол тұста айшықтап кетеді. Ал мұндай белгілерді зерттеуші топ жинастыру, талдау, іздену барысында байқайды. Сонымен қатар қазақ күйінің құдіретін де жоғары бағалау керектігін естен шығармаған.

«Қазақ әдебиеті қай кезеңде болмасын өзіне дейінгі ұлттық әдебиетіміздің бар асылын, үлгілі дәстүрін ала отыра дәуірге сай жаңа көркемдік мүмкіндіктерді ашты. Әсіресе, мұндағы балалар әдебиеті мен халық ауыз әдебиетінің үлгі өнегесінің құнарлы болғанын атап айтқан абзал. Әдебиеттің әр кезеңінің табалдырығын шығармашылық талаппен аттаған ақын-жазушылардың қай-қайсысы да осынау бір ұлт әдебиетінің қайнар көздерінен нәр алып барып түрлі ізденістерге бой ұрады. Дәстүрлі жалғастыру мен жаңашылдыққа ден қою ой-сана тұтастығына, идеялық-көркемдік бірлікке алып келді. Бәрін біріктірген ортақ ұлы мақсат — ұлттық сананы оятып, азаттыққа қол жеткізу. Аңыз ертегі соңында «Жоңғарлар шатырларын жығып, атқа қоныпыты. Қолбасшы: - Шегініңдер! Қашыңдар!- деп айқайлапты. Сондағы шертілген «Жауға шап» күйі, ал орындаған атақты күйші Балапан бабамыз екен. «Жауға шап» күйі тек тойда ғана тартылатын болған. Күй тойға жиналғандардың көңілін көтеріп, жігер берсе керек. «Той беріп жатып қапы қалмайық, сырттан келетін жауды ұмытып кетпеңдер» деген белгі екен.

Сөйтіп, жоңғарлар сол «Жауға шап» күйін естіп, Жоба таудан әрі өте алмай, айбыны қайтып, кейін шегініп кетіпті дейді аңыз.»

Сонымен қатар ел еркіндігінде шығармашылығын пайдалану арқылы мүмкіндіктерін жүзеге асыруға да үлкен жол ашқан. Еркіндік пен азаттық идеясы сонау ықылым замандардағы мифтік дәуір оқиғаларынан-ақ бастау алған. Ол байырғы түркілік дүниетаным мен наным-сенімдерде де айшықты орын алды. Мәселен, Зороастризмдегі Ахура- Мазданың Анхра-Майньюмен күресі – ізгілік пен әділеттіліктің бостандығы үшін күресінің рәміздік көрінісі. Ал тәңіршілдік идеясында Тәңір түркі халқына бостандық сыйлаушы және оны қамтамасыз етуші құбылыс. Шамандық сенімде бақсы- балгерлер де осы музыка саласын пайдаланғаны баршамызға мәлім.

Бүгінгі қазақ балалар әдебиетінің өкілдерінде де еркіндік құбылысын философиялық тұрғыдан талдау және қазақ халқының ұлттық идеясы- мен тарихи сабақтастығын көрсету болып табылады. Қазақ мәдениетіндегі еркіндік феноменін зерттеудің дүниетанымдық және әдіснамалық астарларын зерделеу мақсатында дәстүрлі қазақ дүниетанымының ерекшеліктері анықталып, ондағы еркіндік идеясының алатын орны көрсетіледі. Соның бірден бір дәлелі - Профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Меңдібай Әбілұлының «Күпия әуен» әңгімесі. Әңгіменің ең басты мақсаты- сюжетті барынша ғажайып етіп, көркемдеп, әрлеп баяндау. Демек ол шындыққа бағытталған дүние, сондықтан әсірелеуді міндет тұтады. Ал автор өмірде шын болған деп дәлелдеуге тырыспайды. Айтылған оқиғаны жеңілдету үшін қазақ ертегілеріне тамырын жая аңызды тарихпен ұштастырады. Қай ертегіні алып қарасақ та халықтың танымы, тұрмыс-тіршілігі, ой-арманымен астасып жатыр. Ертегіден тек қана қиялға толы өмірді ғана емес, шынайылық пен тарихты да көреміз.

«Жауға шап» күйінің дәуірі деп Қазақ хандығы заманын айта аламыз, бұл жыраулық дәстүрдің салтанат құрған кезі, күйдің де ұлттық сипатқа лайық аспаптық шығармаға толық айналып болған кезеңі. Бұл кездегі күйлер -тарихи күйлер қатарына жатады, мұнда хандық мемлекеттің басынан өткерген салтанаты мен қайғысы баяндалады.

Бүгінде ақыл мен ойдың кемелденген, тәжірибе мен көрегендіктің толысқан, шынайы шеберліктің шыңына таяғанған сәтте ең алдымен ғалымның тұлғалық қасиеттері болашақ ұрпаққа үлгі болуы тиіс. Қазақ тіліне, сөзіне деген құрмет, ұлттық құндылықтарды сақтауға деген талпыныс – кез келген ғалымның бойынан табыла бермейтін тұлғалық қасиеттер. Осыдан келіп, ғалымның осы қасиеттерін болашақ ұрпаққа жеткізу, санасына сіңіру, маңыздылығын таныту мақсатында талай жұмыстар жүргізу қажеттігі туындайды. Бұл – болашақтың, яғни біздің асыл міндетіміз.

Қорыта айтқанда М. Әбілұлы қазақ балалар әдебиетінің қатардағы қаламгері ғана емес. Балалар әдебиетіне талант бейімі қалыптасқан балалармен туа бітті қарым-қатынасы болғаны анық. Белгілі бір дәуірде өмір сүрген суреткер шығармаларында болжалды идея үнемі бірыңғай күйде көрініс таппай, сан-салалы көркемдік шешімдер арқылы бой көрсететіні ақиқат. Әрбір әдеби бағыттың, көркемдік әдістің өз шеңбер шегі, шектеулі мүмкіндіктері бар. Әрбір үлкен суреткердің айқындалған бағыты бар, ол сол өзі ұстанған бағыт жолында еңбек етеді. Бұл бағыттарды біріктіретін бір-ақ ұстаным бар, ол – ұлттық рух» [7; 176].

Ұлттық рух жолындағы күрес белгілі бір дәуірде идеяға айналады. Барлық адамзаттың күш-жігері мен мүмкіндік-қабілеттері сол идея айналасында қызмет етеді. Осылардың ішінде әдебиет өкілдері идеяны жүзеге асыратын бірден-бір «күш иелері» болып табылады. Әдебиет те, әдебиет тарихы да, әдебиет өкілдері де қоғаммен тығыз байланыста өмір сүреді.

Біз шығармашылығын сөз етіп отырған М. Әбілұлы тәуелсіздік дәуірінің, ата-бабамыз аңсап кеткен азаттыққа қол жеткен күнде ғұмыр кешіп жатырған ұрпағы. Сондықтан қазіргі қазақ әдебиетшілері азаматтық ұстанымы мен идеясы – тәуелсіздікті сақтау, құрметтеу, бағалау идеясымен астасып жатыр. Біз үшін ұлттық жетістігіміздің ең қымбаты да осы – тәуелсіздік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001.
2. Мұқашева Р. Қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық характерді бейнелеу жүйесі. Автореферат /Р.Мұқашева. – Алматы, 2000.
3. Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы. – Астана: Елорда, 2003.
4. Әбілұлы М. ЖАМБЫЛ - ӘЛЕМ ТҮРКІЛЕРІ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ АЛЫБЫ, 2001.

МЕНДІБАЙ ӘБІЛҰЛЫНЫҢ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНЕН АЛАТЫН ОРНЫ (М.Әбілұлы және балалар әдебиеті тарихының қалыптасу, даму кезеңдері)

АЛДОНГАРОВА А.С.

М.Мәметова атындағы №27 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-зерттеуші, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются проблемы исследования казахской детской литературы. Анализируются литературоведческие работы известных казахских ученых середины XX века, послужившие первоисточниками изучения поэтики казахской детской литературы того периода.

Summary. The article devotes problems of Kazakh children literatures. There are famous literature scientists work for middle of XX century, which had be first in research of poetic of Kazakh children literature for this period have been analyzed.

Балалар әдебиеті – қазақ әдебиетінің өскелең бір бұтағы. “Балалар әдебиеті деген ол – қазақ әдебиеті деген сөз. Балалар әдебиеті – ең ұлы әдебиет. Оны қартайған қария да, қаріп таныр жас бала да оқи алады. Оның өсу, өркендеу, даму жолдары бар. Алғашқыда жалпы әдебиеттік мұралармен бірге дамып келсе, соңынан өз алдына дараланып, өз ерекшеліктерімен таныла бастады. Балалардың жастық, білімділік ерекшеліктері еске алынды. Балалар әдебиеті балаларға тәлім – тәрбие, білім беретін өмір оқулығына айналды.

Балалар әдебиеті жайында балалар ақыны Қ.Баянбай былай дейді: “Балалар әдебиеті барша әдебиеттің бастауы болуы керек. Балалар әдебиетіне қатынаспаған жазушылар жақсы дүниелер тудыруы мүмкін. Бірақ балалар әдебиетін парақтамаған жазушының бір кемшілігі сезіліп тұрады.

Горькийдің балалар жазушысы өзге жазушылардан да сапалы жазуы керек дейтін сөзі бар. Шынында әдебиеттің қайнар бастауы, әрі балаларды әдебиетке әкелетін шығармалардың сапасыз болуға хақысы жоқ” [9]. “Балалар әдебиеті меніңше, барлық әдеби, мәдени ой-санамыздың қалыптасуына тұңғыш ықпал ететін бастау дер едім. Әдебиеттің бастауы фольклор десек, осы фольклордың негізі бесік жырынан басталады. Тақпақ, санамақ, өтірік өлең, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш мұның бәрі үлкен әдебиетке жол салатын балалар әдебиетіне жатады.”

Балалар әдебиеті - келешек әдебиеті. Белгілі академик жазушы Мұхтар Әуезов : «Ел боламын десең , бесігінді түзе» деген екен. «Бесікті » түзетудің бір жолы – бесік жырын түзеу. Бүгінгі балалар әдебиеті өрісі биік, өресі кең, мәдениеті үлкен әдебиет.

Балалар әдебиеті – балалар өмірінің энциклопедиясы. Бастысы балалардың рухани мәдениетін байытып, туған елі мен жерін сүйуге, ата-анасын сыйлау , үлкенге құрмет көрсету , имандылыққа тәрбиелеу. Мазмұны ғибратты, тілі көркем, жеңіл жатталатын, ғасырлар бойына халық даналығына, тәжірибесіне суарылған Қазақ балалар әдебиеті балалардың мінез-құлқын, көркемдік талғамын танытатын, шығарманың қуат көзін ашатын асыл мұра. Ол өзінің бала табиғатына лайықтылығымен, жүйелілігімен, сазды әуенімен, өнегелі мазмұнымен, нәрлі тілімен балалардың рухани азығына айналған тәрбие қайнары болып табылады.

Балалар әдебиеті туралы ұлы орыс классигі В. Г. Белинский : «балалар кітабы тәрбие үшін жазылады, ал тәрбие ұлы жұмыс, адам тағдыры сол тәрбие арқылы шешіледі» , - деген. Балалар әдебиеті - ұрпағымыздың ұясы. Балалар әдебиеті баланың көңіл- күйін қуанышқа кеңелтіп, қиялын қанаттандырып , психикалық сезім әрекетіне айрықша әсер етеді. Сонымен қатар көркем әдебиет балалардың дүниетанымын кеңейтіп, ой - өрісін дамытып, тіл байлығын жетілдіреді. Көркем сөз өрнегін балалар құлағына тыңдатып, сәуле түсіреді, халық қазынасының музыкалық үнінен нәр алады. Көркем әдебиет арқылы кішіге қамқорлық, үлкенге жәрдем, еңбекті құрметтеу, достық пен инабаттылық , адамгершілік қасиет , ұлттық үлгі - өнеге, өмірмен танысады.

Ыбырайдың жазған әңгімелерінің бір ерекшелігі қазақ халқының тұрмыстық өмірін мысал ете алып, келесі буын ұрпақтың өсіп өркендеуіне қажетті үлес қоса білген. Ыбырай әңгімелерінің негізгі мазмұны: балаларды білімге, өнерге, адамгершілік пен тәрбиеге баулу болып табылады. Ол ел-жұртқа қажет білім мен өнерді игерудің төте жолы тұрақты мектептер арқылы іске асады деп санады. Мысалы "Аурудан аяған күштірек", "Асыл шөп", "Малды пайдаға жарату" атты әңгімелері қайырымдылық пен бауырмалдық, сабырлық пен шыдамдылық секілді қасиеттерді тәрбиелеуге арналған.

Сондай-ақ жазушының балаларды әдеп пен әділдікке, қанағатшылдық пен жомарттыққа, сақилық пен тазалыққа, ізеттілік пен бауырмалдыққа шақыратын әңгімелері де бір төбе. Бұлардың ішінде жан-жануарлар тіршілігінен алып жазылғандары да аз емес. Мысалы, "Түлкі мен ешкі", "Қарға мен құрт", "Сауысқан мен қарға" т. б. Дегенмен оның балалар табиғатына жақын, қазақ өмірінен алып жазған шығармаларының өзі аса елеулі. Осы орайда қара сөзбен келсе де айтыс

өнерін еске түсіретін "Жан-жануарлардың дауласқаны", "Байұлы", "Сәтемір хан", "Жәнібек батыр", "Оқудағы балалардың үйіне жазған хаттары" тәрізді топтамаларында тапқырлық, шешендікке баулуды мақсат етеді.

Ш.Ахметов «Қазақ балалар тарихының очеркі» кітабында балалар әдебиетінің алты ерекшелігін атайды. Біріншіден, балалардың психологиясына зерттеу жасағанда, олардың ойлау, түсіну қабілеті әңгімеленіп отырған оқиғаның, көркем образдың нақтылығын, дәлдігін, әсіресе кәріктілігін, өз өмірінің айналасынан алынып отыруын қажет етеді; Екіншіден, әңгімеленіп отырған оқиғаның барысында лиризм болуы шарт. Баланың ішкі дүниесіне, ой-санасына бірен әсер ететін күшті де мағыналы сөздер айтылуы керек; Үшіншіден, балалар әдебиетінде оқиғаны және адам характерін суреттеу өзгешеліктері мен әдістерінің динамикасы ерекше болады. Психологияның дәлелдеуіне қарағанда, балалар алдымен оқиғадан оқиғаның туып отыруына, бұлардың тез өзгеруіне, шешіміне, кейіпкерлер мінездерінің әр жақты болуына қызығады. Одан соң оның неден шыққан себептерін іздестіре бастайды; Төртіншіден, балалар жаратылыстың көркем көріністерін, пейзажды шебер зейнеттеуді ұнатады, оған сүйсіне қарайды, соны өз айналасынан іздейді. Көркем әдебиеттегі жаратылыс суреттері олардың байқағыштық, талғампаздық қабілетін арттыра түсеі. Пейзаждық сурет – эстетикалық тәрбиенің бір көрінісі. Эстетикалық тәрбие көбіне ақыл тәрбиесімен тығыз байланысты болып отырады. Өйткені көркемдікке тәрбиелеу – баланың ақыл-есінің тез жетіліп, тез дамуына көмектесіп отырады. Эстетикалық тәрбие сондықтан да көркем өнердің барлық салаларында ұлы шеберлер жасаған көркем өнердің, көркем әдебиеттің аса құнды шығармаларын балалардың терең түсінуін, сол шығармалардан рахаттанып рухани ләззат алуын дамытады; Бесіншіден, балалар әдебиеті шығармаларының мазмұн мен идеясы олардың белсенділігін арттырып, өз өмірінің жарқын болашағын танытуға себепкер болуға тиісті. Оларды белгілі мамандыққа үйретіп, еңбексүйгіштікке әуестендіре білуі керек; Алтыншыдан, «Сөз - әдебиеттің негізгі материалы. Біздің барлық әсерімізді, ойымызды көркем түрге келтіретін – сол. Әдебиет – сөз арқылы сұлу суреттелетін өнер» - деген М.Горький. Әсіресе, балалар әдебиетіне қойылатын талаптар да дәл осындай. Балалар әдебиетінің тілі ойнақы, жеңіл, әрі көркем, әрі қысқа, әрі мейлінше түсінікті, айқын да дәл, әсерлі болып отыруға тиісті. Балалар әдебиетінің тілі олардың сөздік қорын байытуға жәрдемдесетін бірден бір құрал болып табылады [3, 3 б.].

Қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, аудармашы, әдебиетші, балалар ақыны, Абай атындағы мемлекеттің сыйлықтың иегері, Қазақстан халық жазушысы Мұзафар Әлімбаевтың балалар поэзиясында орны ерекше. Оның «Менің ойыншақтарым» (1953), «Орақ - олақ» 1962, «Шынықсаң шымыр боласың» (1969), «Балдаурен, шіркін, балалық» (1973), «Ақсерек те көксерек» (1977), «Аспандағы әпке» (1982), «Екі тақтай бір көпір» (1992) «Қоянның құлағы неге ұзын?» (1996), сияқты т.б. жинақтары кішкентай оқырмандардың сүйікті кітаптарына, ұстаздардың, тәрбиешілердің балалар тәрбиесінде, олардың ой- өрісін дамытудағы көмекшісіне айналды.

Сөзіміз жалаң болмас үшін ақынның еңбекке шақырған бір – екі өлеңін мысалға келтіріп өтейін:

Ара тыңбайды
Ұшып зырлайды,
Шарлап қырларды,
Шырын жинайды.
Гүлдер өсірсен,
Балың сыйлайды.

«Сыйға - сый» өлеңінде М. Әлімбаев аранын күнделікті зырлап ұшып, тыным таппай, еңбектенген тірлігімен бүлдіршіндерді таныстыра отырып, оларды да ара құсап тынбай еңбектенуге шақырады. Сөйтіп, «еңбек етсең ерінбей, тояды қарнын тіленбей» деген ұлы Абай афоризміне жақын ой түйеді

Сондай-ақ, мысқылы мыс қайнататын қаламгер атажұрттан алыс, қиырдағы Бесқалада туып-өссе де ана тілінде білім алып, жоғары оқу орынын бітіріп, қаламды жанына серік еткен Меңдібайдың о бастағы арманы – сатирик жазушы болу еді. Туған жері – Қарақалпақстанда жүріп,

баспасөз беттерінде сан рет сатиралық шығармалары мен фельетондары жарық көрген оның 90-жылдардың басында «Арақтың жүз грамм қалдығы» деген кітабы жарық көрген болатын. Алайда алғашқы кітабынан соң ұзамай діни ақындар шығармашылығын зерттеп кандидаттық диссертация қорғап, Қарақалпақ мемлекеттік университетінің қазақ филологиясына оқытушы болып, жас ұрпаққа әдебиет сырларын үйретуге бел шеше кірісіп кеткен жас ғалым ұзақ уақыт сатира ауылына ат ізін салмай кетті. Кейін атажұртына көшіп келіп, Хожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде жұмыс істеді, одан соң Тараз қаласына келіп, Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің филология факультетіне оқытушы болып орналасты. Біраз жылдан бері осы университет қабырғасында жастарға дәріс беріп жүрген қаламгердің 40-тан аса ғылыми, әдеби еңбектері жарық көрді.

Дегенмен соңғы жылдарда баяғы өткір қаламын қолына қайта алып, сатиралық шығармалар жаза бастады. Қашанда өнімді еңбек ететін қаламгердің соңғы бір-екі жыл ішінде жазғандары жиі жарияланып, жұрт көзіне мықты сатирик ретінде түсе бастады. Басқасын былай қойғанда, Меңдібай Әбілұлының сатиралық шығармалары «Қазақ әдебиеті» газетіне бір жылда үш рет басылып шықты. «Тебеген сөз», «Қотыр ешкінің күші» атты екі бірдей әзіл-сықақ кітабы басылып шықты.

Қашанда қоғамдағы кесірлі әдеттердің қиядан көзі шалып, дәлдеп ататын Меңдібайдың шығармашылық шеберлігі оның әр қысқа шығармаларының өзінен байқалып тұрады. Шағын да шымыр шығармалары топтастырылған екі су жаңа кітабының қай бетін ашып қалсаң да, бүгінгі қоғамда асқынып тұрған жемқорлық, алаяқтық, өтірікшілік, бейталаптық, дарақылық секілді мінездерді аямай шенеген өткір сюжеттерді көресіз.

Маселен «Түшкірік той» деген шағын сықағында той беруде жұрттан қалғысы келмеген Жидегүл деген әйел баласы аяқ астынан түшкіріп қалғанына қарап ой тауып, «түшкірік той» деген той береді. Сөйтіп баланың тұңғыш рет түшкіргеніне берілетін бір «той» пайда болады. Бұл енді дәстүрі дарақылыққа ұласып бара жатқан бүгінгінің қазағы ғой. Удай әжуа жаныңа батса да, мойындауға тура келеді.

Осындай бір тамаша қаламгердің бар екенін біліп жүрудің артығы болмайды дегенді айтып қалғымыз келді.

Қорыта келгенде, қазіргі қоғамда балалар әдебиетін дамыту өте қажет, себебі бүгінгі компьютерленген заманда біз балалар әдебиетін оқудан ақсаңдамауымыз қажет. Балалар әдебиеті – жас буынның сана- сезімін оятып, ақыл – есін дамытатын, олады адамгершілік қасиеттерге баулитын өмір оқулығы.

Ендеше, балалар әдебиеті, сол болашақ, келешекті тәрбиелейтін рухани үлкен күш қой. Қысқасы, қазақ балалар әдебиеті – келешек әдебиеті. Келешек әдебиеті алдында бәріміз де берешекпіз!

Балалар әдебиеті – балаларымыздың болашағы һәм ертеңі. Ұлтымыздың тұтқасын ұстар ұрпағымыздың келешегіне салғырт қарамайық!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ерубасов С. Мәңгілік өмір. А.Жазушы. 1994.
2. Бұлқышев Б. Заманбиздікі. А.Жалын. 1994.
3. Ахметов Ш.. Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі. А. 1965.

ӘОЖ 82.475

ТҰМАР ПАТШАЙЫМ ТУРАЛЫ ҚИССА

КАНИЕВА Ж.С.

№52 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассказывается о царице-галисмানে.

Summary. The article tells about the mascot queen.

Белгілі ғалым, жазушы-журналист һәм ақын М. Әбілұлы бірнеше жылдан бері қазақ балалар әдебиетінің тарихын ежелгі дәуірден бастау қажеттігі жайында мәселе көтеріп, филолог - ғалымдарға ой салып жүргені аян. Ол балалар әдебиетінің тарихын ежелгі сақ, ғұн, үйсін-қаңлы дәуірлерінен бастап, "Исламдық түркі дәуіріндегі балалар әдебиеті", "Алтын Орда - Қыпшақ дәуіріндегі балалар әдебиеті", "Қазақ хандығы дәуіріндегі балалар әдебиеті (XV-XVIII ғасырлар)" деп тарихи кезеңдерге бөледі.

Біздің зерттеу еңбегіміздің ғылыми тұжырымдарына негіз болатын мәселе қазақ ауыз әдебиетіндегі қисса жанрының қалыптасуы мен М. Әбілұлының "Тұмар патшайым туралы қисса" атты шығармасы жайлы болмақ.

Қисса – қазақ дүниетанымының қалыптасуына тікелей ықпал еткен ортағасырлық әдеби жанр. Қисса айту дәстүрі Алтын Орда дәуірінде қарқынды дамып, түркі-ислам өркениетінің негізін қалыптастырған. Академик Радлов «бір қиссаның күдіреті жүз молданың уағызынан артық» деп баға береді.

Кеңестік дәуірде өлеңмен және қарасаөзбен кезектесе жазылатын, айтылатын бұл әдеби жанр тоқырауға ұшырады. Біздің ұлттық құндылықтарымыздың аяқ асты болуы, кеңестік соц.реализмнің басымдық танытатыны осы дәуірден басталды. Қиссаны бірлі-жарым ақындар ғана жазды да осы жанрды дамыту көзделмеді. Тәуелсіздіктен кейін өлең және қара сөзбен жазылатын руханиятымызға қажетті қиссаны қайта жаңғыртуда еңбектеніп жүрген М. Әбілұлының еңбегі атап өтуге лайық. Ол балалар мен жасөспірімдердің әдебиетке деген құштарлығын арттырудың кілті – өлең және қарасөзбен жазылатын, ауызша айтылатын қиссада деп танымдық қабілет көрсетті. Осы пікірін нақтылау мақсатында «Алып Тарғытай туралы», «Анарис Қоңырұлы», «Мөде қаған туралы», «Алтын домбыра туралы», «Тұмар патшайым» т.б. қырықтан астам қиссалар жазды. Бір атап өтерлік жәйт - М. Әбілұлының қиссаларының басым көпшілігі тарихи қиссаларға жататындығы.

Осы мақаламызда тілге тиек ететін, тілімізге арқау болатын М. Әбілұлының "Тұмар патшайым" қиссасы. Бұл балаларға арнап жазылған шығарма. Қиссада сақтардың батыр әйелі Тұмар патшайымның ерлік ісі өз дәуірінде әлемге жайылғаны, «жеңілмейтін» парсы патшасы Кирдің басын кескені, жалғыз ұлы Спаргапистің кегін алуы қызықты сюжеттермен, балаларға түсінікті тілде баяндалады.

М. Әбілұлының ХХІ ғасырдың басында жазылған «Тұмар патшайым туралы қисса» шығармасы қазақ оқырмандарын, әсіресе балалардың қызығушылығын тудырды. Себебі М. Әбілұлы қисса жанрын қайта жаңғыртып, рухани байлығымызды дамытуда еңбектеніп жүр. «О, құрметті оқырманым, бұл дастанды жазар алдында көп ойландым, көп ойланып, қаламымды қолға алдым. Ойланғаным-алға қойған мақсатыма жетсем дедім, өскелең ұрпақтардың санасына Тұмар патшайымның ерлігін жеткізсем дедім. Батыстан қаптап келе жатқан ақпараттар ағынына осы шығармаларым қарсылық етер дедім, техногендік өркениетке ата-бабаларымның ежелден келе жатқан әдеби дәстүрін қарсы қойдым» деп басталатын «Тұмар патшайым» қиссасы ә демей-ақ әдебиетші қауымның жылы лебізіне бөленді. М. Әбілұлының «Тұмар патшайым» қиссасы ең алғаш 2006-жылы 27-ақпанда А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Тараз институтының басылымы «Ясауи тағылымы» атты газетінде жарияланды.

Парсы патшасы Кир Тұмар патшайымға: «Менің әйелім боласың, әйтпесе еліңді қаңға бөктіремін» деп айбат шегеді. Сонда Тұмар патшайым жауынгерлерін Кир патшаның әскерлеріне қарсы шабуылға бастайды. Қиссада бұл былайша сипатталады: «Сонда Тұмар ханымның сарбаздарына жігер беріп сөйлеп тұрған сөзі екен дейді:

Кир патша сұмдық басынды,
Білекке қылыш асынды.
Арам ойын мақұлдап,
Имеймін мен басымды.
Соғысқа сылтау іздеді,
Бейбіт жатқан елімнің,
Мақсатын арам сезбеді.
Бейбіт өмір арман ед,
Алыбымыз арлан ед.
Қыздарымыз сүйкімді,
Жер еркесі-бағлан ед.
Ұлдарымыз-ержүрек,
Даланың мықты тарланы ед.

Қариялар шешен де,

Ақылы дария көсем ед... (М. Әбілұлы, «Тұмар патшайым туралы қисса», «Ясауи тағлымы» газеті, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Тараз институтының басылымы, №1, 27-ақпан, 2006-жыл).

Парсы патшасы Кир Тұмардың баласы Спаргапистің әскерлерін жайратып салады да, оны тұтқындайды. Тұтқынға түскен Спаргапис қорлыққа шыдай алмай өзін қанжармен шауып өлтіреді. Бұған шыдамаған Тұмар патшайым жауынгерлерін Кирге қарсы соғысқа көтереді: «...Парсы патшасы Кирдің қолынан қаза тапқан ұлының өліміне Тұмар қатты қайғырды. Бүкіл елі қайғырды. Тұмар қайғырып көп жатпады. Есін жинады. «Жаудан кек аламын» деп қайраттанды. "Ұлымның кегін аламын!" деп қайраттанды. Айға айқайлап серт айтты. Күнге айқайлап серт айтты. Көкке айқайлап серт айтты...

Айбалтасын егеді,

Бүкіл елге жар салды.

Басымнан қайғы кеткен жоқ,

Жебем жауға жеткен жоқ.

Кир патшасын парсының

Қанын әзір төккен жоқ.

Тыңдасаңдар халайық,

Кир патшаны табамын.

Басын оның аламын,

Кегін алам баламның.

Кегін алам даламның...

Міне, Тұмар патшайымның басқыншы Кирге деген өшпенділігін М. Әбілұлы осылай баяндайды.

2008-жылы Алматыдағы «Полиграфия-сервис және К» атты баспадан М. Әбілұлының қиссалары «Меңдібайдың қиссалары» деген атпен жинақ болып жарық көрді. Бұл қазақ әдебиетінде болған тосын жаңалық еді.

Филология ғылымдарының кандидаты Э. Пертаева М. Әбілұлының қиссалары туралы: «Меңдібай Әбілұлының қиссалары жайында ғалымдар Т. Тебегенов, И. Жеменей, Р. Садықбеков, С. Құлбарақ, Т. Мұқашев т.б. тұщымды пікірлер айтты.

Меңдібай Әбілұлы қазақ балалар әдебиетінің тарихына ұмытылып бара жатқан қисса жанрын қайта енгізді.

Сақтардың батыр қызы Тұмар патшайымның ерлік істері үлкен шабытпен жырланады... Парсының патшасы Кирге Тұмардың айтқан сөзіне риза болып, шығарманы тебірене оқып отырасың.

- Ей, Кир патша, қанқұмар,

Көздерінде қан тұнар.

Тұмар патшайым қозғалса,

Аузыңды қан қылар.

Қалың парсы таң қалар,

Құрыдық деп зар жылар!

Жүрген жерің тар болар,

Алдың терең ор болар,

Артың биік жар болар!

Семсер алса Тұмарың,

Сықсырың толы қан болар!..

Сақтардың батыр әйелі Тұмар патшайым туралы әлем жазушылары бірнеше әдеби шығармалар жазды. Ал бұл әдеби қисса Тұмар патшайым туралы алғаш рет жазылып отыр. Шығарманың құндылығы да осында...» - деп жазды (Э.Пертаева, «Меңдібай Әбілұлының балаларға арналған әдеби туындылары», кітапта: «Әмбебап қаламгер, ғалым һәм ұстаз», ғалым, жазушы-журналист Меңдібай Әбілұлының «Таразым-тарихтың бесігі» атты шығармашылық кешінде жасалған баяндамалар мен әдебиеттің өзекті мәселелері жайлы жазылған ғылыми мақалалар жинағы», Тараз, 2018-жыл, бірінші кітап, 21-бет).

Ал, М. Әбілұлының «Тұмар патшайым туралы қисса» шығармасы туралы «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Ғ. Мүсіреп, филология ғылымдарының докторы Қ. Молғаждаров, әдебиетшілер М. Әлсейітов, К. Қайрұлла, З. Қазжанова, С. Естемесова, С. Сейтжанов т.б. өз пікірлерін білдірді.

«Дарын» Мемлекеттік сыйлығының иегері Ғ. Мүсіреп «Тұмар патшайым туралы қисса» шығармасы туралы былай деп жазады: «Меңдібай «Тұмар патшайым туралы қисса» шығармасында көне қиссалардағы оқиғалардың баяндалу тәсілін қолданады. Ұлан-ғайыр сақ даласын жаулап алмақ болған Кир патша айламен Тұмардың баласы Спарганисті қолға түсіреді. Жау қолында қазаланған баласының кегін алу үшін жорыққа шыққан Тұмар патшайымның қайғылы хәлі қиссада былайша сипатталады: «...Аспанды бұлт торлады. Тұмардың қайғысына Ай да ортақ болды, Күн де ортақ болды. Ұлан-ғайыр дала да ортақ болды, биік дуалдармен қоршалған қала да ортақ болды. Тұмардың қайғысына таулар, ормандар теңселді. Құстар шарқ ұрды. Теңіздерде алып толқындар пайда болды. Тұмарға бұл күн қаралы күн болды. Бұл күн тек Тұмарға ғана емес, бүкіл сақтарға қаралы күн болды. Тұмарға жарық күн де түн болды, түн де түн болды. Тұмардың баласынан айрылуы сақ әскерлеріне мін болды.

Ұмытпады ел бұл күнді,
Сақ даласы сілкінді.
Бесіктегі сәбилер,
«Босат!» деп «мені» бұлқынды.
Он үштегі қыздар да,
Атқа қонып жұлқынды!
Тұмар бүкіл әруағын,
Атқа мініп шақырды.
Ормандағы арыстан,
«Жол болсын!» деп ақырды.

Жол торыған жолбарыс,
Қарағайға атылды...*(Ғ. Мүсіреп, «Ұлт руханиятының жоқшысы», «Филология ғылымы: инновация, философия және саяси-әлеуметтік мәселелер» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары», 10-11-желтоқсан, 2020-жыл, 126-бет).*

Ұмытылып бара жатқан қисса жанрын қайта жаңғыртып, ұлтымыздың руханиятын молайтуға қомақты үлес қосып жүрген М. Әбілұлының қаламынан әлі де талай прозалық, поэзиялық туындылардың дүниеге келетініне сенеміз. Өскелең ұрпақтарды ұлтжанды етіп тәрбиелеуде оның қаламынан туған рухани дүниелер ұлттық идеологиямызға үлес болатыны сөзсіз.

II СЕКЦИЯ

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ: КЕШЕ, БҮГҮН, ЕРТЕҢ

ЭОЖ. 82. 345

ТЕЛЕВИДЕНИЕНИНГ ТАЪЛИМ СОҲАСИГА ТАЪСИР ИМКОНИЯТЛАРИ (“FOREIGN LANGUAGES” ТЕЛЕКАНАЛИДАГИ КЎРСАТУВЛАР МИСОЛИДА)

НИЛУФАР ИРКАЕВА

Ўзбекистон журналистика ва оммавий коммуникациялар
университети, мустақил изланувчиси, Тошкент шаҳар

Резюме. Сегодня, помимо информационных и развлекательных программ, на телевидении регулярно транслируются передачи, которые делятся знаниями, дают образование, способствуют изучению иностранных языков. В данной статье в основном говорится о воспитательной функции передач, транслируемых на телеканале “Foreign languages” (Иностранные языки) системы УЗМТРК.

Summary. Programs that exchange knowledge, offer education, and in particular, promote the study of foreign languages are regularly broadcast on television nowadays, in addition to educational and entertainment-oriented shows. This article mainly talks about the educational function of the programs shown on the “Foreign languages” TV channel of the UZMTRK system.

Таълим соҳасини ахборотлаштириш – хорижий тилларни ўрганиш жараёнида замонавий ахборот-технологиялар, интернет манбаларидан фойдаланиш орқали сифат жиҳатдан янги босқичга ўтиш имконини берди(4,3). Самарадорлик ва натижа кўрсаткичлари бўйича телевидение таълим йўналишида бошқа оммавий ахборот воситалари орасида алоҳида ўринга эга. Кўпгина давлатларнинг муваффақиятли тажрибаси, телевидение ўзининг маданий-маърифий дастурлари билан инсонларга фақатгина кайфият берувчи ҳамда уларнинг ҳордиқ чиқаришларига кўмаклашувчи восита эмаслигини кўрсатиб берди. Ахборот, ғоя, кўникма ва муносабатларни етказишда ойнаи жаҳоннинг аҳамияти тадқиқотлар томонидан тасдиқланди (5,1-3). Ҳаттоки, хорижий тилларни ўзлаштириш жараёнида ўрганилаётган тилда теледастурларни, кинофильм ва сериалларни томоша қилишнинг самараси ва фойдали томонлари илмий жиҳатдан асосланди. Хусусан, туркиялик олим У.Меҳмет “Телесериалларни томоша қилиш орқали чет тилларини ўрганишга ёндашув” мавзусида ёзган илмий мақоласида ўрганилаётган тилда мунтазам кино кўриб боришнинг ўзиёқ қатор афзалликларни тақдим этишини аниқ рақамлар билан кўрсатиб берган(6,4). Покистоннинг Гужрат университети тадқиқотчиси Фахар Навид ҳам бу борадаги изланишларидан келиб чиқиб, телевидение таълим бўйича қуйидаги мақсадларга эришишда ёрдам беришини қайд этган:

1. Таълим сифатини ошириш
2. Оғзаки ва тинглаб тушуниш бўйича тил кўникмаларини ривожлантириш
3. Ўқитувчиларга қарамликни камайтириш
4. Ўрганиш жараёнида вақт ва маконнинг қулайлигини таъминлаш

Шунингдек, олим, телевидение, ёзма ва оғзаки тушунтириш учун жуда мураккаб бўлган маълумотларни тушунишга кўмак беришини ҳам таъкидлаб ўтган(6,8).

Дарҳақиқат, хорижий тилни яхши ўзлаштириш учун ўқув материаллардан фойдаланишнинг ўзи камлик қилади. Бунинг учун сўз бойлигини янада ошириш, тўғри талаффуз қилиш, оғзаки нутқни яхшилаш ва дунёқарашни кенгайтириш имконини берадиган жонли мулоқот воситасидан кўпроқ фойдаланиш зарур. Мутахассисларнинг фикрича, ўрганилаётган тилда намоиш этиладиган кўрсатувларни томоша қилиш маҳоратли таржимон учун ҳам, тилни энди ўрганаётганлар учун ҳам бирдек фойдали(2,88). Шу жиҳатларни эътиборга олган Ўзбекистон Миллий телерадиокомпанияси (ЎЗМТРК) ҳозирги кунда болалар ва ўсмирларга чет тилини ўргатишга қаратилган қатор лойиҳаларни амалга оширмоқда.

Кўрсатувлар барча ёшдаги тил ўрганувчиларнинг интеллектуал салоҳиятини инобатга олган ҳолда босқичма-босқич тарзда тайёрланаётганлигини алоҳида эътироф этиш лозим. Кузатувларимиздан келиб чиқиб, уларнинг хилма-хиллиги устида ҳам қизгин жараён кечаётганини таъкидлаш лозимдир.

Каналларда янгидан-янги дастурлар яратилмоқда, уларнинг сифат даражаси ошмоқда. Айниқса, ЎзМТРК тизимида “Foreign languages” телеканалининг ишга тушиши йўналишда янги даврни бошлаб берди. Телеканал 2021 йилнинг май ойида Ўзбекистон Республикаси Президентининг “Хорижий тилларни ўрганишни оммалаштириш фаолиятини сифат жиҳатдан янги босқичга олиб чиқиш чора-тадбирлари тўғрисида”ги қарорида кўрсатилган вазифаларни амалдаги ижросини таъминлаш мақсадида 2021 йилнинг 6 декабрь куни соат 9.00дан бошлаб эфирга узатилди. “Foreign languages” канали аҳоли, айниқса, ёш авлод вакиллари ўртасида чет тилларни оммалаштириш ва ўзлаштиришга ёрдам берадиган илмий-оммабоп ҳужжатли, бадиий фильмлар, ўқув қўлланмаларини бериб бориб, тил кўникмаларини ривожлантиришга кўмаклашиш каби вазифаларни ўз зиммасига олади. Телеканал 6 та хорижий тилларни қамраб олган бўлиб, рус, инглиз, француз, немис, турк ва корейс тилларида мунтазам теледастурлар намойиш этиб келинмоқда. Кўрсатувлар махсус тил блогларига бўлинган ҳолда маҳаллий ва хорижий мутахассислар иштирокида анъанавий дарс, суҳбат, таҳлил шаклда 2 соатдан эфирга берилади. Шунингдек, илмий-оммабоп, ҳужжатли фильмлар, мултфильмлар ва жонли эфирлар ҳам телеканал мундарижасидан ўрин олган. Телемаҳсулотлар Ўзбекистон Давлат Жаҳон Тиллари университети, Тошкент Давлат Шарқшунослик институти ҳамда бир қатор элчихона, маҳаллий ташкилот ва агентликлар билан ҳамкорликда тайёрланиб келинади.

Телеканалнинг энг оммабоп дастурларидан бири “Good morning, Uzbekistan” деб номланади. Мазкур лойиҳа жонли равишда ҳар куни эрталаб навбатма-навбат 6та тилда эфирга узатилади. Шу йилнинг 25 январь санасида кўрсатувнинг инглиз тилидаги сони намойиш этилди. Икки соатга мўлжалланган дастур анъанага кўра, махсус телестудияда икки нафар бошловчи томонидан олиб борилди. Бошловчиларнинг нутқи равон, хорижий тилда эркин мулоқот қилишга ярашган. Дастурга жами беш нафар меҳмонлар яъни турли соҳаларда фаолият юритувчи иштирокчилар таклиф қилиниб, улар билан долзарб мавзулар юзасидан ўзаро фикр алмашилди. Хусусан, қатнашчилар IELTS имтиҳонини топширганда “speaking skills” яъни, сўзлашув маҳоратини ошириш бўйича, тадбиркорлик фаолиятини йўлга қўйиш, муваффақият сирлари каби йўналишларда ўз тажрибалари ҳақида сўз юритишди. Кўрсатув давомида бошловчилар телефон қўнғироғи орқали томошабинлар томонидан берилган саволларга ҳам тўғридан—тўғри жавоб бериб боришди. Дастурнинг айнан шу жиҳати унинг таъсирчанлиги ва самарадорлигини оширишга хизмат қилди. Тинимсиз қўнғироқлар “Good morning, Uzbekistan” ни кузатиб боровчилар сони оз эмаслигини кўрсатиб бера олди. Жонли эфир деярли тўлиқ инглиз тилидаги самимий суҳбат асносида олиб борилди. Бу албатта, тил бўйича ҳеч бўлмаганда бошланғич билимга эга бўлганлар учун қизиқ ва фойдали бўлиши мумкин бироқ тилни ўрганишни бошлаганига кўп бўлмаган ёки инглиз тилидан хабари йўқ аммо қизиқиши сабаб эндигина тв бошқарув пултини айнан шу каналга созлаган томошабин учун зерикарли ҳамда тушунарсиздир. Шу сабаб ҳам намойиш вақтида экранда она тилидаги субтитр ёки ўрнини босувчи бошқа турдаги замонавий воситалардан фойдаланилса мақсадга мувофиқ бўларди.

Умуман олганда кўрсатув, тилни ўрганишни оммалаштириш ва томошабинларнинг бу борадаги билимларини янада ривожлантириш каби вазифаларни муносиб бажариб келмоқда. “Good morning, Uzbekistan” ни кузатиб борган ўрганувчи ўзида тилни эшитиб тушуниш қобилиятини янада ривожлантиради. Ижодкор ва иштирокчи мутахассислар томонидан айтиладиган маълумот, тавсиялар эса айнан чет тилларини пухта ўзлаштириш ва касбий фаолиятда юқори натижаларни забт этишга кўмак беради. Қолаверса, дастур аввалида ҳар гал грамматик савол тақдим этилади ва тўғри жавоб охирги дақиқаларда эълон қилинади. Бу усул томошабинни ушлаб қолиш ва ўз ўрнида, кузатувчиларнинг назарий билимларини оширишда алоҳида аҳамият касб этади. Мазкур лойиҳа худди шу тартибда бошқа тилларда ҳам тайёрланади ва эфирга бериб бориб борилади. Бундан ташқари, телеканалда онлайн шаклда тилларнинг фонетик, грамматик, лексик, синтактик хусусиятлари бўйича дарслар ўтилади, махсус ташкил этилган тил блоглари давомида мутахассислар билан диалоглар ташкил этилади, маҳорат дарслари бўлиб ўтади.

Шунингдек, бугунги кунда ЎзМТРК тизимидаги “Ёшлар”, “Дунё бўйлаб”, “Болажон” телеканалларида ҳам хорижий тилларда маданий-маърифий ва инфорацион дастурлар мавжуд

бўлиб, бу дастурлар ҳам аҳоли ўртасида чет тилларини тарғиб қилишга ўз хиссасини қўшиб келмоқда.

Телевидение орқали эфирга узатилаётган юқоридаги кўрсатувларни кузатиб, айтиш мумкинки, хорижий тиллардаги дастурларнинг асосий қисми дарс тарзида ташкиллаштирилгани ва бу машғулотларда анъанавий методлардан воз кечиб, интерактив дарс тарзида ташкиллаштирилаётганлиги аҳамиятлидир. Дарҳақиқат, интерактив дарс ўрганувчи учун бир қанча қулайликлар яратади ва кўрсатувнинг томошабинбоплигини таъминлашга хизмат қилади(2,88).

Бугунги глобаллашув, ахборот ва техника тараққиёти даврида томошабинни керакли ахборот билан таъминлаш тележурналистиканинг, хусусан телевидениенинг асосий вазифасига айланиб улгурди(2,107). Шундан келиб чиқиб, айтиш мумкинки замонавий жамиятнинг муҳим талабларидан бири – чет тилларни ўзлаштиришда телевидениенинг ўрни аҳамиятлидир.

Хулоса қилиб шуни таъкидлаш лозимки, чет тилидаги теледастурларни томоша қилиш, қўшимча дарс сифатида, мамлакатимиздаги барча ўқув масканларида тил ўрганаётган ёшлар учун ҳам, тил ўргатаётган мутахассислар учун ҳам ўзига хос методологик ёрдам важифасини бажара олади. Ва бу ўз ўрнида, айниқса мамлакатимизнинг чекка ҳудудларидаги ёшлари учун ҳам катта имкониятлар эшигини тақдим этмоқда.

Фойдаланилган манба ва адабиётлар:

- 1.“Ўзбекистон Республикасида хорижий тилларни ўрганишни оммалаштириш фаолиятини сифат жиҳатидан янги босқичга олиб чиқиш чора-тадбирлари тўғрисида”ги Ўзбекистон Республикаси Президенти қарори, 2021 йил, май
- 2.Қосимова Н., Замонавий тележурналистиканинг тараққиёт тенденциялари: маҳорат, тажриба, ихтисослашув мавзудидаги республика илмий-амалий анжуман материаллари тўплами. – Тошкент, 2015.– № 8. –148б.
- 3.Прокопова И.И., «Система обучения восприятию и пониманию русской речи на материале информационно-развлекательных программ интернет-телевидения» – Москва,2019.-23б.
- 4.Fakhar Naveed, “Role of television in the field of education”, –Pakistan, 2019
- 5.Ulker Mehmet, “The approach of learning a foreign language by watching Tv series”, Turkey,2019
- 6.“Foreign languages”телеканалнинг расмий телеграм канали

ЭОЖ 82.64

ҚАЗІРГІ ТЕРМИНДЕРЖАСАМДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

АБИЛОВА Б.Б.

М.Мақатаев атындағы №14 орта мектебі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается с точки зрения принципа бережного использования исконно и давно сложившегося исконно лексического богатства казахского языка при формировании казахской терминологии терминизация синонимов в языке является одной из основ семантических подходов.

Summary. The article considers from the point of view of the principle of careful use of the primordially and long-established primordially lexical richness of the Kazakh language in the formation of Kazakh terminology, terminating synonyms in the language is one of the foundations of semantic approaches

Қазақ терминологиясын қалыптастырудағы қазақ тілінің төл және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану принципі тұрғысынан қарағанда тілдегі синонимдік қатарлардың терминденуі семантикалық тәсілдердің негіздерінің бірі болып табылады. Шын мәнінде тілдегі синонимдер жүйесін –жаңа атау жасаудың бірден – бір қайнар көзі. Мұны қзіргі қоғамдық саяси лексикада синонимдерден жасалған теримндер санының молдығы көрсетіп отыр. Қазақ тілінің синонимия жүйесінің терминжасамдағы белсенділік сипаты олардың семаниткалық және стилдік жағынан өзгеріске түсіп, грамматикалық тұлғасын өзгертуі негіз болады.

Мәндес сөздердің терминдік қызметте көшуі сөздің мағыналық құрылымына, семантикалық негізделді. Қазіргі қазақ әдеби тілінің терминдік жүйесі әрбір затты, құбылысты, іс-қимылды бөліп – бөліп атауды, ұқсас құбылыстардың өзін бір-бірінен барынша ажыратып, айқын атауды талап етіп отыр. Соған байланысты бір синонимдік қатардағы мәдес сөдер: а) өз мағыналарына сәйкес ұқсас құбылыстардың атауы ретінде жіктеліп, сараланады. Жаңа сөз қолданыстарын жасауда мүмкіндігі мол арна ретінде синонимдер жүйесінің жаңа ұғым – түсініктерді саралау әрекетіне қатысуын қажетті процесстер мен қалыптасқан заңдылықтар негізінде жүзеге асады. Қажетті процесс дегеніміз мәндес сөздер қатарын елеп-екшеу, сұрыптау жұмыстары болып табылады. Бұл іске ең алдымен терминжасам процессіне қатысатын сирек сөздер арсеналы, оның ішінде синонимдік қатардың шеткергі сыңарларын тартылады.

Қос сөздер – тіл-тілдердің барлығында кездесетін, соның ішінде қазақ тілінің табиғатына тән үстемілік принципінің айқын көрінісі. Сөздерді қосарлау – жаңа номинация тудырудың бір жолы. Жаңа сөздер, жаңа қолданыстар ұлтымыздың ұзақ уақыт даму тарихында қалымтасып, жалғасып келе жатқан өміршендік күшке ие, тұтас тіл лексикасының қайнар бұлағы, даму көзі саналатын сөздерден туындап өритіндігі анық. Жаңа сөздер, жаңа қолданыстар қатарында кездесетін: ақыл – парасат, ою-өрнек, ой-толғам, түс-түс т.б. осы тәсіл арқылы жасалған.

А.Байтұрсынұлының тіл білімі терминдерді қалыптастыруда, әрбір ұғым атауы сұраптап, мәніне терең үңіліп қолданылуда синонимдер жүйесінің бар мүмкіндігін пайдаланғанын байқаймыз. Синоним сөздердің барлық әлеуеті, бар мүмкіншілігі ұлттық тіл негізінде сөзжасам амлдары арқылы игеріледі. Мәндес сыңарлардан жасалған қос сөздер – түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тілінің табиғатына тән үстемілік принципінің айқын көрінісі.

Терминологиялық лексиканың біріккен сөздермен толығу себебі үнемдеу принципінің әсері арқылы, жаңа аталымдардың ықшам нысанға қарай икемделуімен түсіндіріледі. Бір синонимдік қатардың компоненттеріне біртектес (мағыналас) жұрнақтардың жалғануы арқылы әр түрлі мағынада аталымдардың тууы олардың семантикалық ерекшеліктерін көрсетіп, айырым семаларының терминдасамдағы белсенділігін танытады (жұмысшы, қызметші, іскер, анықтама, айқындама, нақтылық және т.б.).

Тіл дамуында дифференциация тенденциясының белең алуын орай бір синонимдік қатарға топтасқан мәндес сөздер тіл қажеттілігін өтеу үшін өзара жіктеліп, түбір тұлға күйінде де терминдік сапаға көшкен (бұйрық, жарлық, өкім, мән, мағына, шешім, қаулы, қарар және т.б.)

Әр саладағы терминдердің арасындағы семантикалық байланыстары мен қатынастыры терминологиялық жүйемен тығыз байланысты. Кез-келген жүйенің ұғымдары мен заттары қарапайым күрділігіне қарай бір-бірімен саталы байланыста, семантикалық қатынаста болады. Оны біз жоғарыдағы мысалдардан көрдік. Мысалы тіл білімі терминдерінің арасындағы қатынастардың екі жақты сипатын көреуі болады. Оның бірі-терминдердің өзара білідіретін мағыналары бойынша байданау ерекшелігі, екіншісі– жүйелік құрылымды бір-біріне тәуелді байланысу ерекшелігі. Семантикалық қатынас түрлері терминдердің арасындағы байланыстың белгілеріне орай шартты түрде анықталады. Мысалы фонетика, дыбыс, дауысты дыбыстар, дауыссыз дыбыстар терминдері бір жағынан бір-бірімен жүйелік тұрғыдан байланысты болғанымен, екінші жағынан. Олардың білідіретін мағыналары да бір-бірімен қатынаста болады. Сондықтан, өмірдің барлық саласында жасалынып терминдердің мағыналарын, ұғымдық белгілерін анықтау мақсатында семантикалық талдау жасап барып қабылдау, орнықтыру қажет. Мысалы, фонетика саласындағы: буын, ашық буын, бітеу буын, тұйық буын, дыбыс, дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, екпін, әуен, бәсең екпін, дыбыс алмасуы, дыбыс әлсіреуі, дыбыс күші, ашық дауыстылар және т.б. терминдердің көпшілігі жалпы тілдік қорымыздағы сөздердің терминологиялық өріске өте отырып терминденуі арқылы жасалған терминдер еекнідігін аңғаруға болады. Қазақ тілінің түсіндерме сөздігіндегі буын сөзінің мағыналарына қарасаңыз, тіл біліміндегі «буын» сөзіне берілген анықтама оның жалпы лексикалық қолданыстағы буын сөзінің семантикалық белгілерімен өз ұқсас екенін білесіз, яғни термин мен терминденген сөздің арасындағы мағыналық белгілердің белгілі өзара ұқсас болып келетіндігін дәлелдей түседі. Сонымен бірге барлық сөздің бірдей терминологиялық өрісте қолданыс тауып, термин ретінде қалыптасуы мүмкін емес.

Сол себепті, мағыналық белгілері ұқсас болғанынан, кейбір единицалар терминологиялық өрісте қалыптасып кете алмай жатады. Терминдік тұлғаның сәтті, сәтсіз жасалуы да осы жағдайлармен байланысты. Жалпыхалықтық қолданыстағы сөздің терминденуі үшін мағыналық белгілері терминдік ұғымымен ұқсас болып қала қоймай, баспа тілдік единицалармен салыстырғанда анағұрлым терминологиялық өріс шеңберде үйлесімді қолданулуы тиіс.

Сондай-ақ, төл терминер және басқа да терминдер, термин болып тұруы үшін. Атау мәнінде тұруы қажет. Ондай төл қасиетке, ие яғни атау мәніндегі лингвистикалық терминдерді, тіл білімінің барлық саласында пайдаланып жүрміз. Мысалы: мағына, тура мағына, фразеологиялық байқаулы мағына, қанатты сөдер, сөйлем, жай сөйлем, лепті сөйлем, құрмалас сөйлем, салалас құрмалас сөйлем және т.б. Терминдердің ішінде өзге тілден енген терминдермен тіркесіп келіп күрделі термин жасайтын терминдік тұлғалар (зат есім парадинмасы, динамикалық екпін, дублет сөздер, жергілікті диалект, логикалық екпін т.б.) да кездеседі.

Шет тіліне енген кірме терминдердің бір бөлігін классикалық тіл саналатын грек, латын тілдерінің сөздерімен қалыптасқан терминдер құрайды. Оларды ендігі жерде бүгінгі күні жөн-жосықсыз орыс тілінен, орыс тілі арқылы ала беру дұрыс емес. Ендігі жерде олар төл терминдер қалыптастыруға тосқауыл болады, термин жасау үшін грек, латын, орыс сөздерін алу бүгінгі заман талабына шарт емес.

Бұрыннан термин ретінде алынған грек, латын, орыс сөздерінің сол тілдерге беретін мағыналары мен осы мағыналық белгілерінің тіліміздің терминологиялық өрісіндегі термин ретіндегі ұғыммен өзара сәйкестік, ұқсастықта болатын да, болмайтын да байқалады. Сондықтан қазіргі күнге дейін қалыптасқан терминдерді қозғамай, қазіргі және болашақтағы терминдерді жасауда тіліміздің нақты заңдылықтарына, термин жасау принциптеріне жауап беретін жолдарды, тәсілдерді, заңдылықтарды анықтап, басшылыққа алу қажет.

Лингвистикалық терминдердің жасалу жолдары жалпы тіліміздегі сөз тудыру тәсілдерімен ортақ болып келеді. Лексика – семантикалық тәсіл басқа терминдік жүйелер секілді тілдік терминдерді тудырудың өнімді тәсілдерінің бірі. Осы тәсілмен грамматика, түбір, буын, екпін, синтагма т.б. секілді терминдері жасалған.

Морфологиялық – синтетикалық тәсіл қазақ тілінің жалғамалық табиғатына қарай жаңа сөз тудыратын ең өнімді тәсілдердің бірі болып табылады. Морфологиялық тәсіл сөздерге әр түрлі сөз тудырушы жұрнақтардың жалғануы арқылы жүзеге асады: -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті, -сыз, -сіз т.б. сияқты жұрнақтардың жалғануынан бөлшекті сан есім, болжамды сан есім, бұйрықты сөйлем, басыңқы сыңар, басқы дыбыс, бағынықы құрмалас сөйлес т.б.

Терминдік элементтердің енді бір бөлігі – «у» қосылу жасалады. Мысалы: талдау, дыбыстау, жыдысу, меңгерту, сұрау, сіңісу, тіркесу, қиысу, жіктеу т.б. Сондай-ақ, бұл – у тұлғасы -лану, -лену, -дану, -дену, -тану, -тену: адвербиалдану, лексикалану, нормалау, заттану, ұяндану, жалғану, қосарлану, терминдену, есімдену, грамматикалану т.б. сияқты терминдердің құрамында келеді.

Терминдердің соңына қазақ жұрнақтары жалғану арқылы да терминдену процесі жүреді. Мысалы: аффикстік, синонимдік, лексикалық, грамматикалы т.б. Кейбір жеке жұрнақтар тобына мысалдар: -ым, -ім, құрылым, жасалым, айтылым т.б., -дық – дік, болжамдық сан есім, тілдік таңба, есімдік, белгісізді т.б., -сыз, дауыссыз, жаңсыз, өнімсіз жұрнақ т.б.

Терминдер жасауда түбірлердің бірігу тәсілі де өнімнің болып келе жатыр: сөзжасам, терминжасам т.б., басқа салада да кездеседі: елтаңба, елұран, Елбасы, төраға т.б. Синтаксистік – аналитикалық тәсіл қазіргі қазақ тіліндегі құрамы жағынан күрделі терминдерін тудырушы ең өнімді тәсілге айналып отыр.

Аналитикалық тәсілдің бірі сөздің тіркесі болып келеді. Тілдегі термин жасау процесі «сөз тіркесінің күрделенуінің жаңа формаларын жаңа мағыналық тобы мен құралымын туғызып отыр» – деп атап көрсетеді терминжасамдағы сөз тіркестерінің ролі жайында профессор Т.Сайранбаев. Шын мәнінде сөз тіркестері, шектеулі атауыш тіркестер қазіргі қазақ тіліндегі терминдердің басым бөлігі екі сыңарлы, үш сыңарлы, төрт сыңарлы, кейде тіпті бес сыңарлы сөз тіркестері құрайды (Бұл туралы жұмысымыздың осы тарауынан, екінші параграфында толық баяндаймыз), мысалы: мемлекет басшысы, алфавиттік жазу, аналитикалық етістік, мемлекеттік әнұран, лас сөйлем, әкімшілік-аймақтық бөлініс, сбақтаса байланысқан құрмалас сөйлем, президенттік жанындағы қауіпсіздік комиеті, етістіктің субстантивтенуінен жасалған зат есім т.б.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966 ж.
2. Қайдари Ә.Т. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993 ж.
3. Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі: қазақ терминологиясының негіздері: – Алматы: 1997

**Ы.АЛТЫНСАРИННИҢ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ МАҚАЛАЛАРЫНДА
ӘЛЕУМЕТТІК-ҚОҒАМДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ КӨТЕРІЛУІ**

ЕРМЕНТАЙ А.

№37 Ынтымақ негізгі мектебінің 8 сынып оқушысы, Қазақстан Республикасы,
Жуалы ауданы, Ынтымақ ауылы

БЕКТЕНОВА А.Ә.

№37 Ынтымақ негізгі мектебі, Қазақстан Республикасы,
Жуалы ауданы, Ынтымақ ауылы

Резюме. В статье рассматриваются публицистические произведения Ы.Алтынсарина в целом, то сразу заметно, что просветитель умело использовал воинствующую политологию в борьбе за интересы народа.

Summary. The article deals with the journalistic works of Y. Altynsarin as a whole, it is immediately noticeable that the educator skillfully used militant political science in the struggle for the interests of the people.

Қазақ даласының Россияға қосылу процесі біржолата аяқталғаннан кейін патша үкіметі Қазақстанды билеудің әр түрлі жобасын жасауға кіресе бастады. Бұл жобалардың кейбірі баспа бетінде мақала не жеке адамның пікірі ретінде жариялану арқылы, ал енді біреулері жай ауызша хабар ретінде қазақ даласына жетіп жатты. Бұқара халық түгелдей білмесе де, Ыбырай тәрізді бірін-саран адамдар мұндай жобалардың қандайынан да азды-көпті хабардар болып отырды. Сондықтан олардың кезінде өз пікірлерін білдіруге де мүмкіндіктері болды.

Патша үкіметінің әр түрлі заң жобалары әсіресе жер мәселесіне қатысты еді. 1868 жылдың 21 октябріндегі «Орынбор және Батыс Сибирь генерал-губернаторлықтарының қырлық облыстарын басқару жөніндегі уақытша ереже» бойынша жерді мемлекет билігіне алғаннан кейін патша үкіметінің жергілікті әкімдері қазақтардың шаруашылық өміріне батыл өзгеріс жасауды көздеді. Атап айтқанда, олар бұрын негізінен көшпелілік өмір салтымен келген қазақтарды бірден күшпен отырықшылыққа айналдырып, артық жерлерді жаңадан көшіп келушілер фондысына қалдыруды ұйғарды. Бұл тараптағы жобалардың қазақ қоғамын, әсіресе, оның Ыбырай сияқты бірін-саран озық қайраткерлерін аса қынжылтқан мәселесі жаңадан көшіп келіп қоныстанушылар үшін жер бөліп қалдыру ісі емес (орыс шаруаларының қазақ даласына көшіп келіп қонуына Ыбырай дұрыс қарады), қазақтарды бірден күшпен отырықшылыққа айналдыру ниеті болды.

Ыбырай осы мәселеге байланысты былай деп жазды: «Шындығында, дала тұрғындарының халықтық өміріне жасанды түрде төңкеріс жасауға шешім қабылдамас бұрын алдымен осы халықты және оның өмірін зерттеп білу ақылдырақ іс болмай ма? Бұл халықта отырықшылық үшін қажет қандай негіздер бар, ол өзі күнделікті байланыс жасап отырған отырықшы халықтың әсерін қалай қабылдауда, бұл халық қандай табиғат жағдайларының ортасында отыр т.б. деген мәселелерді алдын ала білген дұрыс емес пе? Мұның өзі зиянды қадам жасамау үшін қажет. Өйткені бүтін халықтың өмір салтын күшпен өзгерту кейде нағыз қабілетті халықтың өзін де енжар, селсоқ халыққа айналдырып жібере алады. Башқұрт халқы осындай жағдайға душар болды деп көп адамдар айтып жүр. Шындығында табиғаттың заңында жас баланы бірден естияр адамға айналдыру деген болмайды ғой».

Ыбырай өмір бойы қазақ халқын отырықшылыққа шақырғаны мәлім. Отырықшылықсыз озық өнер де, білім де, мәдениет те дала өмірінде кең жайыла алмайды деп таныды ол. Халықтың шаруашылық өміріне бірден күшпен төңкеріс жасау оны жақсы нәрседен жирентіп жіберуі мүмкін, сондықтан бұған халықтың сол отырықшылық тұрмыстың артықшылығына жеткізе түсу арқылы бірте-бірте әкелген жөн дейді. Бұл пікірдің орынды екеніне XIX ғасырдағы қазақ өмірін білген адам шүбәланбайды. Өйтпесе, Ыбырайды жер шаруашылығына қарсы болды деп ешкім де айта алмайды.

70-жылдардан бастап қазақ даласында отырықшылыққа жаппай бет бұрудың орын алғанын танытуда бұл пікірдің білімдік маңызы өте жоғары. Бұл – бір. Екіншіден, мұнда Ыбырай қазақ қоғамының өміріндегі экономикалық өзгерістің прогресшілдік бағытта келе жатқанын білдіру арқылы және өзінің сол өзгеріске ризашылығын, қуаныш сезімін таныту арқылы өз кезінің қоғамдық өмірін терең білгендігін, сондай-ақ оған өзіндік қатынасын тағы да айқындай түседі. Бұл

арада ол халық өміріндегі жаңалықты қолдап, қошаметтеп отыруды ұсынады, отырықшылыққа айналдыру процесін тездетпекші боп сол дұрыс бағыттан халықты шошындырып алмауға шақырады. Оның «табиғаттың заңында жас баланы бірден естияр адамға айналдыру деген болмайды», - деуі де отырықшылыққа осы бірте-бірте, еріктілікпен көшу жолын ұсыну мақсатында айтылған еді. Ағартушының мына бір сөзі осы шындықты онан әрі айқындай, нақтылай түседі.

«Біз бұлардың барлығын айтқанда, - дейді Ыбырай, - қазақтар үшін өмір салтының бірін мақтап, екіншісін даттап белгілі бір бағыт беру мақсатын көздеп отырғанымыз жоқ. Әрине, қазақтардың өмір бойы көшпелілік тұрмыста қала беруін онша қостамаған болар едік. Өйткені әрбір халық өзінің даму жолында көшпелілік өмірден отырықшылыққа ауыспай қоймайды, халық ағарту ісінің өзі осы отырықшылықпен тығыз байланысты. Жоғарыда көрсеткеніміздей, қазақ халқы отырықшылыққа қарай бет алып келе жатыр. Бұл талапты оның ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салтын соңғы кезде батыл өзгерту қадамдарынан байқауға болады. Осындай кезде, өзінің табиғи жолымен келе жатқан іске күштеу шараларын қолдану мақсатқа тез жеткізе қояр ма екен». Мұнда Ыбырайдың қазақтарды отырықшылыққа айналдыру ниетін көздеуден туған әр түрлі жобаларға қандай ақылдылық, парасаттылықпен қарағанын байқау айрықша қиындық келтірмейді.

Ыбырай қазақ халқының отырықшылыққа, жер шаруашылығына ойысып келе жатқанын көріп қана қойған жоқ, оның сол игілікті кәсіпті жақсы меңгеретінін де айқын көре білді, оған үлкен үміт артты.

Әрине, қазақ еңбекшілерінің егін шаруашылығымен айналысқан жерінің барлығы бірдей құнарсыз болды деу қате болған болар еді. Мұны Ыбырай да еш уақытта айтқан емес. Керісінше, ол қолайлы қоныс тауып, егін-жайға сәтті орын таңдаған қазақтарды байқай білді және олардың экономикалық өміріндегі өзгерістерді көре білуге назар аударып отырды.

Тіршілік етудің негізгі көзі боп отырған аз ғана жерін қорғау үшін қандай кедей-жалшы да қолындағы бар мүмкіндігін аяп қалмаған. Осы тарапта дала өмірінде, Ыбырай айтқандай, талай қанды төбелестің болғаны да бізге тарих арқылы белгілі. Мұның үстіне, қазақ руларының арасында ертеден келген жанжалдың бірі – жер дауы екені мәлім. Бұл даудың көпшілік ел қоныстанып, жер кәсібімен айналыса бастаған кезде көбеймесе, азаймауы ол кезең үшін, сөз жоқ, заңды құбылыс еді. Сондықтан да Ыбырай отырықшылыққа қолайлы жерді даусыз, талассыз таңдап алу осы саладағы істің ең бастамасы деп санады, егер мұндай жер жетіспесе, құнарсыз жердің өзін ұқыпты пайдалана білуді ұсынды. Бұл ретте ол Торғай уезінің шаруашылығындағы кейбір істерді үлгі етіп көрсетті.

Ыбырай қазақ халқын отырықшылыққа тарту мәселесінде оларға қолайлы жер бөліп беру ісі аса негізгі жағдайлардың бірі болмақ деп түсінді. Сондықтан ол жергілікті билеуші әкімдердің жер мәселесінде әділ болуын талап етті, бұлайша болмаған жағдайда қазақ, орыс шаруаларының арасындағы қатынастың дамуына азды-көпті кедергі жасалуы да мүмкін деп санады. Құнарлы жерлер тимей қалған «...жағдайда орыс шаруаларының жаңадан келіп қоныстанушыларына қазақтардың ең болмағанда достық тұрғыдан қарай алмайтындығын көрмеуге болмайды», - деп жазды ол. Ағартушының бұл пікірінің құндылығы сол – мұнда ол жерде мәселесінің өзін халықтар арасындағы достықты алыстату тұрғысынан емес, қайта жақындату, бір-біріне сенімін арттыру тұрғысынан жүргізуді ұсынады. XIX ғасырда мұндай пікірді Ыбырай тәрізді озық ойлы демократ адам ғана айта алған еді.

Ыбырай қазақ халқы мен орыс халқының орасындағы қарым-қатынасты терең танып, әділ бағалады, оның зор келешегіне де сенді. Бірақ осы достықтың жақсы дамуы үшін мейлінше ақылды тәрбиенің қажеттігін әрдайым ескертіп отырды. Оның жоғарыда келтірілген сақтандыру сөзі тек осы мақсатта ғана айтылған еді. Әйтпесе, ол орыс, қазақ халықтарының достығына ешбір шүбәсіз қарады. Мұны оның көптеген сөздерінен айқын байқауға қарады.

Ыбырайды бүкіл ұлы тұлғасымен танытады, оның орыс халқымен қазақ халқының достығын барлық уақытта қажымай насихаттағанын білдіреді. Халықтар арасындағы достықты осылайша терең түсініп, жан-жақты бағалаған Ыбырай оның негізгі көздерін де айдан-анық көрсетіп мәлімдей алды. Тарихи тағдыры бір халықтардың экономикалық және мәдени байланыстары негізінде достықтың нығая түсетіндігін білдіріп отырды.

Ыбырай орыс қауымының өнерлі, өнегелі тәжірибелі ықпалын дала тұрмысына неғұрлым кеңірек жаю арқылы қазақ қоғамына прогресшіл әсер жасауға болады. Осындай істердің негізінде қазақ халқы мен орыс халқының достығын нығайта түсумен қатар, қазақ қоғамының мәдениет пен өнер саласында ілгерілей беруіне де жағдай туғызуға болады деп есептеді.

Ыбырайдың бірсыпыра мақалалары 1879-81 жылдардағы аштық пен жұтты сөз етуге арналған. Қазақ қоғамына үлкен дерт, ауыр қасірет әкелген осы бір қиын-қыстау жылдарда Ыбырай қазақ халқының ең жанашыр қамқоры болды. Халықтың ауыр халін дер кезінде байқап, жоғарғы орынға хабарлаған да, ашаршылыққа душар болған елге көмек көрсету мәселесін әлеуметтік тұрғыда көтерген де Ыбырай еді. Өз халқын шексіз сүйген ағартушы аштық пен жұттың ауыр зардаптарын айта келіп, қазақ халқына уақтылы жәрдем көрсетпесе, оның жалпы халық ретінде жоғалып кетуі мүмкін деп қорықты. Сондықтан ол аштық жағдайына байланысты мәселені бүтін бір халықты не сақтап қалу, не жойып жіберу тұрғысынан көтерді. Бірақ патриот жазушы жергілікті әкімдер мен патша чиновниктері тарапынан жеткілікті құптау, қошемет таба алмады. Аштықтан халықтың бірсыпыра бөлігі үлкен шығынға ұшырады.

Өмір бойы халық мүддесі жолында талмай еңбек еткен Ыбырай сол аштық қысында өз үйінде тізе бүгіп отыра да алмады. Шамасының келгенінше халыққа ақыл-кеңес түрінде болса да, көмек беру мақсатымен үш ай бойы ел аралаумен болды. Осының салдарынан Ыбырайдың өз шаруасы да қатты күйзеліске ұшырады, барлық қаражатын жұмсап іріктеп алған 250 асыл тұқымды жылқысы түгелге жуық қырылып қалды. Бірақ ағартушы бұған ешқандай өкініш білдірмеді, бүкіл елдің көріп отырған ауырлығына қарағанда бұл ешнәрсе емес деп бағалады. Оның барлық арман-тілегі жалпы халықты аман сақтап қалу тарапында болды.

Алайда, келер жылғы 1880-81 жылдардың қысы да Торғай облысы үшін жайлы боп келмеді. Осы қыс туралы және ауыл өміріндегі теңсіздік пен жиіркенішті өмір, патша әкімдерінің жергілікті жердегі тағылық, бибастақтық істері туралы айтқан ағартушының мына бір сөзі қазақ қоғамының өткен ғасырдағы сұрғылт өмірін, ауыр тағдырын бүкіл шындық ерекшеліктерімен көз алдына келтіреді. Орыстың халқын озық мәдениет пен өмірлі өнер-білімнің ұстазы деп танып, қазақ халқын орыс халқымен достыққа шақырған, оның демократиялық мәдениеті мен өнер-білімін меңгеруге үндеген Ыбырай орыстың билеушілерін орыстың халқынан бөле түсінді, олардың адамгершіліктен тыс іс-әрекеттерін барынша жек көрді. Бірақ Ыбырай бұл тараптағы пікірлерін көбінесе ашық күйінде жаза да, айта да алмады. Оның себептерін айтып жатудың қажеті жоқ. Өйткені ол әркімге түсінікті жағдай. Әйтсе де, Ыбырайдың патша отаршылары жөніндегі пікірі бірсыпыра мақалаларында айқын елес беріп отырады.

Әрине, XIX ғасырдың 70-80 жылдарында өмір сүріп, қазақ қоғамы сияқты саяси, экономикалық дәрежесі мешеу ортада еңбек еткен Ыбырай орыс халқы мен орыс отаршылары жөнінде барлық уақытта бірдей қатесіз пікірде болды, ешбір қайшылыққа ұшырамады десек, бұл тұжырымымыз әділ болмағандығымен қатар, Ыбырайды көрер көзге бүгінгі күннің түсінігіне сәйкестендіргендік болар еді. Әрбір тарихи адамға біз өз дәуірі, өзіндік ортасы тұрғысынан баға беруге тиіспіз. Ыбырайға өз заманының биігінен қарасак, оның осы аталып отырған мәселеде негізінен дұрыс позицияда бола отырып, кейде қайшылықты пікірде болғанын да байқаймыз. Мұның өзі заңды да еді. Өз заманының етек бастысын көп көріп, мыңмен жалғыз алысып жүргенде Ыбырайдың жергілікті жердегі патша әкімдеріне кейде үлкен сеніммен қараған кездері де болды.

Ыбырайдың осындай қате көзқарасын мына бір сөзінен де байқауға болады. «Қазақ халқы, - деп жазды ол 1882 жылғы мақаласының бірінде, - қисынсыз қиял атаулының қандайынан да аман халық. Бұл жағынан ол өз діндестерінің қайсысынан да жоғары тұр. Пайдалы нәрсенің қандайын да қабылдауға дайын осы халықтың келешегімен барлық уақытта, барлық жерде жергілікті жердің жағдайларын біліп қимыл жасайтын тәжірибелі адамдар айналысса, оған үлкен үміт артуға болады. Сонда ол алдағы таяу уақыттың ішінде Отанымыз үшін пайдалы және оған шын берілген, сондай-ақ оның қабілетті мүшелерінің бірі бола алады. Бірақ осы жас халықты жаңа бір билеушілер шығып, оның табиғи дамуын уақытынан бұрын өзгертпекші боп байқаусыз қимыл жасаса, бұл өкінішті болар еді». Мәселе бұл арада Ыбырайдың патша өкіметі тұсында әділ де халық мүддесін жақтайтын бастапқы талап етуінде болып отыр. Қанаушылық пен теңсіздік үстем боп тұрған заманда әділ басшының болуы мүмкін еместігін, ал бірен-саран бола қалған жағдайдың өзінде оның биліктен дереу ығыстырылатынын Ыбырай түсінбеді.

Ағартушының мақалаларында бірен-саран өзге мәселелерге байланысты да қайшылықтар жоқ емес. «Бұл мақалаларда,- дейді М.И.Фетисов,- қазақ публицисінің көзқарасындағы әлсіз жақтар да көрінеді. Мәселен, ол оқу-ағарту ісін асыра бағалады және қазақ қоғамын қайта құруда өкіметтің әкімшілік реформаларына шектен тыс әлеуметтік-төңкерісшіл маңыз берді. Бұлармен қатар ол бұқара халықтың бойындағы өсіп келе жатқан жасампаз күшті көре алмады және көруге мүмкіндігі де болмады».

Ыбырайдың қоғамдық, әлеуметтік көзқарастарын бүтіндей алып қарағанда мұндай бірнәрсенің кемшіліктері озық мәдениет қайраткерлерінің алып тұлғасына, әрине нұқсан келтірмейді, қайта оның өз заманының бел-белестері мен ойы-қыры негізінде тануымызға мүмкіндік береді.

Ыбырайдың публицистикалық еңбектерін тұтас қарастырып өткенде ағартушының жауынгер публицистиканы халық мүддесі жолындағы күресте шеберлікпен пайдаланғаны бірден көзге түседі. Ыбырай мақалаларының халықтық мүддеде туғандығы және өз дәуірінің ең негізгі мәселелеріне арналғандығы, көп жайда автордың озық позицияда болғандығы әрбір мақаладан айқын көрінеді. Ыбырай халықтық мәні бар қандай да мәселеден қалыс қалмай, әр кез өзіндік көзқарасын батыл білдіріп отырды. Бұл ретте ол өз пікірінің билеуші орындарға кейде ұнамайтындығын сезгеннің өзінде қаймығып, тартынбады, жеке басын халық үшін құрбан етуге де әзір болды. Оның мақалалары осы позицияның айқын көрінісі және соның айғағы боп табылады. Ағартушының бірсыпыра мәселелерде патша үкіметінің жергілікті әкімдеріне тежеу жасап, кейде тіпті оларға батыл қарсы келіп, қайткенде халықтың прогресшілдік жолмен дамуына жағдай туғызу талабын әр сөзден, әр мақаладан көруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сүлейменов Б. Ыбырай Алтынсарин (тарихи очерк). Кітап: Ыбырай Алтынсарин. Таңдамалы шығармалар. Алматы: Ғылым, 1992 ж.

2. Сыздықов Ә. Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. Алматы, 2003 ж.

ӨОЖ 82.75

ШЕРХАН МҰРТАЗА ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЖАНРЛАРЫ

ЖУМАТАЕВА Г.А.

М. Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп лицейі,
Қазақстан Республикасы, Меркі ауданы

Резюме. В статье рассматривается Ш. Муртаза является одним из ярких представителей новой эпохи в казахской литературе, социального содержания, темы-идеи и художественного качества совершенно новой классической литературы.

Summary. The article considers Sh. Murtaza as one of the brightest representatives of a new era in Kazakh literature, social content, themes-ideas and artistic quality of a completely new classical literature.

Суреткер Ш. Мұртаза қазақ әдебиетіндегі жаңа дәуірдің, қоғамдық мазмұны, тақырып-идеялары мен көркемдік сапасы мүлде жаңа классикалық әдебиеттің көрнекті өкілдерінің бірінің қатарынан көрінеді. Ол қоғамдық ойөрісі, дүниетанымы, тарихи мақсат-нысанасы, эстетикалық-көркемдік жүйесі – барлық сипат-қасиеттері өзгеше сөз өнерін қалыптастырды, қазақ әдебиетінде реализм әдісін берік орнықтырды. Ол өзінің туған халқына асқақ сүйіспеншілік сезіммен қарап, оның өміріне, әдет-ғұрпына, мәдениетіне зер салды.

Жазушылардың қай-қайсысы болсын қарапайым халыққа қаншалықты жақындығы тұрғысынан бағаланады, олардың халық мүддесін түсіне білуі – артықшылығы болса, халықтың ой-түсінігінен алшақтығы – осалдығы болып шығады. Мұны кезінде В. Г. Белинский өте қисынды дәлелдеп көрсеткен болатын. Ш. Мұртаза өз шығармаларында халықтың өмірін мейлінше толық, жан-жақты суреттейді, кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасын да айқын көрсетеді. Халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, әр алуан адамдардың мінезін, іс-әрекетін, табиғат көрінісін, бәрін де терең және көркем бейнелегендіктен, қаламгер шығармалары оқырманның көз қуанышына айналып, көпшілік қауымның асыға күтетін рухани сусынына айналды. Әсіресе, Ш. Мұртазаның «Мылтықсыз майдан», «41-ші жылғы келіншек», «Бұлтсыз күнгі найзағай», «Ақсай мен Көксай», «Интернат наны», «Шекшек шырылдайды», «Дәрігердің үш қаруы» секілді шығармаларында да сан алуан қоғамдық құбылыстар, тарихи уақиғалар мен мол өмір шындығы жатыр. Алайда «Ай мен Айшаның» алатын орны ерекше. «Ай мен Айша» Ш. Мұртазаның ең бір ішкі сыры молынан ақтарылған шығармасы, оның қиялының сүйікті перзенті, Шерханның тұлғасы «Ай мен Айшада» көрінгендей, қаламгер тұлғасы мейлінше толық, жарқын және анық көрінетін

туындылар өте сирек кездеседі. Мұнда оның бар өмірі, барлық жансыры, барлық махаббаты, сезімдері, ұғым-түсініктері, идеалдары да айқын көрініс тапқан. Мұнда Ш.Мұртаза өз тұлғасын ең толық тұжырымды, келісті мінездейтін тұсын түгелдей алған, сонымен қазақ оқырмандарының қаламгер Ш.Мұртазаның психологиялық портретін айқын елестетуіне мүмкіндік туғызған.

Дүние, өмір жайлы тынымсыз ойға батып, бәрін сынап, ақылменен саралап, асқақ қиялға, үміт пен арманға әбден берілген күйі де, жазықсыз жапа шеккен, ауыр бейнет тартқан көптің атынан азулы, күштілерге айтқан қатты наразылығы да – бәрі де осы Ш.Мұртаза туындыларынан молынан сезіледі. Қақтығысы, қалтарысы есепсіз өмірде әділет пен шындық жол таба алмай қамауда қалып жатса, ал сол өмірдің ызғарын айықтыратын күш әлсіз көрінсе, қайғы мұң неге болмасын? Мейірімсіз қатал заман жан түршігер зорлық, озбырлыққа жол берсе, ыза, кек неге тумасын. Рас, жазушының ортасын қосынатыны да бар. Бірақ, бұл озық жандарға бойы теңдес адамдар көбейе, молая түссе, олар сол ортада үлкен іске орайлас жай-жағдай таба алса деген тілектен туады. Суреткердің заман соққысына мойымайтын, қайта өмір ауыртпалығы ширата түсетін тасқындаған қайрат-жігері бар адамды көксеуі де осы келешекке сенім артуымен сабақтас қой. Осыны былай қойғанда, Шерхан шығармаларының салмағы тек қана мұнысында емес. Өйткені жазушының нені жек көретіні, нені жоққа шығаратыны қандай айқын болса, нені құптайтыны, қандай өнеге өріс алсын дейтіні де соншалықты ашық, айқын-ақ. Осының шығарушысы, айтушысы өмірдің қызығын тебірене сезінбейді деудің өзі тіпті қиянат. Суреткер жаны кейісе де, күйінсе де, көңілді үміт қозғап, алыс арман толқытып, содан барып шығарма тудыратыны жасырын жайт емес. Ш.Мұртазаның осындай туындыларының бағытын, идеялық өзгешелік сырын тереңірек түсіну үшін оларды өмірге деген орасан зор сүйіспеншілік сезімі, жалынды махаббаты тікелей, айқын көрінетін шығармаларымен қатар алып қарастырған жөн.

Ш.Мұртаза туындылары қазақ халқының көркем әдебиетінің өркендеп өсу жолындағы баға жетпес зор табыс болды. Олардың өткен ғасырда қазақ сөз өнеріне мол жаңалық әкелген тарихи мәнін былай қойғанда, қайталанбас көркемдік сипаты да ешқашан кемімейтін айрықша құндылығын таныта алады. Әлем әдебиетінің жетістіктерін еркін игеріп, таңдаулы үлгілерінен өнеге ала білген, сөйте отырып, ұлттық әдебиетіміздің нышан-белгілерін өз шығармаларында сақтай білген, көрсете алған Ш.Мұртазадай суреткер дәстүрлерін Т.Әбдіков, Б.Нұржекеев, Д.Исабеков секілді көрнекті ақын-жазушылар жалғастырып, өрістетіп, жан-жақты дамытты.

Ш.Мұртаза прозасының аса бағалы қасиеті, артықшылығы – онда ешқандай жасандылықтың ізі жоқ. Қысылмай қымтырылмай, шабыттың қуатымен тебіреніп еркін сөйлеу, жан-тәнімен сезінген, жүрек жарды ойтолғамын ортаға салу, боямалап, әшекейлемей, ақтарыла адал айтатыны – міне, Шерхан шығармашылығының адамды баурап алатын ерекше тартымдылығы алдымен осы қасиеттерінде. Жазушы шығармаларын қайталап оқыған сайын жаңалығы аз жадағай пікір, жауыр болған жаттанды сөз, сырттай сұлу көрінетін көркемдік түр іздеушілік, алабажақ ашық түсті бояуларға әуестік секілді жасандылықтың бәрі шынайы өнер табиғатына жат нәрсе екеніне тағы бір көз жеткізгендей боламыз. Суреткер тілінің байлығы, бейнелілігі, өткірлігі ой-сезім қуаттылығына байланысты. Қаламгер шығармаларын талдау үстінде бұған көз жеткізерліктей мысалдар аз келтірілген жоқ. Сонда да Ш.Мұртаза шығармашылығының тіліне қатысты кейбір жайларды көркем сөз бейнелілігі тұрғысынан қарап арнайы тоқтала кету артық емес дейміз.

Жазушының балалық шағы сұрапыл соғыспен тұспа-тұс келіп, өмір ерте есейтеді. Бұғанасы қатпастан еңбекке араласып, ересектермен бірге жұмыс істеді. Өмір жайлы көзқарастары, таным-түйсігі әлдеқайда тым ерте қалыптасып, жаман мен жақсының не екенін тым ерте айыра білді. Нәтижесінде кейіннен Шерхан «Бұлтсыз күнгі найзағай» (1965), «Белгісіз солдаттың баласы» (1966), «Мылтықсыз майдан» (1969), «41-жылғы келіншек» (1972), «Интернат наны» (1974), «Ақсай мен Көксай» повестері мен «Сол бір күз», «Шекшек шырылдайды», «Бойтұмар», «Бір нәзік сәуле» атты әңгімелеріндегі кішкентай кейіпкерлер арқылы өз тағдырын, балалық шағын көрсетті. Аталмыш шығармаларда қаламгер өзінің балалық шағында көрген, көкейге түйген, басынан кешкен оқиғалар арқылы қаһарлы кезеңнің қатал шындығын берді, ауыл адамдарының мінезін даралады. Шерхан Мұртаза 1941-1945 жылдардағы қазақ ауылының «қара қағаздан» шошынған зәрезап халі, кеуделерін апатқа тосқан боздақтарынан айрылған атааналардың зары мен бұла шағын болашақтың бодауына берген жесірлердің жоқтауы, бәрі-бәрі төбе құйқанды шымырлатар ащы шындықпен жеріне жеткізіле суреттеледі. Солардың ішіндегі соғыс жылының балалары – әкелерін көрмей өсіп келе жатқан жетімектердің өксікке толы өмірлері де өзінше бір әлем. Өнерінің шығармашылық ғұмырбаяны әлемінің сыршыл тұстарына дәрумен болғанда қилы балалық дәурен екендігі туралы жазушының «Халық жазушысы» атандым. Жазғанымның бәрі алтын дей алмаймын. Бірақ солардың көбі және дәмділері, тек балалық шақтың нәрінен, балауса

балғын шақтың әсерінен туған. Өсе келе, көпті көрдім, дүниенің шартарабын араладым. Бірақ соның бәрі мені балалық шағымдай байыта алмады» дегені бүкіл шығармашылығына арқау болған тарихи танымның төркіні қайда екенін танытады. Әңгіме жазуға Ш.Мұртаза қолына қалам ұстаған күні келе қалмағанын ескерер болсақ, шығармашылық лабораторияның ең күрделі құрылымы шығармашылық процестегі ішкі түйсіктің ерекшеліктеріне мән беру қажеттілігі туындайды. Ғылымда ішкі түйсіктің негізгі екі түрі (сезімдік және интеллектуалды) қатар қолданылатынын еске сала кетейік. Өнерде тек сезімдік ішкі түйсік қана қолданылады десек, онда көркем таланттың психологиялық ерекшелігі тым төмендеп кетер еді.

Әңгіме – адам өмірінің белгілі бір эпизоды туралы, не белгілі бір оқиға турасында көркем тілмен баяндайтын прозалық шығарма. Демек, «әңгіме – шағын көлемді эпикалық түрдің айрықша үлесі». Шерханның «Ақсай мен Көксай», «Интернат наны», «Ұзақ командировка», «Шекшек шырылдайды», «Көкмарал гүлдегенде» атты әңгімелері қарапайым адамдардың өмірін әр қырынан көрсетуге арналды. Мәселен, ең көлемді, сюжетті әңгімесі «Ақсай мен Көксайда» қаламгер қарымының көп қырларынан көрініс береді, сонда байқағанымыз, Шерхан әсіресе, сөзді ұтымды, шабер қолданады. Ол сөзге неғұрлым сараң тартып, қарапайымдылыққа бой ұрған сайын көркемдік көгіне көтеріле түседі. Қызық – қызық тағдыр, қилы-қилы мінезге бай әңгімесі жазушы туындыларының ішіндегі леулі еңбектерінің бірі болып табылады. Автордың таңдап алған фабуласы яғни бір ғана өмір үзігін бейнелеу арқылы, тартыс – қақтығысты бейнеленумен кейіпкерлердің мінез-тұлғасы толық, айқын көрініс тауып, негізгі идея түйінделуі тиіс. Жанр көлемі шағын болғанымен қойылар талап – тілегі үлкен таланттылықты талап ететін көркем әңгіме жазуда қаламгер Ш.Мұртаза өндіре еңбектенді. Жазушының әр жылдары жарыққа шыққан әңгімелерінің тақырыптары да сан-алуан. Табиғаты тамаша болғаны мен қытымыр қысы, аптапты жазы бар Жуалы өңірінің әсемдігі мен тылсым дүниесін сол жерде мекен еткен адамдар тағдыры мен астастыра бейнелеген жазушы әңгімелерінің идеясы да тартымды болып келеді. Тарихта терең із қалдырып, жазықсыз жандардың қанына малынған кешегі Ұлы Отан соғысы тұсындағы қазақ халқының басындағы шырғалаң қалы Ш.Мұртаза әңгімелерінің арқауы. Соғыс жылдарындағы ауыл өмірінің қилы бейнесі сомдалған «Сол бір күз», «Ақсай мен Көксай», «Бойтұмар», «Айырбас», «Жүз жылдық жара», «Интернат наны», «Қасқырдың тарамысы» әңгімелері оқиғаны басынан кешірген басты кейіпкер атынан баяндалады. Ер-азаматы соғысқа аттанған, қоғам мен өндірістің ауыр салмағы заты нәзік әйелдер мен қарттарға, жас балаларға артылған кешегі қиын күндердің тағдыр тай-таласы бұл әңгімелердің негізгі арқауы десе де болғандай. Пәк, адал, қиялы ұшқыр, арманы асқар, дұшпанына қайсар, намысқа жігерлі, айбарлы, жас баланың өмірде көргені оның ерте есейіп, тез ес жиып азамат болып қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді.

Қазақ прозасының шағын жанры – әңгіменің көркемдік көкжиегін кеңейтуге Ш.Мұртазаның қосқан үлесі мол деп білеміз. Халық жазушысының қаламынан туған әңгімелер оның шығармашылық жолындағы үлкен шыңдалу мектебі болып табылады. Сонымен Халық жазушысы Шерхан Мұртаза соңғы он-он бес жылдың бедерінде түрлі жанрда суреткер ретінде де халқына қызмет етіп, елжұртының тағдырындағы, замана толқынындағы аса бір зәру мәселелерге жан сала қалам тартып келеді. Қауымның көкейіндегісін дөп басып айта білген, жеткізе білген қаламгердің еңбегі жұрттың ықыласына, құрметіне ие болуда. Ал енді Ш.Мұртаза шығармашылығын тұтас алып қарап, оның шыншылдық қасиеті, идеялық құндылығы неде дегенде, жеке шығармаларға тән сипат-белгілерді емес, барлық шығармаларына ортақ ең басты өзгешелікке назар аударған жөн. Бұл орайда қаламгер шығармашылығының қоғам өмірімен, халықтың, ұлттың ой-санасымен тығыз байланысы, тамырластығы және оның өмір құбылыстарын биік адамгершілік идеялары тұрғысынан шебер бейнелеуге негізделген зор танымдық, көркемдік, тәрбиелік мәні алдымен айтылуға тиіс. Сұңғыла суреткер бүкіл бір тарихи дәуірдің тынысын айқын аңғартып, аса маңызды әлеуметтік мәселелерді терең толғайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Елеукунов Ш.Шерхан шері. Жас Алаш. –2002 ж.
2. Шерхан Мұртаза. Абай сәулесі. –Алматы: Білім, 2017 ж.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫНЫҢ АЙШЫҚТЫҒЫ

АЯПБЕРГЕН Е.Н.

М.Жұмабаев атындағы №29 орта мектебінің 11 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Жуалы ауданы, Б.Момышұлы ауылы

МУРАТОВА С.Т.

М.Жұмабаев атындағы №29 орта мектебі, Қазақстан Республикасы,
Жуалы ауданы, Б.Момышұлы ауылы

Резюме. В статье рассматриваются природно-лирические стихи Абая Кунанбаева глубоко раскрывают мысли и душу поэта.

Summary. The article deals with the natural-lyrical poems of Abay Kunanbaev deeply reveal the thoughts and soul of the poet

Абайдың табиғат лирикасы үлгісіндегі өлендерінде ақынның ой-сезімі, жан дүниесі де терең ашылған. Ол өзінің шығармаларында жыл маусымдарын: қысты, күзді, көктем мен жазды қайталанбас, соны бояулармен бейнелеп берді. Туған ел табиғатын сипаттауда оның суреткерлік шеберлігі айқын аңғарылады. Абай пейзажды адамның тұрмыс кешетін табиғи ортасы, мекен-жайы ретінде ала отырып, әлеуметтік өмірмен, қазақ халқының көшпелі тұрмысымен тығыз байланыстыра көрсетеді.

Табиғат лирикасының ішінде өзгелерден тақырыбы жағынан оқшаулау тұрған өлең саятшылық өнерді өте көркем, келісті бейнелейтін «Қан сонарда бүркітші шығады аңға». Осы көпшілікке белгілі өлеңнің мазмұнына, ондағы оқиғаның баяндау тәсіліне аз-көп зер салсақ, кейбір жайларға көңіл аударуға болар еді. Алдымен өлеңді көрнектілігі, айтылған жай, оқиғаны айқын көзге елестетерліктей нақтылығы жағынан алғанда сөзбен салынған әдемі сурет дерлік екенін айтсақ болар. Бірақ бұл қимыл-қозғалыссыз тұрған сурет емес, әрекетке толы, талас-тартысқа, бетпе-бет айқасқа құрылған драмалы оқиға. Өлеңде сол оқиға бірден басталып, саятқа шығатын қансонар дейтін жаңа қар жауғаннан кейін аңның басқан ізі айқын көрінетін кезді күтіп жүрген бүркітші баптаған құсын алып, атына мініп, тауға қарай беттегені баяндалады. Міне, ол ақша қардың үстінен тастың арасында жүретін түлкінің қайтқан ізін аңдып, көзі шалған соң қыран құсың томағасын сыпырып алып, ұшырып қоя береді. Бүркіт түлкіні аңдып, төмен ұшсам ерге қашар деп, жоғарылап барып, туралап түсетін тұсын бағдарлайды. Енді қашып құтылатындай жағдай жоқ екенін аңғарған түлкінің не де болса қарсы келіп қарсыласып көрмекші болып, «аузын ашып, қоқақтап, тісін қайрап» тұрған қалпын көреміз. Оқиғаның осы бір әбден шиеленісіп шегіне жеткен тұсында ақын тыңдаушысын тежеп, қызықтыра түсіп, енді аңшының сол айқас болғалы тұрған жерге жанталасып асыққанын айтады. Осы азғана шегіністен кейін барып, бүркіттің екпіндете, зуылдап келіп түлкінің үстіне түсіп, екеуі жарқ-жүрқ етіп шайқасқаны бейнеленеді. Бірақ ақын бұл айқасты екеуі адам үшін қызыл қанға батысты деген сөздермен ғана қысқа қайырып, ие болғанын көбінесе салыстырма көрініс – тұспалды сурет арқылы аңдатады. Талай оқырманды таңдандырып, тамсандырып келе жатқан осы екі салыстырма суретте байқағыштық та, тапқырлық та, содан туған көркемдік нақтылық та, және қызыл қанға батысқан айқасты әдемілеп, есірелеп көрсету шеберлігі де – бәрі де бар. Сүйтіп Абай қыран құстың түлкімен айқасын, аңшылықты кімді де болсын баурап алатындай әсем суретке айналдырған. Біз бір айқасты драмалы оқиға дегеніміз сондықтан. Мұны жан тебіренерлік, өте тартымды оқиға десек те, жан түршігерлік оқиға, яғни трагедия да дей алмаймыз. Ақын қыран құстың бетінен қайтпайтын батылдығын, және түлкінің өзінен басым жауынан қаймықпайтын қайсарлығын, айлалылығын көтере, сүйсіне сипаттаған. Өлеңдегі Абайдың тебірене айтқан авторлық тұжырымдама сөздері де осы әсем суреттемеге толық сәйкес шыққан:

Таудан жиде тергендей ала берсе,
Бір жасайсың құмарың әр қанғанда.
Көкіректе жамандық еш ниет жоқ,
Аң болады кеңесің құс салғанда.
Ешкімге зияны жоқ, өзім көрген
Бір қызық ісім екен сұм жалғанда.

Бұл сөздер Абайдың бүркіт салып түлкі алуды өзі соншалық ұнатқанын, әуестенуге лайық адамның көңілін сергітетін іс деп қарағанын ғана емес, сонымен бірге қазақ арасында саятшылықтың үлкен өнер саналып келгенін де айқын аңғарта алады.

Абайдың «Қыран бүркіт не алмайды салса баптап» деген өлеңінде «Қан сонарда бүркітші шығады аңға-дағы» секілді әдемі табиғат та, жарқын көрініс те жоқ. Бұл тұспалды өлеңге, мысалға көбірек ұқсайды. Халықтың ұғымында құстың асылы, ерліктің, батырлықтың символындай болған қыран бүркітке мұнда күйкентай мен қарға қарама-қарсы қойылған. Олар бүркіт ұшса, қалмай қабаттасып, бірге ұшып, оған кедергі жасап, өздері де ештеме бітірмей әуреге түседі.

Ақын ықшамды ғана суреттеме береді де, сөз салмағын күйкентай мен қарға ұшырдық деп мәз болған құс иелерін сынауға ауыстырған. Өлеңнің, аяғында жұрттың қылып жүрген мұндай істерінің берекесіздігі жайлы түйін жасайды. Өлеңді түгелдей алғанда онда еріксіз езу тартқызып, күлкі туғызатындай жайлар да жетерлік, мысалы: «Қарғаның «карқылдап» қыраннан қалмайтыны, күйкентайдың «шықылықтап» қосарланып жүргені, осы құстардың иелері «бос салақтап» күн ұзын шаба беретіні, түнімен «күпілдеп» құстарын мақтайтыны. Ал «қайран ел осынымен жүр далақтап» деген сөзінен ажуа мен мысқылға ел жайын ойланудан туған жанашырлық пен өкініш сезімі қосылатынын байқаймыз. Өлеңнің соңғы екі тармағында автордың түйіндеу сөзі комедиялық сарынға енді басқаша сипат береді.

«Күз» (Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан) атты өлеңінде ақын жылдың төрт мезгілін суреттейтін басқа өлеңдеріндегідей үлкен суреткерлік шеберлік таныта отырып, табиғат көріністеріне жалғастыра ауылдың күнделікті машықты өмір тұрмысын мейлінше қарапайым нақтылы түрде, ешқандай көріктеп, әдейі әсірелеусіз сипаттайды. Аспанды қаптаған сұр бұлтты, жерді басқан дымқыл тұманды, жапырағы түскен ағашты, сарғайып тозған күзеуді суреттеу арқылы көшпелі ауыл тіршілік ететін табиғи ортаны, айналаны нақтылы қалпында айқын көзге елестетеді. Ойнақтаған жылқылар, үйірінен қашып, оқшауланған биелер, жарыса шапқылаған тайлар — бұлар да мал баққан елдің өмір-тұрмысының айнымас, әрқашанда қосақталып жүретін белгі-нышандары десек болады. Өлеңді түгелдей алып қарасақ онда табиғат көріністерінен гөрі көшпелі елдің өмір-тұрмысын, тіршілік әрекетін бейнелеу жағы басымырақ екенін мойындауға тура келеді.

Дәл тауып, айнытпай берілген нақтылы күнкөріс әрекеттері — қазақтардың теріні малмаға салып, иін қандырып алып илейтіні, қыс бойы қорек ететін астықты күзде түйемен барып басқа жақтан әкелетіні, киіз үйдің іші ыс болады деп күзгі суықта от жақпай отыратыны, әйелдердің түйенің шудасынан жіп иіріп киіз үйдің жыр-тылған жерін жамайтыны — бәрі де көшпелі елдің дағдылы тіршілігін, тұрмыс-жағдайын, әдет-салтын анық аңдатады. Мал бағумен күн көрген елдің өмірге бейімділігі, тіршілікке икемділігі, ептілігі де байқалмай қалмайды.

Қара суыққа тоңып дірдектеген балалар мен кемпір-шалдардың сиқы күзгі табиғаттың жабырқаңқы түріне толық сәйкес келеді. Ақынның «Жазғытұры» (Жазғытұры қалмайды қыстың сызы) дейтін өлеңіндегі шұғылалы сәулесін шашқан күнді, жарық айды, жымындасқан жұлдыздарды қызықтау, шат, жарқын көңілді адамдар бейнесін алға тарту, табиғатты көтеріңкі леппен суреттеу мұнда жоқ. Бұл өлеңде:

Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,

Жапырағынан айрылған ағаш-курай,

-деп ағаш пен курайдың кемпір-шалмен салыстырылатыны көңіл қоярлық. Өдетте адамды жансыз нәрсемен салыстыру қолайлы, ұтымды саналса, Абай керісінше тәсіл қолданып, жансыз нәрсені сипаттау үшін оны адаммен теңестіреді. Бұл бүрісіп үрпиген кемпір-шалдың мүшкіл халіне оқырманның аяныштылық сезімін күшейте түседі. Өлеңде тек кедей, жоқ-жітік адамдардың хал-жайы айтылатыны тегін емес. Ол көшпелі елдің тұрмыс-тіршілігі күз түскенде қиындайтынын нанымды етіп көрсету үшін қажет. Өлеңнің осындай мазмұны оның сарынына әсер ететінін мойындасақ та, бірақ бұдан ақынның өз көңіл күйі де сондай жабыңқы демесек керек. Табиғатты, елдің өмір-тұрмысын суреттеудегі ақынның байсалдылығы, пікір парасаттылығы ешқандай мән туғызбайды. Өлеңнен боямасыз, қоспасыз аққа? өмірдің өз көрінісін тапқандай әсер аламыз.

«Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай» өлеңінде табиғат көрінісі жоққа тән, ақын жылдың осы мерзімі мал баққан елдің тұрмысына, әсіресе кедейлердің өміріне қаншалық ауыртпалық әкелетінін нақтылы сипаттап береді. Көшпелі елдің тіршілігін, күн көрісін айрықша жан ашырлық сезіммен суреттеген осы өлең шумақтарында сирек кездесетін байқағыштық, шыншылдық бар екенін қанша айтса да артық емес. Сонымен қатар, кедейдің тұрмысының ауыр екенін жас балалардың аянышты халін бейнелеу арқылы көрсетуі ерекше әсерлі. Жалбыр-жыртылып, жалбыраған, тозған киім жоқтықтың, кедейліктің белгісі, сондықтан бұл сөз ауыспалы мағынасы

бар метонимия түрінде жасалған көркем бейне болып шыққан. Ол кедей баласының тұлғасын, оның ауыр, аянышты халін анық, дәл танытады.

Абайдың тағы бір шығармасында кездесетін осыған ұқсас метонимиялық сипаттама-бейне: жағалайды әр-кімді жыртық киім – дегендегі жыртық киім. Мұның жыртық киім киген адам деген мағына беретіні түсіну оңай-ақ. Мәселе онда ғана емес. Көңіл қоярлық нәрсе осындағы айту әдісі, адамның киімін айту арқылы оның кескін-тұлғасын суреттеу өте ұтымды екендігі. Мұндағы мағына ауыстырудың әсерлілігі – осы жыртық киім дегеннің өзі адамның жәй ғана бір әлдеқандай сипаттамасы емес, сол адамның балама бейнесі реуішті болып тұр. Сондықтан ол күр сүлдері жүрген панасыз, қайыршы адамның аянышты халін жақсы байқатады.

Өмірдегі, табиғаттағы көркемдікті, әсемдікті өте нәзік сезініп шебер бейнелеу жағынан Абай поэзиясында ғана емес, бүкіл қазақ поэзиясындағы үздік туындылар – «Жазғытұры» (Жазғытұры қалмайды қыстың сызы), «Желсіз түнде жарық ай», «Жаз» (Жаздыгүн шілде болғанда).

«Жазғытұры» өлеңіндегі негізгі сарын – сахара табиғатының көркін сипаттай отырып, қазақ халқының көшпелі өмір тұрмысын реалистік шынайылықпен нақтылы бейнелеу. Сонымен қатар бұл өлеңде табиғат көркін, сұлулығын асқақ шабытты суреткердің көзімен қарап тамашалау, тамсану пафосы да ерекше күшті.

Жазғытұры қалмайды қыстық сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Осы бастапқы бір шумақтан-ақ ақын адам өмірі мен табиғат құбылыстарының арасындағы жалғастық-үндестікті бар жанымен сезінетінін айқын аңғаруға болады. Мал баққан елдің қарекетін, тұрмыс-жайын, жазды жадырап, қуана қарсы алғанын көрсететін нақтылы сурет темелерде табиғат көркін, малды, құсты мейлінше шынайы бейнелеген тұстарда өлеңнің жаңағы айтылған өзгешелігі бірте-бірте толығып, табиғат аясында отырған елдің тұтас бір өмір көрінісі алдымызға тартылғандай болады. Адамның іс-әрекеті, мінезі, қимыл-қозғалысы дандай нақтылы, нанымды болса, малдың, құстардың бейнесі де сондайлық нақтылы, нанымды, ешбір қоспасы жоқ. Әрине, «гүл мен ағаш майысып қарағанда» деген сияқты суреттеулерде көркемдік әсірелеу жоқ емес, бірақ ол поэзияға тән сипаттау тәсілі.

Осылай өмір-тұрмыс, табиғат көркін нақтылы қалпында, айрықша шынайылықпен бейнелейтін өлеңде бара-бара дүние-болмыстың, табиғаттың керемет сұлулығына тамсану сарыны да күшейе түседі:

Қара тастан басқаның бәрі жадырап,
Бір сараңнан басқаның пейілі енер.
Тамашалап қарасаң тәңірі ісіне,
Бойың балқып, еридi іште жігер

Өлеңнің бірінші шумағындағы аспаннан нұрын төккен күн бейнесі енді ақын табиғат құбылыстарын, жер мен аспанды, ай, жұлдызды, желді символдық мағына беріп, жанды бейне түрінде тұспалдап суреттеген түсі, жаңа қырынан көрінеді. Мұндағы күннің балама бейнесі қазақ ұғымында әбден қалыптасқан қалыңдығын айттырып қойып, арада бірнеше ай өткізіп, сағындырып келетін күйеудің тұлғасын айқын елестетеді. Жұлдыз бен айдың бейнелері де қыз айттыру, келін тусіру ғұрпына орайлас беріледі. Олар атастырылған күйеуі бар қалыңдыққа күйеу алыста жүрген кезде қызыққанын сездіріп, кісімсініп жүреді де, күйеу келерін білгенде өндері қашып, берекесі кетеді. Жылы жел де күйеу мен қалыңдықтың үйлену тойы болатынын айтып, ауыл-ауылды аралап, шапқылап жүрген хабаршы бейнесінде көрінеді. Күннің күйеуше қырындауы, жұлдыз бен айдың күн жоқта кісімсіп, қожаңдауы, желдің тойдың хабаршысы болып жүруі және жердің қыстайғы қары азалы ақ көрпе бейнесінде суреттелуі-осы өлеңде табиғат көріністері қазақ даласының нақтылы тіршілік, болмыс белгілерімен қаншалықты орынды қабысып жатқанын айқындай түседі. Осының бәрі қазақ елінің өмір салты, әдет-ғұрпына жанасымды жасалған көркемдік салыстырулар десек, ал мына:

Анамыздай жер иіп емізгенде,

Бейне әкендей үстіңен аспан төнер.

-дегендегі теңеулер ежелден бірталай халықтарға белгілі ескі аңыз-мифтерде кездесетін бейнелеу үлгілерімен ұштасады, бірақ ешбір оғаштығы жоқ, поэзиялық көркемдеп айту тәсіліне әбден-ақ үйлесімді болып көрінеді. Табиғатты көркемдік қиялға беріліп, осындай символдық суреттер арқылы жарқын елестеткен ақын өлеңнің соңғы шумағында өмір-болмысты, табиғатты, аспан мен күнді тағы да нақтылы, шынайы қалпында және терең сезіммен тебірене бейнелейді.

Табиғат құбылыстары Абай поэзиясында күндегі өмірмен, адамдардың күн-көрісі, іс әрекетімен ақынның өз көңіл күйімен тығыз байланысты келетіні ақынның бірталай өлеңдерінен, соның ішінде жылдың төрт мезгілін суреттеуге арналған өлеңдерінен айқын аңғарамыз. Мұны Абайдың дүниежүзілік поэзияның таңдаулы үлгілерімен тең түсетін, біз арнайы талдап, қарастырмақшы болып отырған екі өлеңнен әсіресе толық көре аламыз.

Осы айтылған өлеңге тақырыбы жағынан үндес келетін лирикалық жыр-«Жаз» (Жаздықүн шілде болған-да). Бұл шығарманың керкемдік сапасын өте жоғары бағалаған Ілияс Жансүгіров ол туралы айта келіп, былай деп жазды. «Абайдың жыры ырғақ, музыка, дыбыс құралысы жағынан төгіліп кетеді. Абайдың бұл өлеңіндегі бір ақындық өзгешелігі ол өлең ұйқасындағы етістіктердің сайдың тасындай ірі, қимылды, қозғалысты көрсетуге жандылығы». Ілияс Жансүгіров ұлы ақынның осы өлеңінің көркемдік қасиетін әсіресе тіл ұйқасындағы өзгешелігін дәл тауып, өте орынды айтқан. Бұл жырында Абай негізгі желілі ұйқасты ұзақ сақтайтын шұбыртпалы жыр өрнегін асқан шеберлікпен қолданып, өлеңнің басынан аяғына шейін дерлік бір ұйқасты қайталап отырады. Және үнемі бірыңғай үйлесетін грамматикалық құрылысы жағынан біріне-бірі ұқсас етістік сөздерді ұйқасқа кіргізеді. Осының өзі-ақ ақынның ұйқасқа өте үлкен мән бергенін байқатады. Өлеңнің осы бас жағында ғана ұйқас басқаша. Бірақ бұл жеке шумақ емес, ұзақ жыр түйдегінің бір бөлшегі ғана. Мұндағы ұйқас тек қосымша, жанама ұйқас қана. Онан әрі өлеңде жана ұйқас, желілі ұйқас бірден жарқ етіп шыға келіп, үнемі қайталанып, өлең аяқталғанша созыла береді. Ақын әр қозғалыс, қимыл-әрекетті көзге елестетер-ліктей етіп көрсетіп, сол сөзбен мүсіндеп отырған адамына, немесе атқа, кұсқа, жан бітіргендей, жансыз нәрсе болса қолға ұстатқандай қып бейнелейді. «Жаз» (Жаздықүн шілде болғанда) өлеңінің бұл ерекшеліктері қайнап жатқан шынайы өмірді оқушының көз алдына алып келетін реалист ақынның бейнелеу әдісін, тендесі жоқ суреткерлік шеберлігін жақсы танытады.

Кейде қазақ аулының тұрмыс жағдайын сипаттауға көбірек мән беріліп, табиғат тек халық өмір сүретін орта болып екінші қатарда ғана көрінеді. Мысалы: «Күз» (Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан), «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай», «Қыс» (Ақ киімді, денелі, ақ сақалды). Бұларда ақын көшпелі тұрмыстың ауыртпалықты жағын көбірек айтады, ал «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай» өлеңінде әлеуметтік теңсіздікті де ашып көрсетеді. Ал «Жаз» (Жаздықүн шілде болғанда), «Жазғытұры» (Жазғытұры қалмайды қыстың сызы) өлеңінде елдің кең далада, табиғат аясында бой жазып, жаны жадырап отырған кезін бейнелейді. Бұларда жарқын бояулар, ауыл өмірінің жақсы жағын айту, көтеріңкі леппен суреттеу басым келеді. Ақын көшпелі елдің өмір-тұрмысының ауырлығын, көлеңкелі жағын да, сонымен қатар ауыз толтырып айтарлық күнгей жағын да көре білген. Бірақ бір өлеңде айтқанын басқа өлеңінде қайталай бермейді. Олай болса бір кездегі осы өлеңдердің кейбіреуін (мысалы, «Жаз» өлеңін) бөлек алып қоғам өміріндегі қайшылықты, кедейдің ауыр халін көрсету жағы әлсіз деп сын айтушылық әрине, орынды болған деуге келмейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құнанбаев А.. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы; 1995
2. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. 2-том, Алматы, 1960
3. Нұрқатов А. Абайдың ақындық дәстүрі. Алматы, 1966.

ӨОЖ 81.27

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР

САПАРБЕК С.Р.

М.Жұмабаев атындағы №29 орта мектебінің 10 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Жуалы ауданы, Б.Момышұлы ауылы

ОРДАБАЕВА Ү.Б.

М.Жұмабаев атындағы №29 орта мектебі, Қазақстан Республикасы,
Жуалы ауданы, Б.Момышұлы ауылы

Резюме. В статье рассматривается из этой черной поэмы вытекают языковые, образные, жанровые поиски наших лириков. Если посмотреть на высоту современной казахской лирики, то можно сказать, что эстетическое поле начинается со свободной поэзии.

Summary. The article considers from this black poem the linguistic, figurative, genre searches of our lyricists. If you look at the height of modern Kazakh lyrics, then we can say that the aesthetic field begins with free poetry.

Лирика өзінің табиғатында сезім мен ойдың поэтикалық нәтижесі ғой. Веселовскийдің бұл жанрға поэтикалық формула тұрғысынан қарағаны тегін емес. Бірақ көркем туындының тарихи адаммен оның сезімімен үнемі тікелей қарым-қатынаста болуы себепті уақыт өзіне тән эстетикалық норма талап етуі заңды құбылыс. Біз осы жанрды зерттеу саласында оның үнемі ескеріп отыруға тиіспіз. Өнердің спецификалық ерекшелігі дейтін негізгі қасиетінің құрамды бөлігі десе де болғандай.

Қазіргі қазақ лирикасының эстетикалық арсеналдары қандай? Бұл сауал – поэзия, өнер зерттеушілерін ойландыруға тиіс, қазіргі әдебиеттану ілімінің ең көкейкесті сауалдарының бірі деп ойлаймыз. Бұл жеңіл сұрақ емес. Өйткені, өнерде жетістікті санмен өлшейміз бе, сапамен бе? Әрине, сапамен деп бірден жауап береміз. Ал, сол сапа дегеннің өзін өнерде қалай салмақтаймыз? Мәселен, өлеңнің құрылыстық жағынан ба, көркемдеу құралдары тұрғысынан ба, мазмұн тереңдігінен бе, әлде сұлулыққа ара қатынасы жағынан ба? Мұның бәрі бір ақынның бойынан табылуы да мүмкін, әр ақынның даралық ерекшелігіне шағылып кетуі де мүмкін. Өнерде сапа өлшемін шығарудың өнер ерекшелігіне орай осындай қиындықтары бар. Сөз, әрине, озық үлгілер, даралық сипат танытқан шығармалар төңірегінде болуға тиіс.

Біздің қазіргі лириктеріміздің біразы осы тәсілмен жазып жүргенін айтар едік. Бұл, әсіресе, Т.Айбергенов, Ж.Нәжімеденов сияқты мықты лириктер арқылы айқындала түсті. Бұл тәсіл, әрине, форма жаңалау мақсатында туды демесек те, поэзиядағы табиғи ізденіс көрінісі екені анық. Бұл тәсілмен көп елігіп кеткендер «ұтар еді» дегенді біз айта аламыз. Бұл пікірді теоретик ғалымдарымыз да ескертіп келеді. Тіпті талантты деген Жүмекеннің өзінің соңғы кезде тұйықтала бастауына осы форма ықпал еткен сияқты.

Ұрпақтан ұрпаққа жеткен халық мұрасының қай-қайсысы болсын өзіндік эстетикалық салмағымен құнды. Өнер иелерінің творчествосы негізінен ерекшелікке саяды, ал сапасы талант қуатымен өлшенеді. Төлеген жолдарын да осы тұрғыдан бағалаймыз. Бұл жолдардың түр-тұлғасы мен түйдекке лирикалық мазмұны жағынан жоғарыдағы Біржан өлеңімен тектес. Неге десеңіз, негізгі фактор – сезім, дидактика салқыны сезілмейді де. Өмір жайлы толғау да емес. Ендеше, бұл – таза лирикалық өлең. Өлеңнің сыртқы құрылысында жаналық бар, шарқ ұрған таланттың ізденісі бар. Алау сезім өзгеше бедерлеуді тіленгені танылады. Сондықтан ақын ерікті ұйқасқа барады. Сөйтіп ақын сөз тіркесінің аңысын андиды, сол арқылы қызуын ішке түсіреді. Жалынның бәрін жоққа, мазмұнның бәрін мазмұнға айналдырады. Ендеше, екі өлеңнің де сезімдік қуаты тең жатыр. Дәстүр жалғау дереннің осындай тәуелсіздік жақтары да болады. Тек сыртқы ұқсастық, тәсіл қайталау – поэзиядағы дәстүр бола бермейді. Дәстүр кей жағдайда өнер табиғатына тән интуициямен берілуі де мүмкін. Сезім ұштасып, ой сарылса – талант тұтнаады.

Жас ақында еліктеуден гөрі пайымдылық басым. Дәстүрлі бойға сіңіру ғадеті бар. Біз, бүгін қазақ поэзиясында көрініп қалып жүрген, ерікті ұйқас лирика табиғатына сіңісті ме деген төңіректе сөз қозғап отырмыз. Біздіңше, ерікті ұйқас, негізінен, жанр табиғатымен тым сіңісті боп кете алмайды. Біз сәтті оралымдарды келтіріп отырмыз. Ненің де түйінін талант шешеді ғой, дегенде де қазіргі қазақ лирикасының биігінен көз жіберсек, эстетикалық өрісі ерікті өлең ұйқасынан бастау алып тұр дей аламыз. Тамаша лирик М.Мақатаевтің қара өлең ұйқасын таңдауы тегін емес деп ойлаймыз. Ғалым З.Ахметов те ақ өлеңнің қиындығын орынды байқаған: «Ерікті өлең сапалы, келісті шығу үшін әр сөз, сөз орамы мағыналы, мәнді болмақ керек, ырғақ-интонациясы жағынан оқшауланған әр сөйлем, қысқа сөйлемшелер шырақ, жинақы, оралымды болуға тиіс. Ал, өлеңді жәй ғана қара сөзге айналдырып алмай, сөз ырғағын ширақ етіп келтіре білу, өлеңге әр сөзін салмақтап айрықша лебізбен оқуға сай қасиет дарыту – бұл үлкен ақындық шеберлікті талап етеді» - деп орынды байқаған, әрі сақтандырып отыр.

Қазақ поэзиясының, оның ішінде, қазақ лирикасының эстетикалық аренасы кеңейгендігі талас тудырмайтын шындық. Бірақ, біз жоғарыда қатты ескерткен пропорцияны үнемі есте ұстай отыра көз жіберуге, бағалауға тиіспіз. Сәкен, Ілияс, Қасым, Әбділда аясында түлеген бүгінгі Тұманбай, Қадыр, Мұқағали, Төлеген, Сағи, Өтежан, Жүмекен, Мұхтарлар лириканың жанрлық мүмкіндігін кеңейтіп отыр. Бұлар өздерінен алдыңғы топтың ең қажетті деген дәстүрін бойға

жиды. Көзсіз еліктеуден, жалған жалау көтеруден аман болды. Қашанда әдебиеттің бетін айқындап, оның қоғамдық қажетін өтейтін де жеке озған дарын, өнер саңылақтары екенін тегін айтып отырған жоқпыз. Олай болса біздің де жанр сипаты мен ерекшеліктерін ғылыми екшегенде солардың творчествосына сүйенуіміз заңды.

Тыныстың кеңдігі, сезімнің ауқымдылығы, қиялдың сергектігі, ойдың тереңдігі жағынан Мұқағали өзгелерден оза шапты, дараланды. Ал, Төлеген іздері қазір қазақ лирикасында тіпті көп. Өзінің поэзияға тән құштарлығымен, еріп кететін сезім жомарттығымен ақын біткенді маңайына магнитше үйіреді. Ол өлеңнің қара дауылын тұрғызып поэзия теңізін шайқайды. Оның асқақ та өршіл рухы лирика айдынында армансыз жүрді.

Төлеген Айбергенов – табиғатында лирик. Лириканың ең негізгі қасиетіне Төлеген творчествосын еркін атқара отырып көз жеткізуге болады. Дәл осы сипат тұрғысынан үңілсек, әлі де ақынның орны бөлек, биік тұр.

Төлеген дәстүрі бірнеше арнада жетілді, бірақ сезімдік салада тереңдеді деу қиын. Әр ақынның сезім көлемі өлшенетін, негізгі өлшем – оның оқырманға әсері ғой. Әйтпесе, біз Сағидың, Қадырдың, Тұманбайдың, Өтежанның сезім-лабораториясы Төлегеннен тапшы деуден аулақпыз. Бірақ, бұлар Төлеген сияқты көп жағдайда сезімді бірінші орынға шығармауы да мүмкін. Көркемдік тәсіл ретінде де олар сезімді туындының екінші, үшінші қабаттарына жасыруы да ықтимал. Соның салдарынан баллада, сюжеттік өлең, толғау т.б. лирика жанрлары өздеріне жаңаша өріс ашты. Яғни, сезім тең түскенімен, тәсіл бөлек.

Ой да, ойлылық та оның сезіміне қақталып, дап-дайын боп пісіп алдыңызға келеді. Сондықтан көбіне ойдан гөрі сезімге елтисіз. Жаныңызды алмастай суырады. Жоғарыдағы жолдардағы динамика, жанды сезімнің тасқын легі бөтен ой, бөгде қылыққа жібермейді. Шынын сезімге шыр айналған дүниені алқымға әкеп бір-ақ тірейді. Міне, осы тұста оның сезім байлығына көз жеткізесіз. Бұл ақын үнемі осы тәсілмен жазады деген сөз емес. Керісінше, табиғатқа байланысты толғаныстарында уақыр, кеңістік негізгі объект болады. Алайда, дүние жұмбағының өзі өзгеше бір тылсым дүниеге айналып поэзияның мысы басады. Сондықтан, туып-өскен жерге деген іңкәр махаббатын ол қашанда сөзбен емес, сазбен толғағандай әсерде отырасыз. Осыдан заңды сұрақ туады. Сезімдік өлеңдерде көркемдеу құралдарының ролі қандай? Мәселен Төлеген әлі өлеңді қандай көркемдеу құралдарымен тұзақтайды? Мұнда бәлендей айшықты тіл өрнегі жоқ. Жалпы Төлеген образы тілді пайдаланса, тыңнан ойып жаңа үлгі жасауға ұмтылады. Ол – ақын творчествосының өзгеше жемісті саласы. Бірақ ақынның жүрек лүпілі қайткенде оқырман жүрегіне жетуі – негізгі нысана ғой. Айшықты образды көл-көсір пайдалана берудің өзі салауатты поэзияға жанаса бермейтінін ескерген жөн. Әңгіме - әрнәрсені дарытуда, нәзік талғаммен пайдалана білуде. Сол арқылы сезімдік қабат жасау. Содан барып табиғи ұйқас, ырғақ туындату. Мұның бәрін біз шеберлікке теліп жүрміз, әрине. Кім білсін, басқа да сыр бар шығар.

Төлеген осы тәсілдің биігінде қалды. Ал, Қадыр әрі қарай творчестволық ізденіс жолдарына түсіп кетті. Қадыр өлеңдері әрі қарай драмалық ситуацияларға, тартыс, оқушымен диалог, монолог т.б. элементтермен қазақ лирикасын жетілдіре, желпіндіре түсті. Лириканың философиялық, психологиялық трактатқа айналып кететін кездері де болады. Мұны жатырқай алмаймыз, жатсынбаймыз, неге десеңіз соның бәрін ақынның шынайы сезімі арқылы беріледі. Егер олар шынайылығын жойған болса Қадыр дәл бүгінгідей оқырманын таппаған болар еді. Халық қашанда - өнердің барометрі. Қазіргі қазақ лирикасының дамуы тенденция мен содан туындайтын түрлік өзгешеліктерін айқын көрсетіп отырған лириктеріміз: Т.Айбергенов, М.Мақатаев, Т.Молдағалиев, Қ.Мырзалиев, М.Шаханов, Ж.Нәжімеденовтердің стильдік ерекшеліктері ойлау арсеналдары дара-дара болғанымен олардың басын біріктіретін уақыт өлшемі бар. Сондықтан да олар поэтикалық жағынан бір-бірінен алшақ кете алмайды. Ал өнерлік дәстүр, тілдің жанрлық ішкі ерекшелігіндегі ізденістері жағынан тіпті де бір-бірімен жақындай түсті.

Қара өлеңнің жалпы ырғақтық үндестігі осы буын өлшеміне лайықталған әрбір өлеңнен белгі береді. Өтежан, Сағидың он бір буынға лайықталған өлеңдерінен де құлаққа таныс ырғақ, таныс үн жетіп жатады. Бұлардың арасын белгілейтін негізгі өлшем – интонациялық айырмашылық. Осы жерден келіп әр ақын стильдік даралық таныта бастайды. Стильдік ыңғайластық көрсете бастайды. Сөйтіп өнерде типтік жоталар қалыптасады. Біз жоғарыдағы үш ақынды іріктеуіміздің де осындай сыры бар. Дегенде де қазақтың қара өлеңі бүгінгі лириканың ана қаздай алдында тұрағын баса айтамыз.

Лириктеріміздің тілдік, образдық, жанрлық ізденістері осы қара өлеңнен тарап жатыр. Жоғарыда аты аталған ақындардың барлығы да қара өлеңнен бастаған. Сол арқылы жетіліп жаңа сөз айтты. Мәселен, Қадыр, Жүмекен, Мұхтарлар қара шаңырақ қара өлеңнен отау тігіп, енші

алды. Ал, Мұқағали қара өлеңді өле-өлгенше «кұдырет» көрді. «Қазақтың қара өлеңі – құдыретім, онда бір сұмдық сыр бар естілмеген» дейді. Қара өлең арқылы ол көркемдік көгіне көтерілді, Өнердің тылсымына бойлады. Әр творчество тағдыры тарам-тарам. – Таланттың жетелеген жағына үй тігеді. Әр талант өзін толық ашқанда барып өзіне тән стиль қалыптастырады. Ол бір өлеңде бола ма, бес, он өлеңде ме – бәрі бір. Ал өзін іздеу жолындағы өлеңдерден ұлттық поэзиямыздың әр қасиетін көруіміз – заңды құбылыс. Мәселен, М.Шаханов өз творчествосын сазды лирикадан бастап лириканың баллада жанрына сюжетті өлеңге ойысып кетуі оның өзін табуы.

Шын мәнінде ол балладалар арқылы өзіндік поэтикалық мүмкіндігін толық ашты дей алмаймыз. Қазақ лирикасына тыңнан бір соқпақ қосылды. Баллада бұтақты айтып отырғамыз жоқ, Жанр арқылы жаңарған тіл құнары, ұлттық тіліміздің поэтикалық тұтас кітабы қайта түлегендей болды. Осы жағынан Мұхтарды новатор ақын деуге әбден болады. Оның сезімдік көңіл күйі, сағынуы мен аңсауы, эпикалық үлгіге қалай айшық табады десеңші. Ұйған сүттей дірілдеген сезім оның сюжетті дүниесін түгелдей лирика мүлкіне айналдырады. Оның эпикалық баяндауының өзінде лирикаға тән шапшаңдық, өткірлік үстем отырады. Ол шеберлік шыңдау үстінде тілдік жанрлық жаңалықтар енгізеді.

Қалпымен драммалық элементтер өлеңге айналып тұр. Ұқсас, ырғақ, динамика лирика табиғатынан бұра тартпайды. Керісінше, қара сөзге лайық ұғым мен мазмұн лириканың үлесіне айналады. Бұл, әрине, жаңалық. Біріншіден, баллада жанры қазақ поэзиясында өте кеш дамыды. Және ондағы эпикалық баяндау сарыны немесе ақ өлең, толғау, түйдектерде кездесетін екпін интонация Мұхтарда жаңа сипат алып тұр. Неге десеңіз, өмірге лайық жаңа мән, жаңа форма талап етіп тұр. Оның әрбір сөзі психологиялық дәлдікпен жұмсалады. Бәрі де есепте. Оның өлеңдеріндегі симетрия ерекше математикалық индукциямен есептелгендей. Осынша жаңалықтың бәрінде сөз көне, тілбайырғы. Сондықтан оның ұлттық бояуы қанық. Өзге тілге аудару қиын.

Мазмұн түрге, түр мазмұнға айналады. Осы жеден ақын стилі туады, идеялық беті айқындалады, эстетикалық келбеті көрінеді. Мәселен, Қадырдың жоғарыдағы өлеңдеріндегі поэзия шартын жете түсінген шеберлігін ғана мадақтау кемшін болар еді. (мадақтауға тұрарлық жаңалық бола тұра), ақынның шынайы стилін – философиялық стилін ажыратып айта алмағандық болар еді.

Қазіргі қазақ лириктерінің (ең таңдауларының, әрине) таза лирикалық сипаты жырларының өзінен уақыт тынысын сезбей қоймаймыз. Біздің дәл қазіргі лириктеріміздің өзіндік бір ерекшелігі – уақыт қазанында әбден пісіп қайнауы. Ол не деген сөз? Ол – қазіргі лириктеріміздің ерекше сауаттылығында дер едік. Классикалық мұраның қай-қайсысымен де жетік сыралғылығында дер едік. Таланты тең түсетін ұлт әдебиетіміздегі көптеген ақындарды Абайдың сынауы тек осы тұрғыдан деп білу керек. Жаңа мәнді сөздің қадыр-қасиетін жетік білген Абай оларды өз биігінен сынап Абай қадіріне жеткен «жаңа сөз» дәстүрін біздің жоғарыда аты аталған лириктеріміз жалғап отыр. Қалай? Абай бастан кешкен ақындықтың «азапты» жолынан өту арқылы; тұңғыш Абай қолы жеткен дүние жүзілік мәдениет қақпасын қағу арқылы; сөйтіп барып өмір, уақыт тынысын таныта алатын мәреге жетті. Сөйтіп барып олар тарихи кезеңнің әлеуметтік-эстетикалық қызметін атқара алып отыр. Бұл – Абай дәстүрінің, Абай мектебінің қазақ поэзиясындағы бүгінгі көрінісі, іске асуы деп білеміз. Біз жоғарыда да айттық, олар бұл дәстүрді бойға сіңірген сайын стильдік тұрғыда даралана түседі.

Инпровизаторлық стильде сезім тереңі мен сурет негізгі объект бола бермейтінін ескерсек, ақын ұйқас пен ырғаққа шапшаңдық дарыта отырып, сезім суретін айшықтайды. Мұнда да Мұхтарға ғана тән тілдік қолданыстар мол ұшырасады. Сөздің мағыналық айрықша мән беретін ақын, жоғарыдағы жолдарда халқымыздың негізгі қасиеттерін желеддете шолып қана өтетіндей. Алайда, ұлттық ұғым, түсінік, тіл бояуына ешбір нұқсан келмейді. Қайта жаңарған жаңа сөз әлгі ұғымдардың тереңінен тамыр тартады. Мұхтар ұлттық поэзия дәстүрімен осылайша сабақтасады. Яғни, Мұхтар ұлттық поэзия дәстүрін тереңінен танып, игерген сайын бүгінгі поэзия проблемасына жақындай түсті. Сыннан өткен халық даналығын бүгінгі өмірдің өзекті проблемасы етеді. Кейде осы көп проблемалылық Мұхтар поэзиясын трибуна немесе публицист ақын етіп жібергендей. Қалай дегенде де көне көңіз аңыз, ертегі формасымен мазмұны Мұхтар талантымен өзгеше үндестік табады. Сол бір халық творчествосындағы дарқандық, көп қырлы, жан-жақтылық Мұхтар талантында тоғысып, ерекшелігіне айналған сияқты. Ақында еліктеуден гөрі немесе ұтымды үйренуден гөрі халық мұрасымен осындай бір табиғи табысу бар сияқты. Қарапайым әңгіме, таныс сюжет Мұхтар қаламынан жаңа ғана көзі ашылған бұлақтан ойнақтап шыға келгенде әрине, таңданасыз. Бұл деректің өзі ақынның публицист емес, суреткер ақын екенін дәлелі.

Ақынның бейнелі тұспалымен бірге пікірін ашық айтатын кездері де болады. «Түсінісу теоремасы», «Шың басындағы оқиға», «Отан», «Жігерлендіру» т.б. адам үшін аса қымбат шындықты көзге көрсете, қолға ұстата алады. Мұндай тұстарда, әрине поэзия қуаты ма, жоқ әлде шындық күші ме мысын басатын, байыптау қажет болад. Ақын қайткенде де бүгінгі оқырманды ойлы әңгімеге баулудың жолын қарастыратындай.

Қорыта айтқанда, Мұхтардың полифондық стилін біз ақынның жалашылдығы, осы жолдағы ізденіс іздері деп бағалау ләзім. Поэзиямыздағы шарттылықты бәріне де қарсы шығып, өмір шындығына жақындау, өнерді халыққа жақындату ниеті деп түсіну керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Әліпханов М.Өмір жыры, өлім сыры. Ақиқат. 1999 ж.
- 2.Жұртбаев Т. «Адамды сүй, Алланың хикіметін сез...» Ақиқат 1994 ж.

ӘОЖ 81'373.612.2

МЕТАФОРАЛАНУ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН АТАУЛАР ЖӘНЕ ОНЫ ТОПТАСТЫРУ ЖҮЙЕСІ

ЖАҚАН Г.Ө.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2 курс магистранты,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Б.Қасым

Резюме. В статье рассмотрена система группировки имен, созданная метафорически. Раскрытие номинального характера метафоры как одной из основных тем, рассматриваемых в современной лингвистике, ясно показывает, что это одна из проблем, которая только начинает изучаться в современном казахском языкознании. Всестороннее изучение такого словообразовательного явления, как словообразовательная метафора, и определение его места в метафорической системе языка, определяем систему топатизации имен.

Summary. The article considers a system of grouping names created metaphorically. The disclosure of the nominal nature of metaphor as one of the main topics considered in modern linguistics clearly shows that this is one of the problems that is just beginning to be studied in modern Kazakh linguistics. A comprehensive study of such a word-forming phenomenon as a word-forming metaphor, and the definition of its place in the metaphorical system of the language, we define the system of topatization of names.

Қазіргі қазақ тіліндегі тіл бірліктерінің метафора тәсілі арқылы жасалу үрдісінің белсенділігі тілдік қолданыстан айқын байқалады. Тілдің лексикалық қорын байытып отыратын метафоралық тәсіл тіл бірліктерінің ішкі мағыналық құрылымынан байқалады. Сондықтан да кез келген атаудың табиғатын қарастырғанда олардың тілдік сипатымен қоса танымдық негізі назарға ілігеді. Сөзжасамның ең белсенді әдістерінің бірі метафорлану арқылы түзу. Бұл құбылыс семантикалық туындыға қатысты екені белгілі. Метафора лингвистикалық бірлік мәтіннің лексикологиясын, стилистикасын және лингвистикасын зерттеу объектісі [1, 44]. Негізгі функциялардың бірі метафоралар-номинативті функция [2, 11-15]. Метафораның арқасында сөзде жаңа мағыналар пайда болады бұл өз кезегінде жаңа лексемаларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Көбінесе метафора троп ретінде қарастырылатын көркем сөз –«сөзде қолданылатын өрнек екі заттың немесе құбылыстың ұқсастығына негізделген бейнелі мән» [3, 694]. Метафоралы сөзжасам әдіс ретінде әлдеқайда аз қарастырылады.

Екі түрлі категорияны білдіретін метафора қос бірлік болып табылады. Метафораның қос мағыналығы мынада негізгі және қосалқы субъектілердің өзара әрекеттесуі, яғни метафоралық (туынды сөз) бастапқы негіз де қарастырылады. Сонымен қатар метафоралық ұқсастықты анықтау негізінде жүзеге асырылатын объектілердің кейбір қасиеттері. Ол әлемнің тілдік бейнесіне

байланысты, ол «шындықты тіл арқылы көрсетеді, бірақ тікелей емес, әлем мәдениетінің бейнесі арқылы» - деген, М. Мамаев [4, 35].

Тілдегі бірліктер, ең алдымен, аталым қажеттілігін өтеу үшін туындап жатады. Атау жасауда тіл қолданушы өзін қоршаған әлемнің тілдік бейнесін қалыптастырады. Адам өзінің өмірлік қажеттілігіне байланысты сан алуан атауларды күнделікті тілдесім үдерісінде өз мақсатына сай пайдаланып, тілдік қорды дамытып отырады. Осы үдерістердегі пайдаланатын танымдық тәсіл метафора болып табылады. Метафора дегеніміз айналадағы заттар мен құбылыстардың арасындағы ұқсастықтарды, байланыстарды тани білу және оны тілде бейнелеу болып табылады. Атаулардың ішкі мағыналық құрамындағы астарлы ой, атауға әкелген жолды анықтау сөздердің уәждемесін айқындайды. Метафораның аталымдық сипатын ашу - қазіргі қазақ тіл білімінде енді зерделене бастаған мәселелердің бірі. Тіл білімінде бұл тақырып көне ойшылдар Аристотель, Цицерон, орыс ғалымдары А.А.Потебня, В.Г.Гак, В.Н.Телия, Н.Д.Арутюнова, В.К.Харченко т.б; қазақ ғалымдары А.Байтұрсынұлы, М.Балақаев, Б.Хасанов, Ә.Болғанбайұлы, Ғ.Қалиұлы, Б.Қалиев, Б.Қасым, Ж.Манкеева, Г.Зайсанбаева т.б. зерттеу еңбектерінен орын алады.

Метафора осындай шеңберде мұқият зерттеу объектісі болып табылады лингвистика, әдебиеттану, философия және т. б. сияқты ғылыми пәндер. Бұл ғылымдардың әрқайсысы жалпы түсінікке айтарлықтай үлес қосады метафоралар, дегенмен, тілдің осы құбылысы туралы көбірек білген сайын және ойлау, ол одан да қызықты және жұмбақ болып көрінеді.

«Сөз - заттың, құбылыстың, олардың өзіндік қасиеттерінің аталуы ретінде қолданылатын тілдің негізгі бірлігі», - деген анықтамаға сүйенсек, сөздің негізгі қызметі атау болу (номинативті) қызмет болып табылады екен [5, 345]. Сөзжасамдық метафораның лексикалық және сөзжасамдық құрамы жағынан өте көп туынды сөздер кіреді. Сөзжасам құрылымындағы лексикалық және туынды мағыналардың арақатынасы, сөзжасамның модельдері мен тәсілдері. Сонымен қатар, сөзжасамдық метафораның бейнелі мағынасының қалыптасуы қазақ тілінің тарихында әртүрлі жолдармен жүрді. Туынды деректердің лексикалық- семантикалық ерекшеліктерінде мән беріледі. Сөзжасамдық метафора сияқты сөзжасамдық құбылысты жан-жақты зерттеу және оның тілдің метафоралық жүйесінде орнын анықтау қажеттілігі атауларды топтастыру жүйесін анықтаймыз.

Сөзжасамдық метафора келесі жүйелік қасиеттерге ие:

а) сөзжасамдық метафора лексикалық метафораға қарағанда антропоцентрлік сипатқа ие, өйткені, біріншіден, ол негізінен антропоморфты модельдер аясында қалыптасады («адам адамы»; «адам заты»), екіншіден, негізінен адаммен байланысты сөздер өндіруші негіз ретінде әрекет етеді;

ә) туынды және негізгі семантикалық байланысының дәрежесі сөзжасамдық метафораның әртүрлі функционалды қасиеттерін және стилистикалық таңбалаудың төмендеуін анықтайды.;

б) сөзжасамдық метафора туынды (сөзжасамдық және семантикалық) әлеуетке ие.

Қоршаған дүниедегі күнделікті тұрмыстық немесе адамның дүниені тануындағы тілдік бірліктердің бір жүйеге келтіріп, зерттеу ең алдымен оларды заттық белгілеріне қарай топтастыруды талап етеді. Олай болса, метафоралану арқылы жасалған атаулар жүйесі топтаструда антропоцентризмді негізге аламыз. Қоршаған дүние және адам, адамзат болмысына семантикалық жүйе құрамыз.

Қоршаған дүние семантикалық тобын:

Ғаламшар, аспан денелеріне қатысты атаулар: *шоқжұлдыз, есекқырған, жетіқарақшы, қырыққарақшы, темірқазық;*

Ауа-райынабайланыстыатаулар: аласапыран, көктайғақ, қаратүнек, алақұйын;

Зоологиялықатаулар: бұзаубас, қаракұрт, айбалық, бұтаторғай, айыркұрық, бұраңбас, егеуқұйрық, бірқазан, балтатұмсық, көкжал, жұлдызқұрт, қырықаяқ;

Өсімдіктергебайланыстыатаулар: аскөк, қырықбуын, айғұлақ, ақбидай, ақжелкен, итмұрын, итжидек, балмұрын, шайқурай, шайжапырақ, үшқұлақ.

Адамның физиологиялық даму кезеңдері: қызылшақа, жасөспірім, естияр, атқамінер, бозбала, бойжеткен, (сүрбойдақ, кәріқыз), ақсақал;

Дене мүшелеріне қатысты атаулар: қаракұс, көкжелке, көкбауыр, ұлтабар, қылтамыр, сегізкөз;

Адам ауруларына қатысты атаулар: жалпақтабан, қоянжырық, айкезбе, сарысу, қылтамақ, соқырішек, қасрықтаңдай;

Адамның іс-әрекетіне байланысты атаулар: желаяқ, қолжаулық, атбегі, атқосшы, баукеспе, қолшоқпар, шүйкебас, сайқымазақ, қоянқолтық, арамтамақ;

Көңіл күйді білдіретін атаулар: шыбынжан, жанталас, құлаққағыс, сарыуайым, жайайқай,

жанұшыра, жүрекжарды;

Күнделікті тұрмыстық зат атаулары: балқаймақ, балшекер, белағаш, қазтабан, жанторсық, айбалта, төсағаш, кемпірауыз, т.б.

Метафоралану арқылы жасалған атаулар жүйесін семантикалық топтарда топтастыра жікетеп, атаулар уәждемесі оларды жасаушы сыңарларын байланыстыра ассоциация жасай аламыз. Аталым жасаудың тілдік бірліктерінің есте сақталуы және жүйелі астасқаны аңғарыла түседі.

Сөзжасам метафорасын тілдің лексикалық жүйесінің бөлігі ретінде ұсынып қана қоймай, оның ерекше қасиеттерін арнайы лексикалық-сөзжасамдық ішкі жүйе ретінде анықтауға мүмкіндік береді. Жоғарыдағы жіктеу негізінде адам мен ғалам бейнесі, яғни антропоцентрлік бағытта қарастырылған. Бұл байланыстардың негізі – адам. Себебі әр алуан атаулардың барлығы да сол атауды қолданушының санасынан көрініс табады. Осы орайда, В.фон Гумбольдт: “Тіл халық рухының сыртқы көрінісі сияқты: халықтың тілі – оның рухы, халықтың рухы – оның тілі – бұдан артық тепе-теңдікті елестету қиын”, - деген. [6, 25]. Сол себепті, метафоралану арқылы жасалған атаулар сөздің ішкі мағынасының құрылымы болып көрсетіледі. Аталымды жүйелі пайдалана білу адамның танымдық жүйесінің негізіне бағытталады. Сонымен қатар, сөзжасамдық метафораның лексикалық жүйелік қасиеттері қарастырылады. Мұндай талдау сөзжасамдық метафораның қай семантикалық салаларда ең белсенді екенін анықтау, белсенділіктің себептерін анықтау, әртүрлі семантикалық топтардың дамуын болжау мүмкіндігін анықтау үшін қажет.

Сөзжасамдық метафоралардың лексикалық ерекшелігін нақты көрсетуіміз керек, ең жиі кездесетін тақырыптық топтарды, демек, метафоралық мотивацияланған туындылардың семантикалық "бейімділігін" анықтауымыз керек. Сөзжасамдық метафора тілдің лексикалық жүйесінің бөлігі ретінде, келесі жүйелік қасиеттерге ие.

Топтастыру кезінде көптеген тақырыптар тікелей адамға негізделеді. *Қаскөй, сұрбойдақ, атқамінер, жалаңаяқ, ізкесуші*, т.б. Басқа заттардың, белгілердің және құбылыстардың атаулары да (жанама түрде болса да) адаммен байланысты, олар ортақ қолданысына кіреді. Туынды мен негізгі қолдану аясын сипаттау кезінде олардың қазіргі тілдегі құрылымдық-семантикалық арақатынасы анық көрінеді.

Қорыта келе, «Қазіргі тіл білімінің барлық бағыты дерлік бұрынғы дәуірлерде айтылып кеткен теориялардың біріне барып тіреледі. Көпшілігі мұраға қалған тілдік дәстүрлерді айқындап, түсіндіріп, толықтырып қана жатады» [7, 3-4]. Тіл тарихындағы сөзжасамдық метафораның динамикасы сөздердің сандық құрамының кеңеюімен ғана байланысты емес. Сөзжасамдық метафораның қалыптасуы екі іргелес процестермен қатар жүрген тілдің стилистикалық және объектілер мен құбылыстарды сипаттау функцияларын сөзжасамдық метафораға бекіту. Яғни, сөзжасамдық метафора ең алдымен тілдің экспрессивті синонимдік құралдарын байытады. Стилистикалық төмендеу тенденциясы сөзжасам формантының мағынасы алдыңғы қатарға шыққан кезде және метафоралық бейненің өзі экспрессивті мазмұнға жол берген кезде метафоралық атаулардың экспрессивті түрінің көбеюіне әкеледі.

Сондықтан да жоғарыдағы жіктеулер, метафоралану арқылы жасалған аталымдар тобы адамзат дүниетанымының жемісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Дубовицкая Л. В. Использование тропов в креолизованных текстах письменной коммуникации // Вестник Московского государственного областного университета. Серия: Лингвистика. 2011. № 2. с. 43–46.

2.Харченко В.К. Функции метафоры. – Воронеж: ВГУ, 1991. - 88 с.

3.Розенталь Д.Э., Теленкова М.А. Справочник по русскому языку: словарь лингвистических терминов. – М.: ОНИКС 21 век: ООО Мир и Образование, 2003. - 623 с

4.Мамаев М.М. Многоаспектный характер изучения гендерного фактора в лингвистике // Вестник Московского государственного областного университета. Серия: Лингвистика. 2012. № 2. – С. 32–37.

5.Мокиенко В.М., Никитина Т.Г. Большой словарь русских поговорок. М.: ОЛМА Медиа Групп, 2007. - 784 с

6.Гумбольдт В. фон. Избранные труды по языкознанию: Пер. с нем./ общ. ред. Г.В.Рамишвили; Послесл. А.В.Гулыги и В.А.Звегинцева. – М.: ОАО ИГ Прогресс, 2000. – 400 с.

7.Гируцкий А.А. Общее языкознание. Учеб. пособие для студентов вузов. - Мн.: Тетра-Системс, 2003. – 304 с

ӘОЖ 821.512. 122-1

Ә. ДАЙЫРОВАНЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ АРҚЫЛЫ І.ЖАНСҮГІРОВТІҢ «ДАЛА» ПОЭМАСЫН ОҚИТУ

ҚОНАҚБАЕВ Қ.Ә.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2 курс магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к Асқарова Г.С.

Резюме. Нельзя сказать, что статья коренным образом раскрывает как научную теоретическую основу обучения творчеству Жансугурова в школе, так и методико-практические приемы. Это только в результате экспериментов, контрольных работ, проводимых совместно передовыми учителями и методистами. Более того, мы не затрагиваем вопрос обучения образцам произведений Жансугурова в системе объяснительного чтения и литературного чтения как программного материала предмета казахской литературы. Потому что мы вспомнили, что вокруг этого вопроса есть некоторые мнения, высказанные в методической литературе, с другой стороны, ограничились объемом работы. В этой статье мы поговорим о жизни и творчестве И. Жансугурова, поэме "Дала".

Summary. It cannot be said that the article fundamentally reveals both the scientific theoretical basis for teaching Zhansugurov's creativity at school and methodological and practical techniques. This is only as a result of experiments, control work carried out jointly by advanced teachers and methodologists. Moreover, we do not touch upon the issue of teaching samples of Zhansugurov's works in the system of explanatory reading and literary reading as a program material of the subject of Kazakh literature. Because we remembered that there are some opinions expressed in the methodological literature around this issue, on the other hand, we were limited by the volume of work. In this article we will talk about the life and work of I. Zhansugurov, the poem "steppe".

Көп үзілістен кейін Ілияс Жансүгіровтің азаматтық идеялық адалдығы дәлелденіп, 1957 жылы сүйікті акынның мұраларымен жұртшылық қайта табысты, жастар мен шәкірттер алғаш рет танысты. Содан бері Ілиясты қазіргі қауымға таныстыру тұрғысындағы мақала, очерктер, акын шығармаларының жеке салаларын, кейбір проблемалық мәселелерін зерттеу объекті еткен диссертациялар мен ғылыми мақалалар жазылды. Өмірі мен творчествосын тұтас қамтитын монография жарық көрді. 1960 жылдан бастап Ілияс Жансүгіров творчествосы мектептегі өз орнын қайта тапты. Жекелеген шығармалары түсіндірмелі оқу мен әдебиеттік оқу жүйесінде орын алып, жоғары класстардағы әдебиет тарихының курсына монографиялы түрде оқытыла бастады. Ілияс творчествосын ғылыми тұрғыдан біршама зерттелді десек, мектепке келгенде олай деп айта алмаймыз. Жансүгіров творчествосының мектеп оқулықтарынан, оқу кітаптарынан қайтадан орын алғанына біраз жыл болып қалғанымен, акынның өмірі мен творчествосын, болмаса жекелеген шығармасын оқып үйрену тәсілін арнайы сөз еткен мақала, зерттеу еңбектері күні бүгінге дейін жоқ. [1] Рас, мектепте әдебиетті оқытудың ғылыми-методикалық проблемалары төңірегіндегі кейбір еңбектерде, мақалаларда методиканың көптеген басқа мәселелерімен қатар үстірт те болса Жансүгіров творчествосын оқытуға қатысты жекелеген жөн сілтеулер, шашыранды пікірлер де жоқ емес. Бірақ олардың дені, бір жағынан, тек 5-8 класстардағы әдебиеттік оқудың программалық материалдары төңірегінде болса, екінші жағынан, акынның бірде-бір шығармасы тұтасынан алынып, жан-жақты қаралмайды.

І.Жансүгіров творчествосын мектепте оқыту мәселесіне азды-көпті қатысы бар қазіргі методикалық әдебиеттегі бірлі-жарым ой-пікірлер, болжамдар келешектегі үлкен жұмыстардың алғашқы бастамалары, барлаулары ғана. Күрделі, тиянақты методика мәселесі әлі алда. Біздің бұл

еңбегіміз де мектепте Жансүгіров творчествосын оқытудың ғылыми-теориялық негізін, сол сияқты методикалық-практикалық әдіс-амалдарын түбегейлі шешіп тастайды деп айта алмаймыз. Ол озат мұғалімдер мен методист ғалымдардың бірігіп жүргізетін эксперименттерінің, бақылау жұмыстарының нәтижесінде ғана тұмақ. Оның үстіне біз қазақ әдебиеті пәнінің программалық материалы ретінде Жансүгіров шығармаларының түсіндірмелі оқу мен әдебиеттік оқу жүйесіндегі үлгілерін оқыту мәселесін қозғамаймыз. Өйткені бұл мәселе төңірегінде методикалық әдебиеттерде біршама айтылған пікірлер барын еске алдық, екінші жағынан жұмыстың көлемімен шектелдік. Бұл еңбекте Жансүгіровтің өмірі мен творчествосын жинақты ететін 10-класс көлемінде ғана сөз қозғамақпыз.

Жұмыстың тақырыбы – Ілияс Жансүгіровтің «Дала» поэмасы. Ал мақсаты – Ілияс Жансүгіровтің туған елін, өзгерген даласын, терезесі теңелген еңбекші халық бақытын, өнегелі өмірінің, жемісті творчестволық жолының барлық кезеңінде толассыз тебірене жырлаған дәуір жыршысы, советтік заман жаршысы ретіндегі ірі тұлғасын таныту. Поэманың оқиғалық арқауын қара дүрсін шолып, оның идеялық мазмұнын социологиялық тұрғыдан жадағай ақпарлаумен сабақ мақсатына жетпейді. Шығармадағы ой түйінін, автор позициясын оқушыға танытудың жолы - сол шығарманың композициялық құрылысын, образдар жүйесін, тілі мен стилін, көркемдік тәсілдерін тұтас алып, бір-бірімен тығыз байланыста оқып үйренуді талап етеді. Егер мәселеге осы тұрғыдан келсек, «Дала» поэмасын қалай оқып үйренуге болар еді?

Сабақтың жабдықтары: «Дала» поэмасының алғаш басылған кітапшасының мұқабасы (эпидиаскоппен көрсетіледі). «Аманкелді» болмаса «Ботакөз» кинофильмінің жекелеген фрагменттері, ерлі-зайыпты Торндайктердің «Орыс ғажаптары» документті кинофильмінің жеке көріністері, «Елім-ай» әні мен «Сарыарқа» күйлері жазылған магнитофон ленталары, плакаттар. Жаңа сабақты мұғалім Ілияс Жансүгіровтің өз сөзі жазылған мына бір: «Менің қаламым, қайратым- социалистік дәуірдегі әдебиеттің қызметкері. Менің миым, жүрегім-Ұлы Отанның миллион қуаныштыларының, бақытты халықтарының сана-сезімін көрсетеді. Қолыма қалам алғаннан бері менің сүйіп жырлап келе жатқаным - елім, кең далам», - деген плакатпен ашады. Бұдан әрі мұғалімнің алдында осы сөздің шындығына, ондағы айтылған ой-пікірдің мәніне оқушылар назарын аудару міндеті тұрады. Сондықтан да мұғалім Октябрь революциясының жеңісі мен жемісін жыр ететін атақты «Дала» поэмасын талдамас бұрын ақынның күрделі жанр поэма жазуға қандай дайындықпен келгендігін атап және осы тақырып төңірегіндегі ізденістеріне шолу жасап, оқушылардың өткен кластардағы және творчествосына шолу тақырыптарындағы білім дағдыларын жаңғыртып, сұрау жауап аралас әңгіме, лекция арқылы жаңа сабақтың дайындығын жасайды.

Ілияс Жансүгіров жырларында дала образы қазақ халқы, оның өткендегісі мен қазіргісі, болашағы бейнесінде алынатындығы, дала образы сонау 1923 жылы жазылған «Ұлы күн» атты өлеңінен бастап, одан кейінгі «Октябрь күні», «Ұлт отауын тіккенде», «Ауылдың алды», «Ұлы Октябрь», «Жаңа дала», «Шаттық жыры» т. б. өлеңдерінде біріне-бірі қанаттаса жырланып отыратындығы түсіндіріледі.[2]. Нақтылы мысалдар арқылы бұл өлеңдердің әрқайсысындағы терең ой, тұжырымды қорытындылары анықталады. Сонымен ақын қай мәселе төңірегінде сөз қозғамасын дала образына соқпай кетпейтіндігін оқушылар айқын таниды. Ақынның дала тақырыбындағы жырларына жасаған экскурс олардың эпикалық тынысының да жылдан-жылға кеңейе түсетіндігін, олар да өмір құбылысының кесек картиналары қамтылып, сюжетті шығармаға ауыса бастағанын аңғартады. «Бүгінгі дала» өлеңінен келтірген мысалдардан оқушылар болашақ «Дала» поэмасының жалпы эскизі, жеке фрагменттері, негізгі ой түйіні қалай қаланғандығын байқайды. Енді мұғалім «Дала» поэмасына келер жолдағы ақын ізденістеріне қорытынды жасап, дала жырларының ең күрделі шығармасы, Қазақстанның он жылдық мерекесіне арналып жазылған, 1930 жылы «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Социалистік Қазақстан») газетінде жарық көрген «Дала» поэмасы екенін хабарлайды.

«Дала» поэмасы І. Жансүгіровтің поэтикалық үлкен табысы, бұған дейінгі творчестволық жолының қорытындысы. Халық өмірінің айнасы дерлік биік идеялық нысананы жырлаған, сонымен бірге көркемдік-творчестволық принциптері жағынан новаторлық үлгісін көрсеткен «Дала» поэмасын жұртшылық жарық көрген күннен бастап жылы қарсы алып, жоғары бағалағандығы айтылады. 30 жылдардың әдебиет сынынан дала поэмасы туралы Ф.Мүсіреповтың: «Дала» осы күнге дейінгі ұлылы, кішілі жазылған поэмалардың алды» - деген жоғары бағасы плакаттан оқылады. Академик жазушы М. Әуезовтің Ілияс Жансүгіровтің реалистік поэмалар жөніндегі еңбегі және «Дала», «Құлагер», «Күйші» поэмаларының қазақ поэзиясындағы орны туралы: «Осы үш поэма тұсында қазақтың Абайдан кейінгі поэзиясы аса биік, ірі сапа табады.

Бұлардағы дүниені көрер көз, сезіну сыры, жалпы дүние тану қалпы, ақындық сыр, өмірге қараған көзқарас - барлығы да бұрынғы қазақ поэзиясы тудырмаған тың жаңалықтарды аңғартады. Осы поэмаларда бейнелегіштік (образность) кенеулі тапқыр оймен ұдайы жақсы үйлесіп отырады» - деген биік бағасы жазылған плакат оқылады. Бұлардың бәрі, бір жағынан, оқушыларды жана тақырыпты қабылдауға психологиялық әзірлік болып та табылады. Оқушы сондайлық жоғары бағаланған шығарманың сыр-сипатын білуге ынтыға түседі. Ендігі мәселе «Даланың » идеялық мазмұн, көркемдік творчестволық принципіін нақтылы талдаулар жасау арқылы танытуға тіреледі.

«Дала» поэмасын оқып үйренуге «Ілияс Жансүгіров» тақырыбына берілген 10 сағаттың ең кемі үш сағатын арнау керек. Онсыз жоғарыда айтылған мақсат орындалмайды. Онын үстіне поэма текстімен оқушылар күні бұрын таныс болуы қажет. Суреткер туындысының өмірлік сыры, ең алдымен, дәуір жыршысы, озық идея жаршысы, дауылпазы бола білуінде. Осы ретте «Даланың» идеялық мазмұнын тұтас алып қарастыру қажет. Оның негізгі идеясы – Советтік Қазақстанның жаңа өмірін бар әлемге паш ету, ұлт отауын тіккен он жыл ішіндегі қол жеткен зор табыстарын мақтаныш сезіммен масаттана атау, көрсету. Міне, осы өзекті ойды жеткізу үшін ақын халықтың ғасырларбойғы өміріне экскурс жасайды. Оның өткен ғасырлардағы трагедиялы тағдырын, тұл өмір мен рухани азабын нақтылы тарихи шындыққа негізделе жасалған жанды картиналар арқылы қайта тірілтіп, сол көрініске өзінің де, өлкесінің де бүтіндей өзгерген шағын, жана дәуірдің жарқын көріністерін қарама-қарсы қояды. Сөйтіп, Советтік дәуірдегі әлеуметтік өзгерістерді, мәдени және рухани өрлеуді, жаңа адамдардың жаңарған өмірінің мағынасын терең сезінерлік жағдайға көтереді.

Осы тұрғыдан алғанда «Дала» поэмасы Советтік Қазақстанға, жаңарған далаға айтылған ақындық гимн десе де болғандай. Поэма құрылысы, оқиғалар жүйесі, көркемдік ерекшеліктері — бәрі де сол негізгі идеяны насихаттауға жұртшылықтың ой-сезіміне жеткізуге бағыныңқы. Шынында, біздің халқымыздың өткен жолы қандай екен? «Даладан» көрінетін тарихымыз не айтады? Мұғалімнің таңдауы бойынша 2-3 оқушы «Ақтабан» тарауынан жекелеген шумақтарын оқи бастайды. Осы кезде мұғалім өзі магнитофоннан «Елім-ай» әнін бірде баяу, бірде қаттырақ дауысқа келтіріп, реттеп ойнатып тұрады. Сонымен қатар «Орыс ғажаптары» кинофильмінің халықтың ауыр тұрмысын көрсететін жекелеген фрагменттері (олар күні бұрын дайындалып, іріктеліп алынған) экраннан бірінің артынан бірі жылжып, дыбыссыз өтіп жатады. Өзекті өртерлік поэма жолдары, жан жүйені босатарлық «Елім-ай» әнінің зарлы әуені, экраннан көрінген тұл өмір суреттері - бәрі жиылып келіп оқушыларға қатты әсер етеді. Басы сонау 1723 жылғы Ақтабан шұбырынды... жылдарынан басталып, соның бер жағындағы хан-феодалдар, бай-сұлтандар үстемдік еткен дәуір, Қоқан ханы билеген азапты ауыр шақтар, патша өкіметінің отарлық саясатының зардабы - міне, мұның бәрі де әр дәуірдің өз бейнесін танытарлық көріністері мен шындық шеңберде беріледі. Оқушылар көз алдына өткен күндердің қапасты, қаралы күндерінің суреті келеді. «Аманкелді», «Ботакөз» кинофильмдерінің жеке көріністері «Бостандық », «Толқын» тарауларын оқығанда пайдаланылады. Бұл ретте магнитофоннан «Сарыарқа» күйі желдей еседі. Мұғалім енді поэманың «Октябрь» атты тарауына дейінгі бөлімдеріндегі көріністерді жинақтап, В. И. Лениннің «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары» атты еңбегіндегі: «Бізден бұрын ешқандай да алтын заман болған жоқ» - деген даналық сөзімен қорытады. «Даладан» көрінетін өткен дәуірлер тарихы ұлы көсем сөзінің өмірлік сырын тағы бір дәлелдеп өткендей болады.[3].

Поэма тексті әрі қарай оқылады. Оқу үстінде жекелеген түсініктер беріліп, кейбір мәселелерден тарихи оқиғаларға, фактілерге байланысты олардың маркстік ғылым негіздеріне, тарих пәніне қатынасты ұғымдары активтендіріліп, көмекке келтіріліп отырады. Осы тұста оқушылар назарын авторлық тенденцияға аударып қойған жөн. Ақын халық басынан өткен ауыр азапты өмірді тек объективтік тұрғыдан көрсетуші ғана емес, сонымен бірге ол сол зұлымдықтардың, түнекті түндердің бәрінің де сырын ашып әшкерелеуші де. Поэмадан көрінетін өткен өмір картиналарына оқушылар сөзсіз лағнет айтады. Ақынның советтік Отанға, өз халқына деген шынайы махаббаты поэманың Октябрь революциясын сипаттаған тарауларына тегеурінді қуат, үлкен пафос әкелген. Сондықтан мұғалім бұл тарауларды басқа көңіл күйі, басқа дауыс ырғағын қолдана оқуларын қамтамасыз етуі қажет. Поэманың негізгі тараулары «Баяндама», «Той бастау». «Той бастауға» келгенде ақындық ой шиыршық атып тасқындай түседі. Бұл тарау поэмадағы ой-пікірді, суреттелген өмір құбылыстарын поэзия тілімен қорытындылайды. Асқан ақындық пафосқа түсіп, ой-қиялы шарықтау шегіне қарай серпеді. Тереңнен тебірене шыққан сезім, кернеген қуаныш ақын шабытын арындатады.[4].

Әр бөлімнің өз ішіндегі композициялық ерекшелікті, бірлікті анықтау мұнымен аяқталмайды. Мұғалім енді бірнеше оқушыға поэманың жекелеген бөлшектерінің бірінші шумағын оқытып, тағы бірнеше оқушыға әр оқылған жолдан кейін қысқа түрде мазмұндатады. Сонда поэманың жеке бөлімдері құрылысындағы тағы бір ерекшелік көзге түседі. Ол - әр бөлімнің бірінші шумағы сол - бөлімнің лейтмотиві қызметін атқаратындығы. Бірінші шумақтағы шал құлағына естілген әуен, сарын қандай болса, сол бөлімдегі оқиға барысы да алғашқы шумақтағы суреттелген сарынмен үндес болып келетіндігі. Бұл әдіс поэманың басынан аяғына дейін үнемі сақталатындығын мұғалім бірер мысалдармен тағы да дәлелдеп, мұның қазақ поэзиясы үшін үлкен жаңалық екендігін айтып қорытады. «Дала» поэмасы бойынша поэманың өлеңдік құрылысы, тілі, жанрлық ерекшелік сипаттары үшінші сағатта өтілуге тиіс. «Дала» қазақ поэзиясында бұл жақтарынан да жаңашылдық үлгісін көрсеткен шебер туынды. Мұғалімнің міндеті – сол жаңашылдық үлгілерін оқушыларына танытуда. Поэманың өлең құрылысындағы жаңалығы шумағы мен ұйқасында.

«Дала» басқы бунағы 4 буын, аяққы бунағы 3 буыннан келетін қазақтың жыр ағымы, терме, толғау өлеңдері түрінде жазылған. Бірақ толғау, жыр арымындағы өлеңдерден айырмасы да бар. Мұнда жыр аты мындай тармақ саны еркін емес, түгелімен 8 тармақтан құралады. Тек ең соңғы «Той бастау» бөлімі ғана 7, 8 буынды жыр, толғау үлгісінде келеді. Бұл бөлімнің шумақтары акынның айтайын деген ой толқынына қарай 8, 17, 21, 47, 60 жол болып еркін өзгеріп отырады. Бұл мәселелердің бәрін тек класта, сабақ үстінде талдап түсіндіруге уақыт таршылық етеді. Сондықтан поэманың өлең құрылысын, тілін талдамас бұрын мұғалім оқушыларға үйде орындауға бірнеше тапсырмалар бергені жөн. Осы ретте үйден тоғызыншы класс, сегізінші класс материалдары бойынша және «Әдебиет теориясы» оқулығы бойынша «Жыр ағымы», «толғау», «терме» үлгісіндегі қазақ өлеңдері құрылысына берілген анықтамаларды қарайды [5].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қаратаев М. І. Жансүгіровтің өмірі мен творчествосы. – Алматы, 1986. – 260б.
2. Иманғазин М. І. Жансүгіров. Өмірі мен шығармашылығы. – Алматы: кітап баспасы, 2019 – 252б.
3. Дайырова Ә.. Орта мектепте І. Жансүгіров творчествосын оқыту/ көмекші құрал/ Алматы: Мектеп, 1969, -124б.
4. Дайырова Ә.. І. Жансүгіров поэмаларының әлеуметтік тарихи негіздері мен көркемдік ерекшеліктері. Диссертация. – Алматы, 1964 – 324б.
5. Есимбекова Б. Омарова Ғ. «Ілиястану» авторлық бағдарламалары. – Алматы, 2019. -50б.

ӘОЖ. 82.311.012

АБАЙТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

ЖАНСАКАЛОВА А.Ж.

Сарыкемер мектеп-гимназиясының директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

АХМЕТОВА С.Н.

Сарыкемер мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В статье рассматривается развитие и становление науки Абайтану.

Summaru. The article deals with the development and formation of the science of Abaytanu.

Кеңестік идеологияның салдарынан абайтану ғылымында еріксіз назардан тыс қалып, тіпті күшпен басылып, еркін зерттелу мүмкіндігінен айырылған сала Абайдың ортасы десек, «социалистік» қоғамда ақынды өз ортасынан, әдеби айналасынан ажыратып алу мақсатты түрде іске асырылады. Алдымен, Абайдың өзі «шынжыр балақ, шұбар төс» Құнанбай баласы болғаны үшін ғана кеңестік жүйеге құрылған әдебиетке жақпады. Абай поэзиясының қуатына солақай

сынның қауқары келмегендіктен, ендігі кезекте ақынның өз басы емес, оның айналасы, әдеби ортасы сын тезіне алынды.

Абайдың заманына асып туған кемелдігі ең алдымен, әкенің қаны, ананың сүтімен бойға дарыған құт, туған топырақтың қасиетінен. Екінші, тал бесіктен әженің әлдиімен, атаның әлқиссасымен жадыға жатталған қазақтың асыл сөзі, домбыраның күйі, қобыздың үнімен жүрекке тұнған төл өнер «қазақта қара сөзге дес бермеген» Абайды ақын етіп қалыптастырды. Кезінде М.Әуезов атап көрсететін Абайдың алған қорының ішіндегі ең молы–қазақтың халық әдебиеті екендігін ескерсек, осы бір сала заманның қақпақылына түсіп, абайтанудың ең бір осал тартып жатқан тұсы боп қалды.

Көп уақыт қапаста жатқан шәкірттер тәуелсіздіктің алдында ғана ақталып, шаңырағы шайқалған Абай мектебі енді ғана еңсесін түзей бастады. Абайдың айналасын құраған әдебиет өкілдері туралы біраз зерттеулер жазылды, ақын шәкірттердің шығармалары жинақ болып шықты десек, ендігі міндет–сол мұралардан әдеби орта тақырыбының өзегін іздеу.

Әр қаламгердің өзінің әдеби ортасын жеке-дара алып қарау, тану біржақты болмақ. Ақын немесе жазушы өз ортасында өсіп, содан сусындап, шыңдалып қана қоймай, біте қайнасып, сол қауымның өкілі ретінде ғұмыр кешеді. Рухани дүниесі толысқан шақтан бастап айналасында ықпалды болған тұлғалар өз әдеби ортасын қалыптастырды. Демек, белгілі бір әдебиет өкілінің шығармашылық өсуіне ықпал еткен үрдістер және сол тұлғаның кемеліне келгеннен кейін өз айналасына, кейінгі буынға әсері деген мәселелер әдеби орта ұғымын тудырады.

Абайдың әдеби ортасы дегенде белгілі бір тұлғаның ақындық жолына өз әсерін тигізген, рухани жетілуіне темірқазық бағдар бола білген ақын-жырауларды, би-шешендерді, кейіннен нағыз ақындық кемеліне жеткен сөз зергерінің әдебиеттегі дәстүрін жалғастырған ақын шәкірттерін, оның мұрасын халыққа насихаттаған өнерпаз буынды айтамыз.

Әдеби орта ұғымын мейлінше кең тұрғыда алу да бар. Ол өлшемге салсақ, ақынға әсер еткен рухани қайнар көздерге ұласатын алғышарттарды, яғни, абайтанушы ғалымдар атап көрсететін ақынға әсер еткен шығыс, батыс және қазақтың төл әдебиеті сияқты рухани көздерді есепке аламыз. Осылайша әдеби ортаның құлашын кеңейтіп, ақын сусындаған әдеби дереккөздерге қатыстылығын ескерсек, Абайдың кітапханасы деген тақырыптың да әдеби ортамен бөлінбес бірлікте екенін аңғару қиын емес. Әдеби орта тек өзіне ықпал еткен ілгерідегі әдебиетпен ғана шектелмейді, енді ақынның өзгеге берген нәрі деген тұста қазақ әдебиетіндегі үлкен арна – Абайдың әдебиеттегі дәстүрі мәселесін қоса қамтиды. Шартты түрде осындай кең ауқымды қамтитын Абайдың әдеби ортамен біз өз ғылыми мақаламызда нақтылап, ақынның айналасы, яғни Абаймен тікелей қарым-қатынаста, әдеби байланыста болған аға буын, замандас сөз зергерлері–ақын-жыраулар, би-шешендер және кейінгі ақынның тікелей тәрбиесін көрген ақын шәкірттерімен шектеп, шеңберлеп қарастыруды мақсат еттік.

Ақынға тікелей ықпал еткен, үлгі көрсеткен замандас аға буын ақындар, би-шешендер мен сол Абайдан үлгі алған ішінде ақыны бар, әншісі мен күйшісі бар өнерлі жастардан тұратын әдеби қауымды негізге ала отырып, М.Әуезов Абайдың айналасын, ақындық ортасын ақынның өзі алған нәрі және өзгеге берген нәрі деп екі салаға жіктейді [1, 19б.]. Өзі алған нәрі дегенде, сөз иелерінің ішінде ақындардың орны айрықша. Атап айтқанда, Абай жасынан Бұқар жырау, Шортанбай жырларына қанып өссе, өзі жүзбе-жүз кездескен Дулат, Сабырбай, Жанақ, Шөже, Балта, Байкөкше, Қуандық қыз, Бодау жырау, Мұрынбай жырау, Біржан сал сынды әдебиет өкілдерінің қай-қайсысысынан да оның ақындық өсу жолын бөліп қарауға болмайды. Осы орайда академик С.Қирабаевтың пікірі орынды айтылған: «Абайдың ақындық жолы, ортасы күрделі болғаны белгілі, оның ақындығы да сол ортада, өз дәуірінің шындығына орай қалыптасты. Сондықтан, ақынның өзі туып өскен ортаның әдебиеттік үлгілерінен, қазақтың шешендік өнерінен, ақындар өнегесінен тыс тууы мүмкін емес. Қайта Абай осылардың бәрін жақсы білді, жанына азық етті. Ұлттық рухани байлығын бойына сіңіре отырып, кейін шығыс, батыс үлгілерін еркін меңгеру арқылы халықтық, жалпы адамзаттық ой-пікір деңгейіне көтерілді. Халықтық әдебиет сарындарын үлкен европалық үлгідегі ақындық жинақтаушылыққа (обобщение) ұластырды. Мұның өзі қазақ әдебиетінің Абай арқылы адамзат мәдениетінің көркемдік биігіне шығуын дәлелдейді» [2, 14 б.].

Екінші мәселе–ақынның өзгеге берген нәрі турасында. Бұл–Абайдың ақындық мектебі деген тақырыпқа жетелейді. Абайдың ақындық мектебі–оның кейінгі әдебиетке әкелген жаңашыл дәстүрлері мен сол әдеби үлгі-өрнектерді жалғастырып, дамытушы ізбасар ақындардың әдебиеттегі орнын айқындайтын, сол арқылы кеменгердің тағлым беруші ұстаздық қырын танытатын қазақ әдебиетіндегі ерекше құбылыс. Бұл мәселені ақынның күнделікті қасында жүріп,

тікелей тәрбиесін алушы, оның тапсырмасымен алуан тақырыпта шығармалар жазған айналасындағы шәкірттерді ғана бөліп алып, Абай мектебінің өкілдері деп қарастыру бар.

М.Әуезов: «Тегінде әдебиеттік мектеп мағынасы тарихтық басы ашық, даусыз, деректі көлемде алу да бар. Онда «шәкірт» деген белгілі ақынның қасында, қатарында жүріп күнделік байланыс арқылы тақырып, үлгі, ұстаздық, сын-өнеге алып жүрген ақындар тобын даусыз «мектеп» деп айтуға болады» [3, 118б.] – деп анықтама берген болатын. М.Әуезовтің жетекшілігімен өткен ғасырдың елуінші жылдары Қ.Мұхамедханұлы Абайдың ақын шәкірттері шығармашылығы бойынша кандидаттық диссертация қорғап, бұл тақырыпты ғылыми айналымға енгізді [4].

Ал, Абай дәстүрі–біз сөз етіп отырған ақындық мектепті де ішіне сыйғызып жіберетін кең ұғым. Абай дәстүрі оның қасында жүрген шәкірттерімен шектелмейді. Қазақ әдебиетіндегі Абайдан кейінгі көрнекті тұлғалардың барлығы дәстүр жалғастырушылар десек, С.Торайғыров, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин сынды әдебиет қайраткерлері осы лектің алдыңғы толқыны ғана. Демек, кең мағынада алғанда дәстүр жалғастырушылардың бәрі дерлік Абайдың ақындық мектебінің өкілдері болып табылады. Алайда, Абайдың ақындық мектебі деген ұғымды нақтылап, оның маңайындағы ақын шәкірттерімен байланысын алып қарастырғанда, ақындық дәстүрден де басқа, ұстаз бен шәкірт арасындағы күнделікті қарым-қатынастардың нақтылы көріністері бой көрсетеді. Яғни, Абай поэзиясының кейінгіге әсер-ықпалы деген мәселеден бөлек, Абайдың тікелей тәрбиесі, ұстаздық ұлағаты, тіпті оның маңайындағы ізбасар ақындарды өлең жазуға баулу, үйрету қарекеттері айқындалады.

Абайдың әдеби ортасы алғаш рет Абай шәкірттері Кәкітай, Көкбай, Тұрағұл, Әрхам естеліктерінде сөз болса, ғылыми тұрғыда М.Әуезовтің еңбектерін бұл тақырыпқа салынған алғашқы соқпақ деп білуіміз керек. М.Әуезовтің жетекшілігімен Қ.Мұхамедханұлы Абайдың ақын шәкірттерінің мұраларын зерттеу ісін қолға алса, Ә.Жиреншин өз еңбектерінде жалпы Абайдың әдеби ортасы жайында сөз қозғады. Қ.Жұбанов Абайдың алдындағы әдебиет және ақынның қазақ әдебиетіндегі жаңашылдық деңгейін ашып берсе, Қ.Жұмалиев қазақ поэзиясы мен Абай шығармаларының тілін салыстыра зерттеді. 1960 жылдары А.Нұрқатов, М.Бөжеевтер тарапынан Абайдың дәстүрі, Қ.Жұмалиев пен Ш.Сәтбаева Абай балалары–Ақылбай мен Мағауия мұраларын, Б.Кенжебаев Ә.Тәңірбергенұлы мұрасын зерттесе, сексенінші жылдары М.Мырзахметұлы М.Әуезов зерттеуіндегі Абайдың әдеби ортасы тақырыбының сипатын ашуға ден қойды. Абайдың әдеби ортасы тақырыбы Абайға қатысты, ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы әдеби үрдіске қатысты жазылған еңбектердің бірсыпырасында тікелей, кейде жанама түрде сөз болып отырғандығы белгілі. Атап айтатын болсақ, А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, М.Сильченко, Қ.Жұбанов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайлов, Б.Кенжебаев, Қ.Өмірәлиев, З.Ахметов, М.Мырзахметұлы, Ғ.Есім, Ж.Ысмағұлов, Ш.Сәтбаева, Ә.Жиреншин, А.Нұрқатов, М.Бөжеев, Қ.Мұхамедханұлы, Т.Жұртбай, М.Мағауин, Б.Әбдіғазизұлы, Б.Байғалиев, Б.Сапаралы тағы басқа ғалымдар мен зерттеушілер Абайдың әдеби ортасының зерттелуіне өзіндік үлестерін қосты.

Жеке ақынның әдеби ортасын, тікелей әсер еткен рухани айналасын танып, біліп болмай, сол тұлға туралы толымды пікір айту мүмкін емес деген пікірді басшылыққа алсақ, Абайдың әдеби ортасы тақырыбы–абайтану ғылымында зерттелу жағынан кенжелеп, жатқан сала. Көп жылғы бодандық құрсауындағы Абай тұлғасы енді ғана өз биігінен көрініп, жаңа зерттеулерге бой ұсынып, абайтануға тың міндеттер артқанына да аз уақыт болған жоқ. Десек те, Абайды ұлттық таным тұрғысынан бағалап, оның кемеңгерлігіне толымды баға беру ондаған жылдардың еншісіне сыя қоймайды. Әсіресе, кеңестік кезеңде өз заманынан, ортасынан, тіпті ұлтынан бөлініп, жеке-дара қарастырылған Абай есімі қайта, қайыра қарастыра жаңа пайымдауларға зәру. Академик З.Ахметов айтқандай: «Абай творчествосының өз заманымен, сол кездегі қоғамдық өмірімен байланысын, сол кезде қандай зор танымдық, тәрбиелік міндет атқарғанын, сөз өнеріне не жаңалық әкелгенін толық түсінсек, сонда ғана біз оның кейінгі кезеңдерде, қазіргі заманда қоғамдық ой-сананың, әдебиеттің өркендеуіне қандай ықпал жасап келе жатқанын толық аңғара аламыз» [5, 38б.].

Абайтану және Абайдың ортасы деген мәселелер тек бір-бірімен біте қайнасып жатқан дүниелер ғана емес, Абайды тану ең алдымен осы әдеби ортаның, нақтырақ айтсақ, сол ортаны құрайтын әдеби топ – Абайдың ақын шәкірттерінің еншісінде. Ең алғаш Абай шығармаларын елге таратушы, жинап, кітап етіп бастырушы, ақын туралы құнды деректер беруші Абайдың айналасындағы көзі ашық ақындар мен өнерлі жастардың абайтану ғылымының іргетасын қалауға қосқан үлесі орасан.

Абай туралы қанша көп айтылса, алда әлі де айтылар сөз одан да көп. Ұлы ақындар шығармашылығы ескірмейді, әр ұрпақ оны жаңадан оқып, өзінше түсінеді, өз пікірін айтады. Заман да жаңа міндеттер қояды.

Қорыта айтқанда, Абай өміріне, оның өмір сүрген ортасына, айналасына байланысты деректерді толықтыра беру, шығармаларының текстологиясын зерттеуді жалғастыру, әсіресе, прозалық шығармаларын әр түрлі нұсқалармен салыстыра қарау, Абай қолжазбасын іздестіру, оның стилі, мазмұны, ақынның дүниетанымы тұрғысынан толығырақ зерттеу, Абай мектебі мен оның ақындық дәстүрі жайлы жаңа еңбектер жасау, Абай реализмі мен оның шығармасы нәр алған бастаулар жайында жаңа сөз айту, Абайдың саяси-қоғамдық, тарихи, философиялық көзқарасы, қазақ әдеби тілін ұстартудағы рөлін кең ашу–алдағы күннің жалғаса беретін міндеттерінің қатарына жатады. Абай жайлы жаңа ұрпақтың жаңаша сөзі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. Т.10.–Алматы: Ғылым, 2003.–456б.
2. Қирабаев С. Абайтанудың кезектегі міндеттері туралы. / Кітапта: Абай және қазіргі заман: Зерттеулер жинағы.–Алматы: Ғылым, 1994.–336б.
3. Әуезов М. Абайтану дәрістерінің дерек көздері. –Алматы: Санат, 1997.–448 б.
4. Мұхамедханов Ғ. Абайдың ақындық мектебі. Канд. диссерт.–Алматы, 1950. – 185б.
5. Ахметов З. Абайтану және ғылыми зерттеу әдіс-тәсілдері. / Қазіргі Абайтанудың өзекті мәселелері. –Алматы: Ғылым, 2002.–274б.
6. Ысмағұлов Ж. Абай дәстүрі және оның ХХ ғасыр басындағы әдебиетте дамытылуы. / Кітапта: Қазақтың бас ақыны: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Дәуір, 2004.–120б.

ӘОЖ 894.347

ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ АҚЫНДЫҚ ТҰЛҒА МӘСЕЛЕСІ

СЕЙТИМБЕТОВ Д.С.

Сарыкемер мектеп-гимназиясының директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

САТЫБАЛДИЕВ А.Е.

Сарыкемер мектеп-гимназиясының директордың ғылыми-әдістемелік жөніндегі орынбасары,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В статье рассматривается проблема поэтической личности в литературоведении.
Summaru. The article deals with the problem of poetic personality in literary criticism.

Әдебиеттану ғылымында ақындық тұлға проблемасы әріден қозғалып келе жатқаны белгілі. Қазақ әдебиетінде авторлық тұлға туралы, қазақ поэзиясындағы ақындық тұлға жайында әдебиет зерттеуші ғалымдарымыз мен сыншыларымыздың еңбектерінде азды-көпті сөз болғанымен жеке-дара тақырып аясында алынып, кеңінен зерттеу объектісіне тірек бола қойған жоқ. Сондықтан бұл әдеби нысан – категорияға тоқталу барысында оның теориялық жағына, әрі ұлттық әдебиетімізде ақындық тұлғаның шығу төркініне, тақырыптың көтерілу процесіне байланысты баса көңіл бөлінді.

Ақындық тұлға дегенде біз, негізгі тақырып аясына ХХ ғасыр басындағы поэзияда өзгеше із қалдырып, жаңа соқпақ салған – Мағжан, Шәкәрім, Сұлтанмахмұт лирикаларын зерттеу өзегі етіп алдық. Әлбетте, шоқтығы биік шоғырға дейінгі ұлттық әдебиетіміздегі тарихи-әдеби процесті тұтастай алып қарастыру қажеттігін сезіне отырып, ақын тұлғасының ұлттық поэзияда, фольклор, көне дәуір жәдігерлерінен күре тартып жатқанына тоқталуға тура келді. Себебі, Мағжан, Шәкәрім, Сұлтанмахмұттардың әлемдік поэзия биігіне көтеріліп, дара тұлға түзуінің өзі оларға дейінгі ұлттық поэзияның ықпал-әсерінің күштілігі деп батыл айтуға болады.

ХХ ғасыр басындағы ақындар шоғырының арасынан біз бөліп қарағалы отырған ірі тұлғалар– Шәкәрім, Мағжан, Сұлтанмахмұт. Бұл үш ақынның да ұлттық поэзиядағы алатын орны

ерекше екені белгілі. Сондықтан да олардың ақындық болмыс-бітімін, ақындық қуат-шеберлігін сөз етпес бұрын, алдымен ақындық тұлға категориясының ұлттық әдебиет дамуындағы орнына тоқталып, ақындық тұлғаның айқындалу процесіне үңілуге тура келеді.

Жалпы, ақындық тұлға проблемасы қазақ әдебиеті ғылымында кейбір мақалалар мен еңбектерде тиіп-қашты сөз болғанымен, әдеби категория ретінде жан-жақты алынып, бүге-шегесіне дейін зерттеле қойған жоқ. Ақындық тұлға мәселесі қозғалған жерде, көбіне – ақынның жеке басына тоқталу, портреттік жағына, өмір жолына үңілу басым түсіп жатады. Оның творчествосын талдағанда, негізінен лирикалық кейіпкер тұрғысынан зерттеу басты критерий ретінде алынып келеді. Ал, ақын творчествосындағы нақты автордың көрінуі, яғни ақындық тұлғаның айқындалу процесіне тоқталу жағы бізде кемшін түсіп жатыр десек қателесе қоймаймыз...

Ақынның ішкі толғанысы, заманға, қоғамға өмірлік құбылысқа деген көзқарасы, наным-сенімі, танымы оның өлеңдерінен көрініс табатыны белгілі. Ақын сыртқы дүние шындығын өз сезімінің мазмұны арқылы танытады. Поэзиядағы ақын тұлғасы – өзі өмір сүрген уақыттың жиынтық, һәм көркем бейнесі десек, бұл туралы А.Байтұрсынов былай деп көрсетеді: «Ақындар ғалымдар сияқты болған оқиғаны, яки нәрсені болған күйінде, тұрған қалпында бұлжытпастан айтып, дұрыс мағлұмат беріп, ақиқаттауға тырыспайды, тұрған нәрсе тұрған күйінде, болған оқиға болған күйінде ақынға өте үйреншікті, жай қалыпты, жабайы көрінеді. Оның бәрін ақындар өз көңілінше түйіп, өз ойынша сезіп, өз ұйғаруынша суреттеп көрсетеді. Сол өзі ұйғарған түріндегі ғаламды сөзбен көрсетуге бар өнерін, шеберлігін жұмсайды, сөйтіп шығарған сөзі көркем сөзді шығарма болады. Оны шығаруға жұмсайтын өнердің аты ақындық болады» [1; 406б].

Атақты түркі дәуірінің мәдени мұрасы саналатын Орхон-Енисей сынтас ескерткіштері туралы сөз қозғасақ та, бұл проблема ежелден қалыптасып келе жатқан канондық қалыптан ауытқи қоймағанын зерделейміз. YIII ғасырда тасқа бәдізшілер арқылы қашалған «Күлтегін», «Тоныкөк» ескерткіштерінің мән-мазмұны бірін-бірі толықтырып қана тұрған жоқ, ол мұралардың баяндалу тәсілдері де бірдей. Ұлы қағандар мен алып батырлар атынан баяндалатын бұл тасқа таңбаланған ғажап жазба ескерткіштің өзінде жыр тіліне жақындатып жырлап отырған жыршының немесе жылнамашының да «мен» арқылы... Асан қайғыша, Бұқарша шешен сөйлеп, толғап кету, мақалдап кету немесе жоқтау айту, тіпті ерлік жорықтарды жырлап кету бар» [2; 18б] екенін жоққа шығара алмаймыз. «Яғни, XY ғасырдағы сияқты «мен»-нің тасасында тұрып айтушы-шежіреші» [2; 18б] бар, дегенмен «ескеркіштердің авторлары да анықталған жоқ. Біздіңше, олар– Йоллығ-тегін мен Тоныкөк» [3; 18б].

Тізеліні бүгілдірді,

Бастыны жүгіндірді, –

дейтін поэтикалық оралымдар жыраулар поэзиясына ғана емес, XX ғасыр басындағы Мағжанның түркілік танымына да шөгіп, өшпес рухы қонғаны сезіліп тұр.

Бірақ, бұған қарап бұл ескерткіштерді тудырған жандарды жеке-дара образы айқындалған, стилі қалыптасқан ақындық тұлға деп қабылдау мүмкін емес. Түркі заманына дейін де халық әдебиетінің дамуына сай сақталып келген ауыз әдебиетіне тән элементтер бұл ескерткіштерде жалғасып қана қойған жоқ, ол кейінгі дәуірлерге де сәулесін түсіргені шындық. Сондықтан да тас ескерткіштердегі шешендік толғау үлгісі кейінгі жорықшы жыраулық дәуірлерде де, Абай мен Дулат, Шәкәрім мен Ахмет, Мағжан мен Сұлтанмахмұт кезеңінде де өз сипатын таныта алды.

Поэзияда жеке индивидтік тұлғаның айқын көрініс берген жыраулық кезең әдебиетіндегі ерекшелік сонау тас ескерткіштердің табиғатынан да танылғанымен, ол мұраларды біз жеке бір тұлғаның туындысы ретінде қарай алмаймыз. Ежелгі дәуір әдебиеті үлгісі ретінде ортақ мұра, сол заман мұрасына тән ауыз әдебиетінде қалыптасқан канонда жазылған жәдігер деп қарағанымыз дұрыс. Демек, бұл мұралардан дара тұлға туралы мәселені тереңдей қозғау, таңдай іздеу мүмкін де емес. Тас ескерткіштер күллі түркі тектес халықтардың, Ахаңша «жұрттардың» мұрасы бола отырып, оларды тудырушылар да жекеліктен жалпылық түсінік-танымға көшіп, даралық тұлғаланудан ада жалпы «жұртшылық» үлгіде жазылған деп сеніммен айта аламыз.

Ақын тұлғасын тіпті, одан бергі дәуірдегі оғыз-қыпшақ (YIII-IXғғ), Қарахан (IX-X) дәуіріндегі әдебиеттен де іздеу өрескел. Шығарушысы белгісіз «Оғыз-нама», авторлары белгілі «Махаббат нама», «Құтты білік» дастан жырларын алсақ та, тіпті кей тұста «Дастанда көрінетін ғашық жігіт автордың өзімен біте қайнасып, бір адам болып кетсе де, кейде автор оған өз атын қосып жіберіп отырса» да [4; 71б], Хорезми мен Жүсіп Баласағұнның біз ойлағандай толыққанды ақындық тұлғалары көрінбейді. Ақын образын айқындайтын олардың ішкі жан сырынан гөрі, дидактикалық сарындағы жалпылама ой-толғамдары басым болып келеді.

Оғыз-қыпшақ дәуірінен ел арасына кең тараған белгілі мұра– Қорқыт туралы мол аңыздар сілемі. Ол өмірде болған тарихи адам болғанымен, Қорқыт туралы аңыз-эпсанада ол абыз-кейіпкер. Қорқытты оғыз-қыпшақ дәуіріне телісек те оның бақсылық, шамандық қасиеттері одан да әрі дәуірлерден бас құрап жатқанына көз жетеді. Мифтік образға айналып кеткен Қорқыт бейнесі де, ол жөнінде сырлы хикая шертетін шығармаларда нақты авторлық тұлға бола алмайды. Бірақ, бір жайды айтпауға болмайды. Аңыз бен тарихи шындықты ынты-шынтысымен зерделеген, терең түйсінген Мағжан, Шәкәрімнің «Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы», «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» поэмаларында Қорқыт пен Қойлыбайдың мифтік образы, Қалқаман мен Кебек, Мамыр мен Еңлік бейнелері ақындардың өз тұлғасымен астаса отырып, Мағжан мен Шәкәрімнің ақындық тұлға түзуін бір жақ қырынан толықтырып отыр. Сондықтан да бір кездегі мифтік бейнелердің кейінгі әдебиетке, әсіресе ақындардың ішкі жан сырын ақтаруға, сол арқылы арқалы тұлғаларын интерпретациялық жолмен игі әсерін тигізгенін айта кеткен абзал...

Ақын тұлғасының даралану сипаты ХҮІІІ ғасырда жыраулық дәстүрді алға апарушы Ақтамберді, Үмбетей, Тәтіқара, Бұқар, Шал шығармаларында жан-жақты дами түсті. Суреткер тұлғасы ақынның жеке адам ретіндегі ішкі жан-толқынысы ХҮ-ХҮІІ ғасырлардағы орта ғасырлық поэзияға қарағанда мүмкіндігінше ерекше көркемдік тұрғыда толығып, жаңа арнада дамыды. Дегенмен, жыраулық поэзиядағы ұлттық, жауынгерлік рух ХҮІІІ ғасыр ақындарының шығармаларында да терең із қалдыра отырып, олардың тұлғалануы жаңа қырынан таныла түсті.

Ал ХХ ғасыр басындағы Мағжан, Шәкәрім, Сұлтанмахмұт поэзиясына келсек те, ақындық тұлға интимдік сипат алып, іштей күрделене түсті. Лирикалық қаһарманның рухани болмысы даралана келіп, ақынның жеке басына қатысты жайттар көмескі тартып, ішкі жан-дүниесінің қатпарлары қуатты арна тапты. Ақтамбердіден бастаған лирика астары Бұқар мен Шалда ғана емес, Дулат пен Абайда жалғаса келіп, Шәкәрім мен Мағжан лирикасында тұңғыш тартып, сол соңғы жыраулар жырымен сарындас қана емес, желілес жыр жолдарын дүниеге әкелді. Ішкі мұң (Мағжан), Ақтамбердінің «Жалғыздық сені қайтейін!» дейтін наласымен сабақтасып жатыр.

Батыр жырау Ақтамбердінің «Күлдір-күлдір кісінетіп» деп басталатын ұзақ толғауы–қазақ халқының далалық өмірі, ұлттық мінезі, болмыс-бітімін таныта, суреткерлік шеберлігін шыңдай өзіне дейінгі жыраулардың, әсіресе, ХҮ-ХҮІІ ғасырлардағы толғаулардан мағынасы терең лирика тудырғанына дәлел бола алады.

Өзім бір бөлек жайласам,
Жігіттен нөкер сайласам,
Ойпаң жерге он отау,
Қыраң жерге қырық шатыр тігіп,
Қонағымды жайғасам!

Барлық ақындық арман-мақсатын ғана емес, бүкіл бір халықтың мінез-құлқы мен бет-бейнесін өзі тудырған лирикалық тұлғаның бойына жинақтау арқылы Ақтамберді жырау тұлғасын жаңаша қырынан кескіндеді. Мұндай лирикалық тұлға жасауға бет алу жаңа ақындық тұлғаның аренаға шыға бастауы десек артық емес. Әлбетте, бұған Бұқар, Ақтамберді секілді сыры терең, танымы тұңғыш жыраулар мақсатты түрде емес, тек интуициямен жеткенін мойындаймыз. Бір ғажабы, мақсатты жыраулық толғамнан гөрі, ақындық интуициямен келген сырлы да жұмбақ сезім кейінгі Мағжан, Сұлтанмахмұт секілді сезімтал ақындарға әсері мол болды.

ХҮ-ХҮІІ ғасырлар поэзиясында жырау тұлғасы негізінен ерлік, батырлық, ел қорғау тұрғысында көрінсе, ХҮІІІ ғасыр поэзиясында мұнымен бірге әлеуметтік, тұрмыстық, философиялық тақырыптарда ақын тұлғасының жан-жақты ашылуына ықпал етті. Ақынның бұлай даралануы Бұқар, Ақтамберді шығармаларынан анық байқалады. Бұқар шығармаларының даралық сипатын, оның өзіне дейінгі және өз заманындағы ақындардан оқ бойы озық екенін, қайталанбас қолтаңба шеберлігі қалыптасқан ақын екендігін басқа ғалымдар да зерттеп дәлелдеген. «Қазақстанның қай облысында, қай өлкесінде болсын, шығармалары өз атымен аталып, өзінің авторлығын сақтаған, сол кезде өмір сүрген бірінші ақын, тарихи адам–Бұқар жырау» [5; 166].

Бұл екі тұстас жырау тұлғасы туралы сөз қозғаған тұста олардың творчестволарындағы ұқсастық пен стильдік айшықтар бірін-бірі толықтырып қана қоймайды, ұлттық поэзия өрісін кеңейтіп, «европалық лириканың озық үлгілерінің деңгейінде» [6; 996] өресін танытып, кейінгі Абай мирас еткен, Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, Сұлтанмахмұт үлгі тұтқан лирика биігіне «санасыз түрде» көтерді. Бұл тұрғыдан ой жібергенде Бұқар бағзы жыраулар жырларын байыта отырып, өзіне ғана тән жыр соқпағын салды.

Бұған дәлел–жырау толғауларынан өзге үзік-үзік кепте бізге жеткен таза лирикалық өлеңдері. Әсіресе, атақты «Әлемді түгел көрсе де» деп келетін өлеңі хақында таңданбасқа

болмайды. Бұл–Бұқардай дарынның дидактикалық толғау мәнеріне жат, мүлде тың ой, сырлы сезімді жалғастыра туындатқан ғажап туындысы.

Бес тармақты, бір түйдектен, үш-ақ шумақтан тұратын лирикалық туынды адамзат баласына ғана тән тұңғық сезім сырын ашуға, дүниенің жұмбағын тануға ұмтылған жанның–лирикалық кейіпкердің құпия да, құдіретті тұлғасын мүсіндейді. Оның өзін өлеңде тылсым түйсікпен сезінесің.

Өлемді түгел көрсе де,
Алтын үйге кірсе де,
Аспанды жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де–
Қызыққа тоймас адамзат!

Жырау толғау түріндегі қалыпты жыраулық дәстүрді бұзады, әрі ескі өлең үлгісін місе тұтпайды. Халықтық қара өлең мақамын сақтамайды. Бес тармақтан тұратын шумақта бір-ақ ойға табан тіреп, үзілмес бір сезімге бой алдырады. Бұрыннан белгілі жыраулық тұлғаның орнын ендігі жерде лирикадағы ақын образы алмастырады. Ақын тұлғасының өзі көмескі. Ол жалпыға қарата айта отырып, өз бейнесін жасыра түседі. Алдыңғы кезекте жыраулардағыдай ақын тұлғасы көрінбейді. Ақын арманын, ақын аңсарын аңдатар «Өмірге тоймас, үмітін қоймас», адамзатқа тән образы айқындала береді. Бұқардың зор талант құдіретінен туған қас шеберлік те, болашақ жаңа әдебиетке соны соқпақ салған сұңғылалығы да осы образдылықта. Ұлы жыраудың Абай, Ахмет, Шәкәрім, Мағжан лирикасымен үндесу сыры да осы жағынан дей аламыз. Бұқар өлеңдерінде образға мән беру, образға ден қою сияқты шартты сипаттарға ойысу белең ала бастады. ХҮІІІ ғасырдағы ақындар мектебінің соны сипаты ХХ ғасыр басындағы Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, Сұлтанмахмұт және басқа көптеген ақындардың ұлттық поэзияның көкжиегіндегі ерекше орнын айқындап берді.

Поэзияның ішкі табиғатына ой жүгірте келіп, ақындық тұлғаны айқындау проблемасына жүгінгенде біз көркем шығармадағы ақын образын басты назарда ұстауға тиіспіз. Және сол лирика табиғатына сай сомдалған ақындық образ арқылы ғана ақындық тұлғаны толыққанды күйде тануға көз жетеді. Лириканың өміршең өзегінде ақынның ақындық тұңғық сыры жатқаны түсінікті.

Міне, осы ақындық сыр шын мәнінде ақын образын айыруға бірден-бір себепкер жай екенін аңғаруға болады. Г.В.Гегель түйініне сүйенсек: «...бейнелейтін нысанаға (объектіге суреткердің) шынайы субъективтік қызығушылығының бір қыры – ол өзін танытқысы келуі. Оған дайын күйіндегі шығармадан гөрі, жаңадан туатын субъект арқылы өзін-өзі танытатын шығарма жазу артық» [7; 346]. Демек, бұл «субъект» – көркем дүниенің қан тамырын соқтырып тұрған суреткерлік «мен», яғни «өзін танытқысы келген», өзінің ішкі сырын ақтарғысы келген суреткер образы. Бұл образ суреткер тұлғасын танытары да шындық.

Олай болса, ақындық тұлғаны сөзсіз «ақын образы» деп қабылдасақ, онда ақындық тұлғаның өлеңнің ішкі мазмұнына қатысы аса терең де, мәнді мәселе. Ақындық образды бұлайша қарастыру өлеңнің өзегіне дендей енуге, күллі контексті қамтыр айсбергтік астарына үңілуге жол ашады. Ал, өлеңнің табиғатына тереңдей үңілу деген сөз – айналып келгенде ақынның поэтикалық әлеміне үңілу болып шығады. «Өлең шіркін өсекшіл жұртқа жаяр–сырымды тоқтатайын айта бермей» (Абай) демекші, ақын жанының күйкі тірліктен үнемі биік тұратын аласапыран күйі осында жатқаны айна қатесіз. Поэзиядағы даралық сипаттың тұлға ретінде таныла түсу, бой көрсету сыры да тап осы терең сезім мен бай мазмұн өресінде жасырулы екені анық.

Демек, ақын өзіне ғана анық, өзгеге жұмбақ жан-дүниесін өлеңі арқылы ашуы –оның ақындық кескін келбетін, шынайы кісілік образын оқырманға танытуы деп түсінген абзал. Өлбетте, ақын өз жанының түкпіріне үңілуі үстінде даралыққа ұмтылып, дара тұлғасын кескіндей бастайды. Осындай жүрегінің түбіне, жанының жапсарына бойлай отырып, жан сырын сарқа ақтарған ақыннан даралық бой көтеріп, ақындық тұлға қалыптасатыны ақиқат.

Ақындық тұлғаны поэзияда ақын образынан тереңдей іздемей, керісінше өлеңнің сыртқы факторлары–қай жерде, қай уақытта, қандай жағдайда, кімге арналғаны, прототипі кім деген тұрғыдан іздеу–түбірінен қате түсінік. Бұл нағыз ақынның адамдық, ақындық тұлғасын таныта алмайтын алдамшы, әрі адастыруға жол беретін бағдар. Мұның өзі ақын тұлғасын айқындауда шектелушілікке, зерттеу субъектінің ауқымын тарылтушылыққа ұрындырады. Өлеңде объективтік рөл ғана атқаратын, ақынның сырттай қатысын ғана білдіретін мұндай факторлар ақын образын ашуға, ақындық тұлғаның жан әлемін жаюға ешқандай да қызмет атқара алмақ емес.

Қай қырдан ой жіберсек те, қай қырынан үңілсек те ақынның ақындығын, яғни ақындық даралығын, ақындық даналығын танытатын поэзиядағы ақындық тұлға мәселесі үнемі бірінші

кезекте кесе-көлденең тұрары талассыз шындық. Сондықтан лирикалық тұлға мен ақындық тұлға әдеби категория ретінде жеке-дара өмір сүргенмен, тұтас тұлға ретінде бірін-бірі толықтырып, бір-біріне рухани дем беріп отырады.

Қорыта айтқанда, жалпы, тұлғаға (личность) байланысты бір ақиқатты мойындауға тиіспіз. Әдебиет теориясы ғылымында ақындық тұлға ұғымы нағыз қас талант, дара дарын шығармашылығы қарастырылған жерде ғана сөз болары, соны сипат ашылары хақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. –Алматы: Білім, 1991. – 490б.
2. Өмірәлиев Қ. ХҮ- XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. –Алматы: Ана тілі, 1976. – 356б.
3. Жолдасбеков М. Асыл арналар. –Алматы: Жазушы, 2002.–345б.
4. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. –Алматы: Қазақ университеті, 1988. –453б.
5. Жұмалиев Қ. ХҮІІІ- XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. –Алматы: Ғылым, 1999. –376б.
6. Мағауин М. Ғасырлар бедері. –Алматы: Жазушы, 2001. –271б.
7. Гегель В.Т. Эстетика. –М.,1999. –Т3. –с .511.

ӘОЖ 89.53.041

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН СТИЛІНДЕГІ ЮМОРДЫҢ КӨРІНІСТЕРІ

МОЛДАШЕВА Н.А.

Сарыкемер мектеп-гимназиясының директордың бағдарлы ісі жөніндегі орынбасары,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

АКШАЕВА Б.К.

Сарыкемер мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В статье проанализированы сцены юмора в стиле Беймбета Майлина
Summary. The article analyzes scenes of humor in the style of Beimbet Mailin

Бейімбет Майлин шығармашылығы – көркемдік, ақындық мәдениетімен, саф, таза тілімен, суреткерлік шеберлігімен өзгешеленеді. Б.Майлин поэзиясының тіл ерекшеліктеріне алғашқы тарауларда азды-көпті тоқталып өткенбіз. Осы тарауда жазушы стилінің юморлық сипаттары мен оның прозалық шығармаларының тіл кестесінің кейбір өзгешеліктеріне назар аударып отырамыз. Қаламгердің өскен ортасы, алған тәрбиесі оның творчествосына әсер етуі заңды құбылыс. Бейімбет қазақ халқының қалың ортасында – еңбекші бұқараның арасында өскен, кедей жалшы өмірімен біте қайнасқан жазушы. Сондықтан да халықтың оптимистік ақ жарқын характерін, әзіл-оспақ, қуақы-күлдіргілік мінезін өз бойына молынан сіңіреді. Осыған суреткер қай жанрдағы көркем шығармаларында болсын сол көзі бітпес бұлақтан алған мол нәрін – халықтық юмордың орнын тауып, құлпырта қолдана біледі. Бастан-аяқ юморлық стильде жазылған шығармалар Бейімбетте көп емес, бірақ ол қандай тақырыпқа жазса да, шығармасына қандай сюжетті өзек етсе де, юмордан қол үзген емес. Юмор бірде шығармаға әсерін басым тигізіп, бірінші орынға қойылса, бірде шағын эпизод, штрих арқылы жалт етеді. Қалайда юмор оның жазу мәнерінде жиі байқалатын өрнек, байырғы бояу.

Өмірде күлкілі жайлар аяқ басқан сайын кездеседі. Өмірдегі ішкі қайшылықты құбылыстар комизм туғызады. Олардың шын мәні мен формасының бірине-бірі қайшылығы күлкі шақырады. Белгілі құбылыстың формасы мен мазмұнының үстірт қарағанда сәйкестігінің шынында жалғандығын кенет байқау, өрескелдігін көру күлкі туғызады.

Мысалы, Бейімбет шығармаларында мынадай жәй суреттеледі. Жиылыс өткізуге келген өкіл жұрт алдына мінбеге шығып, портфелін ақтара бастайды. Отырғандар бір қажет документін, не жазылған баяндамасын іздеп жатыр-ау деп ойласа, өкіл портфелінен тарағын зорға тауып алып, шашын тарайды. Бұл құбылыс күлкі шақырады. Өкілдің амал-әрекеті мен оның нәтижесі қайшы

көрінеді, өкілден жұрттың күткен үміті, оған бағасы кенет өзгереді, өкілдің қылығы оғаш көрінеді, күлкіге түрткі болады.

«Искусстводағы юмор өмірдегі комиктік жайларды суреттеу болып табылады. Әдебиетте образдың ерекше типі— юмористік образ. Мұндай образдың негізгі өзгешелігі— онда жазушының суреттеп отырған нәрсесіне өзінің қатысы, бағасы күн бұрын айқындалған болады» [1, 456.]. Суреткер оқушылар көзіне формасы мен мазмұны сәйкесті сияқты көрінетін, шынында ондай сәйкестігі жоқ, өмірдегі белгілі бір құбылыстардың ішкі қайшылықтарын, келісімсіздігін ашып беруге тырысады. Қайшылық, келісімсіздік, өмірдегі екінші дәрежедегі құбылыстарға қатысты болуы мүмкін, құбылысты толығымен жоққа шығармай, оның ұсақ, қауіпсіз, зиянсыз кемшіліктерін күлкі етуге болады. Бұл— юморға, әзіл-әжуаға тән күлкі. Құбылыстың кемшіліктері қатаң бағаланатын болса, оған іш тарту байқалмаса, юмор сатираға ауысады, жұмсақ әзіл кекесінге, әзілді мысқылға жол береді.

Юмор құбылыстағы жекені, екінші дәрежедегі сынау, жоққа шығару да, сатира жалпыны, негізгіні жоққа шығару болып табылады. Юмор көбіне суреттелетін құбылыстың реалдық көрінісін сақтайды, сатира құбылыстың әдеттегі реалдық формасын бұзады, шартты түрде ұлғайтып көрсетуге бой ұрады.

Майлин стиліндегі юмордың көріністері қандай?

Майлинның юморы туралы там-тұм сөз болғанда, оның Гоголь мен Чеховтың юморына кейбір әдіс ұқсастығы айтылып жүр. Чехов әңгімелеріндегі өмірді юмористік тұрғыдан суреттеу тәсілдерінен Майлин шығармаларындағы өмірді юмористік бояуымен суреттеу тәсілдері кей ретте алшақ кетпейтінін көреміз. Бұл қандай тәсілдер? Ол тәсілдер: шығармадағы характерлердің комизмі, сюжеттің комизмі, соған байланысты шығарманың кейіпкерлері кездесетін жағдайлардың, портреттердің күлкілігі, сөйлеудегі күлкілік, адамның аты, фамилияларының күлкілік тұрғыда қойылуы, кейіпкерлерді қоршаған жағдайларды суреттеудегі күлкі. Чеховтағы комизмнің (күлкінің) осындай орындарда қолданылуын Бейімбет шығармаларынан да кездестіруге болады. Чеховта бір шығарманың шеңберінде-ақ аталған күлкілі жағдайлардың бірталайы ұшырасып қалады да, Бейімбетте олар көбіне әр шығармада шашыранды көрінеді. Характерлер комизмінің қызық мысалдарын біз «Талақ», «Ел күйеуі» сияқты шығармалардан көреміз.

Айдарбек—күйгелек мінезді, күйіп-піскен тартымы қысқа, қайтуы да шапшаң адам. Оның осы характері күлкі болады. Ашуланғанда әйелін жұдырықпен бір түйіп алып, кейін онымен татуласқанша асыққан құбылмалы мінезіне оқушы зілсіз күледі. Характері Айдарбекке қарама-қарсы адам—Бәкен (Раушан-коммунист повесі). Ол—шағын шаруасына мұқият, «қой аузынан шөп алмайтын» жуас, ешкімнің ыңғайын жықпайтын, әсіресе, әйелінің бетіне жел болып, келмейтін жұмсақ мінезді адам. Ол шындап ашулана да алмайды, ашуланған болып көрінгісі келсе де, артынша күлкісі таяу тұрады.

Бәкен мінезіндегі осындай ерекшелікті жазушы қызықтап әзілдейді. Жаратылыстан жұмсақ мінезді Бәкеннің ашуға мінген кездегі қылығы күлкі боларлық. «Бәкен қандай қатты ашуға мінгенде де, Раушан күлімсіреп бетіне қараса жібіп сала беретін. Ақырында өзі де күліп жіберетін»— деп баяндайды автор. Раушанды адал жанымен сүйетін Бәкеннің тұрмыс түйткілінде оған таусыла ренжіген, ақылын ашу жеңген кездегі бір қимылы былайша беріледі: «Өзі-өз болып Раушанға бір-ақ қол тигізген, онда да дәлдеп ұрмай, сипай сілтеп, басындағы жаулығын ғана ұшырып түсіріп еді». Күлмей көр, кәні! Іс-әрекет пен оның нәтижесі арасындағы қайшылық еріксіз күлдіреді. Бәкеннің бишаралық қылығына, бір жағынан күлгенімен, екінші жағынан, оны аяйсың, ықыласың соған ауып отырады.

Бейімбет кей шығармаларында бос белбеу, болбыр, жай басар жалқауды, көк езу, көбік ауыз мылжыңды келістіре әжуалайды. Адамның адамдық қасиеті еңбек үстінде сыналады. Болат білекті, қажырлы еңбек адамының ширақ, епсекті қимылына қызығып сүйсінсең, етегіне сүрінген, бір басуға ерінген, өнімсіз митыңмен ұзақ күнді бос өткізетін, еңбекке қырсыз адамның сыйқына күлесің де қынжыласың. «Әміржанның әңгімесіндегі» Қосыбай отағасы, «Қырманда» повесіндегі Тышқамбай мен Құтпандар ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүруді ұнататын жандар. Жазушы бұлардың берекесіз істерін күлкі етеді. Ішінде бала тіреп тұрғаннан жаман шірене қозғалатын Тышқамбай, балтасын білемдеп ұстап, аяғының астындағы ағашты шабар-шаппасын біле алмағандай екі оқтылана баяу қимылдайтын Қосыбай отағасылар жалқаулық, шабандыққа бой алдырғандар. Құтпанның бұлардан өзгешелігі— керенаулығына мылжыңдығы сай адам.

Майлиннің юморлық, сықақтық тұрғыдағы кейіпкерлерінің ішінде портрет жасау тәсілін салыстыра қарасақ, Лияста карикатуралық стиль барынша айқын, ол жағымсыз кейіпкерлерінің сорақылық болмысын үйе-төге суреттейді. І.Жансүгіровтың «Жолдастар» романындағы Ықсан

молданың кейіп-кескінін еске түсіре кетейік: «Қымызға келгенде түп жоқ кісі ноғай Ықсан молда... өзі үлкен үйелмелдей кісі. Майдан көзі бітіп, мұрны үшкірленіп қалған. Мойны мен жауырыны тұтасып, ит бастанып қалыпты. Омырауы есіктей болып, қарны да дастарқанға сүйретіліп отыр. Бұған берген қымыз да бір сабадан бір сабаға қотарылған сияқты. Өзі бұрыннан құрсақты молда, іші кеңіген сайын айы жақындаған әйелдей айналып отыра алмай, тек сүйретіліп отыр. Ыңқ-ыңқ етеді. Сөйлесе, қоздайтын қойдай мекіренеді»... [2, 76б.]. Бұл нағыз карикатуралық портрет.

Ара-тұра болса да Бейімбетте де карикатуралық портретте жоқ емес. «Қырманда» повесінде Досқожаны: «Ебдейсіз ирендеген бойы, шамадан тыс сорайған мойны, үрпип иығын жапқан шашы, әсіресе бет-ауыздан бітісі бөлек кекірейіп имиген тұмсығы–мұны адамнан гөрі басқа мақұлыққа ұқсатқандай еді»,–деп суреттейді автор. «Мұрны» деудің орынан «тұмсығы» деумен-ақ автор Досжанның бас қондырысын адамнан гөрі құсқа ұқсас етіп әдейі күлкі шақырады. Илиястағы Ықсанның портреті мен Бейімбеттегі Досжанның портретінің оқушыға берер әсері әртүрлі. Досжанның ұсқынсыздығына жәй күлесің де қоясың, ал Ықсанның сыйқына күлумен бірге оның адамдық бейнеден шыға семіргеніне, арамтамақ мешкейлігіне күлесің де жиренесің.

Еңбексіз тапқан мал-дәулетке семірген, жатып ішер бай-бәйбішені суреттегенде, Бейімбет олардың сыртқы тұлғасын жалпылай алып, екінші бір нәрсеге ұлғайта тенес сықақ етеді. «Желі басында обадай боп, Сержан бай тұр. Күртеше шапанды қусырып, түймесін салайын десе де, онысы тырсылдап жетпейді. Қарнының ересен жуандығы сонда ғана есіне түскендей боп, сипап-сипап қояды» («Берен»).

Б.Майлин стиліндегі өшпес өрнек – оның юморының көріністерін жинақтасақ, мыналарды аңғаруға болар еді.

1. Автор қандай тақырыпқа жазса да, юморлық қалпын бұзбайды, оның юморы жайдары юмор, жұмсақ әзіл, ұнамды кейіпкерлерін де әзілмен қытықтайды.

2. Адам характеріндегі түбірлі кемшіліктерді ашқанда (жалқаулық, бойкүйездік, мылжыңдық) келекеге, сықаққа жол береді.

3. Еңбекші халыққа қарсы таптың өкілдері: бай-бәйбіше, би-болыс пен ескі идеологияның уағызшылары: молда-қожаларды әшкерелегенде, ащы мысал көрініп қалады.

4. Жазушының юморлық тәсілі мінез-құлық, жүріс-тұрыс, іс-әрекет ерсілігін, көзге түртер үйлессіздікті, кейіп-кескініндегі ұсқынсыздықты (портрет) баяндауда, кейіпкердің атын қылығына лайық қоюда, табиғат көріністерін ойнақыландыра суреттеуде, тіл кестесінде айқын байқалады.

Қорыта айтқанда, Б.Майлиннің жазу мәнері, стильдік өзгешелігі – прозалық шығармаларының түгелдей өзгерген өмірдің шежіресін шертуінде, композициялық құрылысының үйлесімді қиыстырылуында, сюжетінің айқын жеңілдігінде, юморлық бояуы қанық тілінің шұрайлы, қарапайым болуында дейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1991. –267б.
2. Жансүгіров І. Шығармалары. Бес томдық. –Алматы: Білім, 1986.–389б.

ӘОЖ 82.49.052

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ: КЕШЕ, БҮГІН, ЕРТЕҢ

НАРБЕКОВА А.М.

А.Гайдар атындағы №35 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Размышление о науке филология: вчерашние, современные и будущи
Summary. Thinking about the past, present and future of philological science

Филология – белгілі бір тілді жан-жақты зерттейтін ғылым, оның сан салалары мен өзіндік құрылысы, өзіне тән пайда болу тарихы мен күні бүгінге дейінгі даму жүйесі бар. Филология – ерекше ғылым. Оның тарихы қаншалықты терең болса, келешегі де соншалықты жарқын

боларына сенімім мол. Мен бұл мақаламда аталмыш ғылымның кешегісі мен бүгінін зерттедім және болашағынан да үлкен үміт күтемін. Филология – это наука, которая всесторонне изучает определенный язык, имеет свои сферы и своеобразие, характерную историю возникновения и систему развития на сегодняшний день. Филология – уникальная наука. Я уверен, что чем глубже его история, тем ярче будущее. В этой статье я исследовала вчера и настоящее этой науки и возлагаю большие надежды на будущее. Philology is a science that comprehensively Studies a particular language, it has a number of branches and its own construction, a characteristic history of origin and a system of development to this day. Philology is a special science. I am confident that the deeper its history, the brighter its prospects will be. In this article, I have studied the past and present of this science and I have great hopes for the future. Филология – (гректің «philologia» – «сөзгекұмарлық») [1].

Жалпы, филологияның қыр-сырын меңгеріп, тікелей лингвистикамен айналысушыны – филолог деп танимыз. Филология ғылымының компоненттеріне: лингвистика, әдебиеттану, фольклор, мәтін жазу және палеографияны жатқызуға болады. Мұндағы лингвистика, яғни тіл біліміне тоқталсақ, бұл – филологияның ерекше бір саласы. Ол тілдік нормаларды, оның функциясы мен құрылымын зерттейді. Ал әдебиеттану – әдебиет тарихын, оның дамуы мен халық мәдениетіне әсерін қарастыратын болса, фольклор – халықтық өнерді, мифтер мен аңыздарды, ал палеография – ежелгі қолжазбаларды, олардың пішіндерін, стильдерін, пайда болған уақытын зерттейді. Сонымен бірге, бұл ғылым тілтаным, коммуникация теориясы, аударма ісі, тіл мен әдебиетті оқыту методикасы, стилистика, тіл мәдениеті, тіл тарихы, тіл саясаты сияқты тілге қатысты барлық бағыттарды қамтитынын да айта кеткен жөн. Филология көптеген пәндерден тұрады және олардың әрқайсысы өз саласында жұмыс істейді. Бұл ғылымының даму тарихына үңілер болсақ, оның алғашқы негізі – мәтін болды. Мәтіннің дамуы философиямен тығыз байланысты еді.

Жазу өркениетінің дамыған уақытында пайда болған ғылымның бұл саласы өзінің көпсалалығымен ерекшеленеді. Филологияның кешегі тарихына тоқталсақ, аталған ғылым мәдениетпен тығыз байланыста болса да, Шығыстың өркениетті көне мәдениеті филологиядан мүлде бейхабар болғанын көреміз. Ал, батыстың мәдениетінде орта ғасырдың өзінде кеңінен қолданысқа ене қоймады. Грекия мен Ежелгі Үнді тарихында ол ойлау мен сөйлеу тұрғысынан ғана қарастырылды. Аталмыш ғылымның кеңінен қанат жайған кезеңі – Грекияда Аристотель ілімінен кейінгі уақыт болса, Еуропада XVII ғасырда Р.Декардтан кейін, Германияда И.Канттан кейінгі XIX ғасыр болып саналады. Яғни, Грекияда эллин дәуірі тұсында филология философиядан бөлініп, өзінше бір ғылым ретінде зерттеле бастаған. Еуропа филологиясының негізі – Грекия болды. Осы тұста Гомерді ерекше атап өткен жөн. Филологияның философиядан бөлініп, бөлек бір ғылым ретінде зерттеле бастаған уақытында Дионисий Фракийский сөз таптары туралы ілімді қалыптастырды. Ал Германияда XVI-XVIII ғасырларда филологияның жаңа дәуірі басталып, неміс филологы Ф.А.Вольф «филология» терминін қолданысқа енгізді. Міне, осы кезеңнен бастап ғылымның бұл саласы көне тарихтан бөлініп шығып, өз бетінше ғылым болып танылды. Кейін оның германтану, славянтану, шығыстану секілді түрлері пайда болып, одан әрі дами түсті. [2] Ал, филологияның Қазақстандағы даму тарихына тоқталсақ, елімізде алғаш болып ашылған оқу орындарында-ақ осы мамандық бойынша білім беріле бастады. Оның себебі: филология ғылымының жалпы мәдениетпен, әдебиетпен тығыз байланысымен түсіндіріледі.

Жалпы, филологиялық білім беру – классикалық гуманитарлық білім беру болғандықтан, бұл мамандықтың 90 жылдық тарихы бар. Ендігі кезекте қазақ филологиясы, оның ішінде тіл білімі – яғни, қазақ лингвистикасының зерттелу тарихына ерекше тоқталуды жөн көріп отырмын. Алғашында қазақ тіл дыбыстарының саны мен сапасы, төл дыбыстарының өзіндік ереже-емлесі, бірізді жүйесі туралы нақты зерттеулер болған жоқ. Бұл мәселе жөнінде тиянақты ойлар мен нақты тұжырымдар тек А.Байтұрсынов пен Қ.Жұбановтың еңбектерінен көрініс тапты. Бұдан өзге, қазақ тіл білімі саласы бойынша орыс зерттеушілері В.Радлов, И.Ильминский, П.Мелиоранский және Н.Сауранбаев секілді ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізді. 1860 жылы Қазан қаласында жарық көрген Н.И.Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия» атты еңбегінде қазақ тілінің дыбыс жүйесі жөнінде мағлұматтар жазылған болатын. Ол өзінің бұл еңбегінде қазақ тіліндегі дыбыстарды екі топқа бөліп, сегіз дауысты, он сегіз дауыссыз дыбысты атап өтті.

Ал, В.Радлов болса, «Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы» деп аталатын жазбасында қазақ фонетикасының көптеген мәселелеріне ерекше тоқталған және оның бұл еңбегі әлі күнге құнды дүние болып саналады. П.М.Мелиоранский болса, екі бөлімнен құралатын қазақ тілінің грамматикасын жазып қалдырды. [3] Дегенмен, орыс ғалымдарының бұл еңбектерінің ғылыми

дәрежесі төмен еді. Жалпы, қазақ тіл дыбыстарының арнаулы жүйемен жан-жақты зерттелуі – совет дәуіріне тұспа-тұс келеді. Себебі, бұл кезеңде жаңа ғылым – қазақ лингвистикасы дүниеге келді. Оның фонетика, грамматика, лексикология, диалектология, стилистика секілді көптеген салалары пайда болып, өз бетінше дами бастады. Айта кетерлік тағы бір жайт – совет дәуірі кезінде қазақ тілін зерттейтін арнайы Институт ұйымдастырылып, аталған сала бойынша көптеген мамандар білім алды. Нәтижесінде, тіл білімінің арнаулы тармағы – фонетика саласында біршама еңбектер жарық көрді. Қазақ фонетикасы жөнінде сөз қозғағанда, профессор Құдайберген Жұбановты атамай кету мүмкін емес. Өйткені, ол – қазақ тіл білімінің негізін қалаушылардың бірі болып табылады. Қазақ фонетикасының бірсыпыра мәселелерін, оның ішінде тіл дыбыстарының фонологиясы, жіктелуі, үндестік заңы, буын және акцентуация мәселелері бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ал, Ы.Алтынсариннің «Начальное руководство к обучению киргиз-русскому языку» деп аталатын оқу құралында қазақтарға орыс тілі грамматикасы түсіндірілді. [4] «Ұлт ұстазы» атанған Ахмет Байтұрсынұлы болса, 1912 жылы «Оқу құралы», 1914 жылы «Тіл құрал», 1924 жылы «Әліпби», 1926 жылы «Әдебиет танытқыш» еңбектерін жазып, «қазақ әліпбиінің атасы» деген құрметке ие болды. Әрине, ұлтымыздың ұлы педагогтарының бұл еңбектерінің нәтижесінде бүтіндей халқымыздың жаңа әліпбиі туып, қазақ тіл білімі, қазақ филологиясы дамыды.

Ұлт ұстаздарының ізін қуған көптеген ғалымдар шығып, қазақ филологиясын одан әрі зерттеп, дамыта түсті. Олардың ішінде «Тіл білімінің негізі» атты кітаптың авторы Кәкен Ахановты, С.Мырзабековты атамай кету мүмкін емес. Жалпы, филология – бүгінгі таңда әлемдік бағытта дамып жатқан ғылым. Себебі, жаһандану үрдісінде тілдік құбылыстар мен тілдік тенденциялардың орын алуына байланысты бұл ғылымның да дамып, кеңеюі, үлкен ғылыми-идеологиялық күшке айналуы байқалады. Бүгінгі таңда Қазақстандағы филологияның басты мақсаты – полимәдениетті білім беру бағдарламасын белгілеу болып отыр. Бұл өз кезегінде Қазақстанның ғаламдық интеграцияға жақындауын жылдамдатады.

Өйткені, Қазақстандық саясаттың негізгі эталонына айналған үштілді мемлекеттік саясаттың да орын алуына тікелей қазақстандық филологияның қатысы бар екендігі белгілі. Қазақ филологиясының іргетасын қалаушылар – кешегі А.Байтұрсынов пен Қ.Жұбановтардан бастау алса, бүгінде оны әртүрлі бағытта жан-жақты зерттеп жатқан ғалымдар қаншама. Әрине, жаһандану дәуірінде өмір сүріп жатқан бәсекеге қабілетті жас ұрпақтың ендігі міндеті – қазақ филологиясының ертеңін жандандыру. Филология ғылымының кешегісі мен бүгіні, болашағын бір сөзбен тұжырымдар болсам: кеше – пайда болды, бүгін – дамыды, ертең де – дами түспек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы. «Сөздік-Словарь», 2005.
2. Аханов К. «Тіл білімінің негіздері». А-2002ж.
3. Жолшин А. «Қазақ тілінің дыбыстарының А.Байтұрсыновқа дейін зерттелуі» //Тараз-2007ж.
4. Қордабаев Т «Жалпы тіл білімі»// Алматы, 1999ж.

ӘОЖ 89: 402.21

ТІЛДІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДАҒЫ – ҚАТЫСЫМДЫҚ ӘДІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

МОЛДАБАЕВА Г.А.

Қ.Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясының ағылшын тілі пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается вопрос обучения через языковое общение, в частности, тема эффективности метода участия в изучении языка. Опираясь на мнение ученых, создавших первое научное обоснование партиципаторного метода обучения языкам, автор определяет позиции партиципаторного направления и проводит комплексный анализ.

Summary. The article deals with the issue of teaching through language communication, in particular, the topic of the effectiveness of the participation method in language learning. Based on the opinion of the scientists who created the first scientific justification for the participatory method of

language teaching, the author defines the positions of the participatory direction and makes a comprehensive analysis.

Коммуникативті бағыттағы ұстаным - қатысымдық мүмкіндіктерді тудыруға негізделген, тіл үйренушілердің ауызша, жазбаша түрде қарым-қатынас жасауы үшін қажет болатын оқыту. Оқыту жұмысының алға қойған мақсатын анықтауда пайдалы болатын әдіс - қатысымдық бағыттыңдағы ұстаным болып табылады.

Тіл үйретуде қатысымдық (коммуникативтік) бағытын ұстаған Ефим Пассов, Александр Леонтьев, Инесса Бим, Виталий Костомаров сынды тағы басқа да ғалымдар осы әдісті теория-ғылымилық және әдістеме тұрғысынан өте пайдалы екендігі жайлы дәлелдеді.

Осы тұрғыда Ефим Пассов: «Оқу материалдарын коммуникативті бағытында біріктіру проблемасы қазірше теориясы жағынан және айтылу әрекеттерін үйретуіне қатысты мәселелері ғана қарастырылып отырған. Ал сөйлесім әрекеттерінің барша түрлеріне қатысты қатысымдық әдістің бүкіл деңгейде іске асуы әліде бір шешімге келмеген», - дей отыра, аталып отырған мәселенің өзектілігіне баса назар аудартып көрсетеді.

Тілді оқытудың қатысымдық әдіске байланысты алғаш ғылыми негіздемесін жасап шығарған профессор Фаузия Оразбаева оқылм, тыңдалым, жазылм, айтылым, тілдесім жүйесінің сөйлеу және ойлау механизміне байланысты аспектінің әдістемелік жүйелерін жасады. Ғалым: «Қатысымдық әдіс дегеніміз – оқытушы мен оқушының тікелей қарым-қатынасы арқасында іске асырылатын; айқын бір тілде сөйлесу манерасын қалыптастырып отыратын, әдістемелік категориясы мен тілдік қатынастарына тән басты негізгі қағидалар мен белгілердің жүйелерінен құралатын; тіл үйретудің тиімді жолын тоғыстырып, тілді қарым-қатынас құралы ретінде жүзеге асыратын әдістің түрі», - деп анықтамасын жасайды [1, 186.].

Қатысымдық бағыт әуел бастан-ақ тілді қысқа уақытта оқытудың негізгі әдісі ретінде қалыптаса бастады. Ол дайын сөйлемшелерді жаттату, тілдік құралдарды саналы түрде меңгеру, көбінесе ойланбай-ақ қайталауға негізделгенімен, бірте-бірте оқыту мазмұнының, әдіс-тәсілдерінің өзгеруімен толықтырылып отырады.

Қатысымдық әдістің сипаты:

1. Тіл үйренуші клиент ретінде, ал оқытушылар кеңес беруші ретінде ұйымдасады;
2. Лексика мен грамматикалық аз ғана индуктивті түрде беріліп отырады;
3. Тіл үйренушілер мәтіндерді дискіге жазып алып, қайтадан тыңдай отырып, басты дискімен салыстырып, айтылу дағдыларын қалыптастырады;
4. Белсенді түрде бір-бірімен іс-әрекет жаттығуларын қолданады.

Жүргізу тәсілдері:

1. Таспаға түсірілген мәтін бойынша қарым –қатынас жасау;
2. Тәжірибелерді қайтадан жаңғыртып отыру;
3. Тіл үйренушілердің дыбыстауларын таспаларға жаза отырып, қайталап тыңдайды;
4. Оқытушы мен компьютердің бір-бірімен байланысуы;
5. Топқа, жұпқа арналған жағдаяттық тапсырма.

Қатысымдық бағытта ұстанымдағы оқу барысында негізгі тұлғалар – оқытушылар мен тіл үйренушілер болып табылады. Тіл үйренушілердің іс-әрекетін бақылап, түсіндіріп, ақыл-кеңесін беріп, реттейтін тұлғаны- оқытушы деп атасақ, ал коммуникацияға түсуге барлық ынта-жігерімен ұмтылатын, ізденетін, белсенді әрекеттің иесін – тіл үйренуші деп аталады. Олардың өзара субъектілік қатынастары бірлікке және тең құқылы сөйлесу серіктестеріне негізделіп келеді[2, 1236.].

Фаузия Оразбаева тілді қатысымдық жағынан оқытуда негізгі ұстанымға: тұтастық, сөйлесім әрекетіне қатысты негізгі заңнамаларды меңгіріп алу; грамматикалық ережелерді есте сақтап алуға, жазу дағдысына үйретіп, сөйлесімнің түрін меңгерту; ынталанып, тақырыптарды игеріп алу; сөйлесімге қатысты ішкі күштерді қолдану; жағдай мен ортаны ескерулерді жатқызады.

Ғалымдардың зерттеуіне сүйене келе, тілді үйрету жолында қолданатын қатысымдық бағыттың мынадай ұстанымын анықтап көрсете аламыз:

1. Тілді қарым-қатынас арқылы оқыту ұстанымы. Бұл сөйлеуге бағыттап оқытудың тәжірибелік бағдарын айқындайды. Сабақта тіл жайында айтудың орнына, сол тілді қолданысқа түсіру арқылы қарым-қатынас құру қажет. Яғни, бастапқыда грамматиканы оқытып, кейіннен сөйлеуге көшу ең үлкен қателіктердің бірі. Ал біздің қазіргі дәстүрлі білім беруде осы қателікке

өте көп бой берілуде. Шет тілін тек қана сөйлеу арқылы, тыңдауды тыңдай отырып, оқуды оқи отырып қалыптастыруға болады.

Ең алғы уақытта жаттығулар нағыз қарым-қатынас тудыруға бағытталуы керек. Дәл қарым-қатынасты сипаттау, мазмұндау, бір жақты монолог түріндегі айтылымда арқылы емес, топ мүшелері түгелдей қатысқан диалог негізіне құрылған тілдесім кезінде жүзеге асырылады.

2. Функционалдық (қолданбалылық) ұстанымы. Сөйлеу әрекетінің лексикалық, грамматикалық, фонетикалық жағы болады. Бұлар сөйлеу барысында өзара тығыз байланысты. Бұдан келіп шығатын қорытынды - сөзді өзінің қолданылу аясынан бөлек етіп игеруге болмайды. Функционалдық ұстанымына сәйкес сөздер де, сол тәрізді грамматикалық формалар да сөйлеу әрекеті кезінде меңгеріледі.

3. Жағдаяттық немесе барынша уәждемелі оқу жағдаятында оқу үдерісін рөлдік түрде ұйымдастыру ұстанымы. Кез-келген жастағы тіл үйренуші қызығатын жағдаяттар мен қарым-қатынас мәселелері негізінде материалды сұрыптау және ұйымдастыру принципті маңызды қажеттілік болып табылады. Жағдаятты қолдана отырып оқыту қажеттілігін көптеген әдіскерлер мойындайды, алайда оны әркім әр түрлі ұғады.

Тілді меңгеру үшін, тілді оқып-үйренбей керісінше, оның көмегімен қоршаған ортаны оқу керек, оны қолдана білуге машықтана білу қажет. Тіл үйренушілердің осы тілде сөйлеуге деген ынтасы шынайы немесе сөйлеушілерді түгел қамтитын жасанды жағдаяттарда пайда болады. Сондықтан сабақ үстінде тіл үйренушіге маңызы жоқ, өмірде қолданысы аз ақпараттарға қарағанда олардың әрқайсысы жеке өмірі және қызметімен тығыз байланыста пайдаланатын мәселелерді талқылау қажет.

4. Жаңашылдық ұстанымы. Ол бәрінен бұрын сабақтың әр түрлі құрылымында көрініс табатын сөйлеу жағдаятының жаңашылдығы. Бұл пайдаланатын материалдың жаңашылдығы (ұсынылатын ақпараттың көлемі мен мазмұны), сабақты ұйымдастырудың жаңашылдығы (интерактивті оқыту әдістері) және ақпараттық-коммуникациялық құралдар арқылы ұсынылатын көрнекіліктердің көптүрлілігі.

5. Қарым-қатынастың жеке тұлғаға бағытталуы ұстанымы. Тұлғасыз сөйлеу жүзеге аспайды, сөйлеу әрқашан жеке тұлғалық болады. Кез келген адам басқа адамдардан өзінің табиғаттан дарыған қасиеттерімен ерекшелінеді (өмірлік тәжірибесі, құндылық бағдары, эмоциясы, қызығушылығы). Қатысымдық оқыту тіл оқушының осындай жеке бас сипаттамаларын назарға алуды ұсынады, өйткені тек қана осындай жолмен қарым-қатынас жағдайы жасалынады.

6. Ұжымдық өзара әрекет ұстанымы – оқу үдерісін осындай жолмен құрған кезде тіл үйренушілер бір-бірімен белсенді қарым-қатынас жасайды, топ ішінде әркім өзін-өзі көрсетуге тырысады және әркімнің жеке жетістіктеріне өзгелердің жетістіктері тікелей әсер етеді[3,78б.].

Қорыты айтқанда, жеделдете оқытуда қатысым бағытының барлық түрлері (оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім) қарама-қарсы түрде кезектесе келіп жүріп отырады. Ал тілдесім - қатысым әрекетінің ең жоғары шарықтау шегі. «Тілдесім – адамдардың қоғамдық-әлеуметтік өмірде өзара тіл арқылы қарым-қатынасқа түсе отырып, бір-бірімен пікірлесуінің нәтижесінде бірінің ойын бірі ауызшада, жазбашада түсінісуі және оған жауап қайтаруы». Демек, тіл үйренуші қатысым әрекетінің: тыңдалым, жазылым, оқылым, айтылым түрлерін толықтай меңгерген кезде ғана өз дәрежесіндегі тілдесімге қол жеткізе алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Бейсенбекова Г.Т. Тілдік қарым-қатынастық ұлттық дүниетаныммен байланысы. – Алматы. 2003-210 б.
- 2.Оразбаева Ф.Ш. Тіл білімі. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы: АнАрыс.- 2009.- 368 б.
- 3.Оқыту үрдісіндегі педагогикалық технологияларды пайдалану. Білім берудегі менеджмент.- Алматы.- 2006.- 308 б.
- 4.Ф.Оразбаева. Тілдік қатынас теориясы мен әдістемесі. Алматы, 2000.-256 б.
- 5.Оразбаева Ф.Ш. Тіл әлемі. Мақалалар, зерттеулер. –Алматы, Ан Арыс: 2009. -368 б.
- 6.Құсайынов А.К. Білім болашақ негізі. – Алматы, Жазушы:2010.-188 б.
- 7.Нұржанова Ж. Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары. –Алматы, Ан Арыс: 2001.-344б.

СӘКЕН ЖҮНИСОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЖАТСЫНУ МЕН ЖАЛҒЫЗДЫҚ

КАЙНАЗАРОВА Ж.Е

Абай атындағы ҚазҰПУ, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының
2курс магистранты, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Резюме. В статье акцентируется внимание на художественных особенностях прозаических произведений народного писателя Казахстана Сакена Жунисова, в частности на том, как представлена проблема одиночества и отчуждения. Среди них описывается мастерство писателя в изображении персонажей произведений «Одинокий дом в Японии» и «Заманай и Аманай», раскрытие характеров героев, проблема «одиночества и отчуждения». Подчеркивается, что на изменение характера напрямую влияет ситуация в обществе.

Summary. The article focuses on the artistic features of the prose works of the national writer of Kazakhstan Saken Zhunisov, in particular on how the problem of loneliness and alienation is presented. Among them, the writer's skill in depicting the characters of the works "A Lonely House in Japan" and "Zamanai and Amanai", the disclosure of the characters' characters, the problem of "loneliness and alienation" are described. It is emphasized that the change in character is directly affected by the situation in society.

«Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Ақан серінің мұрагері, қазақ прозасының Құлагері, қазақ даласының қыран ері, тың игеру тақырыбында шындықты жазғандардың пионері» [1, 250б] Сәкен Жүнісовтің шығармалары «Жапандағы жалғыз үй» романынан басталады [3, 320б]. Бұдан әрі «Ақан сері» романы мен «Заманай мен Аманай», «Ақ қасқырлар қамаған қызыл керуен» повестерімен және біршама пьесаларымен, әңгімелерімен шығармашылығы толыққан.

«Әдебиетімізге “Жапандағы жалғыз үй”, “Ақан сері”, “Заманай мен Аманай” сынды кесек бітімді дүниелерін беріп және сол шығармаларының өзегінде өз халқының ғасырдан ғасырларға асып жете беретін де, ұласып барып әр дәуірдің ұрпақтарын да айтар ойымен, айтар мұңымен, асқақ та әсем әнімен тербей де, тербете де білер Жүнісов кітаптарының қай кезеңнің болмасын жүгін белі қайыспай көтере алатын мәңгі бітпес күші де, мәңгі сарқылмас қуаты да бар»[5.]. Шығармалары көтерген тақырыптары арқылы өз заманының жаңашыл туындылары болса, шығарма мазмұнындағы тартыс, сюжет, кейіпкер мінезі, ішкі толғанысы арқылы шығарма көркемдігі ашылады. Шығармаға арқау болған замандағы қоғам өзгерістерін, алғашқы колхоздастыру кезеңін суреттеген жазушының кейіпкерлері бойындағы жалғыздық пен жатсыну мәселесі толық ашылған ба? Осы мақаламызда толықтай тоқталып көрсек.

Кейіпкерлердің жан дүниесіндегі жалғыздық, жатсыну мәселесі

Романдарында жалғыздық жайын көп жазған жазушының бірі – Сәкен Нұрмақұлы Жүнісов[4.]. Қазақ әдебиетін мазмұнынан жалғыздықтың желі есетін «Ақан сері», «Жапандағы жалғыз үй», «Заманай мен Аманай» сияқты көлемді прозалық туындыларымен байытқан. Соның ішінде «Жапандағы жалғыз үй», «Заманай мен Аманай» романдарындағы кейіпкерлердің жан дүниесіндегі жалғыздық, жатсыну, романында жастар өмірі тікелей емес, жанама түрде бейнеленуі шығармада көтерілетін мәселеге, автор идеясына байланысты болса керек. «Замандастары тіршілікте С.Жүнісовтің жалғыздығын байқаса, оқырман қауым жазушының қай шығармасын оқымасын, ондағы кейіпкерлердің тағдырының жалғыздықпен сабақтастығын аңғарады» [4.]. Көркем туындыларында мұны қаламгердің қалай бергеніне көз жеткізу үшін жалғыздық компонентінің көрінісін айқындауда шығарма желісі арқылы ашуды мақсат етіп отырмыз.

«Жапандағы жалғыз үй» романындағы жалғыздықтың суреттелуі

«Жапандағы жалғыз үй» романы негізгі кейіпкерлер- Райхан мен Қарасай арасындағы тартыстан өрбиді [1, 280б]. Кейіпкерлердің өмір жолы жеке-жеке сөз болатын секілді көрінгенімен, сюжеттік желіде тұтастық бар. Кешегі мен бүгінгі өмір қос желі болып тартылып, кейіпкерлердің басынан кешкен оқиғалар жұптаса жүреді. Бір кейіпкердің бейнеленуінен екінші кейіпкерді бейнелеуге оңай ауысып, олардың бейнесін бір арнаға шеберлікпен тоғыстырады.

«Жапандағы жалғыз Үй» романының басында жазушы ескі жұрт басына жалғыз барған Райханды бейнелеп бастайды. Бұл арада өткен өмір тек Райханға ғана аян. [3, 10б]. Райханның сол кездегі

жай-күйін аз да болса, ұнамды, тартымды суреттей отырып, оның өткен өмірінен мол мағлұмат береді. Жастайынан өмір заңы қатал екенін санасымен сезініп жетілді. Колхоздастыру кезіндегі ел жағдайын көріп өседі. Маман болып, елге қызмет жасауға келген Райхан 1937 жылы белгісіз жағдайда ұсталып кетеді Райхан сол кездегі жаңашыл өмір ұстанымдарымен тәрбиеленген алғашқы қазақ қыздарының бірі, жиынтық, әлеуметтік тип. [2, 100б]. Шығармада қорқаудай бейнеленген Қарасаймен жалғыз алысқан қыз. Өзі өзгеге тырнақтай да зиян тигізбей, кеңес үкіметі үшін барын беруге даяр болып өскен Райхан жалақорлардың кесірінен ұзақ жылдар абақтыда отырады. Өзіне қандай жала жабылғанын, не үшін жауапқа тартылып, қамаққа түскенін білмей кетеді. Оны сырттай қудалаушылар мен қаралаушылар (Қарасай, Қосиманов) советтік қоғамнан өздерін аулақ ұстайтын кейіпкерлердің мінезі шығармада айқын танылады.

Тың игерудің бүге-шегесіне дейін әспеттеп жазып шыққан жазушы халықтың маңдайынан шүмектеп аққан терін орынды бағалай отырып, тыңға қарсы пікірінде бүкпесіз аңғартқан. Әрине, айғайлатпай, айламен, астармен жеткізеді. Кеңестің жасампаз ұранын әңгімесінің көк көбігі ете отырып, соқталы ойын түбіне тұнба етіп қалдырған (себебі белгілі). Қазақтың нағыз капиталист байы Қарасай шығармада жанама аты Қарабет десе қарабет болып сипатталады. Ал автор жаман атты жамыла отырып жақсы ойын айтады.

Сол сияқты қазақ даласына келген геноциттік қауіптің алдын орыс Дерягиннің балтасына тап болған бұтақтары селдіреп қурай бастаған, бірақ осыдан кейін де өмір сүруге ынталы кәрі қайыңға төнген қауіптен де бейнелейді. «Сапалақ қопаның» бергі жағында көнеден келе жатқан қураған жалғыз қайың бар-тын. Ауыл адамдары бұны: "Киелі қайың, қолың тисе қарғыс атады» - деп аңыз ететін. Себебі сол ма, әйтеуір айдаладағы бұл қайың адам жүзіндегі бір тал мендей жол жүрген жанға жол сілтеуші белгі болып қалған. Енді міне сол ағашты Дерягин құлатайын деп жатыр... Енді ол жоқ...»[3.126].

Жалғыздықты сезінген жанда сыртқы ортаға деген жатсынулық, не ортасындағы адамдарды тосырқап, жатырқаушылық пен жайсыздықты өткерері де анық. Оны біз Диканың Қарасайдың өтірік сөзіне сеніп, өз үйімдей болар ма деп, өзімсініп барғанда адам құрлы көрмей ақырғы сәтте қамшының астында қалып, еңгезердей ер жігіттің жалғыздық пен жабырқаулы күй кешіп, ел жұрттың бәрін өзінен жатсына, егіле жылауынан байқаймыз.

Аталған романның өн бойында С. Жүнісов «жалғыздық» ұғымын беретін сөздерді өте жиі қолданады: жалғыз үй иесі - Қарасай. Жапан түзде болсақ та, жол кезген жолаушыға суықта пана, ыстықта саямыз. Осы мекен- осы жапан түзде қылтиған саяқ мекен. Көненің көзін көрген, қартайған, бір тал қайың болатын. Ен даладағы жалғыз тал- жалғыз белгі жол жүрген жолаушыға қарайып, бағыт беруші еді. ... жалғыз үй- көненің көзі, атаның мұрасы, ескі жұрт еді... Осы күні жапандағы жалғыз үйдің белгісі де жоқ. Бұл шашыраңқы көрінген ескі қыстаулар сол баяғы қоныс, оңаша ошақ, жалғыз үйдің белгісі іспеттес. «Тырдай далада ізім қайым жоғалған мекенде адасқан қазқай болып мен қалдым. Иен даладағы жалғыз мола.» деп тұрғандай көрінуші еді қайың. Халелге саяқ өскен қайың да жанына жақын. Иә, оның сезінуі бойынша жапандағы жалғыз ағаш іштей сыр шертіп, сыбырлап жатқандай. Саяқ жанның өміріне ойлап, толғанып, іштей аңырап та тұрды мекен. Жолда кездескен жалғыз жанды бүрсендетіп, айдап әкеп, адастырған үскірік боран [3,456].

Қаламгер шығармаға арқау еткен үлкен әлеуметтік мәселесі- тың игеру. Көркем шығарманың тақырыбы тың болса, тың даладағы еңбек дүбірінің басталуымен бірге, жеке меншіктің қалай орындалғанын көреміз. Тың даласын игеруге үлкен күш жұмсай отырып, жергілікті халықтың ішкі жан айқайы ескерілмеген. Ескіліктің көзі, атадан қалған қасиетін түсінетін жер иесі қазақтар, мыңмен жалғыз өзі ғана алысқан кейіпкер. Шығарманың «Жапандағы жалғыз үй» деп берілуі де осыдан. Жалғыз үйдің біршама жылдар қоғамнан бөлек, өз алдына жеке өткізген өмірі суреттеледі. Алып-сатарлықты кәсіп еткен аз жылдың ішінде отбасы күйреп, шаңырағы шайқалады.

«Жапандағы Жалғыз үй» романында неғұрлым шебер сомдалған келесі бейне- Қарасай [2,456]. Қарасай-қора толған малының өрісі-шабылған шабындығына ашынған, өз күнін өзі бағып, шаруасын дөңгелетіп отырған қарапайым қазақ. Ол жер жыртқан техника дәл үйінің жанына келіп, топырағын қопарып болғанша, отырған жерінен қозғалмайды. Бұл әрекеттер оған шыбын шаққан құрлы әсер етпей, айылын жимайды. Өзін ауыздағы қисық өскен ит тіс секілді, жанды ауыртпай, жұлып тастай алмайтындығын көрсетеді. «Есіл далам, өрісінде көгің шүйгін майса еді, танауды жарған иісі қандай? Енді, амал қанша, осы күйбең тірліктің ойран- топаны шығып, құр пайдасыз қопарылған далаға айналар ма екенсің?»- деп мұңды жүзбен үйінің түбін жыртқалы келе жатқан трактор тобына қарап тұрған Қарабет. Бір сөзінде: «Андап қарасаң, дүние кері кетуде. Осы

тыңды игермей жатып-ақ, кең жайылымымыз қысқарып кетті» - деп қапаланады[3, 236]. Кең даладағы жайылымның тарылуын көрген кейіпкердің бойынан қол қусырып отырмай, қандай да бір әрекет етуге деген шешімі- заманға деген қарсылығы. «Жалғыз алыссам да қайтпаймын» деген кейіпкердің мықты мінезді екенін көреміз.

«Заманай мен Аманайдағы» жатсыну мәселесі

«Заманай мен Аманайдағы» үстем тап мен кедей болып бөлінудің зардабын тартқан кейіпкерлер бейнесін үлкен шеберлікпен сомдайды [1,2506]. Қыздың қырық жаны бар деген Балзияның дәл өзіне арнап айтылғандай. Балзия өзінің ардақ тұтар әкесінің қазасынан кейін бас көтеріп ел бастауы қазақ қызының бойындағы қайсарлығы мен рухының күштілігін, іс әрекетіндегі ақылдылығы мен сөз саптауынан танытты. Әлиманың күйеуі қайтыс болып, жесір әйелдің күйін кешуімен, Балзияның Атымтайдан бөлек кеткелі ешкіммен бас қоспағанын ескерсек және ұлы Заманайдан айтып келмес қазадан қапыда айрылуы - жалғыздықты, жат жерде өмір кешуілері - жатсыну сарынын аңғарта отырып, Балзияның елге оралу үшін барын салған іс-әректінен қарсылықты көреміз. Жалғыздық пен жатсыну бар жерде қарсылықта кездеседі. Қарсылығы Балзияның неше жыл өзге елді мекен етіп, жерсінетін уақыты жеткенімен Атамекенге деген сағынышын, айыбын өтеу мақсатында да жалғыз немересін елге жеткізуде қарттығына қарамай басына түскен бар қиындыққа қарсы күреседі. Қарсылығы –өмірдің қиын тұсында бір қателестім, енді қайта қателесуіме, ұрпағымды адастырума жол жоқ, бар сенімім Аманайда деген ойы бар.

Шығармадағы қарсылық ұлы Заманайдың анасына айтар уәжінен де көрінеді. Заманайдың анасына деген қарсы ойында түпкі іштей бір реніштің, наздың сыры жатыр. Мысалы, Заманай мені апа да, тәте де демейтін, өз атыммен атайтын.

- Мен өмірден мүлде түңіліп мүлдем күдер үзген адаммын. Ренжіме, Балзия, менде анаға деген мейірім жоқ. Сен мені өз мекенімнен, ел-жұртымнан, туған әкемнен алып кетіп, маған таныс емес жат адамдар, бірін-бірі білмейтін, түсінбейтін қамқорсыз, өздері де кіріптар дәрменсіз жандар қыбырлап, мағынасыз тіршілік еткен қамау торға әдейі әкеп тастағандай көрінесің- деген жолдардан анасының жастықпен асығыс жасаған қателігін қайта еске түсіріп, бір емес артындағы өзгелердің де ұрпағын адастырғанын меңзейді. Келтірілген осы жолдардан-ақ, Заманайының жалғыздығын, Қытай елін жатсынып, қарсылық танытуы оның даты мен өтініштерінде көрініп тұрса, атамекенге деген сүйіспеншілік сөздерінен сағыныш мотивінің барын білдік.

«Заманай мен Аманай» повесіндегі Атымтайдың әкесі Сейітбатталдың өмірден қалай өткендігін Балзияның әкесі болған жайды әңгімелеу барысында жан дегенде жалғыз досының, бауырының өлімін былай деп жеткізеді:

“Сейітбатталдың қақпақтай жауырынын күйретіп, қабырғаларын сөге кірген сояудай қанды тырнақтарды бір бие сауым уақытта әрең ажыратып, жападан- жалғыз отырып, көзімнің жасын тия алмай, жас баладай ұзақ еңіредім...” – деп көптен бергі сыры ашылмаған ескілік оқиғанын бір ұшын баян етеді[6,436]. Жалғыздық тек қана Сәлімгерейге ғана емес, артында қалған келіншегі мен жалғыз тұяқ Атымтайдың өмірі үшін де қиынға соққандығын ескеруге болады. Сейітбаттал ұрпағында туған өз баласы Атымтай әкесіз жетім болса, Атымтайдың ұлы жат жұртта дүниеге келіп, Заманайы әке бейнесін көре алмай шалғайда ішкі жалғыздықтан, сағынышта жүргенде көз жұмып, ат мінер болған Аманайы да ата-ана жылуын көре алмай жалғыз қалады. Десе де, Балзияның үміті ақталып, туған жердегі әке мекеніне оралу бақыты Аманайдың маңдайына жазылған бақ па дерсіз. Аманайының туған жер, туған топырағына оралуы Балзияның оралуы, бір кездегі үлкендердің жіберген қателіктерінің айыбының өтемі деуге де болады.

Қорыта келгенде, шығармаларындағы кейіпкерлерінің қоғамға деген қарсылығын, психологиясындағы өзгерісі арқылы автор өз ойын толық жеткізе алғанын көрдік. Кейіпкерлерінің бойындағы жалғыздық пен жатсыну мәселесі толық ашылған. Атап айтқанда, қаламгердің «Жапандағы жалғыз үй» шығармасындағы Қарасай бейнесі, жапанда өскен жалғыз түп қайың арқылы- жалғыздық мәселесінің көтерілгені. Екі шығармада да жалғыздық пен жатсыну егіз ұғымдай қатар жүріп, әр кейіпкердің өмірінде бірге сүріп, бірге жасасуын келтірілген үзінділер бойынша таныстық. Адам бойындағы өзгеріске деген қарсылықты, өз кейіпкерлерінің ішкі түйсігін жан-жақты суреттеп, даралауға күш салған шығармалар екеніне көз жеткіздік.

Қаламгер тың жерді игеруді, дала келбетін көрсетіп қана қоймай, адамдар руханиятына да үлкен серпілістер әкелгендігін ерекше суреттеген. Тың даланы игеру кезеңі тек жалғыз үйді ғана шайқалтып кеткен жоқ, бүкіл қазақ жерін ғана емес, елге, ұлттық психологияға, ұлттық танымға, рухани өміріне де ізін қалдырғанын кейіпкерлер бойындағы ішкі күйзеліс- жалғыздық, жаңа заманға, қоғам өміріне деген ішкі қарсылығы- жатсыну арқылы көрсеткен. Бұл қарсыласу, бұл

жатсыну - ұлттың жанайқайын жеткізуші автордың астарлы ойы, автордың да қоғамдағы өзгеріске деген қарсылығы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ақылбек Шаяхмет «Тайбағар (әңгімелер, хикаялар, мақалалар, эсселер)» Астана «Фолиант» 2011.- 250б
2. Майтанов Б.Қ. «Қазақ прозасындағы замандас бейнесі» Алматы «Ғылым» 1982.– 105б.
3. Сәкен Жүнісов шығармалары, 1 том Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2013. –320б.
4. Асылбек Байтанұлы «Жалғыздық – қаламгердің серігі ме?» мақала https://adebiportal.kz/kz/news/view/asyzbek-baitanuly-zalgyzdyq-qalamgerdin-serigi-me_2785
5. Жабал Ерғалиев: «Рухы тәуелсіз суреткер» https://adebiportal.kz/kz/news/view/zabal-ergaliev-ruxy-tauelsiz-suretker_2742
6. Сәкен Жүнісов шығармалары, 4 том. Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2013. –320б

ӘОЖ. 82.458.01

АБАЙ ЖӘНЕ АЛАШ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

САРТАЕВА А.А.

Ібырай Алтынсарин атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

ЕШЕТОВА Г.С.

Сарыкемер мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. Статя посвящена изучению абаевской и алашской литературы.

Summary. The article is devoted to the study of Abai and Alash literature.

Қазақ әдебиеті тарихында Абайдың әдеби мұрасын жоғары бағалап, алғаш пікір білдірген қалам қайраткерлері – Алаштың ардақты азаматтары. ХХ ғасырдың басында-ақ Алаш арыстарының көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлы Абайға «қазақтың бас ақыны» деп, ал Мағжан Жұмабайұлы «хакім ақын» деп, Сұлтанмахмұт Торайғыров «ақындар пайғамбары» деп лайықты бағаларын берген болатын. Абайдың өмірі мен ақындық өнері жөнінде бірінші болып ғылыми ой айтқан адам – Әлихан Бөкейханов. 1905 жылы жазған «Абай (Ибрагим) Құнанбаев» атты азанамасында: «...Абай асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы болды. Абай сияқты халықтың рухани творчествосын осыншама жоғары көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ», - деп ең алғаш жоғары баға береді [1, 18-19 б.]. Абай шығармашылығына шынайы әдеби талдау жасап, алғаш Абай ақындығына көркемдік тұрғыдан зерделі ой айтып, ғылыми құнды мақала арнаған А.Байтұрсынұлы. Ол «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында: «Қазақтың бас ақыны – Абай (шын аты Ибрагим) Құнанбаев, онан асқан бұрын-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ», – деген [2, 54 б.]. Бұл ең жоғары баға және үлкен құрмет. Бір ғасырға жуық бұрын айтылған бұл баға Абайдан басқа әлі ешкімге берілген жоқ.

Қазақ халқының әдебиеті мен мәдениетінің дамуына, бұрын-соңды болмаған жаңа сапаға көтерілуіне Абайдың еңбегі орасан зор. Абай шығармашылығы халқымыздың қоғамдық санасында ерекше сілкініс туғызып, рухани бетбұрыс жасады. Осыған орай ХХ ғасырдың басында қазақ зиялыларының үлкен шоғыры ұлттық мүддені ту етіп көтеріп, тарих сахнасына шығуы да кездейсоқ құбылыс емес еді. Қазақ зиялылары халықтың болашағы Абай нұсқаған сара жолда деп білді, соның ізімен жүруді мұрат етті.

Абай мұрасы жайлы А.Байтұрсынұлынан кейін құнды пікір айтқан адам – Міржақып Дулатұлы. Оның 1914 жылы 23 шілдеде «Қазақ» газетінде жарияланған «Абай» атты мақаласы ақынның қайтыс болуының он жылдығына арналып жазылған. Қазақтың классик ақыны Абай дәстүрінің жалғасын алғаш танып, ол туралы жар салып пікір білдіргендердің бірі М.Дулатұлы болатын. М.Дулатұлы Абайды оянып келе жатқан қазақ халқы әдебиетінің негізін салушы деп таныстырады. «Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты боларға керек. Абайға шейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мағынасында қазақ әдебиеті дерлік бір

нәрсе болған жоқ еді. Бәлкім, мұнан кейін Абайдан үздік артық ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғарғы, ардақты орын Абайдікі», – деген пікір білдіреді [3, 71 б.]. Бұған қарап Абайға дейінгі ұлттық әдебиетті жоққа шығару деп түсінуге болмайды. Ақынның өзіне дейінгі халық даналығы, ауыз әдебиеті, өзі үлгі тұтқан әлем әдебиетінің жауһарлары негізінде жасаған жаңа әдебиеттегі еңбегіне баға беру.

Ж.Аймауытұлы мен М.Әуезовтің («Екеу» деп қол қойған) 1918 жылы «Абайдың өнері һәм қызметі» атты мақаласы «Абай» журналының № 2 санында жарық көреді. Бұл мақалада Ж.Аймауытұлы мен М.Әуезов Абайдың қазақ әдебиетіндегі орнын көрсетеді. Абайдың ақындық өнерін өзіне дейінгі әдебиет үлгілерімен салыстыра отырып, өзіндік ерекшелігін, поэзияға әкелген жаңалығын атап өтеді. Абайдың ең бір артық өзгешелігі, заманының ыңғайына жүрмей, өзінің «өздік» беті мықты ұстап, ақылға, ақтыққа, көңілдің шабытына билетіп, көз тұндырарлық кемшілік, міннің ортасында туып, ортасында жүріп, үлгілі жерден өрнек алып келген кісідей ашық көзбен қарап, барлық мінді мүлтіксіз суреттеуі, шарықтап жүріп қылт еткенді көретін қырағы қырандай сыншылдығы...

Абайдың қиялы шалымды, ойы терең, ақыл-білімнің әр тарауынан көкірегінде асыл қазына көп. Сол қазынаны барлық ырғағы, нәзік сыпатымен, қазақтың ұстармаған, ысылмаған жуан тілімен биязы ғып шығаруы, әрі ақындығы, қызыл тілді шешендігі. Осылай Ж.Аймауытұлы мен М.Әуезов Абайдың сыншылдық, ойшылдық, сыршылдығы мен тілге шешендігін айтып, оның өзге ақындардан өзгешелігін атап көрсетеді. Яғни ақындық қуаты мен шеберлігін, өзіндік ұстаған бетін айқындап береді.

Абайдан соңғы ақындар шығармашылығы туралы қазақ әдебиеті тарихында алғаш ғылыми мақала жазған Ж.Аймауытұлы. Ол «Абайдан соңғы ақындар» атты мақаласында Абайдың ақындық өнерін жалғастырып, дәстүрін сабақтаған Ахмет, Міржақып, Шәкәрім, Мағжан поэзиясына талдау жасайды. Бұл мақалада ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ поэзиясындағы Абайдың ақындық дәстүрі сөз болып, кеңінен қарастырылады. Абайдан кейінгі ақындарды мынадай үш түрлі жікке бөледі:

«1) Сезімге әсер берерлік суретті өлеңдер көбінесе Мағжан, Міржақып, кейде Сұлтанмахмұт һәм Ахмет Мәметовтікі... Бұлар – сыршыл (лирик) ақындар.

2) Екінші жіктің өлеңшілері – Ахмет Байтұрсынов, Сәбит Дөнентаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Бекет Өтетілеуов. Бұлардың өлеңі сырты төгілген, сұлу, кестелі, анық, халықтың ұғымына, оқуына жеңіл, тәтті. Бұлардың өлеңінің сезім мен қиялға тәрбие-әсері аз, ақылға азығы бар. Бұлар – халықшыл (народник) ақындар. Ана ақындардан бұлардың сөзінің халыққа бір атасы жақын тұрады.

Осы күнде сәті кетіп бара жатқан үшінші бір жік бар. Бұл жіктің ақыны ескі өлең, жыр-тақпақтарға еліктеп, желе жортақтатып, құбажондатып келетін Ғұмар Қарашев», – дейді [4, 129 б].

«...Абайдың «үміт еткен жасөспірім достары» ойланды және сол Абай аңдатқан рухани бостандықты ту етті де мұқым ұлттық мүддені «Алаш» деген ұранға біріктірді. ...Мұндай азаттық бостандыққа, рухани тәуелсіздікке ұшқын түсірген Абайдың ойлы сөзі еді. Азаттық жолына біржола түскен тұсында Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсыновтың, Мұхамеджан Тынышбаев пен Міржақып Дулатовтың, Сұлтанмахмұт пен Мағжанның Абайды терең зерттеуі соған дәлел. Демек, Абай қазақтың ұлттық рухын өлтірмей, өсер ұрпаққа тірі жеткізген елінің ұлы ұлтжанды тұлғасы», – деген ғалым Т.Жұртбайдың сөзінің астарында терең тарихтың парақтары жатыр [5, 24 б.].

«Алаш» партиясы, Алашорда өкіметі туралы күні кешеге дейін тарихи шындық бұрмаланып, бетіне қара таңба басылып, қып-қызыл өтірікке былғанып келді. Оларды өкіметтің қас дұшпандары етіп көрсетіп, есімдерін мүлде атауға болмастай қатаң тиым салынды. Тәуелсіздіктің таңы атып, тарих парақтарының бет пердесі ашылған тұста, кеңес дәуіріндегі идеология үстемдігінің кесірінен бір буын ұрпақ қазақтың елді бастар нағыз көсемдері мен зиялы қауымынан қол үзіп қала жаздағанын түсінгендігін білді. Шындығына келгенде, Алаш азаматтарының басым көпшілігі ұлт мүддесі үшін аянбай күрескен, сол жолда жандарын қиған ерлер екеніне бүгінгі күнде көзіміз жетіп отыр. Олар қоғамдағы маңызды мәселелермен айналыса жүріп, қуғын-сүргін азабына қарамастан, әдебиет, публицистика, журналистика, сын, ғылым, аударма салаларында бай мұра қалдырып кетті. Ел болашағы мен ұлт тағдыры жолында атқарған еңбектерінің тарихтағы маңызы мен қоғамдық-саяси қызметі жайлы тарихшы ғалымдар академик М.Қозыбаевтың «Ғасыр қасіретін арқалаған арыстар» (1994 ж.), М.Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» (1995ж.), К.Нұрпейісовтің «Алашорда» (1995 ж.) атты еңбектерінде арнайы жан-жақты сөз болады.

XX ғасыр басындағы ұлттың ояну кезеңінің жаршысы, қазақтың ұлттық әдебиетінің классигі дарынды ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров Алаштың ардақты азаматтарына жан даусымен Алаш деп ұран салады. Ол барлық ерлерді бостандық, еркіндік, ел қамы үшін күресуге, бірігіп тізе қосуға, бір тудың астына бірігуге шақырады.

Алаш туы астында,
Біз – алаштың баласы.
Күніміз туып көгерді,
Сарыарқаның даласы.
Құрт аурудай жайлаған,
Құртпаққа бізді ойлаған,
Қанымызға тоймаған,
Қолымызды байлаған,
Жерімізді шимайлаған,
Өшті залым қарасы.
Жасасын, алаш, жасасын!

Ақынның бұрыннан бері ішінде қайнап жүрген бүкіл арманы осылай ұран болып шығады. Ол Алаш партиясының ұранын құптап, бостандық жолындағы алдағы күнге артқан үмітіне қосылады. Бұрынғы «ерімізді айдаған», «елімізді лайлаған», «жерімізді шимайлаған» «өшті залым қарасы» деп қуанады. «Алаш ісіне адалдықты, оны қолдауды уағыздайды, бірлікке, ел тұтастығы үшін күреске шақырады» [6, 125 б.].

Енді ешкімнің алашты,
Қорлығына бермейміз!

деп халқына жар сала, сеніммен уәде береді. «Шындықтың ауылын іздеп», туған елінің аспанында жарық күндей болып өнер шашуға талпынып, шиыршық атып үнемі толғанып жүрген ақын «бостандық», «теңдік» деген алаш үніне қосылады.

Алаш арыстары – табиғатынан асыл туған, айрықша дарынды жандар. Бұл буын өкілдері қазақтың әдет-салтымен тәрбиеленген, мұсылманша хат танып, исламның иманды бұлағынан нәр алып, одан кейін жәдидше, орысша оқып, бірнеше тілді меңгерген жандар. Олар үлкен мәдени қалаларда білім алған өз заманының көзі ашық зиялылары, сондай-ақ сан салалы мамандық иелері екенін де ерекше айтуымыз керек.

Абай, Ахмет, Міржақып, Мағжандар қазақ әдебиетінде жаңа көркемдік әдістің негізін салды. Абайды білген немесе оның аты мен шығармаларына сырттай қанық ірілі-кішілі ақындардың Абайдай көркем сөз алыбына еліктемегені, тағлым алуға тырыспағаны кемде-кем.

Алаштың ардақты өкілдері ұлттық әдебиетке өз бағыт-бағдарымен, өзіндік бет өрнегімен әсіресе ұлы жаңалықтарымен келген қаламгерлер. Қоғамдық, гуманистік, ағартушылық, демократтық озық идеядағы тамаша туындыларымен, рухани мол мұраларымен қазақ әдебиетінің алтын ғасырын жасаған классиктер.

Сонымен, Алаш ақындарының өлеңдеріндегі ой тереңдігі қазақ қоғамының шындықтарымен тамырластығында жатыр. Абай мен Алаш ақындарын біріктіретін ортақ мақсат: біріншіден, олардың бәрі де қазақ халқының қамын ойлап, ұлттық тәуелсіздігін көкसेген, ел еңсесін көтеруді мақсат еткен; екіншіден, бәрінің де негізгі ой-армандары елін, халқын жетілдіру, сауаттарын ашу басқа халықтармен терезесін тең ету еді. Бір сөзбен айтқанда, ғасырлар бойғы қазақтың ұлттық рухын паш ету, ел намысын, болашағын аяқасты етпеу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бөкейханов Ә. Абай (Ибраһим) Құнанбаев / Абайды оқы, таңырқа... Құраст. М.Мырзахметов. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 160 б.
2. Байтұрсынов А. Қазақтың бас ақыны / Абайды оқы, таңырқа... Құраст. М.Мырзахметов. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 160 б.
3. Дулатов М. Абай / Абайды оқы, таңырқа... Құраст. М.Мырзахметов. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 160 б.
4. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999. – 5 т. – 304 б.
5. Жұртбай Т. Күйесің, жүрек... сүйесің. – Алматы: Санат, 2001. – 408 б.
6. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы: Білім, 1995. – 288 б.

ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ СӨЙЛЕМНІҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕР МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

КЕНЖЕКУЛОВА Ф.К.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы, филология магистрі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается тема основных аспектов исследования предложений в общезыковом образовании. В частности, определяются основные части и признаки предложения, а также анализируются аспекты рассмотрения предложения в языкознании на основе реальных научных исследований.

Summary. The article deals with the topic of the main aspects of sentence research in general language education. In particular, the main parts and features of the sentence are determined, and the aspects of considering the sentence in linguistics are analyzed on the basis of real scientific research.

Сөйлем - белгілі бір мағыналық және интонациялық тұтастыққа ие, грамматикалық тәртіппен байланысқан сөздер тізбегі ретінде көрінетін адамдар тілінің кіші бөлшегі. Сөйлем, сонымен бірге, қарым-қатынас единицасы бола отырып, ойдың да қалыптасуы мен берілісінің единицасы ретінде тіл мен ойлаудың бірлігін көрсетеді. Сөйлем логикалық пікірмен қатысты, бірақ онымен барабар емес: әрбір пікір сөйлем түрінде беріледі, бірақ кез-келген сөйлем пікірді білдіре бермейді [1, 211]. Сөйлем адам әрекетін білдіре отырып, оның еркі мен сезіміне қатысты эмоциялық, сезімдік ұғымдарды білдіруге де қызмет етеді. Сөйлемнің грамматикалық негізін шақ, жақ, модальдік категорияларының және хабарлау интонациясының жиынтығынан тұратын предикативтілік құрайды.

Синтаксистің ең басты объектісі болып табылатын сөйлемге берілген осы сипаттаманың өзі-ақ оның қаншалықты көп қырлы, күрделі тілдік құбылыс екенін байқатса керек. Сөйлемді арнайы зерттеудің екі ғасырға жуық тарихи жолында пайда болған іргелі-іргелі ой қорындылары мен тұжырымдарға қарамастан ол әрбір уақыт кезінде жаңа қырларымен көріне түсуде. Сөйтіп, бұрынғы идеялар жаңа идеялар мен көзқарастарға қаншалықты орын берген сайын, сөйлем бұрынғыдан да күрделене түсетін, ашылмай келген сырларын бұрынғыдан да көбірек көрсететін тәрізді.

Сөйлемді синтаксистің объектісі, негізгі категориясы ретінде зерттеу қолға алына басталғаннан-ақ, оның ең басты деген ерекше сипаттарын, белгілерін тауып, соны тірек ету барысында зерттеудің белгілі бір идеялық бағыттары, соған сай ғалымдардың басын біріктірген ғылыми мектептер қалыптасты. XIX ғасырдың екінші жартысына дейін бастауын өте ерте дәуірдің философиясынан алатын, одан соң орта ғасырдағы схоластикалық ғылымға ұласатын, кейінгі дәуірлерде де көптеген ғылымдардан жалғасын тауып келе жатқан логикалық бағыт үстем болды. Осыған байланысты тілдің грамматикалық құрылымы мен логикалық құрылымын бірдей деп қарау, ойға ең басты мән беру басым роль атқарады. Осы бағытты жақтаушылар (К.Ф.Беккер, Н.И.Греч, Ф.И.Буслайев) сөйлем мен ойдың немесе пікірдің айырмашылығын танымады, нақтырақ айтқанда, сөйлемді сөзбен берілген ой деп түсіндіруге тырысты. Осы негізгі концепсияға байланысты басқа да грамматикалық категориялар мен логикалық категориялар теңдестіріліп қаралды. Мысалы, сонау алғашқы философтардан бері қарай қолданылып келе жатқан ойды қараудың негіздері болып саналатын «субъект», «предикат» деп аталатын логикалық категориялар грамматикалық категориялар болып танылатын «бастауыш» және «баяндауыш» ұғымдарымен бірдей деп есептеледі.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап пайда бола бастаған психологиялық бағытты жақтаушылар сөйлемді ойдың көрінісі деп есептейтін логикалық бағытты сынға алды. Психологиялық бағыт сөйтіп, логикалық бағытқа қарама-қарсы бағыт ретінде пайда болды (Бұл бағыттың негізін салған Х.Штейнталь, ал оның Ресейдегі қолдаушысы А.Потебня, А.Шахматов болды). Тілді зерттеудегі бұл жаңа бағыт бойынша, тіл – адам психикасында пайда болған процестердің көрінісі. Осы бағытты жақтаушылар сөйлемді сөйлеуші санасында пайда болған белгілі бір ұғымдардың бірлесе қызмет етуін көрсететін психикалық құбылыс деп таныды. Олар сөйлемнің бас мүшелерін олардың формалық белгілеріне қарай емес, адам санасында пайда болу

меңгіліне байланысты қарап, «психологиялық бастауыш» және «психологиялық баяндауыш» деп атады. Өмір бұл бағыттың да кемшіліктерін кезінде дұрыс көрсетті. Сөйтіп, психологиялық бағыт та тарих беттерінде қалды.

Бұл бағыттағылар тілді, сөйлемді құрылымдық тұрғыдан қарауды жақтайтын еді. Осы тұста сөйлемді және басқа да тілдік единицаларды талдауда функциональдік критерийлер тілдік құрылымының өзіндік ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік бермейтіндігі туралы көзқарас қалыптасқандықтан, синтаксисті зерттеушілердің басты назары сөйлемнің формальдік құрылымын оның мағынасынан тыс қарауға аудды. Сөйлемнің семантикалық белгілерін ескеруден бас тарту формальдік бағытты ұстаушыларды «синтаксистің міндеті – сөз таптары мен сөз тіркестерін ғана айрықша тілдік единица ретінде қарау» деген ойға, ал сөйлемді осы сөз тіркесінің бір түрі деп есептеуге әкеліп соқтырды. Сөйтіп, сөйлемнің коммуникациялық міндетіне сай мәселелер зерттеушілер назарынан тыс қалды.

Лингвистикалық құбылыстарды зерттеуге формальдік тұрғыдан қарауды батыстың да кейбір лингвистикалық мектептері жоққа шығармайды. Мысалы, 30-50 жылдарда өмір сүрген негізін американдық ғалым Л.Блумфилд қалаған «дескриптивтік лингвистика» деп аталатын мектеп өкілдері де, осы тұста батыс еуропада структуралистік лингвистиканың жарқын көрінісі болған, негізін Л.Ельмслев салған глоссематиктер де сөйлемнің формальдік жағына ғана назар аударады да, семантикаға көңіл бөлмейді.

Синтаксис пәнін осылай түсіну дәстүрлі лингвистикаға да әсер етпей қойған жоқ. Тіпті соңғы 50-60 жыл көлемінде орыс ғалымдары ғана емес түркі тілдерінің мамандарына да синтаксисті зерттеуде үлгі болып келе жатқан акад. В.В.Виноградовтың өзі бұл көзқарастан құр алақан емес. «Сөйлемнің нақты мазмұны оны грамматикалық тұрғыдан зерттеудің материалы бола алмайды. Грамматика сөйлемнің құрылымы мен типтік формаларын ғана зерттейді», - деп жазады ғалым өзінің 50-жылдардағы бір еңбегінде. Осы теориялық қағиданы басшылыққа алған түркологтардың басым көпшілігі осы кезге дейін сөз тіркесі мен сөйлемдегі сөздердің байланысу түрлерін айқындаумен, осы аталған синтаксистік единицалардың структуралық типтерін сипатаумен ғана шектеліп келеді. Алайда синтаксистің объектісі сөз тіркесі мен сөйлем құрылысын ғана зерттеумен шектелмейтінін уақыт көрсетіп отыр. Оның үстіне, жалпы тіл білімінде бұрын айқындалған көптеген мәселелердің қазіргі кезде қайта қарауды қажет етіп отырғаны белгілі. Қазіргі кезде синтаксис ғылымы өзінің ауқымын зерттейтін объектісі тұрғысынан ғана емес, сол объектілерге қатысты арнайы мәселелер мен зерттеу әдістері тұрғысынан да кеңіткенін лингвист-ғалымдардың көпшілігі атап өтіп жүр.

Мысалы, Н.Ю.Шведова қазіргі синтаксистің зерттеуге тиіс объектілері ретінде негізгі бес түрлі тілдік бірлікті атайды: сөз формасы, сөз тіркесі, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, мәтін. Ғалымның айтуынша, бұлар құрылымдық жағынан да, құрылысымен де өзара тығыз байланыста болып күрделі бір синтаксистік тұтастықты құрайды. Қазір осы аталғандардың ішіндегі тек сөйлемді ғана тіл біліміндегі ең басты синтаксистік единица деп тану жөніндегі көзқарастар басым екені аңғарылады. Себебі тек сөйлемнің ғана өте бір күрделі құбылыс болуына байланысты оған жан-жақты қарау талабы қажет еткендіктен де дүниеге жоғарыда аталған, кейін де аталатын алуан түрлі бағыттар көзқарастар мен пікірлер келді. Сондықтан да қазіргі тіл білімінің басты ерекшелігі сөйлемді көп аспектілі, сан қырлы құбылыс ретінде танып зерттеу болып табылады.

Қазіргі тіл мамандарының барлығы да сөйлемнің көп аспектілі құбылыс екенін мойындайды және олардың басым көпшілігі өздерінің зерттеу еңбектерін сөйлемнің негізгі зерттеу аспектілерін айқындау мәселесіне (о многолинейности речевой цепи), грамматикалық құбылыстардың көп өлшемділігі, сөйлемнің партитуралық құрылысы туралы пікірлерді ұсына отырып, сөйлемнің жеті түрлі аспектісін көрсетеді: 1) логико-грамматикалық, 2) модальділік, 3) сөйлем толымдылығы, 4) жайылма сөйлеудегі сөйлемнің ролі (яғни, оның сөйлеу тізбегіндегі басқа сөйлемдермен қатынасы), 5) сөйлемді актуальді мүшелену атымен кең танылған сөйлеуші белгіленген танымдық құрылым, 6) сөйлемнің коммуникативтік міндеті (хабарлы, лепті, сұрақлы) болуы, 7) эмоциональділігі. Ғалымның ойынша, бұл аспектілердің әрқайсысы сөйлемнің ең маңызды деген жақтарын сипаттайды және зерттеу барысында әрбіреуі қажетті болумен бірге тығыз бірлікте қарауды қажет ететін сөйлемнің грамматикалық компоненттері болып есептеледі [2, 58].

И.П.Распопов сөйлем аспектілерін былай бөлуді ұсынады: 1) конструктивті-синтаксистік; 2) коммуникативті-синтаксистік. Оның ойынша, бірінші аспект ыңғайында сөйлем өзінің құрылымы үшін негіз болатын белгілі бір типтегі синтаксистік конструкцияны сипаттайды, ал екінші аспект бойынша сөйлем өзіне тән формальді хабар берушілік мағынасы бар бірлік

(единица) ретінде көрінеді. Сөйлем аспектрлерін топтастыру жөніндегі П.А.Леканттың пікірі де осы көзқарасты толықтыра түседі. Ол аспектілерді: 1)структура-синтаксистік, 2)коммуникативті-синтаксистік, 3)логика-синтаксистік деп бөледі. Ал Н.Д.Арутюнова болса, сөйлемнің алуан түрлі сипатта болуы, оның таңбалық сипаттына байланысты дей отырып, сөйлемнің номинативтік және коммуникативтік аспектілеріне баса назар аударады. Ғалымның ойынша, сөйлем: 1) қандай да болса бір ситуацияны айтады, 2) сол ситуация туралы хабарлайды. В.И.Кодуховтың пікірінше, егер аспект ұғымын антологиялық деп түсінген жағдайда оның екі белгісін: коммуникативтік және структуралық белгілерін атау керек. Ал қалған белгілер осы екі белгінің айналасына топтасады. Сондай-ақ, ол сөйлемнің бұл екі белгісінің де өзіндік формалары мен мазмұндары бар екенін айта келіп, коммуникативтік дегенді тілдік формалар мен тілдік актуализацияны ойлау формасымен сәйкес келуі деп есептейді.

Сөйлем аспектрлері жөніндегі пікірлер мен көзқарастарды салыстыра отырып, В.В.Богданов бұл аталған аспектілер бірін-бірі толықтыратынын және аспектілерді белгілі бір атаулармен жіктеп көрсету шартты болатынын ескерте келіп, бұның себебі олардың бәрінің де мәтінде (ғалым сөйлем орнына мәтінді алады) қажет және бір-бірімен байланысты болатынын айтады. Сөйтіп, өзі де сөйлем аспектілерінің мынадай түрлерін атайды: 1)сөз таптары, 2)синтаксистік қызметі(сөйлем мүшелері), 3)синтаксистік фразашілік байланыстар, 4)синтаксистік единицалардың орны, 5)сөйлемнің интонациясы, 6)сөйлемнің актуальді мүшеленуі, 7)фразалық байланыстар және фразадан тыс бірліктердің құрылымы, 8)жеке сөйлемнің мағынасы. Аталған аспектілердің алдыңғы бесеуі синтаксистік құрылымға тән, соңғы үшеуі семантикалық құрылымға тән аспектілер деп есептеледі.

Сөйлем аспектілерінің бұлай сан жағынан болсын, атаулы жағынан болсын түрлі-түрлі болуы мамандардың “сөйлем аспектісі” терминін қалай түсінулеріне байланысты болып жатады. Көпшілік ғалымдар бұл терминді В.Г.Адмонидің ізімен сөйлемнің «оны ерекше бір синтаксистік единица ретінде танытуға қажетті формалық көрсеткіштерге ие болатын жақтары» деп түсінеді. Көріп отырғанымыздай, тіл білімінде сөйлемнің ең қажетті деген белгілерін анықтау жолында көптеген жұмыстар жүргізілуде. Алайда, сөйлемнің аспектрлерін анықтаумен шұғылдану – негізгі де, басты да мақсат болмаса керек. Бұның өзі синтаксистік құрылыстың, әсіресе ең күрделі құбылыс ретіндегі сөйлемнің сан қырлы жақтарын анықтай отырып, тілдің синтаксистік единицаларына негізгі және жүйелі түрде сипаттама беру болып табылады. Дегенмен, бұл жұмыстың шешімін табуда ғалымдардың үлкен қиындықтарға кездесіп отырғанын жоғарыдағы ізденістерден айқын көруге болады.

Жоғарыда аталғанындай кемшіліктер тілдің жалпы синтаксистік жүйесін зерттейтін әдістерге ғана емес, соның бір бөлігін құрайтын жай сөйлемдерді зерттеу әдістеріне де тән. Алайда, орыс тіл біліміндегі соңғы 20-30 жыл көлемінде пайда болған синтаксисті зерттеудегі табыстар, жай сөйлемнің де құрылымын жаңаша сипаттауға жағдай жасайды. Әсіресе, бұған осы жылдар ішіндегі әр түрлі бағыттағы мектептер зерттеп дүниеге келтірген “сөйлем үлгісі (модель предложения)”, “сөйлемнің жүйелі құрылуы (регулярные реализация предложения)”, “сөйлем парадигмасы (парадигма предложения)”, “синтаксистік деривация (синтаксическая деривация)”, “синтаксистік құбылыстар (синтаксические процессы)” деген ұғымдар зор мүмкіндіктер береді. Бұл ұғымдардың әрқайсысы және сөйлемнің алуан түрлі аспектілері орыс тіл білімінде арнайы зерттеу объектілері болды. (Н.Ю.Шведова, Г.А.Золотова, Н.Д.Арутюнова, И.П.Сусов, Т.Б.Алисова т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады).

Жай сөйлемді сипаттау үлгісі жөніндегі кейінгі кезеңдегі бір іргелі жұмыс – қазіргі орыс әдеби тілінің жай сөйлем синтаксисін сипаттауға арналған Н.Ю.Шведованың еңбегі. Бұл жұмыста жай сөйлемнің құрылымдық схемасының формальдік сипаттамасы беріліп, оның негізіне мынадай мәселелер алынған: 1) сөйлемнің формальдік және функциональдік аспектілерін ажырату, 2) құрылымдық схеманы өзіндік құрылымы мен мәні бар элементарлық үлгі ретінде тану, 3) предикативтіліктің жеке жақтарын көрсететін сөйлем формаларының жүйесі, 4) сөйлемнің грамматикалық және семантикалық құрылымы категорияларының сәйкес келмеуі т.б. Бұл мәселелердің қай-қайсысы да кезінде баспасөзде кеңінен талқыланып, айтыс-тартыстар туғызғанымен, жалпы алғанда тілдегі үлкен жетістік ретінде қабылданды. Осы еңбектегі бірсыпыра ұғымдар мен көзқарастар қазір ғылыми ізденістерде ғана емес, оқулықтарда да басшылыққа алынып келеді.

Қорыта айтқанда, жалпы тіл білімінде сөйлемді сан қырлы мол аспектілі күрделі объектi ретінде қарауға байланысты зерттеулердің дүниеге келуі орыс тіл білімінде ғана емес, түркі

тілдерінде де, соның ішінде қазақ тілінде де зерттеушілерді сөйлем синтаксисін жаңаша қарауға мәжбүр етіп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Жинкин Р.И. Речь как проводник информации. М., 1982.
- 2.Колшанский Г.Ф. Коммуникативная функция и структура языка. М., Наука, 1984
- 3.Лингвистический энциклопедический словарь. М., Сов.энцикл., 1990.
- 4.Әмір Р. Қазіргі қазақ тілі, құрмалас сөйлемдер жүйесі, Алматы: Қазақ университеті, 2014.

ӘОЖ 82.085.Ш78

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ БАЙЫРҒЫ КӨНЕ ЕСЕПТЕРІН ТӨРТ ТҮЛІК ПЕН ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫНА ҚАТЫСТЫ ҚҰРАСТЫРУ

АБДЫҚАДЫРОВА Т.Р.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің профессоры, п.ғ.д.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ШОРМАҚОВА С.М.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доцент м.а., ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается формирование задач, касающихся домашнего скота и домашних животных в казахской литературе.

Summary. The article discusses the formation of tasks related to livestock and domestic animals in the Kazakh literature.

Ұлы Даланың байырғы көне есептерін жинау, зерттеу барысында оның тарихи дамуы мен қамтыған тақырыптары халықтың қазақи өмірімен тығыз байланыста болғанын байқау қиын емес. Есептің шығуына өмірдегі бар құбылыс, халықтың тіршілік тірегіне тиек болған табиғи өзгерістер көп әсер еткен. Көне есептердің қай-қайсысы да, халықтың кәсібі мен күнкөрісіне, шаруашылығына байланысты қажеттіліктен туып, соның шешімдерін есептеп шығаруды, тіпті болмағанда соларды болжауды мақсат еткен.

Байырғы есептерді ауызша құрастырудағы негізгі тәсілдердің бірі – осы есептерді тікелей халықтың тұрмыс тіршілігінен алып, оны келесі бір күтілмек жағдайға байланысты өзгерте қатыстырып, күнделікті өмірдегі қарапайым халықтың таным көкжиегін кеңейтіп, дамыта қалыптастыру. Сондай есептердің бірі – 100 сом 100 теңге есебі: «Базарда дөнен 4 сом, құнан 3 сом, ал екі құлын 1 сом тұрады екен. Сонда 100 сомға 100 бас мал сатып алу үшін, қанша дөнен мен құнан және құлын сатып алу керек?» [1, 61б.]

Бұл есеп жылқы малына қатысты құрастырылған. Жылқы малы қазақтың қазақи қоғамында ең басты орын алатын төрт түліктің бірі. Қазақ халқы жабайы асау жылқыны алғаш бағындырған қатарында болғандықтан жылқыға етене жақын халықтардың бірегейі. Сондықтан да жылқыға қатысты мәліметтерді білмеу сын. Осы сында сүрінбеу мақсатында құрастырылған есеп болса керек. Бұл есепте біріншіден, тыңдарман жылқы малының жасын ажыратып, тани білу керек. Себебі жылқының жасына қарай оның құны да әртүрлі болады. Жылқының жасын жақсы ажырата алған адам есептің де шартын жақсы түсінеді. Есептің шартын жақсы түсінген адам оның шешуін де нақты табуға бейім болады. Міне, бұл есеп халықтың қарапайым өмірімен тығыз байланысты құрастырылған дейтініміз осы. Мұндай жылқы малына қатысты есептер көп. Соның бірі – 1000 жылқы есебі: «Бір ауылда мыңнан аса жылқы болыпты. Егер осы жылқы санын екіге, үшке, төртке, тіпті мыңға дейінгі кез келген санға бөлсең міндетті түрде қалдық қалады. Сонда ең аз дегенде осы ауылда қанша жылқы болғаны?» [1, 93б.]. Жауабы: 1009 жылқы.

Бұл есеп арындаған асауды бағындырған Ұлы Даланың қайратты қырандары ауылда жылқының көп болғанын қалағаннан туған есеп болса керек. Жылқы санының көптілігімен еліктіріп, қызықтырып, тыңдарманның ой ұшқырлығын қалыптастыру мақсатында құрастырылған есеп халықтың этномәдениетінен де хабардар етеді. Байқап отырсақ бұл ауылда жылқы малы әр үйде бар. Демек, жылқы ұстамайтын үй жоқ. Себебі мұнда жылқының үйірі туралы әңгіме

болмаған. Бұл нені білдіреді, ауылда жылқыны әр үйде күнкөріс үшін, көлік үшін, бәйгеге қосу үшін, қымыз үшін тағы басқа мақсатпен ұстап отырғандығынан хабар береді. Байырғы қазақтың Ұлы Даласында жылқы малы үйір-үйір табынымен жаз жайлауда жайылғанымен, қыс қыстауға сыймай жататын...

Халқымыз мал шарушылығымен айналысқандығы бесенеден белгілі. Осы малдың санын нақты білу,оны бағу арқылы көбейту, жарату арқылы азайту, мұның бәрі есеп емегенде не?.. Төрт түліктің өсу жағдайын пайымдап, оған қажетті нәрсені ұқыпты барлап,бағдарлап, оны нақты есептеп, оның тиімділігіне көз жеткізу мақсатында есептер құрастырылған. Мінеки, қазақ қоғамында есептеу ғылымы қалыптасқан ментальды орта болған, қазақи қоғамға тән есептер сол ортада құрастырылып, қалыптасқан.

Келесі есеп ешкі малына қатысты құрастырылған, Ешкі лақтары туралы есеп:«Бір үйде екі түрлі ешкілер бар, бірінші топтағы ешкілер жыл сайын егіз лақтан туады және осы лақтар бір жыл өткен соң олар да жыл сайын егізден туады. Екінші топтағы ешкілер жыл сайын бір лақтан туады, ал оның лақтары да бір жылдан кейін жыл сайын бір лақтан туады. Екі жыл өткен соң сол үйдегі ешкі мен лақ саны 54-ке жетеді. Сонда бастапқы кезде әр топта қанша ешкі болған?» [1, 77б.]

Жауабы: бастапқы кезде егіз туатын 2 ешкі және жалқы туатын 9 ешкі болған.

Қазақта «есің кетсе ешкі бақ» деген сөз халық аузында қазірге дейін сақталып келген. Себебі ешкінің еті ем, сүті жеңіл, жүнінен киім тоқуға болатын, өсімтал, тез көбейетін мал. Қазақ «қойдың сүті қорғасын» деп, қойдың сүтін жас нәрестелерге ішкізбеген. Мүмкіндігінше «жеңіл» деп баланың тез өсуіне көмегі болғандықтан ешкінің сүтін берген. Байқап қарасақ қазақ елі төрт түліктің жағдайын жақсы білген. Бұл есептің де құрастырылуы осы мал шаруашылығымен айналысып, оны жақсы таныған халықтың танымы негіз болып отыр.

Төрт түліктің асау энегиясын бағындырып, етін азық, сүтін сусын, терісін тон, жүнін жейде қылған қазақ, ит пен мысықтың да энегиясын жақсы пайдаланған. Оларды үй жануары ретінде қолға ұстаған. Дегенмен, қазақ халқының тұрмыс салты бойынша бір-ақ хайуанға адамдармен бірге үй ішінде еркін өмір сүруге рұқсат етіледі. Ол – мысық. Оған қайда жатам десе де, мейлі төсекке, мейлі мамыққа, бәріне рұқсат. Басқа жануарлардың бәріне тыйым салынған. Тіпті жеті қазынаның бірі – иттерге де тыйым салынған. Ал олардың ішіндегі ең қадірлісі Тазыға шектеулі ғана рұқсат етіледі, мәселен қақаған аяз кезінде ғана оған босағада жатуға рұқсат етіледі. Ал төбетке мүлдем үзілді-кесілді тыйым салынған. Мәселен, төбетті күшік кезінде өзін табалдырықтың сырт жағына, ал құйрығын табалдырық үстіне қойып балтамен бірден шауып тастайды да, күшікті жібере салады. Осыдан бастап ол үйге ешуақытта кірмейтін болады, батылы жетпейді... Мысыққа толық сенім, себебі қазақи мысықтың ерекшелігі - ол еш уақытта тамаққа тимейді. Берсең ғана жейді. Бермесен қанша аш болса да, рұқсатсыз ештемеге тиіспей, керегін даладан, мысалы тышқан секілділерді тауып жейді және даладан үйге кіргенде міндетті түрде өзін-өзі тазалайды. Ал, бөтен үйге кірмек түгілі, жоламайды. Мұның тамыры сонау Рабғузи жазып қалдырған Нұқ пайғамбар туралы қиссаның негізінде болса керек.[2] Нұқ пайғамбардың кемесінде үш түрлі мақұлық пайда болған екен дейді Рабғузи қиссасында. Олар-мысық, тышқан,доңыз.

Нұқ кемесі тар болғандықтан, аз күннің ішінде ластанып кетеді,сонда Нұқ пайғамбар:

-Ия, Алла, кемеңәжіске толды.Не істемек керек?-дейді.

Алла:

- Пілдің арқасын сипа,-дейді.

Пілді сипағанда оның ұзын мұрнынан доңыз түседі(шындығында доңыз пілдің мұрыны қысқа кішкентай түрі).Ол кемедегі нәжісті жеп, кемеңі тазалайды.Соны көрген ібіліс доңызды арбап, оның арбауына түскен доңыз, оған арқасын сипатады. Сол кезде доңыздың танауынан екі тышқан атып шығады да кемеңі кеміре бастайды, ақыры тесіп тынады.Сонда Нұқ пайғамбар Алладан көмек сұрайды.

Алла:

- Жолбарыстың арқасын сипа,-дейді.

Сол кезде жолбарыстың мұрнынан мысық атып шығады.Ол жалма-жан тышқандарды қуалай жөнеледі. Мысықтың тірлігіне риза болған Нұқ пайғамбар мысыққа бата беріп, арқасын сипайды.. Пайғамбардың батасын алғандықтан, мысық, оның ұрпағына (адамдарға) жақын жүретін болса керек. Осы себепті(пайғамбарға жотасын сипатқан) адамдар оны өзіне жақындатып, үйге кіргізетін болу керек.

Тағы бір қызығы бір үйдегі мысық пен тазы тату болса, мысық пен төбет бітіспес жау болады. Кездескен жерде төбет оған бас салып, егер ұстай алса мызғылап талап өлтіреді. Бірақ мысықтың айлакерлігі сонша, ол төбетке мүлдем ұстатпайды. Енді осы жағдайға байланысты құрастырылған

ертеден келе жатқан көне есеп, Үйдегі мысық пен сырттағы төбет туралы есеп: «Кереге сыртындағы төбет киіз үйдің дәл ортасында отырған мысықты аңдуда. Бірақ, төбеттің үйге кіруге батылы жоқ, екінші жағынан ол кереге көзі тар, ол ішке кіре алмайды. Төбет жылдамдығы мысықтан 4 есе артық. Егер мысық киіз үйден шықса болды, сырттағы қалың шөпке кіріп, төбеттен құтылып кетеді. Қазақы мысықтар ешуақытта үй ішінде дәретке отырмайды. Бірақ осы жолы ол міндетті түрде далаға шыққалы отыр. Сонда мысық қандай амал жасап аман-есен сыртқа шығып кете алады?» [1, 135б.]

Төбет пен мысыққа кездесуге есік қана ыңғайлы. Себебі мысық есіктен шықса ғана төбеттен құтылады. Мысықтың Төбеттен құтылуына тағы бір жол бар. Ол – шаңырақ. Киіз үйдің шаңырағы ашық тұрған жағдайда, мысық желбау арқылы шаңырақтан шығып кете алады, дегенмен Төбеттен құтылмайды. Төбет оның жерге түсуін күтеді. «Қазақы мысықтар ешуақытта үй ішінде дәретке отырмайды. Бірақ осы жолы ол міндетті түрде далаға шыққалы отыр». Осы себепті мысық Төбеттің көзіне көрінбейтін жерге кетуі керек. Оған барар жол есік. Сондықтан тек есіктен ғана шығу керек.

Ал, кереге – киіз үйдің керілген қанаттары. Керегенің бір басы жерде, бір басы жоғарыда уықпен түйіскен жерде болады. Төбет керегенің көздеріне сыймағанмен мысықта бұл мүмкіндік бар. Дегенмен мысыққа ең ыңғайлысы есіктен шығу. Себебі есіктен шықса үйдің алдындағы қалың шөпке кіріп, таптырмай кетеді. Осыған байланысты мысық пен төбет киіз үйдің есінің алдында ғана кездесе алады. Яғни, төбет мысықтан бұрын есікке жетсе ғана мысықты ұстай алады. Өкінішке орай бұл жолы төбет мысыққа жете алмады.

Көз жеткізгеніміздей, Ұлы Даланың Байырғы көне есептері төрт түлік пен үй жануарларына қатысты да құрастырылған. Оның себебі: төрт түлікті өсіру оны түгендеу, сату, көбейту және үй жануарларының тыныс-тіршілігіндегі табиғи болмыс, сол уақыттың талабын бейнелеген шындық, нақтылық осының бәрі есеп құрастыруды өзі сұранып тұр. Бұл есептер халықтың өмірімен біте қайнасып кеткен жан-жануарлардың тыныс-тіршілігіндегі тұрмыс қажеттілігі негізінде құрастырылған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Байбеков С., Тілеухан Б. Ұлы даланың байырғы 100 көне есебі. Оқу құралы. – Алматы: Мастер ПО, 2019, –227б.
- 2 Қазақ халқының философиялық мұрасы – Астана: Аударма, 2005. –528б.
- 3 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы – Алматы: Жазушы, 1984. – 270б.

ӘОЖ 821.512.122

НАРША ҚАШАҒАНҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ІЗДЕНІСТЕР

БИТЕНОВА Д.А.

Сарыкемер ауылы №1 мектеп гимназиясы, директордың оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В статье проведен анализ мировоззренческих поисков в творчестве Сыршыл акына Нарши Кашагановича.

Summary. The article analyzes the ideological searches in the works of Syr-shyl akyn Narshi Kashaganovich.

Нарша Қашағанұлы – сөз жүйесін білетін, оқырман қауымнан өз бағасын алған, тумысынан сырбаз, сыршыл ақын. Н.Қашағанұлының дүниетанымы терең, шығармалары азаматтық пафосқа толы. Қандай тақырыпқа өлең жазса да, туған ұлтының абыройын ойлайтын ойшыл ақын. Ұлт менталитетіне жат қылықтарды ұната бермейтін, ұнатпағаны былай тұрсын сын көзбен қарайтын, дүнетанымы қазақ даласының кеңдігінің негізінде қалыптасқан, сондықтан да шығармаларында қазақтың дархандығы, ауылдың аңғал да ашық-жарқын адамдарының болмысы,

туған жердің сыры мен сынын ашатын құбылыстары, туған жердің құдіретінен нәр алып, үлкен заманауи өмірдің бел ортасында жүрген қазақи тұлғалар жайлы жырлайды. Өзіміз туған топырақтан шыққандықтан ба, әлде ақын жырларының құдіреті ме, әйтеуір өлеңдерін оқи отырып, өмірдің не екендігін түсінесің, көкейінде жүрген жауапсыз сұрақтардың жауабын тауып, тауып қана қоймай шешіміне көз жеткізесің. Ақынның дүниетанымы халықпен біте қайнасып жатқандығын сезесің. Ақынның дүниетанымын оның жырларынан анық байқауға болады.

Ақынның:

Өлең екен өмірімнің мәні шын,

Өлеңімде – сезімім мен намысым.

Әр өлеңім – жазған хатым халқыма,

Халқым мені сол арқылы танысын [1, 45б.],– деген ақын толғанысының өзі өлеңді құрметтеген, сөз өнерін, шешендік өнерді өнердің басы деп ұққан қазақ қоғамының баласы екендігін, бар болмысы қазақша қалыптасқан елін сүйген азамат екендігін ұқтырғандай. Жалпы қазақ қоғамы балаларын өлеңмен тәрбиелеп, өлеңмен өсіретін халық, осы тұрғыдан келгенде ақынның өмірімнің мәні өлең деуінің сыры тереңде жатыр. Ақын өзі айтады: өлеңімде сезімім мен намысым, яғни менің бар болмысым менің өлеңім деп біз іздеген сұраққа жауап беріп тұрғандай. Ақын әр туындысын халқына жүрекжарды сезіммен, жоғары азаматтық рухпен жолдайды. Нарша ақынның дүниетанымынан туған тақырыптар әр алуан болып келеді.

Ақын қоғам ыңғайымен қалыптасып, қалқына қызмет еткен, өз заманының перзенті. Қоғамдағы саяси-әлеуметтік жағдайды, назар аударарлық оқиғалар мен құбылыстарды өз шығармашылығына арқау ететіндігі шынайы көрініс, өлеңмен өрнектейтіндігі даусыз. Нарша ақын да өз шығармашылығында туған ел мен жер мәселесін, махаббат сезімін, тарихи оқиғаларды, ел тарихын тамырын жырлау арқылы ел мен жерді сүйөді, қастерлеуді, құрметтеуді әсіресе ауыл мәселесін, адамгершілік тақырыптарын барынша қазақи болмыспен жырлап, поэзиядағы өз әлемімен ерекшеленеді.

Келесі бір өлеңінде:

Ақын да бір, бала да бір бүлдіршін,

Ақын адам шын жыласын, шын күлсін.

Жүз жинақ па, ел есінде қалатын,

Жоқ, жалғыз-ақ жыр ма, оны кім білсін... [1, 110б.],– деп ой толғайды, ақын. Осы өлең жолдарынан ақынның балаай таза көңілмен жыр жазытындығы және көп жазуды мақсат етпейтіндігін, ақынды оның көп жыры емес, бір жыры, бір жыры болғанда да халықтың көңілінен шығатын, хылықтың жүрегінде қалатын, ойында сақталатын жыры ақын ететіндігін көз жеткізіп, ақынның пайымдауын мақұлдадық.

Нарша рухы мықты ақын. Себебі тамыры рухты қазақ топырағынан тамырланған, тамырын жоғалпаған қайта терең жайған қазақи болмысты, қазақи дүниетанымы терең ақын. Т.Молдағалиев: «Өлеңнің не екенін Нарша інім менен де жақсы біледі. Біреу айтқанды қайталап айта беру де ақынның ақындағына айып. Осы қағыданы түсінген Нарша талай жыл үндемей кетті-ау. Бірден Пушкин болғысы келмеді ме, білімді, текті, тегеурінді жас жігіт. Анда -санда жолығып қалғанда өзін жоғалпағанын, сезімінің сақталғаны, ойына ой, біліміне білім қосып байи түскенін байқайтынмын. Өлеңге сенің де, Нарша, таласың бар. Жаза бер. Ойдың азабын көргенше оны қағазға түсір» [2, 3б.],–деген екен қазақи болмыстағы ақын ағасы. Тұманбай ақынның Нарша ақынның тектілігін көруінің өзі Тұманбайдың тектілігі. Ол қасиеттің өз бойында көрінісі болмаса оны қайдан білер еді.Тектілік осы екі ақынның қанында қазақи тамырында. Тұманбай ақынның ақын інісіне берген пікірінен Нарша ақынның аә және саз жабатынын байқадық, сонымен қатар ылғи толғаныс үстінде жүретінге ұқсайды, соған қарағанда ақын піспеген шікі дүниелерді дүниеге әкелуден қашатын сияқты. Не айтса да пісіріп, халқынан ұялмайтындай дүниені бергенді жөн көрген. Көп жазуды мақсат етпеген.

Ақын Туған жер деген атаумен жазған өлеңінде:

Тапқаныңнан жат жерде алтын уыстап,

Туған жерде жүрген артық ту ұстап.

Елге еркелеп жүргеніме қуанам.

Атамекен ауасымен тыныстап.

Ортақ бесік әруақ пен тірі үшін,

Сені сатып көрген күнім құрысын.

Сенен артық мекенді мен таппаспын,

Дүненің кезсем де төрт бұрышын [1, 110б.],– дейді. Мұнда бір шындықты көреміз, ол– туған жердің ыстықтығы. Бұл бұрыннан қалыптасқан пайымдау, шын туған кімге де болса ыстық. Дегенмен ақынның туған жерге деген дүниетанымы бөлек. Жат жердегі уыстап тапқан алтынан туған жердің ыстық-суығына түсіп, соның мәселесін шешіп жүру уыс алтынан да қымбат. Не деген сүйіспеншілік, сыртта уыстап алтын ұстап, алтынның буымен бүкіл өмірін өткізіп, қолдан алтын кеткенде туған жері есіне түсетін бәз біреулер секілді емес, ақынның туған жерге деген пейілі бөлек, сезімі ерекше. Ақын өзінің елде туып, елде есейіп ер жеткенін, кісіліктің мектебінен де осы елде өтенін, елдің құрметін көргенін, бар болмысымен сыйлап төрге көтерген де ел екенін бар шынайы көңілімен жырлайды. Бар қазақи болмысымен осы болмысты қалыптастырған, ақындық дүниетанымының негізі болған елін сүйеді ақын.

Алақандай ауылда тұрып, ақын болып қалыптасып, қалыптасқан қалпында атағы алысқа кеткен Нарша ақын «Елде тұрып-ақ өткір, ұтқыр сөз сөйлеп, жыр жазып жатырсыз. Өзіңізді бақытты сезінесіз бе?» деп сауал қойған журналиске, Нарша ақын сол қарапайым қанағатшыл қалпын бұзбай, ақкөңіл пейілімен туған жері, өскен елі өзіне шабыт беретінін айтқан екен.

Жалпы қазақ халқының дүниетанымында «Туған жерге туынды тік» деген ұғым бар. Мұның өзі ақынның дүниетанымына сіңген дүние. Әрине өзінің кіндік қаны тамған жерін сүймеген, оны менсінбеген адам қайдан патриот болсын. Ол сезімнің бастауы осы ауылда, туған жерінде. Осы мақсатты көздеген ақын «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынған. Осы бағдарлама қолға алынып, жүзеге асып жатса, ауқымы кеңейіп, «Туған елге» айналатынына ақынның сенімі мол болды. Осы дүниетанымы өз шығармашылығында да көрініс тапты. Туған жерін сүйе алмаған, сүйе алар ма туған елін, шындығында бар мәселе туған жерде, қанша мәдениетке ұмтылып, үлкен қалаларға өмір сүруді мақсат етсек те туған жерден қалыптасқан болмысымыз бар мәдениетіміздің өзегінде көрініп тұрары шындық.

Туған жерге, оның мәдениеті мен сат-дәстүріне ерекше мән беріп, соның негізінде қалыптасу – шынайы патриотизімнің көрінісі. Бұл халқымыздың ұлт екендігін дәлелдейтін мәдени-генетикалық коды. Ақынның осы пайымдауы кеңес дәуіріндегі адасудан шығатын бірден-бір сара жол.

Нарша Қашағанов өмірін туған жеріне арнап, оның тауы мен тасын, өзені мен көлін тіпті шеңгелі мен жидесін, жусаны мен изенін өлеңге қосты, қосып қана қоймады, туған еліне шын ықыласымен рақметін айтты.

Бәйтерегім сен едің, бір бүршігің мен едім

Қолым қысқа демедім, қолтығымнан демедің.

Рақмет, саған туған ел.

Қазақ деп соққан жүрегі, қазығыңның бірі едім.

Тайғағыңда тағдырдың табанды саған тіредім.

Рақмет туған ел, рақмет сағантуған ел.[3,89б.]

Ақынның туған жерге деген сезімі осындай. Нарша ақын үшін туған елінен қасиетті, туған елінен киелі ештеңе жоқ. Бар қиындығын көтеретін туған елі, еркелігінде, тіпті есіргенін де көтеретін туған елі, балалығы қалғанмен жасаған қателігін кешіретін де туған елі. Осының бәріне ақын туған еліне рақмет айтады. Туған елді бәйтерекке теңей отырып, сол бейтеректің бір бүршіне өзін балаған ақын бәйтеректің өзіне көрсеткен өнегесін, жасаған жақсылығын санамалап, жіпке тізе отырып, рақметін айтады. Туған елге қасиетпен кие дарығанын баса жырлай отырып, өзін еркелігі басылмаған жас балаға теңейді, ал туған жері сол баланың еркелігі мен қателігін, есерлігін көтеретін, кешіретін қамқор ана деп пайымдайды. Жүрегі тек туған ел деп соғатын ақын туған елге деген алғысын жаудырып, рақметін өлеңмен айтады. Жалпы туған жерді жырламаған ақын жоқ шығар, дегенмен ақынның туған ел туралы дүниетанымы өзгеше. Ақынның қайта-қайта қайталап айтқан рақметі де өлеңнің көркемдігін ашып, ерекше көрініс тапқан.

Нарша ақынның дүниетанымында тарихты білмей, оны жасаған тұлғаларды танымай қалыптасу мүмкін емес. Тарихи тұлғалар жайлы жазған өлеңіне назар аударайық:

Алмағайып күн туғанда аңырап,

Қайран қазақ қанша өкінді сан ұрып.

«Енді өкінбе, өзінді өзін қадірле», –

Дейді бүгін бәрімізге Саңырық [3, 110б.] .

Осы өлең жолдарын оқығанда аса бір ерекше ештеңе байқамайсың. Дегенмен ақын неге Саңырақ батырға арқа сүйеп ой түйді деген сауалға жауап: мұны астарында кеңестік саясат жатыр. Сол заманда қазақ батырлары атаусыз қалған болатұғын. Еліміз егемендік алғаннан кейін өлгені тіріліп, батырларды еске ала бастадық. Сол егемендік пен еркіндіктің арқасында еліне оралған

батырдың бірі – Саңырық. Сол себепті де ақын өзінің тамырына арқа тұтады, оны танығанына қуанады, ұрпағына тамырымыз тереңде деген пайымдауын осы өлең жолдарымен жеткізеді.

Елін сыйлауды есінен шығармайтын, елі үшін маңдай терін төгіп, бар шабытымен еліне өлең арнаған ақынның келесі елге арнаған тақырыбы: Елден үлкен емессің.

Атың шығып, айдарыңнан жел ессін,

Байлығың да, билігің де тең өссін.

Ешқашанда есіңнен бірақ шығарма,

Кім болсаң да, елден үлкен емессің.

Ел болмаса – сен де ешкім емессің,

Баз біреулер үшін бәлкі, ірісің,

Біреулердің, тіпті, мүмкін пірісің.

Бірақ, бірақ, Ел-ананың киелі

Алдында сен көп перзенттің бірісің [3,123б.],– дейді ақын көңілі.

Ақын үшін ел мен ана егіз ұғым, ел туралы, туған жер туралы толғағанда ақын осы екі ұғымды бірлікте қолданады. Ақын шығармашылығындағы осы ұғымдарды ажырату мүмкін емес, ақын дүниетанымының тереңдігіне тағы да көз жеткіздік. Терең дейтініміз, ақын жырлағын туған елі қазақ халқының киелі, құтты мекені – ауыл.

Аман қалған замандардың тезінен,

Көрінетін көп қасірет көзінен.

Ауыл – автопортреті қазақтың,

Аумай қалған бір бітімі өзінен.

Енді бірде:

Тағдырым менің тұрмайды тек жеңістен,

Балы да бар, уы да бар мен ішкен.

Өлеңдерім – халқыма жазған хаттарым

Өмір жайлы ойларымды бөліскен [1,110б.],– деген Нарша ақын өмір туралы жазылған өлеңдерінде үлкен ойшыл ретінде танылды. Бұл жолдардан өмірдің сүрлеулерінен тек мықтылар ғана мықты болып өтендігін, у ішсең де су ішсең де халықпен бірге болып, қоғамның қажеттілігін өтейтін тұлға болып қалыптасу керектігін айтады.

Жан емеспін ойсыз, қамсыз, сезімсіз,

Күдіктенсең-көңіліме көзің сүз.

Білемін мен күндердің бір күнінде

Бір тойымның өтетінін өзімсіз[1,110б.],– деп жырлаған Нарша ақын өз дүниетанымының артындағы ұрпаққа берері барын меңзегендей.

Қорыта келгенде, Нарша Қашағанұлы өлеңдерінің дүниетанымы терең. Өйткені, әрбір өлең сөзінің өзі – ақынның өмірлік тәжірибесінен алынған, терең ізденісінің нәтижесі. Әсіресе, өмір туралы сыр шертетін, туған ел мен жер, ана тілі, адамгершілік, өлең-сөздің құдіреті туралы жазылған өлеңдерінде ақынның кең тынысы, шығармашылық тұлғасы кемелдене түседі. Айтарын еш бүкпесіз, шынайы жеткізе білген ақын өлеңдерінің өміршең болуы поэтикалық көркемдігі мен дүниетанымының тереңдігінде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қашағанұлы Н.Елде тұрам : өлеңдер / – Алматы : Жазушы, 2009. – 118б.
2. Қашағанұлы Н.Өлеңге менің дағы бар таласым. – Алматы, Санат, 1998. – 215б.
3. Н.Қашағанов Елде тұрам жыр жинағы// –Алматы: Жазушы, 2010. 122б.

ӘОЖ 793 (075.8)

ШЕШЕНДІК ДАУ ШЕШУДЕГІ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК ТИПТЕГІ ОЙЛАУ ФИГУРАЛАРЫ

ШОРМАҚОВА С.М.

М.Х.Дуллати атындағы Тараз өңірлік университетінің доцент м.а., ф.ғ.к.,

Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

АЮБАЕВА Р.Қ.

Резюме. В статье представлены фигуры структурно-коммуникативного типа мышления и фигуры композиционно-смыслового типа мышления, проиллюстрированные примерами, связанными с риторическими дебатами.

Summary. The article presents figures of a structural-communicative type of thinking and figures of a compositional-semantic type of thinking, illustrated with examples related to rhetorical debates.

Шешендік сөздегі семантикалық-құрылымдық композициялық тізбектердің құрылуын және олардың өзара ықпалдасуын қадағалап отыру аса күрделі, өйткені шешендік сөздің көп қырлылығы алуан түрлі семантикалық және құрылымдық байланыстардың пайда болуына әкеледі.

Шешендік сөздегі ойлау фигураларының атқаратын қызметін негізге ала отырып, фигуралардың үш типін ажыратуға болады:

- 1) құрылымдық-коммуникативтік;
- 2) композициялық-мағыналық;
- 3) ассоциациялық-күшейтпелі.

Құрылымдық-коммуникативтік типтегі ойлау фигуралары диалогтандыру және пікірталас өрбіту арқылы шешендік сөзді коммуникативтік тұрғыдан күшейтеді, нақты айтқанда, бұл – қарсыласына жол беру фигурасы, оның мәнісі шешеннің өзіне қарама-қайшы пікірмен бір сәтке келісе отырып, артынан оны жоққа шығарып, өз пікірін дәлелдеп мойындатуында болып табылады; сұрақ-жауап бірлігі; ескерту фигурасы, оның мәнісі шешеннің тыңдаушылардың алдын ала өз пікіріне өзі қарсы шығуы және осы қарсылықты жеңіп, өз пікірін дәлелдеп шығуында болып табылады; түзету фигурасы, оның мәнісі байқаусызда айтылғандай болған бір ойды одан гөрі сенімдірек басқа оймен алмастыруда болып табылады; күмәндану; өтініш; үндеу тастау және т.б.

Композициялық-мағыналық типтегі ойлау фигуралары композициялық блоктар мен байланыстырушы бөліктердің рөлін атқарады, бұған кері шегініс – бір ойды баяндаудан онымен жанама түрде ғана байланысты басқа ойды баяндауға көшу жатады; қайта оралу–кері шегіністен негізгі ойға көшу; салыстыру, параллелизмдер және т.б. жатады. Сөйлеудің мән-мағынасы деген ұғымға сөйлеушінің тақырып аясында және тыңдаушылардың білім деңгейін ескере отырып, тілдік құралдар арқылы беретін мағлұматын атауға болатынын ескеру қажет. Шешендік сөзге әсіресе, параллелизмді жиі қолдану тән. Параллелизмдер екі немесе одан көп сөйлемдердің бірдей синтаксистік құрылымда болуына негізделген семантикалық-құрылымдық бірлік болып табылады. Параллельді құрылымдар сөйлемнің жекелеген бөліктері немесе тұтас сөйлемдер қатары бір типтес болып құрылатын сөз композициясының стилистикалық тәсілдерінің бірі болып табылады. Талдаулар көрсетіп отырғандай, синтаксистік параллелизм лексикалық оралыммен байланысты және алуан түрлі болуы мүмкін: анафоралық параллелизм, эпифоралық параллелизм және т.б. Сонымен қатар, синтаксистік параллелизм басқа стилистикалық фигуралармен, сондай-ақ троптармен, байланыста қолданылып, олармен шешендік сөздің ерекше макрокомпозициялық және микрокомпозициялық деңгейдегі құрылымдық-семантикалық түзілімін құрайды.

Ассоциациялық-күшейтпелі типтегі ойлау фигуралары шешендік сөздің әсерін күшейтумен және оның ассоциациялық деңгейімен байланысты, бұған оксюморон, хиазм (антиметабола), градация, дистрибуция (түсініктің құраушы бөліктерге бөлінуі), бейнелеу (тірі бейнелерді сипаттау), жандандыру, антитеза, риторикалық сұрақ, риторикалық лептілік, риторикалық үндеу және т.б. жатқызуға болады.

Шешендік сөздегі сөз бен ойлау фигураларының қолданыстарына кешенді талдау жасап көрейік

Пікірталас өрбіту арқылы шешендік сөзді коммуникативтік тұрғыдан күшейту: «Кісілер жақындап келіп: «Балалар, неге сәлем бермейсіңдер?» – депті.

Едіге: «Әуелі өздерің неге сәлем бермейсіңдер?» – дейді.

Екі кісі:

– Біз үлкен бе, жоқ сендер үлкен бе?

– Біз үлкен, – дейді Едіге.

– Сендер қалайша үлкен боласыңдар?

– Егер мына тоқсан баланың жасын қоссақ, біз үлкен болмаймыз ба?» [1,696.]. Мұнда қарсыласына жол беру фигурасымен күшейтіліп, шешен қарсы пікірмен санаса отырып, артынан оны жоққа шығарып, өз пікірін дәлелдеп отыр.

Ал мына мысалда, сұрақ-жауап бірлігі: «Сонда Бөлтірік билер тобы мен елге қарап тұрып:

– Халайық! Ердің құны – мың қой немесе жүз жылқы не болмаса елу түйе, ердің құнына мың қой кескен дұрыс па, жүз жылқы кескен дұрыс па, жоқ елу түйе лайықты ма? – деп сұрайды. Ел шулап:

– Жүз жылқы кескен лайықты, – деседі.

Бөлтірік жұртқа тағы да:

– Онда осы жүз жылқыны ерге бөлейін бе, елге бөлейін бе, телге бөлейін бе, тентекке бөлейін бе? – деп сұрау тастайды.

Жұрт:

– Елдің де, ердің де, телдің де жазығы жоқ. Тентекке бөл! – деседі. Билер соған қосылады» [2,606.]. Шешен сұрақ қою арқылы тыңдаушылардың пікірімен санаса отырып, өз пікірін дәлелді жүзеге асырып отыр. Бұдан ескерту фигурасының үлгісін байқаймыз.

Төле би шешеннің өзіне тән бір ерекшелігі сұрақ қою арқылы дау шешу. Мұндай тәсіл тыңдаушылардың назарын өзіне аударып, сөзге эмоцияналды - экспрессивті реңк қосуға мүмкіндік беретіні белгілі. Ол сонымен қатар, ауызекі сөйлеу кезінде интонациялық тәсіл арқылы, мән-мағыналы, екпінді сөздерді ерекшелеп отырады.

«Жаңа жайлауға қоныстанған бір бай екі кедей жігітке құдық қаздырады. Құдық қазылып біткен соң жігіттер байдан ақысын сұрайды. Бай олардың біреуіне – саулық, екіншісіне қозы береді. Екінші жігіт оған наразы болады. Төлеге келіп шағым айтады. Төле байға құдық қазған екі адамның еңбегі бірдей екенін айтады. Бірақ құдық иесі өз дегенінен қайтпайды.

– Адамның екі көзінің, екі қолының қайсысы кем? – дейді байға.

– Ешқайсысының кемдігі жоқ. Екеуі де бірдей. Сөзіңізге жығылдым, биеке! Өкпелі жігітке қой берейін [1,896.], – депті амалы құрыған бай. Мұнда шешен ұқсастық туралы ойды баяндау арқылы сұрақ қойып, негізгі ойды шешіп отыр.

Даралауда «Іргелес отырған Жаңту және Жантас аулының екі жігіті шабындыққа таласып қалады. Ақырында бірін-бірі көрмеуге серт берісіп, екеуі ат кекілін кеседі. Ай өтеді, жыл өтеді. Бірақ екеуі татуласпай қояды. Өкелері мен аталарының ақыл-кеңесіне мойынсынбайды. Осыны естіген би араздасқан жігіттерді шақыртады. Төленің үйіне екі жақтан келген екі жігіт аттарын бір қазыққа байлап үйге кіреді. Тізе бүгіп биге қол беріседі: Би ләмمیم демей екі жігітпен сыртқа шықса, екеуінің аттары бірін-бірі қасасып тұр дейді.

Япырм-ай, мына екеуінің татуын қарашы? – дейді. Төле қасынып тұрған аттарды көріп.

– Кекілдері де келісті екен.

Бидің осы сөзінен кейін екі жігіт қол алысып, татуласады.

– Жолдарың болсын! [1,956.] – дейді оларға Төле би. Мұнда жылқының татулығын байқаусызда айтқандай болып, өз ойын сұрақ арқылы жүзеге асырып даудың шешімін өздеріне тапқызып отыр.

Қазақ шешендік өнерінде даралау тәсілі жиі кездеседі даралауда ішкі антитеза, яғни контекстік антитеза қолданылуы мүмкін, ол бір-біріне қарама-қарсы емес, берілген контекстке, нақты түсініктің мазмұнына қатысты салыстырмалы түрде алынатын түсініктерді (күн мен түн, мейірімді және қатал) біріктіреді. Алайда даралауда тікелей антитеза да пайда болуы мүмкін. Бөлтірік шешеннің мына сөзіне назар аударайық:

Ақылсыз адым баспайсың,

Ақылыңа сай талабың болмаса.

Жалғыз ақылмен алысқа аспайсың.

Білімсіз бірлік жоқ,

Малсыз тірлік жоқ.

Мал мен білімге сай кісілігің болмаса,

Бірлік пен тірліктен опа таппайсың.

Жақсы кәсіп – анық ырыс,

Жақсы сөз – жарым ырыс,

Жақсы кәсібіңе жақсы сөзің серік болмаса,

Жақыныңа да жатқа да жақпайсың.

Осыны ұққайсың [2,1276.].

Мұндай антитеза қалыпты антитезадан сапалық айырмашылығы бар: бұл жерде жай қарама-қарсы қою емес, бір жағынан, бұл түсініктер дараланып, жекеленген, ал екінші жағынан, – олар бір идеямен, бір оймен, мазмұн бірлігі арқылы біріккен. Осының нәтижесінде үзіндінің композициялық мағыналық бірлігі пайда болады.

Сөздің келесі бөлігі сұрақ-жауап бірлігі, яғни шешеннің басқалардың атынан қойып, өзі жауап беретін сұрақтар жиынтығы. Бір назар аударатыны, жауаптар орын ауыстыру фигурасымен немесе хиазм түрінде құрылған, бұл экспрессияны және мәтіннің мағыналық ақпаратын жинақтайды:

Уа, кәрілік, саған не жаздым,
Айғыр едім ат қылдың.
Жалғыздық саған не жаздым,
Сөйлер сөзге мәрт қылдың.
Жарлылық саған не жаздым,
Ағайынға жат қылдың [3,61б.].

Келтірілген үзіндіде әр түрлі стилистикалық фигуралардың байланысы айқын көрінеді. Сөздің барлық үзінділері ешқайсысы түсірілмей ретімен берілген, осы арқылы сөйленген сөздің негізгі мағынасын, жалпы композициялық қозғалысын жеткізеді.

Бұл фигуралар баяндау логикасымен, мәтіннің семантикасымен, мәтін композициясымен және тыңдаушыларға әсер ету психологиясымен тығыз байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Ел аузынан. Шешендік сөздер, ақындық толғамдар, аңыз әңгімелер. //Құрастырғандар: Адамбаев Б., Жарқынбекова Т. – Алматы: Жазушы, 1998. – 368б.

2 Әлменұлы Б. Шешендік сөздер. // Құрастырып алғы сөзін жазған ф.ғ.д., профессор Дәдебаев Ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 220 б.

3 Билер сөзі. Шешендік толғаулар, шешендік арнаулар, шешендік даулар //Ред. Басқарған. Т.Кәкішев. – Алматы. Қаз. Ун-ті.1992. – 159 б.

ӘОЖ 81-11

СИНТАКСИСТІ ОҚЫТУДА ТІЛДІК ҚАТЫНАС ПЕН СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНІҢ МАҢЫЗЫ

РСЫМБЕТОВА Н.М.

М.Х.Дуллати атындағы Тараз өңірлік университеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының оқытушысы, филология ғылымының магистрі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассказывается, как в казахской лингвистике составить предложение и выразительно его выразить. При обучении синтаксису в соответствии с обновленным содержанием обучения межпредметная коммуникация осуществляется во время задания студенту или во время объяснения урока. Кроме того, целью занятия по синтаксису является формирование собственной речевой культуры с учетом особенностей предложений, правильное сочетание слов.

Summary. The article describes how to make a sentence in Kazakh linguistics and express it expressively. When teaching syntax in accordance with the updated content of training, interdisciplinary communication is carried out during the assignment to the student or during the explanation of the lesson. In addition, the purpose of the lesson in syntax is the formation of one's own speech culture, taking into account the peculiarities of sentences, the correct combination of words.

Қарастырылатын тақырып бойынша бірнеше білім салаларына және олардың зерттеу объектілеріне тоқталатынымыз мәлім. Күні бүгін тамыры тереңнен бастау алатын мәселелердің бірі тіл туралы және оның қолданыс аясы туралы, әрі оның тіл білімін оқытуда алатын орны туралы шолу жасамақпыз. Қоғамның бір-біріне ықпалдасуына себепші факторлардың басы тілдік қатынас болып табылады. Өткен ғасырларымызда да, болашағымызда да өзекті мәселелердің бірі

тілдік қатынастағы жастарымыздың сөйлеу мәдениеті болмақ. Себебі сөз мәдениеті қоғамның айнасы, бүтіндей бір халықтың бет-бейнесі.

Таным көкжиегінің артуы, білім алу немесе білім беру қоғамды барлық жағынан дамытатынын білеміз. Алайда дамудың өзі тілдік қатынасыз мүлдем жүзеге аспайды. Мұнымен тілдік қатынасқа қарапайым түсіністік немесе бір затты ұғыну деп анықтама бере салуымыздың қателік екенін көрсетеміз. Яғни тілдік қатынастың өзіне алатын ауқымы біз ойлағаннан да тереңірек екендігін аңғарамыз.

Жалпы адамдардың бір-бірімен байланыс жасауын екі жақты қарастыра аламыз. Біреуі тілдік болатын болса, екіншісі тілсіз байланыс жасау. Бұл қатынастардың ішінде ең күрделісі тілдік қатынас. Мұның дәлелі осы бір қатынас тілін зерттеу объектісіне алатын үлкен «тіл білімі» атты арнайы сала бар [2].

Тіл білімі саласында тілдік қатынас тақырыбында көптеген ізденістер жасап, өз тұжырымын ұсынған Э.П.Шубин. Ғалым тіл қатынасының мақсатына, мазмұнына және атқаратын қызметтеріне тоқталады. Сонымен қатар ерекшеліктерін төмендегідей көрсетеді:

Тұлғаның саналық және физикалық әрекетіне байланысты жан-жақты қызмет атқаруы;

Тілдік қатынас ойлау қабілетінің тірегі болғандықтан кез-келген уақытта алғашқы болып қалыптасады;

Қарым-қатынас барысында әрбір индивидтің өзіне тән қызметі болады;

Жоғарыда атап өткен жеке тұлғалар өз қызметтерін орындауда ақпарат бойынша төмендегідей процесстерді атқарады:

1.Баяндаушы – коммуникация кезінде ақпарат таратушы адам;

2.Тұлға – баяндаушыдан естіген ақпаратын басқа да адамдарға тарататын адам;

3.Қабылдаушы – сол ақпаратты ой елегінен өткізіп санасына қабылдайтын адам;

Бұл қызметтерді атқаратын адамдардың барлығына ортақ нәрсе ол қарым-қатынас болып табылады. Демек адамдардың бір-бірімен байланысуы тіл арқылы жасалады.

Байланыс болған жерде міндетті түрде байланыс жасаудың қағидаттары да болары сөзсіз. Аталмыш қағидалар жүйесін тіл мәдениеті құрайды. Оның атқаратын қызметі тілге қойылатын талаптар. Талаптар тіл білімінің тек бір ғана саласына мән бермейді. Ол барлық салаларды белгілі-бір жүйеде байланыстырады. Тіл мәдениеті талаптарды қамтитын болса, одан бөлек қазіргі таңда сөйлеу мәдениеті де назарға алынып жатыр.

Сөйлеу мәдениеті және тіл мәдениеті ұғымдарын естіген адамға екеуінің де атқаратын қызметі бір немесе бір мағынадағы сөз ретінде ұғынуы әдбел мүмкін. Алайда олай емес. Сөйлеу мәдениеті тіл мәдениетіндегі қағидалардың коммуникация барысында қолданылу аясын қарастырады. Осы екі ұғымдарды шатастырып алмағанымыз жөн. Сөйлеу мәдениетіне қойылатын алғашқы талаптардың бірі сөздің түсініктілігі. Әрі сөз түсінікті дәрежеде болатын болса оны қарапайым сөз емес сөйлем ретінде қарастырамыз.

Сөйлемдегі белгілі бір жинақы ойдың көрінісін тіл білімінде синтаксис қарастырады. Халқымызда осы саланы алғашқы болып танытқан ағартушы - Ахмет Байтұрсынов. Синтаксиске анықтама беріп қана қоймай оны оқушыларға қандай жолмен үйрету әдістерін де көрсетіп берді. Тілшінің айтуы бойынша айтушының кез-келген сөзін сөйлем деп тұжырымдауымыз дұрыс емес. Себебі айтушының тыңдаушыға айтқан сөзінің түсініктілігі сөйлем болудың маңызды компоненттерінің бірі болып табылады. Ал егер түсінікті болмайтын болса, демек оны сөйлем деп қабылдауымыз жөн емес.

Кей жағдайда оқушылар сөйлем болу үшін ой немесе айтушының сөзі бірнеше сөздерден құралуы керек деген тұжырым жасап қателік жасайды. Тек бір ғана сөз сөйлем де бола алады. Бұл тақырыпқа Қ.Жұбанов өз еңбектерінде тоқталып өтеді [3].

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша синтаксисті оқытуда оқушыға тапсырмалар беру барысында немесе сабақ түсіндіру барысында пәнаралық байланыс жасаған дұрыс. Осы принциппен қатар қазіргі таңда балалардың коммуникациясы мен сол қатынастағы сөйлеу мәдениеті де маңызға алынып отыр. Одан бөлек синтаксис тақырыбы бойынша өтілетін сабақтың да мақсатын сөздерді дұрыс тіркестіре отырып, сөйлемдердің ерекшелігін ескере отырып өздерінің сөйлеу мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Оқушыларды синтаксиспен қатар сөз мәдениетіне баулыған кезде Н.Уалиевтың төмендегі талаптарын ескереміз:

Сөз жаттықтығы. Кез-келген ортада түсінікті боларлықтай әдеби нормаға сай, көптеген сындардан өтіп бекітілген сөздерді қолдану.

Сөз байлығы. Сөйлеу барысында айтылатын ойдың мағынасын тереңдету және эмоциялық ақпарат қосу мақсатында сөздерді пайдалану;

Сөз тазалығы. Өзге тілдің сөздерін қосып қолдану немесе шұбыртпалы сөздерді көбейтуден аулақ болу.

Сөз дәлдігі. Әр сөзді тек өзінің тілдік мағынасында дәлме-дәл қолдану.

Сөз әсерлілігі. Баршамызға ортақ орфоэпиялық қағидаларды бұзбай, әсерлі жеткізу мақсатында көптеген құбылыстарды бейнелеуде кестелі сөздерді пайдалану.

Сөз әдебі. Тіл адамдардың қатынас құралы. Бұл тек бір-бірімен пікір алмасуды ғана емес, сонымен қатар сезімді де білдіреді. Диалог барысындағы амандасу немесе ризалық білдіру барысында сөйлеу этикетін дұрыс сақтай білу [4].

Сөйлеу мәдениетіне көптеген пән мұғалімдері білім беру бағдарламасы бойынша назар аударады. Алайда синтаксис тақырыбының өзін сөйлеу мәдениетінсіз сабақ үстінде елестете алмаймыз. Сонымен қатар бағдарлама бойынша қолға алынып отырған, көзделіп отырған мақсаттардың да төмендегідей пайдасы бар.

Синтаксисте сөйлеу мәдениетін қалыптастыру қатысымдық тұрғыдан және танымдық тұрғыдан:

1. Оқушыларға сөйлем барысында лексикалық бірліктерді ұтымды пайдалануға, пікірін көркем түрде жеткізе білуге, синтаксисте тән категорияларды айтылым дағдысы бойынша жақсы жағынан пайдалануға мүмкіндік береді.

2. Берілген тақырыпты терең игеруге және жанжақты біліктілігін арттыруға және өзін-өзі дамытуына қолайлы орта туғызады.

Тыңдаушының назарын барынша өзіне аудару барысында қолданатын сөйлемдердің өзінде сөздер іріктелінуі тиіс. Айтушы бірінші айтатын сөйлемін ойының не туралы екенін анықтаудан бастаса, екінші сөйлемінде оны толықтыру үшін, ал үшінші сөйлемін пысықтау үшін қолдануы тиіс. Тіл ықылым заманнан адамды адаммен біріктіретін басты қарым-қатынастың құралы, сол себепті де оған деген қажеттілік, оны дамыту, дұрыс нұсқада үйрету барша ұлттың, барша адамзаттың ортақ мәселесі болып келеді. Қажеттіліктің қатынасына деген өзгерісіне сәйкес бұл мәселенің де өзгеруіне тілдің ішкі қатпарлары, яғни тілдің грамматикалық немесе лексикалық құрамына енгізіліп жатқан әсерлерді атасақ болады. Тіл қоғамдық құрылыстың ақпараттарын жеткізуші, құрылым құрылысының қабырғасы. Тілдің тіл болып қалыптасуы, өзіндік бөліністерге бөлінуі тарихи құбылыс. Ол өте ұзақ үрдіс болып табылады. Біздің тілімізде дәл үлкен даму, өзгеру, толығу кезеңдерінен өтті.

Ал қазіргі таңда ана тілімізді өзіндік заңдылықтарын сақтай отырып дұрыс оқытудың тиімді жолдарын табу бүгінгі таңдағы әдістеменің басты міндеттерінің біріне айналып отыр. Тілді оқытудың әдістемесінің басты құрылымдық мақсатының бірі тілдің өзіндік белгілерін сақтай отырып, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыта отырып оқыту. Яғни бұл дегеніміз сөйлеу мәдениетін қалыптастыру да тілдің әрбір бөлімдерінде дұрыс оқыту технологияларын пайдалану және оның міндетемелеріне сай жұмыс жүргізу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оразбаева Ф. Тіл әлемі. Мақалалар зерттеулер. – Алматы: Ан арыс, 2009.
2. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. – Алматы: Мектеп, 1989.
3. Арғынов Х. Қазақ тілі синтаксисі методикасының негіздері. – Алматы: Білім, 1969.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010.

ӘОЖ 811.512.122

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

БАЙГУЛИЕВА Д.Н.

Қ.Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются виды умений в процессе языкового общения: чтение, аудирование, произношение, в частности методы, используемые при формировании этих

языковых умений на уроках казахского языка. Автор всесторонне анализирует эффективные методы развития языковых навыков в процессе усвоения языковых материалов.

Summary. The article deals with the types of skills in the language communication process: reading, listening, pronunciation, in particular, the methods used in the formation of these language skills in the Kazakh language class. The author comprehensively analyzes the effective methods of developing language skills in the process of mastering language materials.

Бүгінгі қоғам толыққанды білім алған, жан жақты жетілген оқушыларды қажет етеді. Оқушылардың қоғамдық тұрғыдан белсенді, сауатты тұлға болуын қазіргі таңдағы білім ошақтарында берілетін біліммен тікелей байланысты екенін білеміз. Сол себепті тіл дамыту үрдісін қарқынды түрде жүргізіміз керек. Ол қайткенде болмақ? Оның бірден бір шешімі тілдік дағдылардың оқушыларға тиімді әдіс тәсілдермен ұсынылуы. Қазақ тілі объективті түрде күрделі мектеп пәндерінің бірі болып табылады және көптеген оқушыларға қиындық туғызады.

Мұғалімнің міндеті – оқуды ұйымдастырудың икемді түрлерін іздеу. Өз жұмысында мұғалімдерге ойын технологияларын, топтық технологияларды, компьютерлік технологияларды, тұлғаға бағытталған технологиялар сияқты педагогикалық технологияларды қолдануға болады. Бүгінгі таңда ана тілімізді оқытудың жүйесі бар, уақыт ағынымен ол жаңарып, толығып келеді. Әсіресе, педагогикалық әдістер мен тәсілдердің қоры молаю үстінде. Жалпы барша тілдерді үйрену үшін өзіндік қалыптасқан әдістер мен тәсілдері бар. Алайда, тілдің грамматикалық құрылымы мен лексикалық ерекшеліктеріне келгенде әдістер тиімділігіне сай таңдалуы тиіс. Бұндай әдістерді қолданудағы ең басты міндеті мен мақсаты қазақ тілінің табиғи ерекшеліктерін сақтай отырып, тілді оқушыларға дұрыс жолымен үйрету[1, 147б].

Тыңдалым дағдысының оқушының тілдік дамыту шараларында аса маңызды екенін жоғарыда атап өттік. Ал ендігі кезекте оны ұсынудың тиімді әдіс-тәсілдеріне көз жүгіртсек. Жалпы қазіргі таңда мектептерде аудиожазбаларды тыңдату, дискеттермен жұмыс сынды әдістер көптен ұсынылады. Алайда балаларды жалықтырып алмас үшін мұғалім өз тарапынан қызықты тәсілдері пайдалануы керек. Сондай әдістердің тізімін ұсынамыз:

1.«Дауыстап диктант оқыту». Сынып топтарға бөлінеді. Әр топ қарсылас топтарға барлығы дауыстап диктант оқиды. Сол бойынша диктант мәтінін жзады. Бұл әдіс арқылы мұғалім балалардың тыңдалым жағдайын жақсартып, сонымен қоса сөздік қорын дамытуға көмектеседі. Әдісті жиі пайдалана отырып мұғалім оқушының тыңдай отырып түсіну дағдысын дамытады.

2.«Синоним іздеу». Сыныпқа аудиохабарлама арқылы сөздер беріледі. Олар тақырып мәтініне сәйкес сөздерді іздейді және оны жауап парағына жазуды талап етеді. Осы арқылы біз оқушылардың бір дағдыны қолдана отырып, екінші дағдыны үйренетіне көз жеткіземіз.

3.«Сөйлемді аяқтап көр!». Сыныпқа тақырып аясын ашатын мәтін оқылады. Балалар жек түрде немесе топпен жұмыс жасауға еркіндік беріледі. Мәтінді өз біліктері арқылы аяқтауға тырысады. Бұл әдісті мұғалім сабақтың бастапқы уақытында сергіту сәті ретінде де ұсынса болады. Мысалы: «Ертеде тіл білімі деген қарт өмір сүріпті. Оның көптеген бала шағасы болыпты. Әрбір баласы өз алдына бөлек ауыл екен. Қарттың дәм тұзы аяқталар тұста балаларын шақырыпты. Қарт балаларына «бөлініңдер, алайда татулықтарын ажырамасын», деген өсиет қалдырыпты. Олар атаның өсиетін орындамаққа.....» . әрмен қарай оқушы өз қиялына ерік беріп мәтінді аяқтауға тырысады. (Бұл тұстан да дағдылардың өзара бірлестікте ғана жақсы нәтиже беретінін байқаймыз.)

Айтылым дағдысында қолданылатын әдіс-тәсілдер оқушылардың шығармашыл қасиеттерін, өз ойын келелі келтіруге, сыни көзқарастарын дұрыс жеткізуге бағытталады. Сондай әдістерге тоқталсақ;

1.«Жүрмелі микрофон». Бұл әдісті тыңдалым дағдысынан соң ұсынған тиімді. Өтілген тақырыптарды бір пысықтау үшін топқа бөлінген топ мүшелері бір бірінен интервью алады. Осы арқылы балалардың сөздік қорын дамыту, аудитория алдында сөйлеу әдебін қалыптастыру сынды қажеттіліктерді қамтамасыз етуге болады.

2.«Сабақ көрмесі». Бұл әдіс арқылы топқа бөлінген оқушылар сабақты қортындылай отырып, өзіндік постерлерін құрып көрмелерін құрастырады. Постер осылайша барлық топтар арасында жүріп өтеді. Әр топ постерлерді сараптайды, қарайды. Уақыт аяқталған соң ір өзіндік пікірлерін ортаға салады және кем кетіктерін айтады.

3.«Екі факті, бір жалған ». Оқушылар бір біріне өткен тақырып пен жаңа тақырыпты қамтитын үш фактіні көрсетеді. Сыныптастары жалған фактіні таба отырып, неліктен екендігін түсіндіріп беруі шарт.

Аталған әдістер оқушылардың оқушылардың ойларын еркін жеткізуге, ашық пікір айта білуге үйретеді.

Сабақ үрдісінде оқылым дағдысын толыққанды іске асыра отырып оқыту қиын процесс. Кітап бетінде берілген мәтінді оқушыға барша ынтасымен, ақпараттар көзін сараптай алатындай жағдайда оқыту ұстаз үшін аса маңызды. Себебі балаға берілер барлық дерек көзі мәтін құрылымында орналасады. Сол үшін де бұл дағдыны ұсынар алдында мұғалім ең тиімді деген әдістерді ұсынуы шарт. Сондай әдістер топтамасына тоқталсақ:

1.«Жұптаса ойлан». Оқушы өзінің қатарласымен мәтінді толық оқып шығады. Мәселен, қазақ тілі сабағындағы тілдік жағдаятқа берілген мәтін бойынша оқылым дағдысының түрлерін пайдалана отырып оқу нәтижеге алып келеді.

2.«Госыннан ой». Балаларды сабақ басында тақырыптың қызықтығын таныту үшін, ерекше мәліметтермен бөлісу. Бұл әдіс арқылы мұғалім алды да оқитын мәтінге деген оқушы қызығушылығын оятуды көздейді.

3.«Елестет». Бұл әдіс оқушының өткен тақырыптардан білетін мағлұматтарын қайта жадына түсіру арқылы жаңа мәтінге деген қызығушылықты ояту. Мәселен, оқушыларға буын үндестігі тақырыбын түсіндіру үшін, дыбыстардың өзара ерекшеліктері турасында хал ахуал тудыру. Немесе «кәсіби сөздер, тарихи сөздер десе ойларыңызға тіл білімінің қандай саласы көз алдыңызға елестейді ?» деген сынды сұрақ қою арқылы әдісті жүзеге асыруға болады. Аталмыш әдіс жаңа сабақты түсіндірер уақытында тиімді болғандықтан кемінде 2 минут уақыт мөлшері жеткілікті болады.

Оқылым дағдысын меңгерту жолында тиімді әдісті пайдаланып қана қоймай оның ұсынылу жолында аса байыптылықпен қадағалау керек.

Жазылым дағдысы дегеніміз жаза білу деген анықтамамен шектелмейді. Оның ұғым аясы кең. Бұл оқушының өзінің ойын өзгеге жеткізе білерліктей қабілетке ие болуын қамтамасыз ету деген сөз. Сол үшін бұл дағдыны қалыптастыруда әдістің жүйелі, өнімді әрі тиімді түрлерін таңдаған дұрыс. Сондай әдістердің бірін ұсынамыз.

1.«Турту» әдісі. Әрбір оқушыға көркем мәтінді түсіну үшін мәтіндегі анықтамалық, деректемелер, қызықты ақпараттарды түртіп алу ұсынылады. Бұл әдіс өткен сабақтарды қортындылауға көмектеседі және өзіндік білім алу жағдайын күшейтеді. Мұғалімге де оқушыны бағалау оңайға түседі.

2.«Суреттерді сөйлетіп көр». Оқушының қазақ тілінен сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытатын тамаша әдістің бірі. Балаларға сөз табының суреттерін көрсетіп, оларды сөйлет деу арқылы оқушыларға олардың өзара байланысын жазылым арқылы түсіндіруге болады.

3.«Түйін сөз». Бұл әдіс бөлімдерді қорытындылауда тиімді рөл атқарады. Мәселен, синтаксис бөлімін аяқтарда оқушыларға үйренген материалдарын қайталату мақсатында не үйренгенін, тәжірбиеде қолдану көрінісін айту мақсатында эссе, пікір, хат, баяндама жазу ұсынылады.

Сонымен, осы аталған айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым сынды дағдыларын дамыту арқылы тілдік материалдарды игеруге, қарым-қатынас құруға үйрете аламыз. Оқушылар бойына сіңірген білімдерін өмірлерінде қолдануға бейімделе түседі. Оқушылардың таным қабілеттерін дамыту мақсатында әртүрлі әдістер қолдануға болады.

Қорыта айтқанда, оқушының білім дағдыларын қалыптастырып, жетілдіріп отыру тіл білімінің материалдары мен салаларын тізбектей оқыту ғана емес, тиісінше солардың ішінен сөйлесуге керектісін, қажеттілерін саралап алумен, сөйлесім амалдары мен материалдарын танып білумен, сөйлесу әрекеттерінде тиімді пайдалануымен, сондай-ақ, қажетті әдіс-тәсілдерді таңдап, әрі дұрыс қолдана алумен ерекшеленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Оразбаева Ф.Ш. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы:- 2005. -170 б.
- 2.Бейсенбекова Г.Т. Тілдік қарым-қатынастық ұлттық дүниетаныммен байланысы. – Алматы. 2003-210 б.
- 3.Оразбаева Ф.Ш. Тіл білімі. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы: АНАрыс.- 2009.- 368 б.
- 4.Оқыту үрдісіндегі педагогикалық технологияларды пайдалану. Білім берудегі менеджмент.- Алматы.- 2006.- 308 б.

ӘОЖ 802.0379. 138

ESSAY WRITING IN TEACHING FOREIGN LANGUAGE

ТОЛЕУЛИЕВА Т.Д.

Республика Казахстан, Жамбылская область, Байзакский район,
средняя школа имени Николая Гоголя, зам.директора по учебно- воспитательной работе,
учитель английского языка

СУГРАЛИЕВА А.Т.

Республика Казахстан, Жамбылская область, Байзакский район,
средняя школа имени Николая Гоголя, учитель английского языка

Түйіндеме. Берілген мақалада эссе жазудың құрылымы мен оны жазудың ережелері қарастырылады.

Резюме. В данной статье рассматриваются структуры и правила написании Эссе в обучении иностранному языку.

Writing is an art, which you develop over a period of time. This practice will make you more mature as a writer, because you gradually start putting yourself into the shoes of the reader and express accordingly. Also, the more you write, the more flexible your vision and thought process become towards the requirements and demands of the readers.

Essay writing involves presenting an argument and communicating. It can be easily imagined that this covers a vast variety of scenarios in which you need to be clear and persuasive: arguing that you should be given the job you are applying for, selling the outline of a film script you have written, writing articles for publication, preparing reports, writing lectures and class plans for your future students. The list is endless, and it is obvious that the way you present your arguments in written form can make the difference between success and failure.

The focus here is primarily on writing essays concerning literature. You may have many great ideas and be a very intuitive and fine reader of literature, but no-one will ever know if you cannot express your ideas properly and your communicative skills are not developed. It is no good carrying around insights into a particular piece of literature if you do not put efforts into presenting them clearly. Some of the following may be obvious, but the points need to be emphasized and consulted each time you are preparing an essay.

The aim of research is to study main types and structures of essay and to offer exercises and activities in teaching essay writing in a foreign language which can be useful for students to teach how to write an essay and be able to express their thoughts clearly.

We consider that in teaching a foreign language first we should develop students' writing skills by using different activities to write essays. If we start to develop students' writing skills from the beginning of teaching a foreign language and use activities in order to write essays. It would be easier students to express their thoughts and develop students' writing, analytical, critical, and creative thinking.

We described the importance of the role of essay writing in teaching process, presented some of the most common types and structures of essay. The role and place of the essay in the teaching of foreign languages is determined by the specific conditions and objectives of instruction.

Interest in the peculiarities of the methodology of teaching a letter in a foreign language is caused by the growing role of foreign languages in the implementation of intercultural interaction of people. This interaction is carried out either verbally or in writing. One cannot underestimate the practical importance of written speech communication in the light of the development of modern means of communication, such as e-mail, the Internet, etc.

In the opinion of the outstanding Russian teacher E. Passova, the letter in the methodical plan for a long time was almost completely eliminated from the learning process, which was a strategic miscalculation. A lot of attention in the practice of teaching foreign languages is given to the teaching of oral speech, which, of course, is necessary. At the same time, insufficient attention is paid to the teaching of written language [1.45].

In recent years, the role of the letter in learning a foreign language is gradually increasing, and the letter is beginning to be regarded as a reserve in improving the effectiveness of teaching a foreign language. However, at present the problem of teaching a letter cannot be considered solved.

According to P. Dahlgren the purpose of teaching a letter in a foreign language is to teach to write in a foreign language the same texts that an educated person can write in his native language, and any text written by the author is an expression of thoughts in a graphic form.

There are many ways that you can approach the task of teaching essay writing. The main thing that you should do is keep an open mind. While you should not ignore the basic rules of essay writing, you should also come up with your own approach to making the teaching process and the simultaneous learning process productive for both you and the students in your class.

Usually high school English classes require a basic five paragraph essay as the standard for testing a student's writing ability. The best way for you as an educator to convey this is by breaking the paragraphs up into smaller parts. Students will better be able to digest the brunt of the lesson when you break each paragraph up. In doing this you can actually put together a mini outline as a means of illustrating to your secondary students how to effectively write an essay.

Dubois Ellen claims that essential features of written speech are the absence of a direct recipient and an intermediate feedback, the writer can only anticipate the reaction of the person to whom he addresses, so his speech is more substantiated, deployed.

For the teaching of written speech used for academic purposes, the following types of written communications are widely used to obtain information either verbally or in writing, by processing it and shortened in writing:

- Detailed presentation;
- Summary;
- Review;
- Annotation;
- Written report;
- Abstracts;
- Abstract (notes);
- Essays.

The essay can be represented by the following types: narrative, descriptive, evidential. But this division is considered to be conditional, since most essays combine characteristic features of different types. The effectiveness of writing essays depends on the ability of the author to express his opinion.

According to Thomas Edison Using arguments, humor, and exaggeration in the essay, the author convinces the reader to support his opinion. 'Everything that affects students' emotions can be a good topic for writing essays, starting with topics such as "Consumer society: problems and solutions", before "What if money grew on trees". Proverbs, statements of great people can also serve as a topic for written work. For example, "To speak kindly does not hurt the tongue." - English proverb, "Genius is 1 percent inspiration, 99 percent perspiration" [2,78].

The most basic skill that is needed in academic life is that of writing a good essay and a fundamental part of that is essay structure.

Writing an academic essay means fashioning a coherent set of ideas into an argument. Because essays are essentially linear - they offer one idea at a time - they must present their ideas in the order that makes most sense to a reader. Successfully structuring an essay means attending to a reader's logic. The focus of such an essay predicts its structure. It dictates the information readers need to know and the order in which they need to receive it.

A thesis statement is the most important sentence in the introduction of an essay because it clearly states what the essay will be about. There are many ways of creating a thesis statement, but for beginning or struggling essay writers turning the essay question into a statement is probably the most straightforward. In addition to stating what your essay will be about, the thesis statement is used to restrict the scope of the essay and signal the writer's position. There are no wrong examples, although the essays will be significantly different.

Most essays have the basic structure of introduction, main body and conclusion.

Introduction:

The introduction should cover two main themes:

1. Any background information the reader will need to make sense of your essay

2. A road-map of how you are going to answer the question, with your main points and basic conclusion included.

You should also include something about the method you are going to use. Most academic essays are written in the third person, by the way, so write, 'it will be suggested' rather than 'I think' unless you are specifically asked to give your opinion.

Main Body:

This can be anything upwards of three paragraphs depending on how many words you have been asked to write and how many points you want to make. Ensure that each of the paragraphs is linked and that they each connect with the central argument. Ideally, whoever is reading your essay should be able to tell from each individual paragraph exactly what the question is and how you are structuring your argument.

The paragraph should start with a topic sentence which states the point of the paragraph clearly. Usually this is the first sentence in the paragraph. A good way to plan an essay is to write out a list of your topic sentences. This will enable you to see how the argument develops and where extra ones are needed etc. The topic sentence should be followed by sentences containing evidence to back the point up. You cannot just say that something is true without any supporting information. Remember that as an undergraduate, you are not the expert; your word is not enough. Evidence will usually be in the form of information from other sources like books, academic journals or reputable websites. This could be a direct quotation but is usually best written in your own words. When providing information from other sources, you must provide in-text citations that link to your bibliography. Evidence could also be your own data or your own experiences. The last section of the paragraph should be your own analysis of why the point is relevant to the essay. How does it help you answer the question? How does it develop your argument? It is here that you develop criticality and your own academic voice. It may be useful to use a sentence at the end of your paragraph to link to the next one.

According to Fussel Paul there is nothing worse than an essay that veers from the point so keep checking back to ensure that you are sticking to the point all the way through. Remember, too, that you need to support your points with evidence, either from a primary source or a scholarly text. A point made without evidentiary support is incomplete. Reference according to the style your university has requested [3,112].

Conclusion:

This should summarize the main points made in the essay, synthesize your thinking and show evidence that you have proved the thesis that you set out in your opening paragraph. The conclusion should bring everything together. It should never be a surprise. Moreover, it should be clear from the arguments of your main body what your conclusion is going to be. There should be no new evidence in your conclusion.

However, rest assured, this number is more manageable. In fact, there are four basic types of essays, with variations being the remainder [4,98].

The four main types of essays address these goals:

Narrative Essays: Telling a Story

In the narrative essay the author tells a story about real experience. When telling a story, it can sound, easy to make, the narrative problems of an essay. When writing a narrative essay, the authors should try to attract the reader, making the story as vivid as possible. The fact that narrative essays are usually written first, helps attract the reader. Sentences give readers the feeling that they are part of the story. A well thought out narrative essay will also build a drawing on a personal statement. A narrative essay usually involves the telling of some kind of story. There are two common types of narrative essays – short stories and book reports. There are some guidelines that should be followed no matter what type of narrative essay you're writing.

- If it will be in store format, include all the parts of story. This includes characters, plot, setting, etc.

- If you're going to be writing a book report, it should be an informative narrative about the book and not a retelling of the entire book.

- Even narrative essays should have a point, just like the thesis statement of expository essays.

- Choose a point of view for your essay and stick with it. The common point of view is first person, from the standpoint of the writer.

Descriptive Essays: Painting a Picture

A cousin of the narrative essay, a descriptive essay paints a picture with words. A writer might describe a person, place, object, or even memory of special significance. However, this type of essay is not description for description's sake. The descriptive essay strives to communicate a deeper meaning through the description. In a descriptive essay, the writer should show, not tell, through the use of colorful

words and sensory details. The best descriptive essays appeal to the reader's emotions, with a result that is highly evocative. In this type of essay, you will be asked to describe something. Unlike the expository essay, this type of essay allows for much more artistic freedom as the main idea is to create an image in the reader's mind.

Emotions and feelings play a key role in description. However, it's important that you don't write a sentence that says, "I was sad." Again, this kind of language does not paint pictures in reader's minds. Rather, describe it for them – "My shoulders drooped, and my chin trembled. Tears flooded my eyes." A sentence like that will show your reader that you were sad and paint the picture in their mind. In fact, they will likely connect with you on an emotional level as they read.

Descriptive essays are common in elementary school and are usually used as warm-up journal prompts at the beginning of a language arts lesson. These kinds of essays are also very common in creative writing classes as they are used to build your descriptive skills.

In our work we suggested examples of thesis statement and summary statement to write a better conclusion.

Thesis Statement: Many people are buying Volvo because of its price, fuel economy, and high resale value.

Summary Statement: Reasonable pricing, low fuel consumption and an attractive resale value have all contributed to the popularity of Volvo in today's market.

For making better conclusion students have to write final thoughts. In this part, you may write your comments on the subjects of your essay. This is the place where students can express their opinion, make a judgment or give a recommendation. However, they should not add any new ideas in the conclusion because it is the end of the essay. For example:

Thesis Statement: Many people are buying Volvo because of its price, fuel economy and high resale value.

Final Thoughts: Because of these features, Volvo is the type of car many people prefer to have. We will have to wait and see to what extent the popularity of Volvo will increase in the near future [5, 86].

Using a provoking question in the concluding paragraph is optional, but you have to summarize the main points discussed in the body parts and add a final thought. A question like in the introductory paragraph grabs reader's attention. The question should be related to the points you have made in the essay.

-Thesis Statement: Many people are buying Volvo because of its price, fuel economy, and high resale value.

- Question: Wouldn't it be great for you to have one?

In this part of our work we suggest activities that focus on making conclusions which are often the most difficult part of an essay to write, and many writers feel that they have nothing left to say after having written the paper. They were designed to motivate students to summarize the concluding part of essays. The activities will help the students to summarize the main points discussed in the body parts and add a final thought.

Activity: Read the introductory paragraph below and write related concluding paragraphs by summarizing the main points or paraphrasing thesis statement and adding your own comment as a final message to the reader. You can also ask a provoking question

Introductory paragraph: Most kids plug into the world of television long before they enter school. According to a recent research, two-thirds of kids watch television an average of 2 hours a day. No doubt that television can be an excellent educator and entertainer, but despite its advantages, too much television can be harmful because it creates passivity, discourages communication and presents a false picture of reality [6, 122].

Having investigated teaching essay writing through using different types of exercises and activities we came to conclusion that in teaching a foreign language it is more modern method as this method is based mostly on development of writing skills and their simple approaches to help student to express their thoughts clearly and feel more confident and relaxed at the lesson. In writing Essay, the students can show creativity in each stage of the process of writing an essay. It is an opportunity for them to use their imagination, produce words out of the pictures they have had in their minds and pen them down in a creative fashion.

Having analyzed we came into conclusion that by writing Essay the students can show creativity in each stage of the process of writing an essay. It is an opportunity for them to use their imagination, produce words out of the pictures they have had in their minds and pen them down in a creative fashion.

Also, we presented several types of essay and pointed out the main structures of essay such as Introduction, body paragraphs and conclusion part.

We consider that in teaching a foreign language first we should develop students' writing skills by using different activities to write essays. If we start to develop students' writing skills from the beginning of teaching a foreign language and use activities in order to write essays. It would be easier students to express their thoughts and develop students' writing, analytical, critical, and creative thinking.

The list of the used literature:

1. Passova E.I. Fundamentals of methodology for teaching foreign language. – M., 1989.
2. Dahlgren P. Television and the Public Sphere. – London: Sage Publishers, 1995.
3. Dubois Ellen Antipodean Feminism. –New Left Review, 1994.
4. Thomas A. Edison “Methods of teaching writing”. –New York, 1989.
5. N. Rolls and P. Wignell “Communicating at University, Skills for success”, –Charles Darwin University Press, 2013.
6. Fussel Paul “The Great War and Modern Memory”. – Oxford: Oxford University Press, 1975.

ӘОЖ 82.08.25

МАХАМБЕТ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

КАЗБЕКОВА Ш.Л., АЖИБЕКОВА Ж.Т.

Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В статье особое внимание уделяется исследованию, новизне и преемственности традиций поэзии Махамбета Утемисулы, поэта-воина, жившего в XIX веке.

Summary. The article focuses on the research, novelty and continuity of the traditions of the poetry of poet-warrior Makhambet Utemisuly who lived in the XIX century.

Махамбет Өтемісұлының өмірі мен шығармашылығы Кеңес өкіметі кезінде Компартияның идеологиялық ұстанымдарына қарай зерттелді. Оның өзінде, поэзиясын да таптық тұрғыдан бағалап, Жәңгір хан мен ел билеуші топқа қарсы қойдық, бұқараны езуші таптың бітіспес дұшпаны етіп көрсеттік. Ақын өмірінің тек көтеріліс кезеңіне ғана көңіл бөлдік те, оның көтеріліске дейінгі ғұмыры мен істері, көркем шығармашылығы назардан тыс қалып жатты. Соның салдарынан Махамбеттің өмірі түгелімен ерлік күресте өткен болып, ал поэзиясы тек жұртты соғысқа шақыруға, ұрыстың өзіне, сондай-ақ хан мен сұлтандарды әшкерелеуге арналған сияқты болып көрінді.

Ақынның мұрасы – әдебиеттану ғылымының объектісі де болды. Алайда, зерттеу еңбектерде, негізінен, идеологиялық схематизм мен орыс әдебиетінің үлгісімен талдау орын алды. Сөйтіп, Махамбеттің шығармалары реализм, романтизм, оптимизм, пессимизм деген «измдер» тұрғысынан зерттелді. Белгілі бір аспектіде бұл да қажет шығар. Бірақ көп жағдайда қазақтың ұлттық көркем ойының даму заңдылықтары ескерілмеді. Соның салдарынан Махамбеттің өзіндік ерекшелігі тар аяда, тек күрескер ақын деп танылды. Ал оның өзіміздің көркем ойымызға қосқан үлесі және өлең сөзді ойнатудың шеберлігі толық ашылмады. Ол өзінен бұрынғы поэзияны қалай пайдаланды, оған өзі не әкелді, ақын қандай қоғамдық мәні бар проблемаларды шығармашылығында қамтыды деген мәселелер, өкінішке қарай тиісті дәрежеде сөз болған жоқ.

Біздің мақсатымыз – осы бағыттағы алғашқы талпыныстың бірі болғандықтан, аталған мәселелердің кейбіреуін қозғап, ой бөлісу.

Жалпы, Махамбет поэзиясынан оның өмірі мен шығармашылық жолының бірнеше кезеңнен тұратынын байқауға болады. Айталық, алғашқы кезеңі – Жәңгір ордасына келгенге дейінгі және ордада жүрген мезгілі. Жылмен есептесек, бұл 1821-1827 жылдарға сәйкес келеді. Осының соңғы 4-5 жылы – ордада жүрген уақыты деп шамаланады. Екінші кезеңі – Махамбеттің ордадан аласталып, елді көтеріліске үндеген шағы деуге болады. Бұл – 1829-1835 жылдар шамасы. Үшінші кезеңі – Махамбеттің тікелей көтеріліске қатысып, оның идеологы болған тұс, яғни 1836-1838 жылдар. Төртінші кезеңі – көтеріліс жеңіліп, Махамбеттің қуғынға түсуі. Әлбетте біздің бұлай 4

кезеңге бөлуіміз белгілі дәрежеде шартты, өйткені, Махамбеттің бүкіл өмірі туралы нақты құжаттар мен басқа деректер жеткілікті емес. Бар сүйенгеніміз – ақынның шығармалары мен көтеріліске қатысты Махамбет туралы ақпарлар.

XIX ғасырдан қазақ қоғамы үшін енді сыртқы жаудан қорғану емес, қазақ мемлекетін жойып, халықты отарлаған Ресей қақпанынан құтылу – ең зәру мәселе болып, әдебиетте ұлт-азаттық идеясы орнықты. Міне, Махамбет осы жаңа бағыттағы поэзияның көшбасшысы болды. Одан кейінгі әдебиетте ұлт-азаттық идеясы тағы бірнеше бағытта көрінді, айталық, халықтың мұңын жоқтау, елді отырықшылыққа шақыру, оқу мен білімге үндеу сияқты. Ал Махамбет болса, қолға қару алып күресу, сөйтіп азаттық алу, әділеттік орнату қажеттігін жырлады. Осы жағынан алғанда, Махамбет – күрес (повстанческая) поэзиясын, содан туындайтын саяси-азаматтық лириканы қалыптастырушы болды десек те орынды.

Жауынгер ақын өз өлең-жырында шайқас эпизодтарын, ұрыстың барысын нақтылап суреттейді. Мысалы, атакты «Соғыс» өлеңін алайық. Мұнда ақын кәдімгі ұрысты көрсетеді. Оның қай жерде, кіммен болғанын және қалай өткенін тәптіштеп айтады. Шағын ғана шығарма бірнеше эпизодты қамтыған: қолдың жиналғаны, оның Бекетай құмына барғаны, басшысы – Исатай, қосшысы – Махамбет болғаны, әскердің Бекетай құмындағы ағаш үйлерге түнеп, түнімен дайындалғаны, таң атқан соң қас жауды көргені, орыс әскерінің мылтық пен зеңбіректі қолданғаны, Ерсары мен Қалдыбайдың бірдей оққа ұшқаны, сарбаздардың бытырағаны...

«Қазақ әдебиетінде бұрын соғыс сахнасын дәл осылай көрнекі әрі нақты етіп ешкім суреттеген емес-ті. Тек батырлық жыр мен кейбір жыраулардың өлеңдерінде шайқастың барысы баяндалады, бірақ оларда әрбір эпизод мұншалықты жинақы, әрі жүйелі, бірінен соң бірі көрсетілмейді» [1, 132б.]. Рас, Махамбет бұл өлеңінде эпостың дәстүрінен де қашпайды, оны ұтымды пайдаланады. Әсіресе, көтерілісшілердің қалың қол болып жиналғанын, ұрыс алдындағы Исатайды, оның астындағы атын бейнелеген тұста эпос стилі үстемдік еткен:

Жау қарасы көрінді,
Жиылған әскер білінді,
Исатай – басшы, мен – қосшы,
Исатайдың сол күнде
Ақтабан аты астында,
Дулығасы басында,
Зығырданы қайнайды.
Астына мінген Ақтабан
Ақ бөкендей ойнайды.
Артына ерген көп әскер
Маңыраған қойдай шулайды.

Міне, Исатай – кәдуілгі эпос батыры. Ол қалың жаудан беті қайтпайтын ержүрек қолбасшы, ал оның мінген аты–нағыз батырға лайық тұлпар. Оның Ақтабан аталуы, ақ бөкендей ойнауы–батырлық жырдың әсерін қабылдау белгісі. Көтерілістің әр кезеңінде туған Махамбеттің өлеңдері бір ұрыстың өзін ғана емес, әр ұрыстан бұрын, я болмаса одан кейін болған жағдайларды суреттеуге арналған. Көбісінде ақын сарбаздардың, өзінің иен далада түн қатып жүргенін, ойлағаны іске аспай, шаршаған жолдастарының көңіл-күйін көрсетеді де, оларға арнап жалынды сөздер айтады, істің нәтижемен аяқталатынына, Жәңгір ханды мұқататынына сенім білдіреді. Осындай шығармалар қатарына: «Әрайна», «Мұңайма», «Алты күндей алаулап», «Құлжа қуған текешік» атты толғауларды қосуға болады.

Махамбет Өтемісұлының көтерілісте жеңілгеннен кейінгі өмірі мен тағдыры сан жағынан алғанда, ең көп шығармасының арқауы. Ақынның бұл кезеңдегі туындылары ой тереңдігімен, философиялық түйіндермен, лирикалық нәзіктігімен, психологиялық тебіреніс, толғамдарымен ерекшеленеді. Исатай қаза болғаннан кейінгі Махамбеттің өмірі екі кезеңнен тұрады. Біріншісі–ол Жайықтың бергі жағына шығып, қайтадан қол жинауға күш салып, көп әрекеттенген кезі. Екіншісі – ол ойы жүзеге аспай, сегіз жыл сергелдеңге түсіп, қуғында болуы және сатқындықпен өлтірілуі.

«Тілек», «Нарында», «Біткен істің міні жоқ», «Арғымаққа оқ тиді», «Мен – ақсұңқардан туған құмаймын», «Мен – тауда ойнаған қарт марал», «Мен едім», «Менің атым – Махамбет», «Қызғыш құс», «Желден де желгір ақ бөкен» секілді шығармалары Махамбеттің азаматтық «мені» мен ақындық «мені» ажырамас, біртұтас ұғымға, үлкен категорияға айналғанын көрсетеді. Бұл, әсіресе, ақынның Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзінде айқын бедерленіп тұр. Бұларда мұңаю да, айбат шегу де, өкіну де, үміт те бар. Алуан түрлі сезім бір бойда тоғысып, буырқанып, бұлқынып

тұр. «Құсалықпен өтті ғой Махамбеттің көп күні», – деп аһ ұрғанымен, ақын өзін жеңілдім, соған көндім деп, құлдық ұрмайды. Оның рухы биік, жалғыз қалса да, ол айбарлы, реті келсе, кегін алуға даяр:

...Жалаулы найза майрылып,
Жау тауымды шаққанын,
Дұшпан қайта қайрылып,
Туымды менің жыққанын
Енді қайтіп ұмытармын?!
Алайда бір шендесем,
Ауыр жүкке кездесем,
Қара нардай-ақ

Саздауға қарсы жұлқармын! – дейді Махамбет «Қылыштай қиғыр алмас ем» атты өлеңінде.

Махамбет шығармаларының басылымы, жиналуы текстологиялық мәселелері сияқты Махамбеттанудың және бір мәнді арналарының бастауында, барысында тұрған зерттеушілердің еңбегі де Махамбеттанудың елеулі бір өзегі.

Ең әуелде Халел Досмұхамедұлы Махамбет шығармаларының кейінгіге жету, басылым жөнінен мәлімет берді. Қажым Жұмалиев Махамбет өлеңдерінің жиналуы және басылуы жайында аса мол дерек, мәлімет береді. Ғалым Махамбет өлеңдерін жинады. Махамбет өлеңінің таралым аумағы, оны жеткізушілер жайлы айтты. Сол негізде қазақ әдебиетіндегі Махамбет дәстүрі мәселесін алғаш арнайы қозғады.

Шернияз, Қуан, кішкене Қобыланды, Кубала, Мұқан, Мұрат, Ыбырай ақындар Махамбет өлеңін жатқа біліп, кейінгіге жеткізуші Қ.Жұмалиев бұл ақындардың Махамбет өлеңдерін жатқа біліп қана қоймағанын, оған еліктегенін айтады. Кейінгі ақындардың шығармаларына Махамбет үлкен әсер еткен. 1868 жылы өлген кішкене Қобыланды ақынның «Шектімен айтысы» дейтін бір өлеңі бар. Бұл өлең құрылысы жағынан да, образды пайдалану әдісі жөнінен де Махамбет өлеңдеріне қатты ұқсас. Ал Махамбеттің Мұрат ақынға тигізген әсерін алсақ, өзгешелеу, себебі, бұл екеуінің әлеуметтік мәні мен дүниеге көзқарасы екі түрлі болды. Феодалдық ру қоғамын өте дәріптеген Мұратқа Махамбеттің төңкерісшіл өлеңдері кейбір түр жағынан ғана ықпалын тигізген. Оның «Шалгезі» мен «Үш қиян» деген өлеңдері Махамбетке түр жағынан еліктеумен шығарылған өлеңдер. Ығылман Шөрекұлының «Исатай, Махамбет» деген үлкен поэмасы да осы Махамбет өлеңдерінің күшті ықпалымен жазылған. Махамбет поэзиясының әсерін біздің жас ақындарымыздың өлеңдерінен де табуға болады.

1938 жылы Қажым Жұмалиев Махамбеттің туған жері мен өмір сүрген аймағын, көтеріліс болған жерлерді екі айдай аралап, материал жинайды. Махамбет өлеңдерін бастан-аяқ жатқа білетін көп адам барын білді. Біразымен жолығып, 3-4-інің аузынан Махамбеттің бұрын белгісіз біраз өлеңдерін жазып алады.

Олар Қ.Жұмалиевтің өз айтуында «Әй, Махамбет, жолдасым», «Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай», «Исатай деген ағам бар», «Арқаның қызыл изені», «Мен қарақұстан туған құмаймын», «Белгілі туған ер едім», «Арғымақ, сені сақтадым», «Арғымақтың баласы», «Қарағай шаптым шандоздап», «Адыра қалған Нарынның», «Еңселігім екі елі», «Атадан туан ардақты ер»– не бары төрт жүз өлең.

Қ.Жұмалиев Махамбет өлеңдерін жатқа білушілердің ішінен Бекқазы мен Қайролла Төлеевтің айтуындағы шығармалар олардың жас кезінде жаттағаны екенін, олардың айтқанын кейінгі басылып шыққандармен салыстырудың нәтижесі елеулі болғанын айрықша ескеріп, елеулі нәрсе деп бағалайды. Бұл айтушылардан Махамбет өлеңдерін жазғанымызда 1925 жылғы баспасы қолымызда болды. Жыршыларға айтқызып, өзіміз кітаптан қарап отырдық. Таң қаларлық нәрсе, 17 жасынан немесе 19 жасынан бері білетін айтушылармен басылып шыққан өлеңдердің арасында айырма мүлде жоқтың қасы. Мұрат, Ығылмандардың айтуларынан түсіп қалған, сондықтан баспасына енбеген бірен-саран жол, бірлі-жарым шумақтар болмаса, түгелдей баспасындағымен дәл келеді. Бұл жөнінде ең алдымен Мұрат пен Ығылманға үлкен алғыс айтқандайсың. Махамбеттің жаңадан табылған өлеңдері турасында Қ.Жұмалиев олардың ақынның стиль, өлең құрылысы, сөз қолданыс, образ жасау әдіс-тәсіліне тән екенін айтып айғақтайды. Мұнда да Махамбет поэзиясының теориялық негіздемесіне сүйенеді. «Ақынның жаңадан табылып отырған өлеңдері оның бұрынғы өлеңдерімен жанр жағынан да үндес. Біз жоғарыда Махамбет поэзиясына тән жанр саяси, үгіттік лирика дедік. Бұл жағынан да бірін екіншісінен айырып болмайды. Әсіресе, сөз қолданыс, сөйлем құрылыс жақтары дәлме-дәл» [2, 456.].

Қажым Жұмалиев Махамбеттің жаңадан табылған өлеңдерін бұрынғы өлеңдерінің сөз образдарын жасаудағы өзіндік әдіс-тәсіл, өзіндік ерекшелігімен айғақтайды. Бұл тұста да ғалым Махамбет поэзиясының түрі мен тегін ғана ашып қойған жоқ. Жалпы қазақ өлеңінің жаратылысынан туған теориялық негіздемелер де жасады. Махамбет өлеңдерінің басылымдары жөнінен, ақын шығармаларының текстологиясы жөнінен әдебиеттанушы ғалым Қайым Мұқаметқанов мәнді сөз көтерді. 1925 жыл мен 1979 жылдар арасында Махамбет өлеңдері жеке жинақ ретінде 8 рет басылып шықты.

Махамбеттану – бүгінде Махамбет ақындығының алуан сапасын жан-жақты зерттеп, зерделеген ғылым. Мұнда Махамбеттің өлең жасау тәсілдері қазақтың байырғы көркемдік әдістерімен сабақтастықта айқындалды. Ортағасырлық жазба ескерткіштер үлгілерімен тілдік, құрылымдық жақтан салыстыра қараудың мәселелері қойылды. Махамбет поэзиясының тілі, оның қазақтың ауызша әдеби тілін қалыптастырудағы, жазба әдебиет тілін жасаудағы ықпалы, орны жайлы сөз өрістеді. Махамбеттің сөз айшықтау тәсілдеріндегі дәстүрлі ерекшеліктерге қоса өзіндік жаңа үлгілер, қазақ сөзінің мағыналық жақтан баю, толысу мүмкіндіктеріне қосқан үлесі айғақталды.

Махамбеттің ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетін, жалпы қазақ поэзиясын жанрлық жақтан байытуы ашылды. Дара ақындық стиль жасаудағы шеберлік алымдары айқындалды. Арғы-бергідегі іргелі ірі зерттеулердің шағын-талпыныс танымдардың барлығы да Махамбет ақындығының арнасын кеңітті. Махамбеттанудың ендігі міндеттерін бағдарлауға негіз салды. Қазақ әдебиеттану ғылымының аса бір құнарлы, олжалы, табысты негізі болып отырған Махамбеттанудың ендігі өрісінің алды да айқын, ашық. Қай бағытта сөз қозғасаң да Махамбеттің ақындық әлемі–түгін тартсаң майы шығатын құнарлы алқап. Соның ішінде күні бүгінге шейін Махамбеттануда кем қалып отырған, кенжелеп қалған Махамбеттің ақындық дәстүрі мәселесі тұр. Махамбет шығармаларының барлық басылымын түгендей отырып, құрылым жақтан жүйелеу де жалғасын таба берер шаруа.

«Махамбет поэзиясының тілі де сан салада зерттеле түсуге зәру. Лексикалық құрам, қайсыбір көне атаулардың этимологиясы, жекеленген сөздің белгілі бір толғаудағы нақтылы қолданыс мәнін ашу, ақынның сөз құбылту үстінде тілімізге өзі әкелген жаңа мағыналық реңк, немесе Махамбеттің сөз жасауы, Махамбет поэзиясы тілінің грамматикалық табиғаты және т.б. Махамбеттің ақындық өнеге мектебінің, Махамбет ақындығының айналасын ашуда бізге әзірге беймәлім бағыттарға барлау қазіргі Махамбеттануға енген үрдіс. Осыны жалғау, ғылыми негіздеу ақын поэзиясының «ішін алдырмай» келе жатқан жұмбағын айқындай түспек, біршама сыр суыртпақтауға мүмкіндік туғызбақ» [3, 206.].

Махамбеттің тілінде сол заманның өзінде көнерген, пассив лексикаға айналған сөздердің молдығын Рабиға Сыздықова атап айтады. Бұл тұстағы ендігі зерттеулер де Махамбеттанудың өрісін ұзартар бір шара болмақ. Махамбет поэзиясының этнолингвистикасын арнайы зерттеу де қозғалған шаруа. Бұл тұста біз Махамбет жасаған тарихи-әлеуметтік ортаның жаратылыс қалпын, тұрмыс-тіршілігін айқындай түсуге, сол арқылы ХІХ ғасырдың белгілі бір кезеңін жақыннан тануға мүмкіндік аламыз.

Махамбеттің өлең құпиясы, оның қазақ өлеңін алабөтен түлетіп, жұтындырып шығарған шығармашылық қуаты, уақыт, заманалар көшінде құнын түсірмейтін ұлы поэзиясы жайлы сөз, ой тасқыны Махамбеттің тыншымайтын, тоқтамайтын ақындық галактикасымен, қазақ халқының құдіреттен дарыған ғажайып сөз өнерімен тұтасып, кірігіп кеткен сарқылмайтын ағым.

Қорыта айтқанда, Махамбеттің ақындық қуаты, сөз жоқ, бізге жеткен жыраулық поэзия үлгілерімен түгесіліп, қамтылмайтын өзгеше жырдың өрісін шарпыған зор қуат. Махамбет–жыр құдыреті. Оның алмастай асыл сөзі сөз қадірін түсінген қазақ баласын қай заманда да өз тылсымына тартып, қайран қалдырумен келеді. Оның өлеңі жыраулық поэзиямен қаншалықты туыс болса, дәстүрлі арнаны бұзып-жарып жатқан өзгеше кернеу-қуатымен соншалықты бөтен, бөлек деп айтуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Досмұхамедов Х. Аламан. –Алматы: Білім, 2003.–320б.
- 2 Жұмалиев Қ. Егеулі найза. – Алматы: Жазушы, 1970. – 70б.
- 3 Қайдаров Ә. «Ерулі» ме, «ереуіл» ме?. Қазақ әдебиеті // 2003. –29 қараша.

АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

АБИТАЕВА Э.Е., КОЖАБАЕВА А.Т.

Бібырай Алтынсарин атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В статье рассматривается устная литература в связи с историей казахской литературы.

Summary. The article deals with oral literature in connection with the history of Kazakh literature.

Қазақ ауыз әдебиетін зерттеу ісі шын мәнінде кеңестік дәуірде қолға алынып, ғылыми жолға қойылды. Бұл кезде ауыз әдебиетін зерттейтін фольклористика деп аталатын ғылым қалыптасты, фольклорист ғалымдар қатары өсіп келеді. Осының нәтижесінде жалпы қазақ ауыз әдебиеті мен және оның жеке түрлерінің туу, қалыптасып даму тарихы жайында газет-журналдық мақалалар, үлкен ғылыми зерттеулер жазылып, баспа жүзіне жариялануда. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы шығарған «Қазақ әдебиетінің тарихы» дейтін күрделі еңбектің бірінші томы ауыз әдебиетіне арналған.

Әрине, қазақ ауыз әдебиетін зерттеу ісі кеңестік дәуірде жүзеге асты деуімізбен бұл салада революцияға дейін жүргізілген жұмыстарды жоққа шығармаймыз. Бұл жөнінде жоғарда атап өткеніміздей, Ш. Уәлихановтың, В. Радлов пен Г.Потаниннің, И.Фалев пен П.Мелиоранскийдің т.б. ғалымдар мен ағартушылардың жалпы қазақ фольклоры туралы және оның кейбір жанрлары туралы жайында айтқандары да бар еді.

Қазақ қоғамы тарихын зерттеу үшін тек жазба деректерді пайдалану жеткіліксіз, өйткені, қазақтың ертеден келе жатқан дәстүрлі төл мұрасы ауызекі деректер. Заманалық сұраныс тарих ғылымының дамуы барысында тарихи деректердің шеңберін кеңейту мен оны зерттеу әдістерін жетілдіруді талап етіп отыр. Тарихи санасы сергек, шежірешіл қазақ халқы әр уақытта басынан кешкен тарихын сұрыптап, әңгіме, жыр, өлең тіліне салып ұрпағына қалдырып отырған.

Ауыз әдебиетінің мұрасының өзіндік өзгешілігін анықтауға аса қажет тәсілдің бірі – салыстырмалы-тарихи әдіс. Орыс фольклортану ғылымы ауыз әдебиеті шығармаларын осы тәсіл негізінде тексеріп, күрделі нәтижелерге жетіп жүргені белгілі.

Қазақ әдебиеті тарихын зерттеу барысында ауызекі тарихи деректерді жекелеген мәселелерді шешу ісінде дерек көзі етіп қолдану талабы ғасыр басында қолға алынса да, осы күнге дейін өз деңгейінде мән берілмей отыр. Тарихшылар да, этнографтар да осы тәрізді деректердің тарихи зерттеулерде белгілі бір маңыздылығын мойындаса да, оны қолдануға ерекше сақтықпен қараған.

Ауызекі тарихи деректерді қолданудың бағалылығы мен маңызы күмән туғызбайды, өйткені, онда халықтың ұрпақтан-ұрпаққа жеткен жүйеленген тарихи білімі көрініс тапқан.

Қоғамдық құрылым ішкі байланыстардан, сырт көзге түсе бермейтін қоғамдық қатынастардан тұратындықтан, халықтың ішкі жан дүниесі, қоршаған ортаға деген түсінігі, руханияты туралы мәліметті сыртқы деректерден таппаймыз, оларды тек жергілікті, төл деректерден, халықтың төлтума тарихи шығармаларынан ғана алуға болады.

Соңғы жылдары ауызекі ауызша дәстүрдің жекелеген салаларын әдеби дерек ретінде ғылыми айналымға тартқан зерттеу жұмыстары жүргізіліп жүр, олардың ішінде Р.Айтбаева «Ауызша тарих айту дәстүрі бойынша XVIII ғ. қазақ қоғамы тарихының негізгі мәселелері» [1], З. Елешованың «ХУ-ХVII ғғ. қазақ тарихының фольклорлық нұсқасы» [2], М.Алпысбестің «Қазақ шежіресіндегі Қазақстан тарихы (тарихтың зерттелуіндегі шежіре орны)», Л. Жүсіпованың «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ түбі» үлгілері – тарихи дерек көзі ретінде» [3] атты зерттеулерін атап өтуіміз абзал. Белгілі қаламгер Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының деректанушылық қызметінің маңызын көтеріп, қолжазбаларын дәйекті ғылыми айналымға қосып зерттеуде, ғұламаның тікелей ұрпақтары Жүсіповтер әулетінің қызметін ерекше атап өту қажет. Әрине, басқа да көптеген ғалымдарымыз өз еңбектерінде ауызекі тарихи нұсқалар деректерін қолданып, қазаки деректердің тарихилық маңызын атап жүр.

Ауыз әдебиетін зерттеу соғыс жылдарында да ілгері дамыды. Соғыс жылдарындағы фольклористикамыз біріншіден, халықтың ерлік, патриоттық дәстүрін зерттеуді басты мәселе етіп

көтерді. Сонымен қатар ауыз әдебиетінің жанрларын мифологиялық көлемде зерттеу ісін қолға алды. Бұл ретте қазақтың айтыс өлеңдері туралы С.Мұқановтың, М.Әуезовтің, Қ.Жұмалиев пен Е.Ысмайыловтың қазақ халқының эпостық жырлары туралы Ә.Марғұланның, Б.Кенжебаевтың шешенік сөздер туралы еңбектері жарық көрді.

Кеңес үкіметі кезеңінде М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, Қ. Жұмалиев, Б.Кенжебаев, М.Ғабдуллин, Н.Смирнова және де басқа көптеген ғалымдар ауыз әдебиеті үлгілерін жинау ісіне қатысты. М.Әуезов, М. Ғабдуллин, Ә.Қоңыратбаевтар тарихи фольклор түрлерін жеке жанрлық тұрғыдан қарастырып, тарихилық сипатын ашуға жол салған.

Соғыстан кейінгі жылдары қазақ фольклористикасы әдебиеттану ғылымының басты бір саласына айналды. Осы кезде Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы құрылды. Әдебиет институты ашылды. Бұл институт қазақ әдебиеті тарихын жан-жақты алып зерттеуді жүргізе бастады, бірнеше зерттеулер жарияланды.

Халық мұрасын зерттеу ісі М.Тынышпаев, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедұлы, сияқты зерттеушілер назарынан тыс қалмаған. Х. Досмұхамедұлы қазақ халық ауыз әдебиетіне айрықша маңыз беріп, қарымды еңбектерін арнаған оның қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінің ерекше бір естелігі іспеттес құбылысы екендігіне баса назар аударған.

Осы бағытта айтулы еңбек қалдырған ғалымдардың бірі Ә.Х. Марғұлан «Қазақ эпосының сипаты мен тарихи шарттылығы жайлы» атты еңбегінде ол батырлар жырының шығу тарихын зерттей отырып, жырларды кезеңдерге бөледі. Ғалым ХІХ ғасыр жырларының тарихи іздерінің айқын екенін көрсетіп, ендігі жерде тарихи өлең пайда бола бастайды деген болжам айтады.

Қазақстандық кәсіби тарихшы-ғалымдардың ішінде бірінші болып халықтың дәстүрлі шығармашылығы деректерін тарихи зерттеулерде пайдаланған Е.Бекмаханов болды, осы сипаттағы деректердің қазақ тарихын жазудағы маңызының айрықша зор екендігін атап: «Тарихи ірі оқиғалар ұрпақтан- ұрпаққа жеткізіліп отырған халықтың ауызша шығармашылығы: дастан, өлең, қисса, батырлар жыры, ертегі, аңыз т.б. арқылы қазақ халқының есінде сақталған. Осы материалдарда қазақтардың қоғамдық және әлеуметтік құрылысы, тұрмысы мен әдет-ғұрпы және ақырында, халықтың өміріндегі аса маңызды тарихи оқиғалар айқын бейнесін тапқан» [4, 42б.]. Аталып өткен ғалымдар қазақтың тарихи ескерткіштеріне үлкен мән беріп, ғылыми зерттеулеріне деректік негіз етіп алу әрекеттерін жасағанымен, күшінде болған саяси-идеологиялық шектеулер себебінен бұл жұмысты атқара алмады, осындай еңбектері үшін кейбірі қудалауға ұшырады.

«Фолькор» – ағылшын сөзі. Ол–халық творчествосы, халықтың ауызша тудырған көркем шығармасы, халық даналығы деген ұғымды білдіреді. Ғасырдан ғасырға өтіп, мұра болып келе жатқан ауыз әдебиеті немесе фольклорының маңыздылығы сонда, ол халық тарихымен тығыз байланысты дамып, белгілі кезеңдегі тарихпен тығыз байланыста болып, белгілі бір кезеңдегі халықтың тарихи оқиғаларын, әдет-ғұрпын елестетеді.

Міне, сондықтан ауыз әдебиетін зерттеу, оны бүгінгі заман тұрғысынан бағалау әдебиет тарихы үшін де, қазақ халқының тарихы мен этнографиясы үшін де өте маңызды болмақ. Қазақ халқының ауыз әдебиетінің туындылары жайында сөз еткенде, ең алдымен, ауыздан-ауызға ауысып, жатталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп келе жатқан тамаша эпостық жырларымызды, ұмытылмас ертегілеріміз, нәзік лирикалы өлең-әңгімелерімізді еске аламыз. Ал, осы таусылмас, ортаймас асыл қазынаны ұрпақтан- ұрпаққа жеткізушілер, ұзақ жылдар бойы оны ойында мүлтіксіз сақтап келушілер кімдер деген мәселе жайында көп айта бермейміз.

Өткен ғасырда қазақтың шалқар сахарасын аралаған саяхатшылар, этнограф ғалымдар қазақ ауыз әдебиеті, өнері, тарихы туралы жазған жазбалары, хаттары, күнделіктері, этнографиялық еңбектерінің өте бағалы екендігін айтқан жөн. Мұнда, әсіресе, Ш.Уәлиханов, Г.Н.Потанин, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердіұлы, М.Ж.Көпеев, Ә.Диваев сияқты озық ойлы азаматтар қазақ халқының әдет-ғұрпы, салт-санасы, ауыз әдебиеті жайында тарих, этнография ғылымы үшін маңызды пікірлер қалдырды.

Қазақ халқы ықылым замандардан ауыз әдебиетін, өнерін, өте жоғары бағалаған. Оған дәлел ретінде Шоқанның досы Г.А.Потанин «Қазақтың соңғы ханның үйінде» деген мақаласында өнер иесінің, яғни ақын, жыршы, хиссашылардың өзге адамдармен халық алдында беделдерінің артық екенін, оларды көпшілік қауым құрмет тұтып, ардақтайтынын жазады.

Қазақ тарихын зерттеу ісінде деректанушылық еңбек етіп, шығыстық дерек көздермен қатар, ауызекі тарихи деректерді молынан пайдаланып жүрген ғалым Т.И.Сұлтанов. Белгілі тарихшы Б.Ирмуханов Қазақстанның тарихи өткенінің жазба нұсқаларына арналған ғылыми зерттеулерінде де жергілікті түркі, қазақ тілді қолжазбаларға арнайы тоқталып өтеді.

Қазақстан тарихын зерттеу ісінде көптеген тарихшы ғалымдарымыз белсенді еңбек етіп, тарих ғылымының дамуы үшін ерекше маңызды жаңа деректерді зерттеп, ғылыми айналымға қосу саласында, теориясын қалыптастыруда үлкен қызмет етуде, атап айтсақ, Қ.Атабаевтың еңбектері соның айқын дәлелі. Этнографиялық салада дәстүрлі дерек көздерді пайдалану тәжірибесін жасап жүрген Ж.Артықбаевты да атап өткен жөн.

Қазақ қолжазба кітабының көрнекті үлгісі «Әділ сұлтан» эпикалық жырын А.И.Исин зерттеп ғылыми айналысқа енгізіп, деректанулық талдауын жасады. Жазба деректердің ауызекі тарихи негізде, яғни болған оқиғалардың тікелей қатысушылары мен куәгерлері, далалық ауызекі тарихи деректердің негізінде жазылатынын Ж.М.Төлебаева да өз еңбегінде атап көрсетеді.

Қазақ қолжазбаларының деректік байлығын ғылыми тұрғыдан зерттеп, ғылыми айналымға енгізуде ҚР БҒМ М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қызметкерлерінің еңбектері мол, атап өтер болсақ Б.Уахатов, Е.Тұрсынов, С.Дәуітов, М.Шафиғи, М.Жармұхамедұлы т.б. көптеген ғалымдардың зерттеу еңбектері.

Қорыта айтқанда, ауыз әдебиетіндегі қазақ тарихының зерттелуі мәселелері әсіресе Кеңестік дәуірде, тәуелсіздік жылдарда жаңа методикалық шептерге шыға бастады. Ә.Марғұланнның «Ежелгі жыр, аңыздар» (Алматы, 1985), «Қазақ фольклорының типологиясы» (Алматы, 1981), «Қазақ фольклористикасының тарихы» (Алматы, 1988) , «Фольклор шындығы» (Алматы, 1990), Айтаева Р.Т. «Ауызша тарих айту дәстүрі бойынша XVIII ғасырдағы қазақ қоғамы тарихының мәселелері» (Алматы, 1992), Е.Е.Ысмайылов, М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, С.Мұқанов, Ш.Ибраев, М.Әуезов, С.Мұқанов, және көптеген ғалымдардың еңбектері ауыз әдебиеті мұрасын толық әрі жан-жақты меңгеруге көмектесті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айтбаева Р. Ауызша тарих айту дәстүрі бойынша XVIII ғ. қазақ қоғамы тарихының негізгі мәселелері. - т.ғ.к. дисс. авторефераты. – Алматы, 1992. –38б.
2. Елешова З.Е. ХУ-ХУІІ ғасырлардағы қазақ тарихының фольклорлық нұсқасы. - т.ғ.к. ғылыми дәрежесін. дисс. авторефераты. –Қарағанды, 1999. –35б.
3. Жүсіпова Л. Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ түбі» үлгілері –тарихи дерек көзі ретінде» – т.ғ.к. дәрежесін.дисс. авторефераты. –Алматы: 2002. –31б.
4. Бекмаханов Е. Жеті томдық шығармалар жинағы. 5 том. (Ғылыми мақалалар жинағы). –Павлодар: ЭКО, 2005. – 266б.

UO'K070.4:17

АХБОРОТЛАШГАН МАКОНДА МЕДИАИЖОДҚОР ЭТИКАСИ

МАҲФУЗА МУХТОРОВА САИДМУРОТ ҚИЗИ,

Ўзбекистон журналистика ва оммавий коммуникациялар университети
стажёр-тадқиқотчиси, Тошкент шаҳри.

Резюме. В статье говорится об этике медиатора, которая на сегодняшний день приобретает все большую актуальность. Приведены и проанализированы этические нормы. Обсуждены важность соблюдения этических норм в медиасфере Узбекистана и текущая ситуация.

Summary. The article discusses the ethics of a media creator, which has become relevant today. The ethics of standards is considered. The importance of observing ethical standards in the media sphere of Uzbekistan and its current state are discussed.

“XXI аср – ахборот асри” деб бежизга айтишмайди. Биз ахборот асрида яшаймиз. Ахборот, маълумотлар, информаион технологиялар турмуш тарзимиздан чуқурроқ ўрин олиб бормоқда. Бу жараёнлар эса ортга қайтмайди. Одамлар ана шундай шароитда ахборотлашишнинг фойдали жиҳатларини ўз ҳаётига сингдириб, зарарли томонларининг таъсир даражасини камайтиришни ўрганиши керак.

Ўзбекистон ривожланишининг янги босқичи: 2016–2017 йиллардан бошланган сўз эркинлиги жараёнлари, жаҳонда шиддат билан одимлаб кетаётган информаион технологияларнинг кириб келиши ахборот тарқатувчиларни ҳам, ахборот истеъмолчисини ҳам эсанкиратиб қўймоқда. Бу ҳақда хорижлик мутахассислар “информаионный шум (информаионная перегрузка)”¹ деган атамани қўллашади. Яъни ахборот миқдорининг кескин ошишиб кетишидир. Бу тушунчага интернет оммалашишидан анча йиллар аввал 1970 йилда Элвин Тоффлер² эътибор қаратган. У ўзининг “Келажак ҳайрати” китобида шундай ҳолатни тилга олган. Бу атама кейинчалик янада оммалашди. 1996 йилда Билл Гейтс³ “Келажакка йўл” китобида ахборот миқдорининг кескин ортиши ҳақида тўхталган. Демак, бу жараён интернетодамлар ҳаётидан чуқур жой олишидан олдин содир бўла бошлаган.

Ўзбекистонда “Ахборот миқдорининг кескин ошиши” ҳолати айна шу кунларда намоён бўлмоқда. Одамлар ҳозирча аниқ, ишончли маълумотларни ажратиб олиш кўникмасига эга эмас. Аудиторияга ҳолис маълумотларни саралаб берувчи махсус платформа ёки қонуний меъёрлар, ҳеч қандай усул ишлаб чиқилмади. Мутахассис – журналистлар эса (ҳатто баъзан профессионаллар ҳам) ахборот тарқатиш меъёрларини янги информаион платформаларда татбиқ қилишда чалқашликларга йўл қўймоқда. Вазият янги авлод журналистлари – медиаижодкор этикаси долзарб масала эканини кўрсатмоқда. Қолаверса, ахборот истеъмолчисининг ахборий маданияти шаклланиши ҳам медиаижодкор зиммасидаги масъулиятлардан бири.

Журналист этикаси деган тушунчага қўп бор дуч келамиз. Бироқ унинг асл мазмун-моҳиятини тушунадиган, унга амал қиладиган мухбирлар жуда кам. Бойси янгиликлар йўналиши ноодатий ёндошувни, янги мавзу ва оддий воқеа ёки нарсаларнинг янги жиҳатларини кўрсатиб беришни тақозо қиладди. Айтиқса сўнгги вақтларда журналистлар бу нозик жиҳатга эътибор қилмасликни маъқул кўрмоқда. Бошқа тарафдан медиаижодкор этикасига тўлиқ амал қилиб қизиқарли, ҳам долзарб, ҳам ноодатий материал тайёрлаш мураккаб вазифа.

¹ https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%98%D0%BD%D1%84%D0%BE%D1%80%D0%BC%D0%B0%D1%86%D0%B8%D0%BE%D0%BD%D0%BD%D1%8B%D0%B9_%D1%88%D1%83%D0%BC

² Alvin Toffler (1928-2016 йй.) – америкалик файласуф, социолог, футуролог, постиндустриал жамият концепцияси муаллифларидан бири.

³ William Henri Gates III (1955 йй. Вашингтон) асосан Bill Gates номи билан таниқли. Америкалик тадбиркор, жамоат арбоби, филантроп.

Дунё тажрибасига назар солсак, Европа мамлакатларида журналист этикасига катта эътибор қилинади. 1983 йилда Юнесконинг Прага ва Париждаги маслаҳат кенгашларида “Журналистнинг касб этикаси халқаро принциплари”⁴ қабул қилинган. У 10 та асосий принциплардан иборат:

1. Фуқароларнинг ишончли ахборот олиш ҳуқуқи;
2. Воқеани объектив (холис) ёритиш – журналист бурчи;
3. Журналистнинг ижтимоий масъулияти;
4. Журналистнинг касбий ҳаққоний бўлиши;
5. Ахборот олиш ва ОАВда қатнашиш ҳуқуқи;
6. Инсон қадр-қиммати ва шахсий ҳаётига ҳурмат;
7. Жамоат манфаатларини ҳурмат қилиш;
8. Умуминсоний қадриятлар ва маданий ўзига хосликни ҳурмат қилиш;
9. Инсониятга таҳдид соладиган уруш ва муаммоларга қарши кураш;
10. Жаҳон информацион ва коммуникацион тузилмаларини ривожлантириш бандларидан иборат.

2019 йилда Ўзбекистон журналистлари ижодий уюшмасининг IV конференциясида “Журналистларнинг касб этикаси кодекси”⁵ тасдиқланган. У халқаро миқёсдаги журналистлар касб этикаси принципларидаги асосий жиҳатларни ўзида акс эттириш билан бирга: ахборот манбаи ва унинг махфийлиги; миллийлик ва маънавият; плагиат; журналистлар бирдамлиги; оммавий ахборот воситалари бўйича жамоатчилик кенгаши бандлари мавжуд. Булар Ўзбекистоннинг ўз қонунчилиги, менталитетидан келиб чиқадиган меъёрлардир. Бир тарафдан ОАВ фаолиятига доир қанча қонун ёки қонуности ҳужжатлар кўп бўлса, ОАВ эркинлиги чегараланиб бораверади. Бошқа томондан эса ҳар бир давлат ўз тараккиёт йўлидан келиб чиққан ҳолда ёндошиши табиий ҳолат. ОАВ фаолияти назоратга олинишининг яхши тарафлари ҳам, ёмон тарафлари ҳам бор. Фақат ягона қоида – олтин меъёр бузилмаслиги муҳим. Ўзбекистон медиамайдонида сўнгги вақтларда медиаижодкор этикасининг энг кўп амал қилинмаётган принципи плагиат⁶ номли бандидир.

Янгиликлар журналистикасида ижод қилувчи мутахассисни бадиий образ орқали тасаввурқилсак, журналист Константин Гавриловнинг куйидаги сўзлари айтиш ҳақиқат: “Мухбир — аскар, ўз армияси учун курашувчи аскар. У жангда ютиб чиқиш ва прайм-таймда юқори рейтингни эгаллаш учун барча имкониятни ишга солади. Унинг кичик бир фронтхудои – лавҳа. У энг қизиқарли ҳикояни яратиш орқали рақобатчилар устидан ғалаба қозониши талаб этилади. Бу телеканал учун фойдали. Ахлоқ-одоб меъёрларга мос бўлса бас. Этика бу рақобатчилар материалдан яхши бўлишига сабаб бўлувчи барча жиҳатлардир (қонунчилик доирасида). Этика бу эксклюзив (ўзига хос, ягона, ёрқин) материал тайёрлашга хизмат қилувчи барча жиҳатлардир. Этика бу ёрқин синхрон (ўзаро мутаносиблик, чамбарчаслик)лик топа билиш. Ўзига хос, ёрқин, қизиқарли стендапни ёзиш.”⁷

Жорий йилнинг январь ойи охирида “kompromatuzb” телеграм канали администраторларига нисбатан ҳуқуқий чора кўрилган. Улар Ўзбекистон Республикаси Жиноят кодексининг 165-моддаси товламачилик банди билан жавобгарликка тортилган. Бу жараёнда нафақат медиаижодкор этикаси бузилган, балки жиноят даражасидаги ҳуқуқбузарлик ҳам содир этилган. Сабаби, платформада тарқатилаётган хабарларда айнан йўналтирилган шахсларни обрўсизлантиришга қаратилган материаллар ҳам учради. Баъзан таҳдид оҳангидаги материаллар эълон қилинарди. Агар журналист кўлидаги қуролни тўғри ишлатишни билмаса, бу унинг ўзига қарши қадалиши мумкин. Қуролни тўғри ишлатиш эса қонунчиликни яхши билиш билан боғлиқ. Медиаижодкор этикаси бузилаётган яна бир ҳолат “Миллий” телеканалининг “Миллар” кўрсатуви мухбирлари тайёрлаётган лавҳалар. Материални қизиқарли қилиш учун турли усулларни қўллайди. Масалан, бир йигитнинг ўлдирилиб, қутига солиб жар ёқасидан сувга итариб юборилгани ҳолатини мухбир ўзи такрорлаб кўрсатиб беради. Мухбир ҳамиша ёдда сақлаши керак бўлган жиҳат бу – яхши нарсани ҳам, ёмон нарсани ҳам тарғиботчисига айланишидир. Бу

⁴https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%96%D1%83%D1%80%D0%BD%D0%B0%D0%BB%D0%B8%D1%81%D1%82%D1%81%D0%BA%D0%B8%D0%B5_%D1%8D%D1%82%D0%B8%D0%BA%D0%B0_%D0%B8_%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D0%B4%D0%B0%D1%80%D1%82%D1%8B

⁵ <https://xs.uz/uzkr/post/ozbekiston-zhurnalistlarining-kasb-etikasi-kodeksi>

⁶Лотинча *plagiatus* – ўғирланган

⁷К.Гаврилов (1965 й.) – информацион журналист. “Как делать сюжет новостей” китоби муаллифи.

ҳолатда мухбир вафот этган бўлса-да, ўша йигитнинг шахсига ҳурматсизлик қилган. Унинг яқинлари бу лавҳани кўриб, ўз фарзандини ўша қиёфада тасаввур қилиши ҳеч гап эмас.

Хулоса ўрнида: соҳани ўрганаётган мутахассислар мавжуд бадий, назарий, ҳуқуқий адабиётларни яхши ўзлаштиради, диққат билан ўқиса, дунёқарашига этикавий меъёрларни сингдирса бу унинг учун оддий ҳолга айланади. Воқеаларга ўша назар билан қарайди. Ана шунда информацион материал тайёрлаш унинг ўз учун ҳам қизиқ жараёнга айланади. Мураккабликларга дуч келмайди. Бу жараён мавжуд тузумдаги қонунчилик масалалари билан ҳам боғлиқ бўлиб, нафақат соҳага янги кириб келаётган мутахассис балки, фаолият юритаётган журналист-мухбирлар ҳам доимий равишда такрорлаб, янги тартиблар билан танишиб боришдан тўхтамаслиги керак.

Фойдаланилган адабиётлар:

1. Гаврилов К., “Как делать сюжет новостей”. Санкт-Петербург. Амфора нашриёти, 2007 йил – 112 бет.

2. Дўстмуҳаммад Х., “Журналистнинг касб одоби муаммолари”. Тошкент. Янги аср аводи, 2007 йил – 216 бет.

ӘОЖ 37.0.

ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТИНИ ДАМУҒЫ АРҚЫЛЫ ҚОЛАЙЛЫ ТӘРБИЕ БЕРУ ОРТАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

КОЛБАЕВА Ж.А.

Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты КЕ АҚ,
Рухани-адамгершілік білімді дамуы бөлімінің аға оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается проблемы обеспечения благоприятной образовательной среды путем развития эмоционального интеллекта дошкольников. Автор подробно рассматривает важность развития эмоционального интеллекта у детей дошкольного возраста.

Эмоциональный интеллект – это способность человека понимать свои эмоции и эмоции других людей и адаптироваться к их эмоциональному состоянию. В настоящее время возникают вопросы о развитии мягких навыков. Таким образом, можно видеть, что реализация мер на всех уровнях образования, направленных на развитие у детей мягких навыков: эмоционального самосознания, саморегуляции, мотивации, эмпатии, эффективного межличностного общения, критического понимания и проявления другим, самоконтроля, саморегуляция, способность чувствовать эмоции других, сочувствие и общение – необходимость сегодняшнего дня. В недавних исследованиях ученые обнаружили, что люди с хорошо развитым EQ-эмоциональным интеллектом в 4 раза более успешны. Развитие компонентов эмоционального интеллекта дошкольников, умения выражать и идентифицировать свои эмоции, зависит от эмоционального состояния ребенка и опыта эмоционального общения со взрослыми.

Summary. The article deals with the problems of providing a favorable educational environment through the development of emotional intelligence of preschoolers. The author examines in detail the importance of developing emotional intelligence in preschool children.

Emotional intelligence is the ability of a person to understand their own and other people's emotions and adapt to their emotional state. Currently, questions are being raised about the development of inferior skills. Therefore, it can be seen that the implementation of measures at all levels of education aimed at developing children's skills of emotional self-awareness, self-regulation, motivation, empathy, effective interpersonal communication, critical understanding and manifestation to others, self-control, self-regulation, the ability to feel the emotions of others, empathy and communication, is a necessity of the current day. In recent studies, scientists have found that people with a well-developed EQ-emotional intelligence are 4 times more successful. The development of the components of the emotional intelligence of preschoolers, the ability to express and identify their emotions, depends on the emotional state of the child and the experience of emotional communication with adults.

Мектепке дейінгі жас – әр адамның өміріндегі жарқын, қайталанбас кезең. Дәл осы кезеңде әлеуметтену процесі жүреді, баланың болмыстың жетекші салаларымен: адамдар әлемімен, табиғатпен, қоршаған ортамен байланысы орнатылады. Қазіргі уақытта ақыл мен сезімдердің, эмоциялардың өзара әрекеті мен өзара ықпалының байланысын зерттеу мәселесі қызығушылықты арттыруда. Эмоционалды интеллектінің дамуы мектепке дейінгі жастан басталады. Эмоционалды интеллект баланың жеке тұлға ретінде дамуының негізі болып табылады және өзін-өзі тану ерекшеліктерін, оның дүниеге көзқарасын, мінез-құлқы мен адамдар арасындағы өзін ұстауы мен сезінуін анықтайды. Мектеп жасына дейінгі балалардағы эмоционалды интеллект құбылысын терең зерттеу қажет, өйткені бұл балалар арасында туындайтын эмоционалды процестер мен күйлерді тереңірек білу арқылы қарым-қатынасты оңтайландыруға нақты мүмкіндік ашады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптарында (2-тарауы) әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру (11 тармақшасы) төмендегідей көрсетілген:

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады.

Балалардың әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту:

- 1) балалардың сезімдері мен эмоцияларын қабылдау, тану және қолдау;
- 2) баланың және айналасындағы адамдардың сезімдерін сөзбен жеткізу;
- 3) өзіне және айналасындағы адамдарға қамқорлық танытуға қолдау көрсету;
- 4) балалармен мәнді өзара қарым-қатынас орнату;
- 5) командада жұмыс істеу;
- 6) балалардың түрлі іс-әрекетінде топтағы қарым-қатынасты, бастаманы және дербестікті қолдау;
- 7) балалармен мазмұнды диалог жүргізу;
- 8) еркін ойын кезінде балаларға пікірлерін айтуға мүмкіндік беру арқылы жүзеге асырылады [1, 4б.].

Эмоционалды интеллект – адамның өзінің және өзгелердің эмоциясын түсіне білуі және олардың эмоциялық күйіне бейімделуі. Қазір кезде икемді дағдыларды дамыту мәселелері көтерілуде. Сондықтан балалардың эмоциялық өзіндік сана, өзін-өзі реттеу, ынталандыру, эмпатия, тиімді тұлғааралық коммуникация, сыниойлау және өзін-өзі бақылаудағдыларын дамытуға бағытталған шараларды білім берудің барлық деңгейлерінде жүзеге асыру қазіргі күннің қажеттілігі екенін көруге болады.

Соңғы зерттеулерде ғалымдар EQ- эмоционалды интеллекті жақсы дамыған адамдардың 4 есе табысты болатындығына көз жеткізді. Қазіргі таңда бүкіләлемдік экономикалық форумда жарияланған он дағды (Давос, 2016) әлемдік трендке айналды. Эмоциялық интеллекті жоғары адамдардың көшбасшылық қабілеті мен басқалармен тиімді қарым-қатынасқа түсу деңгейі жоғары болатынын көптеген зерттеулерде дәлелденген [2, 24б.]. Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды интеллектін дамытудың өзектілігі, бір жағынан қолайлы психологиялық ахуалға, екінші жағынан мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына байланысты. Аталған нормативті құжатта мектепке дейінгі ұйым қызметінің мақсаты баланы әлеуметтік-коммуникативтік дамытудың қажеттілігін, оның ішінде «әлеуметтік және эмоционалды интеллектін, жауапкершілігін, құрдастарымен бірлескен іс-әрекетке дайын болудың» керектігі көрсетілген [1, 6б.].

Эмоционалды интеллектінің шығу тарихына қысқаша тоқталсақ, IQ-ге ұқсас EQ эмоционалды коэффициенті мен эмоциялық интеллект терминін алғаш енгізген израиль психологы Рувен Бар-Он. Р.Бар-Он эмоциялық интеллект туралы түсіндірмесін «айналадағы қысым мен талаптарды табысты еңсеру қабілетіне ықпал ететін көптеген когнитивті емес қабілеттер мен дағдылар» ретінде ұсынды. Сондықтан бұл теория Р.Бар-Онның когнитивті емес эмоциялық интеллект теориясы деген атқа ие болды. Эмоциялық интеллект терминін психология саласын енуіне үлес қосқан Дж.Мейер және П.Сэлоуей. Олар эмоцияны көрсету және бағалау, эмоцияларды реттеу, эмоцияны іс-әрекетте және ойлау үдерісінде қолдану қабілеттерінің негізінде эмоциялық интеллектінің иерархиялық моделін құрастырған. Сонымен бірге эмоциялық интеллектіні өлшеу әдістемесінің бірінші нұсқасын (MEIS) әзірлеген. 1870 жылы Чарльз Дарвин

сыртқы көрініс арқылы адам эмоциясын зерттеуге талпыныс жасады. 1920 жылы америкалық психолог Эдвард Торндайк алғаш рет әлеуметтік ақыл-ой ұғымын ғылымға енгізді. Жалпы эмоциялық интеллектіні кеңінен қарастыру, насихаттау толқыны американдық психолог, ғылыми журналист Дэниел Гоулманның әлемге танымал ктабынан басталады. Ол «эмоциялық интеллект – өмірдің барлық салаларында табысты болудың негізгі кілті» деген тұжырымын әлемге жариялады. Әсіресе көшбасшы үшін EQ-дің аса маңызды екендігін анықтаған. Қорыта айтқанда, баланың қандай отбасында тәрбиеленгені, мектепте, университетте алған бағасы үлкен өмірге сүйеу бола алмайтынын көрсеткен. Адамның қоршаған ортамен байланысы, яғни эмоцияны игере алуы болашағына кепіл бола алатынын жазған[2, 376.].

Балалардың эмоционалды интеллектін дамыту ерекшеліктерін зерттеген шетел ғалымдары Н.Остер (1988), Р.Екман (1978), Изард (1999), З.Матейчек, Й.Лангмейер (1984), И.А. Сикорский (1904), А.В. Запорожец (1960), Я.З.Неверович (1974, 1984), Е.А.Сергиенко (2009), Б.И. Изотова (1994, 2003), Е.О. Смирнова (2006), балалардың үлкендермен эмоционалды қарым-қатынас жасаудың маңыздылығына тоқталады.

Жақында жүргізілген зерттеулер көңіл толтырмайтын статистиканы көрсетті: қазіргі ұрпақтың IQ деңгейі өсіп, эмоционалды деңгейі төмендеген. Балалар ақылдырақ болып, бірақ олардың ақыл-ойын басқару қабілеті төмендеген. Бұл нәтижелер өз кезегінде ерте ме, кеш пе кәсіби салада да, жеке өмірде де жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін. Көбінесе эмоцияларды тану және басқару қабілетінің төмендігі жаңа мақсаттар мен жетістіктерге жетуге кедергі келтіреді.

EQ әсер ететін бірнеше фактор бар: өзін-өзі түсіну, өзін-өзі реттеу, мотивация, эмпатия, әлеуметтік дағдылар.

- ✓ **Өзін-өзі тану** – адамның өз эмоциясы мен мотивациясын дұрыс түсіну, оның әлсіз және күшті жақтарын бағалау, мақсаттары мен өмірлік құндылықтарын анықтау қабілеті.
- ✓ **Өзін-өзі реттеу** – өз эмоцияларын бақылау және импульстарды тежеу қабілеті.
- ✓ **Мотивация** – мақсатқа жету үшін ұмтылу.
- ✓ **Эмпатия** – басқалардың эмоцияларын түсіну, шешім қабылдау кезінде басқа адамдардың сезімін ескеру, сонымен қатар басқа адамдарға эмпатия жасау қабілеті.
- ✓ **Әлеуметтік дағдылар** – адамдармен қарым-қатынас орнату және олардың мінез-құлқын қажетті бағытқа бағыттау білу.

Өзін-өзі тану және өзін-өзі бақылау өзімізбен жұмыс істеуге көмектеседі, ал әлеуметтік құзыреттілік пен қарым-қатынасты басқару басқалармен берік қарым-қатынас орнатуға көмектеседі.[3, 16-21б.].

Оқу-тәрбие процесінде эмоционалды интеллектіні дамыту жолдары:

1. Сезімдермен бөлісу.

Тәрбиеші немесе мұғалім эмоционалды реттеудің ең жақсы үлгілері болып табылады. Сезімдеріңізбен, күні бойы бастан кешірген эмоцияларыңызбен бөлісу - балаларға сезім мен мінез-құлық арасындағы байланысты түсінуге көмектесетін сенімді әдіс.

2. Қажетті реңкін келтіру.

Күнді балалардан оларды мазалайтын нәрселер туралы сұраудан бастаңыз. Үй тапсырмасын, таңғы асқа не ішкенін және т.б. талқылау арқылы балалардың сезімдері мен эмоцияларын тудыруы мүмкін кез келген оқиғаларды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл оқу іс-әрекетінің реңкін келтіреді, сондай-ақ бүгін қандай балалардың көңіл-күйінің болмауы мүмкін екенін және неліктен екенін түсінуге жағдай жасайды.

3. Эмоцияларды түсінуге және оларды түзете білу.

Эмоциялық тұрақтылықты дамыту үшін тек позитивті ойлауды ғана емес, балаларды көңіл-күйіне әсер еткен оқиғаларды қабылдауға және талдауға үйрету керек. Рефлексия эмоцияларды түсіну үшін өте тиімді, оның көмегімен балалар қорытындылайды, бүгін не сезінгенін, нені ұнатқанын немесе ұнатпағанын және неге екенін айтады.

4. Эмоциялық бақылау.

Эмоционалды бақылау - басқарылатын нәрсеге әсер ету қабілеті. Мысалы, біз дөрекі әріптестің мінез-құлқын шынымен басқара алмаймыз, бірақ өзімізді басқара аламыз. Мұны түсіне отырып, біз эмоцияларымызды бақылауға және стресс деңгейін төмендетуге көмектесетін арнайы жаттығуларды қолдана аламыз. Ең бастысы, біз балаларымызға да өз эмоцияларын бақылауды үйрете аламыз[4, 30-33б.].

Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды интеллектісін дамыту тәрбие мен оқыту үдерісінде және іс-әрекеттерде дамиды. Балалардың эмоционалды интеллектісін дамытуға жағымды көңіл-күйді дамыту жаттығулары мен тренингтерді қолдануға болады.Тәрбиеші әрбір

күнді балаларға жақсы тілек, жылы сөз айтумен бастайды, яғни балаларға жағымды көңіл күй сыйлайды. Қолыңызды жүрегіңізге қойып, менімен бірге қайталаңыз:

Мынау менің жүрегім,
Бәрі осыдан басталған.
Мынау басым – ақылды,
Барлық істі басқарған.
Мынау менің – оң қолым,
Мынау менің – сол қолым,
Барлық істі атқарған.

«Балапанды сақта» тренингі. Тәрбиеші баяу музыкамен мәтінді айтады, балалар тәрбиешімен бірге қимылмен көрсетеді:

«Қолыңызда кішкентай дәрменсіз балапан бар деп елестетіп көріңіз. Сіз оның өміріне жауаптысыз. Қолыңызды алақаныңызды ашып жоғары қарай созыңыз, енді оны жылытыңыз. Алақаныңызды бүктеп, оларға балапанды жасырыңыз, оған дем алыңыз, алақаныңызды кеудеңізге қойыңыз. Балапанмен жүрегіңіздің мейірімділігімен бөлісіңіз. Енді алақандарыңызды ашыңыз, сіз балапанның жылынып, қуана ұшқанын көресіз. Оған күлімдеңіз, қол бұлғаңыз. Тамаша, сіз оның өмірін сақтадыңыз!»

«Айдаһардың құйрығы» тренингі. Бұл ойын-тренинг балаларға қорқыныштан, тітіркенуден арылып, өздерін ортада жайлы сезінуге, қарым-қатынасқа түсуді жеңілдетуге көмектеседі. Ойын барысында көңілді музыканы қосқан жөн. Бірінен соң бірі тізбекке тізіліп, алдыңғы жолдастың иығынан ұстаған балалар айдаһардың денесін бейнелейді. Бірінші тұрған бала - айдаһардың басы, ол «құйрықты» ұстауға тырысады, ол - тізбектегі соңғы бала. Оның міндеті ептілікпен жалтарып, ұстатпау, бірақ тізбектен шығып қалмау керек. Осылай айдаһар ұстаған балаларды бір топқа жинай береді. Мысалы, 5 балаға жеткенде айдаһардың басын басқа баламен алмастырып, ойынды жалғастыруға болады.

Қорытындылай келе, эмоционалды интеллектіні дамыту қауіпсіз, қолайлы тәрбие ортасы жағдайында тиімді екені анықталып отыр. Мұндай ортаның негізгі факторы тәрбиеші мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынас болып табылады. Тәрбиешімен осындай қарым-қатынаста болған жағдайда балалар өздерінің жеке тұлға ретінде құрметтелетінін, қолдау көрсетілетінін және бағаланатынын көреді және түсінеді. Тәрбиеші мен баланың оң қарым-қатынасы тұлғаның әлеуметтік және эмоционалды дамуына, мінез-құлық құзыреттілігіне ықпал ететіні сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.

2. Гоулман. Д. Эмоциональный интеллект. Почему он может значить больше, чем IQ. – Изд-во: Манн, Иванов и Фербер, 2020.

3. Карпушенко М.С., Развитие эмоционального интеллекта у детей и взрослых. – Методическое пособие. Владивосток, 2020.

4. Каримова Б.Т. Қауіпсіз білім беру ортасы-білім беру ұйымының мақсатты бағыты. – Педагогикалық альманах, 2017, №1.

ӘОЖ. 37.019.01

БІРІНШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БЕЙІМДЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ҚАСАБОЛАТОВА А.Ж.


Б.Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназиясы, бастауыш сынып мұғалімі,
зерттеуші- педагог, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассмотрены особенности адаптации первоклассников.

Summary. The article discusses the features of adaptation of first graders.

Алғаш мектепке қабылданған балада әртүрлі қиындықтар болатыны әйгілі. Баланың дұрыс бейімделуі әлеуметтік өмірдің дайын формалары мен әдістерін саналы түрде игеріп, материалдық және рухани мәдениетпен өзара әрекеттесу тәсілдерін, қоғамға бейімделуді ғана емес, сонымен қатар ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасай отырып өздерінің әлеуметтік тәжірибелерін, құндылық бағдарларын, өмір салтын дұрыс дамуын қамтиды. Баланың үйлесімді өмір сүруі, кез-келген ортада жағдай жасау талаптары Бала құқығы туралы конвенцияда [1] бала денсаулығы туралы құжаттарда[2], «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында да қарастырылған. [3]

Біздің елімізде де, шетелде де баланың әлеуметтенуін зерттеуге деген ғылыми қызығушылық қазіргі уақытта да өте өзекті болып отыр. Біздің ойымызша, баланың әлеуметтенуі тұлғаның қалыптасуын анықтайтын жағдайлар жүйесі ретінде ғана емес, сонымен қатар адамның дамуы үшін мүмкіндіктер кешені ретінде қарастырылғаны жөн. Ол үшін бірінші сынып оқушыларының мектепке дұрыс бейімделуі маңызды деп есептейміз. Әлемдік ғалымдардың еңбектерін зерделеуде әлі де қарастырылатын өзекті мәселе ретінде маңызды екендігін байқадық. Оны біз 1-суреттегі диаграммада ұсынып отырмыз.



1-сурет. Әлемдік әдебиеттер базасында балалардың икемделу үдерісінің зерттелу диаграммасы.

1-Суреттен байқағанымыздай, зерттеу тақырыбы әлем зерттеушілерінің назарында да заман талабына сай өзгеріп дамып отырғандығын байқадық. Елімізде әртүрлі ғалымдар мен педагогтердың еңбектеріне сүйене отырып баланың дамуына байланысты зерттеу жүргізген ғалым-зерттеушілер баршылық. Физикалық денсаулықты сақтаудың теориялық негіздері мен практикалық маңыздылығы К.Н Джуланова, М.Т. Айхожаева, Ж.К. Мұса, А.С. Әділханов, К.А. Жаңабердиева, З.Г. Брусенко, А.Шарман, А.Д. Соколов, З.С. Абишева, Х.К. Сатбаевалар қарастырған. Физикалық денсаулықты сақтауда А.С. Әділханов, К.А. Жаңабердиевалар қарастырған.

Мектеп баланың физикалық және интеллектуалдық күштерін жұмылдыруды қажет ететін көптеген жаңа міндеттерді қояды. Бірінші сынып оқушысы оның өмірінде пайда болған жаңа жағдайларға үйрену, оларға бейімделу қажет болады. Бұл мектепке бейімделу туралы-оқудың бірінші жылындағы ең қарқынды кезең.

Мектепке келген балаға әлеуметтік, физиологиялық және психологиялық деңгейде көмек қажеттілігін педагогтерге қойылып отырған талап артуда. Бірінші сынып оқушыларының мектеп жағдайына бейімделуі психологиялық-педагогикалық ғылымның өзекті мәселелері. Ғаламдық зерттеулер тарапынан осындай қызығушылық және бастауыш мектепте бейімделмеген балалардың саны жыл сайын артып келетіндігін статистикалар дәлелдеуде.

И.А.Хоменконың пікірінше, баланың дұрыс бейімделуі – бұл ортақ сенім, құндылықтар мен мақсаттар, ұзақ мерзімді қатынастар, еріктілік, ынтымақтастық нәтижесі үшін өзара жауапкершілікті сезінумен сипатталатын бірлескен қызметтің ерекше түрі. Ол білім беру ұйымы және отбасымен әлеуметтік серіктестік қарым-қатынасты құрудың келесі кезеңдерін атап көрсетті:

1 кезең – танысу. Бұл кезеңде екі тараптың бірыңғай мақсаттары, құндылықтары және ресурстары анықталады.

2 кезең – бірлескен қызмет. Мұнда ынтымақтастық бағдарламасы жасалып, оны іске асыру барысында ата-аналардың мектепке дейінгі ұйымға сенімі мен белгілі бір құзыреттіліктері қалыптасады.

3 кезең – өзара әрекеттесу формаларын таңдау еркіндігі мен еріктілікке негізделген серіктестіктің өзі.[4]

Ya.L. Vodopivets, A. Shindich пікірлерінше, бірінші сынып оқушыларының жаңа жағдайларға бейімделуі екі түрлі жағдайы бойынша дамуы мүмкін. Бала мектепке сәтті бейімделе алады (ол оқушының жаңа әлеуметтік рөлін қабылдайды және біледі, түсінеді оған қойылатын талаптар) немесе мектепке бейімделмеу. Соңғы жағдайда баланың бейімделмеуі туралы мәселелер көп орын алуда. Баланың дұрыс бейімделе алмауын ғалымдар дезадаптация деп қарастырады. Осы орайда дезадаптацияның белгілері сәтсіздік, ұрыс-керіс, қыңырлық, жаман мінез-құлық, энурез, құрдастарымен және мұғаліммен нашар қарым-қатынас болуы мүмкін деп есептейді[5.p33].

Ғалымдар баланың «Психогендік ауруы» және «Баланың жеке басының психогендік қалыптасуы», оның мектеп пен отбасындағы субъективті және объективті мәртебесін бұзып, оқу-тәрбие процесін қиындатуы мүмкін деп болжайды

Психогендік ауру травма жағдайлардың әсерінен пайда болады. Бірінші сынып оқушыларында мұндай травмалықфактор мектепке бейімделудің сәтсіздігі, мектептегі қолайсыз психологиялық атмосфера, мұғаліммен және сыныптастарымен қарым-қатынастың нашарлауы болуы мүмкін. Психологтар бейімделмеген бірінші сынып оқушыларының 30% - на дейін білікті психологиялық көмек қажет екенін және «Әлі дебалалардың көп пайызы психотерапияға дейінгі формаларында психологиялық көмек пен профилактиканы қажет етеді»-деп есептейді. [6p.410]

Ozernov-Palchik O. et al. зерттеулерінде осы орайда зерттеулер қатарына әлемдік зерттеулерде маңызды саналып жүрген қазіргі балалардың ерекшеліктерін қарастырмауға болмайды деп есептейміз. Сондықтан әрбір педагог қазіргі балалардың даму ерекшеліктері туралы ескеру керек. Осыған орай қазіргі балалардың ерекшеліктері туралы зерттеп жүрген ғалымдар қазіргі балалар өзінің және өзгенің шекарасын құрметтеу, жоғары төзімділік және қоршаған әлемді даралау атмосферасында өсіп келеді. Осыған байланысты балалар барлық алдыңғы ұрпақтарға қарағанда агрессивті емес. Бұл дүниені, басындағы бейбіт аспанды бағалай білмейтін балалар. Тек олар ненің басқаша болуы мүмкін екенін білмейтіндіктен. Олар соғыс уақытында өмір сүрген жоқ және ешқашан бұрынғы ұрпақтар басынан өткерген деңгейде өздерінің қауіпсіздігі үшін қорқынышты сезінбеді. Мұның кемшілігі бар - олар осал. Қазіргібалалардыпышақпен ұрып, ренжітуге оңай, өйткені оларда күшті психологиялық қорғаныс жоқ, өйткені олар күресуге дағдыланбаған деп есептейді. [7 p. 155]

Carvajal-Velez L. et al. зерттеулерінде бұл өтірік пен шындықты оңай ажырататын балалар. Оларда сөзсіз сенуге болатын белгілі бір беделді білім көзі жоқ. «Қар жесең, тамағың ауырады» деген бабайлық пен сұмдық әңгімелер оларды қорқыта алмайды. Олар вакцинацияның маңыздылығы туралы өздері оқып, шарикті қаламсаптағы толтыруды қалай өзгертуден термодинамика заңдарына дейін кез келген сұрақтарға жауап табуға мүмкіндіктері бар деп есептейді.Білім беру жан-жақты болуы және баланың шынайы әлемді игеруіне көмектесуі керек. Балалар өздеріне қамқорлық жасай білуі керек мысалы, қандай да бір шартты апаттан интернетсіз от жағуды, улы өсімдікті жеуге жарамды өсімдіктен ажыратуды білетіндер аман қалады. Біздің ұрпаққа табиғи болып көрінетін дағдылар, мысалы, тұрмыстық және тұрмыстық қажеттіліктерге байланысты өзін-өзі күту дағдылары, альфа буыны үшін мақсатты түрде үйренуді қажет ететін нәрселерге айналады. Олар киінуді, тамақ әзірлеуді, аяқ киімінің бауын байлауды, зерігумен күресуді, тыныштықты үйренуі керек. Өйткені олар өмір сүретін әлемде бұл жасанды интеллектке аутсорсинг болуы әбден мүмкін, ал миды жаңа ойын-сауық пен әсерлермен үнемі тамақтандыру өзімен жалғыз қалуды үйренуге мүмкіндік бермейді деп есептейді. [8.34-39p.]

Бір жағынан, біз бұл балалардың елеулі істерге қабілетті екенін көреміз, өйткені көпшілігі жаһандық жылыну және қоршаған орта, кедейлік, экономикалық теңсіздік мәселелерімен айналысады. Екінші жағынан, біз олардың рейтингтерге, ұнатуларға және сыртқы қолдауға тәуелді болып бара жатқанына тап болдық. Бұл – мақтау мен бағалауға, секунд сайын жақсырақ, жоғарырақ, күштірек болуға құмар ұрпақ. Балалар қарқын алып, танымал және маңызды болу қаншалықты оңай екенін көреді, содан кейін бәрін жоғалтады, өйткені олар енді ілесе алмайтын жаңа кейіпкер пайда болды.Сонымен қатар, ақпаратқа жылдам және оңай қол жеткізсе, бала оны меңгерген деген өзінде иллюзия болады. Бірақ шын мәнінде білімді дұрыс қолдану, түсіну, талдау

және өңдеу үшін ұзақ және біркелкі жұмыс істеу керек. Сондықтан да бүгінгі таңда бала дамуына көңіл бөлген жөн деп есептейміз.

Қазіргі ата-аналар балалардың қандай әлемге дайындалып жатқанын білмейді, сондықтан олар қосымша курстарға көп береді. Балаларын шет тілін меңгертуге, Монтессори сабақтарында олар үтіктеу және қызанақ өсіру дағдыларын үйренеді, ал мектепте олар Python тіліндегі бағдарламаларды меңгеруге дайын. Бәрін бірден беруге тырысады, мұның өз кемшіліктері де бар. Балалық уақытында қарым-қатынасты дұрыс меңгермеген бала өскенде тоқырауға ұшырайды.

Біздің ойымызша, біз жоғарыда тізімдеген және бірінші сынып оқушысының бейімделуінің қалыптасуына әсер ететін факторларға қоса мұғалімді оқытудың авторитарлық стилі баланың дұрыс бейімделмеуіне әсер етеді. Біздің ұстанымымыз көптеген эксперименттік зерттеулердің нәтижелерімен расталады. Жоғарыда айтылғандардан басқа оқушының позициясына отбасы да, отбасында қалыптасқан қарым-қатынас стилі де бейімделуді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Эмоционалды климат, отбасының психологиялық атмосферасы қалыптасуда маңызды рөл атқарады. Мектеп пен отбасы балаға қатысты бірыңғай талаптарды ұстануы керек.

Педагог-психолог жұмысының практикалық бағыттылығына негізделген бірінші сынып оқушысының мектепке бейімделу процесін зерттеу диагностикалық мәліметтерді талдау негізінде анықталатын деңгейлерді анықтауды, сонымен қатар бейімделу кезеңінде баланың басынан өткен психологиялық қиындықтарды мазмұнды (сапалық) талдау. Диагностикалық нәтижелерге негізделген

Мектепке бейімделу процесінде қиындықтарға тап болған оқушылармен түзету-дамыту жұмыстарын жүргізуге қажеттілігін айқындауға болады.

Білім берудің бастапқы кезеңінде жұмыстың табысты болуының негізгі сәттері:

- бірінші сынып оқушысы мектептің жаңа талаптарын қабылдауда, түсінуде және жүзеге асыруда көмекті қажет етеді, оның жаңа рөлін оңай қабылдайтындай қолдау қажет.

- алдымен жұмыс жазуды, санауды үйретуге емес, баланы күнделікті тәртіпке қабылдауға, дағдыландыруға және санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтауға бағытталуы керек. Мектепке бейімделу кезеңінде балалардың әл-ауқатын жақсарту үшін мұғалім келесі шарттарды орындауды қамтамасыз еткені жөн:

1. Балаға үй тапсырмасын көп жүктемеу. Бірінші сыныпта мұғалімнің негізгі міндеті - жаңа өмір жағдайларына сәтті бейімделуге көмектесу.

2. Үй тапсырмасы ретінде бала өз бетімен орындай алатын тапсырмалар ғана болуы керек.

3. Мектептегі сабақтарды қысқа ойындармен, дене жаттығуларымен, таза ауада серуендеумен толықтыру.

4. Балаларды сабақтан кейін кез келген спорт секцияларына қатысуға шақырыңыз. Мұны істеу үшін сіз ата-аналармен сөйлесу, балалардың өздерін қызықтыру. Сонымен, балалардың мектепке бейімделу проблемасы білім берудің бастауыш сатысының маңызды мәселелерінің бірі оны табысты шешу бірінші сынып оқушысының тұлғасының одан әрі дамуын анықтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Біріккен ұлттар ұйымының бала құқықтары туралы конвенциясы. www.unicef.org Қарау күні 24.01.2023ж.

2. Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI ҚРЗ бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000169>

3. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext=Білімді+ұлт+жоб.>

4. Выготский Л.С. Мышление и речь // Психология развития человека. М.: Смысл: Эксмо, 2005. – С. 35–40.

5. Vodopivets Ya. L., Shindich A. Adaptation of children to preschool institutions in changed conditions COVID 19 // Come in different social situations in the image transitions in different social and educational environments. – p. 33.

6. Teleková R. et al. Adaptation Difficulties of Children at the Beginning of School Attendance Based on the Optics of Primary School Teachers // Children. – 2023. – Т. 10. – №. 2. – С. 410.

7. Ozernov-Palchik O. et al. Speech-specific perceptual adaptation deficits in children and adults with dyslexia // Journal of Experimental Psychology: General. – 2022. – Т. 151. – №. 7. – С. 1556.

ӘОЖ 78.56

ТӘРБИЕ ӘДІСТЕРІ, ОЛАРДЫ ТАҢДАУ ЖӘНЕ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

ОРДАБАЕВА Р.Б.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются в группу воспитательных методов входят методы, служащие для регуляции, своевременной коррекции и стимулирования поведения и действий воспитателей.

Summary. The article considers the group of educational methods includes methods that serve to regulate, timely correct and stimulate the behavior and actions of educators.

Бүгінде оқушылардың ұжымын ұйымдастыруда педагогтің талап қоюы шешуші роль атқарады. Мұнда нақтылы педагогикалық жағдайға байланысты талаптың түрі, мазмұны іріктелінеді. Тәрбиешінің қатынасы педагогикалық талаптың нәтижелі болуына ықпал жасайды. Тұтас педагогикалық процестер тәрбиеленушіге педагогикалық талап қоюмен, дұрыс іс істеуге мәжбүр етуді сабақтастырып отыру заңдылығын жүзеге асыру көзделінеді.

Тәрбие әдісінің жүйесінде жаттығу елеулі орын алады. Жаттығу мінез – құлықтың нормалары мен ережелеріне сай тәрбиешінің әр түрлі іс - әрекетті ұйымдастыру арқылы оқушыларды тәрбиелеудің ерекше әдісі ретінде қарастырылады. Жаттығу әдісінің құндылығы мынада: педагогикалық процесте тәрбиеленушілердің орындайтын жаттығулары тәрбиешінің талаптарын орындаумен ғана емес, ең алдымен, осы жаттығуларды орындау барысында өзінің адам игілігіне қажет еңбегімен көріне алатындығында. Адамның басқалар үшін қамқорлық жасай алатынын сезінуі оның қуаныш, ризашылық көңіл-күйін білдіруінде болып отыр. Мұндай жаттығудың басқа әдістерден ерекшелігі тәрбие процесінің екі жақты заңдылығы жүзеге асыратын ең тиімді әдіс екендігінде. Себебі жаттығу әдісі бойынша оқушы объект жағдайынан субъект жағдайына жеткізуге мүмкіндік береді. Тұтас алғанда педагогикалық процесте жеке адам әртүрлі әрекеттер барысында қалыптасып дамиды. Сондықтан бала өмірінің, оның өзін айнала қоршаған ақиқатпен қарым – қатынасын ұйымдастыру ісі белгілі міндетті шешуге барынша жауап беретіндей, оның талабына сай ұйымдастырылуы керек. Дәлірек айтқанда жеке басының іс - әрекетінде педагогикалық тәрбиелеу-шілік ситуациялар туғызу керек.

Тәрбие әдістерінің тобына тәрбиелеушілердің мінез – құлықтары мен іс - әрекеттерін ретке келтіру, дер кезінде түзету және ынталандыру қызметін атқаратын әдістер біріктірілген. Бұл әдістерді қолдануда педагогикалық – психологиялық тұрғыдан ескеретін жағдайдың бірі – бала тәрбиенің тек қана объектісі емес, сонымен бірге ол тәрбиенің субъектісі екендігі.

Тәрбие әдісінің үшінші тобына мадақтау, жазалау және ұйымдастыру әдістері жатады. Олар мектеп оқушыларының қылықтары мен іс - әрекет-терін қуаттау немесе айыптау, олардың жағымды қылықтарын мадақтау, ал теріс қылықтарын тежеу мақсатында қолданылады.

Мадақтау – бұл оқушылардың тәртібін, мінез – құлқын бағалап және көтермелеп отыруда педагогикалық ықпал етудің тиімді жолы болып табылады. Мадақтау оқушының өзінің адамгершілігіне сезінуіне, өзінің мінез – құлқы мен көңіл – күйіне бақылау жасауға, өзін - өзі тәрбиелеуге көмектеседі. Мадақтау әдісі арқылы оқушы өзінің мінез – құлық қандай болуы керектігін түсінеді, өзінің бойындағы жағымды мінез – құлықты дамытып, өз ісінің дұрыстығын көріп, өзіне сенімділігі артады. Жақсы істерді жал мінез – құлық қандай болуы керектігін түсінеді, өзінің бойындағы жағымды мінез - құлықты дамытып, өз ісінің дұрыстығын көріп, өзіне сенімділігі артады. Жақсы істерді жалғастыруға тырысады. Мадақтаудан алған әсері оқушыны теріс әрі келеңсіз істерден сақтандырып отырады. Мадақтаудың түрлері өте көп. Мектеп тәжірибесінде мадақтау, мақұлдау, алғыс айту, мақтау, сыйлық беру сияқты түрлері бар.

Жазалау әдісі – бұл педагогикалық ықпал етудің бір жолы саналады. Мұғалім мектептегі жазалау шарасына ерекше ептілікпен әрі ойланымқарауы тиіс. Жазалау баланың жағымсыз мінез – құлқы мен іс - әрекетінің теріс екендігін түсіндіру және оқушының ұжым алдында жасаған қылмысына айыпты екендігін ұғындыру және істеген теріс іске қынжылатындай мақсатын көздейді..

Тәжірибелі педагогтер жаза қолдануда оқушылар ұжымының көмегіне қолдауына арқа сүйеді. Жазаның түрлері оқушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне сай болуы керек. Сонымен қатар жазалау тәрбиенің басқа тәсілдерімен байланысты болуы шарт. Мектеп тәжірибесіне арнайы қабылданған нұсқау бойынша жазалаудың түрлері: ескерту, сөгіс, оқушының тәртібі жөнінде бағасын төмендету шаралары қолданылады.

Тәрбие әдісінің төртінші тобына тәрбие процесін жетілдіру талаптары мен оның барысында, нәтижесінде объективті баға беру әдістері жатады. Тәрбиенің бұл топтағы әдістерін қолдануда тәрбиеші мен тәрбиеленуші-лердің тәрбие процесіндегі бағыт – бағдары үйлеспеген жағдайда тәрбие әрекеті, тәрбие ықпалының нәтижесі жоққа шығады, ал кейде келеңсіз оқиғаларға душар болады. Ондай кезде қайта тәрбиелеу ісімен шұғылдануға тура келеді.

Тәрбие процесінде әр әдістің жеке оқшауланған құралдары шешуші орын алмайды, керісінше, ол әдістер бір – бірімен үйлесімді ұйымдастыры-лып, жүйелі қолданғанда ғана нәтижесі болады. Тұтас педагогикалық процесте оқушылардың мінез – құлқы мен іс - әрекетіне педагогикалық байқау, бақылау жүргізу, олардың өзін - өзі тәрбиелеуін ұйымдастыру тәрбие жұмысының нәтижелерінің көрсеткіші бола алады. Осыған орай тәрбиі әдісі ретінде педагогикалық теорияда педагогикалық байқау, тәрбиелікті анықтауға арналған әңгімелер өткізу, ауызша және жазбаша анкета толтыру, тестілер ұйымдастыру, тәрбиелік мақсат көзделген шығармалар жазу, оқушыларды өзін - өзі сендіруге үйрету, оқу – тәрбие процесінің барысындағы оқушылардың барлық іс - әрекеттеріне талдау жасау, қорытынды шығару әдістері айқындалған.

Қазіргі мектеп тәжірибесінде бұл әдіс әрбір баланың өзіндік педагогикалық – психологиялық ерекшелігін тану, дамыту мақсатында кеңінен қолданылып келеді. Бүгінде тәрбиенің түрлі әдістерін таңдау мұғалімнің шығармашылығына, педагогикалық шеберлігіне байланысты. Себебі тәрбие әдісі – тұтас педагогикалық процестің заңды бір құрамы.

Тәрбие әдісі тәрбиенің мақсатына, мазмұнына, принциптеріне және нақтылай педагогикалық жағдайлардағы міндеттерді шешуге бағынышты болады. Мұғалім өзінің күнделікті практикалық жұмысында тәрбие әдісін таңдау барысында барлық жағдайға арналған әмбебап тәрбие әдісі болмайтынын ескеруі керек. Тәрбие әдісі жеке дара тиімді не тиімсіз бола алмайды. Тұтас педагогикалық процестің негізіне жеке тәрбие әдісі емес, тәрбие әдістерінің тұтас бір жүйесі алынады. Әдетте өте нәтижелі деп есептеліп кеңінен қолданылып жүрген педагогикалық құрал: түсіндіру, әңгіме, сендіру, қоғамдық ықпал жасау әдістерінің өзі де ең әсерлі, абсолютті, тиімді бола алмайды. Тәрбие әдісі баланың жеке басына жанасудың және ықпал етудің өте нәзік әрі сезімтал құрал болғандықтан жаңашыл озат тәрбиешілер оқушылар-дың дара және жас ерекшеліктерін зерттеп, оқу – тәрбие процесін физиологтар мен психологтардың бала дамуының заңдылықтары туралы ғылыми деректеріне сүйене отырып ұйымдастырады.

Жалпы адам жеке адам болып қалыптасу процесінде бөлшектеніп тәрбиеленбей, тұтас тұлға ретінде қалыптасатынын тәрбиеші әрдайым тәрбие жұмысының негізіне алуы керек. Жоғарыдағы аталған педагогикалық – психологиялық талаптармен қатар тәрбие әдістерін қолайлы таңдау және тиімді пайдалану үшін тұтас педагогикалық процестің күрделі диалектика-лық заңдылығы негізге алынады. Осыған орай әрбір тәрбиешінің жеке адаммен жеке топпен оқушылар ұжымымен жұмыс жүргізгенде тәрбие процесінің ұзаққа созылатын үздіксіз әрі комплексті ерекшелігін ескеруінің маңызы зор. Тұтас педагогикалық процестегі тәрбие әдісінің бірнеше түрін қолданудың тиімділігі ең алдымен педагогтардың жеке басының және еңбек мәдениеттілігінің жоғары дәрежеде болуына байланысты екендігін озат мұғалімдер тәжірибелері дәлелдейді.

Тәрбие әдістері – бұл тәрбие көздеген мақсатқа жетудің жолдары, тәсілдері. Мектеп тәжірибесіне орай әдістердің және бір анықтамасы – қажетті сапаларды қалыптастыру мақсатымен тәрбиеленушілердің санасына, еркіне, сезіміне және қылық - әрекетіне ықпал жасау тәсілдері.

Әдістер түрі сан – алуан да шексіз көп болып келеді. Ал оның нақты көрінуі өз шәкірттерінің білімділік күш – қуаты мен жалпы мүмкіндіктерін жете танып, оларды өтілетін материал сипатына байланыстырып және басқа да көп оқу жағдаяттарын зерделі саралай білген педагог әрекетіне тәуелді. Қай тұлға, қанша тұлға араласса, әдіс формасы да сондай әрі сонша – бұл заңдылық. Әлбетте, әдістердің бәрі бірдей тиімді деп айту қиын. Ол үшін сол әдістің түзілу, қолдану жағдайларын білу қажет. Нақты мақсатқа байланысты дайындалған көп әдістердің ішінен

біреуі ғана тиімді болуы мүмкін. Тәрбие тәжірибесі алдымен ежелден келе жатқан дәстүрлі әдістерге арқа сүйегенді тәуір көреді. Алайда, көптеген жағдайларда олардың да тиімсіз болып қалатыны бар, сондықтан да тәрбиеші әрдайым тәрбиенің нақты шарттарына сай келер көздеген мақсатқа үлкен үнем және мол табыспен, жылдам жеткізетін жаңа әдістерді іздестіруге мәжбүр. Тәрбие әдістерін құрастыру, таңдау және дұрыс қолдану – педагогикалық шеберлік шыңы болып табылады.

Тәрбие тәсілі – бұл жалпы әдіс бөлігі, нақты жақсаруға жеткізетін жеке әрекет болып табылады. Көркемдеп айтатын болсақ, тәсіл – тәрбиешінің өз шәкірттерімен бірге мақсатқа тезірек жету үшін таптап өткен соқпағы. Егер осы тәсілмен басқа да тәрбиешілер пайдалана бастаса, тәсілдер уақыт озуымен даңғыл жолға - әдістерге айналады. Әдістер мен тәсілдер байланысының тығыз екені осыдан көрінеді.

Тәрбие жеке ықпалдарды байқатса, құрал – жабдықтар тәсілдердің жиынтығынан құралады. Мысалы, еңбек – тәрбие құралы, ал көрсету, еңбекті бағалау, жұмыс қателігін білдіру – тәсілдер саналады. Сөз (кең мағынада) – тәрбие жабдығы, ал ілікпе сөз, әзіл ескертпе, ескертпе теңеу – осы жабдық құрамындағы тәсіл. Бұл тұрғыдан кейде тәрбие әдісін көзделген мақсат үшін қолданылатын тәсілдер мен құрал – жабдықтар жүйесі деп те атайды.

Әдіс баламалары өте көп болып келеді. Олар арасынан мақсаттар мен наты жағдайларға сай келетіндерін таңдап алу үшін оларды қандай да бір ретке келтіріп, топтастыру, яғни классификациялау қажет. Әдістер классификациясы дегеніміз қандай да белгісі бойынша бір топқа келтірілген әдістер жүйесі. Осы классификацияға арқа сүйеп, педагог барша жүйені анық білуімен бірге оның қажеті мен өзіне тән сипаттарын тереңірек түсінеді.

Тәрбие әдісі – бұл көп өлшемді құбылыс саналады, оның жүйелесуіне негіз болар белгілер сан – алуан. Тәрбие құрал – жабдықтары – бұл әлеуметтік тәжірибенің педагогикалық тәуелсіз көздері болып табылады. Мақсатына жету жолындағы, субъектке тәрбиелік ықпал жасаушы әрқандай заттың бәрі тәрбие құрал-жабдығы есептеледі. Қоршаған болмыстың қалаған нысаны: зат, мүлік, дыбыс, аң, жануарлар, өсімдіктер, шығармашылық туындылары, құбылыстар, оқиғалар, өмірлік сәт көріністері және т.б. – тәрбиелік ықпалға ие. Тәрбие құрал – жабдықтары тәрбиеленушіге өздігінен әсер етеді, сонымен бірге оларды тәрбиеші мақсатты бағытта пайдалануы да мүмкін.

Тәрбие құрал – жабдықтары қандай да тәрбие мақсатын іске асыру үшін іріктеледі. Мұндай да таңдау тәрбие әдісіне орайлас орындалады. Құралдар өмір құбылыстарын көз алдына келтіреді, тәрбиеленушілердің белсенділігін көтереді, материалды – техникалық тұрғыдан қамсыздандырады, психологиялық көңіл – күй шуағын береді, іс - әрекет сайманы ретінде қолданылады, қандай да қызметтің астарлы рәмізін айқындай түседі, тағы сол сияқты.

Құрал – жабдықтар белгілі гигиеналық, эстетикалық, экономикалық, инабаттылық, құқықтық талаптарға сай болуы шарт саналады. Педагог даралығына негізделген әдістер мен құрал – жабдықтар бірлігі тәрбиелік іс - әрекеттер формасына арқау болады.

Топтық тәрбие формалары: іс - шаралар кеңесі, шығармашылық топтар, өзіндік басқару кешендері, шағын үйірмелер жатады. Тәрбиеші міндеттері: әр оқушының өзін танытуға жәрдемдесу, топ мүшелерінің бәріне бірдей мәнді нәтижеге жету жағдайларын жасау. Ұжымдық тәрбие формалары: конкурстар, сахналық қойылымдар, ән – күй кештері, үгіт бригадалары, саяхат – шерулер, спорт жарыстары жатады. Тәрбиелік іс - әрекет формаларының әрбіріндегі тәрбиешінің ролі мен орны әрқилы. Олар тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне, тәрбие мақсаттарына байланысты..

Тәрбие жұмысының формасы ұжымдық шығармашылық түрінде болуы мүмкін. Мұндай ұжымдық шығармашылық қызметтер барысында тәрбие-ленушілер ересектермен бірлікте және олардың басшылығында жаңа тәжірибелер жасайды, бұрын игерген білім, ептіліктерін қолданады, жаңа ғылыми ақпараттар топтайды.

Тәрбие формалары мен құрал - жабдықтарын таңдау. Тәрбие құралдары мен формаларын таңдастыру тәрбиеші алдында тұрған күрделі мәселе. Тәрбиелік іс - әрекеттің тиімді болуы осы мәселенің дұрыс шешіміне тәуелді. Тәрбие жабдықтары мен формаларын таңдап, іріктеудегі басты мақсат – олардың білім беру, дамыту және тәрбиелеу қызметтерінің толық іске асуы, оқушылардың рухани белсенділігіне дем беріп, ой-толғаныс әрекеттерін ұштауы, қоршаған болмыс заттарымен өзбетінше дербес қарым– қатынас жасауға жәрдем беруі.

Тәрбиелік істердің әрбір жекеленген жағдайларында өзіндік ерекшеліктерімен, қызығулары және мүмкіндіктерімен дараланған әртүрлі тәрбиеленушілер қатысады. Мұндай жұмыстарға араласқан ересектердің өздері де балалар сияқты қайталанбас сыр-сипатқа ие. Жұмыстар

жалықтыратындай бір текті де болмағаны жөн. Бұрыннан бар, тәжірибеде сыналып, тиімділігі сенімді тәрбиелік жұмыс формаларының кейбір идеалды не заттай элементтерін заман ыңғайы мен тәрбиеленушілер ерекшеліктеріне сәйкестендіре пайдаланған ойға қонымды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Әбенбаев С. «Тәрбие теориясы мен әдістемесі», Алматы – Дарын, - 2004 ж.
- 2.Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. «Жалпы педагогика», Алматы – 2005 ж.
- 3.Болдырев Н.И. Мектептегі тәрбие жұмысының методикасы. – Алматы: - 2000 ж.

УДК 37.256.01

НОВЫЕ МЕТОДИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

МАЛЯБАЕВА Д.С.

Республика Казахстан, Жамбылская область, Байзакский район,
средняя школа имени Николая Гоголя, учитель начальных классов

ШУШАКОВА Е.М.

Республика Казахстан, Жамбылская область, Байзакский район,
средняя школа имени Николая Гоголя, учитель начальных классов

Түйіндеме. Бұл мақалада бастауыш сыныптарда заманауи білім беруді оқытудың жаңа әдістемесінің тұжырымдамасы қарастырылады.

Smmaru. This article discusses the concepts of a new methodology for teaching modern education in primary schools.

За последние десятилетия, чётко обозначилась тенденция к изменению сущности, целей и приоритетных ценностей Казахстанского начального общего образования. В компоненте государственного стандарта подчёркивается необходимость создания качественно новой личностно-ориентированной развивающей модели массовой начальной школы. На сегодняшний день в Казахстане практикуются очень много методики преподавания для учеников младших классов.

Существуют традиционные и развивающие программы каждая, из которых рассмотрена и утверждена Министерством образования и науки РК. Обучаясь по той или иной системе, ребенок получит знания и умения не ниже тех, что указаны в едином образовательном стандарте. Наша программа КТП относится к не традиционной системе обучения.

В не традиционных программах преподавания основополагающим является принцип развития ребенка естественным путем - от простого к сложному. Материал закрепляется многократным повторением и большим количеством однотипных упражнений. Ребенок механически заучивает разнообразные правила, решая похожие задачи - запоминает способ их решения. Но известно, что дети быстро устают делать одно и то же, снижается интерес к учебе, появляется невнимательность и скука, в результате чего ухудшается поведение на уроке. Так же недостатком не традиционной системы обучения является то, что при стандартной формулировке задач ребенок не способен применить имеющиеся у него типовые знания. Несмотря на это многолетняя практика доказывает, что традиционная система преподавания в целом достаточно действенна. В свою работу включаю задания из других УМК: Л.В.Занкова, Д.Б.Эльконина, В.В.Давыдова.

Общим для этих авторских методик является то, что нет привычного зазубривания правил и однотипных заданий. Вся программа сосредоточена на развитии личностного начала детей и их индивидуальности. Программы подразумевают самостоятельную активность ребенка, творческий подход к работе и любознательность. Развитие неординарного мышления ребенка - основная задача данных методик.

В связи с этим приоритетной становится развивающая функция обучения, которая должна обеспечить

- становление личности младшего школьника,
- раскрытие его индивидуальных возможностей.

В своей работе применяю личностно-ориентированные педагогические технологии, педагогика сотрудничества, здоровьесберегающие, проблемное обучение, создает проблемные ситуации, проектная работа, технологии “Портфолио”. Использование технологии «Портфолио» позволяет проследить индивидуальный прогресс ученика, помогает ему осознать свои сильные и слабые стороны, позволяет судить не только об учебных, но и творческих и коммуникативных достижениях

I. Использую следующие приёмы:

1. Для настроя на учебную деятельность

Приём «Руки – ноги»

Вначале краткая инструкция: «Когда я хлопну в ладоши один раз, то я дам приказ вашим рукам - они должны поработать (подняться или опуститься). Когда хлопну два раза - это приказ ногам (согнуться или разогнуться, то есть встать или сесть)». После этого учитель быстрыми ритмичными хлопками, меняя темп и чередуя их последовательность, руководит действиями детей, пытаясь их запутать. Лишь начав играть и первый раз сбившись (например, при двух хлопках - сигнале ногам - сев и при этом, машинально опустив руки), дети обнаруживают скрытую сложность игры и множественность вариантов положения, они начинают смотреть на ведущего пристально, «ловить», а потом и стараться предугадать его движения.

Приём «Поздоровайся локтями»

Дети, выполняя задание, должны коснуться, улыбнуться, назвать имена как можно большего количества одноклассников.

Приём «Дерево ожиданий»

Учащимся раздают заранее вырезанные из бумаги яблоки, лимоны и предлагают попробовать более четко определить, что они ожидают (хотели бы получить) от сегодняшнего урока, и чего опасаются, записав и прикрепив на определенное дерево. После выполнения систематизируются сформулированные цели, пожелания, опасения и подводятся итоги.

2. Для проверки изученного материала или закрепления нового:

Приём «Умный листок»

По трем рядам с последней парты передают вперед лист бумаги, на котором каждый ученик должен написать одно понятие из заданной темы. Выигрывает команда, справившаяся быстрее и точнее

3. Для сообщения нового материала

Приём «Инфо-угадайка»

На доске записана тема урока. Остальное пространство доски разделено на секторы, пронумерованные, но пока не заполненные. Ученикам предлагается обдумать, о каких аспектах темы далее пойдет речь. По ходу работы с темой дети выделяют ключевые моменты и вписывают в секторы. Постепенно исчезают «белые пятна»

4. Приём «Мозговой штурм»

Ученик понимает, что от его усилий зависит лицо всей группы. Важно четко сформулировать проблему, затем учитель или 2-3 ученика информируют класс о существовании проблемы. Далее ставится практическая цель, ориентированная на возможный реальный поступок (помочь, составить). Затем дается время на обсуждение (5-6 мин.) После обсуждения слово предоставляется представителям группы, проводится общий итог. Никакой критики. Приветствуются любые предложения, какими бы нелепыми они ни казались. Чем более странной кажется идея, тем лучше.

5. Приём «Отсроченная отгадка»

В начале урока учитель даёт загадку (удивительный факт), отгадка к которой (ключик для понимания) будет открыта при работе с новым материалом.

6. Для самостоятельной работы

Приём «Улы»

Образование групп сменного или постоянного состава и обсуждение в группах.

Приём «Светофор»

Для проведения дискуссии и принятия решений. Во время дискуссии поднимаются карточки согласия - не согласия по цвету светофора.

7. Приём «На линии огня»

Каждая команда защищает свой проект 2-3 предложениями. Затем вопросы задают участники других групп, а они - защищаются. На основе прочитанного или услышанного текста

сочинить короткие стихотворения, отражающие основные положения и свойства изученного явления. Это быстрый и веселый способ проверки материала.

8. Составление синквейна.

1 строка - одно слово, обычно существительное, отражающее тему синквейна;

2 строка - два слова, прилагательные, описывающие основную мысль;

3 строка - три слова, глаголы, описывающие действия в рамках темы;

4 строка - фраза из нескольких (обычно четырёх) слов, показывающая отношение к теме;

таким предложением может быть крылатое выражение, цитата, пословица или составленная самим учащимся фраза в контексте с темой.

5 строка - слово-резюме или словосочетание, связанное с первым, отражающее сущность темы, которое дает новую интерпретацию темы, выражает личное отношение пишущего к теме.

9. «Составление кластера»

Это способ графической организации материала, позволяющий сделать наглядными те мыслительные процессы, которые происходят при погружении в ту или иную тему. Кластер является отражением нелинейной формы мышления.

Последовательность действий проста и логична:

· Посередине чистого листа (классной доски) написать ключевое слово или предложение, которое является «сердцем» идеи, темы.

· Вокруг «накидать» слова или предложения, выражающие идеи, факты, образы, подходящие для данной темы (модель «планета и ее спутники»).

· По мере записи, появившиеся слова соединяются прямыми линиями с ключевым понятием.

В итоге получается структура, которая графически отображает наши размышления, определяет информационное поле данной темы.

В работе с кластерами необходимо соблюдать следующие правила:

– не бояться записывать все, что приходит на ум. Давать волю воображению и интуиции;

– продолжать работу, пока не кончится время или идеи не иссякнут;

– постараться построить как можно больше связей. Не следовать по заранее определенному плану.

Слово «Фишбон» дословно переводится как «рыбная кость». Эта стратегия позволяет учащимся «разбить» общую проблемную тему на ряд причин и аргументов. Визуальное изображение этой стратегии похоже на «рыбную кость» (отсюда и название) или, если эту «кость» расположить вертикально, - на елочку.

Игра «Верите ли Вы, что...».

Правила игры:

· У вас на столах лежат листочки, на которых начерчена таблица, как у меня на доске.

Цифрами я указала № вопросов.

· Я вам читаю вопросы, которые начинаются со слов «Верите ли Вы, что ...». Вы обсуждаете ответы в группах.

· Если вы верите, то во второй строке поставьте знак «+», если нет, то «-».

Данные сравнительные таблицы помогают увидеть учащимся не только отличительные признаки объектов, но и позволяют быстрее и прочнее запоминать информацию. Составление сравнительных таблиц можно использовать как на стадии вызова, так и на стадии осмысления. На стадии вызова лучше всего попросить ребят заполнять ее карандашом, так как после работы с текстом у детей могут возникнуть исправления, которые выполняются ручкой. Общее лучше обводить красной ручкой.

Инсерт

Индивидуальная работа, самостоятельное чтение статьи. Учитель обращается с просьбой по ходу чтения статьи делать в тексте пометки:

V- эту информацию знал, знаю, вспомнил;

+ - это новая для меня информация;

? - эта информация мне непонятна, у меня появились вопросы.

Рефлексия

·1. сегодня я узнал...

·2. было интересно...

·3. было трудно...

·4. я выполнял задания...

·5. я понял, что...

- 6. теперь я могу...
- 7. я почувствовал, что...
- 8. я приобрел...
- 9. я научился...
- 10. у меня получилось ...
- 11. я смог...
- 12. я попробую...
- 13. меня удивило...
- 14. урок дал мне для жизни...
- 15. мне захотелось...

II. На обобщающих уроках

Приём «Творческая мастерская»

К уроку дети готовят рисунки, иллюстрации на заданную тему, пишут сочинения, стихи, рассказы, подбирают пословицы, на уроках труда изготавливают блокноты, книги необычных форм. Дается задание разделить на группы, создать и презентовать групповой проект на заданную тему. Предварительно необходимо составить план размещения принесенного на урок материала, оформления титульного листа. На работу отводится 20-25 минут. По истечении этого времени каждая группа или ее представитель должны презентовать свой проект.

1. Для завершения урока

Приём «Ромашка»

Дети отрывают лепестки ромашки, по кругу передают разноцветные листы и отвечают на главные вопросы, относящиеся к теме урока, записанные на обратной стороне.

Приём «Чистый листок»

Ученик берёт чистый лепесток. Пишет вопрос другой группе, вывешивает вопрос перевернув. С доски другая группа берет лист, читает и выполняет участник, дополняют другие.

Приём «Мудрый совет»

Группа пишет в конце урока «совет» детям, которые: еще не совсем поняли тему урока или не изучали тему (младшим). Совет анализируется группой-соседкой.

Приём «Итоговый круг»

Учитель дает минуту! Подготовленные представители группы встают в круг, задают вопросы детям других групп, те в свою очередь отвечают.

Дерево успеха.

В связи с этим приоритетной становится развивающая функция обучения, которая должна обеспечить:

- становление личности младшего школьника,
- раскрытие его индивидуальных возможностей.

Развитие личностных качеств и способностей младшего школьника опирается на приобретение ими опыта разнообразной деятельности: учебно-познавательной, практической, социальной. Поэтому особое место отводится деятельности, практическому содержанию образования, конкретным способам деятельности, применению приобретённых знаний и умений в реальных жизненных ситуациях.

III. 1. Доброжелательность, чуткость и внимательность - одни из важных качеств. Умение легко находить общий язык и уделять достаточно времени каждому ребенку в решение его детских проблем.

2. Четко и грамотно поставленная речь, которую могут понять и дети, и взрослые.

3. Умение удерживать в центре внимания каждого ребенка, уделять особое внимание в трудных ситуациях.

4. Способность сохранять спокойствие и выдержку в любых ситуациях.

5. Осуществлять индивидуальный подход к каждому ребенку: тихому и вздорному, плохо пишущему и хорошо, медленному и быстрому и т. д.

6. Умение быть учителем не только на работе, но и идя с работы домой, и в отпуске, и вечером по телефону. Находить время беседовать с каждым родителем, отменяя свои домашние дела.

Список использованной литературы:

1. Алексеева И. А. Русский язык. Методика и практика преподавания. - Рн/Д.: Феникс, 2002. - 320 с.

2. Антонова Е. С. Методика преподавания русского языка (начальные классы). - М.: Академия, 2010. - 448 с.

3. Азбука. Учебник. 1 класс. В 2-х частях. Климанова Л.Ф., Макеева С.Г. -М.: Просвещение, 2011.- 111с.

5. Методика преподавания русского языка в начальных классах: Учебное пособие для студентов высш. пед. учебн. заведений / М.Р. Львов, В.Г. Горецкий, О.В. Сосновская. - М.: Академия, 2000. - 472 с.

ӘОЖ 75.31

ЖЕТКІНШЕКТЕР ПСИХОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНДАҒЫ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚТАРДЫҢ СИПАТЫ

АЛИМБЕКОВ Р.Т.

Тараз гуманитарлық-техникалық колледжінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается дополнение психологических регуляторов поведения подростков требует изменения содержательной и процессуальной составляющих педагогического обеспечения процесса адаптации девиантного поведения несовершеннолетних.

Summary. The article discusses the addition of psychological regulators of adolescent behavior requires a change in the content and procedural components of the pedagogical support for the adaptation process of deviant behavior of minors.

Жеткіншектік жас – адам өміріндегі балалық шақ пен ересектіктің арасындағы кезең. Жастың шекараларын анықтауда психологтардың пікірі бір жерден шықпайды. Мысалы, Батыс психологиясында бірден оларды жасөспірімдік кезеңмен бір жас кезеңіне қосу тән, ол батыста ересектену (adolescence) периоды деп аталады. Оның мәні балалық шақтан ересектікке өту дегенді білдіріп, жас шекаралары 12-14 жастан 25 жасқа дейін созыла беруі мүмкін. Отандық психологияда бұны адамның, тұлғаның және индивидуалдылықтың дамуындағы дербес кезең ретінде қарастыру қабылданған. И.С.Конның анықтауы бойынша, жеткіншектік жастың шекаралары 14-18 жас аралығында орналасады. Дегенмен, бұл кезеңді көбінесе 15-17 аралығымен шектеу кейде кездесіп жатады, сонда жалпы білім беретін мектептердің жоғарғы сынып оқушыларының жас кезеңімен сәйкес келеді. Жеткіншектік жаста негізінен ағзаның физикалық дамуы, жыныстық толысуы, дененің өсу темпі, жұмысқа қабілеттілік және бұлшықет күштері айтарлықтай өсе түседі, жасуша және дене мүшелердің функционалды дамуы және қалыптасуы аяқтала бастайды.

Жасты зерттеу ХІХ-ғасырдың аяғынан басталған, ол кезде алғашында қоғамның жоғарғы қабатындағы жеткіншектер өкілдері зерттелген. Нәтижесінде ХІХ-ғасырдың аяғы мен ХХ-ғасырдың басында ішкі кризистік кезең болып табылатын бұл жастың романтикалық моделі алға шықты, оған сезімдердің оянуын да жатқызуымызға болады. Бұл жастың ерекшелігін, кризистік өтілуі жөнінде бұрын да, қазір де көп айтылуда және бұл бағыттар бір-бірімен ұштаса бермейді. Мысалы, Е.Доуан мен Дж. Адельсонның пікірінше, «Орташа жеткіншекке жеке кризистер, «Мен»-концепциясының бұзылуы, бұрын қабылданған құндылықтардан бас тарту т.б. мүлдем тән емес». Олар «кризистік даму» жақтаушыларын сынға алып, бұлардың қорытындылары тек екі топты жеткіншектерді зерттеу арқылы жүзеге асқан деп есептейді. Олардың бірі – кәмелет жасына толмаған құқық бұзушылар және екіншісі – жағдайы жақсы отбасынан шыққан интеллектуалды дамыған балалар.

Адам өмір сүруі мен қимыл-қозғалысы арқылы өзінің әрекетін бағалауға үйренеді, адамгершілік нормаларын меңгереді. Қазақтың көрнекті ғалымы, профессор С.М.Жақыпов: «Оқыту процесіндегі субъектілердің қарым-қатынасындағы мағыналардың өзгеруі біріккен іс-әрекеттің мотивтері мен мақсатының заңды құрылуына мүмкіндік береді және оларды оқыту процесінде ескеру, біріккен танымдық іс-әрекетті қалыптастыру үшін қажетті шартты жасайды», – деген. Сондықтан қарым-қатынастың нақтылы, бірізділігі болашақ тұлғаның дамуына орасан зор ықпал етеді.

Осы кезде адамгершілік қасиеттер, мінез құлық нормалары ерекшеленеді, адамдардың қоғамға қатынастары анықталынып, жетекші іс-әрекет түрі – қарым-қатынас болады. Қарым-қатынас іс-әрекеттің барлық түрінде жеткіншектің тұлғалық және психологиялық жаңа сапаларының қалыптастырушы негізі.

Балаларда бұл кезде өзін адам етіп сезіндіретін, оны кемсітуге, қорлауға, басуға, дербестік құқығынан айыруға болмайтын өршіген сезім пайда болады. Алайда, оларда ересектер статусының элементтерімен қатар оның жағдайын баланың жағдайына жақындататын тәуелділік белгілері әлі сақталады. Материалдық жағынан олар ата-аналар қарауында. Мектепте, үйде бір жағынан: «сен есейдің, үлкейдің»- десе, екінші жағынан тіл алуды талап етеді.

Әлеуметтенуі мен тұлғалық дамуында, оның жақын достары мен құрбыларының қатынасы ерекше мәнге ие. Жыл өткен сайын құрбыларымен қарым-қатынас байланысы ерекше қажетті. Ол сыныптас құрбыларымен өзара достық қатынас жасауға тырысады, мүмкіндігінше оны сақтауға талпынады. Сол арқылы құрбылары арасында беделі көтеріледі, бірін-бірі сыйлау қасиеті артады. Жеке тұлға болып қалыпты дамуы құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасынсыз мүмкін емес. Ол үшін достары, құрбылары – тіршілік әрекетіне қажетті қоршаған орта. Жолдастарының арасында беделін көтеруге тырысады, жағымды қасиеттерін тәрбиелейді, өзіне сыншы болады.

Жеткіншектердің құрбылары арасындағы қарым-қатынас қажеттілігін ата-аналары да алмастыра алмайды. Құрбыларымен қарым-қатынастың жоқтығы тұлғаның және өзіндік сананың дамуына үлкен кедергі болады. Еркін қарым-қатынас дамып келе жатқан жеке тұлғаның өзін көрсетуі, жаңа байланыстар құруының бірден бір құралы. Сондықтан, үлкендер жағынан түсіністік табудың орнына қысым жасалғанда балада ерегісу, қарсы тұру, дөрекілік пайда болады. Құрдастарының ғана бағалауын қабылдайтын құндылықтар қалыптасады. Олар өздерінің жоспарларын, құпияларын, іс-әрекеттерін ата-аналарымен емес, тек достарымен бөлісетін болады. Осы кезеңде негізгі қорқыныш – жалғыздық, өз құрбыларынан алшақ қалу. Мұндай жағдайда бала шамадан тыс мазасызданады, абыржиды және мінезінде тұйықтық пайда болады.

Сонымен, қарым-қатынас жеткіншектік кезеңде ең негізгі тенденция. Жасы өскен сайын құрдастарымен қарым-қатынас беріктігі қажеттілігі ұлғаяды. Оның себебі: біріншіден, құрдастары арасындағы қарым-қатынас өте маңызды өзіндік ақпарат каналы. Сол арқылы ересектер айта бермейтін өздеріне қажетті ақпараттарды біледі. Екіншіден, тұлғааралық өзара қатынастың өзіндік ерекше түрі – біріккен іс-әрекет арқылы әлеуметтік ықпалға қажетті дағдыларды меңгереді, ұжымдық тәртіпке бағынуға және өз құқығын қорғауға үйренеді. Үшіншіден, эмоционалдық байланыстың өзіндік түрі. Топтық құрамда болу, ынтымақтастық жеткіншекке беріктік пен сәттілік сезімін ұғындырады.

Түрлі іс-әрекеттердегі қарым-қатынас жаңа психологиялық және тұлғалық сапалардың қалыптасуына негіз болады. Қарым-қатынас адамзат үшін әр түрлі деңгейде, әр түрлі кезеңде қалыптастыруды қажет ететін құбылыс.

Жеткіншектік кезеңді адамның психикалық дамуындағы ерекше кезең деп атап, алғашқы болып арнайы психикалық ерекшеліктерді зерттеп, оны 1904 жылы екі томдық монографияға енгізген Ст. Холл болатын.

Американдық зерттеушілер Роберт пен Джин Байярд ата-аналарымен әңгімелесу барысында оларды алаңдататын балалардың әрекеттер тізімін жасап шығарды. Олар барлығы 65 пункттен тұрады: «асхананы былғайдыдан» бастап, «түсік жасап, қайтадан жүкті болып қалды» дейін. Бұл тізімді көргенде, әрбір жеткіншекте психика мен мінез-құлықтың мұндай атрибуттары тән бе деген сұрақ туындауы мүмкін. Әрине бұл олай емес, бұл даму кезеңі кризистік болғанымен, кризистің өзі түрліше өтуі мүмкін. Өтілу ерекшелігі әлеуметтік жағдайдағы қарама-қайшылықтардың қаншалықты өзектілігіне байланысты. Егер мұғалімдердің, ата-аналардың, басқа да ересектердің тарапынан тиісті алдын алу жұмыстары, әңгімелесу т.б. шаралар қолданылса, онда жеткіншек де, ата-ана да бұл кризисті байқамай да қалады.

Жеткіншектік кезең ересектерден тәуелсіз болғысы келуімен, қызығушылықтарының көптігімен сипатталады. Бір-бірін тез алмастыратын, күшті қызығушылықтардың болуы осы кезеңнің тағы бір көрсеткіші. Қызығушылықтар әрине баланың қабілетіне, тәжірибесіне, жеке қасиеттеріне байланысты түрліше болуы мүмкін.

Интеллектуалды-эстетикалық қызығушылықтар көбіне сабаққа қатысты болады. Олар сүйікті ісіне терең қызығушылығымен сипатталады – тарих, радиотехника, музыка, сурет, гүл өсіру т.б. Бұл қызығушылықтар оқу процесінде қатты бағаланады.

Эгоцентрикалық қызығушылықтар сырттай интеллектуалды-эстетикалық қызығушылықтарға ұқсас келеді. Сирек шетел тілдерін үйрену, танымал спорт түрімен айналысу,

көркем өнер орталықтарына қатысу т.б. - өз жетістіктерін елге көрсету әдісі ретінде пайдаланылады. Осындай қызығушылығы бар оқушылар өздеріне жұрттың назарын аудартып, ерекшеленіп, басқалардан жоғары болғанын қалайды.

Денелік-мануалды қызығушылықтар күшті, шыдамдылықты т.б. дағдыларды қатайтуға бағытталған. Спорттан басқа бұған мотоцикл немесе картинг айдау, шеберханаларда жұмыс істеу т.б. жатады.

Жинақтаушы қызығушылықтар түрлі сипаттағы коллекционерлік. Коллекциялауға деген қызығушылық танымдық қажеттіліктермен (маркалар), материалдық құнды заттарды жинаумен (тиын, қымбат заттар), сәнді ұстанумен (жапсырмалар, фишкалар, этикеткалар) байланысты болады.

Көптеген зерттеулер баланың өзіндік сананың, психосексуалды дамуына арналған. Оның интеллектуалды дамуына аз көңіл бөлінеді. Солай бола тұрса да, интеллектуалды сфера психикалық дамудағы ең маңыздысы, тұлға ретінде қалыптасудың маңызды шарты. Ойлау мектептік кезеңде интенсивті дамумен ерекшеленеді. П.П.Блонскийдің айтуы бойынша, түйсік, мнемикалық қабілеттердің 6-7 жастағы бала мен 17-18 жасар жеткіншектердің арасындағы айырмашылығы ойлаудағыдай болмайды. Бұған Ж.Пиженің интеллекттің даму теориясын талдай отырып, көзіміз жетеді.

Бұл кезеңде жеткіншектердің практикалық және образды ойлаудың формалары жеткілікті деңгейде дамыған. Оларда сөздік-логикалық ойлау бастау алып, теориялық ойлау дами түседі. Іштей ойлау, анализ, рефлексия тектес маңызды дағдылар белсенді түрде қалыптаса бастайды. Бұның бәрі дамып жатқан теориялық және логикалық ойлаудың дамуына керек жағдайларды жасап отырады.

Қазіргі заманда әсіресе қарқынды өзгеруіне байланысты кез-келген жағдайда өзін жақсы сезіну, жағдайларға икемделе, бейімделе алу өте маңызды. Ғалымдар осы күрделі процестің түрлі шегін зерттеуге, бағалауға болатындығын көрсетуде.

Қазіргі ғылым медицина, биология тоғысында адамның қоршаған орта жағдайына икемделуіне, бейімделуіне жағдай жасайтын жаңа әдістерді қарастыруда. Латын тілінен аударғанда «бейімделу» - икемделу, үйлесу деген мағынаны береді. Нақты уақытқа дейін «бейімделу» түсінігінің анықтамасы жоқ. Ағылшын ғалымы Проссердің айтуынша, оның көп мәнділігі сонша, қанша зерттеушілер бар, соншама түрлі жауап қайтарылады және соның барлығыда дұрыс болып табылады.

Тұлғаның әлеуметтік – психологиялық бейімделу мәселесі психология ғылымындағы және психология ғылымының басқа да аймағындағы күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Адамды қоғамға, әлеуметтік топқа және ұжымға енгізудегі, адам мен әлеуметтік тәжірибені меңгеру механизмінде, қарым–қатынас және мәдени тәжірибелерде бейімделу және әлеуметтену процесі маңызды механизм болып табылады.

Адамның бейімделу ерекшелігі «әлеуметтік әлемге бірте – бірте енуі мен» мінез – құлық, жүріс – тұрыстың әлеуметтік ережелерін меңгеру процесі мен адамның әлеуметтенуі мен байланысты болады. Негізінде әлеуметтік бейімделу әлеуметтенудің маңызды механизмі болып табылады.

Әлеуметтену және тұлғаның бейімделуі жақын түсініктер, қоғам мен тұлғаның өзара әрекеттесуінің бірыңғай процесін сипаттайды, сондай-ақ әлеуметтену түсінігі бейімделу түсінігінен аумақты болып табылады. Әлеуметтену – тек тұлға болуы мен жалпы дамуы мен ғана жиі байланысады, ал бейімделу – қалыптасып қойған тұлғаның икемделу процесі мен байланысады. «Бейімделу және әлеуметтену» түсінігінде мазмұнына байланысты мәнді айырмашылықтар бар. Бейімделу адамның жаңа заттық іс - әрекет жағдайына икемделуі, дағдылануы, әлеуметтенуі тұлғаның қалыптасу процесінен көрінеді.

Әлеуметтік–психологиялық бейімделу түсінігіне қысқаша қарастыратын болсақ, жеке адам мен топтың өз ара қатынасының жағдайын жеке адам созылмалы емес ішкі және сыртқы қақтығыстарсыз басты әрекетке сәтті қосылуы, негізгі социогенді қажеттіліктерді қанағаттандыруы, оның топ ұсынатын ролдік күтілімдеріне қарсы шығуы, өзінің ісін көрсету және шығармашылық қабілеттерін еркін көрсету жағдайы - әлеуметтік–психологиялық бейімделу деп аталады.

Мектептегі қиындықтар психиканы жарақаттайтын фактор ретінде көрініп, оқушының эмоционалды жағдайының өзгеруіне әкеп соғады. Мектеп өміріндегі кез-келген қанағаттанбаушылық біртіндеп оның үлгеріміне әсер етіп, жүйкелік-психологиялық денсаулығының төмендеуіне әкеледі.

Отбасындағы мәдени деңгейдің төмендігінен, баладағы психологиялық дамудың кешеуілдеуінен мұндай балалар мектепке үлгермейтін топтағы оқушыларға шарасыз енеді. Оқу материалын меңгеруде пайда болған қиындықтар олардың толығымен бейімделу жолдарына кедерге жасайды. Мұндай балалар мектепке келгенде оқу сабақтарына үлкен қызығушылықпен қарап, мұғалімді көңіл қойып тыңдайды, қажетті білімді меңгеруге тырысады, яғни мектептік мотивацияның жоғарлығымен көрінетіндігін атап өтуге болады.

Кейбір жағдайларда ата-аналардың төмен білім деңгейіне баланың қараусыз қалуы, отбасы ішіндегі дау-дамайлар, алкогольизм сияқты жағымсыз әлеуметтік факторлар жатады. Мұндай отбасындағы балаларға мінез-құлықтың қарапайым дағдылары сіңбеген, оларда танымдық мотивтері қалыптаспаған және өз жұмысын дербес ұйымдастыру дағдысы жоқ, интеллектуалды кешеуілдікке тұлға дамуының дисгормониялылығы қосылады.

Баланың мектепке бейімделу қиындықтарының пайда болуына әкелетін басқа факторлар, яғни жағымсыз тұлғалық сапаның қалыптасуы бәрінен бұрын тәрбиелеу амалының дұрыс еместігінен көрінеді. Мұндай балалардың ата-аналарының білім деңгейлері жоғары болуы мүмкін, балаға көп көңіл бөліп, баланың танымдық сферасын дамытумен шұғылдануы мүмкін. Бірақ та оларда балаға жағымсыз әсер ететін ата-аналардың арасындағы дау-дамайлы қарым-қатынас бар. Балалардың әрқашан үрейлі, қорқынышты жағдайда болуы тұлғаның эмоционалды, бірқалыпты емес типінің қалыптасуына әкеліп соғады: алаңдаушылық, шиеленіс, әлеуметтік жасқаншақтық, өзіне сенімсіздік сияқты сапалар тән.

Кәмелетке толмағандардың ауытқушылық мінез-құлқын бейімдеу мәселесін шешуде гуманистік бағыт зерттеу күшін жеткіншектің «өзіндік» сезімін оның мінез-құлқын өзін-өзі реттеуіндегі психологиялық механизмдерді қосу арқылы дамытуға бағытталған көмек берудің педагогикалық жодарын іздестіруге бағыттау қажеттілігін шарттайды.

Әрине, жеткіншектің мінез-құлқын психологиялық реттеушілерді қосу кәмелетке толмағандардың ауытқушылық мінез-құлқын бейімдеу процесін педагогикалық қамтамасыз етудің мазмұндық және процестік компоненттердің өзгеруін талап етеді; бірақ бұл педагогтың өзінің ойлау тәсілі мен дүниетанымының өзгерісі барысында ғана шынайы мазмұн алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Крутецкий В.А. Психология обучения и воспитания школьников. –М.: Просвещение, 1998.
2. Зюбин Л.М. Воспитательная работа с педагогически запущенными учащимися//Методические рекомендации для мастеров и преподавателей профтехучилищ. – Л., 1995.

ӘОЖ 89.52

САУАТ АШУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ДАМЫТА ОҚЫТУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ

ЖҰМАТАЙ Р.А.

Б.Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназиясы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается основа начального обучения состоит в том, чтобы научить учащихся читать и писать, сформировать на этой основе у них первые навыки и вооружить их простыми примерами знаний.

Summary. The article discusses the basis of primary education is to teach students to read and write, to form their first skills on this basis and to equip them with simple examples of knowledge.

Технология ғылым мен практика арасындағы аралық құрылым болып табылады. Оқыту теориясы оқушы дамуының негізі болса, педагогикалық технология оқыту теориясын мұғалім мен оқушы әрекеті түінде жобалау, қойылған нақты мақсаттарға сәйкес оқыту үдерісін тиімді құрып, жүзеге асыру болып табылады.

Педагогикалық технология ұғымын кеңестік педагогикада алғаш рет қолданған А.С.Макаренко болды. Оның «Педагогикалық поэма» атты атақты шығармасында «...біздің

педагогикалық өндіріс технологиялық емес, моральдік логикада түзілген, сондықтан да онда технологиялық үдеріс, конструкциялау, операцияларды есепке алу, бақылау сияқты маңызды бөлімдер жоқ», –деуі – мұның дәлелі.

Педагогикалық технологияның қалыптасуына программалап оқытудың әсері көп болды. Бұл туралы М.В.Кларин «педагогикалық технология – программалап оқытудың туындысы» деген болатын. Ол педагогикалық технологияға «педагогикалық мақсаттарға жету үшін қолданылатын жекелік, инструменталдық, әдістемелік құралдардың жиынтығы мен қызмет жасау тәртібі» деген анықтама береді. Ал Б.Т.Лихачев «Педагогика» оқу құралында педагогикалық технологияны оқыту мен тәрбиелеу құралдарын, формаларын, әдістерін анықтаудағы психологиялық-педагогикалық талаптар жиынтығы, педагогикалық үдерістің әдістемелік-ұйымдастыру құралы ретінде қарастыра отырып, оның оқушы қабілеттерін дамытуға қажетті жағдай тудыратындығына арнайы тоқталады.

Бұл ғалымдарымыздың оқыту технологиялары оқыту үдерісінің өзін жүйе ретінде құру мен басқару диагностикалық мақсат қойып, соған тиімділікпен жету жолдарын ғылыми негізде ұйымдастыру ағымын танытады. Бұл бағыттың ерекшелігі сонда, мұның түп негізі – оқыту үдерісінің жалпы заңдылықтары бар, соларды белгілі бір жүйеге түсіріп тану және нақты оқыту мақсатына лайықтап ұйымдастыру керек деген идеяға негізделеді.

Қазіргі кезде еуропалық білім әлемімен ықпалдастық мақсатында Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс оқу-тәрбие жұмысына нақты өзгерістер білім беру саласына жаңаша қарауда: мұғалімнің оқу-тәрбие үрдісін жаңаша тұрғада ұйымдастыруды, оқушылардан танымдық, шығармашылық сі-әрекет мүмкіндіктерін дамытуды талап етеді.

Бүгінгі жас ұрпақты жан-жақты тәрбиелеу мен білім беруде, педагогика ғылымының озық үлгілерінен терориялық білімін жетілдіріу мен жеке пәндерді оқыту барысындаға әдістемелік жүйенің алдыңғы қатарлы тәжірибелерін және білім берудің жаңа технологиялар толық меңгеру әрбір ұстаздың басты міндеті. Осы тұрғыдан келенде бастауыш білім берудің алдында тұрған негізгі мәселе оқушыларды дамыта оқыту, яғни оқушыны оқу әрекетін қалыптастыру, олардың білім алуға ынтасын, қызығушылығын ояту. Бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекеті дербестілік, еркіндік, ізгілік ұстанымдармен анықталады. Мұндағы мақсат - өздігінен білім алып, бейімі бойынша дами алатын жеке тұлғаны қалыптастырады. Біздің міндетіміз - білім беруде жаңа технологиялар мен жаңаша оқыту әдістерін тиімді қолдану, жан-жақты дамыту.

Бастауыш білім берудің оқыту үдерісінде жаңа технологияларын тиімді қолданудың барысы мен нәтижесінде шығармашыл, белсенді, білімді, білкті, қабілетті, ынталы тұлға қалыптастыру іс-әрекеттері жүзеге асырылады.

Бастауыш білім берудің негізі – іс-әрекеті оқушылардың сауатын ашу мен оқу, жазуға үйрету болып олады осы негіздегі алғашқы біліктері қалыптастырып, білімдерің қарапайым үлгілерімен қаруландыру әрекеті жүзеге асырылады. Және оқушылардың осы кезеңге дейінгі өзіндік өмір тәжірибелерін дамыту жұмыстары жүргізіледі әсіресе, балалардың сөздік қорын дамытуға және дұрыс сөйлеуге, алғашқы ғылыми ұғымдармен таныстыру, оқығанын салыстыруға, математикалық түсініктер, дүниетанымдарын кеңейтуге бағытталған жұмыстардың барлығын сөздік қатынастар арқылы орындала бастайды. Бұндай алғашқы кезеңдегі басымдылық орын сөздік әдіске тиеді. Сөздік әдіс, мұғалімнің әңгіме, түсіндіруді оқыту әдісі ретінде оқыту үрдісінде барынша орын беріліп оның баларға ықпалын күшейту барысында оқушының іс-әрекетін ұйымдастыруға көп көңіл бөлуінің тиімділігіне қол жеткізудегі бұл әдістемелік жүйенің педагогиканың жаңа технологиясына тән нұсқауларын іске асыру болатын нәтижелердің онды болуына үлкен септігін тигізеді.

Мектеп табалдырығын алғаш аттап, бала білімді меңгеруді сауат ашудан бастайды. Сауат ашудың негізгі мақсаты – оқу, жазу дағдысының негізін қалау; балаларды тыңдауға, оқуға, жазуға үйрету, балаларда сөздің дыбыстық құрылысы туралы түсінік қалыптастыру, әріп таныту, сөзді, сөйлемді, мәтінді оқуға үйрету, сауатты жазу негізін қалыптастыру, өз бетінше оқуға, кітапқа қызығушылығын ояту, ауызша сөйлеуін дамыту.

Сауат ашу кезеңінде балалар әріп, дыбыс, сөз, сөйлем деген дерексіз ұғымдармен алғаш рет кездеседі. Сауат аша бастаған бала оқу- жазуға үйрену барысында көптеген қиындықтарға кездеседі. Бір әріпті немесе бір сөзді жазу үшін нерв жүйесіне бірінші толқын (импульс) жасалады. Осы кездегі кедергілер мен қиындықтардан баланың нәзік табиғатына нұқсан келтірмей, күш жігерін мұқалтпай алып шығуға үлкен жауапкершілікпен қарау керек.

Әр әріппен таныстыру барысында «Әліппе» кітабында берілген сюжетті суреттер, түрлі түсті бояумен салынған схемалар, жұмбақтар, жаттығуларды тақырыппен байланыстыра, ұтымды қолдана білу қажет.

Сауат ашу кезеңінде жаңа технология элементтерін қолдану оқушының тақырыпты терең меңгеруін жеңілдетеді. Жаңа тақырып, яғни кез-келген әріпті таныстыру кезеңінде алдымен оқушылардың қызығушылығын ояту, ойды қозғау мақсатында оларға тақырыпқа байланысты сұрақтар қойып, топта талқылауға, өз ойларын білдіруге мүмкіндік беру. Жаңа сабақпен таныстыру кезеңінде оқушы тікелей жаңа ақпаратпен жұмыс жасау негізінде деңгейлік тапсырмалар, ізденушілік тапсырмалар ойын ұштауға мүмкіндік туғызады. Жаңа тақырыпты бекіту мақсатында ойын элементтерін пайдалану, өткен тақырыппен жаңа тақырыпты салыстыру негізінде шығару арқылы ұтымды жүзеге асады. Жаңа танысқан әріпке тән қасиеттерді топтастыра отырып, алған жаңа ақпарат туралы ойын еркін жазу арқылы қорытынды жасауға болады.

Сауат ашу кезеңінде балалардың оқу, жазу дағдысын қалыптастыруда ойынның алатын орны ерекше. Ойын - баланың іс-әрекетінің негізгі түрі. Бала мектепке келгенде де ойнауын тоқтатпайды. Әйтсе де, оқу әрекеті бірінші орында тұрады да, ойын оның өміріндегі екінші дәрежедегі әрекетке айналады. Ойын әрекеті – баланың барлық нышандарының дамуына мүмкіндік туғызатын, өзіндік ерекшелігі бар, интеллектуалдық мектеп. Ойынның қозғаушы күші – баланың тілегі мен қызығуы. Бала сол ойын барысында тапқырлыққа, ептілікке, қиялдау, ойлауға дағдыланады.

Бастауыш сынып оқушыларының оқуға қажетті білім, икемділік пен дағдыны меңгеру және оқушының оларды өмірде, тәжірибеде пайдалана білуге үйренетін саналы қызметі оқу іс-әрекеті деп аталады. Оқу іс-әрекетінің басты белгілері - мақсат, мазмұн, тәсілдер, нәтиже болып табылады.

Әлемдік білім кеңістігінде ақпарат алмасудың шапшаң дамып отырғандығы бастауыш білім беруге арналған білім берудің мазмұны жағынан да, әлеуметтік-экономикалық жағынан да оңтайлы болу қажеттігін көрсетіп отыр, сондықтан қазіргі кезде білім мазмұнын нысандармен, табиғаттағы үрдістермен, өмірде кездесетін жағдаяттармен байланыстыру т.с.с. элементтермен толықтырыла отырып, тұлғалық дамуға бағдарлануы тиіс.

Сауат ашу кезеңінде жаңа технологиялар элементтерін қолдана отырып бастауыш сынып оқушыларының оқу, жазу дағдыларын тиімді жолмен жүзеге асыра аламыз.

Бастауыш бастауыш білім берудегі сауат ашу кезеңдерінде дамыта оқыту технологиясының ұстанатын бағыты осы айтылғандармен тікелей байланысты. Осымен байланысты дамыта оқыту логикасы басшылыққа алынып, оқушылардың теориялық ойлауы мен тілін дамытудың жаңа арнадағы мүмкіншіліктерін зерделеу бағыты ұсталынады.

Сауат ашу кезеңіндегі оқушылардың оқу-танымдық белсенділігін теориялық және әдістемелік мәселелерін алдыңғы тараудағы талдаулар жасап мүмкіндігінше ашып бердік. Теориялық негізделген қағидаларға сүйеніп, бастауыш сынып мұғалімінің сауат ашу кезеңдеріндегі оқушылармен жүргізілетін оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы дамыту, қызығушылығын арттыру, жас және жеке психологиялық ерекшеліктерін есепке алу, педагогикалық ықпал жасау, әдістемелік жүйесін қарастыру, оқытудың жаңа технологияларын салат ашу кезеңінде пайдалану мүмкіндіктерін қарастыру, ең бастысы оқушының қалыпты дамуына жадай жасауды ғылыми тұрғыдан негіздеп бердік. Сауат ашу кезеңдеріндегі оқушылардың оқу-танымдық белсенділігін дамыту іс-әрекетін ұйымдастыруда қолданылған оқу материалдары мен жүргізілен сабақтардың логикалық жүйесіне талдаулар жасаймыз.

Қорыта айтқанда, сауат ашу кезеңіндегі оқушылардың оқу-танымдық белсенділіктерін оқу материалдарын жетілдіре отырып, балалардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдасызара отырып қалыптастыру әдістемесін қолдану тиімділігінің көрсеткіштерін эксперименттік және бақылау топтарында анықтай отырып, сауат ашу кезеңіндегі оқушылардың білуге деген талпыныстары, белсенділіктерінің артуы, нәтижеге жету, өз іс-әрекетін ұйымдастыру деңгейлерінің артатындығы дәлелденді. Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттеріндегі белсенділіктерін қалыптастыруды сауат ашудың кезеңдік жүйелеріндегі жүргізілген сабақтармен жалпы педагогикалық үдерістерді байқау, әңгіме өткізу, жұмысты талдау және педагогикалық-психологиялық тестілер, жаттығулар, сауалнамалар жүргізу әдістері пайдаланылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дәулетбекова Ж.Д. Оқушылардың оқу мотивтері сапалы білім негізі. –Алматы, 2001 ж.

2. Мұханбетжанова А.М. Бастауыш білімнің интеграциясы: методология, теория, әдістеме. Монография. –А., Ғылым., 1998 ж.

3. Сабыров Т.С. Оқушы жастардың танымдық әрекетін арттырудағы оқытудың әдістері мен формаларының дидактикалық жүйесін тиімді қолдануға мұғалімді даярлаудың теориялық негіздері. Пед. ғыл. док. Дисс. – Алматы, 1996 ж.

ӘОЖ 372.882

ӘДЕБИЕТТІ МЕНГЕРТУДЕГІ ОҚУ МАҚСАТТАРЫ: БАҒДАР, ҚАДАМ, НӘТИЖЕ

БИРГОЖАЕВА Ж.Б.

Б.Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В данной статье проанализированы и доказаны на практических примерах несколько методов и приемов достижения учебных целей при изучении казахской литературы. Оценивается роль целей в обучении литературе, данных в учебной программе, развивающих навыки понимания и ответа, анализа и интерпретации, оценки и сравнения. Предусматривается единство цели, действия, результата в формировании читательской культуры учащихся.

Summary. In this article, several methods and techniques for achieving educational goals in the study of Kazakh literature are analyzed and proved by practical examples. The role of goals in teaching literature, data in the curriculum, developing the skills of understanding and response, analysis and interpretation, evaluation and comparison is evaluated. It provides for the unity of purpose, action, result in the formation of students' reading culture.

Әлемдік білім кеңістігіне енуде қазақстандық білім беру жүйесінде айтарлықтай өзгерістер болғаны белгілі. Оның қазақ әдебиеті пәндерінде де көрініс табуы қалыпты жағдай. Жаңартылған білім берудегі «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламалары оқушылардың бойында адамгершілік, рухани құндылықтармен қатар функционалдық сауаттылығын арттыруды, көркем-әдеби шығарманы талдау дағдыларын қалыптастыруды көздейді [1, 112 б] Дәстүрлі оқытуда білімділік, тәрбиелік, дамытушылық мақсаттар негізге алынған болса, жаңа оқу бағдарламасында үш басты дағдыны қалыптастыру мен дамыту басшылыққа алынады: түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстыру. Осының негізінде құрылған әдебиетті оқытудың мақсаттары да бағдарламада дайын күйде берілген. Сондықтан пән мұғалімі оны бағдар ретінде басты назарға алу міндеті болып табылады.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша бір сабақта бір немесе бірнеше оқу мақсатын алып, сабақ жоспарлауға болады. Мұғалім оқу мақсаттарының комбинациясын шебер пайдалана білуі керек. [1, 115б.] Оны қалай жүзеге асыруға болады? Біріншіден, оқу мақсаттарының мазмұнын мұғалімнің өзі толық түсініп алуы қажет, екіншіден, оқу мазмұны мен мақсаттың қиындық деңгейіне қарай саралау жасау керек, үшіншіден, негізгі ресурс - оқулықты негізге ала отырып, сараланған оқу мақсаттарынан керегін таңдап, үйлестіру қажет.

Оқу мақсаттарын айқындап алғаннан кейін оған жеткізетін қадамдар: әдіс-тәсілдер, қалыптастырушы бағалау, бағалау критерилері, тапсырмалар, жұмыс түрлері т.б. "Қайратыңа әдісінді жолдас ет", - деп әскери стратег Бауыржан Момышұлы айтқандай, мұғалім оқушыларды оқу мақсаттарына жетелеуде өзі пайдаланатын әр әдістің өзіндік ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін бағамдап алған жөн. Неге десеніз, оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз етуде мұғалімдердің қолданатын оқыту тәсілдері (яғни, педагогикалық әдістемелер) маңызды болып табылады./1, 116-б./ Мысалы, 5-сынып бойынша мынадай оқу мақсаты бар: әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу. Бұл - анализ және интерпретация деңгейіндегі мақсат, яғни оқушының негізгі әрекеті - шығармадағы салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді анықтап, ажыратуы және соны түсіндіріп бере алуы. Мұғалімнің шеберлігі сонда - осы қиындығы жоғары әрекетті қандай әдіспен үйлестіре алуында. Көптеген мұғалімдер бұл мақсатқа жетуде "ВЕНН" диаграммасын, "Т" кестесін немесе әр түрлі графикалық органайзерлерді пайдаланып жүр. Бұл

әдістер оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес осы мақсатқа жетуде өте тиімді деп санауға болады.

5-сынып бойынша берілген тағы бір мақсатты атап өтсек, анализ және интерпретация деңгейіндегі мақсат: 5.2.3.1. Шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, өлең құрылысы) мағынасын анықтау. Тақырып - А. Байтұрсынұлының "Егіннің бастары" өлеңінің көркемдік ерекшелігі.

1-қадам. Топтық жұмыс. Әр топқа берілген тапсырма әр түрлі. Мысалы:

1-топқа	5-шумақтың 2-тармағындағы тұрақты тіркестің мағынасын ашыңдар
2-топқа	8.29-32 сандарының әдеби алгоритмін түсіндіріңдер
3-топқа	20-тармақтағы сөйлем айтылу мақсатына қарай қандай сөйлем түрі өлеңге қаншалықты қажет, түсіндіріңдер.

Көріп отырғандарыңыздай, оқушылар осы тапсырма арқылы өлең құрылысына талдау жасап, суреттеу құралдарының мағынасын анықтайды.

2-қадам. Жұптық жұмыс. Әр жұпқа төмендегідей сәйкестендіру беріледі. "Сәйкестендіру" әдісі.

Эпитетті сөз	Синонимін анықтаңыз
Мырза Құдай	Сараң
	• Жомарт
	Ашса алақанында, жұмса жұдырығында
	Бай
	• дарқан
	• Қолы ашық

Бұл тапсырма тілдік бейнелеу - эпитеттің мағынасын ашуға бағытталған болса, келесі тапсырма теңеуді тауып, оның мағынасын ашуға арналған. "Суреттер сөйлейді" әдісі бойынша өлең жолдарынан суретке сай теңеулерді табу және соны түсіндіре алу көзделген.

Қарап отырсақ, берілген әдіс-тәсілдер еш жаңалық емес, алайда сол әдістің тонын шеберлікпен айналдыру арқылы сабақтың мақсатына оқушы белсенділігі мен қызығушылығын арттыра отырып жетуге болады. Мысалға келтірілген әдіс түрлері тек бір сабақтың қадамдары ғана. Демек, мұғалім әр сабаққа сындарлы көзқараспен келу арқылы оқушылардың функционалды сауаттылығымен қоса, көркем-әдеби шығармаларды талдау дағдыларын қалыптастыра алады.

Әдіс-тәсілдерді саралауда оқушылардың жас ерекшеліктерін де ескеру маңызды. Қиын тапсырмалар берілсе, олардың алаңдаушылығына, оңай тапсырма берілсе, зерігуіне тап боласыз. Демек, тапсырма жеңіл болса, қиын әдіспен, қиын болса, жеңіл әдіспен ұсынған тиімді. Басқаша айтқанда, оқушымен әрекеттің алтын ортасын табу қажет. 5-6-сынып оқушылары қимыл-қозғалысы гиперактивті, өте әсершіл "жақсылыққа да, жамандыққа да құлай берілетіндер." [2, 16 б.] Олардың оқырмандық мәдениетін қалыптастыру мен дамыту көп күш-жігер мен идеяларды қажет етеді.

Бір шығарманы толық оқып, талдай білген оқушы өз бетімен оқыған шығармасын сыныпта меңгерген дағдылары бойынша барлық әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, ой елегінен өткізіп, интерпретация жасап, бағалай алады [1, 113-б.]. Сондықтан оқу мақсаттарында берілген дағдыларды сапалы меңгерту - көзі қарақты оқырман даярлаудың алғышарттары.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.«2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ғ.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 320 б.

ӘОЖ 372. 882 (075)

МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ – БІЛІМ ЖҮЙЕСІНІҢ АЛҒА БАСУЫНЫҢ АЛҒЫ ШАРТЫ, НЕГІЗГІ ФАКТОРЫ

РСЫМБЕТОВА Н.М.

М.Х.Дулата атындағы Тараз өңірлік университетінің оқытушысы, магистр,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

МЕЙМАШЕВА Г.А.

Ш.Уалиханов атындағы орта мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В статье рассмотрены предпосылки формирования профессиональной компетентности учителя и основной фактор развития системы образования.

Summary.The article considers the prerequisites for the formation of professional competence of a teacher and the main factor in the development of the education system.

Адамдардың кәсібилігінің негізгі құрамдас бөлігі кәсіби құзыреттілік болып табылады. Отандық және шетел ғалымдарының зерттеу жұмыстарында кәсіби құзыреттілік мәселесі қарастырылып жүр. Кәсіби құзыреттіліктің заманауи бағыттары әртүрлі. Қазіргі таңда шетел ғалымдарының зерттеулерінде айтылып жүрген кәсіби құзыреттілік анықтамалары: «тапсырманы адекватты орындау күйі», «терең білім», «қызметті актуальды орындау қабілеттері» т.б. Бұл ұғымдар кәсіби құзыреттілік мазмұнын толық түсіндіре алмайды. Дегенмен де, отандық ғалымдардың да кәсіби құзыреттілік мәселесі туралы белсенді зерттеу жүргізуде. Көп жағдайда бұл ұғым кәсібилікті айқындау үшін біліктіліктің жоғары деңгейін ішкі оймен ұштастыра пайдаланылады. Кәсіби құзыреттілік мәселесі еңбек қызметінің тиімділік әлеуеті немесе маманның дайындық сапасының сипаттамасы ретінде қарастырылады. Педагогикада саласында бұл категория жалпы мәдени құзыреттіліктен туындаған өнімді компонент немесе маманның білімділік деңгейі ретінде қарастырылады. Егер біз кәсіби шеберлік деңгейінің жүйесімен құзыреттілікті анықтайтын болсақ, мұндай жағдайда, құзыреттілік орындаушылық және кемелдену арасында орналасқан. Біз педагогикалық зерттеулерден байқағанымыз: мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі тұлғалық қасиеттерден, процессуалдық компоненттерден және кәсіби іс-әрекеттің мазмұндық ерекшеліктерінен тұратынын байқадық.

Кәсібилік жайлы біздер әр түрлі қызметті адамдардың жүйелі түрде сол қызметтің міндеттерін тиімді және сенімді орындауларының өзгешелігі деп түсінеміз. «Кәсібилік» [1] ұғымында қоғамда бар стандарттар және объективті талаптарға сай кәсіби қызметтегі адамның психологиялық құрылымын игерудегі деңгейі бейнеленеді. Кәсібилікті игеру мақсатында сәйкес келетін ниет пен мінездеме және үнемі оқуға, өз шеберлігін жетілдіруге қажетті қабілеттерді ашуға дайын болуы керек. Кәсібилік деген ұғым жоғары білікті еңбек ету сипаттамасымен шектелмейді, мұнда адамның дүниетанымындағы ерекшелік негізгі рөл атқарады.

Кәсібилікті мұғалімнің дамуының әртүрлі бағыттарымен зерделей отырып, кәсіби құзыреттіліктің төрт түрі бағытын анықтай алдық. Олар: арнайы, әлеуметтік, жеке, дара.

1. Арнайы кәсіби құзыреттілік – мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі жоғары кәсіби деңгейде қызметті атқарумен және арнайы білімді игеріп қоймай, білімді тәрбиімен бірге тәжірибеде қолдану шеберлігімен сипатталады.

2. Әлеуметтік кәсіби құзыреттілік – кәсіби қоғамдық ортада қабылданған кәсіби қарым-қатынас тәсілдерін, серіктестік әдістері мен біріккен кәсіби қызметті игерумен сипатталады.

3. Жеке кәсіби құзыреттілік – өзін-өзі дамыту арқылы көрсету әдістерін және кәсіби деформацияға қарсы тұра алу құралдарын меңгерумен сипатталады. Сонымен қатар, мұғалімнің өз бетімен шешім қабылдауы, өз кәсіби қызметін жоспарлауы, проблеманы көруі енгізіледі.

4. Дара кәсіби құзыреттілік – кәсіби өсуге дайындық, өзін-өзі басқара білу тәсілдерін, кәсіби мотивацияның табанды болуы, кәсіби қартаюға берілмеу қасиеттерін меңгерумен сипатталады.

Кәсіби құзыреттіліктің маңызды құрамдас бөлігі ретінде өзінше жаңа білім, білікті игеру сонымен қатар, оны қызметтегі тәжірибеде пайдалану қабілетін атайды, кәсіби құзыреттіліктің түрлерін мұғалімнің кәсібилігін бағалау міндеттеріне пайдалануға болатындығын саралап көз жеткіздік.

Мұғалімнің құзыреттілігіндегі иерархиялық моделіне қатысты ғылымда қызығушылық туындап отыр, мұнда әрбір блок келесі компетенттердің «өсуіне арналған платформа» қалыптастыра отырып, алдыңғысына сүйенеді. Ал блоктың құрамдас моделі мұғалім құзыреттілігінің алты түрін ұсынады: білімдік, шығармашылық, жекелік, қызметтік, эмоционалдық, қарым-қатынастық. Мұғалімді оқыту үрдісінде оның құзыреттілігінің қалыптасуына қатысы бар бірізділік ұстанымының мәні ерекше атап көрсетіледі. Белгілі бір мәтіннен алынған блок мұғалімге қажетті кәсіби құзыреттілікті қамтамасыз етпейді. Ғылыми зерттеулердегі мұғалімнің кәсіби құзыреттілік мәселесіне қатысты мәселелердің талдауын ескере отырып, педагогикалық бейіндегі мамандар жайлы қарастырылатын ғылыми ұғымды нақтылаймыз. Осында айтылғандарға сай мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі маманның тұлғалық сапалы сипаттамасын береді. Оған пәндік сала және педагогика - психология саласы негізінде ғылыми-теориялық білім жүйесі енгізіледі.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі – бұл өзіне мұғалімнің теориялық білім жүйесі мен нақты педагогикалық жағдаяттарда оны меңгеру әдістерін, педагогтың құндылық бағдарын сонымен қатар, оның мәдениетінің аралас көрсеткіштерін яғни, қарым-қатынас стилі, сөйлеу, өзіне және өз қызметіне және аралас білім салаларына қарым-қатынасын енгізген көп факторлы құбылыс.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің компоненттерін төмендегідей бөлеміз: функционалдық, мотивациялық-еріктік, қарым-қатынастық және рефлексиялық.

Мотивациялық-еріктік компонентке – мотивтер, мақсаттар, құнды тіректер, қажеттіліктер енеді. Мамандық меңгерген тұлғаның шығармашылық қасиетінің көрінуіне ықпал етеді және кәсіби қызметке қызығушылықтың болуын арттырады.

Функционалдық – педагогикалық технологияны жобалап жүзеге асыру үшін мұғалімге қажет және педагогикалық қызметке қатысты әдістер туралы білім түрлерін көрсететін компонент.

Қарым-қатынастық құзыреттілік компонентіне – талдау, ойын айта білу, және ойын анық, нақты жеткізе білу, рационалды - эмоционалды ақпаратты жеткізе білуі, дәлелдеу, дәлел құра білу, өзара қарым-қатынас орната білуі, әртүрлі іскерлік жағдаяттарда қарым-қатынастың озық стилін таңдау, әріптестер әрекеттерімен өз әрекетін келістіруі, диалог ұйымдастыру енгізіледі.

Рефлексиялық компоненті – креативтілік, алға ұмтылушылық, өз қызметі мен дамуының жеке жетістіктерінің нәтижесін, деңгейін саналы бақылай білумен: серіктестікке бағытталу, өзіндік талдауға бейімділік, шығармашылық сияқты қасиеттер мен ерекшеліктерді тұрақты қалыптастырумен анықталады. «Рефлексиялық компонент жеке жетістіктердің бағыттаушысы, адамдармен қарым-қатынаста жеке мағынаны іздеу, өз-өзін басқару, және де өз-өзін тануды, кәсіби өсуді, шеберлікті жетілдіруді, мағыналы шығармашылықты қызметті оятушы және жұмыстың дара стилін қалыптастыру болып табылады.» [2, 229б].

Құзыретті мұғалім қалыптастырудың педагогикалық міндетінің деңгейлі таралуына қарамастан оның айналымының аяқталу шешімі «ойлау – әрекет жасау – ойлау» [3] үштігіне тоқталады және мұғалімдік қызметтің компоненттерімен және соған сай білімменен сәйкес келеді. Нәтижесінде, оның мұғалімнің теориялық және практикалық дайындығының бірлігі ретінде мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің моделі қалыптасады. Мұндағы педагогикалық біліктер төрт топқа топтастырылған.

1. Тәрбиенің нысаналы үдерісінің мазмұнын нақты педагогикалық міндеттерге «аудару» білуі:

- жеке тұлға мен ұжымның жаңа білімді белсенді меңгеруіне дайындығының деңгейін анықтау мақсатында зерттеу;
- ұжымның және әр оқушының дамуын жобалау;
- білім беру мен тәрбиелеу және дамыту міндеттерін кешенді анықтау, оларды нақтылаумен қатар басым міндеттерін анықтау.

2. Логикалық аяқталған педагогикалық жүйені құрумен қатар оның механизмін білу және қозғалысқа келтіру:

- білім-тәрбие міндеттерін кешенді жоспарлау;
- білім үдерісі мазмұнына негізделген таңдауы;
- білім үдерісі ұйымдастыру түрі;
- білім үдерісін ұйымдастыру әдістері мен құралдарының дұрыс таңдалуы.

3.Тәрбие компоненттері мен факторлары арасында байланыстарды өзара анықтай білу және орнату және оларды әрекетке келтіру:

- қажетті жағдайларды тудыру: моральдық-психологиялық, материалдық, ұйымдастырушылық, гигиеналық;
- оқушы тұлғасын белсендіру, оқушыны объектіден тәрбие субъектісіне айналдыратын іс-әрекетін дамыту;
- бірлікке бағытталған іс-әрекетті ұйымдастыру мен дамыту;
- мектеп оқушыларының ортамен байланысын қамтамасыз ету, бақылауға келмейтін сыртқы әсерлерді жүйеге келтіру.

4.Педагогикалық қызметтің нәтижесін есепке ала отырып бағалау:

- мұғалім жұмысының нәтижесін және білім үдерісін талдаумен қатар және өзін-өзі бағалау;
- педагогикалық міндеттердің басым және бағынышты жаңа кешенін анықтау.

Жоғарыда талданып сараланған кәсіби құзыреттіліктердің құрылымдық компоненттерін жоғары деңгейде қалыптастыру үшін білім беру ортасында оқытудың түрлері мен әдістерін жетілдірумен қатар, қызмет мазмұны мен бағытын оның заманауи дамуын қамтамасыз ету керек. Сонымен бірге, әр мұғалім өз әрекеті мен кәсіби жетілуін саралап, бағалап отыруы қажет.

«Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» [4,215б.], – деген ақын Абайдың сөздері ұстаздық мамандығының болмысын шынайы ашып тұр. Ағартушы ақынның осы сөздерін тірек ете отырып, «кәсіби шеберлігі шыңдалған, құзырлығы жоғары, өз ісінің технологы» болу үшін ұстаздан нені талап ету қажет десек, жеке ізденістерден, шығармашылық, зерттеушілік іс - әрекетінің мазмұны терең мұғалім қызметінен тұрады. Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруда белгілі бір жаңа жүйе нәтижесінде білім алудың заманауи көзқарасқа бағытталған құзырлықтарын үнемі дамытып, қалыптастыруды талап етеді. Жоғары мәдениетті, өзінің ділінен алыстамаған мұғалім ғана осы қажеттіліктерді шешудің оңтайлы жолдарын іздейді және табады.

Бүгінгі қоғамның білім беру талабына сай тұлғасы – ойы жүйрік, шығармашылыққа негізделген, терең ақылды меңгерген, бәсекеге қабілетті, қоғамы өзгерістерге бейім, кәсіби ізденушілік шеберлігі жетілген, зерттеуші, жасампаз жаңашыл ұстаз.

Мұғалім әр сабағын оқушылардың өздігінен білім меңгеруіне жол көрсетіп, ізденудің жемісін өз еңбегінің қайнар көзіне айналдырғанда ғана, заман талабына сай ұстаз болу мәселесі шешіледі. «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңанық табатын өнер» [5,218б.], – дейді Жүсіпбек Аймауытов.

Құзыр – бұл мұғалімнің бойындағы білік пен білім қабілеттері. Ал құзырет – алға қойған мақсаттарға жету үшін ішкі ресурс пен сыртқы ресурстарды тиімді жолға қойып, іске асыруға дайындық;

– қоғамдық және жеке қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатын жүзеге асыруда табысты іс-әрекетке дайындық.

Құзыреттілік – бұл мұғалімге берілген немесе жүктеген істі тұрақты түрде нәтижелі орындауын бағалау мінездемесі. Бұл ұстаздың бойында өзіндік жауапкершілік, коммуникабельдік, жаңалықты тез ұғынып қабылдайтын қабілет, кәсіне қатысты мәселені шеше алатын қасиет, мол адамгершілік, жоғары білім мен біліктілік, заманауи жаңа технологияларды меңгеру, ұжыммен жақсы тіл табысып жұмыс жүргізе алатын белсенділік қабілеттерінің болуы.

Арнайы құзыреттілік – өзінің кәсіби дамуына қатысты мәселелерді жобалай білетін қабілет. Әлеуметтік құзыреттілік – әлеуметтік мәселені кәсіби қызмет пен сабақта пайдалану қабілетті.

Білім беру құзыреттілігі – педагогикалық және әлеуметтік психология зерттейтін мәселелерінің негіздерін қолдана білу қабілеті.

Құзыреттілік дегеніміздің өзі – қазіргі заманауи талапқа сай педагогтардың өзін-өзі өзгерте алуға қабілеттілігі. Күнделікті оқу үрдісінде білім саясатындағы өзгерістерді оқушыларға берілетін тапсырмалардан беруден бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Оқушыларға мұғалімнен тек білім ғана қажет емес, оларға өмірге үйрететін қабілеттілікті қалыптастыру қажет. Демек, болашақ мұғалімдеріміз қазіргі таңдағы ақпараттық қоғамнан қалыспай: жедел шешім

кабылдаушы, жедел ойлаушы, ерекше ұйымдастырушылық қабілетті, нақты заманауи бағыт-бағдар беруші болуы – қазіргі заманның талабы. Құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі – болашақ мұғалім қазіргі оқушылардың интеллектуалдық белсенділігін арттыра отырып, шығармашылық қабілетін дамыту арқылы ойлаудың, жаңаны түсіне білудің жолдарын, білімнің жетіспеушілігін түсінуге үйрету барысында ізденуге бағыттауды қалыптастыру жолында күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Осының өзі өз кезегінде қазіргі мұғалімдердің оқушыны оқытуда, білім беруде, қазақи тәрбиелеп өсіруде құзыреттіліктерді бойына сіңірген, оны өз болмысына қалыптастыра білген жеке тұлғаны дайындауды талап етеді.

Құзыреттілік қасиеттерді тұлға бойына қалыптастыра отырып, дарытуда мұғалімнің арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттілігінің жан -жақты болуы талап етіледі. Егер мұғалім өзінің кәсіби өсу жобасын заман талабына сай дұрыс жолға қоя отырып, кәсіптік қызметіне шынайы берілу арқылы тұлғаға берген білімін өмірде қолдана білетіндей жағдайлармен тапсырма жүйесін ұсына алатын жағдайда ғана оқушы құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады. Басқаша айтқанда, тұлғаға бағытталған білім жүйесі білім стандартына сай, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына негізделген, мектептен алған білімін өмірдің қандай да бір жағдаяттарына қолдана алатындай етіп ұсыну мұғалімнің құзыреттілігіне байланысты болады.

Алдымен, мұғалімнің тәжірибесінде қалыптасқан «өзіндік жаңалығы» болуы қажет. Ғылымға өз үлесін қосу мақсатында жасаған жұмысы нәтижесінде өзгелердің тәжірибесін көшірмей, жаңа заманауи бағытқа икемдеп, өз іс-әрекетінің нәтижелі жиынтығы арқылы шынайы ғылымға қол жеткізу керек. Жаңа Қазақстандағы кәсіптік-педагогикалық қызмет білім саласында қандай мұғалімді талап етеді. Жаңа Қазақстан мұғалімі – оқушылардың қоғамдағы жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, әлеуметтік-мәдени жағдайлардағы күрделі мәселелерді еркін бағдарлай алатын, оның даму заңдылықтарын, шығармашылық үдерістерді басқара алатын, білім алушы туралы ғылымның жетістіктерін, компьютерлік оқытуды терең меңгерген жеті қырлы бір сырлы шығармашыл тұлғаны талап етеді.

Ал, білім беруде мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, оған кәсіби құзырлы маман ретінде оқушының шығармашылығы мен дарындылығының дамуына заманауи жағдай жасай алатын, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелікпен атқаруға қабілетті, білім беру саласында оқытудың жаңа технологияларын жақсы меңгерген, білімдік мониторинг негізінде тың ақпараттарды тауып, оларды саралап, сараптай алатын, отандық сонымен қатар, шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана алатын кәсіби маман педагогті айтамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Амельченко Т.В. Болашақ маманның кәсіби құзыреттілігі: Теориялық негіздері: монография. –Чита: ЧитГУ, 2006. –286 б.
2. «Қазіргі заманғы білім берудегі инновациялық бағыттар» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары, 4-5 ақпан 2016 ж. : жинақ / Әл-Фараби атын. ҚазҰУ ; [жауапты ред.: Н. Қ. Мәтбек, М. Н. Ибрагимова, К. Д. Абдибекова]. –Алматы : Қазақ ун-ті, 2016. – 281б.
- 3.Қоянбаев Р.М., ЫбырайымжановИ.Т. Педагогикалық сөздік. – *Түркістан: 2006, – 170б.*
- 4.Абай. Қара сөз. –Семей: МКА, 2001. –260б.
- 5.Аймауытов Ж. Шығармалары. –Алматы : Жалын, 1989. –340б.

ӘОЖ 372. 882 (075)

МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

АХАЕВА М.С

М.Х.Дуллати атындағы Тараз өңірлік университетінің оқытушысы, магистр,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ҚОСАЕВА А.Т

Ш.Уалиханов атындағы орта мектебі директорының

Резюме. В статье рассматривается проблема формирования профессиональной компетентности учителя на научно-практической основе.

Summary. The article deals with the problem of the formation of professional competence of a teacher on a scientific and practical basis.

Оқыту үрдісінің педагогика-психологиялық басқарудың мәселелерін анықтауда мұғалім мен оқушылардың арасындағы қарым-қатынастарды ұйымдастыру педагогтың теориялық білімінің терең болуын қажет етеді.

Болашақ мұғалімнің кәсіби педагогикалық функциялары: ақпараттық, қарым-қатынастық, конструктивтік, ұйымдастырушылық, дамытушылық, зерттеушілік.

Білім берудің мазмұнын меңгеруде, оқу және тәрбие үрдісін ұйымдастырудың осы уақыттағы ұстанымдарын жүзеге асыруда, оқытушылар мен мұғалімдердің өзара келісілген іс-әрекеті негізгі міндет атқарады.

Бүгінгі таңдағы білім беру саласында бәсекеге қабілеті мықты ұрпақ тәрбиелеу үшін алға қойған мақсаттарды шешуге негізделген күрделі бетбұрыс жасалуда. Мұғалімнің кәсіби мүмкіндігі ол өз бойындағы өзін-өзі дамытып отырып қалыптасуына тікелей байланысты. Әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан бұл мәселеге келу үшін мұғалімнің субъект ретінде өз алдына қойған міндеттерін орындау үшін өз деңгейіне көз жеткізу қажет. Дегенмен, мұғалімнің кәсіби өсуі оның жеке тұлғалық ерекшелігіне әбден қатысты. Сондықтан, мұнда даралық-тұлғалық қалыптасу, кәсіптік-пәндік білімін толықтыру іскерлік-әдістемелік жетілдіру компоненттерінен өз қажеттілігін өзі тани алу мүмкіндігі туады. Мұндағы кәсіби қызметтің негізі – өз қажеттіліктерін сезіну. Өйткені, ол – мұғалімнің бар мүмкіндігін дамытудың әлеуметтік жолдарын білу деген сөз. Еліміздің қоғамдық өміріндегі саяси экономикалық және мәдени өзгерістерге сай жоғары мектептердің үлкен жауапкершілікті сезініп, білімді де білікті, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған, өз ісінің шебері болатын маман дайындауға ұмтылуы, өзінің рухани дамуының мазмұнының, сипаттарының өзгеруіне сонымен қатар, әлеуметтік-экономикалық саласы мен еңбек саласына талаптың жоғарылауына қатысты өз ісін жетік білетін, тәжірибелі кәсіби билігі мол сарабал мамандарды қажет етеді.

Кәсіби білімді маманның құзыреттілігі – маманның жеке тұлға ретінде қалыптасқан қасиеттерінің сонымен қатар, ішкі психикалық жағдайларының күрделі жүйесін, оның кәсіби қызметі және қабілетін іске асыру.

Құзыреттілік – қызмет атқарушының жеке мүмкіншілігі. Оның білімі мен тәжірибесінен қалыптасқан квалификациясы, ұшқыр шешім қабылдай алуы, болмаса белгілі бір білім мен қалыптасқан дағдыларына сәйкес қажетті шешім қабылдауы.

Құзыреттілік – мұғалімнің жеке тұлға ретінде теориялық білімі мен практикалық тәжірибесінің негізінде белгілі бір міндеттерді орындауға алдын-ала даярлығы мен қалыптасқан қабілеті. Ол жаттанды білім түрінде емес, жеке тұлғаның дүниетанымына, ұшқыр ойлауға қатысын және белгілі бір әрекетке қатысты мәселелерді ұсынып, тез шешім жасауға, мәселенің барысы мен нәтижелерін талдауға, ұтымды түзетулерді ұдайы түрде енгізіп отыруға икемділігі мен белсенділігі көрінеді.

Құзыреттілік бірінші орынға мұғалімнің ақпаратты сауаттылығын емес, тұлғаның мәселені дұрыс шеше алу қасиетін қояды. Егер болашақ мұғалімнің құзыреттілігінің қалыптасуын жоғары кәсіби білім беру жүйесінің негізінде қарастырсақ, мұндай жағдайда білім мен білік, дағды мүмкіншілігі, яғни, педагогикалық қызметке мұғалімнің қаншалықты дайын екендігі туралы болжам жасауға болады. Кәсіби құзыреттілік ол: мұғалімнің жеке тұлға ретіндегі сапалары мен оның педагогика - психологиялық және теориялық білімінің, кәсіпке қатысты біліктілігі мен дағдысының және тәжірибесінің бір арнада тоғысуы екендігін байқауға болады. Болашақ жас маман өз ісінің шебері, бетке ұстар жақсы мұғалім болу үшін өз мамандығына қажетті қабілеттерді сонымен қатар, жалпы әлемдік мәдениетті, алдымен өз елінің мәдениетін, адамдар арасындағы қарым-қатынас мәдениетін, интеграциялық үрдістерді меңгеріп, тіл мәдениетін игеріп сол арқылы әлемдік білім кеңістігіне еніп, өнердің өресінен шығуға талпынуы керек.

Кәсіби құзыреттілікті мұғалім бойында педагогикалық инновацияларды дұрыс қалыптастыруды жеке шығармашылық қабілетті дамытуды, күнделікті өзгеріп жататын педагогикалық үрдістерді қабылдай отырып, кәсіби ортаға тез бейімделуді талап етеді.

«Болашақ маман дайындау мәселесі оның тұлғалық сапалары мен қасиеттерін қалыптастырудың маңызын көрсетеді. Тұлғалық-бағдарлық бағытта білім беру нәтижесі білім, біліктілік және дағды жүйесінде, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесіне және эмоционалды көңіл-күйді көрсете білуге, ерікті қарым-қатынасқа педагогикалық бейімделген тұлғаны қалыптастыру ретінде түсіндіріледі» [1,98б.].

Мұғалімнің бойында кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда мектепте өткізілетін педагогикалық практиканың маңызы үлкен, рөл, мықты. Педагогикалық практиканы өту барысында білімгерлердің педагогикалық іскерлігімен қатар педагогтың дағдылары жылдам қалыптасады. Білімгердің бойында шығармашылық қабілеті дамиды және педагогикалық құбылыстарды зерттеуге деген қабілеті ашылады, жалпы айтқанда педагогикалық шеберліктің негіздері қаланады.

Мұғалім кадрларын педагогикалық практикадан өткізу кәсіби оқыту жүйесінде өте маңызды орын алады. Сондықтан да жоғары мектептердегі оқу-тәрбие үрдісінің негізгі бір бөлігі болып табылады, сонымен қатар, болашақ мұғалімдердің теориядан алған білімінің оқу үрдісіне дайындығы практикадан өтіп, теория мен практика бірлікте мұғалім бойында қалыптасуын қамтамасыз етеді. Педагогикалық практика барысында мынадай міндеттер шешімін табады:

- білімгерлердің мұғалім мамандығына деген қызығушылық қабілетін оятып, мамндыққа деген сүйіспеншіліктің тұрақтылығына тәрбиелеу;
- арнайы педагогикалық міндеттерді шешу жолында педагогика- психологиялық және арнайы мамандыққа қатысты білімдерді орынды пайдалану үрдісін тереңдету, бекіту;
- болашақ мектеп мұғалімдерінің кәсіби іскерлігі мен кәсіби дағдыларын қалыптастыру және дәстүрлі дамыту;
- педагогикалық қызметке шығармашылық қабілеттің қажеттілігіне баулып, зерттеушілік ыңғайға бейімдеу.

Педагогикалық практикадан өту тиімділігінің негізгі шарттары – практиканың кәсіби бағыты, теориялық негізділігі, педагогикалық практиканың мазмұнына, ұйымдастырылуына комплексті тұрғыдан қарау, практикада оқыту және тәрбиелеу сипаты, жүйелілік, практиканы өткізудегі қажеттілік. Педагогикалық практика кезінде білімгер келесі кәсіби -педагогикалық іскерлік негіздерін меңгеруі тиіс:

- оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін және ұжымның әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, нақты оқу-тәрбие міндеттерін анықтау;
- педагогикалық қызметтің ағымдағы және болашақтағы жұмыстарды жоспарлауын жүзеге асыру (пән бойынша оқу және сыныптан тыс жұмыстар, әртүрлі іс-әрекеттерде т.б.)
- оқушылардың оқу-танымдық қызметінде басқарудың әртүрлі формалары мен әдістерін пайдалана алу және білім-тәрбие міндеттерін шешу;
- балалар ұжымын алға қойған міндеттеді орындауын ұйымдастыру (өз іс-әрекеті мен оқушылар іс-әрекетінің жүйелілігін анықтау, белсенділерді анықтау, ұжым мен белсенділердің қарым қатынасын үйлестіру, бақылауды жүзеге асыру, жұмыстың қорытындыларын шығарып, оны талдау);
- мұғалімдермен, сынып жетекшілерімен, тәрбиешілермен, ата-аналармен және тәрбие ісіне қатысы бар барлық адамдармен дұрыс қарым-қатынаста болу;
- оқу-тәрбие жұмысын бақылау және талдау;
- ата-аналар арасында педагогикалық насихат жұмыстарын жүргізу [2,102б.].

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі педагогикалық қызметте әр қырынан танылады да әр түрлі іске асады. Жалпы алғанда мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі деп: біз саралай келе өзара байланысты үш компонентті құрайтын жеке тұлғаның қасиеттерін түсіндік:

- ✓ Педагогикалық қызмет барысында жүзеге асатын кәсіби білім;
- ✓ Мұғалімнің кәсіби біліктілігі
- ✓ Мұғалімде қалыптасқан кәсіби құнды қасиеттері;

Осы үш компонент мұғалімнің жеке тұлғасын дамыту мақсатымен біріктірілген, тағы да, әр компонент мұғалімнің педагогикалық қызметінде бірде алғышарт болса, бірде құралы, ал енді бірде нәтижесі болып та қызмет атқарады.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үрдісі кәсіби білім мен білік және дағдыны қалыптастыру, сонымен бірге, педагогтың жалпы мәдени дамуын, мұғалімнің тұлғалық көзқарасын тағы да кәсіби маңызды сапаларын дамытып, қалыптастыруды білдіреді.

«Егер бір жылдығыңды ойласаң – егін ек, ал 100 жылдығыңды ойласаң - адам тәрбиелеп, білім бер» –деген ежелгі ғұламалардың сөзі бар. Ұлттық бәсекелестік қабілеті ең бірінші кезекте

мұғалімнің білімділік деңгейімен айқындалады. Ендеше біз өзімізді өзгелерге, шет елдіктерге тек салт-санаға негізделген заманауи білім арқылы ғана таныта аламыз, ғылымға негізделген білім арқылы ғана мойындата аламыз. Әрине сапалы да терең білімді беруде мұғалім шығармашылығының педагогика саласынан алатын орны ерекше. Ия, мұғалім шығармашылығын дамыту қажет, ло үшін мынадай негізгі қағидаларға баса назар аударғанымыз жөн деп санаймыз:

- ✓ Мұғалім өзінің сүйікті мамандығына ынталы түрде жанымен шынайы берілуі;
- ✓ Білім беру мен тәрбие беру үрдісіне қатып қалған қасаң үлгіге қарамай, өз тәжірибесінің жетістігінің негізінде жаңалық енгізуге тырысу;
- ✓ Мұғалім өз болашағына үлкен мақсаттар қойып, қолжетімді нәтижелерге ұмтылу.

Шығармашылық қабілеті дамыған мұғалім үшін біреудің қалыптасқан тәжірибесін қайталаудан гөрі өз шығармашылықтарының нәтижесімен жұмыс жасап, білгендері мен түйіндерін ұжымдастарына ұсына алуының, шығармашылық қабілеттің болуының мәні зор. Тек сонда ғана мұғалім өз шығармашылығының дамуына қол жеткізіп, шынайы кәсіп иесі ретінде өз кәсібінің даму аясында туындаған кәсіби сұрақтарына еркін жауап бере алады. Бойындағы шығармашылығын таныған мұғалім деп төмендегі мынадай іс-әрекеттерді меңгере алатын мұғалімдерді атауға болады деп ойлаймыз:

- ✓ Өз мамандығының қыр-сырын толық меңгеру мақсатында ізденіс жұмыстарын жүргізу;
- ✓ Оқыту технологияларының тиімді әдіс-тәсілдерін оқып үйрену және соны өз тәжірибесінде белсенді түрде қолдану.
- ✓ Өз кәсібіне диагностика жасап, өз кемшілігін табу және оны болдырмаудың алдын алу;
- ✓ Өз іс-тәжірибесін жинақтаумен қатар тәжірибе алмасу мақсатында ұжыммен бөлісу жұмыстарын ұйымдастыру;
- ✓ Кәсіпке қатысты байқаулар мен сайыстарға, облыстық, қалалық, республикалық, халықаралық семинарлар мен конференцияларға белсене қатыса отырып, шеберлігін шыңдау.

Мұғалімге кәсіби шеберліктің оңайлықпен келе қоймайтындығы белгілі, оны әр мұғалім әртүрлі жағдайда ерте ме кеш пе әйтеуір бір меңгеруі тиіс. Педагог-ғылым, зерттеушілердің пікірлерін саралай отырып, мұғалімдердің қалыптасу кезеңдерін төмендегідей бөлдік:

- ✓ Мұғалімнің өзі таңдаған мамандығына қатысты танымын тереңдетіп, бейімделу кезеңі;
- ✓ Мамандықты меңгерген соң өзін-өзі актуалдандыру кезеңі;
- ✓ Мамандықты терең танып еркін меңгерген кезеңі;
- ✓ Мамандықта кемелденіп шығармашылық деңгейге жеткен кезең.

Зерттеушілердің пайымдауына сүйенсек, олар кәсіби құзыреттіліктің сипаттамасын шебер-мұғалімнен, жаңашыл-мұғалімнен, зерттеуші-мұғалімнен іздейді, осындай кәсіби дәрежеге көтерілген мұғалімдердің «педагогикалық жиынтық образы» ретінде қарастырады.

Мектеп оқушысының осылай жаймен «зерттеушіге» айналуы баланың келешек тағдырына аса үлкен қажетті бетбұрыс жасауы әбден мүмкін. Ал енді оқу материалын жаттанды, еш қиындықсыз, ойсыз жеңіл игеруі –пәнге деген қызығушылығын жойып, тек бағаға бағынышты әдетке айналуы мүмкін.

Сондықтан да шығармашылыққа баулып оқыту мынадай тиімді болады деп ойлаймын. Әр тақырыпты өтер сәтте кіріспе сабақ өткізу қажет. Осы тақырыпты оқып бұл сабақтарды үйренудің перспективасын ашып, тақырыпқа баланы еліктіруі қажет. Ал сабақ соңынан тақырып бойынша алған білімді жүйелейтін, тереңдететін жинақы қорытынды жасау қажет. Ол оқушыны ізденіске, шығармашылық дамуға бейімдейді. Мұның өзі оқушы бойындағы үлкен оң өзгеріс. Өйткені, оқушы тек еске сақтауға бейім «тірі аппараттан», лезде ойлап табуға бейім, инпровизаторлыққа, шығармашылыққа ұмтылған жеке тұлғаға айналады. Мұнан шығатын түйін: әдебиет пәнінің мұғалімнің құзіреттілігін дамытудағышығармашылық жұмыстың маңызызор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Горбунова Л.Зерттеу туралы білім, білім дағдысының болуы. –Астана : 2007, – 241 с.
2. Скаткин М.И. Зерттеу мәдениеті – педагогикалық қабілет. –Астана : 2008. –140б.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕ АЙТЫЛЫМ ДАҒДЫСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ТІЛ ДАМУЫ ЖҰМЫСТАРЫ

СӘРСЕМБАЕВА А.А.

М.Х.Дуллати атындағы Тараз өңірлік университетінің оқытушысы, магистр,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

БЕКТАЕВА Ж.С.

Амангелді орта мектебі директорының әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В статье рассмотрены виды языковой работы, связанные с навыками произношения в казахской литературе.

Summary. The article considers the types of language work related to pronunciation skills in Kazakh literature.

Білім беру – оқушының дамуы жайын ұйымдастыратын жүйе. Оқыту – мұғалім мен оқушы арасындағы қатынастар арқылы ұрпақтар тәрбиесін беретін «алтын» үдеріс. Оқыту принциптерін теориялық және практикалық бағытта алып қарайтын болсақ, оны жүзеге асыру сабақ мақсатымен, мазмұнымен, әдіс-тәсілмен, ұйымдастырумен, өзара ынтымақтастық әрекеттермен тығыз байланысты. Мұғалім – ұйымдастырушы, бағыт беруші.

Сондықтан да оқу ісінде баланы қызықтыратын, оқуға қабілетін арттыратын жағдай туғызу керек. Ол үшін оқу үрдісін жаңаша ұйымдастырудың жаңа технология әдісін қолдана отырып оқытудың маңызы зор. А.Байтұрсынов: «Әуелі, біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек» [1,145б.], - деген болатын. Әдебиет – адамды адам, нағыз азамат ететін, оны рухани шыңдайтын, жанына жолдас болатын ерекше ғылым және ғажайып өнер.

Әдебиетті ұлағатты адамдар «адамтану» құралы десе, әдебиет пәнін «адам тәрбиелеу құралы» деуге болады. Ол жасөспірімдерге әдебиеттанудан, сөз маржанының қырсырын үйренуден жай білім ғана беріп қоймайды, ең бастысы, өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – адалдық, ізгілік, қайырымдылық, мейірімділік, әдептілік, кішіпейілділік, сыпайылық сияқты асыл қасиеттерді байына сіңіреді.

Әдебиет – барлық білім мен өнердің, барлық пәндердің атасы. Ой, ойлау, ойланту барлық пәндерге де керек. Ойсыз өмір сүру мүмкін емес. Жаңа технологияның басты проблемасы – мұғалімнің мақсатына жетуі үшін тиімді тәсілдерді таңдай білуі. Халқымыздың рухани көсемі А.Байтұрсыновтың: «мұғалім әдісті көп білуге тырысуы керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек» [1,78б.], - деген сөзін басшылыққа ала отырып, жаңа технология әдістерін өз сабағымда үнемі пайдаланып отырамын. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында жаңа технологияны қолданудың тиімділігі өте зор. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы ең басты үш кезеңнен құралады. Осы үш кезеңді пайдалана отырып, ары қарай іске асыратын әр түрлі стратегиялар бар. [2]

Олар: «Топтау», «Ойтүрткі», «Инсерт», «5 жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Семаникалық карта», «ЖИКСО», «Еркін жазу» т.б. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясын өз іс-тәжірибемде қалай жүзеге асырып жүрмін, соған тоқтала кетейін. «Ұқсастық пен даралық» стратегиясын қолдана отырып оқушының сыни көзқарасын дамыту, баланы талдау, топтау әрекеттеріне үйретемін. «Топтау» стратегиясын қолдану кез-келген нәрсенің түйінін шешуге, шығармаларды оқи отырып, кейіпкер бойындағы асыл қасиеттері жинақтап, нені ұққандарын анықтауға тиімді.

Мазмұндама дегеніміз – белгілі бір шығарманың, мәтіннің мазмұнын ауызша немесе жазбаша түрде баяндап беру.

Оқушыларға жаздыруға болатын мазмұндаманың мынадай түрлерін көрсетуге болады:

Дайын әңгіме бойынша мазмұндама

Сурет бойынша мазмұндама

1.Мазмұндаманың бұл түрі атына лайық, белгілі бір алдын ала дайындалған әңгіме бойынша жаздырылады. Дайын әңгіме бойынша мазмұндама жеңілден ауырға, белгіліден белгісізге көшу принципімен жүргізіледі.

2.Сурет бойынша мазмұндама. Мұнда балалар суреттің мазмұнын түсінуге үйренеді. Мазмұндаманың бұл түрін бірнеше топқа бөлуге болады. Дайын сурет бойынша мазмұндама. Мұғалім алдын ала дайындаған сурет береді, ал оқушылар сурет бойынша мәтін құрады.

3.Кинофильмдер бойынша мазмұндама. Кинофильм соңғы жылдарда мектеп өмірінен берік орын ала бастады. Кино оқушылар арасында оқу-тәрбие жұмысын жақсарту жолындағы ықпалды құралдардың біріне айналып отыр.

Фильм көрсетілер алдында оқушылардың көңілін сол фильмде болатын оқиғаға аудару үшін кіріспен әңгіме айту керек және оқушыларды экран материалдарын игеруге бірте-бірте үйрету қажет. [3]

Кез-келген инновациялық үрдістің нысаны – оқушы десек, қазіргі ұрпақ тәрбиесіндегі басты мәселе – тұлғаны рухани дамыту. Рухани даму – тұлғаны қалыптастырудың өзегі және ол адамның тәндік, жандық, рухтық сипатының біртұтас үйлесімділікте дамуы. Даму күрделі, қозғалмалы үрдіс болғандықтан, тәрбие арқылы ұрпақтар тәжірибесі сабақтасады. Ал нәтижелі тәрбие – тұлғаны дамытады.

СТО – ұстаз бен оқушыны ізденуге жетелейтін, шығармашылық шабыт беретін, толғанып жүрген мәселелерді шешуге бағыт беретін бағдарлама. Әдебиетті оқытуда бұл бағдарламаның тиімділігі мынада:

- Оқушының көркем шығарманы танудағы белсенділігі, өзіндік дербестігі жоғарылайды;
- өз ойн жеткізе білу шеберлігі, топ алдында пікір айта алуы қалыптасады;
- мәтінді жан-жақты талдап, шығармаға, кейіпкерге өзіндік көзқарасын қалыптастыра алады;
- сын тұрғысынан мұғалім де, оқушы да өзіне-өзі баға беріп, еркін ойлануына жол ашады;
- ұжымды, шағын топта ынтымақтастықпен жұмыс жасап, өзгелер пікірін сыйлау дағдысы қалыптасады;
- жеке тұлға ретінде ұстаз бен оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Сондықтан да әдебиетті оқытудағы негізгі талаптарды СТО бағдарламасы арқылы оңтайлы шешуге болады. [4]

Сыни ойлау оқушылардың ойлау дағдыларын дамытып, оларды оқу мен өмірде туындайтын мәселелерді өздігімен шешуге бағыттайды. Осы арқылы сыни ойлау оқушыларды ақпаратпен жұмыс жасап, шешім қабылдауға баулиды.

Оқушылар бұл секілді жұмыстарды жасау нәтижесінде өздеріне және өзгелерге толассыз сұрақтар қойып оларға жауап іздеп, өз жауаптарын ұтымды дәлелдермен айғақтайды, дербес шешімдер қабылдайды. Адам баласының бес саусағы бірдей болмайтыны сияқты оқушыларда бір-бірін ұқсамайтын, бірін-бірі қайталамайтын, кішкене болса да өзіндік ерекшеліктері бар адамдар. Олардың ішінде ең үздігі де, ең төмені де, тентегі де, біліп тұрса да аузын ашпайтыны да, қанша сүйресен алға баспайтыны да болады.

Бірақ ұстаз барлығын да жақсы көріп, білім нәрімен сусындатуы тиіс. Оқушыларға зерттеу жүргізгенде жоғары сынып оқушыларында нақты білім бар екендігі, бірақ олар өз ойларын жеткізуге қиналатыны анықталған екен. Сондықтан оқушылардың ойын дамыту жұмыстарына көп көңіл бөліну керектігі көрінді. Ой жағдайда тиімді технологиялардың бірі – «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы.

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз педагогтің бағыттауымен оқушының өз бетінше білімді игеруі. Нәтижесінде неғұрлым дамыған оқушының жеке тұлғасы қалыптасады. Бұл технологияның мақсаты сынауға емес шындалған ойлауға үйрету.

Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір тасластыруға, бір-бірінің ойын таңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін төмендегі қағидалар сақталуы тиіс:

Бұл технология бойынша сабақ үш сатыдан тұрады:

- 1.Қызығушылықты ояту.
- 2.Мағынаны тану.
- 3.Ой толғаныс.

Технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде «Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту» бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру. Бұл бағдарлама Қазақстан қоры жанынан 1998ж. қазан айынан бастап жүргізіліп келеді. Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтижеге

шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті. RWCTбағдарламасы – ағылшын тілінен аударғанда «Сын тұрғысынан ойлау үшін оқу мен жазу» дегенді білдіреді.

Үйрену процесінде бұрынғы білетінімен жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да сабақта қарастырғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды ояту ми қыртысында тітіркендіргіш арқылы жүзеге асады.

Осы кезеңде қызмет ететін «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау» тағы да басқа әдістерді пайдалануға болады. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты: үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені үйренуші енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады. Осылайша шындалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды.

Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады [5]. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасында бұл сабақтағы аса қажетті мәнді-маңызды әрекет болып табылады. Дәл осы кезеңде үйренуші не үйренгенін саралап, салмақтап оны қандай жағдайда, қалай қолдану керуегіні ой елегінен өткізеді. Толғануды тиімді етуге бағытталған «бес жолды өлең», «венн көрсетуі», «еркін жазу», «екі түрлі түсініктеме күнделігі», «ойлану стратегиясы» т.б осы сияқты стратегиялар әр сабақ ерекшелігіне, ауыр-жеңіліне қарай қолданылады.

«Ой толғаныс» сатысында «екі түрлі түсініктеме күнделігі» әдісін қолдануға болады. Оқушылар дәптерлерінің бетін ортасынан вертикаль сызықпен бөлу сұралады. Мәтінді оқу барысында олар: Әр оқушы мәтінмен танысып, күнделікті толтырып болған соң, жұпта, топта талқылау ұйымдастырылады. Жұмыс аяқталған кезде мұғалім қорытуға әзірлеп келген сұрақтарын қойып жауаптар алады. Ол сұрақтар оқығанға баға беру, пікірін, көзқарасын білдіруге лайықтап қойылғаны дұрыс.

Мысалы: Бұл әдіс те алдыңғы сияқты оқушыларды ұжым болып жұмыс жасауға үйретеді. Ақпаратты өз бетінше меңгеруге жағдай жасайды. Сөз астарын, құдіретін түсінуге машықтанады. Сондай-ақ әдіс тиімділігі сабақтан тысқары қатыспай қалатын оқушы болмайды. Оқыған мәтінді түсіну, оны түсінікті етіп айтып беру, оған қатысты ойын пікірін білдіру арқылы оқушының ойы, тілі дамиды.

Үшінші кезеңде қолдануға болатын тағы бір әдіс «еркін жазу». Мұғалім сабақ бойы қарастырылған жаңа ақпарат жайлы, одан алған әсерін, не үйренгенін, нені білу керектігі тағы басқа жайлы қағаз бетіне түсіру тапсырылады. Жазуға уақыт беріледі. Уақыт ақталғаннан соң оқушылар өз жазғандарымен топ мүшелерін таныстырады. Ең жақсы деп танылған жұмысты ұжымда оқуға болады.

Оқушыларды алған білімдерін қорытуға, оған сын көзбен қарап, ойын түйіндеуге үйрететін бұл әдісті кез-келген сабақта қолдануға болады. Ал «торлы талқылау» әдісін сабақта былай қолдануға болады. Бұл стратегия мақсаты өз пікірін дәлелдеуге үйрету. Қ.Мырза Әлидің «Күз» өлеңімен танысқан жоқ, сұраққа жауап жазады. Маған күз мезгі өте ұнайды. Маған күз мезгілі ұнамайды. Айналада бояудың барлық түсін көресің. Жазғы демалыс бітеді. Ағаштан үзіліп түскен жапырақ көбелеу секілді. Жиі ауарайы бұзылып, жаңбыр жауып, батпақ болады. Ойнағанда киімнің былғанса апаң ұрсады.

Қаншалықты нақты дәлел келтіргендеріне назар аударылып, бағаланады. Міне осы секілді жұмыстар оқушыларды ойлануға, дәлел келтіре білуге жетелейді. Белгілі тақырыптағы ойды сын тұрғысынан ойлай отырып, ой толғау, суреттей алу, еске түсіру, болжау оқушыны жаңа бір әлем жаңалығын ашқандай қалыпқа жеткізеді. Әрі қарай ойын айтуға ынталандырады.

Бұрынғы қолданатын оқу әдістерінде мұғалім басты орын алып, оқушы тек тыңдаушы ғана болса, сын тұрғысынан шындалған ойлау арқасында оқушы білім негіздерімен толығып, болашақта ойлауға құлшыныс алады. Сондықтан сын тұрғысынан ойлау – өте күрделі де маңызды құбылыс.

Қазіргі таңда сын тұрғысынан ойлау теориясына негізделген, жаңа әдіс-тәсілдерді өз сабақтарымызда қолдануға тырысамыз. Оқушылар, әсіресе үлгерімі төмен оқушыларда топтық жұмыс кезінде сабаққа қызығушылықпен қатысып, өздеріне деген сенімділіктері орнайтынын байқап жүрміз. Топтық жұмыс барысында олар үнсіз отыруға, басқалардан қалыс қалуға болмайтынын түсініп, өз-өздерін реттей бастайды. Оқушылар жұптасып, топтасып ойнады, ой бөліседі. Пікір алмасады, талқылайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы: – Алматы: Алаш, 2003.
2. «Қазақ тілі мен әдебиет» журналы. №8, 2019. 186.
3. «Қазақ тілі әдістеме» журналы. №6. 2017.76.
4. Мақпыров С. Әдебиеттен шығарма жұмыстары. – Алматы: Ана тілі, 2016. –241б.
5. Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. – Алматы: Ұлағат, 2015. –239б.
6. Даниярова Г. Оқушылардың жазба тілін дамыту жолдары. – Жоғары білім журналы, 2019ж, №1

УДК 373.78

ОПЫТ РАЗРАБОТКИ ДЕСКРИПТОРОВ ФОРМАТИВНОГО ОЦЕНИВАНИЯ ПО БАЛЛАМ

САНСЫЗБАЕВА Г.К.

Учитель русского языка и литературы средняя школа №35 имени А.Гайдара,
Республика Казахстан, г.Тараз

Түйіндеме. Зерттеу мақсаты: қалыптастырушы бағалаудың білім беру жүйесіндегі орны мен маңызын көрсету. Баллдық жүйедегі қалыптастырушы бағалау бойынша тәжірибеден мұғалімге ұсыныс жасау.

Summary. The purpose of the study: to show the place and importance of formative assessment in the education system. To make a recommendation to the teacher from practice on formative assessment in the point system.

Учебно-методическое пособие «Руководство по критериальному оцениванию для учителей основной и общей средней школ» под редакцией О.И.Можаевой, А.С.Шилибековой, Д.Б.Зиеденовой содержат рекомендации по планированию и организации процессов формативного и суммативного оценивания учебных достижений обучающихся в деятельности учителей основной и общей средней школ. Кроме того, представлены примеры, практические рекомендации и описан механизм выставления четвертных и годовых оценок. Обратите внимание четвертных и годовых оценок. Это, пожалуй, единственное руководство для учителей по критериальному оцениванию в период перехода на обновленное образование.

С 2020-21 учебного года на основе Инструктивно-методического письма «Об особенностях учебного процесса в организациях образования Республики Казахстан в 2020-2021 учебном году» было внедрено в образовательный процесс система формативного оценивания с выставлением баллов.

В условиях карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера учебные достижения обучающихся оцениваются формативно с выставлением баллов. При этом максимальный балл за формативное оценивание должен составлять от 1 до 10 баллов в 2-11 классах. [1, 290 с.]

Каждый из нас прекрасно помнит период пандемии, когда невозможно было офлайн обучение, но и онлайн обучения по составлению баллового дескриптора по формативному обучению на каждый урок не был проведен. Если были проведены онлайн курсы, то они переводили информации с Инструктивно-методического письма на слайды, а практической помощи не было оказано.

Как внедрит в краткосрочный план новую форму оценивания, как делит на 10 баллов каждую деятельность обучающихся. Наверное, скажите, учителю не сложно каждый день составляет дескрипторы по десятибалльной системе, так как они на практике по баллам оценивают суммативные задания за раздел и за четверть. Но в суммативных оцениваниях за раздел и за четверть можно выставить баллы от 7 до 30.

Кроме формативного оценивания по баллам учитель должен был освоит и ведение урока на дистанционном формате, с чем ни один учитель казахстанской школы до этого не сталкивался. Спустя два года после внедрения формативного оценивания по баллам в мае 2022 года я отучилась на курсах повышения квалификации. Этот курс был площадкой обмена опытом с учителями

городских школ. Благодаря самостоятельной практике внедрения в учебный процесс формативного оценивания по баллам, не секрет, некоторые моменты тренер курса спрашивал и даже училась у нас.

Формативное оценивание проводится с целью мониторинга учебных достижений обучающихся в ходе изучения предмета и оказания им поддержки в процессе обучения. [2, 260 с.] Хочу поделиться опытом и перейти к рекомендации для коллег.

1. Уделять внимание формативному оцениванию, так как оно способствует «расшифровке» полученной оценки, обучающиеся видят слабые стороны своей деятельности.

2. Применять на всех этапах урока формативное оценивание, это *делает процесс оценивания объективным и последовательным.*

3. Создавать благоприятный психологический климат в процессе оценивания. Для того, чтобы обучающиеся правильно оценивали друг друга, не боялись говорить о своих ошибках, анализировали свои идеи и идеи других обучающихся.

4. Оценивать не обучающегося, а его работу. А при оценивании работы, акцент делается на положительные стороны, а не на недостатки.

5. Обратная связь должна быть позитивной, но это не означает, что обучающиеся не должны знать о недостатках выполненной работы.

6. Комментарии должны обеспечить обучающихся информацией о том, как он поработал по отношению к обучающей цели, и подтолкнуть его к совершенствованию своей работы.

7. Оценки обучающимся выставляются только за то, что они изучали.

8. Обучающимся известен четкий алгоритм выведения оценки, по которому он сам может определить уровень успешности своего обучения.

9. Повышается мотивация обучающихся к самооцениванию и обучению.

Мы видим, что критериальная система оценивания совершенно прозрачна в смысле способов выставления текущих и итоговых отметок, а также целей, для достижения которых эти отметки ставятся. Она также является средством диагностики проблем обучения, предусматривая и обеспечивая постоянный контакт между учителем, учеником и родителями. [3, 4 с.]

Оценки у обучающихся, контроль достижений обучающихся - актуальная проблема современной образовательной системы.

Список использованной литературы:

1.«Об особенностях учебного процесса в организациях образования Республики Казахстан в 2020-2021 учебном году» Инструктивно-методическое письмо. – Нур-Султан: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2020. – стр 290.

2.«Об особенностях учебного процесса в организациях образования Республики Казахстан в 2020-2021 учебном году» Инструктивно-методическое письмо. – Нур-Султан: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2020. – стр 260.

3.<https://multiurok.ru/files/doklad-na-tiemu-opyt-razrabotki-kriteriia-otsieni.html?ysclid=leu8p32oso552125152> Елеубекова Р.К. Статья. Тема: опыт разработки критерия оценивания, дескрипторов. стр 4.

УДК 373.56

ВОСПИТАНИЕ ДЕТЕЙ С ПОМОЩЬЮ ГУМАННОЙ ПЕДАГОГИКИ

ИБРАИМОВА Г.А.

Старший преподаватель отдела развития НДО по Жамбылской области

НАО «Национальный институт гармоничного развития»,

Республика Казахстан, г.Тараз

Түйіндеме. Қазіргі таңда ізгілік педагогиканың қалаушысы Шалва Амонашвилидің идеялары мен құндылықтары балаларды оқыту мен тәрбиелеу үшін өзекті болып табылады. Мақалада балаларды шығармашылық үйірмеде оқыту және тәрбиелеу үшін баладағы қозғаушы күштер туралы білімді және келісім педагогикасын қалай тиімді қолдануға болатындығы көрсетілген.

Summary. Currently, the ideas and values of the founder of humane pedagogy Shalva Amonashvili are relevant for the education and upbringing of children. The article shows how it is possible to apply knowledge about the driving forces in a child, the pedagogy of consent for the upbringing and education of children in a creative environment.

Когда я открывала творческую мастерскую, я не предполагала, как можно будет применять гуманную педагогику в работе с детьми. Предполагалось, что на кружке «Керамика и скульптура» я буду обучать детей в возрасте от 6 до 17 лет основам гончарного искусства, скульптуры и лепки. Но в процессе обучения, постепенно я стала внедрять гуманную педагогику в свою практику. Что-то далось мне легко, а что-то потребовало моих душевных усилий, терпения и труда. Мой учитель Шалва Александрович в своей книге «Улыбка моя, где ты?» пишет: «Только нужно попросить их: не выбирайте, пожалуйста, педагогическую профессию, дети не любят учителей и воспитателей, которые не умеют и не хотят улыбаться искренне. Педагог, лишенный улыбки, может только навредить своим воспитанникам» [1, 19 с.]. Поэтому то, с чего начинается мое занятие – это улыбка. Прежде, чем начать урок, надо встретиться с улыбкой своего ученика, спросить как у него настроение. Подарить улыбку радости от встречи Учителя со своим учеником. Улыбка есть дар духа, и идет она от сердца. Только такой улыбкой надо делиться со своими учениками. Учителя часто раздражаются, когда ученики опаздывают на урок. Наш учитель советует нам встречать даже опоздавшего ученика с радостью. Что стоит нам сказать опоздавшему ученику: «Мы тебя ждали!». Как изменится настроение ученика и в следующий раз он уже будет торопиться на урок, зная, как его ждут там.

Гуманная педагогика основывается на допущениях, на основе них возникает триада: *«Первое.* Ребенок есть Явление в нашей земной жизни. Он родился, чтобы пройти отрезок пути восхождения и совершенствования души и тем самым дать импульс обновлению общества» [1, 77 с.].

Когда понимаешь, что тебе доверен ребенок, то начинаешь чувствовать свою ответственность за то, что помимо урока, который мне, как педагогу надо провести, нужно его еще бережно воспитывать.

«Второе. Ребенок есть носитель своего предназначения, иначе своей Миссии» [1, 78 с.]. Согласно исследованиям большинство людей живет вне своей судьбы, не находя своего пути, своего предназначения и миссии на этой земле. Представьте, что могут сделать такие родители. Часто бывает так, что такие родители пытаются реализовать свои мечты через детей, не задумываясь о том, что у ребенка есть своя миссия.

К счастью, у меня на кружке обучались дети, родители которых хотят помочь своим детям раскрыть сильные стороны, таланты, творческий потенциал. Любовь к керамике часто бывает у детей, которые в будущем выберут творческие специальности, дизайн, архитектуру, керамику, скульптуру. И отдавая своих детей на обучение, родители делают ценный вклад в выбор детьми будущей профессии.

«Третье. Ребенок несет в себе величайшую энергию Духа, которая не поддается измерению. Ребенок всё может, только воспитайте его достойно» [1, 80 с.]. Изначально ребенок верит в себя и свои возможности. Главное, чтобы в процессе воспитания родители и школа не сломили в нем качества, присущие ему с рождения.

На занятиях я всегда говорю своим ученикам, что они способные, что у них все получится, показываю, какие достоинства есть в их работах. Акцентирую внимание на том, что у них получается хорошо. Гончарное искусство оно непростое занятие, требует усидчивости, концентрации, фокуса внимания, терпения, внимательности. Поэтому я каждый раз хвалю детей даже за небольшие победы. Ребенок чувствует, когда верят в него и постепенно начинает открываться мне, как учителю и через меня начинает любить керамику.

Конечно, мне как педагогу, который внедряет в свою практику гуманную педагогику, нужно верить в себя и в силу гуманной педагогики. В то, что у меня хватит сил, терпения, любви и веры для того, чтобы не только обучить, но и воспитать детей и напитать их светом. Как говорит мой учитель: детям Света нужны Учителя света.

Работая с детьми, нужно понимать их возрастные особенности, движущие силы Природы в ребенке. «Гуманно-личностная педагогика исходит из того, что внутренняя психическая энергия, внутренний огонь, заложенный в Ребенке Природой, предстают перед нами в трех основных страстях (стремлениях, «стихийных движениях») Ребенка» [2, 39 с.].

Этими движущими силами в ребенке являются страсть к развитию, страсть к взрослению и страсть к свободе. Первая страсть – страсть к развитию предполагает, что ребенок не может не развиваться в разных сферах: духовно, нравственно, физически, умственно. Развитие возможно только при преодолении трудностей, препятствий и противоречий. Иногда, родители сами не понимая того, всеми силами хотят облегчить жизнь ребенка, «подстелить соломку», чтобы ребенок не знал никаких проблем и сложностей. А это противоречит закону развития, заложенному в ребенке. Только, преодолевая трудности, ребенок развивается как личность. И период, когда дети учатся в начальных классах, самый благоприятный для этого. Поэтому, во время обучения на моих творческих уроках керамики, каждый раз задания усложняются по принципу «от простого к сложному». Пусть работа получится неидеальной, но в процессе выполнения такого задания, ребенок учится работать с глиной, познает ее качества и особенности. Глину нельзя пересушивать, иначе будут трещинки, нельзя излишне увлажнять, иначе она перестанет держать форму. Нужно быть внимательным при работе на гончарном круге, иначе в любой момент можно испортить созданную форму. Все это создает трудности, преодолевая которые, ученик в конце получает керамическую работу, созданную своими руками. А это уже такой повод похвастаться перед родными и друзьями. «Да, я смог, я сделал сам!» - отвечают дети восхищенным родителям.

Вторая страсть ребенка – это страсть к взрослению. Дети хотят быть более взрослыми, чем они есть. Поэтому родителям не нужно говорить ребенку: «Ты еще маленький!», «Ты не справишься!», «Тебе еще рано!». Общаясь с ровесниками, удовлетворить эту страсть сложно, поэтому ребенку нужна помощь взрослого, который поможет ему взрослеть. Поможет ему почувствовать себя взрослым там, где он еще совсем не взрослый. Во время разговора с детьми можно похвалить его: «Ты же взрослый», «Ты уже взрослый». На занятиях я закрепляю тех учеников, которые хорошо справляются с заданием, как наставников и помощников для тех, кому еще сложно дается выполнение заданной техники лепки. Наставники с радостью выполняют свою миссию, учат, помогают и самое главное, чувствуют себя взрослыми.

Третья страсть – это страсть к Свободе. Уже с трехлетнего возраста ребенок утверждает: «Я сам!» Как дать ученику возможность почувствовать себя свободным на творческих арт-занятиях по глине? Прежде всего, давать выбор. Ученик может сам решить, что он хочет сделать на занятии в этот раз. Техника лепки на занятии может быть по плану одна, но в этой технике можно выполнить разные работы. При желании ребенка нужно дать возможность сделать работу, которая сложнее в исполнении. В это время помогать, направлять, но давать возможность самому сделать основную часть работы. Я же, как педагог при встрече родителей говорю им: «Ваш сын сегодня справился со своей работой самостоятельно!». Ученика можно похвалить: «Как хорошо ты справился со своей работой, хотя она была сложная!». Каждый раз, когда есть возможность дать выбор, нужно дать. Пусть в мелочах, какой формы будет работа, как украсить работу, каким цветом расписать. Ребенок с детства научится принимать решения сам, брать ответственность за свои действия. Пусть работа получится не такой, как он ожидал, но этот выбор он сделал сам. Главное не путать свободу со вседозволенностью, когда ребенку позволено все, что он пожелает. Шалва Амонашвили часто говорит о методе дорисовывания, который нужно применять в воспитании детей. Что это значит? Когда мой ученик проявляет хоть малейшие творческие способности, я отмечаю это и дорисовываю его образ в его же глазах. Проявил усидчивость, обязательно похвалю. Смог завершить работу до конца, приукрашу и подчеркну это. Помог другим ученикам выполнить их работу, обязательно поблагодарю его перед другими детьми. Я часто пишу родителям сообщения о том, какой у них ребенок талантливый, способный, отзывчивый и добрый. Возможно, мои ученики не станут гениальными творческими людьми, известными художниками или деятелями искусства. Но это поможет им укрепить веру в себя!

Самой сложной на практике для меня оказалась «педагогика согласия». «Для того, чтобы педагоги могли действовать ситуативно, необходима подготовка – сердечная настройка на педагогику согласия» [3,12 с.]. Суть педагогики согласия в том, что педагог всегда принимает и поддерживает идеи учеников, какими бы сложными или невыполнимыми они не казались. Так, мои ученики неоднократно испытывали меня на педагогику согласия. Каждый раз, когда ученики приходили со своими идеями выкрутить, слепить новую форму, сложную технически для их возраста, первым моим желанием было сказать «нет», «не сейчас», «давай в другой раз». Но понимая, что нужно поддержать в ребенке страсть к взрослению, развитию, свободе, дать ему возможность вырасти в своих же глазах, помочь ему поверить в свои силы, в конечном итоге я скажу: «Да, давай попробуем!». Без духовной общности не состоится воспитание. Поэтому,

прежде всего, нужно уметь дружить с детьми, быть с ними на одном уровне, не относиться свысока, поддерживать и чаще разговаривать с ними.

Так, мой проект, который был открыт, как творческая мастерская, стал мастерской для реализации идей гуманной педагогики. И этот процесс продолжается, так как гуманная педагогика – это не просто про воспитание детей и себя, это философия и стиль жизни.

Список использованной литературы:

1. Амонашвили Ш.А. Основы гуманной педагогики. В 20 кн. Кн. 1. Улыбка моя, где ты? – 4-е изд. – М.: Амрита-Русь, 2020.-304 с.
2. Амонашвили Ш.А. Основы гуманной педагогики. В 20 кн. Кн.3. Школа жизни. – 2-е изд.- М.: Амрита-Русь, 2022.- 320 с.
3. Киршин И. Как работают дети в городе Мзианети: Методическое пособие//Ред.Киршин И. – Бушети-Москва, 2020. – 132 с.

УДК:82.8

ОСОБЕННОСТИ МЕТОДИКИ ОЗНАКОМЛЕНИЯ С ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРОЙ В РАЗНЫХ ВОЗРАСТНЫХ ГРУППАХ

ЖОЛАНОВА Г.Е, ЖАНАДИЛ АЙАРУ

Средняя школа №35 А.Гайдара, Республика Казахстан, г.Тараз

Түйіндеме. Мақалада түрлі жас ерекшелік топтарына байланысты көркем шығармалармен танысу әдісінің ерекшеліктері қарастырылған.

Summary. The article discusses the features of the methodology for familiarization with fiction in different age groups

Как отмечают многие родители и учителя, сегодняшние дети менее склонны брать книги в руки. Слишком много гаджетов и слишком много информации. Что делать, если ребенок не хочет учиться?

У нас неправильная мотивация для чтения художественной литературы. Дети не понимают, зачем им учиться.

Бороться с этим недоразумением можно и нужно. В первую очередь необходимо прекратить продвигать книгу как «источник знаний». Подумайте сами: если вам срочно нужно узнать, чем питаются белые медведи, где быстрее найти информацию: в библиотеке или в Интернете? Вот и все!

Книги, особенно художественную литературу, читают ради удовольствия, а не для того, чтобы узнать больше или написать безупречно. Не забудьте рассказать об этом своим детям. Подумайте о странностях некоторых людей, которые любят читать. И если этот странный человек - любимый учитель, наверняка кто-то захочет ему подражать. Особенно это распространено в начальной школе.

Многие педагоги добились больших результатов, эмоционально пересказывая эпизоды из интересных детских книг. Будет хорошей идеей потратить несколько минут на изучение того, насколько вам нравится тот или иной персонаж в вашей истории.

А если в классе есть подросток? Обсудите с ним что-нибудь (обязательно интересное) из изученного на уроке. Подростки любят общаться со своими сверстниками, и они расстроены тем, что не прочитали эту книгу и не могут обсудить ее с вами.

Дети читают медленно или не понимают (запоминают) прочитанное. К счастью, есть много способов улучшить технику обучения. Перечислим:

- методология «информационного поиска». В тексте слово «спрятано» - произнесите название цветка. Кто найдет его первым?;

- техника «шифрования». Абсолютно любые шифровки, если ребенок их знает или может их расшифровать. Главное здесь - азарт исследователя;

- метод «буква в бутылке». Все помнят сюжет романа «Дети капитана Гранта»? Море принесло письмо с важной информацией, но оно было более или менее повреждено водой. Текст необходимо восстановить;

-метод «Создать слово» («...фразу»). Составьте слово из выданных карточек с сочетанием букв (младшим нужно давать пример, а старшим нельзя говорить, что это за слово - пусть сами догадываются). Кстати, это помогает запоминать сложные термины и словарные слова. Учащиеся начальной школы используют карточки со словами, а дети старшего возраста используют слоги или части слов для формирования фраз.

Не иметь возможности представить описанную в книге ситуацию, персонажа, не иметь возможности понять его психологию, причины его поступков - большая проблема. Здесь мы акцентируем внимание на очень серьезной проблеме, с которой сегодня сталкиваются дети и подростки. Также существует множество методов, которые могут помочь решить ее хотя бы частично:

-методика «нарисовать иллюстрации». Создавая иллюстрацию к произведению, школьник будет вынужден перечитать описание героя или его жилища, представить себе всю ситуацию. Срисованные чужие иллюстрации следует не принимать вообще или оценивать невысоко: они не выполняют своей задачи.

- методика «составить викторину по тексту произведения» стоит поручить самим школьникам. Вот уж в этом случае они всю книгу чуть не под микроскопом просмотрят, чтобы найти вопрос, на который никто не ответит!

-методика «инсценировка и чтение по ролям», для обучающихся средних классов. А может, кто-нибудь использует элементы сценического костюма: шляпу, очки и т.д.

-методика «Знакомый незнакомец». Обучающий загадывает героя прочитанного произведения и дает его характеристику, не называя. Остальные должны угадать, кто этот персонаж. Пример: «Этот герой очень высокого роста и богатырского телосложения. У него была несчастная любовь. Он выполнял обязанности дворника. Он глухонемой».

-методика «дискуссия». Прием, великолепно работающий в старших классах. Однако дискуссия далеко не всегда возникает самопроизвольно. Гораздо чаще ее надо специально провоцировать или хотя бы организовывать. Например, продолжить спор Базарова и Павла Петровича. На какой стороне ты?

-методика «игра в чтение». Попросите ребенка устроить импровизированную телестудию или радиостанцию. И в то время, пока вы заняты домашними делами, объявите, что сейчас ваш малыш - ведущий программы «В гостях у сказки». Обычно дети с увлечением начинают пересказывать прочитанные, или сами придумывать новые истории. Задания можно корректировать, подстраиваясь под домашнее задание в школе. Этот метод можно использовать и в школе - как один из вариантов опроса.

-«Метод Кассиля». Выберите интересный, динамичный рассказ, дочитайте до кульминации и отложите книгу. Обычно ребенку не терпится узнать, что было дальше в рассказе. А значит, работает мотивация: вы его заинтересовали.

-метод Искры Даунис (детского психолога). Подбросьте ребенку письмо, написанное от имени его любимого героя. В письме, буквально в двух строчках герой сообщает, что хочет дружить и приготовил для своего нового друга подарок. Сюрприз лежит там-то. Следующее письмо может быть уже более подробным. Теперь герой сообщает вашему малышу, что хотел пригласить его в цирк, но заметил, что вчера он не убрал игрушки. Зато, если завтра малыш будет вести себя хорошо, его ждет поход в кино.

Вариантов писем много - главное, чтобы каждое следующее письмо было на 2-3 строчки длиннее предыдущего.

Вариаций букв много - главное, чтобы каждая последующая буква была на 2-3 строки длиннее предыдущей. Часто ли в вашей семье ведется разговор: «Пока не прочитаешь 5-10 страниц, гулять не пойдешь, не сядешь за компьютер, не будешь смотреть телевизор и т.д.!»? Если да, поздравляем! Ваш ребенок никогда не полюбит чтение! Почему? А вы спросите себя: вам самим хочется делать что-то «из-под палки», по принуждению? Наверняка, нет. То же и с чтением. Если вы используете метод «кнута и пряника» - дело не пойдет на лад. Каким бы ни был вкусным «пряник», «кнут» в этом случае перечеркнет все. Любовь к книге невозможно привить через насилие и понукание.

Что делать? Выход один: любовь к книге должна начинаться с интереса, увлечения. Только тогда, когда процесс чтения будет ассоциироваться с удовольствием, дело пойдет на лад.

Существует немало методик, которые помогут вам и вашему ребенку погрузиться в замечательный мир книги и литературного слова. Вот всего лишь некоторые из них. Этот метод можно использовать и в школе - как один из вариантов опроса.

Самый действенный прием - читайте сами! На ночь, перед сном всегда можно уделить 10-15 минут для того, чтобы почитать ребенку книжку. Эта традиция воспитывает лучше всех психологических приемов.

Ваш ребенок вряд ли захочет брать книги в руки, если в семье никто не читает. Увы, но мама, листающая исключительно глянцево-журнальные журналы, или папа, проводящий свободное время возле компьютера, вряд ли будут хорошим примером для малыша. А вот если ребенок часто видит родителей с книгой, он тоже начнет читать. Чередуя приемы и игры в чтение, можно привить ребенку настоящую любовь к книге.

Безусловно, воспитывать любовь к книге необходимо с раннего детства. А что делать, если малыш - уже далеко не малыш? Не станешь же с 15-летним верзилой играть в «подброшенное письмо» или читать ему на ночь сказки.

Главное - не отчаиваться. Книголюба можно воспитывать в любом возрасте. Вот несколько советов. Беседуя с подростком, приводите примеры из книг. Например, обсуждая какую-то ситуацию, можно сослаться на аналогичный пример из литературы. Со временем ребенок привыкнет обращаться к опыту литературных героев.

Собирайте домашнюю библиотеку. Электронные книги, тем более аудиокниги хороши, когда процесс уже запущен. А пока любовь к книге только зарождается, лучше предлагать бумажные книги, с этим особым запахом типографской краски, шуршащими страницами. Пусть у подростка постепенно складывается своя библиотека, где будут присутствовать книги, которые ему интересны. И неважно, что это будет - собрание комиксов, детективы или вампирские саги. У каждого любовь к чтению начинается с той особенной книги.

Выбирайте книги с учетом интереса ребенка. Если юноша отказывается читать, но с увлечением гоняет в компьютерные гонки, подберите книгу об автомобилях. Если девочка постоянно вертится возле зеркала, предложите ей почитать о стилях в модной индустрии. Здесь важно не просто предложить книгу, но и обсудить ее потом. Пусть ваш ребенок расскажет о своем увлечении, и о том, что нового он узнал из книги. Начало положено, а это немаловажно!

Список использованной литературы:

1. Герасимова А. С. Уникальное руководство по развитию речи / Под ред. Б. Ф. Сергеева. 2-е изд. - М.: Айрис - Пресс, 2012 г.
2. Мухина, В. С. Возрастная психология / В. С. Мухина. - М., 2010 г.
3. Тихеева Е.И. Развитие речи детей. / Под ред. Ф.А. Сохина. - М.: Просвещение, 2005 г.
4. Алексеева М.М., Яшина В.И. Методика развития речи и обучения родному языку дошкольников: Учеб. пособие для студ. высших и сред. пед. учеб. заведений - М.: Издательский центр «Академия», 2006 г.

ӘОЖ 004

ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОҚУШЫЛАР ҮШІН МАҢЫЗЫ

ТҮЛЕБЕКОВА Р.А.

Қ.Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясының бастауыш сыныптарындағы директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассказывается о методах обучения, методах повышения результата обучения, а также о видах методов, которые можно использовать на уроке с использованием эго-инструментов. В настоящее время с помощью средств изучается, какое содержание следует преподавать школьникам, его роль в речевом процессе, построении предложений, создании текстовых рассказов.

Summary. The article talks about teaching methods, methods for improving learning outcomes, as well as the types of methods that can be used in a lesson using ego tools. Currently, with the help of means, it is being studied what content should be taught to schoolchildren, its role in the speech process, building sentences, and creating text stories.

Ұлттың алдында тұрған биік белестерді бағындыру жолында жас жеткіншектерге біраз міндеттемелер жүктеледі. Мемлекеттің әр саласына байланысты жаңартулар енгізіліп түзету жұмыстары жүзеге асады. Жаңа Қазақстанымыздың болашағын жарқын ету мақсатында көптеген істер қолға алынуда. Әсіресе білім беру мәселесі жылдан жылға өзектілігін жоғалтпай керісінше маңыздылығын жоғарылата түсуде.

Білім адам баласының да алпауыт мемлекеттердің де терезесін теңестіретін құрал. Сондықтан бүгінде білім беру сапасының жоғарылауына аса қатты мән беріліп жатыр. Оған дәлел ретінде жаңартылған білім беру мазмұны бойынша білім беруге енген көптеген жаңа әдіс-тәсілдер, көрнекілік құрал түрлері, білім берудегі ақпараттандыруды дамыту сынды процесстерді келтіре аламыз. Мемлекет аясындағы ғана емес халықаралық ақпараттарға да қол жеткізу үшін оқушыларға барлық жағдайлар жасалынууда.

Мектеп қабырғасында тіпті мұғалімдерді де технологияларды пайдалануға үйрету жұмыстары жүргізіліп жатыр. Себебі қазіргі заман озық технологияларды әдістемеді пайдаланатын, уақытты тиімді пайдалану немесе оқушыларды ынталандыру мақсатында жаңа технологияларды жаппай қолдану заманы. Әрі адамдардың ойлау дәрежесін дамыту, шығармашылық қабілетін шыңдау мақсатында жасалатын жұмыстары да көбеюде.

Тұлғаның дамуының басты көрсеткіші яғни кәсіби тұрғыдан өзгелерден артықшылығы, шығармашыл ойлау арқылы жетістіктерге жетуі оның ойлауына байланысты болатындығына көз жеткіздік. Ойлау дағдысын жоғарылату мақсатында кез-келген уақытта қолжетімді болатындай электронды оқулықтар және адамның іс-әрекет бақылаушы бағдарламалар қолға алына бастады. Тіпті дербес компьютерлер пайда болып білім беруде пайдаланыла бастағалы көптеген жаңашыл әдістер де пайда болды. Сонымен қатар электронды оқулықтың пайдалануына және маңызына байланысты төмендегідей бірнеше анықтамалар беруге болады:

Электронды оқулық – білім берудің инновациялық жолы;

Электронды оқулық – оқушылардың интербелсенді жұмыс жасауына бағытталған интерфейс;

Электронды оқулық – ақпараттың жинақталып көрнекілік ретінде берілуі;

Әрбір жаңадан енген әдістің белгілі-бір мақсаты болады. Сол секілді электронды оқулықпен мектеп қабырғасында жұмыс жасаудың діттегені оқу барысында оқушыларды барлық жағынан бақылау және ізденіпмаздық қабілеттерін шыңдау. Қазақ тілінен өзге салаларда да бұл оқулықпен жұмыс жасау танымдық тұрғыдан оқушылардың жан-жақты біліктерін арттырып, шығармашылық жұмыстарға бет бұруына мүмкіндік туғызады.

Қарапайым күнделікті мұғалімнің түсіндіру жұмыстары және қарапайым оқулықтар, ондағы тапсырмалармен жұмыс білім беруге оқушыларды ынталандырмайды. Осының арқасында білім деңгейі төмендей бастайды. Демек электронды оқулықтар пайдалану арқылы біз прогреске қол жеткізе аламыз. Алайда бұл қарапайым оқулықтарды қарастырмауымыз қажет дегенді білдірмейді. Керісінше электронды және қарапайым оқулықтарды біріктіре отырып жұмыс жасау жақсы нәтижелер көрсетеді.

Жай оқулықтарды оқытуды пайдаланудың пайдасын да электронды оқулық арттыра түседі. Осы арқылы білім берудегі басты міндеттердің бірі оқушының қызығушылығын арттыру және белсенділіктерін ояту мақсаты жүзеге асады. Электрондық материалдарды сыныпта пайдалануда оқушылар өткен ақпараттарына шолу жасап практикалық тапсырмаларды орындай отырып жаңа білімдерін жетілдіреді. Себебі мұнда көптеген бейнематериалдар, аудиожазбалар тізімін оқушыларға ұсынуға болады. Сабақ әрі түсінікті, әрі қызықты өтеді [8]. Сонымен қатар оқушының күзиреттілігі артып түрлі қиындықтар туындағанда шешім шығара алу қабілетін арттырады.

Электронды оқулықтарды пайдалану ұстаздарға уақыт үнемдеу сынды көптеген артықшылықтарын ұсына алады. Ал оқушыларға төмендегідей қымметтерді ұсынады:

- Өтілген тақырыптардағы керекті ақпараттарды іздеуге уақыт жұмсмайды, демек уақытты үнемдейді;
- Қосымша ақпараттарды іздестіруге мүмкіндік жасайды;
- Түсіне алмай қойған ақпараттарды үздіксіз қайталауға мүмкіндік алады;

- Жеке жұмыс атқара алады;
- Деңгейлік тапсырмаларға байланысты оқушы өз деңгейін анықтай алады;

Ал мақсаттары төмендегідей:

- ✓ Білімгердің мақсатын айқындау;
- ✓ Мәліметтерді жинақтап бір жүйеге келтіру дағдыларын арттыру;
- ✓ Шығармашылық тұрғыдан дамуға қолдау;
- ✓ Өздігімен жұмыс жасауға жол ашу;

Аталып өткен мақсаттар баланың тек танымдық тұрғыдан ғана емес сонымен қатар рухани яғни тәрбиелік тұрғыдан дамуына жол ашады. Алға қойған мақсатты жүзеге асыруда әлбетте оқушы біраз мағлұматтармен таныс болады.

Кесте-1. «Оқушылардың электронды оқулықты пайдаланудағы мүмкіншіліктері мен нәтижелері» туралы көрсетілген.

Электронды оқулық	
Мүмкіншіліктері	Нәтижелері
Ақпаратты жеңіл қабылдау және терең түсіну;	Деңгейі орташалау немесе төмендеу оқушыларға жұмыс жасауға көмектеседі;
Өзін-өзі бақылап, баға беру дәрежесіне жетуі;	Сабақ барысында пайдаланылатын электронды оқулық арқылы сабаққа деген қызығушылықтарын арттуы;
Ерте жастан құжаттармен жұмыс жасауға баулу;	Әр сабақта әртүрлі көрнекіліктер пайдаланылып, олардың сандарының артуы;
Өзіне күрделілігі жағынан сай келетін тапсырмаларды орындау; Ақпарат қолжетімділігі;	Жаңалықтарға және тың идеяларға байланысты қызығушылықтарыннан шығармашылық қабілеттерінің шыңдалуы;
Фонохрестоматиялармен сабақ үстінде жұмыс жасау;	Өздігінен тапсырма орындай алуына және жеке бір өзі жұмыс атқаруына қолайлы орта туғызады;
Суреттік бейнелер немесе графиктік сызбалар, бейнероликтер және дыбысжазбалардан еститін ақпараттарға байланысты жаңашыл идеялардың туындауы;	Ақпараттың басым көпшілігін біз білетіндей көру аппараты және есту аппараты арқылы қабылданғандықтан баланың есте сақтау қабілеті және ойлау дәрежесі жоғарылайды.
	Оқушылардың интербелсенділігі арқылы әртүрлі ойлары және идеялары арқылы бір-бірімен пікірталас жүргізулері және ақпаратты синтездеп, талдап өзіне қажеттісін қабыдау деңгейі жоғарылайды;

Мұғалімге ескеретін жайт әр сабақта электронды оқулықты сынбас бұрын өтілетін тақырыпқа қаншалықты жинақтаған материалыңыздың сай немесе сай емес екенін алдын-ала ескеру қажет. Сонымен қатар берілген материалдың жинақы және бір-бірімен сабақтастығы болуы шарт. Кілт үзіліп басқа тақырыпқа ауысып кетуге қатаң тыйым салынады. Әрі тапсырмалар да сынып оқушыларының деңгейіне сай болуы тиіс.

Сабақта техникалық құралдарды жаппай өз пайдасына жарата қолдану жан-жақты дамыған, күзиреттілігі жоғары мұғалімнің ғана қолынан келмек. Себебі технологияны ұсынбастан бұрын міндетті түрде мұғалім оларды жетік меңгеруі тиіс. Содан кейін ғана практикалық тұрғыда қолдана алады. Оның өзінде қаншалықты тиімді немесе тиімсіз болуының еркерілуі шарт. Әрі бұл оқулықтарда төмендегідей жұмыстар қарастырылуы шарт:

- Оқушыларға ұсынылатын оқу материалдары;
- Қадағалау мақсатында жүргізілетін тест жұмыстары;
- Әр оқушының қабілетіне сай деңгейлік тапсырмалар;
- Мұғалімнің көмегінсіз бала өздігінен білім ала-алатындай нұсқаулықтардың ұсынылуы;
- Ақпараттардың бір-бірімен сабақтастығы;
- Сабақты жүргізу тәсіліне байланысты электронды оқулықты ыңғайластыру;

Жоғарыда көбіне ұстаздардың жіберетін қателіктеріне байланысты ақпарат шашыраңқы болмас үшін оқулыққа енетін жиынтықты көрсетіп өтуді жөн көрдік. Демек оқулықтың мазмұны білім сапасымен, жұмыстың нәтижелі болуымен тығыз байланысты [9]. Электронды оқулықтың өте бір тиімді тұсы мұғалімнің кез-келген уақытта оқулықты толықтыра алатындығы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қараев. Ж.А., Нурақметов. Н.Н. Оқулықтар, оқу-әдістемелік кешеннің құрамы мен оқу бағдарламаларын әзірлеуге және сараптауға қойылатын дидактикалық талаптар. – Алматы 2003ж.
2. Құсайынов А.К. Білім болашақ негізі. – Алматы 2010
3. Гуткина Н.И. Психологическая готовность к школе. – М.: Академия, 2003.

ӘОЖ 371.1:37.01

МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ, ТӘРБИЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ЖАНЫБЕКОВА Г.Н.

Қ.Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясы директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье говорится об основном содержании и воспитательной ценности написания школьных учебников. Названы основные пути и методы создания учебника. Говорится о том, что необходимо, чтобы язык учащихся был удобен в соответствии с художественным стилем, компактностью, чтобы информация быстро укладывалась в сознание ребенка, различные схемы и рисунки, чтобы было удобно понимать структуру материала.

Summary. The article talks about the main content and educational value of writing school textbooks. The main ways and methods of creating a textbook are named. It is said that it is necessary that the language of students be convenient in accordance with the artistic style, compactness, so that information quickly fits into the mind of the child, various diagrams and drawings, so that it is convenient to understand the structure of the material.

Оқулық – білім беру мазмұнына сай, оқу бағдарламасының кешеніне негізделген, мазмұны ғылымдық құрылымға қарай жүйеленген және сол ретте ақпараттар көзін баяндайтын кітап түрі. Оқу пәндерінің мазмұндық жүйесі осы оқулық құралдары мен оқулықта көрсетіледі. Жүргізілетін жұмыстар оқу орындарының түрлеріне қарасты бөлініске түседі. Мәселен, бастауыш сыныптағы оқулықтар жоғары сыныптағы оқулықтар өзіндік ерекшеліктермен ерекшеленеді. Оқулықты жазу және оны айналымға енгізу өте ұзақ және қиын жұмыс. Осы тарапта ғалым Андрей Колмогоров процестің ауырлығын реактрлі ұшақты жасаумен балаған екен [1]. Бұдан ұғатынымыз оқулықты жазу, үнемі ізденісті, ғылымның дамуына байланысты қайта-қайта жетілдіруді талап ететін үдеріс. Қазіргі таңда оқулықтағы олқылықтар көптеп кездесіп жатады. Ондағы қателіктердің көпшілігі ақпараттық материалдардың көрнекілікпен сәйкес келмеуі, тақырыптың білім дағдыларының дамуына кедергі болуы оқулықтардың сапасының төмендеуіне алып келуде. Оқулық білім беру процесіндегі басты тетікті құрал. Ол дидактика мен педагогикалық міндеттемелер үшін әдістемелік тұрғыдан шешуші мәнде болады. Оқулық біріншіден оқушыларға берілетін білімнің материалдық объектісі болса, екіншіден, сол субъект иесінің (оқушылар) білім мазмұнының игеру үдерісі мен ұйытқысы болып табылады. Білім мазмұнына негізделген оқулықтар үш түрлі жолда қарастырылады [2]:

1. Оқыту үдерісінде және тәрбие беру жұмыстарының құрамды бөлігі;
2. Нормативтік құқықтық құжат ретінде;
3. Пәннің жүйелі бейнесі ретінде.

Оқулықтарға келесідей талаптар қойылады:

- Кітаптағы материалдық кешен ғылымның соңғы даму көрсеткіштеріне сай жазылуы;
- Жоғарғы концептуалды сақтау шарттылығы;
- Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқулықтың мазмұнының құрылысын жасау;
- Оқушылардың танымдық көрсеткіштеріне сәйкес қосымша материалдар ұсыну;
- Пәннің әдістемесіне сай оқу ақпараттарын бір жүйелілікке түсіру;
- Пәннің ерекшеліктерін ескеріп, автор қорытындысы, ереже, заңдылықтар, анықтамалардың болуы;

-Оқушылар тіліне ыңғайлы, көркемдік стильге сай болып, ықшамдылық, оқушының танымдық көрсеткіштеріне сай болуы;

-Ақпараттардың бала санасына тез қонымды болуы үшін, әртүрлі диаграммалар мен сызбалар, материалдың құрылымын түсінуге ыңғайлы болуы үшін суреттер болуы;

-Оқушының жас ерекшеліктері мен физиологиялық көрсеткіштерін ескере отырып сыртқы мұқаба мен пішім мәселелерінің өзара бірізділікке түсуі;

-Оқу пәніне қосымша ретінде материалдар көзінің берілуі. Оларға қосымша жаттығулар, оқулықтар, карталар, сөздіктер жатады.

Қазақ тіліндегі оқулықтар – күрделі жүйелі объект. Күрделі болу себебі де өзіндік себеп-салдарларға байланысты. Оларға:

-Мұғалім оқушы бойына тек қана тілдік дағдыларды үйретіп қана қоймай, пәнаралық байланыс орнатады. Яғни, тілдік біліммен қатар тарих, әдебиет, география пәндерінен білім алуы шарт.

-Бір ғана әрекет түрімен шектелмеу керек. Яғни, тілдік дағдылардың барлық түрі қамтылуы керек. Бұл дегеніміз оқулық оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдылары оқушы әрекетімен сабақтаса жүруі керек.

-Баланың тілдің эмпирикалық құралдарын меңгеруінің жүйелілігін сақтай отырып мәліметтер көзінің ұсынылуы. Мысалы, лексикалық білімдер фонетика бөлімінде аталып өтілмеуін айта аламыз.

Аталған деректемелерге сәйкес қазіргі таңдағы өзекті мәселенің бірі оқулықтардың теориялық жүйесінің дұрыс қалыптасуы болып отырғанын аңғарамыз. Соңғы уақыттарда да осы мәселе баспасөз бетінде жиі айтылып жүр. Жалпы оқулық теориясының өзгермелі болуына ғылымның, техниканың күн санап қарыштап дамуы басты әсер етеді. Бұған ақпараттардың жылдам уақытта өзгеріп, материалдардың интеграциясы немесе өзгермелі дифференцияға ауысуы, оқулық теориясының мазмұндық жүйесінің жиі өзгеруіне жол ашып отыр.

Бұл оқулықтар теориясының маңыздылығы жоғары дидактикалық мәселе екенін көрсетеді. Пәннің ерекшелігіне сай оны игеру де аса күрделі, ал оны субъект иесіне үйрету де сондай күрделі жұмыс. Осылайша, оқу мазмұнының теориясы екі жаққа бірдей ыңғайлы болуы керек. Сондықтан да оқулық теориясының берілу мазмұнына аса мұқияттылық болуы шарт. Оқулық мазмұны шарттылыққа негізделсе оқушылардың алар біліміде сапалы түрде іске асатын болады.

Осыған орай оқулық түзудің келесідей шарттарын көрсетсек болады.

1.Макробағыттық деңгей. Оқулықтың әдістемелік ерекшеліктерін ескере отырып оқулықтың мазмұндық жүйесін жасау. Бұл деңгейде пән үлкен объект ретінде қарастырылып, оның сыртқы формасымен жұмыс жүргізіледі. Методикалық жағы басты назарда болып, әдіснамалық жүйесі негізге алына отырып, берілетін ақпараттар көзі талданады. Дағдыларды қалыптастыруға әдістер ұсыналады.

2.Концептуалдық деңгей. Бірінші деңгей толық орындалған соң оқулық мазмұнының тәжірбиелік нұсқасы ұсынылады. Осы бойынша ақпараттар көзі өзіндік категорияларға бөлінеді.

3.Функционалдық деңгей. Оқыту процесінде оқулықтардың функциялық ерекшеліктері аса күрделі. Осы кезеңде алдыңғы деңгейлерде жүргізілген қызметтік ерекшеліктерге өзгеріс енгізуі мүмкін. Оның басты себебі, оқушылар мен мұғалім арасындағы әрекеттік негіздегі материалдық құралдың болуы.

Осылайша оқулық түзудің шарттары оның қызметтік көрсеткішін анықтайды [3]. Оларды төмендегідей жіктеп көрсетсек болады: Оқулықтың мотивациялық қызметі. Оқушыларға мотивациялық қызметтің ішкі, сыртқы формаларын таныстыру. Оқулықтың

ақпараттық қызметі. Оқушыларға ұсынылатын материалдың экстралингвистикалық құрылысы, тілді меңгеру жолындағы дағдылар мен жаңа ақпараттар көзі жатады. Оқулықтың прагматикалық қызметі. Оқушылардың қарым-қатынас құзыреттілігін жетілдіруге бағытталған. Тілді үйренуші немесе оқушы коммуникативтік қарым-қатынас барысында өзінің субъективтік ой пікірін еркін жеткізе алу үшін қызметтік көрсеткіштер ескеріледі. Оқулықтың бақылаушылық қызметі. Оқулықтардың жан-жақты бақылаушылық жағдаятты қалыптастыруға және оқулық мазмұнына қатыстыру.

Жоғарыдағы оқулықтың қызметі келесіде оқулықтың мазмұндық құрылымын анықтайды. Осыған сәйкес оның екі құрылым бірліктері бар. Олар: сыртқы және ішкі. Бұл формаға сай оқулықтар өзге кітаптар мен дәптер, арнайы әдістемелік көмекші құралдардан, көрнекіліктерден өзгереді болады. Оқулықтардың сыртқы формасына оқулықтардың рубрикасын жатқызсақ болады. Яғни, оқулықтардың параграфтар мен тарауларға бөлінуі. Ол оқулықтардың вербальды

материалдар кешенімен қатар жүреді. Оқулықпен жүргізілетін жұмыстар мен әрекеттер оқытудың нәтиже торабында көрінеді. Осы әрекет арқылы қарапайым білім дағдыға айналады. Бұл дегеніміз оқулық білім берудің үдерістік қалпын анықтайды.

Оқулықта берілетін тапсырмалар құрылымдық ерекшеліктерден тұрады. Алғашқы құрылымында оқушы мен оқулық арасында қатынас орнатушыға айналады. Тапсырмаларға оқушылар өзіндік көзқарасын білдіреді, кітаптағы мәліметтермен келісетіндігі туралы сөз болады. Екінші құрылымында оқулықтар тапсырмалары экстралингвистикалық факторға сүйене отырып жасалады. Яғни, қазақ тілі оқулығының екінші құрылымдық жүйесінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыратын сөйлем мен мәтіндер, тілдік жағдаяттар беріледі. Үшінші құрылымында алдыңғы құрылымда көрсетілген ақпараттарды толықтыру үшін қосымша сызба, белгілер, суреттер кешенімен толықтырылады. Оқулықтар оқушыға нәтижелі білім беру үшін оның дүниетанымдық көзқарастарын дамытатын, жан-жақты, таным көкжиегі кең, ұлттық құндылықтарға қарай тәрбиелеуді басым мақсат тұтады. Ал осы мақсатты іске асыру үшін оқулықтарды жазуда дидактикалық, әдістемелік, педагогикалық жағдайлар ескеріледі. Жалпы мазмұндық талаптары толық сақталған оқулықтардың оқушыларға тілдік дағдыларды қалыптастыруға, өзіндік ойын сауатты түрде жеткізуге, өмірлік ақпараттарды өзінше сараптай алуға, тәрбиелік мүмкіндігі жоғары. Оқу процесінде оқулықтың тәрбиелік маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қараев. Ж.А., Нурақметов. Н.Н. Оқулықтар, оқу-әдістемелік кешеннің құрамы мен оқу бағдарламаларын әзірлеуге және сараптауға қойылатын дидактикалық талаптар. – Алматы, 2003ж.
2. Құсайынов А.К. Білім болашақ негізі. – Алматы, 2010
3. Гуткина Н.И. Психологическая готовность к школе. – М.: Академия, 2003.

ӘОЖ 378.4

САБАҚ БЕРУ БАРЫСЫНДА ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

ДАДАНБАЕВА Е.Т.

Қ.Тұрысов атындағы мектеп-гимназиясы, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье анализ педагогической деятельности учителей показал, что в процессе обучения используются все основные технологии личностно-ориентированного обучения. Он использовал современные методы с целью создания педагогических условий общения на уроках, позволяющих каждому ученику проявлять инициативу, самостоятельность, избирательность в методах своей работы.

Summary. In the article, an analysis of the pedagogical activity of teachers showed that all the main technologies of student-centered learning are used in the learning process. He used modern methods to create pedagogical conditions for communication in the classroom, allowing each student to show initiative, independence, selectivity in the methods of their work.

Педагогиканың өзекті мәселелерінің бірі-білім сапасы: оқушылардың пәндік және жалпы білімі мен дағдыларының деңгейі, олардың құндылық бағдарлары. Мәселені талдау оның пайда болуының бірқатар себептерін бөліп көрсетуге және оларды келесідей топтастыруға мүмкіндік береді: оқытудың әлсіз мотивациясы, уақыттың жетіспеушілігі, оқушылардың жеке және типологиялық ерекшеліктері, танымдық іс-әрекеттің дағдыларының дамымауы. Мәселенің себептерін мектеп деңгейінде жоюға болатындығын және оны қазіргі жағдайда қалай жасау қажеттігін талдау орынды болып көрінеді. Жаңа сапа резервтері білім берудің жаңа парадигмаларында және оларға сәйкес ұйымдастырылған мүмкіндіктерде қамтылған секілді. Білім берудің өзекті парадигмалары-дамытушылық оқыту және тұлғаға бағытталған оқыту.

Тұлғаға бағытталған оқыту оқу іс әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формалары мен әдістерін қолдануды қамтиды. Оқушылардың субъективті тәжірибесін ашу. Бұл ретте мұғалімнің алдына жаңа міндеттер қойылады:

1. Әр оқушының сынып жұмысына қызығушылық атмосферасын құру.

2. Оқушыларды мәлімдемелерге ынталандыру, қателесуден қорықпай тапсырмаларды орындаудың әртүрлі тәсілдерін қолдану, қате жауап алу.

3. Дәріс барысында оқушыға оқу мазмұнының ең маңызды түрі мен формасын таңдауға мүмкіндік беретін дидактикалық материалды қолдану.

Мұғалімдердің педогогикалық қызметін талдау оқу процесінде тұлғаға бағытталған оқытудың барлық негізгі технологиялары қолданылатынын көрсетті. Алайда, қазақ тілі секілді пәнді оқыту жаңа технологияларды қолдануға икемді және шығармашылық көзқарасты талап етеді, сондықтан олардың әрқайсысын іс жүзінде қолданудың оқушылардың әртүрлі жас топтарында өзіндік ерекшелігі бар. Сонымен қатар, барлық оқу параллельдерінде тиімді қолданылатын ең әмбебап технология Модульдік технология болып табылады. Негізгі оқу кезеңі-модуль. Мен мынадай оқыту әдістерін қолданамын: түсіндірме – иллюстрациялық, оқытудың басым ұйымдастырушылық формалары-әнгіме және практикум. Технология ең алдымен кез-келген пәнді оқытуда негіз болатын оқу процесінде коммуникативтік тәсілді белсенді қолдануды көздейді. Оқыту технологиясына сәйкес сабақтар жүйесі сабақтардың модульдік құрылымдары негізінде құрылады, олардың көпшілігі қазақ тілін оқыту барысында жетекші болып табылады, өйткені олар оқытудың дәстүрлі және жаңа өнімді әдістемелерін оңтайлы үйлестіреді.

Сабақтың бұл түрлеріне сабақ-сұхбат, сабақ-іскерлік ойын, сабақ-өзін-өзі тексеру және т.б. оқушының іс-әрекетін тек түпкілікті нәтижеге (дұрыс-бұрыс) ғана емес, оған жету процесіне де бағалау жатады. Оқушының жұмыс тәсілін табуға, дәріс барысында басқа оқушылардың жұмыс тәсілдерін талдауға, ең ұтымдысын таңдауға және игеруге деген ұмтылысын ынталандыру. Әр оқушыға жұмыс тәсілдерінде бастамашылық, дербестік, селективтілік көрсетуге мүмкіндік беретін сабақта қарым-қатынастың педогогикалық жағдайларын құру; оқушының табиғи көрінісі үшін жағдай жасау. Жаңа педогогикалық технологиялардың әртүрлі бағыттарының ішінде, менің ойымша, алға қойылған мақсаттарға барынша сәйкес келетін және ең әмбебап-ынтымақтастықта оқыту, жоба әдісі, ойын технологиялары, оқытудың сараланған және интеграцияланған тәсілдері. Бұл бағыттар психология мен білім берудегі гуманистік көзқарас деп аталады, оның басты ерекшелігі-адамның жеке басына ерекше назар аудару, тәуелсіз сыни ойлаудың саналы дамуына нақты назар аудару.

Тәрбие мен білім беру мақсаттарын жүзеге асыру педогогикалық процесс деп аталады. Оқыту процесінің негізгі элементі педогогикалық процестің жүйе құраушы факторы болып табылатын мақсаттар үштігі - оқыту, дамыту және тәрбиелеу болып табылады. Педогогикалық процесс тұтастай алғанда және оның барлық компоненттерінде алға қойылған мақсаттарға жетуге бағытталуы қажет. Мақсат қою (бастау және жобалау). Қазіргі педогогикалық процестің мақсаттар жүйесі танымның белгілі-бір нәтижелеріне қол жеткізуді ғана емес, сонымен бірге оқушының танымдық тәуелсіздігін қалыптастыруды және оның шығармашылық қабілеттерін дамытуды қамтамасыз етуі қажет. Оқу мақсаттары әр оқушының жеке мүдделері саласына біріктірілуі қажет, олар үшін "өз" мақсаттары болуы қажет. Технология: мақсат қою тәсілдері, оқу қызметін ұйымдастыру нысандары, оқыту әдістері мен құралдары, оқу процесін ұйымдастыру нысандары. Егер оқушыда оқу объектісі болмаса, мұғалімнің әдістемелік іс-әрекетінің объектісі деп нені санау қажет? Мұғалімнің әдістемелік қызметінің объектісі педогогикалық процесс болып табылады. Мұғалімнің әдістемелік қызметі-бұл оқушылардың оқу пәнін игеруіне байланысты педогогикалық процесті ұйымдастыру қызметі. Сондықтан мұғалімнің іс-әрекетінде педогогикалық технологияны таңдау маңызды деп санауға болады. Технология мақсаттарға жетуді қамтамасыз етуге арналған.

Оқыту моделінде педогогикалық технологияны сипаттау кезінде - тұжырымдамалық өзек — оның негізіне алынған негізгі тәсілдердің, принциптердің тізімін көрсету қажет. Таңдалған тұжырымдаманы іске асырудың жолдары мен тәсілдерінің сипаттамасы, оның ішінде қолданылатын әдістер мен құралдар саласындағы басымдықтар, сондай-ақ оқытуды ұйымдастыру нысандары және т.б. анықталады. Сондықтан дәстүрлі оқытуды бөліп көрсетуге болады (оқушылар оқу нысаны болып табылады); адаптивті оқыту (оқушылар оқу объектілері болып табылады, бірақ олардың жеке ерекшеліктері ескеріледі); дамытушылық оқыту (оқушылар оқыту субъектілері болып табылады); тұлғаға бағытталған оқыту (оқушылар оқыту және өзіндік даму субъектілері болып табылады). Жаңа педогогикалық технологиялардың әртүрлі бағыттарының ішінде, менің ойымша, алға қойылған мақсаттарға барынша сәйкес келеді және ең әмбебап-

ынтымақтастықта оқыту, жоба әдісі, ойын технологиялары, оқытудың сараланған және интеграцияланған тәсілдері.

Сараланған білім беру процесінің принципі оқушылардың жеке дамуын жүзеге асыруға жақсы ықпал етеді. Сараланған оқыту әр оқушының қабілеттерін анықтауға және барынша дамытуға дейін азаяды. Оқу процесінің әртүрлі кезеңдерінде сараланған тәсілді қолдану, сайып келгенде, барлық оқушылардың белгілі бір бағдарламалық минималды білімін, дағдыларын игеруге бағытталғаны маңызды. Оқу іс-әрекетін сараланған тәсілмен ұйымдастыру бір жағынан оқушылардың психикалық даму деңгейін, психологиялық ерекшеліктерін ескереді.

Біріктірілген сабақтар

Интеграцияланған сабақтар қазіргі мектепте білімді жүйелеу үшін қолданылатын тиімді форма болып табылады, өйткені бұл сабақтарда әртүрлі оқу пәндері бойынша білім синтезі жүзеге асырылады, нәтижесінде осы білімнің кең және терең енуіне қол жеткізілген ажырамас тұтастық болып табылатын жаңа сапа қалыптасады. Интеграцияланған сабақтың мақсаты-оқушыларға оқу пәні туралы жан-жақты (тереңдетілген және кеңейтілген) білім беру, оның біртұтас бейнесі. Оның негізгі қасиеттері-синтетикалық, әмбебаптық. Бұл оқушыны тек осы тақырыпты, бөлімді ғана емес, сонымен бірге барлық материалды зерттеудің түпкі мақсаттарына арнауға, оны танымдық процеске тезірек қосуға мүмкіндік береді. Интеграцияланған сабақтың психологиялық артықшылығы бар: ол пәнге деген қызығушылықты оятады, шиеленісті, белгісіздікті жеңілдетеді, егжей-тегжейлерді, фактілерді, бөлшектерді саналы түрде игеруге көмектеседі, осылайша оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді, өйткені ол тек оқу ғана емес, сонымен бірге зерттеу қызметін де енгізуге мүмкіндік береді.

Ойын технологиясын пайдалану

Ойын-бұл оқытудың ең көне әдісі. Адамзат қоғамының пайда болуымен балаларды өмірлік және әлеуметтік маңызды әдістер мен дағдыларға үйрету мәселесі де пайда болды. Өркениеттің дамуымен ойындар өзгереді, көптеген тақырыптар мен ойындардың әлеуметтік сюжеттері өзгереді.

Жалпы ойынның айырмашылығы, педогогикалық ойындар маңызды белгіге ие - оқытудың нақты мақсаты және оған сәйкес педогогикалық нәтиже, оқу-танымдық бағыт. Сабақтың ойын формасы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін ойын әдістері мен жағдайларының көмегімен жасалады. Ойынды жоспарлау кезінде дидактикалық мақсат ойын тапсырмасына айналады, оқу әрекеті ойын ережелеріне бағынады, оқу материалы ойын құралы ретінде пайдаланылады, оқу іс-әрекетіне дидактикалық тапсырманы ойын тапсырмасына аударатын бәсекелестік элементі енгізіледі, ал дидактикалық тапсырманы сәтті орындау ойын нәтижесімен байланысты. Әр түрлі иллюстрациялық материалдар, мультимедиялық және интерактивті модельдер оқу процесін сапалы жаңа деңгейге көтереді, ал оқушылар ақпаратты дәл осы формада қабылдауға қызығушылық көп тудырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педогогикалық инноватика: Ғылыми фонд және даму перспективасы. – Книга 1. – А.: НИЦ Ғылым, 2001
2. Аманжолов С. Құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық негіздері // Өскемен: 2007.

ӘОЖ 372.851

ДАМУА ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ЕРТУГАНОВА Б.Ю.

Қ.Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясы директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ЖАТТОВА С.Ш.

Қ.Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясы, биология пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В данной статье рассказывается об особенностях и технологии развивающего обучения. Различаются отличия от традиционных уроков и эффективность активного обучения.

Говорят, что в традиционном образовании ребенок мыслит обучение как получение готовой информации, а в развивающем обучении его отличает то, что он собирает информацию из социума.

Summary. This article describes the features and technology of developmental education. There are differences from traditional lessons and the effectiveness of active learning. It is said that in traditional education a child thinks of learning as obtaining ready-made information, while in developmental education he is distinguished by the fact that he collects information from society.

Адам баласының ғасырлар бойғы тарихи баспалдақтан жоғарылай келе санасының, ойының және әлеуметтік жағдайының көтерілуінің қайнар – көзі дүниені тану қабілетінің артуы. Қазіргі таңда көптеген дамыған мемлекеттердің де дамытушы тірегі білім болып отыр. Осы орайда дамыған мемлекеттер қатарына қосылу үшін дамушы мемлекеттер мектеп және университет қабырғасында білім беру дәрежесін, сапасын арттыруда көптеген жаңа технологиялар мен әдістерді пайдалану үстінде. Демек оқу және оқыту қандай да бір прогреске бағытталған іс-әрекет. Мемлекетіміздің жаңартылған білім беру бағдарламасына және шет елдік әдіс-тәсілдерге, олардың сабақ үстінде қолданылуын қадағалауының өзінде үлкен мақсат жатыр. Әрі аталмыш технологиялар бүгінде мектеп қабырғасында өте ауқымды қаралатын тақырыптардың бірі. Оқытуда мұғалімдердің назарға алатын басты қағидасы қарапайымнан күрделіге жол салу. Осы жолды дамытудағы технологиялардың бірі және бірегейі дамыта оқыту технологиясы.

Педагогтардың баламен жұмыс істеу барысында пайда болатын ең алғашқы қиындықтарының бірі оқушының пәнге деген жаңа тақырыпқа деген қызығушылығының жоғалуы. Осы орайда біздің оқытудағы басты мақсаттарымыздың бірі ол баланың таным деңгейін арттыру болып табылады. Алайда баланың таным деңгейін арттыруға өзінің ынтасы күнделікті қарапайым сабақ өту жүйесінен төмендеп кетуі мүмкіндігін естен шығармағанымыз жөн.

Балаға білім беруде педагогтың жеке біліктілігі мен пән аясындағы қабілеттілігі аса үлкен жетістіктерге жеткізе қоймайды. Ол үшін көптеген әдіснамаларды әсіресе дамыта оқытуды қолға алу қажеттілігі туындайды. Оқушының тек пән аясында емес жан-жақты қабілетін, білімін дамыту мақсатында нәтиже шығара алатын іріктеп алынған әдістерді пайдалану дамыта оқыту түсінігін айқындайды. Ал мақсатына келер болсақ, мақсаты білім алушылардың оқуға деген ынтасын жоғарылатудың саналық яғни психологиялық ахуалын негіздеу және дамыта оқытудың жолын көрсету болып табылады.

Мектеп басты назарды білім беру сапасының қаншалықты деңгейде жоғары немесе төмендігіне аударады. Сондықтан осы технологияны мұғалімдерге игеру сонымен қатар практикалық тұрғыда пайдалану педагогтарға жүктеліп отыр.

Оқытудың біз білетін пассивті және активті түрлері бар. Активті оқытуға көптеген жаңа технологияларды жатқызуымызға болады. Соның ішінде дамыта оқыту технологиясын да қарастырамыз. Пассивті оқытуға қарағанда активті оқыту баланың тыңдалым, айтылым дағдыларын дамытуға жоғары әсерін тигізеді. Белсенді оқытуда баланың ізденушілік қабілетіне, проблемалық оқытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға жолдар ашуға мүмкіндік жасай аламыз [1].

Дамыта оқыту технологиясының түп тамыры сонау XVII ғасырларда Ян-Амон Коменскийдің «Ұлы дидактика» атты еңбегінен бастау алады. Кейіннен орыс ғалымдары технология бойынша көптеген еңбектер жазып зерттеумен шұғылданды. Ал білім беруде бірінші болып пайдаланған неміс мектептері деп айтсақ қателеспейміз. Неміс педагогтары дамыта оқытуда мұғалімнің баланы жетектеуі емес, балаға өзін-өзі жетектеуіне мүмкіндік туындатқан мұғалімді нағыз педагог деп есептей отырып осы технологияны жүзеге асырған. Осы бойынша көтеген дидактикалық еңбектердің авторы К.Д.Ушинский баланың жас ерекшелігіне сай дамыта оқыту әдістемесін әзірлеуге көп күш жұмсады.

Оқушы дамыта оқытудағы басты кейіпкер. Ол білімді игеруде, ары қарай жылжуда өзінің жинаған қорының аз екендігін сезіне алуы тиіс. Содан кейін ғана ол оқуда жоғары белсенділік көрсете алады. Мұндай жағдайда сабақта төмендегідей құрылымды басшылыққа алған жөн:

1. Жаңа тақырыпты игерудегі мақсаттың қойылуы;
2. Мақсатқа жету жолын бірлесе отырып шешу;
3. Шығарған шешіміміздің дұрыстығына дәлелдер арқылы көз жеткізу;

Мұғалім балаға жаңа білімнің қажеттілігін сезіндіру барысында сабақтағы рөлді балаға беруі тиіс. Сонымен қатар дамыта оқытудың принциптеріне сай білім беруді қолға алады. Осы

орайда дамыта оқытуда қол жеткізе алатын бірнеше қабілеттердің барлығы төмендегідей принциптерге сүйенеді:

- Оқыту мазмұнының мақсатқа бағытталуы және жүйелі болуы тиіс;
- Оқу деңгейіне қойылатын талаптың жоғару болуы шарт;
- Жетекші рөл теориялық білімге негізделуі керек;
- Берілген материалды меңгерудің жылдам болуына жағдай жасау;
- Барлық іс-әрекет баланы дамытуға бағытталуы тиіс;
- Білім беру мазмұны маңыздылығының жоғары болуы шарт болып табылады [2].

Сабақ барысында жоғарыда атап өткеніміздей мұғалім сабақтағы рөлді балаға беруде өзі тек қадағалаушының қызметін атқаруы қажет. Ал оқушы сабақта ізденуші тұлғаның қызметін атқарады. Оқушылардың ізденіс нәтижесінің дұрыс болуын мұғалім жіті қадағалап отырады. Оқу міндеті орындалғаннан кейін оқушылардың жұмыстарына байланысты мұғалім тиісті бағаларын қояды.

Жан-жақты ізденіс барысында әлбетте оқушылар тақырыпты өмірмен байланыстырады. Өрқайсысы өз ойын айтқанда міндетті түрде арасынан бір-біріне қарама-қайшы келетін ойлар болуы дұрыс. Себебі қай ойдың немесе тұжырымның дұрыстығын, бұрыстығын анықтау барысында көптеген талқылау, талдау жұмыстары жүзеге асады. Бұл баланың таным деңгейін жоғарылатады.

Дамыта оқытуды өз еңбектерінде қарастырған Занковтың пайымдауы бойынша бірінші бұл технология сабаққа негізделеді. Алайда дәстүрлі сабақтан айырмашылығы оның тәртібінің өзгеруінде. Яғни дәстүрлі сабақта жаңа тақырыпты игеруде тек мұғалім ғана сөйлейді. Ал бұл технологияда оқушының өзіне игеруге мүмкіндік беріледі. Осы уақытта оқушылардың шулап, бір-бірімен талқылап тіпті әзілдесуі де жақсы процесс болып саналады.

Таным деңгейін арттыру мақсатында біз прогреске жету үшін пәнді оқытудан бөлек қоршаған ортадан балаға білім ала алуға тәрбиелеуіміз керек. Тиісінше әрбір ақпаратты біз қоршаған ортадан, қоғамнан таба аламыз. Сонымен қатар адам өз ойын білдірмесе, білімді өмірмен байланыстырмаса, ойын жеткізе алмаса, демек даму қарқынды түрде жүріп жатқан жоқ. Баланың ойын тыңдай отырып мұғалім тақырыптан бөлек сәйкесінше баланың жақсы мен жаманды және дұрыс пен бұрысты ажыратуын анықтай алады.

Ғалым Л.В.Занковтың дидактикалық жүйесі бойынша дамыта оқытуда оқушылардың арасында алынған баға талқыландырылуы тиіс. Талқыландырудың мақсаты сынып ішінде оқушылардың кімнің үлгермеуші немесе кімнің озат оқушы екендігін бөле алмауы. Бұл оқушылардың жақсы қарым-қатынасына және жағымды орта құруына әсер етеді.

Кесте-1. «Л.В.Занков бойынша дамыта оқытудың ерекшеліктері»

Оқытуды ұйымдастырудың әдеттегіден тыс болуы;
Оқыту мазмұнының өзге бағытта болуы;
Қойылған мақсаттың өзгешелігі;
Дидактикалық қағидалардағы ерекшеліктердің орын алуы;
Пайдаланылатын әдіс-тәсілдердің таңдалынуы;
Білім сапасын және мұғалімнің жұмысын бағалаудағы көрсеткіштердің жаңа түрлері;

Дамыта оқыту жүйесінде оқушыларға қарапайым сұрақтар қойылмауы тиіс. Сұрақтардың проблемалығы және күрделілігі оқушыны ойландыруы шарт. Мұндағы оқудың өзі бірнеше компоненттерден тұрады. Олар төмендегідей:

- Қажеттілік – бар жинақтаған білімінің қазір нақты түрде жеткіліксіздігін сезіну;
- Мотив – сол қажеттілікті қанағаттандырауға деген ынтаның көрініс табуы;
- Құрал – нәтижеге жетудегі процесстің қисынын табу;
- Әрекет – белгілі бір әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асады;
- Нәтиже – барлық компоненттің бірігіп келіп шығарған өнімі;

Дәстүрлі оқытуда білім алуды бала дайын ақпаратты қабылдау деп ойласа, дамыта оқытуда ақпаратты қоғамнан, сырттан, өзі жинақтап алатын білім екенін түсінеді. Дамыта оқытудың ерекшеліктерін толығымен анықтау үшін дәстүрлі оқытумен салыстырғанымыз жөн [3].

Кесте-2. «Дамыта және дәстүрлі оқудың айырмашылықтары»

Дәстүрлі оқыту	Дамыта оқыту
Балаға білім беру және қоғамдық жұмыстарға араласуына дағдыландыру.	Оқушының дамуы үшін әрбір сөзіне өзі анализ және синтез жасай білуіне жол ашу. Өзіне - өзі шешім қабылдай алатындай жан-жақты

	ізденімпаз тұлға қалыптастыру.
Оқушыларды жаңа ақпараттармен таныстыру.	Балаға бағыт беру. Өз бетімен тапсырманы орындауына және түсінуіне жағдай жасау. Тапсырма күрделі болатын болса, орындау әдісін айту.
Бала тыңдаушы.	Бала ізденуші.
Жаңа сабақ мұғалімнің түсіндіруімен өтеді.	Жаңа сабақ бойынша көптеген тапсырмалармен жұмыс атқарылады.
Мұғалім балаға есте сақтау үшін хабарлаушы қызметін атқарады.	Оқушылардың зерттеуі арқылы оларға теориялық білімді қалыптастыру.
Оқушы берілген үлгі бойынша жаттығуларды орындайды.	Мұғалім түсіндірмейді, түсіну үшін оқушылармен бірге жұмыс жасайды.
Қолданылатын әдістер: түсіндіру, көрсету.	Топтық жұмыс немесе жеке жұмысты жүргізуде пайдаланылатын әдістер қолданылады.
Дәстүрлі оқытуда білім оқушының алдына материал болып дайындалып беріледі.	Дамыта оқытуда білім алу балаға міндет болып жүктеледі.

Дамыта оқыту технологиясымен жұмыс жасау кез-келген педагогтың қолынан келе беретін іс емес. Себебі бұл технологияны да игеруде көптеген әдіснамалық әдбиеттерді игере отырып тосыннан келетін жағдайларға дайын болуы тиіс. Тіпті тәжірибелі мұғалімдердің өзі де бірнеше қиындықтарды кездестіріп жатады. Олар:

–Балаға жан-жақты білім беру үшін мұғалімнің де жан-жақты болуы, білім деңгейінің жоғары болуы қажет. Бірнеше пәнаралық байланыстар туындауы мүмкін.

–Кейде оқушыны тұлғалық дамытуға аса назар аударылып тақырыптағы маңызды ақпараттарды елемей қалуымыз да көрініс тауып жатады.

–Мұғалім көп ақпаратты оқушылардың еншісіне қалдырған соң кіріспе бөлімін бастау қиынға соғады.

–Дәстүрлі сабаққа үйреніп қалғандықтан кейбір мұғалімдер жаңа технологияға көшуге қиналып жатады.

Құрылымы күрделі болып келетін педагогикалық жүйе дамыта оқыту технологиясы. Технологияның арқасында оқушы өзін өзгертуде, жаңа білім игеруде жеке тұлғалық қабілеттері арқылы көптеген жетістіктерге жете алатынына көзі жетеді [4].

Дамыта оқыту- бұл оқу процесінің адамның әлеуетіне және олардың реакциясына бағдарлануы екені анықталды. Оқытудың бұл түрінің мақсаты оқушыларды білімді өз бетінше игеруге, шындықты іздеуге, сондай-ақ күнделікті өмірде тәуелсіздікке дайындау болып табылады. Яғни, ол жадыны пайдалануға емес, ойлау механизмдерін қалыптастыруға негізделген. Оқушылар білімді игеру және оларға талдау жасау үшін қолданылатын ақыл-ой операцияларын игеруі керектігі анықталып отыр. Зерттеу жұмысымыздың қорытындылауы бойынша дамыта оқыту – бұл, технология мазмұны, әдістері мен формалары баланың даму заңдылықтарына негізделген технологияның бір түрі екеніне көз жеткізгендігіміз.

Бұл технология арнайы педагогикалық және әдістемелік қағидаларды қажет етеді. Бұл технологиялар бойынша оқушылар өзін субъект ретінде қабылдап тұлғалық құрылысын қалыптастыруға жағдай жасайды. Яғни, осылайша оқушылардың сөйлеу мәдениетінің аспектілері қаланады.

Қазіргі таңда білім беру үрдісіне жіті назар аударылуда. Мұның барлығы да өзіндік ойы бар және сол ойын халыққа жеткізе алатын, дәлелдей алатын бәсекеге қабілетті тұлғаларды даярлауды көздейді. Егер бір технологияны бір сыныпқа қолданатын болсақ, ол сыныпта он бес оқушы болса бір-бірімен талқылап бірін-бірі жетілдірге әрекет жасар еді. Барлық жағдайда қазақ тілі сабағы болсын әдіс тәсілдер, мақсат, міндет, тіпті оқушыны дамыту факторларына дейін технологияның ерекшелігі бар. Жан-жақты азаматтарды қалыптастыруда дамыта оқытудың барлық қағидағарын көзден таса қылмаған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы.
- 2.Аманжолов С., Құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық негіздері // Өскемен: 2007.

3.Әлметова Ә. Сұхбаттасу мәдениеті. – Алматы: Толағай, 2007.

4.Оразбаева Ф. Тіл әлемі. Мақалалар зерттеулер. – Алматы: Ан арыс, 2009.

УДК 373.1

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ

БАРМЕНКУЛОВА С.С.

Учитель русского языка и литературы средней школы № 42 им. Е.Кашаганова.
Республика Казахстан, Жамбылская область, Кордайский район

Түйіндеме. Ғылыми мақалада жалпы білім беретін орта мектептің оқу-тәрбие үдерісінде интерактивті әдістерді қолданудың тиімділігі айтылады. Интерактивті әдіс түрлерін атап өтіп, келесі әдістерге сипаттама беріледі. Олар: Проблемалық жұмыс әдістері; Миға шабуыл әдісі; Кейс-стади әдісі; Искерлік ойындар; Рөлдік ойындар; Пікірталас; SWOT – талдау әдістері.

Summary. The scientific article describes the effectiveness of the use of interactive methods in the educational process of secondary school. Listing the types of interactive methods, the following methods are described. These are: Methods of problem work; Method of brainstorming; Method of Case studies; Business games; Role-playing games; Discussion; methods of SWOT analysis.

Интерактивное обучение – это специальная форма организации познавательной деятельности, способ познания, осуществляемый в форме совместной деятельности учащихся, при которой все участники взаимодействуют друг с другом, обмениваются информацией, совместно решают проблемы, моделируют ситуации, оценивают действия других и свое собственное поведение, погружаются в реальную атмосферу делового сотрудничества по разрешению проблемы. Каждый педагог может самостоятельно придумывать новые формы работы с группой. Педагоги часто используют на уроках метод работы в парах, обучая друг друга задавать вопросы и отвечать на них.

Методы взаимно активного (интерактивного) обучения:

1. Методы проблемного произведения;
2. Работа в команде;
3. Метод мозгового штурма;
4. Метод критического мышления;
5. Кейс-стади;
6. Мини-исследования;
7. Деловые игры;
8. Ролевые игры;
9. SWOT-анализ;
10. Метод блиц-вопросов;
11. Метод получения анкеты;
12. Тренинги;
13. Метод Киноуча;
14. Метод CLIL;
15. Метод 6 шляп
16. Дискуссия и т.д.

Передача информации основана на коммуникативных позициях педагога и учащихся. Вышеуказанные методы повышают активность учащихся и ведут исследовательский процесс полученных данных.

Остановимся на вышеописанных методах. Основным методом поднятия процесса обучения на более высокий уровень считается проблемно-творческий метод. Каждый урок, пройденный в ходе применения этого метода, является интервью, в ходе которого руководит исследовательским процессом. Специфика этого метода интересует учащихся в процессе обучения. В процессе начала определенной темы урока учащимся дается проблемный вопрос или проблемное задание.

В процессе решения проблемы педагог старается не допускать противоречия между требованиями, предъявляемыми к образованию учащихся, и его пониманием. Более того, основные проблемы возникают у самих учащихся, и решение этих проблем возлагается на них самих. Конечно, организация проблемных методов обучения очень сложна, так как требует очень глубокой, очень всесторонней подготовки преподавателя. Но на начальном этапе этот метод можно использовать как дополнение к структуре ранее отработанных уроков [1, с. 91-92].

Метод «мозгового штурма» -это способ обучения, направленный на организацию умственной деятельности учащихся, ищущих нетрадиционные пути решения научных и практических проблем. Он состоит из нескольких этапов:

1. Уметь определять проблему или создавать проблемную ситуацию.
2. Продвигать различные мысли без анализа и доказательств.
3. Теоретическая, эмпирическая проверка, анализ мыслей, предложений.
4. Выбор и оценка лучших мыслей.

Структура метода состоит из двух частей: первая – выработка мнений, вторая – развитие и защита мнений. Подготовка к использованию метода «мозгового штурма» состоит из следующих этапов:

I этап – определение цели и задач урока.

II этап – планирование общего хода урока, определение объема времени каждого этапа урока.

III этап – составление 3-4 вопросов для упражнения, подбор интересных ситуаций с целью снижения психологического давления.

IV этап – разработка оценочных норм для оценки поступающих в среду мнений (актуальность, теоретическое обоснование, практическая значимость и др.) [2, с. 145-146].

В основе метода «Кейс-стади» лежит понятие «ситуация», т.е. тот факт, что в процесс выбора ситуаций влияет на конечный результат. При использовании этого метода не обязательно иметь только одно правильное решение. На основе этого метода обучения учащихся должен самостоятельно принимать решения и доказывать свое решение. По словам авторов метода тематических исследований, учащихся и преподаватели участвуют в анализе каждой деловой ситуации и проблемы. Такой кейс-стади создан в письменной форме, основан на достоверных данных и предназначен для обучения учащихся и интервью по этому вопросу.

Специфика тематических исследований:

1. Самое верное решение в неопределенных ситуациях.
2. Поиск путей принятия решений, их планирование.
3. Формирование навыков изучения определенных ситуаций.
4. Умение строить планы.
5. Умение применять теоретические знания на практике.
6. Учет мнения других специалистов.

Главное достижение этого метода – умение анализировать определенные ситуации, оценивать альтернативу, умение решать практические задачи. Общая технология использования метода «реальные ситуации в обучении» :

- а) преподаватель выбирает кейс;
- б) уточняет основные и дополнительные материалы;
- в) пишет сценарий.

Задача учащихся – подготовить к занятию кейс, список литературы. Во время занятий преподаватель:

- а) организует предварительное обсуждение кейса;
- б) делит группы на небольшие группы;
- в) курирует собеседование в ходе анализа кейса.

Учащиеся:

- а) ставят вопросы;
- б) предлагают способы принятия решений;
- в) принимают решения;
- г) составляет письменный отчет об этой работе.

Реализация метода «Кейс стади» включает в себя следующие этапы:

- читая ситуативный текст, учащийся должен самостоятельно постараться понять суть проблемы, определить свою позицию для оценки ситуации, придумать ответы на вопросы и найти конкретные пути решения проблемы;

- работа в небольшой группе. Учащиеся в малых группах обмениваются мнениями в рамках проблем, составляющих основу кейса, совместно решают проблему с помощью методов диалогического общения. На этом этапе может быть «брейнсторминг» (мозговой штурм), диалог и полилог, дискуссия, обсуждение слов. После группового обсуждения выявляются наиболее способные лидеры, способные изложить пути решения проблемы;

- общегрупповое обсуждение проводится под руководством педагога. Как правило, каждая группа высказывает свою точку зрения по кругу проблем, изложенных в ситуации. Педагог руководит процессом ситуационного анализа, привлекая к обсуждению больше учащихся. Особенность обсуждения в том, что учитель не дает качественной оценки ответов, каждое высказанное мнение принимается по-своему. Процесс ситуационного анализа требует от педагога широкого кругозора, умения общаться, комплекса знаний по нескольким схожим предметам, владения техникой ведения дискуссии.

Технология «Кейс-стади» может быть использована в процессе преподавания любой дисциплины. Конкретная ситуация не может иметь четкого правильного или неправильного ответа, она служит только учебным материалом, посредством которого учащиеся учатся анализировать, высказываться, рассуждать, обосновывать свои мысли.

Виды технологии «Кейс-стади»:

1. Задание дается в виде текстового материала.
2. Задание дается в виде наглядного материала (видеоролик и т.д.).
3. Задание дается в виде незавершенного события.

Следующий метод – дискуссия. Дискуссия имеет большое влияние на формирование у учащихся стилей научного мышления, развитие умения общения, обогащение языкового фонда, расширение кругозора. Дискуссия – способствует свободному высказыванию мнений и повышению познавательной активности каждого человека.

Специалисты доказывают, что использование технологии обучения с использованием методов проектирования в качестве дополнения к другим методам обучения приемлемо. Проект носит преимущественно междисциплинарный характер, связывая информацию из каждой области знаний.

Этот метод можно использовать в процессе преподавания любого предмета. Главное, чтобы они отвечали следующим основным требованиям метода проекта:

- наличие наиболее значимых с исследовательской, творческой точки зрения проблем-задач;

- практическая, теоретическая, познавательная значимость получаемых результатов;
- самостоятельная (групповая, парная, индивидуальная) деятельность учащегося;
- создание содержательного раздела проекта;
- выбор и использование методов исследования (определение проблемы и вытекающих из нее исследовательских задач, прогнозирование их решения, обсуждение методов исследования, формализация конечных результатов, анализ полученных данных, подведение итогов) [3].

Следовательно, овладение новыми педагогическими технологиями оказывает влияние на формирование интеллектуального, нравственного, духовного гражданского облика учащегося, способствует саморазвитию. Поэтому на основе применения педагогических технологий в начальных классах можно создать условия для свободного развития будущих поколений, всестороннего образования, активного творчества.

Приемы деловой и ролевой игры: активное участие каждого учащегося в каждом этапе урока. Основным достижением этого является умение использовать теоретические знания каждого учащегося в практическом процессе. К этим методам относятся:

- а) умение использовать различные вспомогательные материалы;
- б) ролевые игры, основная цель которых состоит в том, чтобы разделить учащихся на несколько групп и конкретизировать свои услуги для каждой группы;
- в) организация дискуссий для развития мыслительной деятельности учащихся.

SWOT-анализ называется методом стратегического планирования, который определяет факторы внешней и внутренней атмосферы респондентов, способствует формированию высокого структурного понимания условий труда. Результат исследования дает возможность принять правильное решение. Для проведения такого анализа, если специалист располагает информацией об объекте, он легко подготавливает необходимые таблицы, не требуется большие базы данных или специального обучения. SWOT-анализ-это подход к оценке ситуации на основе исследования из четырех позиций:

Сильные стороны-сильные;
Слабые стороны-слабые стороны;
Возможности-возможности;
Угрозы - это угрозы [4].

Сильные и слабые стороны - данные, полученные в ходе исследования. Ну и внешние обстоятельства, при которых возможности и угрозы уже могут отсутствовать, здесь все зависит от принятого решения.

Список использованной литературы:

- 1 Г.К. Шолпанқұлова, К.Р. Калкеева. Жоғары мектеп педагогикасы. Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 259 б.
- 2 Шалғынбаева Қ.Қ., Албытова Н.П., Сламбекова Т.С. Педагогика: Магистранттарға арналған оқу құралы: - Астана, 2014. – 268 б.
- 3 Губайдуллина Г.Н. Педагогиканы оқыту әдістемесі: Оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. – 328 б.
- 4 Swot талдау. <https://kk.unistica.com/swot-%D1%82%>

ӘОЖ 37.233

ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

ҚЫРДАНОВА М.Ж.

Сарыкемер-мектеп гимназиясының әлеуметтік педагогы, информатика пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

САРЖАНОВА Р.А.

Абай атындағы орта мектебінің әлеуметтік педагогы, көркем еңбек пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В статье рассматриваются методы и приемы игровых технологий в учебном процессе.

Summary. The article discusses the methods and techniques of gaming technologies in the educational process.

Еліміздің әлем елдерімен терезесі тең болуы үшін, елге тірек болатын, ел экономикасын көтеретін білімді ұрпақ дайындауымыз керек. Бүгінгі бала – ертеңгі азамат деп сенім артатындықтан, шәкірттерін білімді, саналы қылып тәрбиелеу ұлттық білім жүйесінің алдында тұрған ұлы міндет. Кезінде ұлт ұстазы Ахмет Байтұсынұлы: «Әуелі біз елді түзетуді оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Орнықты оқу болмай, қалт-құлт етіп оқытқан оқу-білім жарытпайды» – деп, айтып кеткен [1, 57б.]. Сапалы білім – еліміздің көк байрағын әлемдік аренада көтеруге, бәсекеге қабілетті қоғам болуға апаратын бірден-бір жол.

XXI ғасырда білім беру саласында жан-жақты білімді, зерделі, дарынды тұлға қалыптастыру мемлекетіміздің басты назарында. Қазақстанның дамуына білім мен ғылымның оңтайлы әсер етуі артып, оқыту жүйесін заман талабына сай жоспарлау міндеті туындап, оқыту мен әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда. Еліміз дүниежүзілік кеңістікке енуі үшін, білім беруді одан әрі демократияландыру, ізгілендіру, компьютерлендіру шаралары жүргізілуде.

Бұл бағытта білім берудің құрылымы, ғылым мен тәжірибеге негізделген жаңа идеялары, жаңа педагогикалық технологиялары бар.

Педагогикалық заманауи технологияларды меңгеру және оқытудың әдіс-тәсілдерін жетілдіріп отыру – кез келген елдегі мұғалімдердің асыл мұраты.

Жалпы білім беретін мектептерде басқа пәндермен қатар әдебиет пәндерінде де педагогикалық технологияларды қолдану бүгінгі күндегі білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі болып саналады. Себебі, пәнді оқытуда білім сапасының деңгейі жоғары болу үшін заманауи педагогикалық технологиялардың рөлі ерекше. Қазіргі заманғы ұстаздың мақсаты

– қабілетті, білімді шәкірт тәрбиелеп, оның жан-жақты дамуына жағдай жасап, оқуға деген қызығушылығын арттыра отырып, оқи жүре өз білімін жетілдіруге машықтандыру.

Қазіргі таңда мектептегі ұстаздар сапалы білім берудің әртүрлі әдіс-тәсілдерін қолдану үшін көптеген еңбек етуде. Кез келген ұстаздың алға қойған мақсаты – шәкірттеріне өзіндік ой тұжырымымен білім беру, олардың жан-жақты дамуына жағдай жасап, оқуға деген қызығушылығын ұлғайту. Сол үшін ұстаздар, сапалы білім берудің алуан түрлі әдістері мен тәсілдерін қолдану үшін көптеген еңбек етіп, ізденулері керек. Оқу үдерісінде тек мектеп оқулықтарын ғана қолданып сабақ бермей, педагогикалық жамауани технологияларды, белгілі әдіскер педагогтардың тәсілдерін қолдану маңызды. Қазіргі таңда мектеп мұғалімдері өз сабақтарында инновациялық және интерактивтік технологияларды барынша мол пайдаланып, сабақтың жоғары дәрежеде өтуі жолында көп ізденіп жүр. Ж.Аймауытовтың сөзімен айтсақ: «ұстаздар сабақ беруді «жай ғана шеберлік» деп қарамай, «жаңадан жаңаны табатын өнер» [2, 85б.] ретінде қабылдау, шәкірттерінің білімге деген құштарлығын арттыру, әдіс-тәсілді өз орнымен қолдана біліп, сабақтың құрылымын, сабақ кезеңдерін дұрыс ұйымдастыра білу, өз шеберлігін ғылыми жаңалықтармен жетілдіру ұстаз үшін негізгі міндет.

Қазақстан Республикасының жалпы мемлекеттік оқу бағдарламасында «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың негізгі мақсаты төмендегідей:

1. Оқушыларды ұлттық құндылықта тәрбиелеу;
2. Ұлттық және әлемдік әдеби туындыларды оқыту;
3. Көркем шығарма мазмұнымен, идеясымен таныса отырып, жазушы көзқарасын

бағалай білуге дағдыландыру;

4. Шығармадағы көркемдік бейнені талдауға, жинақтауға үйрету.

Бағдарламада берілген әдеби шығармалар әр жастағы оқушының даму мүмкіндіктеріне сәйкестендіріле, рухани жетілуіне бағыттала отырып, сөйлеу дағдысын, қазақша ойлау, жазу, тыңдау дағдыларын дамытуға жетелейді. Сабақ барысында пікірталасқа түсе отырып диалог, диалог дағдыларын қалыптастырып, шешендікке бағыттайды.

Әр кезеңдегі әдеби шығармаларды оқып танысқан оқушы, көркем шығарманың құндылығын түсіне, сезіне қабылдап, танысу арқылы оқушы әдеби талдауды үйреніп, сыни ойлай алады. Болашақта шығармашылық ізденуге талпынады.

Олай болса, оқыту бағдарламасындағы оқу мақсатына жетуге көмектесетін, қиындықтың алдын алуға мүмкіндік беретін, оқу үдерісінде білім алушылардың білімі мен дағдыларын қалыптастыратын, білімді меңгертетін әдіс-тәсілдер болуы шарт.

Қазіргі кезде әлемдік білім беру кеңістігінде оқу үдерісінің негізгі өзегі педагогикалық технологиялар болып саналады. Әр заманда білім беруде өз технологияларының болғаны белгілі. Біздің заман жаңа технологиялар, инновациялар заманы. Өмірдің бар саласында өз технологиясы бар.

Білім беру саласында да өздеріне тән технологиялар бар. Әрбір технологияның өзіне тән әдіс-тәсілдері бар. Оқыту үдерісінде әр мұғалім өз пәніне сай технологияларды қолдануға тырысады. Белгілі бір технология бойынша, әдіс-тәсілдерді пән мұғалімі өз шәкірттерінің қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сай, қабылдау деңгейлеріне екішеп, іріктейді және қолданады.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде ойын технологияларын қолдану үрдісі қалыптасқан.

Жалпы адамзат тарихында ойынның орны ерекше. Білім берудегі заманауи технологияларды зерттеген ғалымдардың бірі Селевко ойын әрекетінің адам өміріндегі мынадай функциялары барын атап өткен:

–көңіл көтеру, бұл ойынның негізгі қызметі. Адам ойын арқылы дем алады, ләззат табады, шабыттанады, жаңа серпін табады.

–коммунитивтік: қарым-қатынас диалектикасын игеру;

–ойын арқылы адамдар арасында өз орнын табу, өзін таныту;

–ойын терапиясы: ойын арқылы өмірде туындайтын әр түрлі қиындықтарды жеңу;

–диагностикалық функциясы: өзін-өзі тану, мінез-құлық нормативінен ауытқу

кезеңдерін анықтау;

–түзету функциясы: тұлға индикаторлар қалпына оң өзгерістер енгізу;

–ұлт аралық қатынас: адамдар арасында мәдени және әлеуметтік құндылықтарды

игерту;

–әлеуметтену: әлеуметтік қатынастар жүйесіне қосу, адамзат қауымдастығының нормаларын игеру [3, 57б.]

Сабақ барысында ойынды оқыту әдісі ретінде пайдалану – сабақты түрлендіруде және жетілдіруде маңызды бір тармақ болып табылады.

Ойын элементерін сабақтың қай түрінде, қай кезеңінде болса да кірістіруге болады. Яғни, аралас сабақта немесе дискуссия сабағында, не жаңа тақырыпты түсіндіру кезеңі мен оқу материалын пысықтап, қорытындылау кезеңінде де қолдану ыңғайлы.

Сабақтың тақырыбын ашуда, тақарап пен мазмұнын айқындауда ойын түрлерін сол мақсатқа сәйкестендіріп алынған жағдайда маңыздылығы арта түспек. Ойынды тиімді пайдалану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, ынтасын арттырып, сабақтың тартымдылығын күшейте отырып, әсерлілігін арттырады. Бұндай сабақта оқушылар белсенді қатысып, білімге, білуге деген талпынысы күшейеді. Белсенді болған оқушының бар назары оқу мақсатына шоғырланып, материалды жеңіл меңгеруге септігін тигізеді.

Олай болса, «Ойлау ойыннан басталады» дегендей, баланың ойын жетілдіріп, белсенділігін арттырып, сабаққа деген қызығушылығын дамыту үшін үшін мұғалімінің басты қолданатын тәсілі – ойын» [4, 36б.].

Жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуде ерте заманнан бері үлкендер ойынды қолданып келеді. Әрқилы мекеме орындарында, тұрмыстық ортада халықтық педагогикасында ойын түрлерін пайдалану кеңінен орын алған. Ойын мектеп жасына дейінгі, бастауыш сынып және орта буынды мектеп оқушыларының пән сабақтарында жиі қолданылады.

Ойын әдіс-тәсіл ретінде қазіргі мектептерде үздік технология ретінде, сыныптан тыс қосымша тәрбиелеу технологиясы ретінде де жетекшілік етуде.

Сабақта оқу материалын меңгеруде сюжетті суреттер қолдана отырып, дидактикалық тапсырмалар бере отырып, баланы ойната отырып, ойландыру арқылы оның бойында білім алу дағдысы тез қалыптасады. Мұғалімнің бала бойында ойлау іс-әрекетін жандандыру үшін пайдаланған ойын элементтері әдістемелік тәсіл құралы да бола алады.

Ойын түрінде өткізілген сабақ баланың ақыл-ойына, сезіміне күш түсірмей үйреншікті жағдайда өткізіледі. Ойындарды түрлендіріп, күрделендіріп жүргізу баланың эмоциялық, логикалық ақыл-ойын арттырып, зейінін бір бағытта шоғырландыруға ықпал етіп, ынталандырады. Бұл сабақтың өн бойы ойнап отыру деген сөз емес, ойынның әрбір ерекшелігіне саналы түрде уақыт аралығын белгілеу қажет.

Оқыту үдерісінде қолданылатын ойынның түрлерін әдіскерлер былай жіктейді:

Ойын жаттығулары;

Сөздік ойындар;

Ойын сабақ;

Дидактикалық ойындар;

Логикалық ойындар;

Іскерлік ойындар;

Рөлдік-мазмұндық ойындар;

Сюжеттік ойындар;

Стратегиялық ойындар;

Психологиялық ойындар.

Логикалық ойындар баланың логикалық ойлауын және ақпаратты есте сақтау қабілетін дамытады. Ондай ойындарға классикалық үстел ойындары, яғни шахмат пен дойбы; кубик рубик, сіріңкемен ойналатын бас қатырғыш ойындар, Шульте кестесі деп аталатын ойындар жатады.

Дидактикалық ойындар сабақ материалын пысықтауға және қорытындылауға арналған. Дидактикалық ойында сабақ мазмұнындағы оқиға төңірегінде әңгіме болады. Оқиғаның басталуы, шиеленісуі, қарқынды дамуы, оқиғаның аяқталуына байланысты ойналған ойында баланың есте сақтау қабілеті жетіліп, сөйлеуі, тіл шеберлігі дамиды. Бұл ойындарды ойнатар алдында ойынның ережесін балалардың түсінуіне оңай қарапайым, қысқа нұсқа тілде түсіндіру керек. Ретсіз ойналған ойын мен жиі қолданылған ойын түрлері оқушы зейінін шашыратып, тез жалықтырады. Селевко оқу үдерісінде қолданылатын ойындардың ішінде іскерлік ойынның да тиімді екенін айтады [3, 68б.].

Іскерлік ойындар жаңа тақырыпты бекіту үшін кешенді тапсырмаларды орындауда қолданылады. Ойынның бұл түрін қолдану арқылы мұғалім оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуға, оқу материалын әр қырынан түсініп, қабылдауына жағдай тудырады. Іскерлік ойынға қатыса отырып оқушылар білім алу дағдыларының көптеген түрлерін меңгеретін болады.

Оқу үдерісінде іскерлік ойындардың модификацияларын қолдануға болады. Олар: имитациялық, операциялық, рөлдік, іскер театр, психологиялық драма және элеуметтік драма. Мектеп жасындағы балалардың орта және жоғары буындарында ойын технологиясын қолданудың еш әбестігі жоқ. Олар да бала.

Жасөспірім кезде балалардың өз әлемі қалыптасады. Олар тезірек есеюге тырысып, әртүрлі қиялдарға беріледі. Бұл жаста балалардың қиялы шарықтап, фантазиялар пайда болады. Соның нәтижесінде балалардың арасында өзінен-өзі ойын топтары пайда болады. Мұғалім осы факторды дер кезінде байқап, оқушылардың жас ерекшелігіне сай іскерлік ойындар ұйымдастырып, балалардың зейінін ойын арқылы білімге бұруы тиіс.

Сонымен қорыта айтқанда, ойын – балалар үшін әрі оқу, әрі еңбек. Еңбектен отырып оқыған бала бір ойын ойнаған сәтте бір нәрсені зейініне тоқып үйренеді. Негізі осыдан ойын ойнатудың мақсаты не деген сұрақ туса, ойын ойнатудағы мақсат – қызықтыра отырып, балаға білімді меңгерту. Білім алған бала бойында ой белсендігі артып, тіл байлығы молайып, өздігімен жұмыс істей білу белсенділігі артады. Мұғалімге қойылып отырған бүгінгі алға қойылған міндеттің бірі – оқушылардың білімді өз бетінше игеру дағдысы қалыптасады. Ойын ойнай отырып, білім алған бала бойында коммуникативтік белсенділік дағдысы дамып, бір-біріне деген достық сезім, қамқорлық сезім оянып жұмыс істеуде ұжымдастану дағдысы қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 255б.
2. Аймаұтұлы Ж. Психология – Алматы: Рауан, 1995. – 241б.
3. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии DOC. Учебное пособие. М. Народное образование, 1998-256 с.
4. Катицова Ж. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда ойын элементерін пайдалану // <https://bilimainasy.kz/>

ӘОЖ 811.512.122

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

БАЙГУЛИЕВА Д.Н.

Қ.Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются виды умений в процессе языкового общения: чтение, аудирование, произношение, в частности методы, используемые при формировании этих языковых умений на уроках казахского языка. Автор всесторонне анализирует эффективные методы развития языковых навыков в процессе усвоения языковых материалов.

Summary. The article deals with the types of skills in the language communication process: reading, listening, pronunciation, in particular, the methods used in the formation of these language skills in the Kazakh language class. The author comprehensively analyzes the effective methods of developing language skills in the process of mastering language materials.

Бүгінгі қоғам толыққанды білім алған, жан жақты жетілген оқушыларды қажет етеді. Оқушылардың қоғамдық тұрғыдан белсенді, сауатты тұлға болуын қазіргі таңдағы білім ошақтарында берілетін біліммен тікелей байланысты екенін білеміз. Сол себепті тіл дамыту үрдісін қарқынды түрде жүргізуіміз керек. Ол қайткенде болмақ? Оның бірден бір шешімі тілдік дағдылардың оқушыларға тиімді әдіс тәсілдермен ұсынылуы. Қазақ тілі объективті түрде күрделі мектеп пәндерінің бірі болып табылады және көптеген оқушыларға қиындық туғызады. Мұғалімнің міндеті – оқуды ұйымдастырудың икемді түрлерін іздеу. Өз жұмысында мұғалімдерге ойын технологияларын, топтық технологияларды, компьютерлік технологияларды, тұлғаға бағытталған технологиялар сияқты педагогикалық технологияларды қолдануға болады.

Бүгінгі таңда ана тілімізді оқытудың жүйесі бар, уақыт ағынымен ол жаңарып, толығып келеді. Әсіресе, педагогикалық әдістер мен тәсілдердің қоры молаю үстінде. Жалпы барша тілдерді үйрену үшін өзіндік қалыптасқан әдістер мен тәсілдері бар. Алайда, тілдің грамматикалық

құрылымы мен лексикалық ерекшеліктеріне келгенде әдістер тиімділігіне сай таңдалуы тиіс. Бұндай әдістерді қолданудағы ең басты міндеті мен мақсаты қазақ тілінің табиғи ерекшеліктерін сақтай отырып, тілді оқушыларға дұрыс жолымен үйрету[1, 1476].

Тыңдалым дағдысының оқушының тілдік дамыту шараларында аса маңызды екенін жоғарыда атап өттік. Ал ендігі кезекте оны ұсынудың тиімді әдіс-тәсілдеріне көз жүгіртсек. Жалпы қазіргі таңда мектептерде аудиожазбаларды тыңдату, дискеттермен жұмыс сынды әдістер көптен ұсынылады. Алайда балаларды жалықтырып алмас үшін мұғалім өз тарапынан қызықты тәсілдері пайдалануы керек. Сондай әдістердің тізімін ұсынамыз:

1.«Дауыстап диктант оқыту». Сынып топтарға бөлінеді. Әр топ қарсылас топтарға барлығы дауыстап диктант оқиды. Сол бойынша диктант мәтінін жазады. Бұл әдіс арқылы мұғалім балалардың тыңдалым жағдайын жақсартып, сонымен қоса сөздік қорын дамытуға көмектеседі. Әдісті жиі пайдалана отырып мұғалім оқушының тыңдай отырып түсіну дағдысын дамытады.

2.«Синоним іздеу». Сыныпқа аудиохабарлама арқылы сөздер беріледі. Олар тақырып мәтініне сәйкес сөздерді іздейді және оны жауап парағына жазуды талап етеді. Осы арқылы біз оқушылардың бір дағдыны қолдана отырып, екінші дағдыны үйренетіне көз жеткіземіз.

3.«Сөйлемді аяқтап көр!». Сыныпқа тақырып аясын ашатын мәтін оқылады. Балалар жек түрде немесе топпен жұмыс жасауға еркіндік беріледі. Мәтінді өз біліктері арқылы аяқтауға тырысады. Бұл әдісті мұғалім сабақтың бастапқы уақытында сергіту сәті ретінде де ұсынса болады. Мысалы: «Ертеде тіл білімі деген қарт өмір сүріпті. Оның көптеген бала шағасы болыпты. Әрбір баласы өз алдына бөлек ауыл екен. Қарттың дәм тұзы аяқталар тұста балаларын шақырыпты. Қарт балаларына «бөлініңдер, алайда татулықтарын ажырамасын», деген өсиет қалдырыпты. Олар атаның өсиетін орындамаққа.....» . әрмен қарай оқушы өз қиялына ерік беріп мәтінді аяқтауға тырысады.

Айтылым дағдысында қолданылатын әдіс-тәсілдер оқушылардың шығармашыл қасиеттерін, өз ойын келелі келтіруге, сыни көзқарастарын дұрыс жеткізуге бағытталады. Сондай әдістерге тоқталсақ;

1.«Жүрмелі микрофон». Бұл әдісті тыңдалым дағдысынан соң ұсынған тиімді. Өтілген тақырыптарды бір пысықтау үшін топқа бөлінген топ мүшелері бір бірінен интервью алады. Осы арқылы балалардың сөздік қорын дамыту, аудитория алдында сөйлеу әдебін қалыптастыру сынды қажеттіліктерді қамтамасыз етуге болады.

2.«Сабақ көрмесі». Бұл әдіс арқылы топқа бөлінген оқушылар сабақты қортындылай отырып, өзіндік постерлерін құрып көрмелерін құрастырады. Постер осылайша барлық топтар арасында жүріп өтеді. Әр топ постерлерді сараптайды, қарайды. Уақыт аяқталған соң ір өзіндік пікірлерін ортаға салады және кем кетіктерін айтады.

3.«Екі факті, бір жалған ». Оқушылар бір біріне өткен тақырып пен жаңа тақырыпты қамтитын үш фактіні көрсетеді. Сыныптастары жалған фактіні таба отырып, неліктен екендігін түсіндіріп беруі шарт.

Аталған әдістер оқушылардың оқушылардың ойларын еркін жеткізуге, ашық пікір айта білуге үйретеді.

Сабақ үрдісінде оқылым дағдысын толыққанды іске асыра отырып оқыту қиын процесс. Кітап бетінде берілген мәтінді оқушыға барша ынтасымен, ақпараттар көзін сараптай алатындай жағдайда оқыту ұстаз үшін аса маңызды. Себебі балаға берілер барлық дерек көзі мәтін құрылымында орналасады. Сол үшін де бұл дағдыны ұсынар алдында мұғалім ең тиімді деген әдістерді ұсынуы шарт. Сондай әдістер топтамасына тоқталсақ:

1.«Жұптаса ойлан». Оқушы өзінің қатарласымен мәтінді толық оқып шығады. Мәселен, қазақ тілі сабағындағы тілдік жағдаятқа берілген мәтін бойынша оқылым дағдысының түрлерін пайдалана отырып оқу нәтижеге алып келеді.

2.«Тосыннан ой». Балаларды сабақ басында тақырыптың қызықтығын таныту үшін, ерекше мәліметтермен бөлісу. Бұл әдіс арқылы мұғалім алды да оқитын мәтінге деген оқушы қызығушылығын оятуды көздейді.

3.«Елестет». Бұл әдіс оқушының өткен тақырыптардан білетін мағлұматтарын қайта жадына түсіру арқылы жаңа мәтінге деген қызығушылықты ояту. Мәселен, оқушыларға буын үндестігі тақырыбын түсіндіру үшін, дыбыстардың өзара ерекшеліктері турасында хал ахуал тудыру. Немесе «кәсіби сөздер, тарихи сөздер десе ойларыңызға тіл білімінің қандай саласы көз алдыңызға елестейді?» деген сынды сұрақ қою арқылы әдісті жүзеге асыруға болады. Аталмыш әдіс жаңа сабақты түсіндірер уақытында тиімді болғандықтан кемінде 2 минут уақыт мөлшері жеткілікті болады.

Оқылым дағдысын меңгерту жолында тиімді әдісті пайдаланып қана қоймай оның ұсынылу жолында аса байыптылықпен қадағалау керек.

Жазылым дағдысы дегеніміз жаза білу деген анықтамамен шектелмейді. Оның ұғым аясы кең. Бұл оқушының өзінің ойын өзгеге жеткізе білерліктей қабілетке ие болуын қамтамасыз ету деген сөз. Сол үшін бұл дағдыны қалыптастыруда әдістің жүйелі, өнімді әрі тиімді түрлерін таңдаған дұрыс. Сондай әдістердің бірін ұсынамыз.

1.«Түрту» әдісі. Әрбір оқушыға көркем мәтінді түсіну үшін мәтіндегі анықтамалық, деректемелер, қызықты ақпараттарды түртіп алу ұсынылады. Бұл әдіс өткен сабақтарды қортындылауға көмектеседі және өзіндік білім алу жағдайын күшейтеді. Мұғалімге де оқушыны бағалау оңайға түседі.

2.«Суреттерді сөйлетіп көр». Оқушының қазақ тілінен сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытатын тамаша әдістің бірі. Балаларға сөз табының суреттерін көрсетіп, оларды сөйлет деу арқылы оқушыларға олардың өзара байланысын жазылым арқылы түсіндіруге болады.

3.«Түйін сөз». Бұл әдіс бөлімдерді қорытындылауда тиімді рөл атқарады. Мәселен, синтаксис бөлімін аяқтарда оқушыларға үйренген материалдарын қайталау мақсатында не үйренгенін, тәжірибеде қолдану көрінісін айту мақсатында эссе, пікір, хат, баяндама жазу ұсынылады.

Сонымен, осы аталған айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым сынды дағдыларын дамыту арқылы тілдік материалдарды игеруге, қарым-қатынас құруға үйрете аламыз. Оқушылар бойына сіңірген білімдерін өмірлерінде қолдануға бейімделе түседі. Оқушылардың таным қабілеттерін дамыту мақсатында әртүрлі әдістер қолдануға болады.

Қорыта айтқанда, оқушының білім дағдыларын қалыптастырып, жетілдіріп отыру тіл білімінің материалдары мен салаларын тізбектей оқыту ғана емес, тиісінше солардың ішінен сөйлесуге керектісін, қажеттілерін саралап алумен, сөйлесім амалдары мен материалдарын танып білумен, сөйлесу әрекеттерінде тиімді пайдалануымен, сондай-ақ, қажетті әдіс-тәсілдерді таңдап, әрі дұрыс қолдана алумен ерекшеленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Оразбаева Ф.Ш. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы:- 2005. -170 б.
- 2.Бейсенбекова Г.Т. Тілдік қарым-қатынастық ұлттық дүниетаныммен байланысы. – Алматы. 2003-210 б.
- 3.Оразбаева Ф.Ш. Тіл білімі. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы: АнАрыс.- 2009.- 368 б.
- 4.Оқыту үрдісіндегі педагогикалық технологияларды пайдалану. Білім берудегі менеджмент.- Алматы.- 2006.- 308 б.
- 5.Оразбаева Ф.Ш. Тіл әлемі.Мақалалар, зерттеулер. –Алматы, Ан Арыс:2009.-368 б.

ӘОЖ 87:711.74

ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

ЕСБОЛАТОВА Д.Ж.

Қ.Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается значение дидактических игр в развитии познавательного интереса учащихся. Также автор проводит комплексный анализ проблем учета возрастных и индивидуальных особенностей ребенка при использовании дидактических игр на уроках.

Summary. The article deals with the importance of didactic games in the development of students' cognitive interest. Also, the author makes a comprehensive analysis of the problems of taking into account the age and individual characteristics of the child in the use of didactic games during the lessons.

Үздіксіз өзгеріп отыратын әлемдегі заманауи білім берудің басты міндеті-оқушыға мүмкіндігінше өзекті білім беріп қана қоймай, оны осы білімді өз бетінше алуға, оны оқуға ынталандыруға үйрету. Осы мақсатта баланың танымдық қызығушылығы маңызды рөлге ие бола бастайды, оны дидактикалық ойындар арқылы дамытуға болады.

Жалпы ойын - бала әрекетінің негізгі бір түрі. Ойын арқылы адам баласының белгілі бір буыны қоғамдық тәжірибені меңгереді,өзінің психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойын үстінде дүниетанудағы өз мүмкіншілігін сезінумен қатар айналасындағы адамдар мен олардың әрекетіне көңіл аударады, заттың ішкі мазмұнын білгісі келеді.

Балалардың ойлауын, қиялын, сөйлеуін дамыту үшін түрлі ережелер мен ойнайтын ойындардың да үлкен дидактикалық мәні бар. Бір ойын түрі ойлауы мен қабылдауын жетілдірсе, ал екіншісі ойлау қабілетін, үшіншісі есте сақтау қабілетін жетілдіреді. Сонымен қатар сабақ үстінде ойын түрлерін қолдану оқушылардың оқып, отырған сабағына қызығушылығын арттырады, түсінуге мүмкіндік туғызады. Олай болса, ойын түрлері оқушылардың тілдік материалды толық меңгеріп, жазу тілін дамытуларына да мол мүмкіндік береді, әрі өз беттерімен жұмыс істей білуге дағдыландырады. Ал қызығу деп, біз, бір нәрсеге асыра, артығырақ зейін аударуға бағытталған қатынасты айтамыз немесе бір нәрсемен танысуға, соны зерттеуге, қабылдауға құмарту. Қызығу - адамның білімге құмарту сезімін тудыратын, білім қорын өсіретін, психикалық тіршіліктің мазмұнын байытатын қозғаушы күш. Қай елдің болсын өсіп, өркендеуі өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуына, даму бағытына тікелей байланысты. Себебі қазіргі кезде әр адамның болашағы оның алған білімінің сапасы мен көлеміне қарай сарапқа салынады. Өмір ағымына тек білімі мен білігі жоғары адамдар ғана ілесе алады. Сондықтан сол мемлекеттік стандартқа сай, жан-жақты дамыған, шығармашыл тұлға қалыптастыруымыз керек. Оқыту мен оқу, үйрету мен үйрену үнемі бір-бірімен астасып жатыр. Сондықтан оқу барысында қашанда баланың пәнге деген қызығушылығын арттырудың, шығармашылық қабілеттерін дамытудың маңыздылығы ерекше деп білеміз.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу-тәрбие жұмысының негізгі саласы - сабақ. Сабақ үстінде оқушылардың біліктілігі, іскерлігі, дағдысы, дүниетанымы дамиды. Негізгі бетбұрыс оқушы білімінің сапасын арттыру, ол дегеніміз түпкі нәтижені көре білу, яғни оқушыға берген біліміміздің қайтарымын көру. Ол үшін сабаққа сыныптағы оқушының барлығын қызықтыра отырып қатыстыру қажет. Бес саусақ бірдей емес, яғни әр оқушының сабаққа қызығушылығы, дүниетанымы, даму ерекшеліктері әртүрлі. Сондықтан оқушылардың осы топтарына әртүрлі деңгейде талап қоюға тура келеді. Ал ойын элементтері кез-келген оқушының қызығушылығын тудырады. Тіпті нашар оқитын оқушының өзі ойын арқылы берілген тапсырмаларды асқан қызығушылықпен, белсенділікпен орындайды. Ойын элементтерін қолдана отырып мұғалім оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, зейінін арттыру мақсатында әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданады. Атап айтқанда, мұғалім ойын жағдаяттарын туғыза отырып, көрнекілікпен бірге әртүрлі заттарды қолдану арқылы сұрақтар қойып, затты көрсетіп, түсіндіріп ойын сюжетін құрастырады.

Бастауыш сыныптардың қазақ тіл сабақтарында дидактикалық ойындарды жаңа тақырыпты түсіндіру барысында, қайталау, пысықтау, жаттығу сабақтарында да пайдалануға болады.

Дидактикалық ойындар ықпал етеді:

танымдық және ақыл-ой қабілеттерін дамыту:

жаңа білім алу, оларды жалпылау және бекіту, табиғат объектілері мен құбылыстары, өсімдіктер, жануарлар туралы түсініктерін кенейту;

есте сақтау қабілетін, зейінін, байқағыштығын дамыту;

өз пікірін айту, қорытынды жасау қабілетін дамыту.

балалардың сөйлеуін дамыту: сөздікті толықтыру және белсендіру.

Дидактикалық ойынның құрылымы негізгі және қосымша компоненттерді құрайды. Негізгі компоненттерге мыналар жатады: дидактикалық тапсырма, ойын әрекеттері, ойын ережелері, нәтиже және дидактикалық материал. Қосымша компоненттерге: сюжет және рөл.

Дидактикалық ойындарды өткізу мыналарды қамтиды:

1.Балаларды ойынның мазмұнымен таныстыру, ондағы дидактикалық материалды қолдану (заттарды, суреттерді көрсету, қысқаша әңгіме, оның барысында балалардың білімі мен түсініктері нақтыланады).

2.Ойынның барысы мен ережелерін түсіндіру, осы ережелерді нақты орындау.

3.Ойын әрекеттерін көрсету.

4. Ересек адамның ойындағы рөлін анықтау, оның ойнаушы, жанкүйер немесе төреші ретінде қатысуы (мұғалім ойыншылардың іс-әрекеттерін кеңес, сұрақ, еске салу арқылы бағыттайды).

5. Ойынды қорытындылау - оны басқарудағы маңызды сәт. Ойынның нәтижелері бойынша оның тиімділігін, оны балалар тәуелсіз ойын әрекетінде қолдана ма, жоқ па деп бағалауға болады. Ойынды талдау балалардың мінез-құлқы мен мінезіндегі жеке қабілеттерді анықтауға мүмкіндік береді. Бұл олармен жеке жұмысты дұрыс ұйымдастыруды білдіреді.

Балаларға арналған білім беру ойындарының алуан түрін қолдана отырып, балаға өзін-өзі бақылау және қоршаған әлемді зерттеу үшін мүмкіндігінше көп мүмкіндіктер беру өте маңызды. Ойындар баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы үшін өте маңызды, өйткені бұл оның өзін-өзі көрсету құралы ғана емес, сонымен қатар қоршаған әлемді тану және оған бейімделу тәсілі.

Ойын - бұл баланың мүмкін болатын қателіктер үшін сыннан қорықпай еркін ойлау және сөйлеу тәжірибесі. Оның бұл жаңа тәжірибесі қоғамда қабылданған нормалар мен құндылықтардың арақатынасын түсінуге, сондай-ақ өзін-өзі бағалауды арттыруға және өз эгосын дамытуға ықпал етеді. Ойын - балаға өзін жақсы түсінуге мүмкіндік береді, өйткені ол конвенцияларды бұзады және өзін әртүрлі рөлдерде тексеруге мүмкіндік береді – "күшті-әлсіз", "әдемі-ұсқынсыз", "батыл – қорқақ". Ойын балаларды қарым-қатынас жасауға және басқа адамдарды түсінуге үйретеді.

Білім беру ойындары — бұл баланың әртүрлі қабілеттерін, соның ішінде моторлық және ақыл-ой қабілеттерін белсендіру мақсатында арнайы жасалған ойындар.

Баланың қажеттілігі болып табылатын әлемді танудың негізгі тәсілдерінің бірі-ойын. Ойын барысында жаңа нәрселер оңай және оңай үйренеді. Арнайы әзірленген ойын әдістерінің көмегімен сіз сезім мүшелерінің дамуына ықпал ете аласыз — көру, есту, ақыл-ой қабілеттері, зейін мен есте сақтау қабілетін нығайтады, балаға моториканы игеруге көмектеседі және сөйлеудің тезірек дамуына серпін береді [1].

Ойын мәні бойынша көп функциялы, соның арқасында баланы үйлесімді тәрбиелеуге және тұлғаны дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан көптеген түрлері бар дидактикалық ойындар оқу процесімен тығыз байланысты. Балалар өз нәтижелеріне қол жеткізеді, бұл оларға үлкен рахат пен бақыт сыйлайды. Мұндай сабақтар қоршаған әлемді қабылдауды кеңейтеді, сонымен қатар олар зейінді, берілгендікті, қызығушылықты, сөйлеуді дамытуды және т. б. үйретеді.

Балаларға арналған дидактикалық ойындар балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі санаттарға бөлінеді. Бастауыш сынып оқушыларына бұйрықтарды орындау қиын болғандықтан, олар үшін дидактикалық ойындардың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл жаста кез-келген ойын төзімділікті, зейінді, ақылдылықты үйретуі керек. Сондықтан бастауыш мектептегі дидактикалық ойындар сұрақты, әрекетке немесе тапсырмаға шақыруды білдіреді. Мысалы: "кім жылдам?".

Осылайша, мектеп оқушыларына арналған дидактикалық ойындар әр баланың мүдделерін және оның даму ерекшеліктерін ескеруі керек. Сондықтан білім беру процесі үшін бір немесе басқа ойынды таңдағанда мұғалім үлкен жауапкершілікке ие.

Өздеріңіз білетіндей, баланы үйретудің ең жақсы тәсілі - оған ойын-сауық мақсатымен қатар оны жаттықтыратын ойын материалдарын беру. Дидактикалық ойындар - ең қарапайым және тиімді әдіс.

Дидактикалық ойындар - бұл балалардың айналасындағы әлем туралы түсініктерін кеңейтудің тамаша мүмкіндігі. Байқауды дамытумен қатар, олар объектілердің түсі, пішіні, өлшемі және т.б. сияқты әртүрлі атрибуттарын анықтауға үйретуге бағытталған. Ойын барысында балалар бір немесе басқа тақырып пен оқиға арасында қарапайым байланыс орната алады.

Кез-келген дидактикалық ойын - бұл үш компоненттің үйлесімі: ойын дизайны, әрекеттер және белгілі бір ережелер. Оған бір бала да, бүкіл топ та қатыса алады. Бұл балалардың іс-әрекетін ұйымдастырудың осы әдісінің артықшылығы. Ойын жоспары танымдық белсенділікті дамыту үшін қажет, бұл әр балаға өзінің дағдылары мен дағдыларын, білімі мен дағдыларын көрсетуге мүмкіндік береді. Ережелер балалардың іс-әрекет процесінде мінез-құлқын реттеуге мүмкіндік береді. Әрбір дидактикалық ойынның аяқталуы маңызды, балалар түпкілікті нәтижені анық көруі керек.

Қазіргі заманғы дидактикалық ойындар - бұл әр түрлі дағдыларды үйретудің әр түрлі құралдары. Егер ойын процесі ұжымдық түрде жүргізілсе, онда мұғалім әр баланың жеке ерекшеліктерін және оның қабілеттеріне қарай таңдау тапсырмасын барынша ескеруі керек. Сабақтағы дидактикалық ойындарды әр түрлі формада ұйымдастыруға болады: саяхат, нұсқаулар, ұсыныстар, жұмбақтар мен әңгімелер - бұл сабақты қалай өзгертуге, балалардың іс-әрекетін

біртұтас және қызықты етуге болатындығының аз ғана бөлігі. Мысалы, саяхат ойынының мәні - балалар қойылған кейбір тапсырмаларды шешу үшін белгілі бір мақсатқа жетуі керек.

Ойын әрекеті - бұл адам қызметінің ерекше саласы, онда адам ләззат алудан, физикалық және рухани күштердің көріністерінен ләззат алудан басқа мақсаттарды көздемейді. Табиғат өмірге жан-жақты дайындалу үшін балалар спортын жасады. Сондықтан олар адамның барлық іс-әрекеттерімен және өнерімен генетикалық байланысқа ие, ал спорт-бұл білімнің, жұмыстың, қарым-қатынастың және екеуінің де ерекше балалар формасы. Демек, ойындардың атаулары: танымдық, интеллектуалды, құрылыс, жұмыс ойыны, диалог ойыны, музыкалық ойындар, өнер, сахналау ойындары, мобильді, спорттық және т.б.

Дидактикалық ойындарды сабақтың барлық кезеңдерінде қолдануға болады. Бірақ мұғалімдер ұсынылған ойындардың сәйкес келетініне және мұғалімдер мұқият таңдағанына сенімді болуы керек. Ойынды ойнамас бұрын мұғалімдер оқушылардың санына, тілді меңгеру деңгейіне, мәдени контекстке, уақытқа, оқу тақырыбына және сынып жағдайына назар аударуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Риксон, Б. 1981. Тілді оқытуда ойындарды қалай пайдалануға болады. Лондон: asmillan Publishers.
- 2.Райт А. Тіл үйренуге арналған ойындар. Кембридж университетінің баспасы, 1984.
- 3.Аванесова, В. Н. Дидактикалық ойындар / В. Н. Аванесова; ред. Н. Н. Поддякова, В. Н. Аванесова. – М.: Ағарту, 1981. – 125 б.
- 4.Коновалова, О.В .Дидактикалық ойындарды оларды таңдау мен практикалық қолданудың теориялық негізі ретінде жіктеу / О. в. Коновалова // Педагогика: дәстүрлер мен инновациялар: V Халықаралық ғылыми конференция материалдары / Г.Д. Ахметова. - Челябинск: 2014. – 35-36 ББ.
- 5.Оконь В. «Жалпы дидактикаға кіріспе» Пер. С. Кольского. – Жоғарғы мектеп, 1990г.

ӘОЖ 37:555

ҚАЗАҚ ОЙШЫЛ-АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

БАЙМУХАНБЕТОВА А.Т.

Николай Гоголь атындағы орта мектебі директорының ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

ТУГАНБАЕВА К.Л.

Николай Гоголь атындағы орта мектебінің биология пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. Рассматривается роль патриотического воспитания в творчестве казахских мыслителей.

Summary. The role of patriotic upbringing in the works of Kazakh thinkers is provided.

Балалар мен жастардың ұлттық патриоттық-ерлігін қалыптастыруда қазақ ойшылдары мен ағартушыларының шығармашылығында көрініс алған педагогикалық ой-пікірлер үлкен септігін тигізді. Олардың ой-пікірлері халық педагогикасы идеяларымен ұштасып жатыр.

Қазақ халқының гумандық дүниетанымын мейлінше танып білу Қорқыт атадан басталады. Қорқыт ата туралы аңыз-әңгімелер түркі тектес халықтар арасында көптеп кездеседі және алуан түрде әңгімеленеді.

Біз үшін Қорқыттың артында қалдырған жырлары маңыздырақ, сол себептен біз соған басымырақ тоқталамыз.

Оның жырлары «Қорқыт ата кітабына» топтастырылған. Бұл кітап кіріспеден (нақыл сөздер) және он екі жырдан тұрады.

Кітаптың «Қорқыттың нақыл сөздері» атты бөлімінде Қорқыттың толғаулары мен даналық сөздері беріледі.

Мұнда ғұламаның ой-пікірін философиялық тұрғыдан тұжырымдайтын ғажайып сөздер, өсиет-нақылдар, қанатты сөз тіркестері жиі ұшырасады. Қорқыт ата есімімен байланысты мынандай үлгі-өнеге сөздер ел аузында көп сақталған: «Өлген тірілмейді, кеуденнен жаның кетсе, ол қайтып келмейді. Жігіт тірісінде Қаратаудай қылып, бір күн тыным көрмей дүние жияды, байиды. Бірақ ол соның ішінен өзіне тиісті үлесін ғана жейді. Сулар тарам-тарам болып қаншама тасып аққанымен, теңіздерді толтыра алмайды. Менмен, тәкаппар адамды тәңірі сүймейді. Басқалардан өзін жоғары ұстаған адамға тәңірі бақ бермейді. Қара есектің басына жүген таққанмен, тұлпар болмас. Қар қаншама қалың жауғанмен, жазға бармас. Гүлденіп өскен бәйшешек күзге бармас. Тозған мақта бөз болмас, ежелгі жау ел (дос) болмас. Ат қиналмай жол шалмас. Қайыспас қара балтасыз жау алынбас. Мыңғырған мал жиғанмен, адам жомарт атанбас. Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман. Ондай бала ел басын құрап, үйінен дәм беруге де жарамайды. Ананың көңілі балада. Жақсы ана үшін бала – екі көздің сыңары. Ұлың өсіп жетілсе, ол - отбасының мерейі, бас-көзі.

Қорқыт атаның: «Жол қиындығын көрмеген, жабы мінген жігітке Кавказ арғымағын мінгізуден келер пайда жоқ. Қолына өткір қылыш алып, соны жұмсай білмеген қорқаққа қылыш сермеп сарп етпе. Батыр туған жігіттің садағының оғы да қылыштай кесіп түседі. Қонағы жоқ қараша үйден құлазыған түз артық. Ат жемейтін ащы шөптің гүлдеп өспегені жақсы. Адам ішпес ащы судың жылға қуып ақпағаны жақсы. Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді. Өтірік сөз өрге баспайды. Өтірікші болғаннан жарық көріп, өмір сүрмеген көп артық. Сөзіне берік, шыншыл адамға бұл дүниеде отыз жылды үшке көбейтіп, өмір сүрген де аз» – деген өсиет сөздерінің тағылымдық, тәрбиелік мән-маңызы өте зор [1].

Ұлттық дүниетанымның, патриоттылықтың дамып, жетілуінде ықпал етуде ғұлама ойшыл Ж.Баласағұн шығармаларының ішінде әсіресе әлемге әйгілі «Құтадғу білік» (Құтты білік) еңбегінің маңызы ерекше.

Баласағұн өз еңбегінде бақыт пен қайырымдылық ұғымының адам өміріндегі мәніне тоқталады. Оның пайымдауынша, адам өмір мәніне жету үшін дұрыс тәрбиеленуі қажет, ата-ана баласына шаңырақ иесі, бабалар ісін жалғастырушы екендігін дұрыс ұғындыруға тиіс. Ғұлама балалардың дұрыс тәрбиеленуі мен білім алуы ең алдымен ата-аналардың парызы дей келе, баланың адамгершілігін, патриоттықын қалыптастыруға байланысты ата-аналарға үлгі боларлықтай ақыл-кеңестер береді, бала алдындағы басты парыздарын саралап көрсетеді:

- баланың дұрыс тәрбиеленуі мен білім алуына көңіл бөлу;
- балаға шаңырақ иесі, бабалар ісін жалғастырушы екендігін ұғындыру;
- баланы аруақтарды ардақтауға, ата-баба дәстүрін сақтауға, құрметтеуге, оны ұрпақтан ұрпаққа көздің қарашығындай жеткізе білуге баулу;
- балаға өзінің мінез-құлық этикасымен үлгі болу;
- балаға әділетті, қайырымды болу;
- өзінен туған балаға тәрбиені өзі беруі («Ай маңдайлы ұл-қыз туса, алдында, үйінде өсір, бөтен жерде қалдырма»);
- баланы жас кезінен өнерге үйрету, еңбекке араластыру;
- баланы тәрбиелеп, оқыту барысында мінезін қалыптастыруға көңіл бөлу;
- баланың тәні мен жанының жақсы жетілуіне назар аудару;
- балаға өмірдің әрбір сағаты санаулы екенін, сол себепті оны дұрыс өткізу қажеттігін ескерту («Кешкен тірлік өте берер келгісіз, қалған өмір қанша екені белгісіз. Қалған күнді текке зая кетірме, өлімді ибадат қып бекін де») және т.б. [2, 85-б.].

Қазақ ғұлама ағартушылары – Шоқан, Ыбырай, Абай саяси-қоғамдық, ғылыми және әдеби еңбектерінде қазақ халқының ұлттық дүниетанымына, мәдениеті мен өнеріне аса көңіл бөледі. Олар халық шығармашылығын жинап, зерттеу арқылы қазақтардың патриоттық, туған жерге, елге, Отанға деген сүйіспеншілігін көрсете білді, патриоттыққа тәрбиелеуге байланысты көптеген құнды пікірлер айтты.

Қазақ ағартушыларының патриоттық көзқарастары мен құнды ой-пікірлерінің халықтың дүниетанымдық көзқарастарымен тығыз байланысты болуы өздері өмір сүрген дәуірдегі тарихи жағдайлардан туындайды. Бұл, әрине, заңды құбылыс. Өйткені ағартушылар патриоттық тәрбиені жан-жақты талдап зерттемесе де, сол мәселе жайлы сөз қозғап, өз көзқарастары мен пікірлерін білдірді.

Мәселен, Шоқан баға жетпес құнды еңбектерінде өзі жинап, зерттеген ауызекі шығармашылық арқылы (өлең, мақал-мәтелдер, эпостар және т.б.) халықтың патриоттық тәрбиеге байланысты талап-тілектерін, ой-пікірлерін көрсете білген. Қазақ халқынан жастарға

адамгершілік-патриоттық тәрбие берудегі үлгі-өнегесін өзінің күнделіктері мен сапарнама естеліктерінде тұжырымды баяндайды. Өз халқының мәдени құндылықтарын маржандай тізіп жинауы, олардың тәрбиедегі мәнін көрсете білуі, оған өзінің көзқарасын білдіруі - Шоқанның Отанына, халқына, елі мен жеріне деген сүйіспеншілігінің белгісі, патриоттық сезімі мен ұлттық намысының жоғары деңгейде қалыптасуының көрінісі.

Шоқанның Отанға деген сүйіспеншілігінің қалыптасуына, патриоттық сезімінің жетілуіне, адами дүниетанымының дамуына бірнеше факторлар әсер етті. Шоқанның рухани жетілуіне, еліне, Отанына, деген сүйіспеншілігінің қалыптасуына туған жері Көкше өңірінің (Оқжетпес, Сырымбет) тамаша табиғатының, ержүрек батырлары, өзі жастайынан көріп-біліп өскен ғұлама азаматтардың тікелей әсері мол болды.

Шоқанның ұлттық дүниетанымының, ұлттық патриоттыққа тәрбиеленуіне әкесі Шыңғыстың әсері ерекше болды. «Шыңғыс қырғыз-қайсақтардың салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, өнерін зерттеген орыс ғалымдарымен, жазушыларымен байланыста болды, оларға қажетті материалдар жинауға көмектесті. Мәселен, Орыс география қоғамының өтінуімен Шыңғыс Уәлиев 1850 жылы қырғыз-қайсақ ерлер киім-кешегінің үлгілерін, Петербургте өткен ориенталистердің III конгресіне арнап экспонаттар (XVII-XVIII ғасырлардағы қазақтың қолөнер саласынан кездесетін сирек заттар барлығы 41 зат жіберген. Оның ішінде Уәлидің жеке өз бұйымдары: күмістелген ер, асыл тастан жасалған бұйымдар, білтелі мылтық, күмістелген былғары аспалы қылыш, Шыңғыстың баласы Жакыптың меншікті бұйымдары (күміс жүген, жібектен кестеленген мәуіті заттар т.б.). Мақы жасаған қолөнер нұсқалары да болды. Зерттеушілердің өтініші – бойынша халықтың ауызекі шығармашылығы нұсқаларын жинауға атсалысқан. Мұның бәрін жүзеге асыруда бала Шоқанның көмегі де аз болмады.

Осы айтылғанның бәрі Шоқанның дүниетанымдық, адами-патриоттық- көзқарасының қалыптасуына ықпал еткенін, оның ұлттық мәдени мұраның тәрбиелік мәнін кезінде жақсы түсініп, оны тәрбие құралы ретінде қабылдай білгенін айғақтайды.

Патриоттық тәрбиеге тікелей қатысы бар халықтың сөз өнері, ақындық, жыршылық, әншілік, күйшілік өнерлері де Шоқан зерттеуінен тыс қалмаған. Ол сөз өнерін түсінетін, рухани-әлеуметтік мәселелерді қозғайтын, суырып салма ақындардың өнерін жоғары бағалаған.

Балалар мен жастарға патриоттық тәрбиесін беру мәселесіне қазақтың ғұлама ағартушысы Ыбырай Алтынсарин де аса назар аударды [3, 250-б.].

Оның дүниетанымының қалыптасуына, отансүйгіштік қабілетінің жетілуіне, халқының салт-дәстүрі мен мәдени мұрасына сүйіспеншілігінің артуына, патриоттық сезімінің дамуына өскен ортасының (табиғат, отбасы, туыс-достар, өнер адамдары, т.б.), соның ішінде қазақ мәдениетін, өнерін терең білетін, ақыл-парасаты жоғары, сөзге шешен, елге сыйлы атасы Балқожаның ықпалы ерекше болды.

Ыбырай жинақтап құрастырған хрестоматия халықтың ауызекі шығармашылығының негізгі салаларын (ертегі, эпос, шешендік сөздер, аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, өлеңдер, т. б.) қамтиды.

Бұл оның халық шығармаларын жетік білетінін, сол байлықты студентке ұғындыру арқылы патриоттық сезімін тәрбиелеуге деген талабын, оқулықты құрастырудағы шеберлігін көрсетеді. Студентті жалықтырмай, фольклорлық шығармаларға құмарлығын арттыру мақсатында алуан түрлі жанрлық формаларды қамтуға тырысады, адамгершілік тәрбиесін жетілдіруге лайықты туындылар енгізеді.

Мысалы, эпикалық дастандардан «Қобыланды» жырын «Қобыланды батыр мен Тайбурыл» деген атпен енгізеді. Мұнда Қобыландының Тайбурылмен алыс сапарға аттануы өте әсерлі суреттеледі. «...Жақсы атты жанындай көретін, «ер қанаты – ат» деп түсінетін қазақ баласы үшін бұдан көркем жыр табу қиын. Осында елін, жерін жаудан қорғайтын батыр, азамат ұлдың ер тұлғасы және оның жанына серік аты қазақ ұғымындағы бар жақсылық пен сұлулықты өз бойларынан мол таныта алады» [4, 190-б.].

Бұл Ыбырайдың баланың көркемдікке талғамын арттыратын, туған елге, Отанға, жерге патриоттық сезімін қалыптастыратын әсерлі шығарманы жас ерекшеліктеріне байланысты іріктеп ала білгенін дәлелдейді.

Хрестоматияға енген ертегілер балаларды өзінің көркемдігімен, әсемдігімен, тартымдылығымен баурайды. Олардың қиялына қанат бітіреді, ойын ұшқырлайды, қиындықты жеңуге, қиналған кезде ақылмен шешімді әрекетке баруға, зерек, тапқыр болуға итермелейді. Қоршаған ортадағы өзгерістерді адамгершілік көзқараспен қабылдай білуге үйретеді. Мәселен, «Қара батыр» деген ертегіде түрікпен жортуылшыларының қолына түскен Қара батыр деген

баланың төзімділігі, батылдылығы, ақылдылығы, кішкене кезден үлкендерден естіп, көңіліне тоқығанын өмірде орынды пайдалана білуі суреттелсе, «Сәтемір хан» деген кішкене ғана аңыз-әңгімеде еңбектің адам өміріндегі рөлі көрсетіледі. Еңбек адамды даңққа, атакқа бөлейді, еңбек арқылы жетпейтін, жеңбейтін кедергі жоқ деген түсінік беріледі [4, 165-б.].

Балалар мен жеткіншектерде ұлттық патриоттықты қалыптастыру мәселесі қазақ халқының ұлы ақыны, ойшыл философ Абай шығармаларында жақсы көрініс тапқан. Ұлттық патриоттық қалыптастыруда ол халық ауызекі шығармаларының рөлін өте жоғары бағалаған. Оның тәрбиелік мүмкіндіктерін бала жастан меңгерген, оны өзінің өлеңдері мен қара сөздеріне өте ұтымды пайдаланған.

Абай, біріншіден «қазақ ертегілері мен аңыздарын, өлеңдері мен жырларын, мақал-мәтелдері мен жұмбақтарын бала кезден естіп, бойына сіңіріп өсті және ұдайы қалың елдің ішінде, өмір бойы фольклорлық дәстүр арасында болды. Небір әдемі айтыстардың, шешендер мен билер дауының куәгері болды, жез таңдай әншілер мен бал бармақ күйшілерді тыңдады, яғни халық творчествосын өле-өлгенше көзімен көріп, фольклор шығармаларын соңғы демі біткенше естіді. Екіншіден, сол кезде әр түрлі мақсаттармен һәм түрлі себептермен жарық көрген фольклорлық жинақтар мен ауыз әдебиеті үлгілерін оқыды, оларға айтарлықтай көңіл аударып отырды. Үшіншіден, араб, парсы, түркі тілдерінде жазылған шығыс әдебиеті классиктерінің шығармалары мен алуан түрлі қисса-хикаяттарды, дастандарды, тәмсіл-мысалдарды оқыды, ал олардың дені фольклорлық екені аян. Төртіншіден, орыс тілінде жарияланған орыс және еуропа халықтарының классикалық әдебиетімен қатар, фольклорлық үлгілерімен де жақсы таныс болды, тіпті олардың кейбіреулерін қазақшаға аударды.

Бесіншіден, Абай өз бетінше орысша білім алып ғылымның пайдалы екенін түсінгендігінің арқасында ел ішінен қолөнер бұйымдарын жинастырып, Семей музейіне тапсыртады, маңайындағы ақын-жазушыларға халық арасына кең тараған жырларды қайта жырлауды, оларды хатқа түсіруді жүктейді» деген Қасқабасовтың ой тұжырымы Абайдың ата мұра дәстүрін жоғары бағалағанын, өз Отанына, туған еліне деген сүйіспеншілігінің, патриоттық, интернационалистік сана-сезімінің жоғары болғанын дәлелдейді [5].

Абай өзінің еңбегінде халықтың ауызекі шығармаларын көркем өнердің шебері, эстетика өкілі, ойшыл ақын ретінде пайдаланады.

Балалар мен жастарға ұлттық патриоттықты қалыптастыруда Абай өлеңдерінің рөлі ерекше. Оның «Жаз», «Күз», «Қыс», «Жазғытұрым», «Желсіз түнде жарық ай», т.б. өлеңдеріндегі туған жер табиғатының әсем көріністері, адамдардың күнделікті тыныс-тіршілігі, іс-әрекеттері, балалардың Отанға, елге, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырады, патриоттық сана-сезімнің оянуына әсер етеді.

Сонымен, ағартушылар қазақ халқының тарихы мен тіршілігіндегі ең күрделі мәселелеріне көңіл бөлген, елдің өткендегі өмірін тарихи тұрғыдан түсінуге тырысқан, сол дәуірдегі құбылыстар мен оқиғаларды әлеуметтік тұрғыдан қарастырған, халықты елін, жерін, Отанын сақтауға, мәдениетін аялай білуге, жоғары адамгершілікке шақырған.

Бұның бәрі олардың идеясының, ой-пікірі мен ақыл-өсиетінің өміршеңдігін, жаңашылдығын көрсетеді. Олар әсіресе еліміз егемендік алып, тарих қайта құрылып жатқан қазіргі кезеңде, бүгінгі қоғамның жаңаруы, демократиялануы процесінде жеткіншек ұрпақтың патриоттық тәрбиесін, рухани қасиеттерін, талғамын тәрбиелеуде маңызды рөл атқаруға тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қорқыт Ата кітабы. /Аударған Ә.Дербісалин. – Алматы, Қазақстан, 2003. – 108 б.
- 2 Баласағұн Ж. Құтты білік. Алматы, Жазушы, 2016. – 616 б.
- 3 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 2006. – 560 б.
- 4 Алтынсарин Ы. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 2010. – 201 б.
- 5 Абай. Энциклопедия. Алматы: Атамұра, 2015. – 720 б.

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ БАСТАУЫШ СЫНЫПТАҒЫ МАЗМҰНЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ

КАЙПОВА А.Ж.

Айша биби орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл ауданы

Резюме. В данной статье рассматривается эффективность и особенности обновленной учебной программы. А так же обучение навыкам широкий круг учащихся, повышение в них функциональной грамотности и развитие человеческих ценностей. Повышение профессионального мастерства учителя в процессе перехода на применение современных технологий.

Summary. The article gives a comprehensive introduction to the peculiarities of the current content of education and its effectiveness. In particular, to enhance the functional literacy of pupils in a broad range of skills. It also focuses on the teacher's professional skills development process, focusing on the development of human values and the transition to the use of modern technologies

Қазіргі таңда еліміз әлемдік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында Қазақстан Республикасы отандық білім берудің озық дәстүрлері мен стандарттарын сақтай отырып, жаһандық білім беру тәжірибесіне бағытталған стратегиялық жүйесін таңдады. Бүгінде Елбасымыз алға қойған, дамыған отыз елдің қатарына кіру жөніндегі «Ұлт жоспары – 100 нақты қадамы» – баршамызға ортақ жауапкершілік жүктеп, Қазақстанның білім беру саласын жаңғыртуындағы негізгі бағыттарын айқындауды көздейді. Атап айтқанда, 12 жылдық білім беруге кезең-кезеңімен көшу, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін мектепте оқытудың стандарттарын жаңғырту, білікті мамандар даярлау міндеттері тұр.

Жалпы білім мазмұнын жаңарту – білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру болып табылады. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру – жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтижесі болуы керек. Қазіргі заман талаптарына сәйкес қазіргі мектеп «білімді тұлға», яғни білім, білік пен дағдылары қалыптасқан жеке тұлғаны дайындаумен ғана шектеле қоймай, «өмірдің өзгерістеріне дайын болатын», белсенді және шығармашыл ойлайтын, интеллектуалды және жан-жақты дамыған жеке тұлғаны дайындау тиіс. Бұл деген мектептегі білім берудегі жаңа моделінің құрылымы әдеттегі дәстүрлі «Мектепте нені оқу керек?» емес, «Мектепте не үшін оқу керек?» деген мән мәтін аясында өрістелуі тиіс.

Білім берудегі жаңғырту мен инновациялық үрдістердің жалғасуына ықпал етудің маңызды факторының бірі мұғалімнің кәсіби шеберлігі. Солай бола тұра «кәсіби шебер» түсінігіне пәндік, дидактикалық, әдістемелік, психология-педагогикалық білім мен дағды ғана емес, педагогтің жеке тұлғалық потенциалы, кәсіби құндылықтары да жатады. ҚР-ның педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға арналған үш айлық курс бағдарламалары, білім беру жүйесінде педагогтар алдына жаңа міндеттер қойып, оларға үн тастады десек те болады. Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты.

Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы. Ал оның негізі бастауыш сыныптарда қаланбақ. Сондықтан да бастауыш сыныпта әр сабаққа әр түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру ең басты мәселе.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Білім алушылардың күтілетін оқу нәтижелері жетістігін бағалау жүйесі білім беру мазмұнының ажырамас бір бөлігі болып табылады. Жаңартылған орта білім беруді енгізу кезінде білім алушылардың оқу жетістігін критериалды

бағалау жүйесі қолданылады. Критериалды бағалау жүйесі бұрынғы дәстүрлі бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалау болып ерекшеленеді. Қалыптастырушы бағалауда білім алушыларға жаңа материалды меңгеру кезеңінде тапсырманы қаншалықты дұрыс орындағанын және оқыту мақсаттарына қол жеткізгенін түсінуге мүмкіндік беретін бағалау. Жиынтық бағалау, оқу тоқсанының соңында оқу бағдарламасының бөлімдерін оқып аяқтағаннан кейін білім алушылардың меңгерген білімі мен қалыптасқан дағдылары деңгейін айқындайтын бағалау. Критериалды бағалау мұғалімдер мен оқушылар және ата-аналарға да өте тиімді бағалау түрі, өйткені мұғалім үшін — сапалы нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыруға, өз іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға т.б., оқушылар үшін - табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсінуге, өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсіп, түсінбегенін түзетуге мүмкіндік алады, сыни ойлауына, еркін ойын айтуына, өзінің білімін көрсетуге т.б., ата-аналар үшін — оның оқуындағы табыстылықты бақылауға, оқуына қолдау көрсету үшін бағыт алуына мүмкіндік туғызады.

Жалпы қай кезеңде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстазға үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өздігінен білім алатын, жан-жақты ізденетін, алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеу-ұстаздың қолында. Жаңа бағдарлама мұғалімдерге қазіргі заманға оқыту әдістерін жеті модуль арқылы ұсынады. Атап айтқанда, олар: 1. Білім беру мен білім алуға жаңа тәсілдер. 2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету. 3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау. 4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану. 5. Талантты және дарынды балаларды оқыту. 6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай білім беру және оқыту. 7. Білім берудегі басқарушы және көшбасшылық. [1, 1,2-б.]

Жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушының сөйлеу әрекетінің төрт түрін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған. Бұл сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша түйінді дағдылар оқу жоспарында «спиральді» тәсілмен берілген. Қарапайымнан күрделіге қарай бірте-бірте білім, білік пен дағдылары кеңейтіліп қалыптасады. Оқу мақсаттары оқушылардың зерттеу дағдыларын, қарапайым бақылауға тәжірибе арқылы білімі қалыптасуына, алған білімін қайта өмірде қолдана білуіне бағытталған. Оқушы бойында әлеуметтік дағдылар, жалпы білімнің іргетасы, танымдық белсенділігі, жүйелі оқу әрекетінің қалыптасуына бастауыш сынып оқу бағдарламаларында көңіл бөлінген. Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ-ны қолдану, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдана білу.

Сондай-ақ жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі – спиральді қағидатпен берілуі. Спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Оған оқу мақсаттарын зерделей отырып, тапсырмалар мен сабақтарды құрастыру барысында көз жеткіздік. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалды бағалау жүйесіне өтеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Баланың жан-жақты ізденуге ынталандырады.

Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналасуға ықыласын туғызады. Кеңестік заманнан қалған бес балдық бағалау жүйесі жойылды. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үрдісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл немесе баға қоймастан оқу үрдісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір) оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерім туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады. Критериалды бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Кіріктірілген білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнінің берілу жайы да өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым,

оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір-бірімен тығыз байланысты. Айталық, қарапайымнан күрделіге қарай шиыршық бойымен дамып, өрлей түскені жай ауызекі тілде ғана ойын жеткізуден, күрделі мәтіндер құра білу дағдылары шындалып, тілдік құзыреттіліктері шындала түседі.

Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені оқыту керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар оқу бағдарламасымен және оқу бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық әдістемелермен тығыз байланысты. Қарқынды жаһандану, сондай-ақ, ұлттық экономикаға да ықпал етуде және қазіргі уақытта экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық бәсекелестік артты. Білім беру жүйесін жаңартуға арналған бұл экономикалық дәлелдерге қоса, қазіргі жиырма бірінші ғасырда басқа да негіздер бар: байланысқа бейімділікті арттыру, әлеуметтік өзгерістер, ауа райының өзгеруімен байланысты мәселелер, бүкіл әлемдегі халықтың қарқынды өсуі, заманауи әлеммен өзара табысты байланысу үшін қажетті және келешек күннің әлемімен өзара байланысу үшін қажетті дағдыларды қазіргі таңдағы мектеп жасөспірімдері талап ететін шектеулі ресурстарға деген сұраныстың өсуі. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды. Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп бітіруші түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс.

Қазіргі таңда елімізде жаппай білім беру мазмұны жаңартылуда. Жаңартылған бағдарлама бойынша әлемдік білім беру жүйесі бәсекеге қабілеттілікке қарай білім алушыны баулу, қоғамнан өз орнын таба білетіндей сапалы маман болуына бағытталынған. Ал осы уақытқа дейін біздің елімізде жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар күтілетін нәтижеге көз жеткізбей, түрлі әсер етуші факторлар ықпалымен мамандық таңдап, ақыр соңында сол оқыған мамандықтары бойынша жұмысқа тартыла алмай отырғаны бәрімізге белгілі. [2, 112-б.]

Орта білім мазмұнын жаңарту аясында әзірленген оқу бағдарламалары оқушылардың бір сыныптан екінші сыныпқа өтуі кезінде білімі мен дағдылары қайталанып, тексеріліп отыратын спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы моделіне негізделген. Оқу үдерісінің алға ілгерілеуі айқан көрінуі үшін оқу мақсаттары өзара тоғысқан бөліктер мен бағыттарға біріктірілген. Айталық, қарапайымнан күрделіге қарай шиыршық бойымен өрлей түскені жай эссе жазудан әңгіме тіпті повесть жаза алатындай дағдыға ие болып, тілдік құзыреттіліктері шындала түседі. Мұғалімдердің пайдаланатын оқыту әдісі оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз ету үшін маңызды. Мұғалімдер пайдаланатын әдіс оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді. Педагогикалық әдістерді жетілдірмей тұрып, оқу бағдарламасын өзгерту білім беру стандарттарына қатысты реформалау шараларының мүмкіндіктерін және нәтижелілігін төмендетеді. Жаңартылған бағдарлама бойынша әр мұғалім төмендегідей нәтижелерге қол жеткізе алады:

- жаңартылған оқу бағдарламасының құрылымына;
- жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұны мен жүйесіне;
- оқу бағдарламасының және оны іске асырумен байланысты құжаттамалардың мақсаты мен рәсімделуіне;
- білім беру бағдарламасын іске асыруға көмектесетін тиісті педагогикалық тәсілдерді меңгеруге. [3, 10-б.]

Қорыта айтқанда, аталған бағдарламаның мәні қазіргі қоғам талабына сай оқушының функционалды сауаттылығын қалыптастыра отырып, баланың мектеп қабырғасында алған білімін келешек өмірінде қажетке асыра білуіне жағдай туғызу. Демек бұл бағдарламаның негізі - «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған дер едік. Ал білім алушыны өмір сүруге дайындау үшін академиялық білім, функционалдық дағдылар, жеке тұлғалық қарым-қатынастар мен құзыреттіліктер жеткіліксіз. Мүлдем жаңа сапа – метабілімділік, метақұзыреттілік қажет. Бүгінгі таңда әлемдегі дамыған мемлекеттер жоғары сапалы білім жүйесіне ұмтылуда. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі экономикасының дамуына қатысты болса, ал оның дамуы мемлекет азаматтарының білімділігі мен біліктілігіне байланысты. Ал озық экономика білім беру мақсаттарын «білетін адамнан» «шығармашылықпен ойлайтын, әрекет ететін, өзін-өзі дамытатын адамға» ауыстыруды талап етуде. Сондықтан да білім беру жүйесін болашақтың талабына сәйкес қалыптастырып, дамытуға тиіспіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.«Жаңартылған білім беру мазмұны аясында критериалды бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру» 2017ж
- 2.Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы (екінші басылым) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015
- 3.Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы Астана 2016

ӘОЖ 37.142

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ТӨЛ ДЫБЫСТАРДЫ ДҰРЫС МЕҢГЕРТУ АРҚЫЛЫ САУАТТЫЛЫҚҚА DAҒДЫЛАНДЫРУ

ЖАНБАЕВА Ж.К.

Айша биби орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл ауданы

Резюме. В данной статье анализируются и доказываются на практических примерах несколько методов обучения учащихся начальных классов навыкам грамотности и достижения цели путем правильного овладения родными звуками. Она обеспечивает единство цели, действия и результата в формировании культуры обучения младших школьников.

Summary. In this article, several methods of teaching elementary school students to acquire literacy skills and achieving the goal by correctly mastering native sounds are analyzed and proven by practical examples. It ensures the unity of purpose, action and result in forming the learning culture of primary school students.

Қазіргі бәсеке заманында білім кеңістігіне енуде қазақстандық білім беру жүйесінде айтарлықтай өзгерістер болғаны белгілі. Оның қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәндерінде де көрініс табуы қалыпты жағдай. Жаңартылған білім берудегі «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламалары оқушылардың бойында адамгершілік, рухани құндылықтармен қатар функционалдық сауаттылығын арттыруды, көркем-әдеби шығарманы талдау дағдыларын қалыптастыруды көздейді.[1, 112-б.] Дәстүрлі оқытуда білімділік, тәрбиелік, дамытушылық мақсаттар негізге алынған болса, жаңа оқу бағдарламасында үш басты дағдыны қалыптастыру мен дамыту басшылыққа алынады: түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстыру. Осының негізінде құрылған әдебиетті оқытудың мақсаттары да бағдарламада дайын күйде берілген. Сондықтан пән мұғалімі оны бағдар ретінде басты назарға алу міндеті болып табылады.

«Қазақ тілі» пәні бойынша бір сабақта бір немесе бірнеше оқу мақсатын алып, сабақ жоспарлауға болады. Мұғалім оқу мақсаттарының комбинациясын шебер пайдалана білуі керек.[1, 115-б.] Оны қалай жүзеге асыруға болады? Біріншіден, оқу мақсаттарының мазмұнын мұғалімнің өзі толық түсініп алуы қажет, екіншіден, оқу мазмұны мен мақсаттың қиындық деңгейіне қарай саралау жасау керек, үшіншіден, негізгі ресурс - оқулықты негізге ала отырып, сараланған оқу мақсаттарынан керегін таңдап, үйлестіру қажет.

Бастауыш сынып оқушыларының ой-өрісін кеңейтіп, өз бетінше еңбектенуге, ізденуге және өз ойларын ауызша, жазбаша жеткізе білуге үйрету – алға қойылып отырған басты мақсаттардың бірі. Қазақ тілінің төл дыбыстарын үйретуде бастауыш сыныптарында атқарылатын жұмыс түрлеріне көп назар аудару керек.

Төл дыбыстарын өткен күннен бастап жазуға да қойылатын талапты естен шығармау қажет. Оқушыларға балалар кітаптарынан, журналдардан, өлең, ертегі, әңгіме оқытып, көшіріп жазу дағдысын қалыптастырған жөн. Сауатты жазуға төселдіру үшін де үлкен ізденіс, шеберлік керек. Бұл жұмыс жеңілден ауырға қарай күрделеніп отырады. Алғашқы сабақтарда дыбыс саны аз сөзді, кейін дыбыс саны көп сөзді естіп, жазуға төселдірген дұрыс.

Қазақ тілі пәнінің негізгі мақсаты-оқу дағдысының негізін қалау, фонетикалық есту қабілетін дамыту, дыбыстарды ажырата білу, әріптің баспа түрін таңбалап жазу, әріптерді тану, буын, сөз,

сөйлемді оқуға үйрету сауатты жазу дағдаларын қалыптастыру өздігінен оқуға, жазуға дағдыландыру, кітап оқуға қызығушылығын арттыру, ауызша сөйлеуді жүзеге асыру.

Оқу мен жазуға үйретудің элементтері қатар жүреді. Оқу мен жазудың негізі – ана тілінің дыбыстық құрылымын түсінуі өте маңызды. Бағдарлама талабына сәйкес балаларды жазудың графикалық дағдысы (әріптерді дұрыс жазу және олардың байланысы) және қарапайым орфографикалық дағды (сөздің дыбыстық және әріптік құрылымын дұрыс жазу) қалыптастыруы қажет. Жазу бірнеше бөліктерден құралады. Жазатын сөздерге талдау жасай білу, дыбыстардың реттілігін сақтау дыбыстарды сәйкес әріптермен белгілеу, бейнелеу.

Төл дыбыстарын өту барысында жазудың негізі мен сауатты жазудың негізі қаланады. Әріптерді жазуға үйрету тәртібі мынадай: Төл дыбыспен таныстыру, көрсету, плакатта, дидактикалық материалдар, дәптердің бетінде жазылуымен таныстыру;

- Мұғалім жаңа әріптің ауада және тақтада жазып көрсетеді;
- Дәптердегі жаңа әріптің үстінен басып жазу;
- Жаңа әріп элементтерін және әріпті толық жазу;
- Сөздерді жазу; дауыстап айту;

Мұғалім жаңа әріпті тақтада жазылуын көрсете отырып түсіндіреді. Әр баламен қаламды ұстап жүргізіп, бір әріпті жазып көрсетеді. Келесі әріпті бала өзі жазады. Мұғалім аралап жүріп дұрыс жазбаған баламен жеке жұмысын жалғастырады. Сөзді дыбыстаудың өлшемі, буын. Әріпті меңгергеннен кейін сөздерді буынға бөліп оқуға үйрету қажет. Буынды дұрыс меңгерген оқушы сауатты жаза біледі.

Бастауыш сынып оқушыларына жаңа тақырыпты өту барысында суреттерді қолдану, сөз, сөйлем, шағын әңгімелер жазу, сөзжұмбақты шешу есте сақтаудың тиімді әдісі. Керекті нүктелердің орнына тиісті әріпті, буынды, сөзді қойып жазу сияқты тапсырмаларды оқушылар қызыға орындайды. Оқушыларды сауатты жазуға үйрететін пән - қазақ тілі пәні болса, сауатты жазу үшін оқушылар қазақ тіліндегі грамматикалық ережелерді дұрыс түсініп, күнделікті өмірде қолдана алатын дәрежеге жетуі тиіс. Бастауыш сыныпта сауаттылықты, әсіресе төл дыбыстарын жете меңгермеген оқушы жоғарғы сыныптарда оны толықтыра алмайды. Сондықтан оқушының сауатты жазуына әрбір сабақ сайын көңіл бөліп, олардың тіл байлығын арттыруға назар аударған жөн. Сауатты жазуға үйрету жұмысы оқумен қатар жүргізіледі, яғни қазақ тілі мен тікелей байланысты болады.

Оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, өз ойларын ауызша, жазбаша жеткізе білуге үйрету – әр мұғалімнің міндеті. 1-4 сынып оқушыларын сауатты жазуға үйретуде ойын түрлерін, дидактикалық, шығармашылық тапсырмаларды қолдану тиімдірек болады. Оқушыларды сауаттылыққа үйретудегі нәтижелі әдістің бірі- сабақ үстінде ойын элементтерін пайдалану. Ойын оқушыларды сабаққа қызықтырады, материалды тез қабылдап, есінде ұзақ сақтауға көмектеседі. Ойынның түрлері өте көп, солардың ішінде сауатты жазуға үйретуде сөздік ойынның пайдасы ерекше. Жұмбақ, жаңылтпаштарды қызыға жаттау, оларды дұрыс жазып үйрену оқушының есінде ұзақ қалады, екіншіден, сауаттылыққа үйретеді, әрі ойын дамытады, дұрыс оқуға, дұрыс жазуға дағдыланады. Әрі таза, көркем, сауатты жазуға дағдыландыру үшін сыныпта дәптерлерді бір-біріне беру, көрсету, салыстыра отырып көрме ұйымдастыру да өз нәтижесін береді. Сауатты әрі каллиграфиялық дұрыс жазуда көрнектіліктің алатын орны ерекше. Сондықтан әрбір сабақтың тақырыбына сай әріп, сөз, сөйлем жазылған таблица, суретті карточка, сюжетті суреттер, дидактикалық материалдарды пайдалануға көңіл бөліну қажет.

Қарап отырсақ, берілген әдіс-тәсілдер еш жаңалық емес, алайда сол әдістің тонын шеберлікпен айналдыру арқылы сабақтың мақсатына оқушы белсенділігі мен қызығушылығын арттыра отырып жетуге болады. Мысалға келтірілген әдіс түрлері тек бір сабақтың қадамдары ғана. Демек, мұғалім әр сабаққа сындарлы көзқараспен келу арқылы оқушылардың функционалды сауаттылығымен қоса, көркем-әдеби шығармаларды талдау дағдыларын қалыптастыра алады.

Әдіс-тәсілдерді саралауда оқушылардың жас ерекшеліктерін де ескеру маңызды. Қиын тапсырмалар берілсе, олардың алаңдаушылығына, оңай тапсырма берілсе, зерігуіне тап боласыз. Демек, тапсырма жеңіл болса, қиын әдіспен, қиын болса, жеңіл әдіспен ұсынған тиімді. Басқаша айтқанда, оқушымен әрекеттің алтын ортасын табу қажет. 1-4-сынып оқушылары қимыл-қозғалысы гиперактивті, өте әсершіл "жақсылыққа да, жамандыққа да құлай берілетіндер". [2, 16-б.] Олардың оқырмандық мәдениетін қалыптастыру мен дамыту көп күш-жігер мен идеяларды қажет етеді.

Бір шығарманы толық оқып, талдай білген оқушы өз бетімен оқыған шығармасын сыныпта меңгерген дағдылары бойынша барлық әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, ой елегінен

өткізіп, интерпретация жасап, бағалай алады. [1, 113-б.] Сондықтан оқу мақсаттарында берілген дағдыларды сапалы меңгерту - көзі қарақты оқырман даярлаудың алғышарттары.

Қорыта айтқанда, сауатты болудың алғы шарты төл дыбыстарды, әріптерді үйретуден басталады. Әріп элементтерін дұрыс бір-бірінен ажыратып, жазу ережелерін сақтағанда ғана бала сауатты жаза алады. Әсем, қатесіз, мәнерлеп оқуға, дұрыс сөйлеуге жаттықтыру – сауаттылыққа үйретеді. Оқушыларды сауаттылыққа үйрету – әр мұғалімнің шығармашылық ізденісіне байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 320 б.

2. Б.Т.Қабатай, Ү.К.Зейнетоллина, В.А.Қалиева. «Әдебиеттік оқыту» – Алматы: «Атамұра», 2018

ӘОЖ 37:555

ОҚИТУ ҮДЕРИСИНДЕ ОҚУШЫЛАРҒА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ МЕН ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

САТБАЕВА З.Б.

Николай Гоголь атындағы орта мектебі директорының бағдарлы оқыту ісі жөніндегі орынбасары, бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

СУГРАЛИЕВА А.Т.

Николай Гоголь атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В этой статье обсуждается важность национального образования и способы его реализации в процессе обучения.

Summary. This article discusses the importance of national education and how to implement it in the learning process.

Қазіргі кезде мектептің тұтас педагогикалық процесінде халық педагогикасын пайдалану бойынша мол тәжірибе қалыптасқан. Негізгі мақсат – жас ұрпаққа қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-санасын, ұлттық өнерін, дәстүрлерін меңгерте отырып, оларды оқушылардың бойына дарыту, ұлттық мінез-құлық, қадір-қасиетін қалыптастыру. Өйткені еліміз үшін жас ұрпақтың өнерлі, іскер, жігерлі, намысты өсуі айрықша маңызды болып табылады.

Ғасырлар бойы әдет-ғұрып дәстүрге айналып, ұрпаққа ақыл-сана беретін, атадан балаға тұрмыс-тіршілігіне өнеге болып, ауызша жалғасып келе жатқан қазақтың қанына сіңген тәрбиелік қағидасын халықтық педагогика дейміз. Халықтық педагогика жас ұрпаққа өмір тәжірибесінен халықтың сенім, наным-танымынан жинақтап, әдеп пен өнеге беру үшін атадан-балаға ауызша жалғасып келе жатқан қағида, оны жасаушы – халық. Қазақ халқының тәлімдік мәні зор ой-толғаныстары бесік жыры мен батырлық эпостарда, ертегілер мен мақал-мәтелдерде, аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс термелерде көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні – адамгершілік – имандылық, ақыл-ой, еңбек, эстетика, дене, отбасы тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі.

Халық мұрасының танымдық мәні – ұлан-ғайыр дүние. Ол тұтастай алғанда жас ұрпақ үшін ғана емес, адам өмірінің барлық кезеңінде мәнді, адамзаттың рухани – эстетикалық қуатының қайнары. Оның ішінде тікелей бала тәрбиесіне байланысты, баланың жан-дүниесінің қалыптасуына негіз болатын дәстүрлер көп-ақ. Халық өз бойындағы ең жақсы қасиеттерін жеткіншек ұрпаққа күнделікті тұрмыста үйретіп, бала бойына сіңіріп отырған. Халықтың тілін, салтын, дәстүрін бойына дарытқан ұрпақ тәрбиелеу үшін халық педагогикасын оқу-тәрбие жұмысына негіз етіп алуға болады. Халық педагогикасын келер ұрпаққа айтар ақылы, ұсынар үлгісі, берер тәлім-тәрбиесі сол елдің күйі, би, музыкасы, фольклорлық шығармалар арқылы ежелгі

ойын-той думанында салт-саналық дәстүрлерінде насихатталған. Яғни, әр халықтың бала тәрбиесіндегі өзіне тән дәстүрі ұлттық мұра арқылы көрініс береді.

Қ.Бөлеевтің тұжырымдауынша: «.. ұлттық тәрбие терминін ендіру педагогика ғылымында өз шешімін тапқан жоқ. Ол этнопедагогика ғылымында ендірілуі тиіс. Өйткені этнопедагогика ұлттық тәлім-тәрбиені жинақтайтын, оны қорытындылап, жүйелейтін теориясымен сипатталатын ғылым саласы. Ұлттық тәрбие – жеке тұлғаның ұлттық сана-сезімі мен мінез-құлқының, ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрін меңгеруі негізінде қалыптасқан этнопедагогиканың саласы..», - деп анықталады [1].

Қ.Бөлеев болашақ мұғалімдерді, білікті тәрбиешілерді даярлау және қайта даярлау мен жетілдіру жұмыстарына арналған арнайы бағдарламалар мен нақты шараларды қолға алу арқылы ұлттық тәлім-тәрбиенің мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарында жүзеге асырудың тиімділігін арттыруға болатынын атап көрсетеді.

К.Оразбекованың пікірінше, болашақ қоғамымыздың құрылысшыларын дайындайтын дарынды, парасатты, жоғары мәдениетті, жан-жақты дамыған жеке тұлғаларды қалыптастырудың негізі ұлттық тәрбие болуы шарт деп санайды. Ол: «..ұлттық тәрбиенің тәлімдік негіздері Адам атадан бастау алып, бүкіл өмірі-өлеңге, өлеңі-өмірге айналған жыраулар арқылы жалғасын тауып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырды..», -деп, ұлттық тәрбиенің бүгінгі таңда ұлттың идеологияны қалыптастыруда шешуші рөл атқаратынын атап өтеді [2].

К.Ж.Қожахметова ұлттық тәрбиені этникалық тәрбиеге қарағанда кең ұғым деп қарастыра отырып, мынадай анықтама береді: ұлттық тәрбие-жалпыхалықтықты ұлттық сипаттармен біріктіре алатын ұлттың азаматтарын, мүшелерін қалыптастыру: олар тілді, мәдениетті білумен қатар қазіргі заманға сай білімді де игеруі қажет [3].

Демек, ұлттық тәрбие дегеніміз – ұлттық құндылықтармен мыңғасырлық байланыстығының тұтастығы халықтың тәлім-тәрбиелік мұрасының жиынтығы. Ал ұлттық тәрбиелі жеткіншек дегеніміз – халықтың сан ғасыр бойы жинаған асыл қасиеттерін, мәдениетін бойына сіңірген, ұлттық болмыс пен ерекшеліктерде тәрбиеленген оқушы

Оқушылардың ұлттық тәрбиесіне ықпал жасайтын әлеуметтік факторлар сан қырлы. Оған ұлт тарихы, ұлттық материалдық және рухани мәдениет, халық фольклоры, дәстүрлер мен салт-жоралғылар, ұлттық психологияның элементтері, саясат пен қоғам идеологиясы әсер етеді. Осы тұрғыдан ұлттық тәрбиені қалыптастыратын мәселелердің өрісі жайлы айтылып жүр. Мұның арасынан тек мектеп оқушылары ғана емес, жоғары білімді мұғалімдерді ұлттық тәрбие беруге дайындаудың теориясы мен практикасының қолға алынуы құптарлық нәрсе. Дегенмен, осы кешенді құбылыстардың арасынан ұлттық тәрбие процесінде ұлттық психология үлесінің қомақты екендігі дау тудырмаса керек. Мұның өзі — қазіргі егеменді тәуелсіз еліміздің әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайында ерекшеленіп отыр. Оған нарықтық қатынастар дәуірінің өмір салтының психологиялық, дәстүрлік өзіндік қасиеттері қосылады. Соған орай көптеген тарихи-дәстүрлік белгілер жаңа рухымызға, ұлттық тәрбиеге үйлесімді жүзеге асуы қажет.

Алайда, оқытудың этнопедагогикалық сипаты күшейтіліп, сол арқылы балаларға ұлттық тәрбие беру күн тәртібінде тұрғанымен, бүгінгі күні мектептерде халықтық педагогика құралдары арқылы ұлттық тәрбие берудің ішкі мазмұны ашылмай, көмескі күйінде қалып отыр.

Бұлардың өзіндік себептері бар: **біріншіден**, орта мектепте оқыту үдерісін ұйымдастыруға негіз болатын нормативтік құжаттар мен оқулықтар оқушыларға халықтық педагогика құралдары арқылы ұлттық тәрбие беру мәселесі тиісті дәрежеде қарастырылмауы. Оқыту үдерісінің басты сүйенетіні оқулық екендігі белгілі жайт. Сондықтан оқулықтың сапалы болуы оқушылардың білімдерді дұрыс сол пәннің өзіндік ғылыми құбылыстар мен заңдылықтарын қазақтың халықтық педагогикасы арқылы түсіндірулері сирек.

Бүгінгі таңда мектеп оқулықтары төмендегідей талаптарға сәйкестендіріліп құрылған.

Үйлестірушілік міндет – басқа да ғылым негізінен жасалған білімдерді (саясаттану, психология, педагогика, т.б.) оқу бағдарламасына сәйкес құру.

Ұйытқылық міндет – басқа да оқу-әдістемелік кешеннің ұйытқысы болуы, яғни, оқытудың серіктерін (түрлі дидактикалық кітапшалар, көрнекті құралдар) өзінің жан-жағына жинақтау.

Жүйелілік міндет – оқу үдерісіндегі оқу материалдарының берілу жолдары, ақпараттарды жеткізу тәсілдері жүйелілік қағидасына сүйеніп жасалынады.

Жинақтау міндеті – түрлі әдістемелік заңдылықтар негізінде жасалынған ғылыми-педагогикалық, танымдық- ақпараттық білімдерді баланың оқыту үдерісінде алатын біліміне сәйкес жинақтау.

Бақылаушылық міндеті – мұғалім қызметі арқылы не онсыз, балаларға үйретілетін білімдерді өзіндік тапсырмалар мен жауаптар арқылы білім деңгейін бақылау.

Өздігінен білім алу міндеті. Егер оқушы оқи алатын жағдайда болса, білімді алу ынта-жігерін мұғалім көмегімен не өздігінен қалыптастырады.

Кіріктірушілік міндеті – әр түрлі пәндерден, түрлі ғылым негіздерінен алынған материалдарды оқушының білім алу жас ерекшелік дәрежесіне лайықтап, жинақтап оқытудың мазмұнына енгізу.

Дамыта тәрбиелеушілік міндеті – оқыту үдерісінде оқушыны жеке тұлға ретінде дамыта отырып, тәрбиелеу.

Қатысымдық (коммуникативтік) міндет.– Оқытудың берілген ақпараттарға сүйене отырып, оқыту үдерісінің күрделілігіне сәйкес оқушы тілінің негізінде тілдесіп, сөйлесім әрекеттерін жетілдіру, сөйлем міндеттерін игерту.

Түрткілік міндет – оқыту үдерісіндегі оқуға деген оқушылардың қызығушылық қасиеттеріне түрткі боларлық материалдарды лингвостатистикалық әдіспен іріктеп, жинақы түрде енгізу.

Ақпараттық міндет–оқыту мазмұнына, құрылымына оқыту үдерісінде баланың жас ерекшелігіне сәйкес ақпараттар енгізу [4].

Оқулықтарды түзуде ғылымилық сипатқа баса мән беріліп, оқулықтың ұлттық сипатына аса мән берілмеген. Ғалым Ә.Садуақасовтың пікірінше «халық педагогикасының дәстүрлері арқылы ұлттық саналылық, патриотизм, ұлттық мінез» қалыптасады [5]. Демек, оқулықтарды ұлттандыру (халық педагогика құралдарын пайдалану) арқылы оқушыларды ұлттық тәрбиеде тәрбиелеуге болады.

Екіншіден, қазіргі кезеңде оқыту үдерісі кеңестік және шетелдік түрлі әдіс – тәсілдер арқылы оқытылуда. Бұл технологиялар мен әдіс – тәсілдер оқушылардың шығармашылық, логикалық ойлау қабілеттерін дамытатыны сөзсіз. Мұнда ескеретін жайт: мектептерді ұлттық мектепке айналдыруда оқыту үдерісінде қандай педагогикалық құралдар мен оқыту технологиялары қолданылса, ол ұлттық санаға, оқушылардың ұлттық қабылдау түйсігіне, салт-дәстүрге, тәрбиеге сәйкес келуі басты шарт. Бұл жөнінде төмендегідей тұжырымдаған педагог – ғалым Қ. Бөлеев «Мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие отбасында және мектепте берілуге тиіс. Өкінішке орай, қазіргі отбасындағы тәрбие мен мектептегі тәрбие мен оқыту кеңестік педагогика және шетел педагогикасы арқылы жүргізілуде. Сондықтан ертеңге қазақ ұлты сақталсын десек, отбасы мен мектепке қазақтың ұлттық педагогикасын енгізу керек» [1, Б.68- 69], - деген пікіріне қосыламыз.

Мұндай оқылықтардың орын толтыру үшін оқыту үдерісінде халықтық педагогика құралдарын енгізу керек деген ойдамыз. Оқушыларға ұлттық тәрбие берудің ең негізгі шарттарының бірі оларға оңтайлы жағдай туғызу қажет. Ұлттық тәрбие мен оқыту үдерісінде арақатынасында біздің пікірімізше мынадай әдіснамалық талаптар орын алғаны дұрыс сияқты:

1. Ұлттық тәрбие жалпыазаматтық өнегенің құрамдас бөлігі ретінде өрбуі тиіс.
2. Ұлттық тәрбие өз ерекшелігін шешумен қатар ұлттық шектеушілік пен басқа да тар өрісті белгілерден аулақ болғаны жөн.
3. Ұлттық психологияның ұлттық тәрбиеге ықпалының барысында ескі мен жаңа қасиеттер үйлесімділікті қажет етеді. Оқулықтарға қазіргі заманға сай мысалдар мен тұжырымдар берілуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау: теориясы және практикасы. –А.: Нұрлы Әлем, 2004.- 304 б.
2. Қожахметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. Докт. дисс.– Алматы: Ғылым, 1998. – 314 с.
3. Оразбекова К.А. Жеке тұлғаға ұлттық тәрбие берудің ғылыми - әдіснамалық негіздері. Пед. ғыл. докторы. ... дис. –Алматы, 2005. -254 б.
4. Зуев Д.Д. Школьный учебник. – М.: Педагогика, 1983. – 239 стр.

5. Сәдуақасов Ә. Қазақ мектептерінің оқу-тәрбие процесінде халық педагогикасы дәстүрлерін пайдалануды ұйымдастыру шарттары Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі алу үшін дайындалған диссертация. –Алматы, 2006.- 186 б.

УДК. 37.583.01

СВЯЗЬ МОТИВАЦИИ УЧЕНИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ С ЛИЧНОСТЬЮ УЧИТЕЛЯ

ЖУМАТАЕВА А.А.

Республика Казахстан, Жамбылская область, Байзакский район,
средняя школа имени Николая Гоголя, учитель начальных классов

ФАЙЗУЛАЕВА З.А.

Республика Казахстан, Жамбылская область, Байзакский район,
средняя школа имени Николая Гоголя, учитель начальных классов

Түйіндеме. Білім алу уақыты мектепке дейін басталып жоғары білім беру орнында да аяқталмайды. Адамзат тарихында білім әр тұлғаның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Мұғалімдер мен психологтардың айтуы бойынша, оқу материалдарын қабылдау сапасы оқушының когнитивтік мотивациясына байланысты. Сондықтан, оқу мотивациясын зерттеу мәселесі педагогикалық және психологиялық ғылымдарда ортақ болып табылады.

Summary. Education takes almost the entire time of the formation of a person from the pre-school period and even after ending the university. Throughout the history of a mankind, education has been important part of any full-fledged person. According to teachers and psychologists, the quality of perception of educational materials depends on motives for cognitive activity. Therefore, the problem of studying the motivation of learning is one of the central in pedagogical and psychological science.

Учебная деятельность занимает практически все время становления личности начиная с дошкольного периода и до окончания высшего учебного заведения. На протяжении всей истории человечества, образование являлось важной составляющей любой полноценной личности.

По мнению педагогов и психологов, качество восприятия учебного материала зависит от мотивов к познавательной деятельности. Поэтому проблема изучения мотивации учения является одной из центральных в педагогической и психологической науке.

Сама по себе мотивация довольно общее и объемное понятие и трактуется по-разному. Под мотивом учебной деятельности понимаются все факторы, обуславливающие проявление учебной активности: потребности, цели, установки, чувство долга, интересы и т.п. Однако, перечисление факторов не может в полной мере раскрыть целостную структуру мотива учения, причинно-следственные связи между его компонентами. Поэтому необходимо соотносить факторы мотивации с такими показателями как возраст, пол, социальное происхождение, обстановку в семье и другие психосоциальные составляющие личности, как ребенка, так и взрослого. К примеру, Е.П.Ильин в своей работе "Мотивация и мотивы" упоминает мотив посещения первоклассником школы. Этот мотив неравнозначен мотиву обучения, так как потребностями, приводящими ребенка в школу, помимо познавательной, могут быть: престижная (повышение своего социального положения), стремление к взрослости и желание называться уже школьником, а не детсадовцем, желание быть "как все", не отставать в исполнении социальных ролей от сверстников [1]. Согласно схеме В.Д.Шадрикова, мотивация обусловлена потребностями и целями личности, уровнем притязаний и идеалами, условиями деятельности (как объективными, внешними, так и субъективными, внутренними — знаниями, умениями, способностями, характером) и мировоззрением, убеждениями и направленностью личности и т.д. С учетом этих факторов происходит принятие решения, формирование намерения [2].

А.К.Маркова выделяет среди содержательных характеристик мотивов личностный смысл учения и действенность мотива. Учение для ученика должно быть личностнозначимым. Только тогда возможно формирование положительной учебной мотивации. Действенность мотива тесно связана с личностным смыслом учения [3]. Л.И.Божович считает, что учебная мотивация образуется системой мотивов, которые включают в себя потребность в учении, цель учения, эмоции, отношение к учению, интерес [4]. Исходя из вышесказанного, можно сделать вывод, что

формирование положительной мотивации учения у младших школьников возможно, если обучающийся понимает ценность знаний лично для себя (заслужить похвалу, выделиться из числа одноклассников, получить новые знания и т.д.).

Отсюда следует, что личность учителя в учебной деятельности также важна, как и методы и методология преподавания, поскольку учитель является одной из центральных фигур в жизни школьника.

Именно в младшем школьном возрасте закладывается фундамент качества дальнейшей учебной деятельности ребенка. От того, насколько верно преподаватель поймет потребности своих учеников, зависит ценность преподаваемого материала для них. Поэтому, во многом, закрепление мотивации учения зависит от личности преподавателя и от его отношения, как к своей работе, так и к своим ученикам. То есть авторитет учителя складывается из двух компонентов - личностного и профессионального.

Для наглядности в таблице 1 представлен краткий перечень личностных и профессиональных компонентов, которыми должен обладать учитель.

Личностный компонент— это	Профессиональный компонент— это
1.Любовь к детям и педагогической деятельности	1.Знание своего предмета и профессии, владение методикой
2.Уважение и доверие к школьнику.	2.Умение хорошо объяснить материал
3.Правильная и выразительная речь	3.Владение педагогическим мастерством
4. Педагогический оптимизм	4.Эрудиция и самообразование
5.Настойчивость и последовательная требовательность	5.Обладание наблюдательностью и знаниями психологии
6.Культура поведения учителя, внешний вид.	6.Обладание педагогическим тактом.

Таблица 1.

Ещё Л.Н.Толстой писал: «Если учитель имеет только любовь к делу, он будет хороший учитель. Если учитель имеет только любовь к ученику, как отец и мать, он будет лучше того учителя, который прочёл все книги, но не имеет любви ни к делу, ни к ученикам. Если учитель соединяет в себе любовь к делу и ученикам, он совершенный учитель».

Так Н.А.Березовин и Я.Н.Коломинский выделили пять стилей отношения учителя к школьникам: активно-положительный, ситуативный, пассивно-положительный, пассивно-отрицательный, активно-отрицательный [1].

Также, важно отметить стили педагогического общения,

1. Авторитарный
2. Попустительский
3. Демократический
4. Общение — заигрывание
5. Общение на основе увлечённости совместной творческой деятельности
6. Общение — дистанция

7.Общение — устрашение, которые проецируют следующие педагогические аспекты:

1. Коммуникативные возможности педагога
2. Сложившийся характер взаимоотношений педагога и учащихся
3. Творческая индивидуальность педагога
4. Индивидуальные особенности педагога [5].

Каждый из этих стилей коммуникации учителя со своими учениками имеет определенный эмоциональный окрас, что оказывает влияние на дальнейшую реакцию учеников на процесс обучения и получения знаний. То есть, сказывается на их мотивации, как положительной, так и отрицательной.

Все важные для успешного педагога компетенции, студенты формируют согласно законам социальной психологии - на примере своих учителей. В связи с этим, важным аспектом подготовки будущих учителей начальных классов к формированию мотивации учения у младших школьников является профессиональный педагогический состав ВУЗов, курсов профессиональной

подготовки, доступ к конференциям с участием иностранных педагогов, открытый доступ к сообществам педагогов с момента поступления в ВУЗ, возможность получения профессионального опыта и навыков, позволяющих сформировать у будущего учителя такие компетенции как эмпатия, креативность, коммуникабельность и другие компетенции человека XXI века.

Будущий учитель, кроме основных профильных дисциплин, должен глубоко изучать такие дисциплины, как социальная и возрастная психология, психология личности, возрастная педагогика.

К моменту, когда студенты готовы приступить к профессиональной деятельности, они должны четко понимать, чем они будут заниматься обучая младших школьников, владеть методологией и понимать, что преподавание - это их предназначение.

Вывод о том, что в формировании мотивации учения у учащихся всех возрастов, большую роль играет личность педагога, напрашивается сам. Таким образом, я считаю, что работу над мотивацией младших школьников к учебной деятельности необходимо начинать с формирования любви к своей профессиональной деятельности у студентов педагогических факультетов, посредством демонстрации таковой и при помощи практического применения полученных знаний и навыков в процессе обучения.

Список использованной литературы:

- 1.Ильин Е.П. Мотивация и мотивы. – Владос, 1997.
- 2.Шадриков В. Введение в психологию: способности человека. – М., Логос, 2002.
- 3.Маркова А.К., Формирование мотивации учения: книга для учителей. –М.: Просвещение, 1990.
- 4.Божович Л.И. Проблемы развития мотивационной сферы ребенка / Изучение мотивации поведения ребенка и подростков / Под ред. Л.И.Божович, Л.В.Благонадежиной. – М., 1972.
- 5.Педагогика и психология высшей школы./под. ред. М.В.Булановой-Топорковой: Учебное пособие. – Ростов н/Д:Феникс, 2002. – 544 с.

УДК. 37. 475.08

ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

ИЗАТОВА Л.Я.

Республика Казахстан, Жамбылская область, Байзакский район,
средняя школа имени Николая Гоголя, учитель начальных классов

ЖАСИМОВА Д.Я.

Республика Казахстан, Жамбылская область, Байзакский район,
средняя школа имени Николая Гоголя, учитель начальных классов

Түйіндеме. Бұл мақалада бастауыш сыныптардағы заманауи білім беру тұжырымдамалары және бастауыш сынып мұғалімдерінің жұмысында АКТ құралдарын қолданудың тиімділігі қарастырылады.

Summary. This article examines the concepts of modern education in primary schools and the effectiveness of using ICT tools in the work of primary school teachers.

Под инновационными технологиями в образовании мы понимаем процесс совершенствования педагогических технологий, комплекс методов, приемов и средств обучения. В настоящий период инновационная образовательная деятельность считается одной из основных составляющих образовательной деятельности любого учебного заведения. Данная инновационная деятельность, которая не только формирует базу для создания конкурентоспособности образовательному учреждению на рынке образовательных услуг, однако и устанавливает направление профессионального роста учителя, его творческий поиск и по сути способствует личностному росту обучающихся.

Поэтому инновационная деятельность неразрывно связана с научно-методической деятельностью преподавателей научных работников. Инновации в образовании начинаются с

уважения индивидуальности учащегося и превращения традиционной модели взаимоотношений учителя и ученика в личностную модель.

В младшем школьном возрасте прослеживается активное формирование таких личностных качеств, как мышление, внимание, память и воображение. В этом возрасте начинается социальное и личностное развитие ребенка, его вступление в жизнь общества. Инновации в образовании должны нести, в первую очередь, процесс развития уверенности маленького человека в себе, своей силе. Следует обратить вспять авторитаризм образования в мышлении учителей, для того чтобы они имели возможность поставить ребенка на один уровень с самим собой, предоставить ребенку возможность адекватно управлять собой и окружающей его средой. В таком случае важно отметить, что инновационные технологии в образовании, в первую очередь, обязаны быть направлены на создание личности, настроенной на результат в любой сфере своих возможностей, поэтому инновационные технологии занимают захватывают существенную роль в профессиональной деятельности учителя.

Необходимость использования инструментов ИКТ в работе учителей начальных классов продиктована возрастными характеристиками учащихся, а именно потребность наглядной демонстрации учебного материала, процессов и явлений. Главными направлениями деятельности по использованию ИКТ считаются:

- мультимедийные обучение, которые проводятся на базе компьютерных обучающих программ: «Уроки казахского и русского языка», «Уроки математики» для 1-4 классов;
- дистанционные олимпиады и соревнования;
- уроки по авторским компьютерным презентациям в форма проектов учащихся.

Практическая деятельность применения ИКТ учителями начальной школы приводит к следующему заключению: применение ИКТ в классе дает преимущества по сравнению с традиционным образованием, а именно:

1. Современность и актуальность учебного материала.
2. Наличие дополнительного и сопутствующего материала.
3. Возможность печати материала с целью дальнейшей индивидуальной работы.
4. Обучение через игры или практические занятия.
5. Повышение интереса обучающихся к обучению.
6. Более точная организация деятельности учителя.

В целом применение технологий увеличивает качество знаний и умений обучающихся. Инновации в обучении связаны с творческим поиском на базе имеющегося опыта, сосредоточенного на обеспечение исследовательского характера образовательного процесса, систему поискового обучения и познавательной работы. Новаторскими являются процессы, сопряженные с характером взаимодействия педагога и обучающихся с их позициями в процессе обучения, если они сформировывают конкретные требования с целью активной и инициативной позиции в ходе обучения: не просто усваивают материал, однако и узнают первопричину, ведя активный разговор с участниками образовательного процесса; в отсутствии поддержки выступать из-за границ своих собственных познаний, для того чтобы обнаруживать методы и действовать в новых ситуациях, что является основной ценностью и целью образования; сформировать умение обучаться.

Мы занимаемся образовательными исследовательскими проектами младших школьников. Основная концепция метода проекта состоит в ориентации учебно-познавательной работы обучающихся на результат, что получается посредством решения практической и теоретической задачи. Проектная деятельность предполагает собой общую учебную, познавательную, творческую и игровую деятельность, что имеет общую цель, скоординированную деятельность, нацеленную на достижение единого результата. Применение элементов исследования в обучении дает возможность нам не столько учить детей, сколько учиться, направлять их познавательную деятельность. С огромным интересом дети принимают участие в различных видах исследовательской работы.

Метод проектов дает возможность осуществить действительно исследовательскую, творческую, самостоятельную работу в течение учебного периода, посвященного изучению предмета. Основной целью учителей с применением инновационных технологий считается: развитие морально-правовой, эмоционально-эстетической, интеллектуально-информационной и коммуникативной культуры, а кроме того культуры здоровья обучающихся. Они устанавливают каждого ребенка в позицию активного участника, предоставляют возможность осуществить индивидуальные творческие идеи, научиться работать в команде. Данное приводит к

сплоченности класса, формированию у них коммуникативных навыков. Это формирует атмосферу к единому интересу к творчеству. Каждый вносит вклад в единое дело, выступает как разработчик, и исполнитель и, таким образом, несет обязанность за предпринятые действия.

Применение инновационных технологий в разных классах начальной школы дает возможность перейти от объяснительно-иллюстрированного метода обучения к методу деятельности, в коем ребенок становится активным субъектом учебной деятельности. Это содействует осознанному обучению обучающихся.

Уроки использования инновационных технологий – один из основных направлений инновационной деятельности в школе. Инновационные технологии возможно использовать практически по любому школьному предмету. Одна важная вещь - отыскать границу, что даст возможность сделать урок по-настоящему познавательным и информативным. Применение инновационных технологий позволяет сделать урок современным, содействует внушительному улучшению качества образования.

Анализируя опыт применения инновационных технологий в различных классах начальной школы, можно с уверенностью сказать, что это позволяет

1. обеспечить позитивную учебную мотивацию;
2. проводить занятия на высоком эстетическом и эмоциональном уровне (музыка, анимация);
3. обеспечить высокую степень дифференциации обучения (практически индивидуализация);
4. увеличить объем выполненных работ в классе в 1,5 - 2 раза;
5. улучшить контроль знаний;
6. рационально организовать учебный процесс, повысить эффективность урока;
7. развивать подлинные исследовательские навыки;
8. обеспечить доступ к различным справочным системам, электронным библиотекам и другим информационным ресурсам.

Создавая или используя информационные технологии можно с уверенностью сказать, что они положительно влияют на уровень знаний младших школьников.

Список использованной литературы:

1. Андреева Р.П. Этимологический словарь для школьников. Изд. Дом “Литера”, С.-Пб., 2005.
2. Волина В. Весёлая грамматика. М.: Алма-Пресс, 1999.
3. Компьютеризация обучения: Проблемы и перспективы. М.: Знание, 1986
4. Кукушин В.С. Современные педагогические технологии. Начальная школа. Пособие для учителя. Ростов н/Д: изд-во “Феникс”, 2003.
5. Львов М.Р. Правописание в начальных классах. – М.: Просвещение, 1990..
6. Николаева Л.П., Иванова И.В. Работа со словарными словами. М.: “Экзамен”, 2008
7. Обучение для будущего (при поддержке Microsoft): учеб. Пособие. М.: Издательско-торговый дом “Русская редакция”, 2004.

ӘОЖ 37.085.

ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ АРҚЫЛЫ ЖАҢА ТҮРПАТТАҒЫ МҰҒАЛІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ТЕЛТАЕВ Н.Т.

Николай Гоголь атындағы орта мектебінің директоры, информатика пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

ТОЙБЕКОВА М.З.

Николай Гоголь атындағы орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,
бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В статье раскрываются особенности и способы повышения квалификации педагогов. Кроме того, будет определена система мер, направленных на формирование новой формации учителей в школьной среде, новые формы методической деятельности на современном этапе пути повышения уровня квалификации.

Summary. The article reveals the features in the methods of professional development of teachers. In addition, a system of measures aimed at forming a new formation of teachers in the school environment, new forms of methodological activities at the present stage of the path to improving the level of qualification will be determined.

Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекеттер қатарына қосылғаннан бері қоғамды ақпараттандырудан туындаған өзгерістер оның барлық салаларымен қатар мұғалімдік кәсіби қызметке де өз ықпалдарын тигізуде [1]

Білім – адам сапаларының өзгеруін басқаратын үрдіс болғандықтан, ол педагогикалық мамандықтың кәсіби біліктілік қабілеттерін дамытуға бағытталады. Сондықтан «адамды» өмір сүру барысында өзгеруге әлеуеті жететін ашық жүйе деп қарастырғанмыз жөн. Ол белгілі бір саладағы маман болғандықтан, «адамды» — маман тұрғысынан қарау «біліктілік» ұғымына шығарады.

Біліктілік – бұл білімді меңгерудегі, тәжірибедегі білімділікті, құндылықты бейнелейтін жалпы қабілеттілік

Педагогтардың біліктілігін арттыру - білім беру реформасының өзекті мәселесі болып қала бермек және осы бағытта республикамызда ауқымды жұмыстар атқарылуда. Мұғалімдердің де ғаламдық көштің ағымына қарай білімдерін жетілдіріп отыруы олардың кәсіби міндеті.[2]

Бүгінгі күн мұғалімнің біліктілігін арттыруды жалпықоғамдық мәселе ретінде қарастыру қажеттігі туған кезең. Себебі білімді тереңдету, молайту, жетілдіру, арттыру жеке басы үшін ғана емес, қазіргі қоғамға қажет әрекет деп қабылдауымыз керек. Бұл мұғалімнің өз қызметінде табысқа жетуін ғана көздемейді, оның аясын одан әлдеқайда кеңірек қарастыру қажет.

Еліміздің бүгінгі мен ертеңі өскелең ұрпақ еншісінде. Ал осы ұрпақты бүгінгі таңда жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары, өз бетімен ізденуге қабілетті етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы – оқушыны шығармашылыққа жетелеу. Бұл мұғалімнен терең біліктілікті қажет етеді. Себебі шығармашыл ұстаз ғана шығармашыл тұлғаны қалыптастыра алады. Бүгінгі қазақстандық мектептерге қоғамның қарқынды дамуына ілесе алатын, заман талабына сай ойлайтын, ғылыми-әдістемелік білімі жеткілікті, педагогика мен психологияны терең меңгерген ізденімпаз мұғалім қажет. Бұл мұғалімнің кәсіби шеберлігінен көрінеді. Басқаша айтқанда, білім беру үдерісі мұғалімнің дайындық деңгейі мен мамандық сапасына үлкен талап қояды. Ол мұғалімнің өзін-өзі дамуына, өзіндік білім алуына және өздігінен шығармашылық түрде қызметтерін іске асыруға мүмкіндік береді.

Мұғалім – бүгінгі оқушы – ертеңгі қоғамның, елдің тірегі өмірге дайындаушы. Бұл мамандықтың құндылығы да осында деп түсінгеніміз дұрыс. Мұғалімнің кәсіби біліктілігі оның іс-әрекетінің тиімді болуының теориялық және жалпы әдіснамалық негізі болып табылады. Оның кәсіби білігі оның практикалық қызметінде іске асырылады, сондықтан ол, оның жалпыпедагогикалық, әдістемелік біліктілігімен, дағдысымен тығыз байланысты.

Мұғалімдердің өз білімдерін жүйелі көтеріп отырулары – олардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал ететін негізгі фактор. Еліміздің білім беру саясатындағы көкейтесті мәселелердің бірі де осы мұғалімдердің біліктіліктерін жүйелі арттыру болып табылады. Оның мұғалімнің кәсіби біліктілігін қалыптастыруда алатын орны ерекше. [3]

«Біліктілік» деп қандай да бір еңбектің түріне дайындалудың, дайындық дәрежесінің деңгейін айтады. Кез-келген қызметкер біліктілігін ұдайы жетілдіріп отыруы қажет.

Мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру екі бағытта жүргізілуі тиіс:

- Мұғалімнің кәсіптік жұмысының мәнін үйлесімді өзгерту, яғни күтетін нәтижеге жету үшін оқу үрдісін шығармашылықпен үйлестіру.

- Білім беру барысында мұғалімнің зерттеушілік бағыттағы қызметін күшейтуге байланысты мұғалімнен кәсіптілікті кеңейтуді талап ету.

Біліктілікті арттырудың негізгі аспектілерінің ішінен мыналарды бөліп алуға болады.

Қызметтік (Мақсаты, міндеті, жұмыс мазмұны, формасы, әдістер және нәтижесі).

Мазмұндық (Әдістемелік, ғылыми-теориялық білімді практикада қолдана білуге жағдай туғызу.)

Басқарушылық (Талдау, жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, танып-білу.)

Осы үш аспект бойынша біліктілігін жетілдірген мұғалім өз қызметіне талап деңгейінде қарайтыны белгілі.

Педагогтардың кәсіби-педагогикалық қасиеттерін қалыптастыру, жетілдіру жұмысына сапалық серпіліс жасауға, оған шын мәнінде үздіксіз, біртұтастық сипат беруге, мектептен бастап, білім беру мекемелерінің, арнаулы, жоғары білім беретін оқу орындарының бірігіп ғылыми-практикалық және әдістемелік тұрғыда жұмыс жасауын қолға алуға, яғни үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесінің біртұтастық, бірізділік, икемді, динамикалық, т.б. қасиеттерге ие интегративті сапасын өмірде пайдалануға баса назар аудару бүгінгі күн талабы. Осыған байланысты мектеп жағдайында жаңа формацияда ұстазды қалай қалыптастыруға болады деген сұраққа жауап іздеу әрбір мектеп басшыларының басты міндеті болмақ.

Жаңа формациядағы – ұстаз – ізденімпаз өзіне талап қоя білетін, кәсіби – құзырлылық және шеберлілік деңгейі жоғары, рухы биік, даралық сапалары жетілген, шығар тауы биік маман.

Осы жауапты іздеу барысында мектепте педагогтың жеке біліктілігін арттыру картасы үлкен көмек болады. Ол мынадай бөлімдерден тұрады:

- 1.Өзара сабаққа қатысу.
- 2.Ашық сабақ өткізу.
- 3.Семинарға қатысу, өткізу.
- 4.Біліктілікті арттыру курстарынан өту.
- 5.Авторлық курстардан өту.
- 6..Ақпараттық технология курстары (Компьютер курстары).
- 7.Пәндік білім беру бойынша курстар.
8. Іс-әжірибені тарату.
9. Шығармашылық жұмысын жинаққа ендіру.
- 10.Конференция, байқауларға, сайыстарға қатысу.
- 11.Дидактикалық — әдістемелік құрал дайындау.
- 12.Басылымдарға мақала беру.
- 13.Ғылыми–ізденіс жұмысын жүргізу.
- 14.Өз бетімен білім көтеру.

Жоғарыда аталған жұмыс түрлерінің басым көпшілігі мұғалімдердің өз кәсіби деңгейінің қаншалықты екендігін көрсетеді және өзіне-өзі есеп беруі арқылы бағаланады. Осы орайда мұғалімдердің біліктілігін арттырудың ерекше бір нысаны-бұл біліктілікті арттыру курстары деп білемін. Біліктілікті арттыру курстары- білімді жетілдіруге мүмкіндік беретін, кәсіби шеберлікті шыңдап дамытып отыруға аса қажетті нысан.Біліктілік курстарынан өту арқылы педагогтер жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымын, мақсаттары мен міндеттерін меңгере отырып, тиімді оқыту мен оқу материалдарын пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес қолдана алады. Оқу бағдарламасымен бірге пайдаланылатын бағалау моделіне қол жеткізудегі критериялды бағалау жүйесін, жаңартылған білім беру бағдарламасына байланысты тиісті оқыту әдістемесін тиімді қолдануды игереді. Кәсіби біліктіліктерін дамытады.

Қорыта айтқанда, осы бағыттағы жұмыстар үнемі және жоспарлы жүріп тұратын болса, біздің мұғалімдер заман талабына лайықты болып, жаңалықтарды дер кезінде біліп, меңгеріп, өз жұмыстарын сапалы атқарады және де мұғалімнің үнемі ізденісте болуы оның жаңа тұрпатты мұғалім болып қалыптасуына әсер етеді деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Жайтапова А.Ә., Шамина Г.А. «Әдіскер қызметінің мазмұны білім беруді жаңарту тұрғысынан» - Алматы 2007 ж.
- 2.Елшібаева К.Ф «Педагогтардың кәсіби-эмоционалды «күйреуінің» психологиялық алдын алу» Алматы, 2015 ж
- 3.Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы (2-деңгей). –Астана, 2015-124 б.
4. Google. https://kodeksy-kz.com/dictionary/b/biliktilik_sanaty_razryady.htm

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

АХАТАЕВА А.М.

Б.Алтынсарин атындағы орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

ЖАМАШЕВА Ж.Р.

Б.Алтынсарин атындағы орта мектебінің орыс тілі пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В статье рассмотрена рефлексивная деятельность учащихся как механизм развития личности, рассмотрен деятельностный подход к рефлексии, обоснована актуальность и сущность рефлексивной деятельности учащихся.

Summary. The article considers the reflexive activity of students as a mechanism of personality development, considers the tendency to reflexive activity, substantiates the relevance and essence of the reflexive activity of students.

Инновация термині қазірде білім берудің теориясы мен тәжірибесінде кеңінен қолданылып жүр. Біз үшін инновациялық алаң – инновациялық үрдіс жүзеге асып жатқа білім беру кеңістігі (мектеп, ЖОО және т.б.). Ал, инновациялық жанұя – инновациялық тәртіп қызметіндегі қоғамдық білім беру, ұжым.

Инновациялық оқытудың маңызды факторы мұғалімнің оқушының тақырыптың мәнін өз бетімен меңгеруін түсінуі мен бағалай алуы болып табылады. Мұндай тәсіл бұл үдеріске оқушының өзінің де қатысуын талап етеді. Осылайша, оқушы да өзінің оқуы үшін жауапты болады. Оқушы мұндай жауапкершілікті көбіне сабақ беру барысында мұғалім қалыптастыратын ортада сезініп, қабылдайды.

Сондай-ақ инновациялық әдістерді пайдалана отырып оқыту оқушының: еркін ойлануына мүмкіндік береді, ақыл-ойын дамытады; шығармашылық белсенділігін арттырады; ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелейді; тіл байлығын жетілдіреді; жан-жақты ізденушілігін арттырады. Сондай-ақ мұғалімдер үшін де пайдалы: түрлі әдістерді пайдалану арқылы сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі; оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік береді; әр оқушының білім деңгейін анықтауға болады; оқушыларды ізденіске баулып, өз бетінше жұмыс істеуге үйретеді; оқушылардың барлығын бағалауға болады.

Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі - рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және т.б. құзыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Соңғы жылдары педагогикалық тәжірибеде рефлексияға көп көңіл бөлініп жүр. Джон Дьюи мен Дональд Шон кез келген мұғалім «Рефлексивті практик» болулары керек деген пікір қалыптастырған. Дьюидің «*Біз қалай ойлаймыз?*» (1910) деген еңбегінде рефлексивті ойдың білім беруге ерекше ықпал ететіндігі туралы айтса, Шонның «Рефлексивті практик: кәсіби іс-әрекетте қалайша ойланады» (1983) деген кітабында «ойлану» түсінігін «іс-әрекеттегі толғаныс» және «іс-әрекеттен кейінгі толғаныс» деп бөліп, бірқатар түсініктемелер келтірген.

Жаңа дәуір философиялық идеялары «өзіндік» және «мен» ұғымдарына бағытталады. Жаңа құндылық - адамның өзіндік «мен» құндылығы пайда болды. Бұдан басқа да рефлексия жайында айтылған философиялық ойлар негізінен «адамның өзіне бағытталған зерттеу жұмысы», «өзінің ақылы мен рухыңды өзінің бақылауың» дегенге келіп саяды. Кузьмина (Головко-Гаршина) Нина Васильевна адам өзін - өзі іске қосу барысында дамуға мүмкіндік алады дей келе, ол үшін әр түрлі дереккөздерден алынған білімді жинақтау, оларды тәжірибеде қолдану үшін жүйеге келтіру, «кері байланысты» жүзеге асыру сияқты әрекеттер жасайтынына тоқталады [1]. Наталья Борисовна Ковалева [2] және Игорь Никитович Семенов [3] кәсіби шығармашылықтағы рефлексияның рөліне байланысты оны әр түрлі кәсіби позицияларға өтудегі икемділік деп есептейді.

Рефлексивті білім беруге білім алушылардың не үйренгендері жайында сыни тұрғыдан ойлауы да жатады. Себебі тек рефлексия оқу үдерісіне, өзінің іс-әрекетіне өз бетінше баға беру мен оның нәтижелерін ескеруге мүмкіндік береді. Іс-тәжірибемде көрсеткендей, мұғалімдер, негізінен, оқушылардың эмоциялық күйін түсінуге, сабақ немесе оқу курсы барысында олардың қарқынын тексеруге мүмкіндік беретін рефлексияның әр түрлі тәсілдерін пайдаланады. Мұнда көбінесе рефлексивтік материалдың үлкен құндылығы қажетті деңгейде бағаланбайды.

Білім беру үдерісінде рефлексивті практиканы пайдалану «оқушы-мұғалім» жүйесінде тиімді және шын мағынасында субъект аралық қатынастарды орнатуға мүмкіндік береді. Рефлексия бүкіл білім беру үдерісінің іргетасы бола алады. Сондай-ақ рефлексияланатын тәжірибе негізінде оқытудың өзі тиімді, себебі рефлексия өз бетінше жеке адамның санасында әрқашан жаңа білімді тудырушы.

Рефлексивтік тәсілдердің уақыт бағыттылығына қарай келесі түрлерге жіктеуге болады:

- Осы уақытқа дейінгі өз тәжірибесіне сыни көзбен қарап, бұрынғы уақытта орын алған сұлбаны, құралдар мен оқыту үдерістерін анықтау және қайта жасау.
- Болашақта өз тәжірибесіне қандай өзгеріс енгізетінін және қалай жүзеге асыруды жоспарлау. Мүмкін болатын іс-әрекетінің сұлбасы мен құралдарын анықтау.
- Іс-әрекетті жүзеге асыру барысында ойлау үдерісін бақылау, түзету немесе күрделендіру.

Рефлексияның оқу үдерісін байыту және сапалы қайта құру үшін мүмкіндіктері қаншалықты кең екенін тіпті осы қарапайым жіктеу көрсетеді.

Рефлексияны пайдалану әр адамның өзіндік тұлғалық дамуына да өзекті екендігіне назар аударуымыз керек. Сауатты және жүйелі қолданылатын рефлексия психологиялық-педагогикалық зерттеудің күшті құралы, жеке тұлғалық дамуын өзектілейтін және кәсіби эмоциялық күйіп кетуіне тиімді «иммунизация» құралы бола алады. Сондықтан «Рефлексия» қазіргі кездегі білім саласындағы көкейтесті мәселелер қатарына жатады.

Рефлексияның мәні – адамның өзінің білімін, білімінің негізін, оларды меңгерудің жолдарын анықтау.

Рефлексивті орталық тұлғаның шығармашылық еркіндігі, ол – дамытушылық қарым-қатынас жүйесі. Мұндай ортаның барлық қатысушылары ашық бірлескен әрекетті бірлесе талдау арқылы өздерінің ішкі «қорларын» ашуға мүмкіндік алады. Біліктілікті арттыру жүйесіндегі рефлексиялық орта дамытушылық, дамушылық қарым - қатынастар жүйесі болып табылады. Ол субъектінің ішкі әлеміне қатысты көп деңгейлі және күрделі үрдіс. Мұнда субъектілердің ашықтығын, психологиялық теңдігін сақтау басты шарттардың бірі болып табылады. Мұндай жағдай мұғалімдердің бірін - бірі толықтыра отырып, бірлесе дамуға жетелейді.

Рефлексиялық мәдениетті дамытудың қазіргі кездегі мәнінің артуы әр түрлі инновациялық - гуманистік әдістердің пайда болуына әкелді. Қазіргі білімдік мақсаттарға сай білім алушыны рефлексия жасауға дағдыландыру басты мақсатының бірі болғандықтан, ол – сабақтың да негізгі компоненттерінің бірі болуы тиіс. Рефлексивтік іс-әрекет білім алушыға өзіндік талдау кезінде ғана байқалатын өзіндік жеке дара ерекшеліктерін тануына мүмкіндік туғызады. Білімді саналы түрде өзіндік қорыту, яғни рефлексия нәтижесінде ғана жүзеге асыруға болады. Рефлексия нәтижесі дегеніміз - міндеттерді шешу тәсілдерін түсіну және алған өзара әрекеттестік нәтижесінде өз дамуының өнімділігін бағалау.

Мұғалім ең алдымен *өзін-өзі дамыту* қабілетін қалыптастыруға, педагогикалық шеберліктің дамуына ат салысу керек. Өйткені, біздің қоғамға жаңа мағлұматтарды қабылдап қана қоймай, оны ойлана отырып, сыни талқылап, ой елегінен өткізе білетін ұрпақ қажет. Яғни, оқушылар мағлұматтар мен идеяларды өз беттерімен, тәуелсіз меңгеріп, осы алған мәліметтері пайдалы болатындай ойланулары керек. Олар жаңа идеяларды әр түрлі көзқараспен зерттеп, шынайылығы мен пайдасын талқылап, идеяның жалпы құндылығын анықтай алулары қажет. Сондықтан сыни тұрғыдан ойлайтын мұғалімдер ғана балалардың сыни тұрғыдан ойлауына, дамуына ықпал ете алады. Бірақ, ең алдымен, біз рефлексивті білім беру ұғымын саралап, сыни тұрғыдан ойлаудың білім беру бағдарламасында туындаған қажеттілігін ескеруіміз керек.

Білім алушылардың кез келген іс-әрекетінің кез келген кезеңі рефлексиямен аяқталуы керек.

Білім алушылардың рефлексиялық мәдениеті келесі компоненттермен сипатталады:

- адамның проблемалы ситуацияларды шығармашылықпен түсіну және жеңуге дайындығымен және қабілетімен;
- жаңа білім мен құндылықтарды меңгеру іскерліктерімен;
- үйреншікті емес тұлғааралық қарым-қатынастар жүйесінде бейімделу іскерлігімен;

- ерекше практикалық тапсырмаларды қою және шешу;
- белгісіздікте жұмыс жасау іскерлігі.

Біздің міндетіміз білім алушылармен шығармашылық байланысты қамтамасыз ету, сондай-ақ іс-әрекеттері арасындағы байланысты арттырып, білім алу үрдісінің қарқындылығын, оқыту және дайындық деңгейін көтеру, рефлексияға қабілеттілігін арттыру.

Джон Дьюи мен Дональд Шонның кітаптарында «ойлану» түсінігін «іс-әрекеттегі толғаныс» және «іс-әрекеттен кейінгі толғаныс» деп көрсеткендей, мұғалімдер сабақ жайлы ой толғау және өзіндік ой толғау деген не екенін түсінгені маңызды болар еді.

Мұғалімдерге «өз сабағына» сырттан қарауға, оқытуындағы жақсы жақтарды көре білуіне және өз ойындағыдай болмаса, сұрақ қоя білуіне, қалай жоспарлағаны туралы ойланып, келесі сабақта не нәрсеге көңіл бөлу керектігін көре білуге, рефлексия жасауға дағдыландыруды мақсат ету керек деп ойлаймын.

Көптеген мұғалімдерді оқушылардың негізінде бүгін нені білу керектігі емес, өздерінің сабақ жоспары, өз міндеттері мен стратегиялары көп ойландырады. Олар өздерін және стратегияларды ғана көреді, өз дауыстарын естіп, және өздерінің әрекетін бақылап, тіпті кейбіреулері алдарында отырған оқушыларды «аңғармайды». Мұндай жағдайда мұғалімді мазалайтын мына сұрақтар болуға тиіс: Осы стратегияны не үшін қолданамын? Осы стратегияны қалай қолданып, сабақтың мақсатына қалай жетемін? Біз тапсырмаларды оқушымен қалай орындаймыз?

Рефлексия – бұл стратегия емес, бұл – дағды, бірақ ол барлық стратегия мен әдістерді ауыстыра алады. Кез келген жағдайда мұғалім ой толғаныс жасай алса, оның әрекеті аяқ астынан болмайды, мұндай мұғалімдерді тез әрі нақты жауап қызықтырмайды, таным процесі қызықтырады.

Мұғалім өз сабағы жайлы ой толғаныс айтқанда, әдетте олар сынау мен қалай оқыту керектігі жайлы кеңесті күтеді. Алайда олардың әрекетін сынап, талдаудың орнына, сабақ барысы туралы әр түрлі сұрақтар қойып, оған жан-жақты ойлануға және үйренуге көмектесіп отыру қажет. Мүмкіндігінше өз қатесін көруге көмектесу. Жіберілген кейбір сәтсіздіктерді өзіндік рефлексия жасау кезінде, келесі жолы оны басқаша жасауды өзі ойланатындай әрекет жасау керек деп есептеймін.

Рефлексиялық қабілеті дамыған ұстаз өз оқушыларында осы сапаны дамытуды, дарытуды есте есінен шығармайды. Қазіргі білімдік мақсаттарға сай білім алушыны рефлексия жасауға дағдыландыру мұғалімнің басты міндеттерінің бірі болғандықтан, ол-сабақтың да негізгі компоненттерінің бірі болуы тиіс. Сабақ барысында мұғалім де оқушылар да рефлексия жасауды үйренеді. Рефлексия деген өз жұмысына талдау жасау. Осы жерде ұлы данышпан Абай қарасөздерімен үндестікті көре аламыз. «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал!» деген, біз өзімізге есеп бере отырып, іштей кемшілігімізді мойындаймыз, ол кемшіліктің кету себебін бірге іздейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кузьмина Н.В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения. М., 1990.
2. Ковалева Н.Б. Подростки на пересечении миров: СДИ или поиски выхода из лабиринта. // Сборник научных статей «На пороге взросления», М, МГППУ, 2012 .
3. Семенов И.Н. Проблемы рефлексивной психологии решения творческих задач. М. НИИ ОПП АПН СССР. 1990

ӘОЖ. 51-7

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

СПАНАЛИЕВА А.С.

Николай Гоголь атындағы орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

ТАСБАУОВА Д.А.

Резюме. В статье рассматриваются вопросы развития функциональной грамотности учащихся с применением новых технологий на уроках математики.

Summary. The article deals with the development of functional literacy of students using new technologies in mathematics lessons

*«Сабақ беру – үйреністі жай ғана шеберлік емес,
ол үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер»
Жүсіпбек Аймауытов.*

Білім алуудағы қажеттіліктерді күнделікті сабақта қолдану әр мұғалімнің алға қойған мақсаты. Сапалы оқыту, оқытудың озық технологияларын тиімді пайдалану жолдарын меңгеру. Зияткер, рухани, адами тұрғысында дамыған, әлемдегі әлеуметтік өмірге бейімдеу т.с.с. көптеген мақсаттар әр ұстаздың алдында тұрады.

Білім беру үрдісінде оқытудың жаңа технологияларын айқындайтын әдістемелік, педагогикалық басылымдармен танысу, әр мұғалімнің міндеті болып табылады. Сабақта оқытудың жаңа технологияларын тиімді қолдана білу, оқушының таным белсенділігін қалыптастыру барысында шығармашылық ізденістің тиімді жолдарын үйрету, білім сапасын көтеру міндеттері білім беру мамандардың алдына қойған актуалды мәселесі.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша қабылдаған ұлттық жоспардың мақсаты – Қазақстан білім сапасын жетілдірудегі, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі атқарылатын іс-шаралардың жүйелілігі мен тұтастығын қамтамасыз ету.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы.

Математикалық сауаттылық дегеніміз – математикалық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің, оқушылар дүниенің ғылыми бейнесін меңгеру.

Ой-өрісі кең тұлғаны қалыптастыруда жаратылыстану пәндерінің орны ерекше. Қазіргі кезде математика пәнін оқытуда оқушылардың функционалдық ойлау қабілеті мен шығармашылық тұрғыдағы жұмысын дамытуда өз бетімен жұмыс жасаулары және логикалық тапсырмаларды орындаудың маңызы зор.

Бүгінгі күнде математика пәнін сапалы оқыту ізденістері – пән мұғалімін толғандырып отырған келелі мәселелердің бірі. Сыни тұрғыдан ойлау барысында, бала өз заманының озық өнегесін санасына сіңіреді, функционалдық сауаттылығы артады, басқаның пікірін тыңдауға дағдыланады және өзі де пікір айтуға үйренеді.

Математика пәнін оқуда сыни тұрғыдан ойлау технологиясының тиімділігі. Математиканы оқытудың мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологияларды тиімді пайдалану қажет. Математика сабағында оқушылар өз бетінше білу дағдыларын дамыту баға жетпес құндылықтарының бірі. Жаттығуларды өз бетінше тексеріп, қорытынды жасай білетін тұлға қалыптастыру мақсатында жаңа технологиялар әдістерін кеңінен қолдану қажет. Математика сабағында сыни тұрғыдан ойлау технологиясының әр түрлі стратегияларын қолдана отырып, өз бетінше жұмыс істеу факторы – есептерді шығара білу.

Шапшаңдылық дағдыларын ұйымдастыра отырып, оқушылардың құзыреттілігін арттыру арқылы шығармашылықтарын дамыту. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда, оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға, тез арада шешім қабылдауға көмектесетін бірден бір тиімді технология. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын пайдаланатын әр ұстаз өз педагогикалық қызметінде оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасқа деген көзқарасының мүлдем өзгергенін байқайды. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз - сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойынды еркін және зерттей талпындырып тұжырым жасау.

Ой қозғай отырып оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап естіген-білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп білмегенін өзі реттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау. Өз бетімен және бірлесіп тұжырым жасауға шығармашылық жұмыс жасау.

Өзім сабақ беретін 5-7 сыныптарда менің жұмыс тәжірибемнің мақсаты: математика сабағында бағдарлама материалын сапалы меңгерту үшін оқыту мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы арқылы және топтық жұмыс түрлерін, деңгейлік тапсырмаларды орындату, тірек сызбаларды, ойын түрлерін қолданып, логикалық және эксперименттік мазмұнды есептер шығарта отырып, оқушыларды бір-бірімен пікірлесе білуге, ойларын нақты, ашық жеткізе білуге, тұжырымдарын жасауға үйрету. Оқушылардың өткен материалды қаншалықты меңгергендігін білу үшін бір тарауды толық өткеннен кейін қайталау сабағы есебінде 5 сыныпта өткізген жарыс сабағыма тоқталайын.

Жарыс сабағы барысында оқушылардың пәнге қызығушылығы мен ойлау қабілеті артатыны байқалды. Бұл ойын түрін сабағыма пайдаланудағы мақсатым – оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытып, пәнге қызығушылығын арттыру.

«Математикалық-лото» ойынында түрлі кеспе қағаздарға есептер дайындаймыз. Кеспе қағаздардың артына сурет салынады. Жауаптарын дұрыс орналастыратын болса, кеспе қағаздағы сурет дұрыс шығады. Ал, суреттің дұрыс құрастырылуы балалар қызығушылығын арттыра түсері анық. 7 сынып геометрия сабағында «Математикалық-лото» ойынын сынып оқушыларын екі топқа бөліп беруге де болады. «Математикалық-лото» ойының мынандай түрде де жүргізуге болады. Мұнда геометриялық фигуралардың аттары жазылып, тақтаға ілінеді. Оқушылар осы фигуралардың аудандарының формулаларын дұрыс тауып қоюлары керек. Логикалық ойындарды сергіту сәті ретінде қолданамын.

Әрбір оқушының және бүкіл сыныптың оқу материалын меңгеру деңгейін анықтау үшін білімін жазбаша тексеру тәсілдерінің бірі семантикалық картамен жұмыс. Семантикалық картамен жұмысты жаңа сабақты бекіту мақсатында ұйымдастырылған тиімді деп ойлаймын. Семантикалық карта көмегімен анықтамаларды, ережелерді, қасиеттерді тұжырымдау, сондай-ақ есеп шығару барысында қолдану іскерліктерін қалыптастырады. Мектепте жаңа буын оқулықтары бойынша математикадан сабақ беріп келемін. Оқулықтағы тапсырмалар деңгейлік тапсырмалар болып бөлінген .

Мұндағы I деңгей тапсырмалары: меңгерілген білімді үлгі бойынша пайдалана білу, II деңгей меңгерілген білімді өзгертілген жағдайда қолдана білу, III деңгей шығармашылық, яғни математика оқулығындағы әр түрлі сұрақтар, есептер, оқушылардың логикалық ойлау, шығармашылықпен ойлауын дамытатын, әр түрлі әдіс-тәсілдермен меңгертуге көмектеседі, яғни жеңілден күрделіге қарай тапсырмалар реттілікпен сақталып берілген.

Қазіргі ғылым мен техниканың даму кезінде алдымыздағы шәкірттің жан-жақты білімді, ой-өрісі кең болып шығуына ықпал ететін мұғалім екені түсінікті. Сабақта шығарылатын есептер оқушының ойлау қабілетін математика тілін дамытып, шығармашылықпен жұмыс істеуге негізделе құрылған. Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту үшін оқушылардың сапалы есептерді өз бетінше шығаруына көп көңіл бөлемін. Деңгейлік есептер оқушының логикалық ойлау қасиетін шыңдайды және пәнге деген қызығушылығын арттырады. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші мұғалімдеріміз оқушыларды жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. «Қазіргі заманғы жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет», – деп Президент атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үдерісіне оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор, сондай-ақ, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің жыл сайынғы Жолдауында «функционалдық сауаттылықты арттыруды» негізгі тапсырма етіп жүктеуі бекер емес. Оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы.

Қорыта айтқанда, педагогтің шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өткізуі – бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғары деңгейде сабақ беретін оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абыройдың үлкені, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.«Президент жолдауы», 2020ж. .

ӘОЖ 371.3:811.512.122

ОРЫС АУДИТОРИЯЛАРЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ ӘДІСТЕРІ

ШАХАНОВА Э.А.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің аға оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассказывается о способах эффективного использования новых методов обучения казахскому языку. Методы в процессе обучения не только повышают качество образования студентов, но и говорят о важности методов, используемых при обучении казахскому языку для развития Студенты как личности и специалисты.

Summary. The article talks about ways to effectively use new methods of teaching the Kazakh language. In the process of learning, the methods not only improve the quality of education of students, but also talk about the importance of methods used in teaching the Kazakh language for the development of students as individuals and specialists.

Тіл- ұлттың аса ұлы игілігі, әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Ұлттық мәдениеттің гүлденуі мен адамдардың тарихы қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюімен тығыз байланысты. Тіл үйрету дегеніміз - студенттің тілдік тұлғаларды дұрыс қолданып, басқа адамға ойын толық жеткізуге дағдыландыру, басқа адамдардың сөзін жақсы түсінуге үйрету. Басқаша айтқанда тіл үйрету - қазақ тілін студенттің қарым-қатынас құралына айналдыру.

Орыс аудиториясында қазақ тілін жүргізу әлі күнге дейін өзекті мәселелердің бірі. Осыған орай тілді үйретуде алуан түрлі әдістемелер бар. Солардың бірі орыс тілді аудиторияда қазақ тілін үйрету үшін кейс-стади әдісін пайдаланған тиімді. Оқытудың бұл әдісі арқылы студент өз бетінше шешім қабылдауға үйренеді. Бұл әдіс ХХ ғасырдың басында құқық және медицина саласында кеңінен қолданыла бастады. Оқытудың бұл әдісін таратуда жетекші рөлді Гарвард университеті алды десек қателеспейміз. Студенттерге бизнес пәндерін оқытуға арналған алғашқы кейс-стадилер осы университетте дайындалып, ұсынылды.

Әдіскерлердің пікірінше, кейс-стади әдісі студенттер мен оқытушылардың іскерлік жағдайларда тапсырмаларды талқылауға қатысатын оқыту әдісі. Әдетте жазбаша түрде дайындалған және нақты фактілерге негізделген бұл жағдайларды студенттер оқиды, зерттейді және талқылайды. Жағдайлық тапсырмалар оқытушы жетекшілік ететін аудиторияда әңгіме негізін құрайды.

Кейс-стади әдісі оқу материалының ерекше түрін де, оқу процесінде тапсырылған материалды пайдаланудың ерекше тәсілдерін қамтиды.

Жалпы алғанда, кейс-стади әдісі бізге төмендегідей мүмкіндіктер береді:

1. Белгісіз жағдайда дұрыс шешім қабылдауға;
2. Шешім қабылдау алгоритмін құрастыруға;
3. Жағдаяттарды зерттеу дағдыларын меңгеруге;
4. Іс-әрекет жоспарын жасауға;
5. Алған теориялық білімдерін практикада қолдануға;
6. Басқа мамандардың көзқарасын ескеруге.

Ең бастысы, бұл әдіс студенттерге жағдаяттарды талдау қабілетін дамытуға ықпал етеді, практикалық мәселелерді шешу дағдыларын қалыптастырады.

Кейс-стади әдісі бойынша жұмыстың жалпы технологиясы жасалады.

1. Сабақ басталар алдында оқытушы:

- істі таңдайды,
- негізгі және көмекші материалдарды анықтайды,
- сценарийлерді әзірлейді.

Студенттің міндеті – іс пен ұсынылған әдебиеттер тізімін алу, сабаққа дайындалу.

2. Сабақ барысында оқытушы:

- істі алдын ала талқылауды ұйымдастырады,
- топты ішкі топтарға бөледі,
- істі талқылауға жетекшілік етеді

Студент:

- сұрақтар қояды,
- шешімдерді ұсынады,
- шешім қабылдайды,
- жұмыс бойынша жазбаша есеп дайындайды.

Оқытудың әдістері мен оларды ұтымды пайдалануда қазіргі заманғы технологиялар – компьютерлер мен Интернет ерекше рөл атқарады. Осыған байланысты қазіргі студенттердің арасында білім мен дағдыларды табысты қалыптастыруда жаңа көзқарастар қалыптасқан.

Компьютерлік және интернет-технологиялардың ең бір пайдалы көрінісі оқу үрдісінде интерактивті әдістерді қолдану болып табылады. Қазіргі заманғы техникалық құралдармен тығыз байланысты оқыту әдістемесіндегі жаңа концепция логикалық тұрғыдан техникалық құралдардың барлық түрлерін, атап айтқанда қазіргі заманғы дербес компьютерлерді оқыту процесінде оқытудың интерактивті әдістері болып табылады деген ойға жетелейді. Компьютер мен Интернет біздің өмірімізге соншалықты берік еніп кеткендіктен, оларсыз біз қазіргі әлемдегі өмірімізді елестете алмаймыз, тек осы әдістер оқыту әдістерін таңдау мәселесін шешуде панацея болып табылады және тек оларда оқытудың жолдары мен құралдары негізделуі керек. Демек, оқу үрдісіндегі басқа әдістер ешқандай сынға төтеп бере алмайды. Оқыту үдерісіндегі интерактивті әдістерге қатысты мұндай түсіндірумен және көзқараспен келіспеу керек. Біздің ойымызша, оқыту әдістерінің дұрыс немесе бұрыстығын анықтаған кезде, әрине, маңызды болып табылатын оқыту әдістерінің техникалық қамтамасыз етілу дәрежесіне емес, оқыту әдістерінің түпкілікті тиімділігіне сүйену маңызды. Және осы ұстанымдарға сүйене отырып, әрбір әдіске деген сұраныстың дәрежесі туралы да, қазақстандық жоғары білім берудің заманауи әдістемесінің мазмұны туралы да айтуға болады. Осы ережелерді сақтай отырып, біз интерактивті оқыту әдістерін анықтауға тырысамыз. Оқытудың интерактивті әдістері – бұл студенттің оқу-тәрбие процесіне белсенді қатысуға және белсене араласуға бағытталған оқытудың әдістері, тәсілдері мен құралдары. Осы анықтамаға сүйене отырып, біз осы анықтамаға кіретін оқыту әдістерінің ауқымын қамтуға тырысамыз. Сонымен, гуманитарлық пәндер бойынша сабақта мыналарды қолдануға болады:

1. Нақтылау және фактология техникасы – фактілер мен оқиғалар ағымында студенттің негізгі ойды немесе ойды бөліп көрсету қажеттілігіне бағытталған. Оларды материалды ауызша баяндау барысында қолдануға болады.

Оларға мыналар жатады:

- а) тарихтың жарқын эпизодтарын қамтитын картиналық сюжеттік оқиға;
- б) жеке тарихи тұлға тағдырындағы тарихи процестерді тұлғалау;
- в) оқиғаларды драматизациялау – фактілер мен тарихи даталар қызықты детальдарды көрсетуге кіріспе ретінде ұсынылады.

2. Зерттеу әдісі – топта ұжымдық жұмысқа бағытталған – ұжымдық пайымдау барысында бастапқы дереккөзден үзіндінің мазмұнын талдау қажет болғанда. Шағын (12-13 адам) топтарда – семинарлық (практикалық) сабақтарда жұмыс істеуге бағытталған. Мұнда мыналарды жіктеуге болады:

- а) қазақ тілі курсы бойынша студенттердің көрнекі құралдармен жұмысы – слайдтар, сызбалар, кестелер;
- б) оқытудың техникалық құралдарын – дербес компьютерді және т.б. бір сабақ барысында әртүрлі әдістердің жиынтығы ретінде.

3. Іскерлік немесе рөлдік ойындардың техникасы – сабақ барысында студенттердің әрқайсысының кезеңдік, функционалдық қатысуына бағытталған. Олар студенттердің ең көп бөлігінің оқу процесіне белсенді қатысуына мүмкіндік береді және қазақ тілі сабақтарында қолдануға бағытталған.

Әдістердің бұл санаты мыналарды қамтуы керек:

- а) таратпа материалдардың барлық түрін – қазақ тіліндегі тізбекті мәліметтерді, фактілік қателері немесе олқылықтары бар мәтіндерді пайдалану;
- б) ақыл-ой әрекеті процесінде студенттің кейін өз бетінше пайдалануына бағытталған пайымдау стандартының нұсқауы және иллюстрациясы;

в) мазмұны студенттер тобының бірнеше бөліктерге бөлінуі және студенттердің әрқайсысының (немесе студенттер тобының) оқуды орындауға байланысты белгілі бір функцияларды орындауы ретінде түсінілетін нақты рөлдік ойындар-тапсырмалар.

Әрине, оқу-тәрбие процесіндегі заңдылықтан алшақтау әрекеті, оқыту әдістері мен құралдарының әртүрлілігі, оның барлық жағымды көріністерімен бірге жағымсыз жағы да бар.

Оқытудың интерактивті түрлерін енгізу қазіргі заманғы жоғары оқу орындарында студенттерді даярлауды жетілдірудің маңызды бағыттарының бірі. Қазіргі таңдағы негізгі әдістемелік жаңалықтар оқытудың интерактивті әдістерін қолданумен тікелей байланысты. Интерактивті оқыту – танымдық әрекетті ұйымдастырудың ерекше түрі. Ол өте нақты және болжамды мақсаттарды білдіреді. Осы мақсаттардың бірі – студент немесе тыңдаушы өзінің жетістігін, оның интеллектуалды өміршеңдігін сезінетіндей қолайлы оқу жағдайын жасау, бұл оқу процесінің тиімділігін көрсетеді. Қазіргі уақытта көптеген пәндерді, соның ішінде қазақ тілін орыс аудиториясында оқытуда да интерактивті әдістерді қолдану үйреншікті жағдай.

Электрондық білім беру ресурстарын жобалау әдістемесі ақпараттық, коммуникациялық және мультимедиялық технологияларды, модульдік оқытудың педагогикалық әдістемесін және білімнің пәндік саласындағы әртүрлі әдістерді біріктіру арқылы жүзеге асырылады. Мұндай интеграция жаңа инновациялық педагогикалық өнімді береді, мысалы, электронды оқулықтар, зерттеулерге сәйкес, оқу үдерісінің қарқындылығын 3 есеге, оқу үлгерімінің сапасын 3 есеге арттырады. Бұл тәсіл кез келген пәнге, соның ішінде қазақ тілін электронды оқытуға да қатысты. Электрондық оқулықтар ақпараттық, коммуникациялық және мультимедиялық технологияларды, модульдік оқытудың педагогикалық әдістемесін және білімнің пәндік саласындағы әртүрлі әдістерді біріктіру негізінде әзірленеді. Компьютерлік бағдарлама, ана тілінде сөйлейтін тілмен алмастыра алмайды, бірақ электронды оқулықтар табиғи түрде «тірі әңгімелесушілер» болып табылады және олар сізді тірі қарым-қатынасқа дайындайды. Өйткені сіз шетелдің сөйлеуін тыңдауды, сөздерді дұрыс айтуды, грамматикалық конструкцияларды қолдануды үйренесіз.

Ақпараттық технологияларды қолдану - оқыту үдерісін өзгертіп, студенттердің ойлау қабілеттерін қалыптастырады. Ақпараттық құралдардың ішінде электронды оқулықтардың ролі ерекше. Электронды жолмен тіл үйрету - студенттерге өздігінен білім алуға, алған білімдерінің тиімділігін, тереңдігін арттыруға жол ашады. Инновациялық технология оқытудың жаңа түрлерін, амалдарын пайдалана отырып, белгілі бір уақытта жоғары нәтижеге жетуді талап етеді.

Қазіргі таңда Қазақстанда білім беру мазмұнын цифрлық форматқа көшірудің қарқынды процесі жүріп жатыр. Бүгінгі заман талабына сай, электрондық оқулықтар білімді ақпараттандырудың негізгі факторларының бірі болып табылады. Оқу үрдісінде электрондық оқулықты пайдалану арқылы монологтық айтылым, сұхбаттық айтылым, тыңдап түсіну, оқылым, жазылым сияқты айтылымның барлық түрлерін қамтитын жұмыстарды жүргізуге болады. Осы жұмыстар арқылы тіл үйренуші өтілген материалдар негізінде белгілі бір лексикалық минимум көлемінде әңгіме жүргізе алуға және толық хабар жасап, үйренуі керек. [Ә.Бакиева, Ф.Байбаганова. Мемлекеттік тілді оқытуда ақпараттық технологияны пайдалану // Қазақ тілі мен әдебиеті, 2013, №8, 24-б.]. Электрондық оқулықтар дәстүрлі қағаз оқулықтың сканерленген нұсқасы емес, білімнің пәндік аймағындағы оқытушы мен студенттердің тікелей виртуалды әрекеттесуінің бағдарламаланған процесі – оқу мақсаттарын қоюдан бастап тестілеу түріндегі оқу жетістіктерін бақылауға дейін болады. Олардың айрықша белгілері мультимедиялық, интерактивті және модульдік болып бөлінеді. Электрондық оқулықтардың жақсы жағы оларды студенттер үйде дербес компьютерде, сонымен қатар интерактивті тақта арқылы сабақ процесінде пайдалана алады.

Электрондық оқулықты университетте қолдану - студенттердің жоғары белсенді дүниетанымын және өзіндік жұмыс аясын кеңейтеді, жан-жақты ақпараттандыруға мүмкіндік береді. [Г.Рысбаева. Электрондық оқулықтардың қажеттілігі // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде, 2004, №12, 28-б.].

Тәуелсіз Қазақстанның болашақ ұрпақтарының моральдық-құндылық бейнесін қалыптастырушы білікті мамандар дайындау үшін оқыту әдістемесіне енгізілген жаңалықтарды жан-жақты, ұтымды пайдаланып студенттерге үйрете білсек, үлкен нәтижелерге жетеріміз анық. Қорыта айтқанда, оқытудың әдістері мен тәсілдері ЖОО-дағы білім беру мәселелерін шешу құралы болып табылады. Сондықтан әдістерді қолдануда әр оқу пәнінің ерекшеліктерін ескере отырып қолдану қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұхамбетжанова С.Т., Жартынова Ж.Ә. Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. – Алматы: Ғылым, 2008.
2. Медешева А. Компьютерлік программаларды оқу тәрбие жұмысында қолдану. Бастауыш мектеп №1, 2001.
3. Душина Т.В. Проектная технология на уроках иностранного языка. ИЯШ, №5, 2003.
4. Инкина И.И. Использование ИКТ в обучении иностранному языку.
5. Бакиева Ә., Байбатанова Ф. Мемлекеттік тілді оқытуда ақпараттық технологияны пайдалану \ \ Қазақ тілі мен әдебиеті, 2013, №8, 24-б.
6. Рысбаева Г. Электрондық оқулықтардың қажеттілігі \ \ Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде, 2004, №12, 28-б.

ӘОЖ 38.014.47

ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР: САБАҚТА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

КАСЕНОВА А.Н.

№25 орта мектебі, директордың әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Актуальность. Цель. В статье рассмотрены особенности применения инновационных технологий и методов, в учебном процессе. В настоящее время инновационные технологии, внедряемые в учебный процесс, являются главными и приоритетными. Новые подходы позволяют улучшить процесс обучения в зависимости от особенностей применения.

Summary. Goal. The article describes the features of the use of innovative technologies and methods used in the educational process. Now the innovative technologies introduced in educational process are one of the main tasks. A new approaches to the circumstances, suggest, choose depending on the application.

XXI ғасыр-жаңа технология ғасыры. Қазақстанның өскелең ұрпағын білім бұлағынан, тәрбиенің қайнар көзінен сусындату мақсатында барша ұстаздар қауымы заманауи білім беру барысындағы инновациялық технологиялар мен әдістерді тиімді пайдаланып келеді. Білім беру барысында жаңа технологияның әдіс-тәсілдері оқушы үшін де мұғалім үшін де тиімді болып отыр. Біздер бүгінгі күні білім беру адамзаттың ортақ мүлкіне айналған дәуірде өмір сүрудеміз. Бір елде жаңалық ашылса, басқа жерде оны дер кезінде тез үйреніп үлгеруде. Біздің міндетіміз дүниежүзіндегі білім бағытында болып жатқан жаңалықтар мен дамуларды назарға ала отырып, тиімдісін пайдалану. Заман талабына сай оқытуды тиімді ұйымдастыру арқылы білім сапасын арттыру үшін мұғалім ең алдымен: -жаңа технология әдісін көздеу керек; -әдісті назарда ұстау керек; -әдісті ұйымдастырудың жолдарын ойластыра білу керек. Сондай-ақ, білім сапасын арттырудың мынадай жолдары бар: -дәстүрлі оқытудың табысты жақтарын ұстану; -жаңаша әдіс-тәсілдерді қолдану; -жаңа формациядағы мұғалім еншісін ұғындыру. Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа инновациялық әдістер мен оқыту технологияларын қолдану арқылы, дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу- тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді. Бүгінгі күннің талабына сай білім саласында инновациялық технологиялар мен әдістерді қолданудың маңызы зор. Инновациялық технологиялардың дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін де уақытылы өзгертіп отыруды талап етеді.

Сабақты қалай пайдалы, қызықты етіп өткізуге болады? Мектептен шыққан оқушы бүгін алған білімнің пайдасы, жаңалығы туралы айта алатын дәрежеде оқыту үрдісін қалай ұйымдастыруға болады? Оқушы болашақ маман ретінде бүгінгі күн талабына сәйкес болып, жаңа кәсіби міндеттерді шешуге дайын болу үшін не істеу керек? Осы сұрақтарды шешудің бір жолы – оқытуда инновацияны қолдану, яғни мұғалімнің жаңа қаруы

ретінде инновациялық әдіс–тәсілдерді кеңінен пайдалану. Инновация дегеніміздің өзі жаңалықты енгізу, жаңалық әкелу, жаңа әдістеме мен жаңа технология. Қытай даналығына сүйенсек: «Ауызша айтылғанды ұмытамын. Көрсетсең, мүмкін есімде сақтармын. Қатысушы болсам, мен түсінемін» делінген. Осы сөздерден инновациялық оқытудың мәні өз көрінісін табады. Жаңа инновациялық әдістерді пайдаланудың әдістері неде? 1) қазіргі уақыт жаңалық пен инновация уақыты. Күнделікті өмірде жаңа білім мен жаңалықтармен кездесеміз. Бұған оқыту үрдісі де сәйкес болу керек. 2) жаңалықты пайдалану оқушының ойлау қабілетін жаңалыққа икемдеп, алдын ала болжам жасауға үйретеді. 3) инновациялық әдістер бұл белсенді оқыту әдістері. Ақпаратты белсенді түрде сіңірген оқушы жадында өздері айтқанның 80% сақталса, өздері істегеннің 90% қалады.

Мұғалімнің сабақты мазмұнды, жүйелі мақсатты түрде ұйымдастыруына, өткізуіне байланысты дарынды, қабілетті, ерекше білімді шәкірт қалыптасып, нәтижесінде білім сапасы артады. Әр педагог осы орайда қазіргі заманауи сабақ алгоритмін ұмытпау қажет. Сабақтың негізгі алгоритмдері: заманауи сабақ, тәжірибелік іс-әрекеттегі пәндік сабақ. Оқытуды тиімді ұйымдастыру арқылы білім сапасын арттырып, жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады.

«Сабақ беру-үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер» деген Жүсіпбек Аймауытов. Бүгінгі білім беру жүйесіндегі негізгі талап – сабақта білім берудің жаңа әдістерін қолдана отырып, оқушыларды өздігінен шығармашылықпен жұмыс істей алатын деңгейге жеткізу. Виртуальды тақталарды сабақтарда тиімді қолдануға болады. Бұл виртуалды тақта интернет арқылы жасалып, оқушылардың смартфонды тиімді қолдану негізінде жүзеге асады. Жазбаларға, суреттерге, фотосуреттерге, файлдарға және сыртқы ресурстарға сілтемелерге, мысалы, youtube сайтындағы бейнеге қосуға болады. Жасалған элементтерді өзгерту оңай, алып 200 тастауға да болады. Сіз өзіңіздің фондық суретті өзіңіз таңдап алсаңыз, өзіңіздің фоныңызды жүктеп алғыңыз келсе, өзгерте аласыз.

Сабақта қолданатын онлайн тақталардың бірі Padlet тақтасы. Padlet – бұл оқушыға өз жұмысын тақтаға шығаруға, ал мұғалімге -оған көп уақыт жұмсамай және ауыр дәптерлерді жинамай-ақ, әр мұғалімге түсініктеме беруге және бағалауға мүмкіндік беретін қызмет. Padlet тақтасын пайдаланудың ерекшеліктері: Белгілі бір тақырып бойынша материалдарды ортақ жинау; Барлық ресурстар бір жерде жиналады және жоғалып кетпейді; Әр оқушының жұмысын көрсету; Оқушылар топта жұмыс істей алады; Әр оқушының жұмысын мұғалім бағалай алады; Оқушылармен тиімді кері байланыс жасау; Сілтеме арқылы тақтамен оңай бөлісу мүмкіндігі; Қолданушыларға қосымшаны жүктемей-ақ, сілтеме арқылы тақтаны шектеусіз пайдалану мүмкіндігі; Әртүрлі құрылымдағы тақталар құру мүмкіндігі; Интерактивті тақталар оқушыларға топтық пікірталастарға қатысуға мүмкіндік береді, бұл пікірталастарды одан да қызықты етеді; Интерактивті тақталар оқушыларға бірлесіп жұмыс істеуге, мұғалім қойған жалпы тапсырманы шешуге мүмкіндік береді. Кез-келген тәсілмен жазуға мүмкіндік береді (арнайы пластикалық "қарындаш", саусақ, көрсеткіш) немесе әзірленген гаджетті қолдану арқылы Кемшілігі: Құрылатын тақталар саны шектеулі, бірақ ақылы пайдаланып, тақталар санын көбейтуге болады; Оқушы тапсырма жүктегенде басқа оқушылардың көшіріп алуы; Интернет болмаса, сілтеме ашылмайды; Padlet тақтасында құруға болатын тақталар. Мұғалімдерге арнап құрылған онлайн тақта Оқушылармен кері байланыс орнату тақтасы Сабақта пайдаланатын тағы бір онлайн тақтаның түрі - Jamboard онлайн тақтасы. Google Jamboard - нақты уақыт режимінде көптеген қатысушыларға жұмыс жасауға қашықтан мүмкіндік беретін интерактивті онлайн-тақта. Бұл тақтада басқа қолданушылармен немесе оқушылармен бірге мәтіндерді жазуға және түзетуге, сурет салуға, суреттерді жүктеп, осы суреттермен жұмыс істеуге болады. Google Jamboard онлайн тақтасымен жұмыс істеу үшін, қолданушыда міндетті түрде Google аккаунты болуы керек. Егер аккаунт болмаса, онда міндетті түрде тіркелу керек. Jamboard онлайн тақтасында оқушылармен кері байланыс орнату Jamboard онлайн тақтасының ерекшеліктері: Тақтада стикер, сурет, мәтін, фигура орналастыру мүмкіндігі; Оқушылар жауаптарын тақтада көрсете алуы; Кері байланыс жасауға тиімді; Күнделікті сабақты көрнекті түрде көрсету; Интерактивті тақталар оқушыларға топтық пікірталастарға қатысуға мүмкіндік береді, бұл пікірталастарды одан да қызықты етеді; Онлайн тақталар оқушыларға бірлесіп жұмыс істеуге, мұғалім қойған жалпы тапсырманы шешуге мүмкіндік береді. Jamboard онлайн тақтасының кемшіліктері: Телефоннан сілтеме арқылы кіру үшін, программа орнатылуы керек; Интернетсіз жұмыс істемейді. Сонымен қоса, басқа да онлайн тақталар баршылық: Idroo, widdla, Sketchboard, Scribblar, sBoard.online, Miro, Idroo. Осы онлайн тақталардың барлығы да мұғалімнің сабағына қажетті көрнекі құрал болып табылады.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Жас ұрпақты оқытуда, оқушының тұлғалық деңгейін қалыптастыруда, түрлі инновациялық әдіс-тәсілдерді кең

қолдануды қажет етеді. Тәуелсіз елеміздің ертеңі -жас ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ойлау қабілеті мен біліміне байланысты болады. Жаңа заман талабына сай білім беру – өзекті мәселе, шығармашылық қабілеті мол, жанжақты дамыған азамат тәрбиелеуде жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдер қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.«Әдіскер мұғалім» Республикалық ғылыми -әдістемелік журналы, №1-2, 2021 ж. 2. «Әдіскер мұғалім» Республикалық ғылыми -әдістемелік журналы, №3-4, 2021 ж. 3. «Әдіскер мұғалім» Республикалық ғылыми -әдістемелік журналы, №5-6, 2020 ж. 4. «Ізденіс» газеті, №1, 2022 5. «Ізденіс» газеті, №2, 2021 6. «Ізденіс» газеті, №3,

УДК 373.1

GENERAL DIDACTIC PRINCIPLES OF FOREIGN LANGUAGE TEACHING

KUDABAYEVA P.A.

PhD, Associate Professor

M.Kh.Dulaty Taraz Regional University, Taraz city

ALMENOVA K.R.

Teacher of English language

Secondary school named after Amangeldy

Zhambyl region, Baizak district

Түйіндеме. Бұл мақалада шетел тілдерін оқытудың жалпы дидактикалық қағидалары қарастырылады. Берілген әрбір дидактикалық қағидаға сипаттама беріле отырып, шетелдік, Ресей және отандық ғалым-әдіскерлердің педагогикалық-психологиялық әдебиеттеріне талдау жүргізіледі.

Резюме. В данной статье рассматриваются общие дидактические принципы обучения иностранным языкам. Проводится анализ педагогической и психологической литературы зарубежных, российских и отечественных ученых-методистов с описанием каждого из представленных дидактических принципов.

The general didactic principles of domestic science reflect the provisions that are used in teaching any subject. The main ones are: the principle of conscientiousness, activity, consistency, clarity, solidity, accessibility and others.

The principle of conscientiousness. There are many interpretations of this principle. Here are the main ones.

1) Conscientiousness is to consciously compare the native and foreign languages to get a deeper insight into their structure [1, p. 54].

2) Consciousness is the comprehension of theory and the ability to apply it in practice.

3) Conscientiousness is the understanding of the content of speech. "Information about the structure of language should be generalized on the basis of linguistic material, which is previously assimilated practically".

4) Conscientiousness is not only understanding of the content of speech, but also awareness in the process of mastering those units of which it consists, and the ways of their use.

5) Conscientiousness is the understanding of why one should learn.

This principle is defined by proponents of intensive language learning as follows: " ... it is seen as a broader principle which implies an optimal combination (different at different stages of learning), of the conscious and unconscious in learning. This combination presupposes a rational, conscious dosage of operations and actions worked out by the teacher; conscious participation of the learner in communication; not always and not quite conscious participation of the learner in the deployment and assimilation of the language system. This last provision does not exclude from the learning process at certain stages the students' awareness and analysis of the means of language communication with the help of the teacher [2, p. 71].

The principle of activity. In teaching foreign languages the principle of activity acquires an important role because mastering the language being studied is possible if each learner is an active participant in the process, if he/she is involved in speech activity. In modern psychology activity is regarded as the main characteristic of the learning process. Activity occurs under certain conditions, and according to attitude theory, the learner should feel the need to learn the subject and have the necessary prerequisites to satisfy this need. In learning a non-native language one should distinguish between intellectual, emotional and speech activity, which together can provide favorable conditions for language acquisition.

The intellectual activity of the child is achieved by posing problematic questions that challenge students to think, to analyze, to compare, to generalize, to engage the children's thinking. Emotional activity has a special role to play in that children are not indifferent to the activity they perform and while positive emotional experiences provide internal, external activity, hence success, negative emotional experiences inhibit activity and have a bad effect on success.

It is important to develop pupils' initiative in their speech behaviour. This can be achieved if the pupil turns from an object of learning into a subject. In order to master a foreign language, it is necessary to practice using it and to do this, the time allocated to learning a foreign language should be used rationally. One of the ways of solving the problem of increasing the active time of the pupil in the lesson is to use different modes of work (work as a choir, in small groups, in pairs, individually, class work).

The principle of visibility stems from the essence of the process of perception, comprehension and generalization of the material by the pupil. Visibility refers to specially organized presentation of linguistic material and its use in speech in order to help pupils understand this material. When interpreting this principle for methodology, a curious mistake has occurred: a literal interpretation of the term "visibility" or "looking at" something. Hence the requirement to use pictures, pictures of objects, objects themselves. But when didacticians say that the principle of visibility implies perception of the phenomenon under study, then the implementation of this principle by a foreign language teacher should not be only about demonstrating the objects themselves and their pictures. I.L. Bim believes that language visibility should be implemented in the following ways:

- 1) constant speech activity of students in a foreign language;
- 2) speech of the teacher in the lesson if it is not limited to phrases: "Stand up", "Read", "Sit down", etc;
- 3) newspapers and magazines;
- 4) radio and television programs, video films, movies and cartoons;
- 5) clubs;
- 6) audio recordings for self-study;
- 7) a library for additional interest-based reading;
- 8) evenings and other activities in foreign languages[3, p. 26].

Together, all of these tools will create just the kind of foreign language environment that will provide language visibility. Such visibility certainly does not exclude illustrative visibility. But the point is that linguistic visibility should be in the foreground. As auxiliary means can be used plot pictures and their series, objects and actions with them, models, dia-films.

The principle of developmental learning. One of the key problems of didactics, which is of great methodological importance, is the problem of learning and development, where the process of mastering knowledge and ways of activity should serve as a means of all-round personal development. It is well known that learning creates a zone of proximal development, i.e. it arouses a child's interest in life, awakens and sets in motion a number of internal developmental processes. Thus, properly organized child education promotes children's intellectual development and brings to life such developmental processes that would be impossible outside of education in general.

The principles of accessibility and feasibility. Application of these principles requires that learning is provided at the level of children's capacities, so that they do not experience insurmountable difficulties. Accessibility is ensured both by the material itself, its organization, and the methodology of working with it in the lesson. This principle is concretely expressed in the strict selection of language and speech material and its presentation in structures, speech units correlated with communication situations close and understandable to children, building the language learning process on the basis of real possibilities, which finds expression in the volume of the expected material and the level of assimilation. The feasibility is manifested in the pace of progression in learning the material.

The principle of sustainability is expressed in the fact that the words and structures introduced into students' memory must be retained so that they can retrieve the necessary units whenever the need arises.

The strength of assimilation is ensured through: vivid presentation of the material when students are introduced to it, when they have vivid images and associations; practice in reproducing the material, immediately after introduction and in subsequent lessons, involving different analyzers; independent creative application, when this material is used to convey the necessary material, when students' attention is focused on the content, not on its form; systematic control of assimilation, which creates favorable conditions for students to learn the material in the way it was learned.

Methodological principles describe and specify in more detail the specifics of teaching foreign languages. This group includes: the principle of communicative orientation, taking into account the specificity of the mother tongue, the principle of interrelated teaching of all types of speech activity, the principle of functionality, oral anticipation, approximation as well as a whole range of other principles formulated by the authors depending on the chosen approach to teaching.

The principle of oral basis and the principle of oral advancement have their roots in the direct method. In 1880. F. Gouin wrote that oral speech should precede written speech. This position was picked up by the American neo-pronunciators and became one of the basic ones in their methodology. The essence of the principle is that oral speech came before written speech and a person learns his or her native language first in the oral form, written speech is just a fixed oral speech, therefore one should first learn to speak and understand, and this will provide both the ability to read and be able to write. Based on this principle, speech is taught orally for a long time (half a year to two years), i.e. without reading texts and without writing. In miniature, this approach in many modern textbooks has taken the form of so-called oral introductory courses (from two weeks to four months). The introduction of the principle of oral basis raises both theoretical and practical objections: most people have visual and mixed memory rather than auditory memory; one of the immutable provisions of psychology is the following: the more analyzers involved in assimilation, the stronger it is; practice has shown that after oral introductory courses the transition to reading and writing is difficult.

Soviet methodologists, who were guided by I.P. Pavlov's well-known position about the leading role of the speech-motor analyzer, put forward the principle of oral advancement. It seemed to be very fruitful, the interpretation of it, however, is most often inaccurate. In particular, it is written that the implementation of this principle refers only to the oral introduction of the material, but in general everything is based on the processing of written texts. In practice this is the case. But this hardly compromises the principle itself.

The principle provides for:

1) not just an introduction, but the automation of a certain dose of speech material before one proceeds to the text;

2) using the text as a visual reinforcement and as a "content base" for further work;

3) more work orally after the text.

The principle of comprehensiveness implies joint learning of all four types of speech activity. However, the mere coexistence, parallel existence of speech activities is not yet comprehensiveness. The main thing is to ensure their mutual influence on each other, with the leading role of each type alternately in different segments of the learning process.

The principle of taking students' mother tongues into account. Representatives of different methodological systems put forward different principles regarding the mother tongue of learners. For example, supporters of direct and natural methods proclaim the principle of excluding the mother tongue of learners from the teaching process. Others put forward the principle of native language support, while others put forward the principle of taking into account the native language of the learners. The principle of mother tongue-based instruction implies that the learner has to compare the forms of the two languages at all times, analyze their similarities and differences in order to gain a detailed understanding of the structure of the languages. However, this is aimed at theoretical comprehension but not at practical mastery. The principle of taking into account the mother tongue is aimed at the practical acquisition of foreign language speech.

The principle of synthetic assimilation. A.A. Miroyubov refers to several principles [4, p. 42]. Firstly, the actual principle of synthetic learning put forward by G. Palmer. In the author's opinion, syntheticity will make one avoid analysis and translation. The abundant listening to the material, which G. Palmer presupposes. Secondly, it was Palmer's idea of syntheticity that forced students to intuitively grasp the whole, without analyzing it. Secondly, it is the principle of global perception of structures put forward in the audiovisual method, going back to Palmer's syntheticism. It also assumes that the learner only listens to whole structures without analyzing them, without translating them, imitating and reproducing them. To the same group, thirdly, belongs the principle of vocabulary acquisition in phrase, proposed far back and revived in recent years.

The principle of communicative activity programming in exercises is put forward by N.I. Bykova. Any rational system of teaching," writes N.I. Bykova, "is the programming of appropriate activity"[5]. N.I. Bykova includes selection of language material for exercises, selection of the exercises themselves in accordance with the stage of training, observance of one difficulty, modelling reality with the use of visualization.

The principle of unity and diversity of learning objectives and pathways. In 1967, an article by P.B. Gurvich appeared in which, for the first time, an attempt was made to formulate purely methodological principles in full. Here is how P.B. Gurvich reveals this principle: "If the goal is to use words in sentences (in speech), it does not exclude, but on the contrary, implies certain work with an isolated word; if the goal is to master language material to the receptive level - the way to this goal may lie through reproductive and productive exercises..." [6].

The principles of complementarity are suggested by P.B. Gurvich. There are four of them: voluntary and involuntary; conscious and automated actions; learned and creative; guided and free actions.

Summing up the analysis of the various principles, E.I. Passov proposed the following hierarchy of principles:

- first rank principles (general didactic) underlying the teaching of any subject, including a foreign language;
- second-rank principles (general pedagogical), underlying the teaching of a foreign language in general;
- third-rank principles (private-methodological), underlying the teaching of a particular type of speech activity;
- the fourth rank principles are those that are significant for a narrower sphere of teaching (for the use of TSO, for teaching the grammatical side of speech activity, etc.).

References:

1. Azimov E.G. New dictionary of methodical terms and concepts (theory and practice of teaching languages) [Text] / E.G. Azimov, A.N. Shchukin. - Moscow: Icarus, 2019. - 448 p.
2. Lewis M. and Hill J. The English Verb: An Exploration of Structure and Meaning. -Language Teaching Publications, 2016.
3. Bim, I. L. Personality-oriented approach - the main strategy of school education [Text] / I. L. Bim // Foreign languages at school: scientific-methodical journal. - №3. - 2015. - P. 26.
4. Mirolubov, A.A. Audio-lingual method [Text]/ A.A. Mirolubov // Foreign languages at school: scientific-methodical journal. - №4. - 2015. - P. 42
5. Bykova N. I. English language. 3 grade [Textbook for general educational organizations]/ N. I. Bykova, D. Dooley, M. D. Pospelova, V. Evans. - 6th ed. - M.: Prosveshchenie, 2017. - 178 p.
6. Vaulina, Y. E. English Language. 5 grade [Textbook for general educational organizations] / J. E. Vaulina, D. Dooley, O. E. Podolyako, V. Evans. - 7th ed. - M.: Prosveshcheniye, 2016. – 164p.

ӨОЖ 81'1:81'32

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНА ЖАҒАША КӨЗҚАРАС

АДИЕВА Ж.Ш.

Иван Трубицын атындағы №17 жалпы білім беретін мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Меркі ауданы

Резюме. В статье анализируются семь педагогических идеи казахского педагога-писателя, поэта Магжана Жумабаева в методической пособии «Педагогика» с новой точки зрения, сравнивая их с идеями современных педагогов.

Summary. The report analyzes seven pedagogical ideas of the Kazakh teacher-writer, poet Magzhan Zhumabaev in the methodological manual "Pedagogy" from a new point of view, comparing them with the ideas of modern teachers.

Психологиялық-педагогикалық идеялар, көрнекті ғалымдардың еңбектері, XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының көптеген ақылды қайраткерлері қазіргі педагогикалық және психологиялық ғылымның дамуына үлкен әсер еткені сөзсіз.

Соның ішінде Мағжан Жұмабаевтың терең ғылыми-педагогикалық зерттеулері ерекше назар аударуға тұрарлық. Оған соңғы жылдары көрнекті ақын ретінде ғана емес, ұстаз ретінде де ерекше көңіл бөлінді. Ұлы отандасымыздың педагогикалық қызметі заманауи білім беру жүйесінде сұранысқа ие бола бастады.

Орынбор курстарында оқылған дәрістерге сүйене отырып, М.Жұмабаев 1922 жылы қазақ тілінде педагогика бойынша алғашқы теориялық еңбегі - «Педагогика» кітабын жазды.

Әлемдік және халықтық педагогиканың озық тәжірибесін жинақтай отырып, қазақ педагогикасының дамуына негіз салды. Бұл ретте ол қазақ халқының рухани-адамгершілік дәстүрінің маңыздылығына тоқталды.

Мен өз мақаламда қазақтың педагог жазушысы, ақыны Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегіндегі жеті педагогикалық идеясын мысалға ала отырып, қазіргі заманауи педагогтардың идеяларымен салыстырдым және жаңа көзқарас тұрғысынан талдауға талпыныс жасадым.

Ұлттық тәрбие беру туралы

Мағжан Жұмабаев «Педагогикасында» (1922): Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті. [1, 6-бет]

Жапондардың бала тәрбиесінде: Жапондар бала тәрбиесінде ұлттық тағылымды бірінші орынға қояды. Жапонияда жапон тілі жетінші сыныпқа дейін үйретіліп, содан кейін ағылшын тілі оқытыла бастайды. Университет және басқа да ЖОО-да дәрістер 95 % жапон тілінде оқытылады. [2]

Жаңаша көзқарас: Жапония мемлекеті - бізден әлдеқайда ілгері дамып кеткен мемлекет. Олардың алға қарай жылжуында ұлттық тәлім-тәрбиенің үлкен ролі бар. Бізде бесіктен бөлі шықпаған балаға ағылшын мен орыс тілін оқытамыз, нәтижесінде ол бала үш тілді де қарық қылып меңгермейді. Көріп отырсыздар, Ұлттық тәрбиені алдыңғы қатарға қою мәселесін Мағжан атамыз осыдан бір ғасыр бұрын айтып кеткен, бүгінде педагог жазушының пікіріне қайта оралып, жаңа көзқараспен қарауға тура келіп отырғаны жасырын емес.

Қалыптастырушы бағалау туралы

Мағжан Жұмабаев «Педагогикасында» (1922): Балада жақсы оқысам, молдадан мақтау, сый аламын, жаман болсам, молдадан таяқ жеймін, ұрыс естимін деген ой да болмасын. Мұндай болса, баланың іскерлігі соған жұмсалып, мұғалімнің беріп отырған сабағын білейін деген шын ынтамен тыңдамайды. [1.66-бет]

П.Блэк және Д.Уильямс, «Қара жәшік» ішіндегі жұмыс. (1998): Оқушы қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқытуды икемдеуде бағалау кері байланыс ретінде қолданылса, бұндай бағалау қалыптастырушы бағалауға айналады [3.140-6]

Жаңаша көзқарас: Қалыптастырушы бағалау – аты айтып тұрғандай, баға қойылмайды, бала төмен баға алып қаламын деп қорықпайды, оқуға деген ынтасы төмендеп кетпейді, кері байланыс беру арқылы оқушының жетістіктері мен оққылықтары айтылып, алдағы сабақтарда оны түзету жолдарына ұсыныс беріледі. Демек, қалай оқу керектігін үйрете отырып, бағалау әдісі тиімді екендігі бүгінгі күні дәлелденіп отыр.

Дамыта оқыту туралы

Мағжан Жұмабаев «Педагогикасында» (1922): Балаға білім бергенде жақыннан алысқа, таныстан жатқа көшіп, жаңа білімді ескі білімге байлап беру керек. Мысалы, балаға дыбыстарды айыртқанда, балаға таныс сөздерді алып, дыбыстарға айырту керек. Жағрафия оқытқанда тұрған ауылдан бастау керек. [1.67-бет]

Дамыта оқыту технологиясы. Д.Б. Элкониин – В.В. Давыдов: Дамыта оқытуда баланың ізденушілік – ойлау әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді. [4.24-бет]

Жаңаша көзқарас: Өткен сабақты жаңа сабақпен байланыстырып беру, оқушының жаңа материалды игеруі мен түсінуі үшін мысалдар келтіруді қарапайым өмірден алып, күнделікті тұрмыс-тіршілікпен байланыстырып отырып түсіндіру, шынайы өмірмен салыстыру – дамыта оқытудың бірден-бір таптырмас тәсілі. Мысалы, Ыбырай Алтынсариннің «Қыпшақ Сейітқұл»

әңгімесіндегі басты кейіпкерді бүгінгі күнгі меценат кәсіпкерлермен салыстыру, сол арқылы жас жеткіншектерді кәсіпкерлікке баулып, еңбек етуге, қайырымдылық жасау ісіне тәрбиелеуге болады.

Қызығушылықты ояту туралы

Мағжан Жұмабаев «Педагогикасында» (1922): Болашақ әсерге даярлану болсын. Яғни бір нәрсені күтіп барып жолықтырсаң, сол нәрсеге іскерлік күшті болады. Сондықтан мұғалім балаларға жаңа бір нәрсені білдірмек болғанда балаларды күткізіп, даярландырып қойсын. Мысалы, сұрауды жалпы класқа берсін. Сонда бар класс құлағын түріп тұрады. [1.67-бет]

Эдвард Глэйзер (1941) Сын тұрғысынан ойлау: «Антиципация» әдісі - бұл әрі қарай талқыланатын нәрсені күту. Мәтіндегі бірінші сөйлемді оқимыз. Бірінші сөйлемді оқуға байланысты қандай ойлар мен сезімдер пайда болды. Әңгіме не туралы болмақ? [5]

Жаңаша көзқарас: «Қызығушылықты ояту» («Ой қозғау», «Ой шақыру», «Миға шабуыл») стратегиясы — сабақ барысында оқушының есте сақтау және жадыларының қабілетін сұрыптап, байқау үшін арналған стратегия.

«Болжау» немесе «Күту» стратегиясы – мысалы, 3-сыныптағы «Құмырсқаның қанағаты» ертегісінде «Ғұлама құмырсқаны сауытқа салып, қасына бидайдың бір дәнін қояды» деген сөйлемді оқимын да «Бір жыл өткен соң құмырсқаға не болады?» деп сыныпқа сұрақ тастаймын. Әрі қарай оқушылар өздері болжайды.

Сабақтағы «Сергіту сәті» туралы

Мағжан Жұмабаев «Педагогикасында» (1922): Сабақ уақытында балалар іскер болмай бастаса, мұғалім дереу балаларды босатып, жүгіртіп, ойнатып, кластың ауасын жаңарту керек. Бір сабақтың ішінде де балаларды тұрғызып, отырғызып гимнастика жасатып, ән салдырып алуға болады. Мұндайда бала сергіп қалады. Ән мен гимнастиканы бір келтіруге де болады. [1.68-бет]

Психологиялық тренингтер (1940): «Біз бұл әдістерді психологиялық тренингтер деп атап, олар оқыту процесіне 1940 жылдары енді деп жүрміз. Тренинг ағылшын тілінен аударғанда «train» жаттығу, жаттықтыру деген мағына береді. Тренингтер – өзі-өзі реттеуге бағытталған психокоррекциялық әдістер жиынтығы. [6]

Жаңаша көзқарас: Қанекей, балалар, әрбір жаңа күн – таңнан басталады, ұйқымызды ашып, сабаққа сергек кірісу үшін «Көбелек жаттығуын» ойнаймыз, менімен ілесіп, қимылды сөзімен бірге айтып қайталаңыздар:

Таңертең көбелек оянды, тартылды,

Қанаттарын бұлғады, терең тыныс алды,

Азғана айналып, барлығына күліп,

Қайта гүліне оралды.

Яғни сергіту жаттығуларын таңертең сабаққа келген балалардың ұйқысын ашу үшін де жасатуға болады екен.

«Салыстыру» туралы

Мағжан Жұмабаев «Педагогикасында» (1922): Мысалы, мен адам туралы ойлаймын. Сәрсембай, Бейсембай, Фахыредден, Иван туралы емес, жалпы адам туралы. Сонда мен Сәрсембайдың қара шашын, Фахыредденнің сопақ басын, Иванның сары сақалын, яғни солардың әрқайсысының дербес сындарын алып тастап, бәріне ортақ сындарды, мысалы, екі аяқты, екі қолды болуы, сөйлей, ойлай білуі сықылды ортақ сындарды аламын. Міне, осы көп заттардың ортақ сындарын алып жия білу, екінші түрлі айтқанда, зат туралы ой, ұғым деп аталады. [1.89-бет]

Бенджамин Блум «Блум таксономиясы» (1956): 1956 жылы Бенджамин Блумның төрағалық етуімен білім беру комитеті әзірлеген Блум таксономиясы сын тұрғысынан ойлауды қарастыруға болатын ойлау дағдыларының кеңінен қолданылатын иерархиялық моделі болып табылады. Блум таксономиясының мақсаты – оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру. [7]

Жаңаша көзқарас: Блум таксономиясының «Түсіндіру» деңгейіндегі әрекет етістіктерінің бірі салыстыру. Біз көбінесе садыстыруды «Венн диаграммасы» әдісіне саламыз, яғни екі кейіпкерді салыстырып, айырмашылықтарын бір бөлек етіп алып, ортақ қасиеттерін бір бөлек жазамыз. Сол арқылы зат, ұғым туралы сыни ойлауды туындатамыз. Міне, байқағандарыңыздай, Блумның 1956 жылы ашқан жаңалығын, 1922 жылы Мағжан атамыз оқыту үдерісіне енгізіп қойған екен.

«Мектепте алған білімін өмірде қолдану» туралы

Мағжан Жұмабаев «Педагогикасында» (1922): Тәрбие деген – баланы бетке қақпай, бетімен жіберу емес. Яки отырса басқа, тұрса аяққа ұрып, көрбала қылып өсіру де емес. Баланы тәрбие қылу – тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығару деген сөз. Қалса

– өзін, асса – барлық адам баласын адал жолмен өрге сүйрейтін ер шығару деген сөз. Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, тұрмыстың тұңғық теңізін қалың қайратпен кеше білетін, адалдық жолға құрбан бола білетін, қысқасы, адамзат дүниесінің керек бір мүшесі болатын төрт жағы түгел кісі қылып шығару. [1.145-бет]

Жаңартылған білім беру бағдарламасы (2015): Қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан да білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс –тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептер мен орта мектептерде де енгізіле бастауы көңілді қуантады. [8]

Жаңаша көзқарас: Оқыту жүйесіне келетін болсақ, бұл мектептегі басты мақсат – функционалдық сауаттылық, яғни, баланың мектеп табалдырығында алған білімі оның болашақ өмірінде қолдана алуына жарау керек. «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу қажет», -деп ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов атамыз айтқандай, мұғалім дайын білімді ұсынбайды, балаға тек бағыт-бағдар беріп отырады. Оқушы пікір таластыра отырып, коллаборативтік ортада ынтымақтаса отырып, тапсырманы орындайды. Бұл арқылы бала барлық жағдаятты өз жүрегімен сезіне отырып, топтық жауапкершілікті түсінеді. Міне, білім осылай беріледі.

Қорыта айтқанда, «Мағжан Жұмабаев - қазақ халқының алғашқы кәсіби педагогтарының бірі», - деп, сеніммен айтуға болады. Демек, біз қазіргі уақытта шетелдік педагог-ғалымдардың пікірлерін «айды ашқандай» тамсанып, жаңалық ретінде өз тәжірибемізге енгізіп жүрміз, ал бұл идеяларды бір ғасыр бұрын Мағжан атамыз аталмыш еңбегінде дәлелдеп, нақтылап айтып кеткенін енді біліп жатырмыз. Осы тұрғыда айтарым: «Біреудің қаңсығын өзімізге таңсық қылуды» қойып, өз халқымыздан шыққан Мағжан, Ахмет, Жүсіпбек сынды арыстарымыздың педагогикалық идеяларына жаңаша көзқарас танытатын уақыт жетті демекпін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев М. «Педагогика» кітабы. 1922 жыл.
2. Рахымов Б. филология ғылымдарының докторы, профессор. Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ. Жұлдызды Жапония <https://ortalyq.kz/zh-ldyzydy-zhaponiya/>
3. Тренерлерге арналған таратпалар. «Педагогикалық шеберлік орталығы» Астана қ. <https://znanio.ru/media/fiz-razdatka-trenera-na-kaz-i-rus-2549864>
4. Дамыта оқытудың тиімділігі. <https://kitaphana.kz/refkaz/236-pedagogika/2920-damita-okitudin-timdiligi.html>
5. «Кездесу» ойыны - Жаттығулар «Сәлемдесу» <https://engime.org/jattifular-s..>
6. Оқу үдерісіндегі қалыптастырушы бағалау. <https://ulagat.com/2020/07/31/%D0%BE%D2%9B%D1%83->
7. Блум таксономиясы. <https://adister.weebly.com/1041108310911084-109010721082108910861085108610841080110310891099.html>
8. Сугирова Б.А., Саудабаева М.А. «Мазмұны жаңарған білім – заман талабы». <https://bilimainasy.kz/%>

ӘОЖ. 37. 422

ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДА ҚҰНДЫЛЫҚҚА БАҒДАРЛАНҒАН ТӘСІЛДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

АЙДАРБЕКОВА И.П.

Иван Трубицын атындағы №17 жалпы білім беретін мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Меркі ауданы

Резюме. В статье представлен педагогический опыт учителя ценностно-ориентированного воспитания и инновационные методы реализации ценностно-ориентированного подхода в обучении литературного произведения.

Summary. The article presents the pedagogical experience of a teacher of value-oriented education and innovative methods for implementing a value-oriented approach in teaching a literary work.

2022 жылдың 9 тамызында “Тіл мен әдебиетті оқытудағы құндылыққа бағытталған білім беру” тақырыбында онлайн форматта тамыз маслихатының панельдік секциясы өткен болатын. Тіл мамандары бас қосқан осы жиында орта білім беру бойынша айқындалған құндылықтар мыналар болып белгіленді: 1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік; 2. Құрмет; 3. Ынтымақтастық; 4. Еңбек пен шығармашылық; 5. Ашықтық; 6. Өмір бойы білім алу [1]

Құндылыққа бағдарланған білім беру

<p>Құндылық түрлері:</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ жалпыадамзаттық құндылықтар; ➤ адами құндылықтар ➤ отбасылық құндылықтар ➤ әлеуметтік-мәдени құндылықтар; ➤ зияткерлік құндылықтар; ➤ материалдық құндылықтар; ➤ эстетикалық құндылықтар. 	<ul style="list-style-type: none"> ➤ М.Әуезов «көксерек» әңгімесі, ➤ М.Жұмабаев «Батыр Баян» поэмасы, Ахмет Байтұрсынұлы «Егінің бастары» мысалы ➤ Ыбырай Алтынсарин «Қыпшақ Сейітқұл», «Атымай Жомарт», «Дүние қалай етсең табылады?» әңгімелері; ➤ Т.Әбдіков «Қонақтар әңгімесі»; ➤ «Қыз жібек» жыры, М.Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы.
--	--

Жалпыадамзаттық құндылықтар		Адами құндылықтар	
✓ Жауапкершілік;	✓ Достық;	✓ Сыйластық;	✓ Адалдық;
✓ Әділеттілік;	✓ Сенім;	✓ Кішіпейілділік;	✓ Ризашылық;
✓ Бостандық;	✓ Ынтымақтастық;	✓ Төзімділік;	✓ Тәртіп;
✓ Мейірімділік;	✓ Құрмет;	✓ Табандылық;	✓ Тұрақтылық;
✓ Адалдық;	✓ Түсіністік;	✓ Еңбекқорлық;	✓ Эмпатия;
✓ Махаббат;			

Біз өз сабағымызда бағдарланған құндылықтарды қалай жүзеге асырып жүрміз? 7-сыныпта «Қазақ әдебиеті» сабағында Төлен Әбдіковтің «Қонақтар» әңгімесін оқытуда эстетикалық құндылықтарды оқушылардың бойына сіңіру жолдарын талдап көрейік.

Оқу мақсаты: 7.Т/ЖЗ.Көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау.

Тапсырма №1 Т. «FILA кесесін толтыру» әдісі көркем шығармадағы кейіпкердің образдық тұлғасын ашуға бағытталады. Топ құрамында төрт адам болады. Әрқайсысы «FILA толтыру» әдісі бойынша тапсырма түрлерін бөліп алады, қорытындысында жұмыстарын біріктіріп, кестені толтырады.

F /Дерек/ – шығармадан кейіпкер бейнесін ашатын деректер жинау

I /Идеясы /– кейіпкер туралы өзінің ой, пікірі, шығарманың идеясы.

L /Сұрақ/– кейіпкердің образдық тұлғасын ашатын сұрақтар

A /Ис-әрекет/– автордың кейіпкерді суреттеудегі қолданған тәсілі.

- **Деректер/Facts: Сапабек** – ат жақты, қапсағай сары жігіт.
- **Идеялар/Ideas:** Ақсақалдарға ортақ әңгіме айтудың орнына шетелге шыққан сапарын айтып, бөседі, көсіліп кетеді. Әйелі мен баласының ана тілінде сөйлей алмауына еш қынжылмайды. Идея – ата үмітін ақтамаған ұл.
- **Сұрақтар/Learning Issues:** Сапабек кім? Ауылдастарының алдында өзін қалай ұстады? Сапабек өзінің әке–шешесіне деген перзенттік сағынышын, махаббатын таныта алды ма?
- **Ис-әрекет/Action Plan:** Сапабектің ақсақалдар алдында көсіліп сөйлеуі арқылы оның мақтаншақтық қасиетін көрсетті. Әкесі мен баласының диалогынан ата үмітінің ақталмауын, әке өкінішін байқауға болады.

- **Деректер/Facts:** Тома – омырау, жемдері ашық шұбар көйлек киген, шашын кидырған, топтолық ақ сары, ажарлы келіншек. Қазақша мүлдем білмейді.
- **Идеялар/Ideas:** Үлкен кісілерге қазақ келініне тән қызмет көрсете алмай, ұятқа қалады. Баласын орысша, ақсауақ, қыз мінезді етіп тәрбиелеген. Идея – «Жетесіз ұрпақ ата-анасын жерге қаратады».
- **Сұрақтар/Learning Issues:** Келіні Томаның қылығы: отырысы, шай құюы, киім киісі туралы не айтар едіңдер? Қайда өскендігін аңғардыңдар?
- **Іс-әрекет/Action Plan:** Томаның орысша сөйлеуі арқылы оның орысқол, ұлттық қасиеттен жұрдай бейнесін ешбір боямасыз бере білген.

- **Деректер/Facts:** Жеңіс - аяқ-қолы шидей, көзі қитар, алтылар шамасындағы қазақша ептеп түсінетін ұл бала.
- **Идеялар/Ideas:** Әңгіменің басында атасымен амандаспай состиып тұрады. Ауыл балаларымен тез араласып, олармен бірге көлге суға шомылғысы келеді. Идея - «Ананың көңілі – балада, баланың көңілі далада».
- **Сұрақтар/Learning Issues:** Жеңіс сияқты балалардан болашақта ұлтжанды, елін сүйетін азамат қалыптасады деп ойлайсыздар ма?
- **Іс-әрекет/Action Plan:** Жеңістің ауыл тіршілігіне араласқысы келетін, бірақ ата-анасының тәрбиесі оны ақ саусақ, қалада өскен асфальт баласы қылып қалыптастырғанын әңгімедегі шағын ғана екі эпизодпен шебер бере алған.

Бағалау дескрипторлары:

- Шығарма бойынша деректер жинайды;
- Шығарма идеясын ашады;
- Сұрақтар құрастырады;
- Кейіпкерлердің іс-әрекетін талдайды;

Оқу мақсаты: 7.Б/С4.Әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу.

Бұл сабақта оқушылар шығармадағы құндылықтарды талқылай отырып, шығармаға сыни тұрғыдан баға беріп, эссе жазады.

1-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға екі сөйлеммен жауап жаз

- «Ата-ананы сыйлау- адамдардың парызы» берілген оймен келісесіздер ме? Неліктен?
- Шығарма қай жанрда жазылған?

2- тапсырма. Шағын сыни шолу жаса. Жұптық жұмыс. Оқушыларға әдеби шолу жасау үшін жұппен талқылауға сұрақтар таратылады. Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын толықтырып, сыни шолу жұмысын жазады. Талқылау сұрақтары «Өрмекшінің өрмегі» әдісі бойынша жүргізіледі.

1.Оқушыларды дөңгелетіп тұрғызу. 2.Бір оқушының қолына жіп бумасын ұстату. 3.Ол жіпті өрмекті шырмалатындай қалыпта қалауынша екінші оқушыға сұрақ қойып лақтырады. 4.Осылайша сыныптың барлық оқушыларына тақырып бойынша пікірлерін айтуларына мүмкіндік беріледі.

Талқылау сұрақтары:

1	Сапабек өзінің әке –шешесіне деген перзенттік сағынышын, махаббатын таныта алды ма?
2	Ерекеннің түнімен мазасызданып шығуының себебі неде?
3	Жазушы ақсақалдың көңіл-күйін қалай берген? (Кітаптан тауып оқу)
4	Ерекен баласынан қандай үміт күтіп еді, үміті ақталды ма, әлде ақталған жоқ па?
5	«Баланың ата-ана алдындағы азаматтық парызы» дегенді қалай түсінесіздер?

3-тапсырма: Үзінділерді оқып, автор меңзеген құндылықтарды анықтаңыз.

Үзінді	Құндылық
...Әке жолын қуса, менің жолымды қусын! Ие болсын мына қу	Қара шаңыраққа ие болу,

шаңыраққа!	
Ертеректе, осыдан алпыс жылдай бұрын сонау қыстау маңы тізілген үйлер болатын. Бектемір әулеті тегіс осы араны қыстайтын. Өмір-бақи жан-жаққа пышырап көрген емес, ағайыншыл еді ғой бәрі де. Көктемде ел қыстаудан көп ұзамай, өзен жиегіне қаз-қатар киіз үй тігеді.	Бірлік, татулық, туыстық қарым-қатынас
Аспандияр бағанадан осы сөзді күтіп отырғандай, домбыраны тырнақырап қағып-қағып жіберіп, тамағын кенеп алды. Кенет соншалықты зор, биік дауыспен шырқай көтеріп, тынып қалып, домбыраны қайта сөйлетті. [2]	Домбыраның қасиеті

4-тапсырма

Төменде берілген тақырыптардың бірін таңдап, 150-200 сөз көлемінде сыни эссе жазады.

- «Т.Әбдіковтің «Қонақтар» әңгімесінің көркемдік-эстетикалық құндылығын сипаттап сыни шолу жасаңыз»
- «Мен ата-анам алдындағы перзенттік борышымды қалай түсінемін?»
- «Менің ұғымымдағы азаматтық парызым»
- «Егер мен Сапабек болсам...»

Бағалау дескрипторлары

- Тақырып бойынша эссе жаза алады;
- Эссенің құрылымдық ерекшелігін сақтайды;
- Эссе жазуда сөз санын сақтайды;
- Шығармаға сыни баға береді;

Тапсырма: «Т.Әбдіковтің «Қонақтар» әңгімесінің көркемдік-эстетикалық құндылығын сипаттап сыни шолу жасаңыз»

Оқушы жұмысы №1

Жазушы Төлен Әбдіковтің «Қонақтар» әңгімесі бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтпаған үлкен әлеуметтік мәселені көтерген шығарма. Шығарма тақырыбы - ата-ана, ата-ана алдындағы бала парызы, туған жер, қара шаңырақ.

Шығарманың түпкі идеясын ашуда бар жүкті Ергабыл шалдың ой-толғанысы, іс-қимылы, сөзі мен өзгелермен қарым-қатынасы көтеріп тұр десе болғандай. Курорттан қайтып келе жатып, соғып кететіндігінен хабар берген, жылына бір рет қана келіп кетер баласы Сапабекті күткен әкенің ойы, арманы, Жаратқаннан күтер тілегі бар. Бірақ оны сөз саптасымен немесе қимылымен білдірмесе, ашып көрсетпейді. Ұлттық болмыстан айырылып бара жатқан жалғыз баласы Сапабектің табыстары, жер дүниені кезіп, шетелдерде болып, көпті көргендігі әке үшін мақтаныш емес. Қол-басы, омырау тұсы ашық киім киген, орысша сөйлеп, ауыл тұрмысына жат қылықтар көрсеткен келіні Томаға да, қазақша түсінбейтін немересіне де шалдың көңілі толмайды.

Ергабыл шал үшін түтінін өшірмей, қара шаңырақты ұстап қалған ұрпақ қана адал сүт емген, ата-ана алдындағы парызын өтеген бала. Ауыл адамдарына әңгіме айтып, көсіле сөйлеп отырған баласын сөзден зеки тыюында да, кетерінде немересін тастап кетуге қимаған баласына: «- Алып кет өзіңмен бірге, оқыт, өзіңдей қаңғыбас етіп шығар деп, түнере сөз айтуында да осы бір шалдың баласына деген наразылығы айқын сезіліп отырады.

Ергабыл шал – ұлттық болмыспен құндылықтарды сақтаушы, қара шаңырақ деген киелі ұғымды қастерлеуші тұлға. Сапабек әкесі үшін – адам бойына туғаннан берілетін мәңгілік құндылық - парыз-қарыз, борыш ұғымдарын ұғына жете түсінбейтін, бүгінгі күнмен ғана өмір сүруші бала.

Түйін: *Көтерген тақырыбы ауыр болғанымен, сөз орамдары мен айшықты сөздер еркін қолданылған шығарманың тілі жеңіл, оқушыны баурап аларлық сюжеттер желісі айқын. Әрқилы тағдыр иелері өздерінің арман-мұңымен, қасірет-қайғысымен, қуаныш-ренішімен бой көрсетеді. Осы қатардағы қарапайым жандардың қоңыр тіршілігінің өзінен заман шындығын, уақыт бедерін танып, таразылауға тырысады.*

Жалпы, жазушы күнделікті өмірдегі кейіпкерлерді көрсете отырып, заманымыздың ауқымды шиеленістерін, философиялық тұрғыдан саралаған.

200 сөз

Мен өз мақаламды «Құндылық тақырыбы қай уақытта да өзекті болған, бола да бермек. Ол бала тәрбиесінде жақсы мен жаманды ажырата алатын жастан басталу керек. Құндылықтарға

сабақта арнайы тоқтаудың қажеті жоқ, ол үнемі кез келген сабақтың өн бойында көрініп тұруы керек» деген тұжырыммен аяқтағым келеді. Иә, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың сөзімен айтсақ біздің миссиямыз – «..... қазақта бай әдебиет бар, соның асыл мақсұтын таныту».

Әдебиеттің асыл мақсұты:

- ғасырлар бойы қордаланған ұлттық құндылықтарды жас жеткіншектер бойына сіңіру;
- жеткіншектерді отансүйгіштікке, патриотизмге тәрбиелеу;
- көркем ойды әдемі жеткізе білу дағдысын қалыптастыру;
- ойын нақтылы жеткізуге және көркем жазуға үйрету;
- әдеби шығармалардан алған үлгі-өнегені өмірде қолдануға дағдыландыру;

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.2022 жылдың 9 тамызында “Тіл мен әдебиетті оқытудағы құндылыққа бағытталған білім беру” тақырыбында онлайн форматта өткен тамыз маслихатының панельдік секциясы материалдары.

2.Тұрсынғалиева С.Ч., ж.б. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. Тұрсынғалиева С.Ч., Зайкенова Р. – Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2017. – 192 бет.

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

ХТИИ РЕКТОРЫ. М.А.БАЯНДИННИҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ	3
ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ ӘБЛОВ МЕНДІБАЙ ӘБІЛҰЛЫНА ПОЭТИКАЛЫҚ АРНАУЛАР	4

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

АЛЛАМБЕРГЕНОВА П.К. ТЕЛЕВИДЕНИЕ ВА БОЛАЛАР АДАБИЁТИ	7
БОЛТАЕВ Н.С. ЖАҒОН БОЛАЛАР АДАБИЁТИ ВА УНИНГ ЎЗБЕК РАДИОСИДАГИ ТАРҒИБОТИ	9
MISS ALFREDER. THE AGE OF GUN AND MENDBAY ABILULU	11
MR MOO. CHILDREN'S LITERATURE IN THE UK	12
САДЕН Н.А., ПЕРТАЕВА Э.Қ. МЕНДІБАЙ ӘБІЛҰЛЫ – СЫҚАҚШЫ ЖАЗУШЫ	13
АЯЗБАЙ К.З., МҰСАБЕКОВА М.Д. БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ, ОРАЛХАН БӨКЕЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЖЕТКІНШЕК БЕЙНЕСІ	16
АЙБАС Н.М., МУРАТБАЕВА А.С. ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫЛАР	19
АЛСЕЙТОВ М.Н. ТЕРЕҢНЕН БАСТАУ АЛАТЫН БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ	21

I СЕКЦИЯ

М.ӘБІЛҰЛЫ ЖӘНЕ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ, ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

КӨБЕЕВ О.Е. ЕЖЕЛГІ САҚ ДӘУІРІНДЕГІ БАЛАЛАР АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ	24
САТБЕК КАУСАР., ЖУНИСОВА Б.У. ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ЖӘНЕ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ	26
ЖУНИСОВА Ж.С. БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ – ҰЛТ МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУЫ	27
ЕСЕНҒАЛИ НҰРАСЫЛ, БАЛТАБАЕВА Н.Т. ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЕҢБЕКТИҢ МӨНІ	29
ЖҰМАҚАДЫР Ә.Ұ. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДӘУІРІНДЕГІ БАЛАЛАР АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ (XV-XVIII ҒАСЫРЛАР)	31
МАМЫРОВА Н.М., БОТАХАН АРНУР. СТАНОВЛЕНИЕ ИСТОРИИ ДЕТСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ И АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ФИЛОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКИ В ЭПОХУ НОВОГО КАЗАХСТАНА	33
СЕЙДАХОВА Д.С. МЕНДІБАЙ ӘБІЛҰЛЫНЫҢ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ («Құпия әуен» әңгімесі бойынша)	35
АЛДОНГАРОВА А.С. МЕНДІБАЙ ӘБІЛҰЛЫНЫҢ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНЕН АЛАТЫН ОРНЫ (М.Әбілұлы және балалар әдебиеті тарихының қалыптасу, даму кезеңдері)	38
КАНИЕВА Ж.С. ТҰМАР ПАТШАЙЫМ ТУРАЛЫ ҚИССА	40

II СЕКЦИЯ

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ: КЕШЕ, БҮГІН, ЕРТЕҢ

НИЛУФАР ИРКАЕВА. ТЕЛЕВИДЕНИЕНИНГ ТАЪЛИМ СОҒАСИГА ТАЪСИР ИМКОНИЯТЛАРИ (“FOREIGN LANGUAGES”ТЕЛЕКАНАЛИДАГИ КҰРСАТУВЛАР МИСОЛИДА)	44
---	----

АБИЛОВА Б.Б. ҚАЗІРГІ ТЕРМИНДЕРЖАСАМДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР	46
ЕРМЕНТАЙ А., БЕКТЕНОВА А.Ә. Ы.АЛТЫНСАРИННИҢ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ МАҚАЛАЛАРЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК-ҚОҒАМДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ КӨТЕРІЛУІ	49
ЖУМАТАЕВА Г.А. ШЕРХАН МҰРТАЗА ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЖАНРЛАРЫ	52
АЯПБЕРГЕН Е.Н., МУРАТОВА С.Т. АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫНЫҢ АЙШЫҚТЫҒЫ	55
САПАРБЕК С.Р., ОРДАБАЕВА Ү.Б. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР	58
ЖАҚАН Г.Ө. МЕТАФОРАЛАНУ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН АТАУЛАР ЖӘНЕ ОНЫ ТОПТАСТЫРУ ЖҮЙЕСІ	62
ҚОНАҚБАЕВ Қ.Ә. Ә.ДАЙЫРОВАНЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ АРҚЫЛЫ І.ЖАНСҮГІРОВТИҢ «ДАЛА» ПОЭМАСЫН ОҚЫТУ	65
ЖАНСАКАЛОВА А.Ж., АХМЕТОВА С.Н. АБАЙТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ	68
СЕЙТИМБЕТОВ Д.С., САТЫБАЛДИЕВ А.Е. ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ АҚЫНДЫҚ ТҰЛҒА МӘСЕЛЕСІ	71
МОЛДАШЕВА Н.А., АҚШАЕВА Б.К. БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН СТИЛІНДЕГІ ЮМОРДЫҢ КӨРІНІСТЕРІ	75
НАРБЕКОВА А.М. ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ: КЕШЕ, БҮГІН, ЕРТЕҢ	77
МОЛДАБАЕВА Г.А. ТІЛДІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДАҒЫ – ҚАТЫСЫМДЫҚ ӘДІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ	79
КАЙНАЗАРОВА Ж.Е. СӘКЕН ЖҮНІСОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЖАТСЫНУ МЕН ЖАЛҒЫЗДЫҚ	82
САРТАЕВА А.А., ЕШЕТОВА Г.С. АБАЙ ЖӘНЕ АЛАШ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ	85
КЕНЖЕКУЛОВА Ф.К. ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ СӨЙЛЕМНІҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕР МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ	88
АБДЫҚАДЫРОВА Т.Р., ШОРМАҚОВА С.М. ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ БАЙЫРҒЫ КӨНЕ ЕСЕПТЕРІН ТӨРТ ТҮЛІК ПЕН ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫНА ҚАТЫСТЫ ҚҰРАСТЫРУ	91
БИТЕНОВА Д.А. НАРША ҚАШАҒАНҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ІЗДЕНІСТЕР	93
ШОРМАҚОВА С.М. АЮБАЕВА Р.Қ. ШЕШЕНДІК ДАУ ШЕШУДЕГІ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ- КОММУНИКАТИВТІК ТИПТЕГІ ОЙЛАУ ФИГУРАЛАРЫ	96
РСЫМБЕТОВА Н.М. СИНТАКСИСТІ ОҚЫТУДА ТІЛДІК ҚАТЫНАС ПЕН СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНІҢ МАҢЫЗЫ	99
БАЙГУЛИЕВА Д.Н. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ	101
ТОЛЕУЛИЕВА Т.Д., СУГРАЛИЕВА А.Т. ESSAY WRITING IN TEACHING FOREIGN LANGUAGE	104
КАЗБЕКОВА Ш.Л., АЖИБЕКОВА Ж.Т. МАХАМБЕТ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ	108
АБИТАЕВА Э.Е., КОЖАБАЕВА А.Т. АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ	112

III СЕКЦИЯ

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПЕДАГОГТЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

МАХФУЗА МУХТОРОВА САИДМУРОТ ҚИЗИ. АХБОРОТЛАШҒАН МАКОНДА МЕДИАИЖОДҚОР ЭТИКАСИ	115
КОЛБАЕВА Ж.А. ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ДАМУЫ АРҚЫЛЫ ҚОЛАЙЛЫ ТӘРБИЕ БЕРУ ОРТАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	117
ҚАСАБОЛАТОВА А.Ж. БІРІНШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БЕЙІМДЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	120
ОРДАБАЕВА Р.Б. ТӘРБИЕ ӘДІСТЕРІ, ОЛАРДЫ ТАҢДАУ ЖӘНЕ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ	124
МАЛЯБАЕВА Д.С., ШУШАКОВА Е.М. НОВЫЕ МЕТОДИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ	127

АЛИМБЕКОВ Р.Т. ЖЕТКІНШЕКТЕР ПСИХОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ	
МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНДАҒЫ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚТАРДЫҢ СИПАТЫ.....	131
ЖҰМАТАЙ Р.А. САУАТ АШУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ДАМЫТА ОҚЫТУДЫҢ	
ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ.....	134
БИРГОЖАЕВА Ж.Б. ӘДЕБИЕТТИ МЕНГЕРТУДЕГІ ОҚУ МАҚСАТТАРЫ:	
БАҒДАР, ҚАДАМ, НӘТИЖЕ.....	137
РСЫМБЕТОВА Н.М. МЕЙМАШЕВА Г.А. МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН	
ҚАЛЫПТАСТЫРУ – БІЛІМ ЖҮЙЕСІНІҢ АЛҒА БАСУЫНЫҢ АЛҒЫ ШАРТЫ,	
НЕГІЗГІ ФАКТОРЫ.....	139
АХАЕВА М.С., ҚОСАЕВА А.Т. МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҒЫЛЫМИ-	
ПРАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	142
СӘРСЕМБАЕВА А.А., БЕКТАЕВА Ж.С. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕ АЙТЫЛЫМ ДАҒДЫСЫНА	
БАЙЛАНЫСТЫ ТІЛ ДАМУЫ ЖҰМЫСТАРЫ.....	146
САНСЫЗБАЕВА Г.К. ОПЫТ РАЗРАБОТКИ ДЕСКРИПТОРОВ ФОРМАТИВНОГО	
ОЦЕНИВАНИЯ ПО БАЛЛАМ.....	149
ИБРАИМОВА Г.А. ВОСПИТАНИЕ ДЕТЕЙ С ПОМОЩЬЮ ГУМАННОЙ	
ПЕДАГОГИКИ.....	150
ЖОЛАНОВА Г.Е, ЖАНАДИЛ АЙАРУ.ОСОБЕННОСТИ МЕТОДИКИ ОЗНАКОМЛЕНИЯ С	
ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРОЙ В РАЗНЫХ ВОЗРАСТНЫХ ГРУППАХ.....	153
ТУЛЕБЕКОВА Р.А.ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОҚУШЫЛАР ҮШІН	
МАҢЫЗЫ.....	155
ЖАНЫБЕКОВА Г.Н. МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ, ТӘРБИЕЛІК	
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	158
ДАДАНБАЕВА Е.Т. САБАҚ БЕРУ БАРЫСЫНДА ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРДІ ЖҮЗЕГЕ	
АСЫРУ.....	160
ЕРТУГАНОВА Б.Ю., ЖАТТОВА С.Ш. ДАМЫТА ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨЗІНДІК	
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	162
БАРМЕНКУЛОВА С.С. ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНТЕРАКТИВНЫХ	
МЕТОДОВ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ.....	166
КЫРДАНОВА М.Ж., САРЖАНОВА Р.А. ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ОЙЫН	
ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ.....	169
БАЙГУЛИЕВА Д.Н. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУЫН	
ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ.....	172
ЕСБОЛАТОВА Д.Ж. ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ	
СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ДАМУЫН	
МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.....	174
БАЙМУХАНБЕТОВА А.Т., ТУГАНБАЕВА К.Л. ҚАЗАҚ ОЙШЫЛ-АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ	
ПАТРИОТТЫҚ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ.....	177
КАЙПОВА А.Ж.ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ	
БАСТАУЫШ СЫНЫПТАҒЫ МАЗМҰНЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ.....	181
ЖАНБАЕВА Ж.К. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ТӨЛ ДЫБЫСТАРДЫ ДҰРЫС	
МЕНГЕРТУ АРҚЫЛЫ САУАТТЫЛЫҚҚА ДАҒДЫЛАНДЫРУ.....	184
САТБАЕВА З.Б., СУГРАЛИЕВА А.Т. ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРҒА ҰЛТТЫҚ	
ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ МЕН ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ.....	186
ЖУМАТАЕВА А.А., ФАЙЗУЛАЕВА З.А. СВЯЗЬ МОТИВАЦИИ УЧЕНИЯ МЛАДШИХ	
ШКОЛЬНИКОВ С ЛИЧНОСТЬЮ УЧИТЕЛЯ.....	189
ИЗАТОВА Л.Я., ЖАСИМОВА Д.Я. ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В НАЧАЛЬНОЙ	
ШКОЛЕ.....	191
ТЕЛТАЕВ Н.Т., ТОЙБЕКОВА М.З. ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ	
АРҚЫЛЫ ЖАҢА ТҮРПАТТАҒЫ МҰҒАЛІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	193
АХАТАЕВА А.М., ЖАМАШЕВА Ж.Р. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ	
ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІ.....	196
СПАНАЛИЕВА А.С., ТАСБАУОВА Д.А. МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ЖАҢА	
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ	
САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУЫ.....	198
ШАХАНОВА Э.А. ОРЫС АУДИТОРИЯЛАРЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ	
ӘДІСТЕРІ.....	201

КАСЕНОВА А.Н. ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР: САБАҚТА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ.....	204
KUDABAYEVA P.A., ALMENOVA K.R. GENERAL DIDACTIC PRINCIPLES OF FOREIGN LANGUAGE TEACHING.....	206
АДИЕВА Ж.Ш. МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНА ЖАҢАША КӨЗҚАРАС.....	209
АЙДАРБЕКОВА И.П. ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДА ҚҰНДЫЛЫҚҚА БАҒДАРЛАНҒАН ТӘСІЛДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ.....	212

**«БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН
ДӘУІРІНДЕГІ ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ
30-31 наурыз, 2023 ж.**

**МАТЕРИАЛЫ
Международной научно-практической конференции
«ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ДЕТСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ И АКТУАЛЬНЫЕ
ПРОБЛЕМЫ ФИЛОЛОГИИ ПЕРИОДА НОВОГО КАЗАХСТАНА»
30-31 марта, 2023 г.**

**MATERIALS
HISTORY OF FORMATION OF CHILDREN'S LITERATURE AND CURRENT PROBLEMS
OF PHILOLOGY OF THE PERIOD OF NEW KAZAKHSTAN
Taraz, Kazakhstan,
March 30-31, 2023.**

Тараз- 2023

I-ТОМ

Шартты б.т. 13.75
Қағазы офсеттік
Офсеттік басылым. Таралымы 100 дана
Тапсырыс № 176

ХТИИ баспаханасы,
080000, Тараз қ., Жамбыл даңғылы, 73 А